

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА**

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«XV СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ
«XV САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

ТОМ 1

**ПАВЛОДАР
2015**

ӘОЖ 001:378
КБЖ 72
Ж 33

Редакция алқасының бас редакторы:

Өрсариев А.А., с.ғ.д., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

Жауапты редактор:

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

Редакция алқасының мүшелері:

Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.И., Бексейітов Т.Қ., Испулов Н.А., Кислов А.П., Күдерин М.Қ., Күзембаев Н.Е., Токтағанов Т.Т., Эрназаров Т.Я.

Жауапты хатшылар:

Абишева Г.К., Акильжанов Р.Р., Андреева О.А., Анишева Г.М., Ахметов Е.Б., Бейсебаева Г.К., Гафиатулина Ю.О., Голубева Л.Н., Жукнов М.К., Калиева А.Б., Камкин В.А., Касенов А.Ж., Касенова Г.К., Кодекова Г.Б., Қадырова Б.М., Леньков Ю.А., Маданиев И., Макарова Н., Маликов А.В., Мукашев О.Е., Мурат Г.М., Мусабекова Н.М., Рахметова А.М., Сартова Р.Б., Сейтенова Г.Ж., Титков А.А., Токжигитова А.Н., Туганова Б.С., Шаймерденова А.К., Шафеева Л.А., Шүренов Д.Б.

Ж 33 «Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «XV Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференцияның жинағы. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2015.

ISBN 978-601-238-482-6
Т.1 «Оқушылар». – 2015. – 410 б.
ISBN 978-601- 238-483-3

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001:378
КБЖ 72

ISBN 978-601- 238-483-3 (Т.1)
ISBN 978-601-238-482-6 (общ.) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2015

Құрметті қонақтар мен конференцияға қатысушылар!

«Сәтбаев оқулары» – қаламыздың, облысымыздың, еліміздің әр түкпірінен, қала берді алыс, жақын шетелдерден келген жас дарындылардың басын бір арнаға тоғыстыратын ғылыми шара. Өйткені жыл сайын университет қабырғасында өтетін «Сәтбаев оқулары» ғылыми конференциясы білім ордамыздың игі дәстүріне айналды. Сондықтан да бұл күнді жас ғалымдар асыға күтеді. Өңіріміздегі білімнің қара шаңырағы – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қашанда дарынды да білгір, зияткер де қабілетті жастарды қолдауға асық.

Құрметті жас ғалымдар! Бүгінгі конференция жұмысында Сіздерге тек сәттілік тілеймін!

Дорогие гости, уважаемые участники конференции!

Мы рады приветствовать вас в одном из крупнейших вузов республики – Павлодарском государственном университете им. С. Торайғырова на открытии Международной научной конференции молодых ученых, магистрантов, студентов и школьников «XV Сатпаевские чтения»!

Проведение международной конференции «Сатпаевские чтения» в стенах нашего вуза стало уже доброй традицией. Это мероприятие давно уже стало визитной карточкой вуза по Казахстану и странам Ближнего Зарубежья. Мы всегда с радостью принимаем участников научных мероприятий. Ведь наш университет – это гордость Павлодарского региона, ведущий вуз области, крупный научный центр, подтвердивший свою конкурентоспособность далеко за пределами Казахстана. Сегодня название университета стало своего рода научным брендом, ведь мы являемся полноправным участником европейского образовательного процесса и всегда находимся в поиске инноваций. На сегодняшний день наш вуз – согласно ежегодному Генеральному рейтингу лучших вузов Казахстана, входит в пятерку лидеров среди лучших многопрофильных вузов Казахстана.

Сегодня в нашем университете снова большой праздник науки. И эта конференция недаром носит имя нашего земляка, Каныша Имантаевича Сатпаева, великого казахского ученого, доктора геолого-минералогических наук, профессора, академика АН Казахской ССР, академика АН СССР, первого президента

Академии наук Казахской ССР. О многогранной плодотворной деятельности академика Сатпаева знает каждый из нас.

Во многих направлениях своей научной и общественно-политической деятельности Каныш Имантаевич являлся первопроходцем и первооткрывателем. Он был выдающимся организатором науки, благодаря его личным усилиям в Казахстане появились и стали развиваться такие науки, как металлогения, геология, геодезия и др.

Вот уже в пятнадцатый раз научная конференция собирает нас вместе. Сегодня наши участники смогут проявить себя 15-ти секциях по различным направлениям науки. К слову, в этом году, общее количество статей, поступивших для публикации в материалах «XV Сатпаевских чтений» составило 1593, что на 436 статей больше, чем в 2014 году. Заявки поступили из городов Астана, Алматы, Актобе, Аркалык, Семей, Караганда, Кокшетау, Қостанай, Рудный, Кызылорда, Уральск, Шымкент, Петропавловск, Барнаул, Чита, Томск, Омск, Челябинск, Новосибирск, Санкт-Петербург, Минск. Отрадно, что в конференции принимают участие и одаренные школьники, которые делают свои первые шаги в науке. Можно с полной уверенностью сказать, что «Сатпаевские чтения» уже дали путевку в жизнь нескольким поколениям ученых, преподавателей, специалистов.

Отрадно, что с каждым годом возрастает количественный, а, главное, качественный состав участников конференции. В этом году, наряду с представителями десятков казахстанских вузов и школ, в конференции принимают участие представители высших учебных заведений Российской Федерации и Белоруссии. И это тоже неслучайно, ведь только в таком тесном профессиональном сотрудничестве и товариществе - не знаящем национальных и государственных преград - способны возникнуть, укрепнуть и получить воплощение самые смелые научные начинания.

Желаю участникам конференции успешной и плодотворной работы!

С. Торайғыров атындағы

ПМУ ректоры, с.ғ.д.



А. А. Өрсариев

1 Секция. Академик Қ. И. Сәтбаев
және оның білім беру мен ғылымдағы рөлі
1 Секция. Академик К. И. Сатпаев
и его роль в развитии науки и образования

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ХАТТАРЫНЫҢ АУДАРМАСЫ ЖӘНЕ ЕЛІНЕ, ЗАЙЫБЫНА ДЕГЕН МАХАББАТ

БАЛТА М.

10 «А» сынып оқушысы, № 21 жалпы орта білім беру мектебі,
Павлодар қ.

МУСАЛИНОВА С. Р.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,
№21 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

*Сүйер ұлың болса, сен сүй,
Сүйенерге жарар ол ... –*

деп Абай атамыз айтқандай, жүректен шынайы қалаған ұлдардың атын қазақ халқымыз жерге тастамайды. Қаныш Сәтбаевтың жан дүниесі нәзік, әрі халқына деген махаббатқа толы. Халқымыз Қаныш Сәтбаевтың ішкі сезімдеріне тамсана қарайды. Атамыз көп жерлерге барып, зерттей жүре, туған жерін ешқашан ұмытпаған. Әрдайым туған жеріне, халқына деген сезімдерін білдіріп отырды. Сол сияқты Қаныш Сәтбаев та өз халқын шынайы сүйіп, дәріптеген. Оны біз Сәтбаевтың жазған хаттарынан байқай аламыз. Сәтбаев атамыздың хаттарын оқи отырып, ерекше күйге енесің. Себебі: ерекше сөздер мен суреттеулер, шынайылық, терең сезімдерге тұнып тұр. Хаттарын оқыған адамның ерекше сезімге оранатыны сөзсіз. Қаныш Сәтбаевтың жазған, әрі бізге жеткен хаттары үлкен қазына дер едім.

Қаныш Сәтбаев жиырма алты жасында 1925 жылдың 29 маусым күні алғаш рет әйелі Таиса Алексеевна Кошкинаға Семейден хат жолдайды. Бұл хатты Қаныш Сәтбаев «Томск» технология институтының 4-ші курсын аяқтап, Баянаула тауының батыс бөктерінде демалысқа бара жатқанда жазған екен. Сәтбаев өз әйелі Таиса екеуі бір институтта оқиды. Тася зиялы, бай отбасының ортаншы қызы болады. Олар Семейде Қаныш Сәтбаев 2-жылдық мұғалімдер курсына сабақ беріп жүрген кезінде танысқан болатын. Ол кезде Таиса лаборант болып жұмыс істеп жүріпті. 1926 жылы екі жас инженер ізденіс сапарына тілек қосып, геолог жұмысын зерттеуге

бірге барады. Осы 38 жыл бір шаңырақ астында зайыбымен бірге ғұмыр кешеді. Қаныш Сәтбаевтың 1925-1929 жылдары аралығында жазған елу хатының көшірмесі бар екен. Мен осы мәліметтерді екі мыңыншы жылғы «Абай» журналының 43-ші бетінен алдым. Сәтбаев атамыз соңғы хатын Мәскеуден 1929 жылы 25-ші желтоқсан күні жолдаған екен. Қаныш Сәтбаев пен Таиса көп жерді зерттеуге бірге барған [1, 43 б.].

Қаныш Сәтбаевтың Таисаға жазған хаттарынан сүйіспеншілікпен қоса, сол кезде жүрген, зерттеген жерін жазып отырған. Осы хаттар жайлы айтатын болсақ, туған жеріне және зайыбына деген сүйіспеншілікке толы екендігін байқауға болады. Оның бірі «Дорогая Тася» деп аталатын хатында жазылған. Ол хатта былай делінген: «Скучно и тоскливо без Вас в Семипалатинске. Одно образно утомительно тянутся дни. Одиноким в своей грусти и мыслях я живу сейчас лишь одними воспоминаниями о Вас. Я верю, что в Вашем лице нахожу достойнейшего друга жизни и поэтому с полной радостью и удовлетворением смотрю на будущее. Быстрота, с которой росла и окрепла наша связь меня не удивляет, т.к. она лишь доказывает насколько были сходными между собой наши натуры. Я убежден, как раньше, так и теперь, что в основе действительно разумной любви необходимо должны лежать чувства взаимного уважения и симпатии, которые в свою очередь возникают на тождестве темпераментов, характера, интеллекта, нравственных идеалов. Таким образом, любовь по моим понятиям определялась как случай полной гармонии духовной природы двух людей. В своей жизни, могу признаться, я встречал очень много женщин, но ни одна из них в сущности не выдерживала критики, т.к. одни сбивались на интеллекте, другие – на характере, а третьи – на нравственных идеалах. Еще при первом знакомстве я был удивлен простоте и непринужденности Ваших манер, а удивление, говорят, есть мать познания. Удивившись я решил познать Вас поближе. Познавая же Вас близко я убедился, что объекты моего удивления действительно были врождены Вашей натуре. Отзывы же воспитанников о Вас и, наконец, знаменитый «опыт» окончательно выявили передо мною другие, достоинства Вашей личности. Понявши таким образом Вас как человека, я не мог не отдать должной оценки, что и выразилось в принятом мною решении...» [2, 44 – 45 б.]. *

Осы хатты өзім аударып кететін болсам, ол хатта былай делінген:

«Сізсіз Семейде өте жабыраңқы және көңілсіз. Бір түрлі шұбалаң күндер өтуде. Өзімнің мұңды ойларымда, сізді ойлаумен өмір сүріп жүрмін. Мен сізге қарап, өмірімдегі ең адал досты тауып және

келешекке қуанышпен қарайтындығыма сенімдімін. Арамыздағы байланыс тез арада жақындасып кеткеніне таң қалмаймын, себебі: ол тек біздің ұқсастығымызды көрсетеді. Шын сезімге адалдық, парасаттық, мінез, адамдық, өзара қадір сезім, көңіл жату керек екендігіне көз жеткіздім. Осылайша, махаббатта менің ұғымдарым сияқты екі адамның толық табиғатының толық үйлесуін дәлелдейді. Мойындаймын, өз өмірімде мен өте көп әйелдерді кездестірдім, бірақ олардың ешбірі мінезіме шыдамай, парасаттылықта адасып, басқалары мінездерінен, ал кейбіреулері адамзаттықтан адасқан. Бірінші кездесуімізде-ақ сіздің қарапайымдылығыңызға таң қалған едім. Осыдан бастап сізді жақынырақ білгім келді. Сізді жақын білгеннен кейін, шынымен қарапайым адам екендігіңізге көз жеткіздім. Ол ғана емес, тағы басқа жақсы қасиеттеріңізді байқай бастадым. Сол кезден-ақ сіздің адамшылығыңызға таң қалып, керемет әсер алған болатынмын.» ** Осы хатта Қаныш Сәтбаев Таисаға деген сезімін айшықтап көрсетеді. Тіпті осы хатта жұбайына деген махаббатын білдіргендей болады.

...Аңсадың ғой, білем, мені
Алыс жүрген кездерімде,
Жасырсаң да, сағынышың
Жазулы түр көздерінде..., -

деп Сырбай Мәуленовтың жазған жолдарындай Қаныш Сәтбаевтың алыс жүрген кездеріндегі сағынышқа ұқсайды екен. Тіпті Сырбай Мәуленов Қаныш Сәтбаевтың әйеліне деген сезімін осы өлең жолдарымен жеткізгісі келгендей. Ал «Жаным Таиса – тай!» [2, 45 б.] деген хатында туған жеріне деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Оны мынадай жерлерден байқауға болады. «...В четыре часа утра умчаться вниз по Иртышу до Павлодара, а затем – в объятия безбрежной, родной, дорогой степи. Как хорошо все на свете: впереди – родина, с ее кумызом, бешеными, верховыми скачками, соколиной охотой и свежей, сочный бараниной...».* Осы хатта атамыз туған жеріндегі керемет тағамдарды сөз етеді. Қаншама сүйіспеншілікке толы сезімін бір хатқа сыйғызуға тырысады. Ал «Saullem Taisa – Тай» [2, 45–46 б.] деп аталатын хатында жанында орналасқан тауларды, өзендерді керемет суреттейді. «...Вот уже 8 дней, как я в ауле, в объятиях родной степи. Аул наш стоит в одном из самых глухих мест этой степи, на берегу озера «Шыбынды коль» отстоящем от ближайшего оседлого пункта – ст. Баянаул, на расстоянии не менее, чем в

180 верст. Озеро «Шыбынды» является одним из крупных внутренних бассейнов Каз-степи, имеет площадь, не менее 8х10 кв. верст, и лежит на широкой равнине... По словам стариков, лет 50 назад озеро имело незначительную площадь и представляло собою сплошную заросль камыша, приближаясь по типу к «озеро-болотым», а обводнение его началось в позднейшем. В данное время озеро опять начинает цикл эрозии, на почве все понижающегося своего «нижнего бизнеса»: пример местного омоложения рельефа в зависимости от климатических условий. Вода на озере – горько-соленая. Питьевую воду привозят в бочках из-за 10-15 верс. Пробовали рыть колодец. Я сказал им, что это бесполезно, т.к. вода выйдет все равно соленой. Не поверили, вырыли и убедились на опыте. На западном поверхности озера, на обрывах, я заметил выходы палеозойских пород и посоветовал землякам тут рыть колодец. Вырыли и нашли пресную воду...». * Хаттың қысқаша мазмұнына келетін болсам, бұл хатта:

Қаныш Сәтбаевтың ауылда болғанына сегіз күн болғандығы жайлы жазылған. Сол ауыл «Шыбынды көл» жағалауында орналасқандығы айтылады. Туған ауылының кең, әрі керемет табиғаты ерекше суреттеледі. «Шыбынды көлдің» тазалығын, әрі үлкен екендігін сөз етеді. Тіпті осы хатында ақсақалдардың осы жер туралы айтқан табиғатын бірге жазады. Геолог Қаныш Сәтбаев қарапайым халыққа қай жерден құдық қазу керек екендігін айтып, қуанышқа бөлейді. Оларды 10-15 шақырымнан суды әкелу азабынан құтқарғандай болады. ** Қаныш Сәтбаев хаттарында зерттеген немесе жаңадан ашқан жерлерін қоса жазып отырған. Осы жазбалардан оның терең ойлы, әрі байқағыштығы елең орын алып, халыққа үлкен көмек көрсетілгені жазылған. Ол хаттар Сәтбаевтың сезімдерімен қоса, байқағыштық, табиғатты қалай жақсы көретіндігін көрсетеді.

Қаныш Сәтбаевтың «Мое сокровище!» [2, 49 б.] деген хатын қарастыратын болсам, ол ерекше әдемі сезімдерге толы. «Три месяца без тебя, что три вечности без жизни. Пишу эти строки полный жгучей тоской по моей милой, славной Жаным, у которой столь обаятельны были ее застенчивые и тихие ласки. Это похоже на романтизм. Пусть. Мое душевное состояние в данный момент нельзя описать...». * Аудармасында былай болады:

«Үш ай сенсіз, үш мәңгілік өмірсізге тең. Осы жолдарды толық күйдіргіш сағынышпен өз жарыма жазып отырмын. Аяулы, Жаным, өзі қыз мінезді, күлімсіреген шырайлы жарым. Бұл жазғаным романтизмге ұқсайды. Ұқсай берсін. Мен ішкі сезімдімді басқадай жеткізе алмаймын...». ** Осы жерлерде Сәтбаевтың жарын жаны-

нан артық сүйгені білініп тұр. Өзінің хаты арқылы үш ай көрмеген әйеліне ішкі сезімін жеткізгісі келген екен. Осы хатында әрі қарай бір оқиға баяндалады. Онда былай делінген: «...Итак – моя Саулем! Я 3-го вечером приехал в Москву. Квартиру нашел в ужасном виде: январский холод, грязь овчарни и две новых жилищ: одна, рыжая, с длинным кривым носом, типа Какаду; другая, низкая, жирная, типа черепахи...». * Аудармасы:

«Мен 3-ші күні кешке Мәскеуге келген едім. Мен тек нашар, қоқынышты пәтерді таптым: іші суық, әрі лас және екі жаңа көршім: біреуі, сары шашты, ұзын қисық мұрынды, Какадуға ұқсайды; екіншісі, бойы аласа, семіз, тасбақа тәрізді...» ** Осы хатында Қаныш Сәтбаев өзінің ішкі жағымсыз сезімін көрсетіп тұр. Менің ойымша, көршілерін жаман сипаттауы, жағымсыз көршілердің өзіне ұнамай, олардан жиіркенгенін көрсетіп тұр. Оған осы пәтердің ұнамағаны соншалықты, ол оны жағымсыз сөздермен суреттеп жазады. Әр хатында атамыз «целую крепко и обнимаю горячо. Твой КИС. *», – деп жазады екен. Әр хатында әйелі Таисаға деген жылы сезімін үнемі білдіріп отырады.

...Бү дүние жолдас емес адамзатқа,
Кетеді, қайта тастап жанған отқа.
Дүниенің жамандығын көзіне айтып,
Фазал қып бес – алты ауыз жаздым хатқа..., –

деп жерлесіміз Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазып кеткендей, Қаныш Сәтбаев атамыз әрқашанда тек шындықты жазған. Оны біз Қаныш Сәтбаевтың «Мое сокровище» деп аталатын хатынан анық байқай аламыз. Бұл хатта атамыз жақтырмаған көршілерін жағымсыз сөздермен бейнелейді. Жазған сөздерінен-ақ, сол жердің қаншалықты нашар екендігі көз алдымызға еріксіз келеді. Менің ойымша, бұл Қаныш Сәтбаевтың ішкі сезімдерінің байлығына байланысты.

«Дорогая Тьюзик» [2, 50 б.] хатын қарастыратын болсам, ішкі сезімдерге толы хаттардың бірі. Ол хатта былай делінген: «Вопервых, поздравляю с Новым годом. Желаю еще большего счастья в будущем. Так же желаю, чтобы этот год был последним, который встретится нами врозь. Пусть последующие годы неизменно будут встречаться нами вместе, за общим кубком. Твое письмо между Актюбинском и Аральским морем получил. Очень на твоих соседей – спекулянтов, но надеюсь, что дорожные кошмары уже несколько теперь забыты тобой. Все-таки главное твоего письма из Кзыл –

Орды, где ты бы успокоила меня своим благополучным приездом в город, я еще не получил и буду ждать каждый день. В Москве жизнь течет без изменений. Нет также к-либо перемен и в доме. Клавуша все принимает своих гостей, Поля – все воркует в кухне с своим поклонником, Галимтай все катается на коньках, а я все ношусь с своей тоской о тебе. Новый год встретил в клубе работников ВСНХ / т.н. Деловой клуб/. Собралось очень много народу. Был концерт и балет. Шампанское, танцы и ужин. Все пришли парно, лишь я – в одиночестве. Как в эти минуты тосковал о тебе, ты не можешь себе даже и представить! Саулемчик, ты совершенно права, когда пишешь, что мы сейчас льем в пустыне прозрачные воды. Меня особенно тяготит такая жизнь за последний период. Одну могу сказать, что жить так дальше – очень тяжело для нас. Нужно нам пойти на многие жертвы во имя любви. В чем они – поговорим лично в Кызыл – Орде. Пока целую крепко и жму к своей груди». * Аудармасын жазатын болсам:

«Ең алдымен, Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын! Мен саған болашаққа одан да көп сәттіліктер тілеймін. Тек биылғы жылы ақырғы рет жаңа жылды бөлек қарсы алуымызды тілеймін. Келесі жылы әрдайым мерекені бірге қарсы алайық. Ақтөбе және Арал теңізінің арасында сенің хатыңды алған едім. Жолдағы келеңсіздіктер сені ойлаумен ұмытылады деген үміттемін. Мені қуантқаны, сенің Қызыл Ордаға келіп, жіберген хатың, бірақ оны әлі алған жоқпын, бірақ күнде күтіп жүрмін. Мәскеу өмірі өзгеріссіз жүріп жатыр. Үйде де барлығы бұрынғыша. Клавуша әлі де өзінің барлық қонақтарын қабылдап жүр. Поля болса, әлі де өзінің ғашығымен ас үйде. Ал Галитай болса, конькимен сырғанап жүр. Мен ғана жалғыз сені сағынумен күнімді өткізіп жүрмін. Жаңа жылда ЖХШК қызметкерлерімен бірге клубқа барған едік. Адамдар өте көп болды. Онда концерт және балет болды. Шампан, би және кешкі ас. Барлығы жұптасып келді, тек мен ғана жалғыз отырдым. Осы кезде сені қалай сағынғанымды елестете де алмайсың. Мені соңғы кезде осындай өмір қажытып жіберді. Біз үшін осылай өмір сүру өте қиын. Біз махаббат жолында көптеген құрбандықтарға баруымыз керек. Қызыл Ордада анығырақ сөйлесерміз. Бетіннен сүйдім.»

** Бұл жерде Қаныш Сәтбаев өз әйелін қаншалықты сағынғаны жайлы жазады. Оны сағынғаны сонша, тіпті бір күннің өзі азаппен өтетіндігін жазады. Бұл жерде біз оның шынайы махаббатын және сағынышын көреміз. Қаныш пен Таисаның махаббаты алыс ара қашықтықта да сақталғанын, тіпті одан әрі нығайғанын көреміз.

...Қыз сондай сен іздеген сұлу болса,
Көргенде құмарланып кеуден толса,
Алмас қылыш жүзіндей аударылып,
Көленкесі көңіліне барып қонса..., –

деп Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің «Қыз сұю» өлеңін осындай тамаша жолдармен әсемдейді. Осы жолдар Қаныш Сәтбаевтың Таисаға деген махаббатына да керемет үйлеседі.

Менің ойымша, халқымыздың рухани өміріндегі ерекше ұлы тұлға Қ. И. Сәтбаевтың есімі халқымыздың жадында сақталмақ. Оның есімі өзі ұзақ жылдар жетекшілік еткен ҚР Ұлттық ғылым академиясының геологиялық ғылымдар институтына, Алматы, Балқаш, Семей т.б. қалалардағы көшелерге, кіші планетаға берілген. Қ. Имантайұлының құрметіне Жоңғар Алатауы жотасындағы мұздық пен шың, Қаратаудағы ванадий кен орны рудаларында табылған «Сәтбаевит» минералы «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі атанған. Ұлы тұлғалардың бірі – Қаныш Сәтбаев. Оның жұмыстарына қарап-ақ мамандығын, өз жұмысын, елін сүйетін абзал жандар қатарына қоса аламыз. Қаныш Сәтбаев еліне берілген, пір тұтатын белгілі азамат болған. Оны зерттеулерінің арқасында, көптеген жаңа жерлер ашылды. Тіпті осы хаттарынан-ақ оның қаншалықты байқағыш, әрі сабырлы адам болғаны көрінеді. Хаттарын оқи отырып, Қаныш Сәтбаев туған жерің, елін, мамандығын шынайы жақсы көрген адам болғанын көреміз. Еліміздің гүлденуіне біршама үлес қосқан.

Мен жаныммен сүйемін осы ауылды,
Мен қаныммен сүйемін осы ауылды.
Қалай ғана сүйемін, қалай ғана,
Кіндігімен кессе ол тұсауымды.

Осы ауылда тербелген бесігім де,
Осы ауылда қойылған есімімде.
Араздасып қалғанда ара ағайын
Ақсақалы жүреді кешірімге.

Көріп өстім таң атып, күн батқанын,
Көріп өстім тағдырлы мың қатпарын.
Қалай ғана сүймейін, Бейіт болып
Осы ауылда жатыр ғой қымбаттарым, –

деп Әлібек Шегебай жазғандай, Қаныш Сәтбаевтың да туған жеріне деген сүйіспеншілігі осылай суреттелер деп ойлаймын. Осы өлең жолдары елін, жерін сүйген адамға арналған. Ал елін, халқын шынайы сүйгендердің бірі – Қаныш Сәтбаев.

Менің ойымша, осындай зиялы адамдарға қарап, қазіргі жастар да олардың жолын жалғайды. Қаныш Сәтбаев сияқты ақылды да, парасатты адамдар жас ұрпақтардың да арасынан шығып жатса, бұл елімізге қосқан үлкен үлес болар еді. Менің атам Қаныш Сәтбаев сынды ілкіде бір кездеседі. Ондай тұлға дарыған қазақ халқы қандай бақытты!

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сәрсекке, М. Қаныштың жұбайына жазған хаттары // Абай. – 2000. – № 2. – 43 – 44 б.

2 Сатпаев, К. И. [Письма к жене] // Абай. – 2000. – № 2. – 44 – 50 б.

ҰЛЫ ТҰЛҒА

ЖАМСАТ Ә. Б.

5 сынып оқушысы, Академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп – балабақша оқу – тәрбие кешені, Баянауыл ауданы

МАСАЙНОВА К. Б.

жетекші, Академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп – балабақша оқу – тәрбие кешені, Баянауыл ауданы

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауының басты бағыттарының бірі жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге арналған. Еліміздің ертеңі білімді, саналы, ұлтжанды, өнерлі ұрпақ. Адам баласының тіршіліктегі қадыр-қасиеті оның өткен өмір жолындағы жасаған жақсылықтарымен, өнегелі істерімен өлшенеді. Әсіресе, Отанымен ел жұртына тигізген шарапаты, сіңірген еңбегі ешқашан елсіз қалған емес – Ғылым саласында үздіксіз еңбек етіп, тер төккен ғалымдарымыздың бірі жерлесіміз – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Мен Баянауыл ауданы Қ. Сәтбаев атындағы мектептің оқушысымын. Біздің мектепте Қ. Сәтбаевқа арналған үлкен мұражай бар. «Қаныштану» сабақтары өтеді, біз Қ. И. Сәтбаевтің өмірімен, қызметімен, отбасы туралы толық мағлұмат алудамыз.

Менің мақсатым – академиктің өнегелі өмірін зерттеп, артына өшпес із қалдырғаны туралы құжаттар жинап сіздерге баяндағым

келеді. Оқу иімен құдық қазғандай дегенмен, қажымас үлкен еңбегін өздеріңіз білесіздер. Қандай ауыр жағдайда достарына, туыстарына көмегін аямаған екенін білдік. Қаныштың туып-өскен бала күнінде ойын салып қызықтаған жері арқаның бір сұлу өлкесі – Баян тауының сыртқы бөктері Ақкелін болысы. Қаныш 6-ты жасынан бастап Ақкелін болысының орталығынан ашылған ауыл мектебінде оқиды. Он жасқа қадам басқан Қаныш Имантайұлының Ақкелін мектебінің мұғалімі Григорий Васильевич Терентьев еді. Академик Сәтбаев жазбаларында: «Бағыма қарай маған жаны ізгі, білікті ұстаздар дәріс беріп, тыңғылықты білім алғаным үшін мен ұстаздарыма бас иемін» – деп жазған.

Бала Қаныштың оқуға зеректігін байқаған мұғалім Қаныштың әкесіне: «Мына балаңыз тек қана зерек емес, тума дарын иесі, мұны қалада, үлкен жерде оқыту керек» деген екен. Осыдан-ақ қазақтың тұңғыш академигінің ғасыр басында жарық сәулеге ұмтылғанын көреміз. Негізгі деректерге сүйенсек, Қаныш Имантайұлы туып өскен жерінде Ертіс бойында 22 жасқа дейін болған, оның үш жылы Павлодарда, алты жылы Семейде, бір жылы Баянауылда еңбекпен өткізген. 1921 жылы Қаныш Имантайұлын Томск технологиялық институтында оқуға жолдамамен жібереді. Тау-көк факультетіндегі геологиялық барлау бөлімшесінің студенті болып шығады. Мәскеуде біраз уақыт жұмыс істеген инженер-геолог Сәтбаев 1926 жылы Қарсақбайға жіберіледі. Оған Жезқазған мыс кеніші және Байқоңыр көмір бассейнінде геологиялық барлау жұмысын тұрақты жүргізу міндеті жүктеледі.

Ұлытау өңіріне 15 жылдық жастың шағын жұмсаған Қ. И. Сәтбаевқа Кеңес өкіметінің үміті ұлғайып, сенімі арта түседі. 1941 жылы Қазақстанда КСРО Ғылым академиясы Геология институтының қазақ филиалы ашылып, оның директорлығына Қ. Имантайұлы тағайындалды. Қазақстанның Ғылым академи-ясын Қ. И. Сәтбаев басқарып тұрған кезінде жан-жақты және қарышты дамыды. Қаныш ағаның ұлтжандылығы соншалық Александр Викторович Затаевич оның аузынан 25 әнін жазып алғанын айтады. Қаныш Сәтбаевтың Баянауыл өңдерінің білгірі мен танымал орындаушысы екенін айта отырып, сол өңдердің әуенін тамаша орындап қана қоймай, орысша аудармасын да келтіргенін жазады. Оның айтуымен жинаққа «Бүркітбай», «Іңкәр», «Өмірдің әні», «Базарбек», «Сұңқарым-ай» сынды өңдер енген Қ. Сәтбаев пен А. В. Затаевич тек қана жұмыс бабында кездесіп қана қоймай, сонымен қатар адал достық қатынаста болғаны сөзсіз. Сондай-ақ халықаралық Сәтбаев қорының бірінші президенті Кәкімбек Салықов 2000 жылы академик Қ. И. Сәтбаевтың Баянауыл

мемориалдық мұражайына келгенде «Қаныш және сұлу саз» кітабын сыйға тартқан болатын. Бұл кітапта Қаныш ағаның өзі орындаған 25 әні және де академикке арналған әндер мен өлеңдер қоры басылған.

Біздің ауданымызда Қаныш Сәтбаевтың әндерін орындап жүрген өзімнің ұстазым Қырықбаев Бақыт, Баянауылдағы өнер мектебінің ұстаздары Әсия Бектаева, Қамажай Ермекова, Жасқайрат Төлүбеков т.б. Міне осындай әңгімеден кейін ғалымның адамгершілік тұлғасын танығандаймыз.

Ұлылар мәңгі өлмейді,
Жұлдыз боп туған жарқырап.
Мейлі көрме, көр мейлі,
Тарихи тұлға – бал құрақ.
Туған жердің қасиетін,
Аялап өткен ақтабан
Даналардың данасы,
Тұла бойы білім күш.
Елі сүйген баласы,
Бар қазаққа мақтаныш

– деп жерлес ұстаз ағамыз Зекебай Сұлтанбаев айтқандай ғалымның ұлттық менталитетінің рухы биік болу үшін зор еңбек еткеніне көзіміз жетті.

Ол әрдайым оқу білім бастамасы мектеп екендігін баса айтатын. Бұл дегеніміз келешек осы мектептердің түлектері еліміздің білім, ғылым және өнерін көркейтетініне Қаныш аға сенімді болған.

Шындығында Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтің өмір өнегесі, қайсар табандылығы, білімге деген құштарлығы ХХІ ғасырда өмір сүретін біз үшін, ұрпақ үшін, ғылымды оқып меңгеруге жетелейтін тұмар десек қателеспейміз.

«Ғалымның хаты өшпейді, данышпанның аты өлмейді» деген халық даналығы осыған сай айтылса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Сарыарқа самалы» газеті 2010. 6 сәуір №36.
- 2 «Сарыарқа самалы» газеті 2010. 13 сәуір №39.
- 3 «Баянтау» газеті 2014. 15 тамыз №33.
- 4 Сарыарқа самалы» газеті 2004. 18 мамыр.
- 5 Қаныш елі: Алматы – Павлодар 1999.
- 6 Кәкімбек Салықов Алматы 1999.

СӘТБАЕВ ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ – АЛҒАШҚЫ ГЕОЛОГ

ЖАНАТ Д.
оқушы, №18 жалпы білім беру мектебі

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (1899-1964) – Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаушы, қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі әрі тұңғыш президенті, КСРО және Қазақстан Ғылым академияларының академигі, Тәжікстан Ғылым академиясының құрметті мүшесі, қоғам қайраткері, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты.

Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Сауатын ауыл молдасынан ашқан болашақ ғалым Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде, Семей мұғалімдер семинариясында, Томск технология институтының тау-кен факультетінде білім алған. Мұғалімдер семинариясында Ж. Аймауытов, М. Әуезов сынды көрнекті қайраткерлермен бірге оқыған. Ш. Құдайбердіұлымен тығыз байланыста болып, оның шығармашылығын жоғары бағалаған. «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне қолдау білдірген.

1920-1941 жылдары Баянауылда халық судьясы, «Атбастүстімет» тресі геология бөлімінің, Қарсақтай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарған.

1941-1952 жылдары КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан Ғылым академиясының президенті болған.

1952 жылы әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған. 1955 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған.

1947 жылы Англияға сапар жасаған кеңес парламентарийінің ішіндегі қазақ ғалымына Ұлыбританияның экс премьер-министрі У. Черчилль қалжындап «Барлық қазақтар сіз сияқты сұңғақ, батыр тұлғалы ма?» деп сұрапты. Сонда академик Қ. Сәтбаев «О, жоқ, Черчилль мырза, қазақтардың ішіндегі ең кішісі мен, менің

халқым менен де биік» деп жауап беріпті. Осы бірауыз сөзден ғалымның дене бітімі ғана емес, жан-дүниесінің, халқын сүйген жүрегінің де ірі екенін байқауға болады.

Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген.

1926-1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасап, бұл кен ауданының кең көлемдегі геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеген. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген.

1927-1928 жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған.

1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында кара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған – Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған.

Академиктің қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып, Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылған. Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды дұрыс жоспарлаған. Ғылыми кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, республикамыздың ірі минералдық шикізат қорларын – Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін Қостанай мен Жезқазған – Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тығыз байланысты.

Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол. Ш. Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жана орфографиясының негізінде қайтадан дайындаған. Жезқазған – Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын дайындаған.

1931 жылы басылған А. Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген.

Қазақстанның қала, ауылдарында Сәтбаев есімімен аталатын жүздеген көше, 40-тан астам мектеп және көптеген ғалымның ескерткіштері бар. Оның есімі Қазақстан Ғылым академиясының Геология ғылымдары институтына, бір қала мен ғаламшарға, еліміздің ең ірі техникалық оқу орны Қазақ ұлттық техникалық университетіне берілген. Сәтбаевтың құрметіне Жоңғар (Жетісу) Алатауы жотасындағы мұздық пен шын, Қаратаудағы ваннадий кен орнынан табылған «Сәтбаевит» минералы, «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған. 4 мәрте Ленин, 2-ші дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (1899-1964) – аса көрнекті қазақ геологы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушы. Туған жері – бұрынғы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Ақкелін болысы (қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы).

Геологиялық барлау мамандығы бойынша Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін бітіріп келгеннен кейінгі Қ. Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер геологиясын зерттеуге арналған. Оның геологиядан басқа ғылымдардан да, мәдениет саласында да, тарихта да қалдырған ізі сайрап жатыр. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталуға тақағанда, жағдайдың аса қиын ауырлығына қарамастан, Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастыру жұмысына басшы болып, оның ісіне бел шеше араласуы ұлыларға тән көргендіктің белгісі еді.

Оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе, Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және

болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына жатуы – кезінде осы кеннің жоспарлары түрде кең масштабтағы барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объекті екенін дәлелдеп берген Қаныш Сәтбаев еңбегінің нәтижесі. Сондай-ақ ол минералдық шикізатқа бай Сарыарқа, кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау секілді аймақтарға да ерекше назар аударып зерттеп, олардың кендерінің стратиграфиясы, тектоникасы, құрлысы, металлогениясы, геохимиясы және шығу тегі туралы маңызды ғылыми қорытындылар жасады, ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді. Көптеген тәжірибелі мамандар қатыстырыла отырып, Қаныш Сәтбаевтың еңбегінің нәтижесінде Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жасалды. Оны өндіріске өндіру арқылы Сарыарқа аймағында қара, түсті және сирек металдардың біраз жаңа кендері ашылды. Біраз кендерге бүтіндей жаңа өндірістік баға берілді.

Ол Қарағандыда металлургиялық завод салуда, Қостанай, Алтай темір және марганец, қаратаудың фосфорит кендерін және осылар секілді көптеген ірі нысандарды игеруге, Ертіс-Қарағанды каналының қазылуына, біраз ғылыми-зерттеу институттарының ашылуына тікелей араласып, зор еңбек сіңірді, Қазақстан ғалымдарының зор армиясының ақылшысы, тәрбиешісі болды. Ол-геология ғылымына қатысты әлемдік, одақтық, қазақстандық түрлі дәрежедегі толып жатқан комиссиялардың, комитеттердің мүшесі, басшыларының бірі, бірнеше мәрте КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты, СОКП съездерінің делегаты, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің президиумының мүшесі. Ол төрт рет Ленин орденімен, Екінші дәріжелі Отан соғысы орденімен марапатталып, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың иегері болған. Оның есімі институттар мен кенметаллургия комбинаттарына, Қазақстан қалаларының көшелеріне, мектептер мен шаруашылық аттарына берілген. Сондай-ақ Алатаудың бір шыңы мен мұздағы, Қаратаудағы ванадий кенінің рудасынан табылған бір минерал (сәтбаевит) оның атымен аталады.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Арқаның сұлу төрінің бірі – (бұрынғы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Ақкелін болысының 4-ші ауылында) қазіргі Павлодар облысының, Баянауыл ауданының Қ. И. Сәтбаев атындағы совхозында 1899 жылдың 12 сәуірінде Сәтбаевтардың үлгілі – өнегелі ауылында дүниеге келді.

Қаныштың жерлесі әрі досы Әлкей Хақанұлының мәліметтері бойынша, революциядан (1917 ж.) бұрынғы қыр қазақтары арасында

Сәтбаевтардан көп оқыған ауыл болған емес. «Қаныштың әкесі Имантай – ақылды, момын, терең ойлайтын, әр нәрсені ақылмен, сабырмен шешетін кісі болатын...»

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсін» демекші, табиғатынан зерек Қаныш 1909-1911 жылдары өзінің туған ауылындағы орыс - қазақ мектебінде оқып, 1918 жылы Семей қаласындағы оқытушылар семинариясын бітіреді. Одан кейінгі бірер жыл Семей қаласында, өз ауылында мұғалімдік қызмет атқарып, 1920-1921 жылдары Баянауыл ауданындағы 10-шы учаскесінің халық соты болды.

1921 жылы жазда Қаныш Имантайұлы Баянауылға емделуге келген сол кездегі Сібір өңірінің ірі, мәдени орталығы Томск қаласының технология институтының профессоры (кейін академик болған) Михаил Антонович Усовпен танысады. Қанышқа М. А. Усов Қазақстанның геологиясы мен тау-кен байлықтары туралы көптеген қызықты әңгімелер айтады.

Өзі өмірден озғанша ұстаз санаған профессор М. А. Усовтың ықпалымен 1921 жылы Қаныш Имантайұлы Томск технология институтының кен факультетінің геологиялық барлау бөліміне оқуға түседі.

Қаныш Имантайұлы студент болған жылдарда профессор М. А. Усов басқарған палеонтология және тарихи геология кафедрасының оқытушысы болған В. А. Хохлов (кейін ғылым докторы, профессор) «Студент Қаныш» атты естелігінде былай деп жазды: «Бұл өзі оқуға жан-тәнімен берілген студент болатын. Жалпы геология жөніндегі сабақтарда ол М. А. Усовтың тамаша лекцияларын құмарта тыңдады... Екінші курстан кейін ол М. А. Усовтың дала жұмыстарына қатысты...» Институтты бітіргеннен кейін Қ. И. Сәтбаев өзінің туған еліне оралып, өмірінің басым көпшілігін оның геологиясын зерттеуге және туған өлкесінің минералдық шикізат негізін жасауға арнап, барлау, ғылыми ізденістерінің нәтижесін өндіріске енгізуге, республикамызда индустрия алыптарын салуға зор үлес қосты.

Ол 1920-1930-шы жылдары кең көлемді барлау жұмыстарына басшылық жасап, оларға тікелей қатынасуымен бірге Жезқазған-Ұлытау, Қарсақпай, Қаратау полиметалл кендері жөнінде іргелі ғылыми еңбектер жазды.

1926-1941 жылдары Атбасар, Қарсақпай трестерінде геологиялық бөлімінің жетекшісі және бас геолог болған Қаныш Имантай ұлы Жезқазғанның одақтағы ірі мыс рудалары бай аудандар қатарына жататынын бұлжытпай дәлелдеп, минералды

шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай сияқты аймақтарға ерекше назар аударды.

Қаныш Имантайұлы бұл ғылыми-ұйымдастырушылық жұмысқа 1941 жылы шақырылды. Осы жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының орынбасары болып сайланды.

1943 жылдан филиалдың төрағасы қызметін атқарды. Сол жылы Қ. И. Сәтбаев геология ғылымындағы үздік жетістіктері үшін КСРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, ал 1946 жылдан толық мүшесі (академик) болып сайланды. Ол сол кезде КСРО-ға кірген күншығыс республикалары халықтары өкілдерінен шыққан тұңғыш академик еді.

1946 жылы 1 маусымда КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы негізінде Қазақ КСР-нің Ғылым академиясы (қазіргі ҚР Ұлттық ғылым академиясы) ашылуы республика өміріндегі аса көрнекті оқиға болды. Академияның тұңғыш толық мүшелері болып 14 адам – Қ. И. Сәтбаев; М. О. Әуезов; Ә. Б. Бектұров; Н. Т. Сауранбаев т.б. бекітілді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев академия президенті ретінде ғылым мен өндірісті байланыстыруға, ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізуге үлкен мән беріп отырды.

Ол өзі негізін қалаған Ұлттық ғылым академиясының

1946-1952 және 1955-1964 жылдар аралығында 16 жыл басқарды, ал геологиялық ғылымдар институтына үш жылдық үзілісті қоспағанда 1941-1964 жылдар үздіксіз жетекшілік етті.

1958 жылы Қ. И. Сәтбаев бастаған бір топ ғалымдарға Орталық Қазақстанның кешенді металлогениялық және болжам карталарын жасағаны үшін Лениндік сыйлық берілді. Сол елуінші жылдардың өзінде-ақ кешенді металлогениялық болжам карталарды өндіріске енгізуге айтарлықтай нәтижелер берді: Сарыарқа аймағында қара, түсті, сирек металдардың жаңа кендері ашылды. Ашылған кендер мен руда белгілерінің 90%-ы айталмыш болжам карталардың негізінде анықталды.

Қ. И. Сәтбаев сол кездегі Кеңес елінің жоғарғы марапат белгісі Ленин орденінің төрт рет иегері, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың иегері. Алайда осындай атақ-дәрежелерге қарамастан Қ. Имантайұлы әкімшілдік-өміршілдік жүйе орнатқан қоғамдық тәртіпке сенімсіз адам болып та саналған.

1940 жылдың соңы мен 1950 жылдың басында сталиндік билеу жүйесінің Кеңес мемлекеті зиялыларына қарсы басталған үшінші саяси қуғын-сүргін кезінде Қ. И. Сәтбаев оның құрбандығына шалына жаздады.

1964 жылы 31 қаңтар күні Москваның Кунцево деген орманды аймағына орналасқан Кремль ауруханасында Қаныш Имантайұлының жүрегі соғуын тоқтатты.

Халқымыздың рухани өміріндегі ерекше ұлы тұлға Қ. И. Сәтбаевтың есімі халқының жанында мәңгі сақталмақ. Оның есімі өзі ұзақ жылдар жетекшілік еткен ҚР Ұлттық ғылым академиясының геологиялық ғылымдар институтына, Алматы, Балқаш, Семей т.б. қалалардағы көшелерге, кіші планетаға берілген. Қ. Имантайұлының құрметіне Жоңғар Алатауы, жотасындағы мұздақ пен шын, Қаратаудағы ванадий кен орны рудаларында табылған «Сәтбаевит» минералы «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сан қырлы талантын, ақыл ой парасатын туған халқының мерейін үстем етуге жұмсады. Оның өнегелі өмір жолы баршамызға үлгі. Белгілі қоғам қайраткері І. Омаровтың сөзімен айтсақ, «Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп, ер жетті де, сол халқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шеңберде қалып қойған жоқ, дүние жүзіне белгілі болды.»

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ тілімен әдебиеті ҚР Білім министрлігінің ай сайын шығатын ғылыми – педагогикалық, әдістемелік журналы, 1998.

2 «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1998. 7-том.

ГЕНИЙ БАЯНАУЛА

ЖАСКАИРАТ К. Р.
СОШ № 29, г. Павлодар
НУРГОЖИН Р. Ж.

к.б.н., ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар



Земля Баянаула – родина ученых, писателей, поэтов и общественных деятелей. Их имена известны не только в Павлодарской области: здесь родились знаменитый певец-сказатель Бухар-жырау, композитор и поэт Ж. М. Байжанов, историк-просветитель М. Ж. Копеев, поэт-демократ Султанмахмұт Торайгыров, акын и философ Жаяу Муса. Заметный вклад в развитие советской науки

внесли академики Ш. Шокин, А. Х. Маргулан, доктора наук А. Бектуров, Е. Бекмаханов, С. Бейсембаев. Широкую известность получили писатели и поэты-баянаульцы Д. Абилов, Х. Бекхожин, З. Шашкин, З. Акишев, К. Исабаев, народный артист СССР Ш. Айманов и др.

Более 30 докторов и 200 кандидатов наук являются выходцами из Баянаула и среди них особое место занимает имя Каныша Имантаевича Сатпаева.

Академик Каныш Имантаевич Сатпаев – выдающийся геолог, ученый и крупный организатор науки, основатель республиканской геологической службы и Академии наук Казахской ССР, создателем Большого Жезказгана и Института геологических наук, носящих ныне его имя. Он – первый президент Академии наук Казахстана и первый союзный академик-казах (с 1946 г.).

Сатпаев К. И. родился 12 апреля 1899 года в семье казаха-кочевника в Баянаульском районе Павлодарской области. Учился в аульной школе, затем в русско-казахском училище Павлодара и после успешного окончания Семипалатинской учительской семинарии в 1918 году работал учителем естествознания на педагогических курсах в Семипалатинске, а в 1920 году назначается народным судьей. По просьбе Сатпаева К. И. Семипалатинский ревком в 1921 году направляет его в Томский технологический институт, где он, после блестяще сданных приемных испытаний, становится студентом геологоразведочного отделения горного факультета.

Именно в студенческие годы начало формироваться научно-инженерное мировоззрение Сатпаева К. И. под благотворным влиянием сибирской школы геологов и особенно его любимого учителя и наставника профессора М. А. Усова, глубокие научные идеи и знания которого позже легли в основу всей творческой деятельности Сатпаева К. И.

Жизненный путь не всегда был прост и легок, были годы несправедливых гонений, огорчений и невзгод. Так, в тридцатые годы трое Сатпаевых К.И. были репрессированы и погибли. Родной брат Сатпаева Газиз (1892-1937) до революции учился в Семипалатинской гимназии, готовился стать медицинским работником. Каныш любил и уважал его, высоко ценил его интеллект и душевные качества. Жертвой несправедливости пал и Карим Жаминович Сатпаев (1897-1936). По свидетельству современников – образованный, обаятельный человек, талантливый скрипач, организатор этнографических вечеров. И третий – крупный педагог, первый среди ка-

захов специалист по русскому языку и литературе, естествознанию, первый директор Семипалатинской семинарии и Семипалатинского педагогического техникума А. З. Сатпаев (1881-1938).

1 июня 1946 года была учреждена Академия наук Казахской ССР, на торжественном открытии которой Сатпаев был избран первым президентом, оставаясь при этом и директором Института геологических наук. Одна из выдающихся заслуг Сатпаева К. И. – это создание «казахстанской школы геологов»

Открылся ряд новых академических институтов: в Атырау, Караганде, Усть-Каменогорске, Балхаше и других уголках республики.

Немало сил и энергии отдавал становлению и развитию международных связей Академии наук Казахстана, укреплению и углублению сотрудничества ученых с коллегами из России, Украины, Узбекистана, Грузии, Киргизии, Таджикистана и других республик. Сатпаев К. И. очень много писал. Ему принадлежат свыше 800 печатных работ, опубликованных на русском, казахском, китайском, арабском, английском и других языках. Весь мир признал яркие труды первого казахского инженера-геолога.

Сатпаев К. И. был великим и одновременно простым, доступным, скромным человеком. Природа наделила его красноречием, высоким ростом, благородной осанкой, большой головой (размер шапки – 62-ой). Он выделялся в любой толпе, его замечали всегда первым и запоминали. Был, например, такой случай в Англии, в 1947 году, когда казахский ученый посетил эту страну. Во время неофициального приема У. Черчилль, экс-премьер-министр Великобритании, задал ему шуточный вопрос: «Все ли казахи такие, богатырского сложения, рослые, как вы?» – «О нет, господин Черчилль, среди казахов я самый маленький, мой народ выше меня!», – ответил академик Сатпаев.

Сегодня имя выдающегося ученого Каныша Имантаевича носят малая планета Сатпаев в звездном мире, город в Карагандинской области, оно увековечено в названиях минерала, цветов, ледника и горной вершины, улиц, предприятий и учреждений Казахстана, действует Международный фонд Сатпаева, учреждены премия и стипендия его имени. Недавно возле КазНТУ, носящего его имя, был открыт памятник.

ЛИТЕРАТУРА

1 Родина Сатпаева: фотокнига / сост. О. В. Таланова. – Алматы – Павлодар: Жибек жолы, 1999. – 336 с.; илл.

- 2 <http://satoshisatoshi.jimdo.com>.
- 3 <http://visitkazakhstan.kz>.
- 4 http://slogos.ru/story/satpaev_kanysh_imantaeovich.html.
- 5 <http://www.people.su/98390>.
- 6 <http://bibliotekar.kz/impram-dostoinyi-hanov/kanysh-satpaev.html>.

ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

ШАХМЕТОВ А. Ж.

оқушы, Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – ұлы геолог, қазақтың бүкіл әлемге танымал ұлы ғалымы, қоғам қайраткері. Қазақстан ҒА-н ұйымдастырушылардың бірі және тұңғыш президенті (1946). Сәтбаев қазақтан шыққан тұңғыш тау-кен инженер-геологы, Қазақстан ғылымының атасы, „Қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы. Қазақ АКСР-і Халық ш. орт. кеңесінің ұйғаруымен Мәскеу қ-на «Атбасцветмет» тресінің геология бөлімін басқаруға жіберілді. Бұл треске Жезқазған мыс кен орындарын, Байқоңыр көмірін зерттеу және Қарсақбай мыс зауытының құрылысын жүргізу жүктелген еді. Сәтбаев бұл істі қарқынды жүргізу мақсатында Қазақстанға қайтып оралды. 1929 ж. Қарсақбай мыс комбинатының геологиялық барлау бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалды. Көп ұзамай комбинаттың бас геологы болды. 1941–64 ж. КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары ин-тының директоры, КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесі президиумы төрағасының орынбасары (1941 – 42), төрағасы (1942 – 46), Қазақстан ҒА-ның президенті (1946 – 52) болды. 1952 ж. әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен шеттетілді. Қызметтен босаған соң Қазақ КСР Геология ин-тының директоры болып еңбек етті. 1955 ж. Қазақ КСР ҒА-ның президенттігіне қайта сайланып, бұл қызметті өмірінің соңына дейін атқарды.

Сәтбаевтың негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарын зерттеуге арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орт. Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда (1952–58) көп еңбек сіңірді. Сәтбаев ғылымға формац. металлогендік анализдің кешендік

әдісін енгізді. 1926 – 29 ж. кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор (ақиқат қоры бұрынғысынан 2,5 есе көп екенін анықтады). Бұрынғы гөлл деректерге терең талдау жасаған Сәтбаев бұл кеннің ауданның кең көлемдегі гөлл-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеді. Сәтбаев өз зерттеулерінің нәтижесінде Жезқазған кенінде кентас қалыптасуының кейіннен дәлелденген 4 белгісін ұсынды: Жезқазған кенінің түзілуі катпар түзуші тектоник. процестердің аяқталған, құрылымдық элементтердің қалыптасып болған кезімен байланысты. Өндіруге тұрарлық кентас қызыл түсті Жиделісай свитасынан төмен орналасқан ортаңғы карбонның полимиктілік сұр құмтастары мен алевролиттерінде шоғырланған. 3. Литол-петрогр. белгісі. Кентас сыйыстырушы шөгінді тау жыныстарының түйірлігі әр түрлі; бұларды біріктіруші керішті ыстық ерітінділер оңай алмастырады. Осы алмасудан пайда болған түйірлер арасындағы бос орындарда, қуыстарда, нәзік жарықшаларда минералдар жиналған. Жезқазған свитасының кентас дәлелі бір-біріне көлденең (созылымдары 50Ә және 330Ә) жарылыстарды қуалай орналасқан. Кентас сыйыстырушы осы жарылыстардағы гидротермалдық ерітінділердің таралуына бөгет болған қызыл түсті шөгінділермен жабылған. Сәтбаевтың қағида-белгілері Жезқазғанның мысты құмтас кендеріне және кентас белгілеріне өндірістік-экон. баға берілгенде негізге алынатын болды. Болашағы ғыл. тұрғыдан аса тыңғылықты негізделген Жезқазған мыс балқыту комб. дүние жүзіндегі түсті металлургияның ірі кәсіпорындарының бірінен саналады. Сәтбаев минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай, т.б. аймақтарды ерекше назар аударып зерттеді. 1927 – 28 ж. Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғыл. маңызды еңбектер жариялады. 1929 ж. Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды обл-нда қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерді. Сәтбаев Жезқазған – Ұлытау ауданында мыстан басқа темір (Қарсақбай), марганец (Жезді), көмір (Байқоңыр, Қияқты), қорғасын (Қорғасын) кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды гөлл. қорытындылар жасады. Оған осы еңбегі үшін диссертация қорғамастан, гөлл-минерал ғыл. докт. атағы берілді. 2-дүниежүз. соғыс жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылды. Оның басшылығымен ғылым мен техниканың тығыз байланысын күшейту мақсатында және Қазақстанның экон.

аудандарының өндіргіш күштерін зерттеу мен игеруге бағытталған Қазақ КСР-і ҒА-ның көшпелі сессиялары (Алтайда, Солт. Батыс, Оңт. және Орт. Қазақстанда) өткізілді. Сәтбаевтың қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып (1948), Қазақ КСР-і Геология және жер қойнауын қорғау мин. құрылды (1956). С. тікелей басшылық еткен металлогендік және болжам картасын жасау үшін ең алдымен Орт. Қазақстанның (Сарыарқа) сол кезге дейінгі геол. зерттелуі жөніндегі мәліметтер жиналды, сол өңірдің геол. дамуының ірі 6 кезеңі (палеозойға дейінгі, ерте каледон, соңғы каледон, ерте варисс, соңғы варисс, киммер-альпі) анықталды және әр кезеңнің геол. құрылысы мен металлогендік ерекшеліктеріне тән негізгі элементтік құрылымы табылды. Халықар. номенклатураға сай бірнеше стандарттық беттерден тұратын картаның жеке беттерінде мынадай геол. материалдар қамтылды: 1. Әр беттің геологиясы мен металлогениясының негізгі өзгешеліктерінің сипаттамалары; 2. Металлогендік формацияларға кіретін генотип ретіндегі кендердің басты сипаттамалары; 3. Жеке кендер мен кентас белгілерінің қысқаша сипаттамасы; 4. Бұлардың бәрі тіркелген бірыңғай кадастр; 5. Кендер мен кентас белгілері жөнінде толық мәлімет алуға болатын бастапқы әдебиеттердің тізімі; 6. Әр беттің әр уақыт үшін тиісті белгімен көрсетілген геол. зерттелуінің картасы; 7. Шлихтық және геофиз. зерттелгендіктің беттестіру картасы; 8. Геол.-құрылымдық карта; 9. Әр беттің пайдалы қазындыларын геол. құрылымдар және магматизммен беттестіру картасы; 10. Жеке беттердің кешенді-металлогендік картасы; 11. Әр бет аумағында болжамдық мақсат үшін жасалған фран, фамең, этрең, жоғ. палеозой шөгінділерінің палеогеогр. картасы; 12. Әр бет үшін темір мен марганец (екеуі бірге), мыс, полиметалл, сирек металдар (вольфрам, молибден, қалайы) кентастарының түрлі кезекте зерттелетін болжамдық алаңдарының және осы металдардың күткен нәтижені беруі ықтимал алаңдарының контурларын беттестіру (үйлестіру) картасы. Бұл картаның тағы бір ерекшелігі – геол. барлау жүргізілетін аймақтар, болжам қорына қарай бірінші және екінші кезекте зерттелетін өңірлерге бөлінді. Металлогендік болжам картасын қолдану нәтижесінде үлкен табысқа қол жеткізді. 1954–58 ж. аралығында Орт. Қазақстанда түсті металдардың көптеген жаңа кендері ашылды және олардың 90%-дан астамы бірінші және екінші кезекте зерттелетін өңірлерден табылды. Сәтбаев басқарған бір топ қазақстандық ғалымдарға металлогендік және болжам картасын жасап шығарғаны үшін Лениндік сыйлық берілді (1958). 1958 жылдан бастап металлогениядан кеңес, симпозиум, конгрестер өткізілді. Сәтбаевтың ашқан ғыл. мектебі Сарыарқаның

металлогендік және болжам карталарының төр. негіздерін, оның берген нәтижелерін сын көзбен қарап, Қазақстанның басқа аймақтарының, бүкіл республиканың осындай картасын жасауды мақсат етті. Сәтбаев «металлогендік дәуірлер», «металлогендік формациялар», «кентасты формациялар», «генотиптер», т.б. сияқты жаңа ғыл. терминдердің мәнін анықтады. Сәтбаев Қазақстан ҒА-н ұйымдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын ин-ттарды, лаб-ларды, секторларды, базаларды сол кезде-ақ дұрыс жоспарлады. Ғыл. кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қарады. Ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін халық ш-ның мүддесіне бағыттап, шаруашылық және мәдени құрылыстың басты мәселелерін шешуге белсене қатысты. Жезқазған кен-металлургия комб-н, Қарағанды мен Балқаш металлургия з-ттарын, Ертіс-Қарағанды каналын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; республикамыздың ірі минералдық шикізат қорларын – Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін, Қостанай мен Жезқазған – Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тығыз байланысты. Сәтбаевтың бастамасымен 1940 жылдан бастап КСРО ҒА-ның қазақ бөлімінде докторантура жұмыс істей бастады. Онда жүздеген ғылым кандидаттары мен докторлары даярланып шықты. Оның 50-ден астамына Сәтбаев тікелей жетекшілік етті. Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған іздері жеткілікті. Сәтбаев халық ауыз әдебиетін зерттеуді Баянауылда жүргенінде бастап, студент шағында одан әрі жалғастырды. Ш. Уәлиханов жазып алған, әйгілі Едіге батыр жайындағы «Ер Едіге» эпосын қазақ тіліне аударғанда, үш қасиетін ашып берді: 1) тілді сақтауға, дамытуға пайдалылығын; 2) эпостағы шебер тілмен берілген ескі толғауларға назар аударды; 3) қазақ халқының өткен тұрмысы, салт-сана, әдет-ғұрпы суреттелген тарихын білуге құнды мағлұмат беретіндігін көрсетті. Жезқазған – Ұлытау өңірінде бұл талабын күрделі ғыл. зерттеуге айналдырып, көптеген этногр. мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазды. Қазақ орта мектебінің төм. және жоғ. сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын 1919 ж. студент шағында бастап, 1924 ж. аяқтады да, Білім Наркомына (қазіргі Білім және ғылым мин.) бекіттірді. Бұл оқулық Қ. И. Сәтбаев Қоры (президенті К.Салықов) және Еуразиялық Л. Н. Гумилев атынд. ун-тің араласуымен жуырда жарық көреді. С. Ш. Уәлихановтың алғашқы толық шығармалар жинағын басып шығаруды ұйымдастырды. КСРО Мемл. сыйл. (1942), Лениндік сыйл. лауреаты (1958), 4 мәрте Ленин,

2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Қазақстанның қала, ауылдарында Сәтбаев есімімен аталатын жүздеген көше, 40-тан астам мектеп, т.б. ғалым ескерткіштері бар. 641 ғыл. еңбектің авторы, оның 534-і орыс, 98-і қазақ, қалғаны басқа тілдерде жарық көрді. Оның есімі Қазақстан ҒА-ның Геология ғылымдары институтына, Жезқазған кен-металлургия комбинатына, Алматы, Балқаш, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Семей қаларындағы көшелерге, бір планетаға берілген. Сәтбаевтың құрметіне Жоңғар (Жетісу) Алатауы жотасындағы мұздық пен шың, Қаратаудағы ваннадий кен орнында табылған «Сәтбаевит» минералы, «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған. Еліміздегі ең ірі жоғары тех. оқу орны Қазақ Ұлттық тех. ун-тіне Сәтбаев есімі берілген. 1999 ж. Оның 100 жылдық мерейтойы респ. деңгейде аталып өтті.

Мен 26.02.15 күні Баянауыл ауданың Қ. И. Сәтбаев атындағы мұражайына келіп, өзімнің әжеммен хабарластым (әжем, Сағымбекова Үміт Сапарбековна – мұражай директоры). Мұражайға келіп, әжем маған әр экспонаттың шығу тарихымен таныстырды, сонымен қатар мұражай жұмыскерлері Қ. И. Сәтбаев туралы көптеген ақпарат көздерін көрсетті. Мұражайдың лебіз кітаптары ұсынылды. Т. Әубәкіров, О. Сүлейменов, М. Сәрсекеев, Н. Назарбаев сияқты ұлы адамдар өз пікірлерін жазған кітап сары түспен бейнеленген. Одан басқа ақ түсті лебіз кітабы – мұражайға келетін барлық халықтың жазған пікірлерінің жиыны. Жалпы, мұражайға, оның ашылу кезінен бастап миллиондаған адам келе береді. Олардың ішінен қазақ пен орыс халықтары ғана емес, ағылшындар, тіпті үндістер де келіп, өздерінің мұражай туралы жақсы көзқарастарын қалдырды. Мен де лебіз кітабында өзімнің Қ. И. Сәтбаев мұражайы туралы жылы лебізімді қағазға түсірдім.

Келесі фотосуреттерде атақты адамдардың жазған лебіздері бейнеленген. Солардың ішінде Назарбаев, Әубәкіров, Сүлейменов және т.б. Сонымен қатар мен ағылшынша жазылған лебіздердің біреуін фотоғатүсірдім. Осындай көп түрлі басқа тілдерде жазылған пікір-лебіздер бұл мұражайдың шет елдерге де танымал болғанын көрсетеді. Мұражайға күніне кемінде 200 адам келеді, ал мектептер келгенде, олардың саны 1000-нан арта түседі.

3 Секция. Тарих, этнология және өлкетану 3 Секция. История, этнология и краеведение

3.1 История 3.1 История

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ

АБДЫГАЛИМОВА Ә.

9 «Ә» сынып оқушысы, № 35 жалпы орта білім беру мектебі

Менің елім – Қазақстан. Адам жүрексіз өмір сүре алмайтын болса, Отансыз да өмір сүре алмайды. Отаныңды туған анандай қастерлейсін, сүйесін, шет жерге кетсең сағынасың. Адамның туған анасы жалғыз, Отаны да жалғыз. Отаның болса – сенен бақытты, сенен күшті, сенен мықты жеңімпаз жан жоқ...

Отан үшін күрессең отқа да жанбайсың, суға да батпайсың.

Биыл, 2015 жылы, Ұлы Отан Соғысына – 70 жыл. Қанша жандар өмірін қиып, Отан үшін, халық үшін күрескен. Көптеген елдер, мемлекеттер қирап қалған. Жеңіс жолы ауыр болса да, біз жеңіске жеттік. Халық сол соғыста болған азаматтарды ұмытпай қадірлейді.

Менің атам – Баймұлдин Камал, Ұлы Отан соғысына қатысқан. Ол 1911 жылы Баянауыл ауданының №20 Қызылтау ауылында шаруа отбасында туып, өскен. Әкесі Мамыров Баймұлда 1917 жылға дейін зергерлік бұйымдарды жасап шығарған. Сол ауылда Камал атамыз 1925 жылға дейін тұрған. 1925-1927 жылдары Семей қаласында 4 сыныптық мектебін бітірген. 1928-1930 жылдары Баянауыл ауданындағы Ленин культ пунктінде оқып, қызмет атқарған.

Жас кезінен сол қасиетті жерде Жүсіпбек Аймауытов сияқты ақын, жазушылардан үлгі алған. Сол себептен шығар, атам белсенді, адал, өнерлі, шебер, қиыншылықтарға төзімді болды. Ашаршылық жылдары атарбамен 10 адамды: әкесін, Күлшекей шешесін, Тәттіжан (Шаян), Елеусіз апаларын, Ысқақ ағасын, Башар інісін, қарындастарын, Сталинның бұйрығымен Голощекин қойған шекарадан, түнде Павлодарға туған- туысқандарын алып қашқан. Баймұлда әкесі сол 1932 жылы қайтыс болып хим-калашығында туысқандық зиратқа жерленді.

Атам орта мектебін бітіріп, №10 ауылдың №39 мектебінде мұғалім болып жұмыс істейді. Ұлы Отан соғысының алдында – Ермак қаласы аудандық «Сталин жолы» газетінің жауапты

хатшысы, Каганович Райпотребсоюзының директоры, сонан соң Райзаготконтораның директоры болған.

1935 жылы Камал атам тал шыбықтай бұраң бел сымбатты Тілеу әжеме ғашық болып, отау құрады. Тұңғыш қызы Мағжан, одан кейін ұлы Тлектес дүниеге келеді.

1941 жылғы 22 маусымда гитлерлік Германия Отанымызға соғыс жарияламастан, опасыздықпен шабуыл жасады. Фашист әскерлері Кеңес мемлекетінің шекарасына басып кірді.

«Барбаросса» жоспарын жасаған кезде фашистік Германияның басшылары КСРО-ны «сансыз көп ұлттың жасанды және тұрақсыз бірлестігі», өзінше бір «ішкі бірліктен жүрдай этникалық конгломерат» деп қарастырды.

Фашистер басып алынған кеңес аумағында Остланд; Украина, Ресей және Кавказ, елдің шығыс шет аймақтарында Түркістан және Еділ-Орал рейх-комиссариаттарын құруды жоспарлады. «Ғылыми зерттеу институты» деген бет-пердені жамылған «Арбайтегемайн-шафт Туркестан» атты неміс жоғары барлау мектебі болашақтағы «Үлкен Түркістан» отары картасының жобасын әзірледі. Оған Қазақстан, Орта Азия, Татарстан, Башқұрстан, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ, Қырым, Шынжан, Ауғанстанның солтүстік бөлігі енгізілді.

Қуыршақ мемлекет құру идеясы экономикалық мақсат та көздеген еді.

«Экономикалық жағынан, – деп жазылды 1941 жылғы 2 сәуірдегі меморандумда, бұл аймаққа ұлы герман империясы үшін қуатты шикізат және қосымша азық-түлік базисін құру міндеті қойылады».

Кеңес елін отарға айналдыру, ал оның халықтарын құлдыққа түсіру – гитлершілдіктің дүние жүзіне үстемдік орнату жолындағы жоспары осы болатын. Фашистік идеологтар кеңес адамдарын саяси және нәсілдік тұрғыдан аяусыз қырып-жоюдың кең көлемді бағдарламасын әзірледі. «Еңбек» ауыл шаруашылық артелінің колхозшы Рақым Қондыбаев қазақ халқының ой-сезімін мынадай сөздермен білдірді: «Фашистік күзғындар еркіндік сүйгіш халықты құлдыққа түсіруге, жерімізді, малымызды тартып алып, мойнымызға арқан салуға тырысады. Бұлай болмақ емес! Қазақ халқы бойындағы Амангелдінің айбынды рухы өлген жоқ. Біздің даламызда ержүрек жігіттермен сәйгүлік аттар қашанда бар. Отан соғысында қазақтар құлдыққа түсушілерге қарсы қаны қалғанынша шайқасады деп ант етеміз». Доссор кәсіпшілігінің жұмысшылары мен қызметшілері

де өздерінің тұған жерін қорғауға кез келген минутта кірісуге әзір екенін мәлімдеді. «Отан патриоттарының ерік-жігерімен фашистік басқыншылар құртылады», – делінген Ақмола облысының еңбекшілері митингісінің қарарында.

Еңбекшілердің Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен қосылу туралы жаппай арыз беруі халық патриотизмінің жарқын көрінісі болды. Әскери комиссариаттар мен партия комитеттеріне азамат соғысының ардагерлері, коммунистер мен комсомолецтер, жасы мен кәсібі әртүрлі адамдар, түрлі ұлттардың өкілдері өтініш берді. «Майданға жіберетін ешкім жоқ (үй ішімізде), – деп жазды өз өтінішінде Алматы медицина институтының студенті Мәншүк Маметова, – ағам да, апам да жоқ, сондықтан менің өзімді жіберуді өтінем».

Шайқасып жатқан армия қатарына 1196164 қазақстандықтар қосылды. Әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанды.

Тыныш өмір сүріп жатқан адамдар бір күнде ғана әскерлерімен, бауырларымен, інілерімен қоштасып, жылап, қайғырып қалған. Мұндай азапты халық күтпеген-ді. Соғыс өзінен кейін ештеңе қалдырмайтын ұлы жылан құсап аяқ астынан келіп қалған. Талай жандар қырылып, оқтан жарақаттанып, талқандалып жатты.

1942 жылы мамыр айында Баймулдин Камал соғысқа аттанды. Атаммен бірге жерлестері, туыстары, достары майданға кетті: Оспанов Ильяс Оспанович, Сейтказинов Ботпай, Баймулдин Башар, Қошқаров Нығмет және тағы басқалары. Менің атам Белоруссия фронты 8-ші гвардия әскері 149-шы әскери запас атқыш полкінде старшина қызметін атқарған. 1942 жылынан бастап Сталинград, Оңтүстік Батыс фронтында, 3-ші Украин және 1-ші Белорусь фронттарында 1945 жылдың жеңіс күніне дейін соғысқан. Сол кезде жанұясына жазған хаттары бар, оларды біз келесі ұрпаққа сақтаймыз.

Атам өзінің ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығы бойынша көптеген медальдармен, орденмен марапатталды: 1943 жыл «За оборону Сталинграда», 1945 жылы «За взятие Берлина», 1946 жылы «За победу над Германией», Ұлы Отан соғысының 2-ші дәрежелі ордені, жеңіске 40 жыл толуына орай – медалімен.

Тілеу әжеме де жеңіске үлес қосқан: Ермак қаласындағы пимокат әртелінде жауынгерлерге пима, қолғап, тағы басқа киім шығарған. Сол соғыс кезіндегі еңбегі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығы бойынша медальмен марапатталды. Өкінішке орай, соғыстың зардабын көрген атам ауырып, 1991 жылы қайтыс болды.

Болған шайқастарды еске ала отырғанда ол кісі Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған қаһарманы, Кеңес Одағының Ба-

тыры, белгілі жазушы Бауыржан Момышұлының жазған сөздерін жиі-жиі айтатын: «Біз – кеңес адамдарымыз, біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ, біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады...біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік».

Соғыстан кейін жанұясына аман-есен оралып, Қажыбек, Бақыт, Аманғали балалары дүниеге келеді. Сол кездері атам Каганович аудандық партия комитетінің аппаратында жұмыс атқарды. Ермак сельпосын, 1949 жылы Каганович райпотреб-союзын, 1960 жылдан бастап сауда саласын басқарды.

Балалары азамат болды, әртүрлі салада жұмыс істейді.

Камал атамыздың тұңғыш қызы Мағрипа-көп жыл асхана меңгерушісі болып жұмыс істеген. Қазіргі уақытта ол, менің әжем, зейнеткер. Қанаш Қамзин ауылында атам Абдығалимов Қырықбеспен 8 балаларынан 12 немере, 1 шөбере сүйіп отыр.

Соғыс кезінде Қырықбес атам 10 жасында тыловик болып, колхоздың малын бақты, апасы Мәнзилә және ағасы Тілеутемірге көмектесті.

Камал атамның үлкен ұлы, Тлектес – жүргізуші, 4 баласы, 3 немересі бар.

Екінші ұлы, Қажыбек- әкесіне тартқан шебер, атақты суретші, Қазақстан суретшілері Кеңесінің мүшесі, Павлодар қаласы суретшілер басқармасының төрағасы. 2001 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша Мактау Грамотасымен марапатталды. Шығармашылық жұмыстары Халықаралық, Республикалық көрмелерге қатысқан, мұражай қорында: Қазақстан, Германия, Англия, Франция, Корея, Польша, Венгрия, Чехословакия, Ресей, Украина, Өзбекстан. Ағамның балалары да дарынды, суретші. Қызы Әсел әке жолын қуып, Алматыдағы Жүргенов атындағы институтты бітіріп, АХБКада бас маман- оның эскиздері бойынша мата шығарылады. Алмас, Дастан деген ұлдары да шығармашылыққа бейімделген.

Екінші қызы Бақыт Ақсу қаласындағы мектепте оқу ісінің меңгерушісі. Апамның ұлы Байкенов Айбек – дизайнер, Павлодар университетін бітірген.

Кенже ұлы Аманғали – тіл маманы, әкесі сияқты өнерлі, күйші, әнші, қолы шебер. Аманғалидың қызы –Ажар, ол да тіл маманы және есепші.

Баймұлдин Қамалды үлкен- кішісі де құрмет еткен. Қазіргі кезде де бұл кісінің өзіл-қалжындарын, өлеңдерін еске түсіріп, көңілдерін бір көтеріп қалады.

Мен өз атамды мақтаныш тұтамын. Біз болсақ, данқты Отанымыздың игілігіне қызмет істеуге тиіспіз. Ақ сүтін беріп, аялап өсірген ананы қалай сүйсең, елінді де солай сүю-қасиетті борышымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан тарихы. 9 сынып. Алматы «Атамұра» 2013.166 - 179 б.

2 Баймұлдин Камалдың меншікті құжаттарынан.

ҚАРНАҚ – ТАРИХИ АУЫЛ

АЙНИТДИНОВА М.

9 сынып оқушысы, М. Қашғари атындағы жалпы орта мектебі,
Қарнақ ауылы, Кентау қ., ОҚО

Ұлы жібек жолының Сауран, Түркістан тармағының жанындағы орналасқан көне Қарнақ ауылында тұып өскендігім мақтан тұтамын. 2014 жылдың 11 қарашасында Қазақстан Республикасының Президенті елбасымыз Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жолдауында «Қазақстан – ұшқан құстың қанаты талатын ұлан – ғайыр аумақтың иесі. «Елдің өркенін білгің келсе, жолына қара» деген қағида қалыптасқан. Көне замандарда ірі қалаларымыздың көбі Ұлы жібек жолын жағалай қоныс тепкен», деген сөздері менің ауылым туралы айтылған деп ойлаймын. Тарихи шежересі 2000 жыл болған ауылым Қазақстан тарихында ойып өз орнын алған. Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығына Қарнақ ауылында құйылған Тайқазан символ етіп алынды. «Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығын салтанатты түрде атап өтеміз. Бізге Қазақстандықтарды рухани тұрғыда бұрынғыдан да гөрі күштірек, топтасқан және бұрынғыдан да бетер тағатты ету маңызды» дейілген «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жолдауында. Ауылым туралы мақтанышпен сіздерге ғыларды мәлімдеймін.

Қарнақтағы алғашқы ғылыми – зерттеу жұмыстарын 1947 жыл Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекші А. Н. Бернштам) жүргізген, 1986 жыл Қазақстанның тарихы және мәдени ескерткіштері жинағының экспедициясы (жетекші К. Байпақов) зерттеген. 1999 жыл ТАЭ – қала территориясында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қала жоспарын жасады. Қалашық

орнын нақты анықтау және сәйкестендіруге байланысты да бір қатар қиындықтар тұындаған. Қазіргі орны төрт бұрыштанып келген топырақ дуалман қоршалған, іргелері: солтүстік – батыстан оңтүстік шығысқа қарай 100 м және солтүстік – шығыстан оңтүстік батысқа қарай 150 м, биіктігі 1-1,5 м. Ішкі солтүстік – шығыс бөлігінде биіктігі 6 м төбе түріндегі қамалдың пішіні байқалады, оны табанының көлемі 60х70 м, кіреберіс қақпасы оңтүстік – батыс іргесінің орта шенінде. Е. И. Агеева мен Г. И. Пацевич әл – Мақдиси нұсқауы бойынша Ишканды Шағылжан қалашығымен баламалайды. А. Н. Бернштам Қарнақ Сығанақ қаласымен бірге X ғасырға тиесілі жазба деректерде айтылатынын жеткізеді. Архелогтар: Г. И. Пацевич, Е. И. Агеева Қарнақты Шагилджан, Ишкент аталды деп жорамалдайды (Ишкент орналасқан Қаратудың бөктері X ғасырда кимақтардың мекені болған). А. Н. Бернштамның жүргізген зерттеуі Қарнақтың Әмір Темір әулеті тұсында (13-15 ғасырлар) салынғанын анықтаған. Әрбір ортағасырлық қала атқаратын әкімшілік, сауда, қол өнер, егіншілік орталығы секілді жанама қызметтермен қатар жеке қаланың өзінің орналасқан табиғи ортасына немесе қоршаған ортаның талап тілегіне байланысты атқаратын негізгі функциясы бар. Қарнақ қаласының басты функциясы металл балқыту еді. Бұл қызметті мүлтіксіз орындаған қала мен оның тұрғындары металл өңдеу орталығы ретінде танымал болды әрі дамыды. Бұл дәстүр кейін де жалғасын тапқан. Мұнан 110 жыл бұрын қарнақтың Хасанов Бабатай жекеменшік кәсіпорын ашып, Қаратудан қорғасын өндірген алғашқы кәсіпкерлерден саналады. Қажырлы еңбегі арқасында «Таукен өнеркәсіпшісі» атағына ие болған. Ресей патшалығының Қазақ хандығына жиберген елшілері Федор Скибин мен Матвей Трошин бұл жайлы «А.свинец плавят из руды в городе Карнак» деп нақты мәлімет келтіреді. Кейінгі зерттеулерге сәйкес, кейінгі ортағасырлық Қарнақты Ишкент, әл ерте және дамыған орта ғаырдағы Қарнақты Ғартөбе және Хантөбе қалашықтарымен баламалау дәстүрге айналған. Сидаката жазирасының оңтүстік – шығысында Қарнақ кіші жазирасы орналасқан. Ол Иреката, Бестоған, Ырмаксу, Ырмақөзен, Қарсақты өзендері және Таздарарық, Шекербұлақ, Тасбұлақ, Жамбұлақ, Ашыбұлақ, Ақынтұма суларынан пайдаланған. Сондай-ақ, бұл жерде ежелгі Шаштөбе, Өгізтау II, Қарнақ – Ишкент, Өгізтау I, Өкжетпес, Үштөбе I, II, III, Ақынтұма, Ғартөбе қалашықтарымен бекіністері орналасқан. IV – VI ғасырларда бұл аймақ Түрік қағанаты құрамында болған. VIII ғасырда араптарға бағынып, Ислам дінін қабылдаған. Дешті Қыпшақ жерінде Ахмед

Ясауи, Исмаил ата, Исхак ата, Ибрахим ата ислам дінін насихаттаған. Алғашқы кездерде Тұрбат түркі әлеміндегі ислам орталығы болған. Одан кейін Испиджаб, Қарнақ, Арыстанбап дін орталығына айналған. Қарнақта Имам Бахили, Сопы Қаландар, Шапар баба атты ислам қолбасшыларының зираттаы, Шейх Мұхаммед, Такия ата, Темір таяқ, Хайриддин ата, Қарабұра ата атты көне мола-лар болған. Олардан кейбіреулері сақталған. Кейбіреулері қайта жөндеуден өткен. «VII – VIII ғасырларда Хarezм, Мауарауннаһр және Дешті Қыпшақтың оңтүстігінде ислам дінінің мәдени орталықтары болған. Білім ордалары да пайда болды. Сондықтан бұл жерлерде Қарнақ, Сығанақ сынды арап миссионерлерінің жаңа Дінкенттері орналасқан», – деп жазған әйгілі жазушы Ілияс Есенберлин («Алтынорда». Тарихи трилогия. Бірінші кітап, Алматы, 1982 жыл 48 бет.)

IX ғасырдың соңында қазіргі Қазақстан жерінің көп бөлігі оғыздар билігінде еді. Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы құнарлы жердер ұлыстың тұрақты мекеніне айналған еді. Бұл аймақтағы Сығанақ, Сауран, Фараб, Қарнақ, Жент қалалары оғыздарға тиесілі еді. Бұл қалаларда қол өнері, сондай – ақ, мал өнімдерімен шикізатты қайта өңдеу дамыған. Темір, күміс, алтын, мыс қазып алынған. Астанысы керуен жолында орналасқан Янгикент қаласы болған. 809-819 жылдар аралығында Хорасан билеушісі әл – Мамун, X ғасырдың соңында саманидтер патшасы Насыр әскери жорықтар жасаған. XII ғасырдың I жартысында қидандардың қоластына өткен. Алайда көп ұзамай моңғол басқыншылары Қарнақты жаулап алған. XIV ғасырдың II жартысында Қарнақ Әмір Темір мемлекеті құрамына енеді. XV ғасырда Бұхара хандығына қосылады. XVI ғасырдан XIX ғасырдың I ширегіне дейін Қарнақ Қазақ хандықтары дәуірінде стратегиялық маңызды қалалардың бірі болған. 1819 – 1864 жылдарда Қоқан хандығы қол астында болған.

Қарнақ атауы туралы

Қарнақ – Оңтүстік Қазақстан облысында Кентау қаласынан 14 шақырым батыста, Түркістан қаласынан 25 шақырым солтүстікке орналасқан тарихы ауыл. Қарнақ ауылы солтүстіктен Қаратаумен, оңтүстіктен Шекербұлақ ауылымен, шығыстан Кентау қаласымен және батыстан Бабайқорған елді мекенімен көршілес орналасқан. Барлық жер көлемі 52766 гектар. Ауыл тұрғындарының саны – 15600. «Қарнақ» атауының этимоло-

гиясына байланысты нақты пікір қалыптасқан. Халық аузында «Қарнак» атауның келіп шығуы туралы әр түрлі аңыздар, деректер кездеседі.

Халық аңызы:

Ертеде, көне Қарнак ауылы кәзіргі «Базартөбе» дегі Ішкентте орналасқан болып (бүгінгі күнде Қарнак ауылының жұма мешіті орналасқан). 4 тарабынан қалың дуалмен оралып, 4 қапқасы болған екен. Қыс мезгілінде барлық ауыл кісілері Ішкентте қыстаған. Көктем келісімен Ішкенттен шығып диқаншылықпен айналысып, жер жыртып бидай, арпа, жөгері, асқабақ, пияз, қауын, қарбыз тағы басқа екіншілікпен айналысып, мал шаруашылығымен айналысып қысқа дайындалған. Осындай күндердің бірінде ауылға жау шапқан. Еркектер, еңбекке жарамды кісілердің барлығы далада жүрген кезде ауылдың тас-талқанын шығарып, кемпір-шал, қыз-келіншектерді қиратып, ауылды талайды. Сонда босаңғанына 2-3 ай болған келіншек баласын сақтау мақсатында 2 айлық сәбиін тандырдың ішіне жасырады. Даладан қайтқан еркектер ауылдағы қырғынды көріп қатты ызаланады. Ауылдағы тірі жанды іздеп жүріп, тандырдың ішінен 2 айлық сәбиді тапып алады. Сәбидің қарны күйіп ақ болып қалған екен. Содан ауылдың тұрғындарын қарны ақтар яғни қарнақтықтар деп атаған.

1. М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ат түрік» кітабында «Қарнак – оғыздар қаласынан бірі» деп атлған.

2. «Қарынлык» – төңірегі биік, ортасы терең ойпат болған жер, деген мағынаны береді. Өйткені, кей бір тілші ғалымдардың айтуынша, Түркістан қаласы маңындағы бір қатар ауыл аттары туынды зат есім саналады. Мысалы: Сөзақ, Қарнак, Ташанақ, Шобанақ, Шорнақ, атаулары ауылдар орналасқан жерлердің географиялық орнына қарай берілген болуы да мүмкін. Шын мәнінде осы фактімен қаралса «Қарнак» ауылы жоғарыда айтқанымыздай төңірегі созылып кеткен батақ дала ортасында, қарында жатқандай көрінеді.

3. М. Тұяқбаевтың дерегіне сүйеніп отырып, «Қарнак» сөзінің шығу тегіне байланысты бір неше пікірді ұсынуға болады. Біріншіден, осы сөзде қолданылатын «нақ» жалғауы Түркістан жазирасында бір неше қала атауында кездеседі. Екіншіден, Махмұд Қашқаридың сөздігінде «қарнак» «іші үлкен адам» дегенді білдірсе, екіншіден «нақ» жалғауы бар сөздер бір дүниені ұлғайту мақсатында қолданылса керек, үшіншіден, «Қарнак» сөзіндегі «қар» Махмұд Қашқари сөздігінде «қашы» – хан ордасы дегенді білдіреді. Қарнак қаласының ерте орта ғасырға сәйкес келетін

Фартөбе қала жұртының жанында «Хантөбе» деп аталатын төбе бар. Жергілікті халық арасындағы аңызға сүйенсек, осында Әмір Темір өз әскерлерімен тоқтап, демалған. Осы ойды дамыта түссек, «қала Хан ордасы болды» деген жергілікті халық аңызымен ұштасатын дерек пайда болады. Әл Фартөбе атауы «ғар» парсы тілінен аударғанда, «үңгір» деген мағынаны білдіріп, осында ислам дінінің кең қанат жайғанынан кейін сопы – тақуалар өмір сүрген үңгірлер болғандықтан қалыптасқан атау болса керек. «Қарнак» сөзінің анықтамасына келер болсақ, археолог М. Тұяқбаев: «қарнак» – қар көп жауатын аумақ, ал «ғарнак» сопылар өмір сүрген үңгірлер көп орналасқан аймақ» мағынасын береді, деген ой тұжырымдайды.

4. «Қарнак» – көне түркі сөзі. «Қарнак» – мавзолей. Түркістан қаласының қасында қарнак деп аталаын көне қаланың орны бар («Арий - Гун», Алматы, 2008 ж, 327 бет). Карл Байпақов жазады: «Город Карнак прославился как место, где отливался казан для мавзолея Ахмеда Ясави». («Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути», Алматы, 1988 г, ст Әлібек Сабырбаев.

Қарнак

5. Жазирасындағы қала құрылысы мәдениет бойынша төмендегідей қорытынды жасауға болады: Қарнак кіші жазирасын төменгі полеалит кезеңінен бері адамдар мекен еткен, олар аңшылықпен, терімшілікпен күн көрген. Қола дәуірінде Қарнак жазирасын Андропов мәдениетін жасаушы адамдар қоныс етіп олар малшылықпен және егіншілікпен айналысқан. Ерте темір дәуірі мен ерте ежелгі дәуірде бұл жазираны Сақ тиграхауда, Сақ – массагеттер, Сақ үйсіндер мекен еткен. Ол дәуірден қалған ескерткіштер Шаштөбе қаласы мен Шыпан қорымы; Біздің заманымызға дейінгі II ғ. бастап Қаратау мен Сырдың ортасындағы жазықпен Жибек жолының жаңа саласы қалыптасады, Жол бойындағы бекіністің бірі осы жазираға жататын Оқ жетпес (б.з.д. I-б.з. IV-V ғғ.) қонысы болып табылады; Б.з.д III ғасырдан б.з IV ғ. дейін Қарнак жазирасы Қангуй мемлекетінің Сусе аймағының құрамында болды, бұл кезеңге жататын ескерткіштерден Үштөбе I, II, III пен Ақынтұма қаласын айтамыз. Ерте және дамыған орта ғасырларда (V – XIV ғғ) Қарнак жазирасы Түркі, Батыс түркі, Түргеш, Қарлұқ, Оғыз, Хarezм, Мангол мемлекеттерінің құрамына кірді, бұл дәуірлерді бастан кешкен ескерткіш Фартөбе – Қарнак қаласы дамыған орта ғасырмен кейінгі орта ғасырларда (XIII – XIV – XVIII ғғ.) жазира Ақорда темір мемлекеті, Қазақ хандығы қол астында болды, бұл кезеңдерді Қарнак – Ішкент қаласы

мәдени қабаттарынан табамыз. Жаңа заманда (XIX – XX ғғ.) бұл өлке Бұхар, Қокан, Ресей қол астында болды, бұл кезеңдер қазіргі бүкіл Қарнақ ауылының мәдени қабаттарымен дәйектеледі;

6. Қазіргі Қарнақ ауылы территориясында қала құрылысы мәдениетінің төрт нақты ескерткіші орналасқан, олар – Үштөбе I, II, III (I – V ғғ.), Ғартөбе – Қарнақ қаласы (VI-XIV ғғ.), Қарнақ – Ішкент қаласы (XIV - XIX ғғ.) және Атабай – Қарнақ селосы (XIX ғ – қазіргі күнге дейін). Ғартөбе – Қарнақтың цитоделінің астында да I-IV ғғ. өмір сүрген қоныс болуы керек деп болжаймыз. Бұл ескерткіштердің әр жерде орын орналасуы Қарнақ елді мекенінің I ғасырдан бері осы ауыл территориясы аумағында түрлі тарихы, табиғи себептермен орын ауыстырып келгендігін көрсетеді. Ал, олардың өмір сүрген уақыттары бұл елді мекеннің тарихы кезеңдері болып табылады және ол I ғасырдан XXI ғасырға дейін созылып отыр. Осы тарихи, археологиялық деректер кезінде Қарнақ елді мекенінің жасы 2000 жылдан асып отыр деп есептейміз. 2014 жылдың 21 маусым күні Қарнақ ауылының 2000 жылдық тойы тойланды.

Бүгінгі таңда Қарнақ ауылында қазақ, өзбек, орыс, татар, грузин, неміс, азербайжан, чукча, тәжік, түрік барлығы 14 ұлт өкілдері тыныш, тату өмір сүреді. Бұл елбасымыздың «Қадірлі халқым! Біз жалпы ұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы жолға айландырдық қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Ел бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті» деген сөздері ертенгі күнімізге деген зор сенімді нақтылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2014. 11 қараша «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол».
- 2 Әлібек Сабырбаев «Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути» Алматы 1988.
- 3 Ильяс Есенберлин «Алтын Орда» тарихы трилогия. Бірінші кітап Алматы. – 198. 48 б.
- 4 Карл Байпақов «Арий-Гун» Алматы 2008 жыл, 327 б.
- 5 М. Қашғари «Диуани-лұғат ат түрік» III том, 439 б.
- 6 А. Абдухаликов., С. Амиров «Қарнақ тарихы» 1967.
- 7 С. Юсупов, А. Хайдарова, Д. Сайфуллаев, «Қарнақ тарихы туралы» мәліметтер 2014.

АКАДЕМИК Ә. Х. МАРҒҰЛАННЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН МУЗЕЙ ІСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

АМИРХАНОВА М. Е.

II сынып оқушысы, №18 ЖОББМ-КММ, Екібастұз қ.

Ұлттық мәдениет – халықтың ежелден жалғасып келе жатқан өзіне тән өнері, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, дүниетанымы есебінде қалыптасып, жетіліп отырады. Рухани-мәдени мұраларымызды танып-білуде дәрменсіздік көрсету – қоғамымызда мәдени сабақтастық пен тұтастықтың әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Сол себепті, жастардың бойына ата-бабаларымыздан жеткен тарихи-мәдени мұраларға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу қажет.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 ж. 13 қаңтардағы «2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы туралы № 1277 Жарлығы» [1], Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 ақпандағы «2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы» № 171 қаулысы – тарихи-мәдени мұраларды зерттеу, сақтау және қалпына келтіру жөнінде шаралар әзірлеу қажеттігіне байланысты қабылданған тарихи құжаттар. Сонымен қатар, қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, фольклорды, ұлттық колөнерді, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделудің тұтас жүйесін құру арқылы қолда бар мәдени құндылықтарды сақтау, дамыту және ұтымды пайдалану мақсатына бағытталған құжаттар.

Сол себепті де музей ісі мәселесі және ұлттық мәдени мұра туралы сөз қозғағанда академик Әлкей Хақанұлы Марғұланнның Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларын зерделеуге қосқан үлесі ерекше екенін айтамыз. Әсіресе, ғалымның қазақ халқының тарихына, мәдениетіне, ескерткіштеріне арналған еңбектерінің музей ісіндегі және бабаларымыздан мұра болып жеткен мәдени құндылықтарымызды толық тануда алар орны туралы айту орынды.

Академик, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, белгілі ғалым тарихшы, археолог, этнограф, шығыстанушы Ә. Х. Марғұланнның жалпы өмірі, ғылыми қызметі туралы осы уақытқа дейін шолу жасалған ғылыми мақалалар мен естеліктер жазылғанымен ғалым еңбектерінің музей ісімен байланысты жақтары нақтылы қарастырылмаған себепті, «Академик Әлкей Хақанұлы Марғұланнның ғылыми мұрасының Қазақстан музей ісіндегі маңызы» атты бұл ғылыми жоба осы тақырыпта жазылып отырған алғашқы зерттеу жұмысым.

«Марғұлан оқулары» ғылыми-практикалық конференция материалдарында В. А. Грошевич «Академик А. Х. Марғұлан и вопросы древней ирригации Центрального Казахстана», С. М. Ахинжановтың «А. Х. Марғұлан и некоторые вопросы истории кыпчаков», Ә. М. Манапованың «Ә. Х. Марғұланның Жезқазған аймағындағы неолит ескерткіштерін зерттеуі», С. А. Қалиеваның «Әлкей Марғұлан және Маңғыстау өңірі», Х. К. Сулейменованың «Изучение культурного наследия А. Марғұлана на интегрированных уроках» секілді зерттеу мақалалары жарық көрді.

2004 жылы Ә. Х. Марғұланның 100 жылдығына арналып өткізілген «Көшпенділер өркениеті мен рухани мәдениетінің тарихы» [7] атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының 2 томдық жинағында О. С. Исмағұловтың «Этноантропологические идеи академика А. Х. Марғұлана» [7, 40-б.], К. М. Байпақовтың «А. Х. Марғұлан – выдающийся исследователь археологического наследия» [8, 7-б.], Б. Е. Кумековтің «А. Х. Марғұлан как кипчаковед» [17, 28-б.], т.б. ғылыми мақалалар басылып шыққан.

Кеңестер одағы кезінде және одан кейін де Қазақстан музей ісін қалыптастыруға ат салысқан тұлғалар тақырыбы арнайы зерттелмеген. 1947 ж. Қазақ КСР ҒА № 8 «Хабаршысында» басылған Қазақ КСР ҒА корреспондент-мүшесі Ә. Х. Марғұланның ұсынуымен шыққан А. М. Жиреншиннің «Из истории Центрального музея Казахстана» атты мақаласы, музей ісіне арналған. А. М. Жиреншин Өлкетану қоғамының ғылыми қызметкері ретінде бірнеше жазғы этнографиялық экспедицияларға шыққан. Нәтижесінде халқымыздың мәдениеті мен тұрмысына байланысты бай этнографиялық материал жинап, 1942–1951 жж. аралығында директоры қызметін атқарған Орталық Мемлекеттік музей қорына өткізген болатын. Жиреншиннің 1948 ж. жазылған «Работа научной экспедиции Центрального музея Казахстана в 1947 году», 1950 ж. жарық көрген «Задачи краеведческих музеев Казахстана» атты мақалалар [9] өлкетану музейі қызметкерлеріне арналған әдістемелік материалдар жинағы көп жылдық ізденістер нәтижесі және музей ісін дамытуға қосқан үлес. Қазақстанда музейлері жүйесінің құрылуы мен олардың қызметін зерттеуде тарихшы ғалым С. Ш. Ахметованың еңбегі зор. С. Ш. Ахметова «Историческое краеведение в Казахстане» атты еңбегінің төртінші тарауын «Музейлік өлкетану мен ескерткіштерді қорғау ісінің дамуы» тақырыбына арнаған. Зерттеу жұмысында Қазақстандағы алғашқы өлкетану ісінің құрылуы мен

дамуының қиын да мазмұнды алғашқы кезеңдері (1917-1932 жж.), колхоз-совхоздарда, түрлі ұжымдарда, оқу орындарында өлкетану бөлімдерінің, аудан, қала, облыстарда өлкетану қоғамдарының құрылу кезеңдері қарастырылған. Еңбекте «өлкетану ісін тиісті деңгейге көтеру – музей ісін дамытудың бірден-бір негізі» деген ой көтеріледі [10, 144-б.]. Ал, 1998 ж. Алматы қаласында өткен «Отан тарихының негізгі кезеңдерін музей экспозицияларында көрсету проблемалары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарында [11] негізінен облыстардың әр түкпірінен келген музей қызметкерлері баяндамаларында өз музейлеріндегі кемшіліктер мен шешілуге тиісті мәселелерді көрсетумен шектелген.

Музей ісіне қатысты тұлғалар мәселесіне келсек, Б. Қ. Санақұлова өзінің «Қазақстан Республикасындағы музей құрылысы мен қызметі (1991–2004 жж.)» атты зерттеу еңбегінде бүгінгі таңдағы музейлердің қызметін сипаттап, Ұ. Ибрагимовтың музейлердің қалыптасуына сіңірген еңбегі, өнегесі мен ұйымдастырушылық қабілеттері туралы атап өткен.

Қазақстан музейі ісіне қатысты тұлғалар мәселесін көтерген үлкен шаралардың бірі – 2009 ж. қарашада ҚР Орталық Мемлекеттік музейі және ҚР БЖҒМ Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты бірлесе өткізген қазақтың көрнекті этнограф ғалымы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Х. Арғынбаевты еске алуға арналған І - ші Арғынбаев оқулары болды. Негізгі екі бағыттан тұрған конференцияның бірінші бағыты – «Музей – ғылыми зерттеу институты» – деп аталған. Осы бағыт бойынша, музейлерде ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың қазіргі формалары; ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі түрлері; музей және тарих ғылымы; музейлік археология; музейлік этнография және т.б. мәселер қарастырылған. Сонымен қатар, профессор Х. Арғынбаевтың ғалымдығы мен адами қасиеттері; отандық этнология ғылымының қазіргі күйі; қазіргі этнологиялық дискурста «этнос», «ұлт», «этникалық қатынастар», «мәдениет», «мәдени дәстүр», т.б. парадигмалар зерделеніп, талқыланды. Мұндай шаралардың, әрине, отандық этнология ғылымының және музей ісінің дамуына қосар үлесі зор.

Дегенмен, халқымыздың рухани және заттық мәдениетіне байланысты Ә. Х. Марғұлан мұрасы, оның музей ісіндегі көрінісі әлі толық мүмкіндігінде музей деректерін шендестіру арқылы зерттелмеді. Осы тұрғыда, академик Ә. Х. Марғұланның ғылыми еңбектерінің ұлттық мәдени мұраны танып білудегі және сол мұраның республика музейлері ісінде көрініс табуы, дереккөздік, материалдық және руха-

ни мұраны бір тұтастықта қарастыру арқылы музейлік зерттеулерге бағыт берудегі маңызы тың тақырып деп есептеуге болады.

Ә. Х. Марғұланның редакциялауымен және оның тікелей қатысуымен М. К. Қадырбаев, К. А. Акишев, А. М. Оразбаевтармен біріге жазылған «Древняя культура Центрального Казахстана» монографиялық еңбегі Орталық Қазақстанның көне мәдениетін талдауға арналды. Ә. Х. Марғұланның этноархеологиялық бағыттағы үлкен қызметінің бір қорытындысы «Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана» атты монографиясы болды. Мұнда Ә. Марғұлан 1947 ж. бастап экспедициялар материалдарын талдаған. Қазіргі күнде Ә. Марғұланның ғылыми еңбектерінің арқасында сақтар мәдениеті андрон мәдениетінің заңды жалғасы екендігі толық дәлелденсе, бұл екі мәдениеттің арасында бегазы-дәндібай мәдениетінің дәнекерлік рөл атқаратындығы ғылыми тұрғыда анықталды. Кең ауқымды энциклопедист ғалым Ә. Х. Марғұланның Қазақстандағы этноархеология бағытының нағыз негізін салушы екенін мойындау керек. Ғалым Қазақстанды зерттеу барысында археологиялық қазба жұмыстарымен қатар, қазақ халқының өзіне тән ерекшеліктерін түсіне отырып, этнографиялық материалды қатар жинап бірім-бірін байланыстыра анализден өткізді. Марғұланның 1950 ж. жарық көрген «Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана» атты монографиясында қазақ халқы таза көшпенді халық болмағаны, қазақта отырықшылық дәстүрдің ертеден келе жатқаны археологиялық, этнографиялық және сәулеткерлік материалдар негізінде көрсетілді. Ә. Марғұлан қазақ жерінде мал шаруашылығы, егіншілік, сауда, темір қорыту, қолөнері кәсіпкерлігі дамығанын, көне қалалардың болғанын, сәулеткерлік өнердің қаншалықты дамығандығын археологиялық, этнографиялық, фольклорлық материалдар негізінде дәлелдеді. Ә. Х. Марғұлан Қазақстанның мәдениет тарихын зерттеу мәселесінде 1959 ж. Т. Бөсенов, М. Мендікұловпен бірлесе жазған «Қазақстан архитектурасы – Архитектура Казахстана» монографиясының маңызы зор. Сәулет өнердің өзіндік үлгілері – ұрпаққа мақтаныш боларлық ұлттық мұралар, қыпшақ заманынан келе жатқан көне архитектуралық ескерткіш күмбездер туралы Марғұлан еңбектерінен оқып білеміз. Ә. Х. Марғұлан сонымен қатар сол күмбездерді салған тамаша сәулеткер, қолөнер шеберлері туралы да көп жазды.

Ә. Х. Марғұлан тұрақты қоныс жайлар мәселесімен арнайы айналыспаса да, өзінің археологиялық зерттеулері негізінде көне дәуірдің архитектуралық құрылысының тарихы жайлы жазған еңбектерінде тұрақты қоныс-жайлар туралы сөз етіп, ғылыми дәлелдер келтіргенде,

халқымыздың дәстүрлі тұрғын үй жайларын салыстырып отырған. Ғұлама ғалым, әсіресе, мерзім жағынан тым алшақ жатқан екі дәуірде (б.з.д. II–I мыңжылдық – б.з.д. XV–XIX ғғ.) өмір сүрген Қазақстан тұрғындарының арасындағы тұрғын-жай салудағы

Ә. Х. Марғұланның үш жүзден аса ғылыми зерттеу еңбектерін тек қана шолып айтудың өзі мүмкін емес. Бұл еңбектер отанымыздың басқа да ұлы зиялыларының жетістіктерімен бірге дүние жүзінің мәдениет қазынасында қазақ халқының өзіне тән мәдениетін әлемнің өркениет қырынан көрсете алады.

Марғұланның өзінен кейін қалдырған бай мұрасы қазіргі ғылымдағы, қоғамдағы болып жатқан іргелі өзгерістермен үндес, болашақта да маңызын жоғалтпайтын халқымыздың рухани байлығына жатады.

Ә. Марғұлан зерттеген Қорқыт өмірімен байланысты айтылатын тарихи хикаяның бағалысы Жанкент қаласы туралы аңыздар. Жанкент қаласына байланысты өзгеше нәрсесің бірі – сол ескі дәуірлерде әдемі заттар жасайтын шеберхана орнының табаны еді. Жанкенттен табылған мыстан, күмістен жасалған XIII–XIV ғғ. теңгеліктер ҚР Орталық Мемлекеттік музейі, Қожа Ахмет Иассауий кесенесі музей қорларынан орын алған.

Ә. Марғұлан жазуында, Қазақстанда күрделі цивилизация, тас мүсіндер, эпиграфиялық жазулар, тас-тұнжырлар, таулы жер мен өзен бойын сұлулыққа бөлеген сәулетті күмбездер, тас сарайлар, шулы қалалар болған. Бірақ олар бірде көркейіп, бірде түрлі себептермен жойылып отырған. Қорыта келсек, республика музейлерінің археология, этноархеология, архитектура залдары экспозицияларын ғылыми негізде құруда Ә. Х. Марғұлан еңбектерінің біріншіден, археологиялық экспедицияларда жасалған фотосуреттерді музей экспозицияларын құруда пайдалану және Ә. Марғұлан еңбектері бойынша реконструкция жасау, яғни тарихнамалық, дереккөздік маңызын көреміз; екіншіден, қазба жұмыстары нәтижесінде табылған заттық деректерді музей экспозицияларында тікелей экспонат ретінде көрсету секілді екі жақты маңызы көрсетіледі.

Ә. Х. Марғұлан халықтың қолөнеріне арналған үштомдық «Казахское народное прикладное искусство» еңбегін жазу барысында республика көлемінде көптеген музейлер қорында жұмыс жасап, этнографиялық ерекше құнды экспонаттарды суретке түсірді. Бүгінде ҚР Мемлекеттік орталық музейі қорында сақталған, музей экспозициясында көрсетілген әйел адамның сәнге тігілген етегі алтын жіппен кестеленген сәнді көйлегі, алтын жіппен кестеленген бешпент,

сырты жібек матамен қапталған, қымбат аңның терісінен жасалған ішікті, жиегі құндыз терісімен көмкерілген, күміс әшекейлермен, коралл тастармен әшекейленген сәуекелі, алтын жіппен кестеленген айыр қалпақтарды, Омбы қаласының тарихи өлкетану музейінде сақтаулы қара жібек матаға алтын жіппен сирек кездесетін бөрікұлақ өрнегі кестеленген шапанды Ә. Марғұланнның еңбегінен көреміз. Аталған музейлерде сақтаулы әйел адамдардың сансыз әшекей бұйымдары: құстұмсық жүзік, отау жүзіктер, т.б. жүзіктің түрлері, білезіктер, түрлі түймелер мен шолпылар, әшекей белбеулер, қапсырмалар секілді альбом беттерінен орын тепкен әшекей заттары ҚР Мемлекеттік орталық музейі және Ә. Қастеев атындағы Өнер музейі залдары экспозицияларында кеңінен көрсетілген. Ә. Қастеев атындағы Өнер музейінің экспозицияларынан орын алған небір тамаша текемет түрлерін, сырмақтарды, неше алуан басқұрлардың түрлерін көріп қайран қаламыз.

Барысында оларды жасаушы шеберлерді анықтаудағы орны ерекше екенін атап көрсетеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев, Н. Ә. 2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы № 1277 Жарлығы ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 2004. – № 2 – 23-қ.
- 2 Мұқанов, С. Н. Әлкей Хақанұлы Марғұлан – этноархеолог // Өлкетану–Краеведение. – Павлодар: ПГУ им. С.Торайғырова. – 2004. – № 3. – 35–41-бб.
- 3 Ә. Марғұлан туралы естеліктер // Құраст. Марғұлан Д.Ә. – Алматы: Білім, 2004. – 248 б.
- 4 Ғұлама. Тұлға. Тағдыр. Тағылым: Әлкей Марғұлан туралы естелік мақалалар, очерктер, өлең-арнаулар жинағы. – Павлодар: ТООНПФ ЭКО, 2004. – 254 б.
- 5 Марғұлан, Ә. Тарихи дәуірдегі қазақ тайпаларының жазу мәдениеті Труды по культуре письменности казахского народа. – Астана: Алтын кітап, 2007. – Т. 8. – 264 с.
- 6 Марғұлан, Ә. Х. Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 67 б.
- 7 Көшпенділер өркениеті мен рухани мәдениетінің тарихы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2004. – Т.1. – 269 б.

ҚАСИЕТТІ 7 САНЫНЫҢ СЫРЫ МЕН ҚҰПИЯСЫ

АРМАН Ж.

8 сынып оқушысы, №40 жалпы орта мектебі, Павлодар қ.

Математика ғылымдардың ішінде ең ерте шыққаны, оның тарихы ғасырлар түкпірінде жазу мен сызу жоқ кезде басталған. Ол ақиқат дүниенің сандық қатынастары мен кеңістіктегі пішіндер жайлы ғылым. Адамзат тағылымының даму дәуірінің табалдырығын аттап басқан заманда «артық», «кем», «үлкен», «кіші» ұғымдары туған. Бұлар кейін «тең» ұғымының шығуына негіз болған. Күн көріс қамы тіршілік үшін жүргізілген күрес ерте заманның адамдарын айналасындағы заттарды санауға, нәрселердің мөлшерін өзара салыстыруға, жыл мезгілдерін айыруға мәжбүр еткен. Заттарды санаудан 1, 2, 3, 4, 5, ... т. с. с. натурал сандар ұғымы қалыптасқан. «Нәрселерді санағанда қолданылатын сандар натурал сандар деп аталады. » Кез келген натурал санды он цифр 0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 арқылы жазып көрсетуге болады. Сандарды осылайша жазу тәсілі ондық тәсіл деп аталады.

Ең алғашқы сандар, яғни цифрлар б. з. д. 2 мыңжылдықта болған деседі. Тарихқа жүгінсек, дерек көздері сандардың ежелгі Вавилонда қолданылғанын айғақтайды. Ол кезде сандар 1 мен 0-ден ғана тұрған секілді. Бірлік, ондық, жүздікті құрайтын санақ жүйесі болған. Кейіннен атақты ойшыл Пифагор сандарды 1-ден 9-ға дейін қысқартқан. Бірнеше бірліктерге бөлген. Ол өз шәкірттеріне сандар әлемді билейді деп үйреткен. Әрбір санның, цифрдың түбінде қандай да бір ой, идея жатыр. Сол идеяның мән-мағынасын түсіну үшін ғалымдар арнайы ғылым – нумерологияны ашқан. Нумерология арқылы әр санның шығу төркінін, мән-мағынасын, оның адам өміріне деген әсерін ұғынуға болады. Нумерологияшыл ғалымдардың ойынша әр адамның жаны өзінің нумерологиялық кодымен тікелей байланысты. Ол кодты шеше білген адам өз тағдырының толық иесі бола алады. Қарап отырсақ, әркімнің өзі сенетін бақытты және бақытсыз сандары болады. Біреудің бақытты саны – 13, бақытсыз саны – 9 делік. Мұндайға шын көңілімен сенетіндер айдың 13-і күні кез келген тірлігін сенімділікпен іске асырады. Ал 9-ы күні әр қадамын абайлап басып, тіпті үйден шықпай, төрт қабырғаның ішінде күн ұзаққа қамалып отырып алатындар да бар. Сөйтіп, ол 13 саны байқалған жерде батыл жүрсе, 9-дан үнемі сақтанады. Жеке адамды қойшы, мұндай құбылыстарға жаппай халық боп сенетініміз

де бар емес пе? Өзіміздегі «жеті қазына», «ер кезегі үшке дейін», «сәрсенбінің сәтті күні» ұғымдары, тұрақты көршіміз – орыстардың «қасиетті үштігі», америкалықтардың естігенде жандары түршігетін, күні бойы үреймен өткізетін «айдың 13-дегі жұмасы» тағы басқа түсініктер жоғарыда айтқанымызға дәлел бола алады.

Сан атаулының бәрі бірдей қолданылмайды. Атап айтсақ, ерекше мәнде қолданылатын «төрт», «жеті», «тоғыз», «қырық» сандары. Сан есімдердің ішінде кейбір сандар сандық мәнімен қатар басқа мағынада қолданылуымен ерекшеленеді. Бұндай жағдай, әсіресе осы сандардың тұрақты тіркестерде, аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда, салт-дәстүрлерде және басқа дүниетанымға байланысты қолданылғаны көзге анық түседі. Сонымен бірге бұл құбылыстың тарихы да арыда жатқаны байқалады.

Әлдебір әлемнің сандық қатынастары мен кеңістіктік формалары, оның ішінде – структуралар, өзгерістер, белгісіздік жөніндегі ғылым. Ол абстрактілендіру және логикалық қорыту, есептеу, санау, және физикалық нәрселерді жүйелі түрде орнықтыру, бейнелеу мен өзгерістерді оқыту арқылы көрініс табады.

Қазақтың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ата дәстүрі - жеті ата. Ол дегеніміз өз ұрпағына жеті атасын үйрету атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі екені аян. Әрбір қазақ баласы өзінен бастап жеті атасының аты жөнін білуге міндетті. Мұны әке-шешесі, ата-әжесі үйретіп, жаттатуға тиіс.

Өйткені қазақта жеті атаға дейін қыз алыспайды, оған дейінгі ұрпақ бір атаның баласы – туыс саналады. Қазақтар негізінен жеті атаны былайша таратады: 1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Үлкен ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата.

Сондай-ақ, адамдар атасынан төмен қарай атағанда былайша ататек жалғасады: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Мұнан соң туыстың атаулар әрі қарай: жүрежат, туажат, жұрағат, жат жұрағат, жегжат, жамағайын болып кете береді. Жеті аталық ұстаным әрбір қазақтың, бүкіл халықтың бабалар рухы алдында іштей жауапкершілік сезімін оятатын күшке ие.

Ол – этникалық тұтастықтың қуатты арқауы, темірқазығы. «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын білер» Әр адамның жеті атасын білуі көргенділігі мен білімділігін, ата көргендігін танытады. Білмесе – жеті атасын білуі білмейтін жетесіз» деп сөккен. Жеті атаны үйрету әр ата-ананың басты борышы. Мысаы өзі, әкесі, атасы, бабасы және оның арғы ата бабасының есімдерін білу – жеті атаны білу деген сөз.

Сол себепті ата-бабаларымыз: «Жеті атасын білмеген: жетесіз», «Ата – тегін айтқанның айыбы жоқ» деп ұрпақтарына жеті атасын білуді өсиет, аманат етіп айтып кеткен. Қазақтар бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат, жүрежатты «Жеті пұсты» деп те атайды.

Жеті қазына. Ол жөнінде пікір таласы көп. Алайда қазақтар ертеде жеті қазынаға мыналарды жатқызған: 1. Ер жігіт. 2. Сұлу әйел. 3. Ілім-білім. 4. Жүйрік ат. 5. Құмай тазы. 6. Қыран бүркіт. 7. Берен мылтық.

Жігіттің жеті қазынасы.

Жүрдек аты–жігіт қаны, қанаты

Қыран бүркіт – қарым күші, қуаты.

Құмай тазы – бастан берік сенімі,

Ақ мылтығы – сөнбес оты, серігі

Алмас кездік – жігіт сусы, һәм мысы

Ау жылымы – амал, айла, әдісі

Қара қақпан серті себі тірліктің

Осы жеті қазынасы жігіттің.

Ұлыстың ұлы мерекесі Наурыз мейрамын қазақ халқы ерекше тойлаған. Бұл мерекеде адамдар наурыз көже дайындаған. Оған жеті түрлі дәм қосқан, яғни: сүт, ет. Тары, күріш, жүгері, тұз, құрт.

Жеті жарғы. Ол – Тәуке хан (1678-1718) тұсында қабылданған қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы. Тәуке хан «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» одан әрі жетілдіру арқылы осынау заң жүйесін өмірге әкелген. Ол 20-ғасырдың басына дейін қолданылып келді. «Жеті жарғы» деп аталуы Тәуке ханның бұрынғы заңдарға енгізген жеті өзгертуіне байланысты» дейтін тұжырым бар. Ол жеті өзгеріс мынандай:

1. «Халықтың ханы, сұлтаны, пір -өзіреті қастан өлтірілсе, олардың әрқайсысы үшін жеті кісінің құны мөлшерінде құн төленсін».

2. «Төрелер мен қожалардың жай қатардағы біреуі өлсе, олардың әрқайсысына екі кісінің құны төленсін».

3. «Сырттан кірген адам үйге кірерде мініп келген атын босағаға байлағандықтан, біреуді теуіп өлтірсе, бүтін құн, үйдің жапсарына байлаған ат теуіп өлтірсе, жарты құн, ал үйдің артына байлаған ат теуіп өлтірсе, тек ат-тон айып тартады».

4. «Ата-анасын туған баласы ренжітіп, қарсы келіп, қол жұмсаса, онда ол баланы ата-ана өлтірсе де ерікті, сұраусыз болады».

5. «Кәмелетке жеткен баласы туған ата-анасына тіл тигізіп сөккені үшін (қолтигізбесе) қара сиырға не қара есекке теріс мінгізіп, мойынына құрым іліп, ауылды айналдыру керек».

6. «Күйрек – бауыр жесіп, құда болған соңақ баталы жесір басқаға кетсе, оған берілген қалың мал жесір иесіне түгел қайтарылып, оның үстіне қалыңсыз қыз немесе бір қыздың қалыңмалы беріледі».

7. «Ұры айыр түйеге нар, атқа аруана, тайлаққа, атаң, тайға ат, қойға тана төлейді. Оның үстіне үш тоғыз айып төлейді».

Осының тағы бір нұсқасы яғни Жеті жарғының үзінділері ұлы этнограф А. Левшин жазбалары арқылы жетті. Ондағы «Жеті жарғыдағы» ең ауыр қылмыстар: адам қанын төгу, тонау, ұрлық, зорлау, зинақорлық, жақынына үйлену, біреудің әйелін оның келісімінсіз алып қашу өлім жазасына бұйырған. Жеті куәгер болған жағдайда Құдайды әшкерелеген адамның жазасы да өлім.

Әрине, бұл жеті өзгерістен басқада «Жетіжарғыда» жер дауы, отбасы, неке заңы, қылмыс пен құн дауы, куәлік ету, ант беру, тонаушылық және тағы да басқа жағдайларға, рәсімдерге байланысты әдет-ғұрып, заң шаралары өз көрінісін тапқан.

Жеті ғашық. Халықтың ән – жырында жеті ғашық мынандай екі нұсқада кездеседі:

а) Ләйлі – Мәжнүн, Жүсіп – Зылиха, Фархад – Шырын, Тахир – Зухра, Арзу – Қамбар, Уәлик – Ғарра, Уәки – Күлшар.

ә) Ләйлі – Мәжнүн, Жүсіп – Зылиха, Фархад – Шырын, Баһрам – Күланда, Сейпілмәлік – Бәдіғұл, Бозжігіт – Анула (кей нұсқада Қарашаш), ЗиядаХорлы (Хорлы - Ғайын). Әлемдегі жеті саны мен аталатын кереметтер Вавилондықтардың түсінігінше, әлемде жеті планета бар. Сол себепті олардың ғибадатханалары да жеті деңгейлі. Бірқатар діндерде де жеті саны киелі: еврейлердің балауыз қойғышы, шырағандары, мәнорлары жетіден.

Жеті шәріп: Мекке шәріп, Мәдина шәріп, Бұхар шәріп, Шам шәріп, Қатым шәріп, Құддыс (Мысыр) шәріп, Кәләм шәріп (Құран).

Өлімге себепкер жеті күнә: тамақсаулық, жалқаулық, нәпсіқұмарлық, өркөкіректік, ашу, қызғаншақтық, сараңдық.

Жеті амал – әр жылдың он екі айындағы табиғат құбылыстарына байланысты халықтық қағидаларда қалыптасқан болжамдардың атаулары мен реттері. Жылдың әр айлары мен тоқсанында болатын ауа райындағы және табиғат өзгерістері мен құбылыстарын назарына ұстап, бекітіп ұдайы қадағалап, болжап және оны күнілгері хабарлап тұратын есепшілер болды. Әсіресе, малшы қауым үшін тоғыс есебінің шаруашылық маңызы үлкен болды. Осы есепке сүйеніп отырып, малшылар әр айдағы амалдардың қалай өтетінін шамалап отырды. Ұлттық сандық ұғымда жеті амал бар. Олар:

күннің тоқырауы, карашаның қайтуы, үркердің батуы, мұздың қатуы, киіктің матуы, қыс тоқсан, ай тоғамы.

Қазақ халқында 7 саны – ерте замандардан киелі сан болып есептеледі. Ол дегеніміз – 7 қазына, ұлттық тағамдардағы 7 түрлі қоспалар, әлемнің 7 кереметі, аптаның 7 күні, кемпіркосақтың 7 түсі, Жетіқарақшы жұлдызы т. б. Ертегілерде 7 батыр, 7 ағайынды, 7 ұл, 7 қыз... т. с. сияқты болып кездеседі. Бастапқыда балалар қазақ тілінде аптаның жеті күнін еске түсірді. Халқымыздың ежелгі дәстүрінің бірі, бала туғаннан кейін 7 күннен кейін тойлап, адам дүниеден өткеннен кейін 7 күннен кейін жетісін өткізеді.

Егер адам 7 ұлттың тілін білетін болса – дана адам болып есептеледі. Қазақтарда мынадай ырым бар, кімде-кім өз жанында жайсыздық сезінетін болса, өзінің немесе жақындарының өміріне қауіп төніп тұрғанын сезініп, киелі жұма күні – 7 шелпек пісіреді. Бұл 7 шелпекті 7 үйге таратып беру керек. Сол себепті де 7 саны сәттілік, ырыс-береке әкелетін киелі сан болып есептеледі.

Иә, шынында да біздің әлемде қызықты әрі жұмбақ жайттар өте көп кездеседі. Ал, тарих дәстүріміздегі құпиялар мен ашылымдар қаншама десеніңізші! Сол себепті де өз ұлтымыздың ұлттық құндылықтары мен ашылмаған құпиялары туралы біліп жүру біздің парызымыз саналады. Жеті саны қазақ халқы үшін өте киелі сан. Ол діни түсініктермен де өте тығыз байланысты. Себебі Алла барлық жанды және жансыз заттарды жеті күнде жасап бітті деген түсінік бар. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінде: Жеті қат көк қуанып, қойнын ашты; Жаралған жеті күннің бәрі бірдей; Жеті ықылымға қазақтың атын шашқан. Жеті қат көк фразеологизмінің коннотациясы бойынша Мәшһүр Жүсіп пен Рабғузидің айтқандарында сәйкестік бар. Екі ақын да «Ол сондай Алла, жеті аспанды қабат-қабат жаратқан», – делінген Құран аятына сүйенеді. Ғылымда аспан қабаты тропосфера, тропопауза, стратосфера, стратопауза, мезосфера, термосфера, экзосфера сияқты қабаттардан тұратыны дәлелденген.

Қазақтың ұлттық танымында жеті саны ғалам құрылымының символы болып табылады.

Сан есімдер ұйытқы болған тұрақты тіркестердің бойында халық санасындағы мифтік, магиялық түсініктер мен танымдар сақталған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы халық таным-түсінігі бойынша қалыптасқан 7 санын шығармаларында қамти білген және өзіндік қолтаңбаларын да қалдыра білген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бәрі де сандар туралы, Алматы кітап 2008.
- 2 Қазақ энциклопедиясы 3-том, Алматы 2011.
- 3 Жеті қазына, Сейіт Кенжеахметұлы, 1, кітап.
- 4 5.Сен білесің бе? энциклопедиясы.
- 6 «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы.
- 7 «Қазақы дастархан», Атамұра баспасы.
- 8 Көшпенділер баспасы, Алматы 2012.

МҰСТАФА ШОҚАЙҰЛЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ – САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

АРТЫҚОВ Ғ.

8 сынып оқушысы, №73 орта мектебі,
Арал ауданы, Қызылорда облысы

ТОҒАЕВА Г.

жетекші, тарих пәні мұғалімі,
Арал ауданы, Қызылорда облысы

«Тарихтағы ақтаңдақтар» деп – отарда болған патшалы, одан кейінгі кеңестік кезеңдегі төл тарихымыздың зерттеуге тиым салынған немесе зерттелсе де шынайы әділ бағасын алмаған кезеңдер мен оқиғаларды айтамыз. Өйткені қазақ елі мен жерін күшпен отарлаған Ресей (одан кейінгі кеңестік) өз отаршылдық саясатын бүркемелеу үшін орыс ғалымдары өз мүддесіне сай қазақ халқының бұрмаланған тарихын жазды. Ал қазақ халқының шынайы тарихын жазғандар «Отанын сатқан опасыздар» есебінде халық жауына айналып түрмеге камалды. Оған «Бекмаханов ісі», «М. Әуезов ісі», «Қ. Сәтбаев ісі» дәлел бола алады. Түркістан- түркі мемлекеттері мен халықтарының ата қонысы«Қоқан автономиясы» – Түркістан Мұхтарияты деп те аталады «Иттифок» – «Мұсылман еңбекшілерінің одағы» деп аталған солшыл қанатты «Шуро-и Исламия» – (араб. «Ислам одағы» немесе «мұсылмандық кеңес») Түркістан мұсылмандарының саяси жетекшісі ретінде қоғамдық-саяси белсенділікке шақырған ұйым. Оның бөлімшелері өлкенің бірқатар аймақтарында болған. Түркістандағы ұлт-азаттық күштердің орталық (центристік) қанаты. «Шуро-и Улема» – («Ғұламалар қоғамы») Шуро – Исламиядан бөлініп шығуы нәтижесінде құрылған дін басылардан тұратын топ. Шариғат үстемдігін орнатуды жақтаған діни топтардың басын

біріктірген, саяси күштердің оншыл қанаты. «Иттифок-и-мұслимун» – («Мұсылмандар одағы») Түркістан мен Қазақстандағы барлық мұсылмандардың басын біріктіретін саяси партия«Дашнакцутюн» - буржуазиялық-ұлтшыл армян партиясы«Басмашылық» - Түркістан өңірінде 1918-1935 жылдары кеңестік биліктің отаршылдық саясатына қарсы күрес атауыХалкомкенесі - Халық комиссарлар Кеңесі Мұсылман жұмысшы депутаттары кеңесі – большевиктерді қолдаған солшылдар РКФСР-Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік РеспубликасыТАКСР- РКФСР құрамындағы Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы «Бірлік туы» газеті – Ташкентте шығатын қазақ тіліндегі Алаш партиясының баспасөз органыАлаш қозғалысы- қазақ ұлтының ұлттық-демократиялық қозғалысы. 1905 жылы құрылды.Алаш партиясы – Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов құрған ұлттық – демократиялық партиясы. 1917 жылы құрылды. Алашорда үкіметі немесе Алаш автономиясы - қазақтың ұлттық мемлекеті.1917 жылы құрылды. Кейін оны кеңес өкіметі жойды. XX ғасырдың басында Ресейдің Қазақстанды отарлау процесі бұрын болмаған жаңа сипат ала бастады.

Қазақ халқы өзінің саяси да, рухани да дербестігінен, жері мен елдігінен айырылып, діні мен тілі, мәдениеті төмендетілген мүшкіл халге жетті. Осы тұста қазақ халқының мұн-мұқтажын жоқтап, осы қараңғы түнектен халықты алып шығуды, қазақ халқына теңдік, бостандық алып беруді мақсат еткен қазақ зиялылары: М. Шоқай, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов сынды тұлғалар саяси күрес сахнасына шықты. Олар патша өкіметінің отарлық саясатына, қызыл империяның қиянатына қарсы күресуге бел буды. Солардың ішінде бүкіл саналы ғұмырынтөк қазақ халқының емес, бүкіл түркі жұртының бостандығы мен тәуелсіздігіне арнаған Мұстафа Шоқай болды.Отаршылдықтың тауқыметін тартып, ұлттық езгіні бастан кешіріп жатқан қазақ халқының наразылықтарының өсуі азаттық қозғалыстың қарқын алуы, революцияның алғы шарттарының пісіп келе жатқаны әбден анық болды. Титықтаған халық көтеріліске шыға бастады.Қазақстан мен Орта Азияда 1917 жылғы ақпан буржуазиялық демократиялық революцияның қарсаңында царизмнің ауыр дағдарысқа ұшырағандығы айқын көріне бастады. Бұл кезде Ресейдің қол астындағы түркі халықтарының қозғалысына исламдық идеологиялық бағыт жетекшілік етті. Мұстафа Шоқай және Алаш басшылары ұлттық автономия жариялаудан басқа жол жоқ , саяси тұрақсыз жағдайында тек біртұтас ұлттық мемлекеттік

құрылым ғана қазақ елін апаттан құтқарып, бостандық жолына алып шыға алады деп түсінді. Алаш басшысы Әлихан Бөкейханов автономия алудың қиындықтарын былай деп көрсетті «Қазақ болып автономия боламыз десек, алдымызда шешуші бір қиын жұмбақ бар. Орал, Торғай, Ақмола, Семейде көп мұжық бізбен қоныстас, бұл облыстарда мұжық пен қазақ қым-қиғаш аралас. Мұжықпен аралас қазақты тастап, ылғи қазақ болып шығамыз десек, бұл қазақ орыста қалады. Қазақты бұл жерден көшіріпалмыз десек, бұл қазақ ата қонысынан көшпес, көшсе ақылсыздық болады. Қазақ жерінің ең жақсысы осы мұжықпен аралас отырған жер. Түбінде қазақ ұлты бір автономия бола қалса, іштегі орысты ала кетеміз бе деген үміт. Біздің қазақ ұлтының автономиясы енді тұрмыс халде туысқан автономиясы болар емес, жерге байлаулы автономия болмақ. ішіміздегі орыс мұны мақұлдайтын көрінеді». Осындай мәселелер Ә.Бөкейханов бастаған топты қазақ автономиясын жариялауда қинаған еді. Екінші жалпы қазақ съезінде Алаш автономиясы мен Түркістан автономиясының арақатынасы туралы, «Түркістандық қазақтардың» Алаш автономиясына қосылу – қосылмау жөнінде қызу айтыстар болды. М. Шоқай Түркістан автономиясы туралы өзінің ойларын қорытындылап «автономия біздің басымыздан кешкен бір тарихи құбылыс. Біз бүгін оны еске түсірумен ғана шектелеміз. Қайталаймыз! Ересек адамдар өздерінің балалық дәуірін еске алатын табиғи құбылыс. Бірақ қайта сол дәуірге оралам деп ойламайды. Сол сияқты біз де ұлттық саяси өміріміздің балалық дәуірі болған Түркістан автономиясын тек тарихи құбылыс ретінде ғана еске аламыз» дейді. Атап айтқанда, Мұстафа туралы жаңа деректер Әлихан Бөкейханның 1894 жылы ғалым-орманшының дипломын алумен қатар Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде оқуы, нақтылай айтқанда оны экстернді түрде бітіру мүмкіндігі жайында материалдар іздеу үстінде табылды. Мұстафа Шоқайдың қоғамдық – саяси көзқарастарының қалыптасуына ең алдымен әсер еткен нәрсе оның өз ауылындағы Ресей империясының қиянаты, балалық дәуірінде, Ташкент қаласында оқыған жылдарында ол отаршылдық езгіні пайымдап білуге тырысты. Ал Петербург университетінің студенті болған жылдары сол кездегі империя орталығында орын алған күрделі оқиғалар оның саяси көзқарасының қалыптасуына әсер етсе, университетте оқып жүрген кезден оның Ресей Мемлекеттік Думасының мұсылман фракциясына Әлихан Бөкейхановтың ұсынысымен хатшы-кеңесші қызметіне орналасуы оның қоғамдық-саяси көзқарасының аясының кеңеюіне және оның

саяси күрес сахнасына шығуына негіз жасады. Ресейдің орталық аудандарында бірінші орыс революциясынан кейін құрылған саяси партиялар мен қозғалыстардың бағдарламаларымен жете танысуы, сол кезеңде пайда болып, қанатын кең жая бастаған мұсылман қозғалысының серкелерімен таныс болуы оның ұлтжанды, жақсы мағынадағы ұлтшыл қайраткер ретінде тез жетілдірді. Мұстафа Шоқай әуел бастан-ақ Кеңес үкіметі мен коммунистік партияның идеяларын қабылдамады. Солардың тарапынан өз басына қатер төнгеннен кейін саяси мұғажар ретінде большевизммен күресте ол енді қаламын қару етті. Сол арқылы шетелдегі Түркістандық саяси мұғажырлықтың көсеміне айналды. Мұстафа Шоқайдың XX-ғасырдың бірінші ширегіндегі атқарған қоғамдық – саяси қызметінің нәтижесі еліміздің егемендік алуымен жүзеге асырылғандығын өмір өзі дәлелдеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мұстафа Шоқай Тандамалы I Том Алматы Қайнар, 1998.
- 2 Мұстафа Шоқай Тандамалы II Том Алматы Қайнар, 1999.
- 3 Мұстафа Шоқай Түркістанның қилы тағдыры Алматы Жалын, 1992.
- 4 Әлихан Бөкейханов Шығармалар Алматы Қазақстан, 1994.
- 5 Асанбай Асқаров Ұлы Тұранның Ұлдары Алматы Нұрлы әлем, 1998.
- 7 Мәмбет Қойгелдиев «Түркістанның ұлы перзенті» // Қазақ тарихы, 1997. №2 15-22 б.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЕУРОПАДАҒЫ ҚАРСЫЛАСУ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСУ ТАРИХЫ

БАЙГАЛИЕВ Ә., МАНАТ Р.

10 сынып оқушылары, дарынды балаларға арналған
мамандандырылған гимназиясы, Ақсу қ.

АЛЬДЕКЕНОВА А. Т.

жетекші, тарих пәнінің мұғалімі

Қазіргі отандық тарих ғылымы Қазақстан тарихының әлем тарихымен интеграциясына басты назар аударады. Шынында да, ел тарихын әлемдік тарихтың айнымас бір бөлігі ретінде қарастыру аса өзекті деп ойлаймыз. Қазақстан Республикасы көшейін деп отырған 12-жылдық білім беру жүйесі де осындай интеграциялық принцип-

терге негізделеді. Сол себептен, Америка, Еуропа, Азия, Африка елдерінің тарихымен байланыс тұстарды бүгінгі күннің тұрғысынан қарау негізі бағыттардың бірі екені мәлім. Солардың қатарындағы басты оқиғалардың бірі – қарсылау қозғалысы. XX ғасырдағы фашизмге қарсы күрес – әлемдік сипат алды. Теріс ұлтшылдармен күрес – біртұтас тарихи толқын тудырып, жер жүзін желеп өтті. Міне, сол оқиғалардың барысында қазақстандықтардың орны мен рөлі туралы ғылыми ізденіс жүргізуді – алдымызға бағыт етіп алдық.

Жұмысты жазудағы мақсат Еуропадағы қарсыласу қозғалысына қазақстандықтардың қатысу деңгейін анықтау, олардың атқарған рөлін айқындау.

«Қарсыласу қозғалысы» зерттеу объектісі ретінде танылып, оған қатысушы қазақстандықтар арқылы оқиғаны қайта бағалауға әрекет жасалынуы жұмыстың жаңашылдығы болып табылады.

Қарсыласу қозғалысы-екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі яғни 1939-1945 жылдардығы герман, итальян және жапон басқыншылары мен олардың құйыршықтары-жергілікті реакцияшыл топтарға қарсы бағытталған ұлт-азаттық, антифашистік қозғалыс. Басқыншылыққа ұшыраған барлық елдерде қарсылық көрсетушілер қозғалысының негізгі екі ағымы болды:

1) жергілікті коммунистік партиялардың жетегінде болған ұйымдар;

2) батыс елдері (АҚШ, Ұлыбритания, т.б.) көмегіне сүйенген ұлттық ұйымдар.

Бұл екі ағым фашизмге қарсы күресте түрлі бағыт ұстанды. Мысалы, Франция, Италия, Чехословакия, Бельгия, Дания сияқты елдерде екі ағым ортақ жауға қарсы күш біріктірсе, Югославия, Албания, Грекия, Польша керісінше, өзара бәсекелестікке түсті [1, 129 бет].

1) 1939 жылы қыркүйек – 1941 жылы маусым күш жинау кезеңі болып, фашизмге қарсы ұйымдар құрыла бастады. Партизан топтары (Польша, Югославия), саяси манифестация, диверсиялар (Чехословакия, Франция, Қытай) ұйымдастырылды.

2) 1941 жылы маусым-1942 жылы қараша неміс фашистерінің Москва түбінде жеңілуіне байланысты Қарсыласу қозғалысы жалпы ұлттық сипат алды.

3) 1942 жылы қараша-1943 жылдың соңы Кеңес әскерлерінің Сталинград және Курск шайқастарында жеңіске жетуіне байланысты Грекия, Албания, Югославия, Қытай, Италия, Вьетнам, т.б. елдерде ұлт-азаттық армиялары құрылып, кейбір аймақтар азат етіле бастады.

4) 1944-1945 ж.ж. қыркүйек-Германия мен Жапония талқандалып, Батыс Еуропа мен Оңтүстік Шығыс Азия елдері фашизмнен азат етілді.

Қазақстандықтар Еуропа елдеріндегі антифашистік күреске әртүрлі жолмен келді. Оларды талдасақ :

Қазақстандықтардың бірінші бөлігі, фашистердің Кеңес әскерін тықсыруы бәсендегенде, немістерге тылдан соққы беру үшін сол жердегі жергілікті партизандар отрядтарына арнайы тапсырмамен берілгендер еді. Жау тылына түскендер Польша, Болгария, Венгрия, Чехословакия территориясында партизандық күреске қатысты және оның ұйымдастырушылары болды.

Екінші тобы дүние жүзілік соғысқа дейін әр түрлі себептермен Еуропа елдеріне Кеңес Одағынан кеткен эмигранттар және олардың ұрпақтары еді. Бірақ олардың қатарында қазақстандықтар өте аз болды.

Ал, үшінші тобы, басым көпшілігі Ұлы Отан соғысы жылдарында, әсіресе соғыстың бас кезінде немістерге тұтқынға түскендер еді [2, 22 б].

Фашистер басып алған елдердегі және Германияның өз жеріндегі Қарсыласу қозғалысына тұтқыннан қашқан кеңес жауынгерлері мен офицерлері және Германияның жеріне қара жұмысқа пайдалануға зорлықпен әкелінген кеңес азаматтары да қатысты. Неміс мұрағатының құжаттары бойынша, кеңес тұтқындарының арасында лагерьден қашу аса жиі құбылыс болғаны белгілі. Еуропа елдеріндегі Қарсыласу қозғалысының қатарында тұтқыннан қашқан 40 мыңнан астам кеңес жауынгерлері мен офицерлері болды, олардың 18 мыңы – Польшада, 6 мыңы – Югославияда, 5 мыңы – Италияда, 3 мыңы – Чехословакияда, 3 мыңы – Францияда, 800-і Бельгияда шайқасты. Соғыс жылдарында фашистер Кеңес Одағы жерінен жұмыс күші ретінде пайдалану үшін 5 миллионға жуық азаматты зорлықпен алып кеткен болатын, олардың да бір бөлігі қашып, Еуропа елдеріндегі партизандардың қатарын толықтырды.

Италиядағы «Гуидо Боскальо» партизандық бригадасының қатарында 90 қазақстандық болған. Югославия халық-азаттық әскері қатарындағы кеңестік бригадасында 1500 жауынгер болды, оның ішінде 70 қазақ, 25 өзбек, 10 түрікмен, 10 тәжік, 5 қырғыз болғаны туралы мәліметтер бар. Бригаданың қолбасшысы А. Н. Дьяченко болды, ал 2-батальонды қазақ Бейсен Раисов басқарды [4,5 б]. Югославия халық-азаттық әскері қатарында Кәкімжан Жәрдемөв,

Оспан Шілдебаев, Төләубай Шөкеев, Арық Есентаев, Есімбай Есамберлинов, Бейсен Раисов, Жәнібек Бағытов, Сәбит Куламяров, Рамазан Ерғалиевтер шайқасты. Бельгиядағы партизандық бригада құрамында Өтеген Абдуллин, Сейілхан Ғабдуллин, Польшадағы партизандар қатарында Жұбан Сұранқұлов, Италиядағы «Фри-Юли» партизандық бригадасында Төлтай Шанов, Жәнібек Бағытов, Чехословакиядағы партизан бөлімдерінде Әлихан Көшіков, С.Төлешов, болгар партизандары қатарында Зиямат Хұсанов тағы басқа қазақ жауынгерлері болды [5, 58].

Қазақстандықтардың Францияны азат етуге атсалысуы. Францияда Қарсыласу қозғалысын генерал Шарль де Голль жетекшілігіндегі Орталық басқарды. Шарль де Голль «Күресуші Франция» деп аталған қарулы күштер жасақтады. Алғашында мың адамнан құралған бұл қарулы топ кейіннен сан мыңдаған француздарды, тұтқыннан қашқан кеңес азаматтарын және Еуропаның бірқатар халқының өкілдерін қамтыған үлкен күшке айналды. Дуайт Эйзенхауердің айтуынша, француз қарсыласу күштері жаудың шамамен 15 дивизияға жететін қарулы күштерін үнемі алаңдатып, олардың антигитлерлік одақтың тұрақты әскерлеріне қарсы пайдаланылуына кедергі жасады. Фашистерге қарсы күресте Францияның оңтүстігіндегі партизандық бөлімдердің рөлі айрықша болды, олар осы жерге ағылшын-американ десантының аман-есен түсуін ғана қамтамасыз етіп қойған жоқ, сонымен қатар одақтастардың көмегін күтпей-ақ бірқатар француз қалаларын азат етті.

Францияда кеңес тұтқындарынан екі партизан полкі құрылған. Оның біреуі – Марсель ауданында, екіншісі Альби ауданында шайқасқан. Қазақтардың басым бөлігі осы екінші кеңестік партизан полкінің құрамында (бұл алғашында Бірінші полк болған) Альби ауданындағы шайқастарға қатысқан. Екінші кеңес партизандық полкінде 300-ге жуық қазақ болған деген мәлімет бар. Осы Екінші полктің құрамындағы бір партизан отрядының құрамында 70 қазақ болған. Бұл отрядты Зұнан Жаманқұлов басқарған. 1944 жылы Альби қаласында 7 қарашада қазан төңкерісінің 27 жылдығын атап өту митингісі болғанда, Альбиде тұрған партизан полкінің комиссары Әбу Молдағалиевке баяндама жасауды тапсырған. Бұл баяндама келесі күні (8 қараша) Альбидің газетіне Молдағалиевтің суретімен қоса басылып шыққан. Құсайынов Шәміл Хасанұлы тұтқыннан қашқан соң, француз майоры Фокс басқарған партизан отрядына қосылып, бірқатар ірі шайқастарға қатысқан. Осы шайқастардағы ерлігінің белгісі ретінде Құсайынов Шәміл «Қарсыласу қозғалысына

қатысқаны үшін» және «Францияны азат етуші» деп аталған француз ордендерімен марапатталған. [4, 5 бет]. Жұманиязов Қадымның партизандық күрес кезінде жазған күнделігі болған. Ол фашистердің концлагерінен қашып шығып, Францияның партизан бригадасының құрамына келіп қосылады. Алғашында рота, кейін батальон командирі болады [2, 28 бет]. Ол өз батальонымен оңтүстік Францияда бірнеше ауыр ұрыстар жүргізіп, фашистер қолынан Сант, Иций, Тулуза-Фуа қалаларын азат етуге қатысады. Француз үкіметі оны неміс басқыншыларына қарсы күрестегі ерлігі үшін бес рет орден, медальдармен марапаттады [2, 29 бет].

1944 жылы тамызда фашистер грузин, қазақ, армян әскери тұтқындарынан құрылған «ұлттық құрамалар» жаппай көтеріліске шығып, неміс гарнизондарын талқандап, француз патриоттары жағына шығып кетеді. Француз партизандарымен бірге Семей облысы, Абай ауданы, Қарауыл селосында туған Қабыш Омаров, оралдықтар Әбу Молдағалиев, Нәби Өтемов, Жұмағазы Қатшықов, Өтеу Бейсенғалиев, ақтөбелік Қартауов, қызылжарлық Шәміл Құсайынов, Сартай Қаренов және басқалары фашистерге қарсы күресті. Шәміл Құсайыновты француз үкіметі Қарсыласу қозғалысына белсене қатысқаны үшін «Францияны азат етуші» крестімен марапатталса, тұтқын Нығмет Илиясов та фашистер концлагерінен қашып шығып, француздар қатарында ерлікпен соғысты.



Франциядағы Қарсыласу қозғалысына қатысқан кеңестер (справа менің көрініс)
Сергей Жуков, Александр Жуков, Александр Жуков, Александр Жуков
(Альби қаласы, Франция, 1944 жылдың 15 желтоқсаны)

Кеңестік замандағы ресми үгіт-насихаттың нәтижесінде, тұтқынға түсу сатқындықпен парапар деген түсінік қалыптасты. Соғыстан келген мен жанын беріп аямай алысқан, бірақ капияда қолға түсіп қалған арыстай азаматтардың бетіне шіркеу түсті. Олардың ақ-қарасын айырып, арына түскен таңбадан арылтуға жол берілген жоқ, осылайша қаншама адамның Отанына сіңірген еңбегі ескерілмей қалды. Еңбегін ескермек түгіл, тұтқында болғандығының сылтауымен оларды партия қатарынан шығарып, жұмыстан қуып, әлекке салды, көпшілігін негізсіз жаламен лагерьге айдады.

Осындай жазықсыз жапа шеккендердің ішінде зайсандық Манас Нұғыманов 18 жасында соғысқа барып, тұтқынға түседі. Ол Түркістан легионында болып, Францияға жіберіледі де ол жерде қарсыласу қозғалысына қатысып, фашистерге қарсы соғысады. Франциядан келген кейін ол Кузбастағы сталиндік лагерьге тасталды. Ол жерде

10 жыл «халық жауы» деп отырып шығады. Реабилитация ала алмаған М. Нұғыманов 1984 жылы қайтыс болды. Франциядағы қарсыласу қозғалысына қатысқандардың мәліметтерінде М. Нұғманов өз Отанын өте жақсы көретін күресші болған дейді. [5, 27 бет].

Осылайша жырақта жүрген қазақ жауынгер бауырларымыз Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Францияның неміс-фашистерінің азат етілуіне септігін тигізді.

Италия мен Югославиядағы Қарсыласу қозғалысындағы қазақстандықтар

Қазақстандықтардың басым көпшілігі Иосеф Броз Тито басқарған Югославия Азаттық Армиясы құрамындағы кеңестік соғыс тұтқындарынан құралған I орыс Екпінді бригадасы құрамында соғысты. Қазақ Бейсен Райсов осы бригада құрамындағы үш батальонның біреуінің командирі болды. Югославия халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресте көрсеткен ерлігі үшін оны Югославия үкіметі «Ерлігі үшін» орденімен және үш жауынгерлік марапатталды. Бейсен Райсов басқарған 10 қазақ жауынгері Триест қаласына жақын Штаньел ауылының маңындағы Випава өзені арқылы өтетін көпірді барлауға жіберілген еді. Барлаушылар күтпеген жерден фашистердің ротасына тап келіп, сол жерде қиян-кескі шайқас болады. Фашистердің ілгері жыл жуына тосқауыл қойған жауынгерлер сол жерде ерлікпен қаза табады. Бұл ерлік итальяндықтардың, оның ішінде болашақ ұрпақтың есінде мәңгі қалды. Югославия халық-азаттық әскері қатарындағы кеңестік бригадада 1500 жауынгер болды, оның ішінде 70 қазақ, 25 өзбек, 10 түрікмен, 10 тәжік, 5 қырғыз болғаны туралы мәліметтер бар. Бейсен Райсовпен бірге тағы да Югославия халық-азаттық әскері қатарында Кәкімжан Жәрдемов, Оспан Шілдебаев, Есімбай Есамберлинов, Жәнібек Бағытов, Сәбит Куламяров, Рамазан Ерғалиевтер шайқасты [3, 5 б].

Италиядағы «Гундо Боскальо» бригадасының құрамында 90 кеңес жауынгері болса, оның 23 қазақстандықтар еді. Олардың қатарын қарағандылық Тоқыш Әлпейсов, қызылордалық Х. Дүйсенбеков, ақтөбелік Ж. Құмиықов, ақмолалық Топай Садуақасов және тағы басқалары болды. Кенжағали Төрекешов қазақстандықтар Ж. Жақенов, Д. Қанапиянов, Сапар Отарбаев, жерлесіміз Саду Бектасов және басқалары ерлікпен соғысты, тұтқында қиыншылықты жеңе білді.

Соғыс аяқталғаннан кейін оның ұзақ жылдар бойы белгісіз болып келген парақтары ашылып, осыны айтуға, жазуға болады-ау дегендері жариялана бастады. Солардың бірі, Италия мен

Югославияның шекарасындағы Брешень елді мекенде бауырластар зиратына жерленген кеңес жауынгерлеріне жергілікті халық қойған ескерткіш туралы еді. Ескерткіште тек қана үш-ақ ауыз сөз жазылды. Ол «Русь», «Алексей», «СССР» деген жазу еді. Жылда оқу жылы басталғанда сол жердегі елді мекендегі мектептерде кеңес жауынгерлерінің ерлігі туралы әңгіме айтылатын. Оның мазмұны мынадай еді. Партизан отряды 1944 жылдың 13 наурызында әскери тапсырма орындауға кеткенде, ормандағы партизандар штабын тауып алған 300-ге жуық жазалаушылар 14 наурыз күні таңсәріде тұтқиылдан шабуыл жасайды. Отрядтың негізгі күші тапсырмамен кеткендіктен, мұнда жаралылар, партизандардың әйелдері мен балалары және зағана жауынгерлер қалған еді. Штабты қорғауға қалған жауынгерлер тойтарыс бере алмайды, оққа ұшады. Осы кезде жаралылар арасынан кеңес жауынгерлері пулеметші Алексей қолына қару алып фашистермен жалғыз өзі ұзақ соғысады. Оларды штабқа жақындатпайды. Автоматта оқ жаудырып, граната атып фашистерге тойтарыс береді. Бірнеше рет ауыр жараланғанына қарамастан бекінген орнынан шегінбейді, құтылып шығып жан сауғалайтын деп те ойламайды.

Жергілікті халық және бұрын партизан отрядында болғандар оған ескерткіш қойғанда Алексейдің кеңес жауынгері екендігін еске алып, ескерткішке жоғарыдағы «Русь», «Алексей», «СССР» деген сөздерді жазған еді. Соғыс аяқталғаннан кейін арада 20 жылдай уақыт өткенде шақырумен Италия мен Югославияға барған бұрынғы кеңес партизандары ескерткішті көріп, тағзым етеді. Кеңестік соғыс тұтқындарынан құралған I Орыс екпінді бригадасының командирі А. И. Дяченко батальон командирі қазақ Бейсен Райсов т.б. ізденіп бұл ескерткіштің кімге онатылғанын айқындауға тырысады. Нәтижесінде ескерткіштегі жауынгер Павлодар өңірінен шақырту алған ержүрек партизан, Югославия жерінде мәңгілікке тыныстаған қазақ жігіті Семей облысы, Бесқарағай ауданы, Өндіріс ауылында туған сержант Рамазан Ерғалиев екендігі анықталады. Қазақ жауынгерінің әрекеті ерлік деп бағалауға лайық, ерлігі болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге болмақ.

Жұмыс нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Соғыс жылдары шетелдегі Қарсыласу қозғалысына қатысқан қазақтар туралы тақырып толық зерттелмеген.

2. Тарихнамада қазақстандықтардың ірі партизандық полктер құрамында антифашистік күреске қатысуы, фашизмге қарсы күрестегі ерлік жолдары жеткілікті зерттелуді талап етеді.

3. Қарсыласу қозғалысына қатысқан қазақстандықтардың ерлігі әлі күнге дейін толық бағасын алмады, зерттеу жүргізе оты-

рып, олардың жеңіске қосқан үлесінің зор екендігі айқын көрінді. Еуропа елдерінде фашистік ұлтшылдардан азат болған күнін 25 сәуірде атап өтеді, біз ол күнді Қарсыласу қозғалысына қатысқан қазақстандықтарды еске алу күні деп атап өтуді ұсынамыз.

4. Қарсыласу қозғалысына қатысушылар ерлігі насихатталмайды, осы бағытта жұмыс жүргізу ұсынылады, атап айтқанда, бұқаралық ақпарат беттерінде кеңінен мақалалар жариялау, патриоттық іс-шаралар өткізу.

Ахмет Бектаев айтқандай :«Қазіргі ұрпақ, әсіресе жас ұрпақ біздің жеңісіміздің қаншалықты қымбат түскенін білуі тиіс». Қазақстандықтардың Еуропа елдеріндегі антифашистік күреске қатысуы көптеген жылдар өткенімен толық зерттелмеген тарихымыздың бір парағы. Бұл жайлы келешек ұрпақ білу қажет. Осы оқиға тәлім мен тәрбие алатын отансүйгіштікке, патриотизмдікке баулитін шынайы тарихымыздың бір кезеңі. Өткенді білу, ерлікке құрмет пен тағзым жасау, оны мойындау келешегі кемел елдің ертеңі екендігінің айқын көрінісі. Сондықтан да біз елі үшін жанын пидаткен батырларымыздың есімін және ерлігін мәңгі есте сақтауымыз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ Совет энциклопедиясы.
- 2 Даркенов, Қ. Г. Еуропадағы Қарсыласу қозғалысындағы қазақстандықтар. ҰОС жеңісінің 60 ж. арналған конференция материалдары. Павлодар, ПМПИ, 2005.
- 3 Гүлжауһар Көкебаева, алаш айнасы. Республикалық қоғамдық-саяси ақпараттық газет. 2010 28 сәуір. №69 5 б.
- 4 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 4 том. Алматы «Атамұра» 2010.
- 5 www.Temakosan.net.

ПРОХОДИТ ДЕНЬ ЗА ДНЕМ – ДРУЗЕЙ РЕДЕЕТ СТРОЙ

БАЙГУЗИНОВА С. Н.
ученица 10 класса, Розовская СОШ, Павлодарский район
МУСАБАЕВА К. З.
учитель, Розовская СОШ, Павлодарский район

Той дальнею войной сердца опалены.
Все так же нивам зреть, цвести весной садам.
А юные друзья, что не пришли с войны,

Уж с внуками сравнялись по годам.
Проходит день за днем – друзей редееет строй,
И память в бой опять ведет тебя, солдат.
И праздничный салют ликует над землей,
Как ликовал он много лет назад!
Та давняя война... Но руки протяни –
Ее сердца хранят, она приходит в сны.
И внуки, что живут счастливо в наши дни,
Да будут этой памяти верны!

Мы с гордостью вспоминаем и всячески пытаемся помочь ветеранам, которые проживают в нашей республике. И вот, подходит тот день, когда сердца людей, переживших ту боль и страдания, наполняются одновременно и радостью, и печалью от того, что выпало на их долю. Каждый человек, живший во времена Великой Отечественной войны, несомненно, испытал какую-либо боль: смерть, которая отняла у простых и мирных людей отцов, детей и друзей, расставание.

22 июня 1941 г. гитлеровская Германия без объявления войны напала на Советский Союз.

В 3 часа 30 минут утра, когда немецко-фашистские войска получили условный сигнал «Дортмунд», по советским пограничным заставам и укреплениям был внезапно нанесен артиллерийский удар, а через несколько минут вражеские полчища вторглись в пределы СССР. Крупные силы германской авиации обрушили тысячи тонн смертоносного груза на советские аэродромы, мосты, склады, железные дороги, военно-морские базы, линии и узлы связи, на спящие города. В приграничных районах страны забушевал гигантский огненный смерч. Для советского народа началась жестокая и неимоверно тяжкая Великая Отечественная война.

Армия вторжения насчитывала 5,5 млн. человек, около 4300 танков и штурмовых орудий, 4980 боевых самолетов, 47 200 орудий и минометов.

Ей противостояли силы пяти советских западных приграничных округов и трех флотов, которые почти вдвое уступали противнику в живой силе, имели несколько меньшее количество артиллерии, превосходили врага в танках и самолетах, правда, большей частью устаревших образцов. Что касается первого эшелона армий, то здесь гитлеровское командование развернуло 103 дивизии, в том числе 10 танковых, тогда как в первом эше-

лоне наших армий прикрытия имелось только 56 стрелковых и кавалерийских дивизий.

Особенно подавляющим было превосходство немецко-фашистских войск на направлениях главных ударов. К исходу первого дня войны их мощные танковые группировки на многих участках фронта вклинились в глубь советской территории на расстояние от 25 до 35, местами даже до 50 км. К 10 июля глубина вражеского вторжения на решающих направлениях составила уже от 300 до 600 км. В руки противника попало почти 200 складов с горючим, боеприпасами и вооружением, находившихся в приграничной зоне.

Атакующие внезапно части Красной Армии были вынуждены вступать в тяжелые бои без необходимой подготовки и без завершения стратегического развертывания, будучи укомплектованными на 60–70 % до штатов военного времени с ограниченным количеством материальных средств, транспорта, связи, нередко без воздушной и артиллерийской поддержки.

Под ударами наступавшего агрессора воины Красной Армии попадали в окружение, терпели тяжелые поражения и неудачи. За три недели войны противнику удалось полностью разгромить 28 советских дивизий. Кроме того, более 72 дивизий понесли потери в людях и боевой технике (от 50 % и выше). Общие наши потери только в дивизиях без учета частей усиления и боевого обеспечения за это время составили около 850 тыс. человек, до 6 тыс. танков, не менее 6,5 тыс. орудий калибра 76 мм и выше, более 3 тыс. противотанковых орудий, около 12 тыс. минометов, а также около 3,5 тыс. самолетов.

Противник потерял около 100 тыс. солдат и офицеров, более 1700 танков и штурмовых орудий и 950 самолетов.

В красную армию с Казахстана было призвано 1 млн. 196 тыс. 164 человека. Согласно данным, погибли в боях, умерли от ран и болезней, пропали без вести и не вернулись из плена 630 тысяч человек. Сюда не входят те казахстанцы, кто призывались в армию за пределами Казахстана, а также не вернувшиеся из трудовой армии.

Нельзя так же не отметить что на фронте и в оборонной промышленности был задействован каждый четвертый наш житель с Казахстана.

На нашей территории сформированно:

12 стрелковых, 4 кавалерийских дивизии, 7 стрелковых бригад, более 50 отдельных полков и батальонов.

В военные учебные заведения послано более 42 тыс. казахстанцев.

Историей одного свидетеля Великой Отечественной войны.

Уроженец Новосибирской области, Иван Васильевич Лукин в Павлодар приехал, уже будучи на пенсии. Здесь обосновался его сын, и Иван Васильевич с женой Марией Федоровной решили перебраться поближе к родным.

Супруги Лукины, всегда и во всем привыкли быть вместе. Поживившись в далеком теперь 1948 году, они быстро стали одним целым. И когда муж рассказывает о том, как воевал в Великую Отечественную, жена его дополняет и поправляет, так как слышала это не единожды. Тем более что Иван Васильевич говорить о войне не очень любит, хотя вспомнить ему есть что.

В семье Лукиных было девять детей. После смерти отца в 1932 году братья стали опорой для матери, которая целыми днями трудилась в колхозе. В начале войны на фронт ушел старший брат, вскоре семья получила «похоронку». А в 1942 году, когда Ивану исполнилось 17 лет, настал его черед идти на защиту Отчизны.

Иван попал в 35 артиллерийский полк, и в его составе – на Ленинградский фронт. Боевым крещением для паренька стал – ни больше ни меньше – прорыв блокады Ленинграда.

– Я хорошо помню, как мы шли туда, – вспоминает ветеран – по дороге жизни, через Ладожское, Чудское озера. Прорыв этот дался всем ох, как не просто. После каждого наступления теряли массу людей. Тонули машины. На подступах к городу нам было приказано снять пушки с лафетов, чтобы, в случае чего, они не достались врагу. После этого в бой мы отправились с автоматами. Трижды мне довелось участвовать в рукопашной схватке. Враги боялись открытого боя лицом к лицу, отступали.

Когда мы вошли в Ленинград, город представлял собой страшное зрелище. Кругом лежало множество трупов – на улицах, на первых и вторых этажах зданий.

После освобождения города на Неве войска двинулись дальше. Почти на всех пушках и машинах было написано «На Берлин!». Но сначала были Псков и форсирование реки Великая. Возле этой реки в помощь роте Лукина дали солдат штрафбата. При выполнении боевого задания – захватить правое крыло стариной псковской крепости – погибло очень много бойцов. Штрафники погибли почти все, от них остались лишь пилотки со звездочками. С нескольких выживших штрафное наказание было снято.

Вскоре последовало освобождение эстонского города Вырва. Там рота, в которой служил Иван Васильевич, сражаясь за одно из зданий, попала под шквальный огонь врага.

– В один момент я услышал звонкое «дзинь!», – рассказывает Лукин, – а потом почувствовал, как отбросило правую руку. Когда меня нашли, даже не сразу поняли, что я живой, весь был в крови.

В госпитале города Муром выяснилось что пуля, задев легкое, прошла навылет. После операции Ивану Лукину вместе с другими ранеными долго пришлось ждать отправки дальше в тыл. Страху они тогда натерпелись больше, чем в бою. Когда начиналась бомбежка, ходячие раненые прятались, а остальным приходилось лежать и надеяться, что все обойдется. Только через месяц их наконец – то переправили к формируемому санитарному поезду. Эшелон стоял в лесу, тщательно замаскированный. Пока добрались, немцы разбомбили половину машин с ранеными.

– Привезли нас к поезду, – вспоминает Иван Васильевич – народу много, кругом маскировка, зенитки стоят. Кроме немцев лютовали бендеровцы и власовцы, поэтому опасность подстерегала с любой стороны. Наконец, отправились в путь. После этого еще целые сутки ехали с занавешенными окнами. Когда открыли, было ощущение, будто заново родились. Пока добирались до места, многие раненые умерли, так как лекарств не было, в основном, марганцовка, йод и вата.

Через трое суток санитарный поезд прибыл в Киров. Там солдат накормили, вымыли, отправили на лечение. Именно в Кировском госпитале Лукину вручили орден Красной Звезды. Чуть позже он был награжден орденом Отечественной войны I степени.

Лечение для Ивана Васильевича закончилось лишь через год. К участию в военных действиях его признали негодным, Лукин начал работать в органах МВД. Вскоре оказался в должности воспитателя детской трудовой колонии. Не секрет, что к концу войны в гитлеровских войсках всевало много подростков. После взятия в плен их направляли в подобные места. Многим из этих военнопленных было по 14-15 лет. Жили они в огромных землянках, примерно по тысяче человек в каждой. Трудились на торфоразработках.

– Отношение к ним у нас было нормальное, – вспоминает Лукин – даже жалко порой бывало. Мы ведь сами были не намного старше этих пленных. Во время боя, конечно, расстрелял бы его, не дрогнув, а в тылу уже сердце становилось не таким черствым.

Кормили пленных не важно, поэтому возле каждой землянки стояли здоровые котлы. В них немцы запаривали хвою и пили, спасаясь от цинги. Бежать практически никто из них не пытался, понимали что некуда.

После войны Иван Васильевич выучился на агронома, долгое время работал заместителем директора одного из новосибирских со-

вхозов. Сегодня главное богатство Лукина – трое детей, пять внуков, шесть правнуков и, конечно, любимая супруга, которая по-прежнему рядом. Они до сих пор путешествуют летом на своей легковушке по Павлодарской области или навещают родные новосибирские места. Довольны тем, что имеют. Ведут обычную жизнь пенсионеров. И только когда Иван Васильевич надевает свой парадный пиджак с наградами и нашивками, он вновь чувствует себя в боевом строю. И тогда опять перед глазами встают поля сражений, а в ушах вновь разрывы снарядов. И вспоминается давняя явь, которую забыть невозможно, а пережить еще раз – не доведи Господь.

2015 год – год знаменательный. Человечество отмечает 70-летие Победы советского народа в Великой Отечественной войне.

Для казахстанцев эта дата наполнена особым смыслом. Это – священная память о погибших на полях сражений. Это – наша история, наша боль, наша надежда...

Основной долг всех последующих поколений нашей страны – долг перед поколением победителей – сохранить историческую память о Великой Отечественной войне, не оставить в забвении ни одного погибшего солдата, отдать дань благодарности за героический подвиг в Великой Отечественной войне живым ветеранам войны и трудового фронта.

«Чем дальше от нас то время, когда была одержана Великая Победа, тем больше возрастает ее важность и значение для нас. Число ветеранов войны уменьшается, поэтому мы не должны ничего жалеть для них, никакой помощи и заботы, чтобы не раскиснуть, когда их уже не будет среди нас», – говорит Нурсултан Назарбаев.

ЛИТЕРАТУРА

1 Белан, П. С. Казахстанцы в битве на волге. / П. С. Белан. – Алма-ата: Ғылым, 1990. – 270 с.

2 Абишев, Г. Казахстан в великой отечественной войне 1941-1945. / Г. Абишев. – Алма – ата: типография №2 главиздата министерства культуры Каз ССР, 1958.

3 Тереник, М. С. На защите родных рубежей (к 65 – летию Победы в Великой Отечественной войне). / М. С. Тереник – Павлодар: ТОО «Дом печати» 2010.

4 Белан, П. С. На всех фронтах. / П. С. Белан. – Алма-ата: Ғылым, 1995. – 336 с.

5 Болтина, В. Д. Поклонимся великим тем годам 1941-1945. / В. Д. Болтина – Павлодар, 2010. – 124 с.

ТӨЛЕҢГІТ РУЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

БАКТОРАЗОВ С. У.

С. Торайғыров атындағы №22 гимназия-мектебі, Екібастұз қ.

Төлеңгіттер – дәстүрлі қазақ қоғамындағы ақсүйек-төрелерге (хандар мен сұлтандар) қызмет етуші адамдардың әлеуметтік қауымы. Негізінен жаугершілік замандарда сырт елдерге жорық жасау барысында қолға түсіп, билеушілердің жеке иелігіне берілген соғыс тұтқындарынан тұрды. Сондықтан олар үш жүздің ешқайсысына да кірмейді, тек төрелерге ғана қызмет ететін әлеуметтік топ болып есептелген. Олар хандар мен сұлтандардың барлық шаруашылық жұмыстарын атқаруға міндетті болды. Төлеңгіттердің енді бір бөлігі – сұлтанның немесе хан ордасында билеушілердің жеке басын қорғайтын әскери жасақ, бейбіт уақытта олардың тапсырмаларын орындаушы, зекет, соғым жинаушы, сот биліктерін орындатушы шабармандар міндетін де атқарған деп айтады. [1] Басқа деректерге сүйенсек Рәшид-әд-Дин былай жазыпты Төлеңгіт (теленгут, теленгит) – түрік әлемінің шығыс атырабында қалыптасқан ежелгі рулардың бірі. Түп негізі (толанқо, доланьге) ғұн жұртының бір әулеті саналатын, қытай деректерінде гаогүй аталған Теле тайпа бірлестігінен бастау алады [7]. Басқа деректерге сүйенсек төлеңгіттерді «Тау қалмақтары» деп те атаған. Басқа шежірелер бойынша, Керей, Уақ, Тарақты және Төлеңгіт Орта жүздің басқа ата-бабасы Ақжоланың заңсыз әйелінен туған. Содан да төлеңгіт деген ру шықты дейді [3]. Төлеңгіттер қауымы әртүрлі элементтерден қалыптасқан. Олардың бір тобы-әртүрлі жағдайларға байланысты өз руларынан тараса, бір тобы әртүрлі жағдайларға байланысты өз руластарынан айырылған, туысқандарынан қуылған жергілікті қазақтар болды [7].

Бұл жерде, алдымен «тур» және «төр» сөздерінің сырттай болса да ұқсас болып келеді. Қазіргі Шұбартаулық төлеңгіттердің арғы аталары ежелгі теле бірлестігі ғұндарға дейін – ақ белгілі болатын, ал олардың ұрпақтары ғұн империясына қызмет жасады. Байырғы Түркі қағанаттарының да мемлекетшіл күштері де сыртқы және ішкі жаулармен соғыста төлеңгіт топтарының көмегені сүйенді. Алтын Орда заманында бұл институт қайта жаңғырды және үлкен империясының бірнеше жүз жыл өмір сүруіне тірек болды. Тек қана мемлекетке ғана қызмет етуді дәстүр қылған бұл топтың өкілдері Алтын Орда ыдыраған уақытта Мәскеу патшаларына қызмет жасап, орыстың дворян әулеттерінің негізін салды [11].

Жалайырлар тайпасының тарихына қол жүгіртсек: Жалайырлардың рулық белгісі (тарақ танба) Жалайыр руының

10 ірі атадан тұратыны нұсқайды: Жәйіт, Қоң-қауыт, Оят, Көркін, Торы, Тоқырауыт, Құмсауыт, Нілкін, Төлеңгіт, Санғыт. С. Аманжолов Рашид ад-Дин көрсеткен Жалайыр аталарының кейбір тегі қазіргі қазақтар ғана емес, өзге де рудың тармақтарда барын аңғарады [6].

Төлеңгіт руының шығу тарихы бірнеше болжамдардан тұрады:

1. Төлеңгіттер үлкен 3 халықтан : қазақтан, қалмақтан және қырғыздан құралған ру. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталған қазақ пен қалмақ арасындағы қырғын соғыстан бұрынырақ пайда болған. Ақындардың Төлеңгіт туралы толғауларында үш арыс: Мамадайыр, Құсшы, Қалмақ деген жолдары жиі кездеседі. Мұндағы Мамадайыр-қазақ, Құсшысы-қырғыз, Қалмағы-жоңғар. Төлеңгіт руының ішінде бұл негізгі үшеуінен басқа бірнеше рулар бар. Мәселен, Найманнан қосылған ру бүгінге дейін «Найман-Төлеңгіт» аталады. Ұлы жүз Ошақты руынан қосылған ру қазірде де «Ошақты» Оңтүстіктен келіп қосылған рудың аты «Оңажыт», ал сабанның арасынан тауып алған баладан тараған рудың аты «Сабаншы» аталады. Сондықтан да жұрт оны «Жаназардың туына, Өмірзақтың құтына жиналған сиырдың бүйрегіндей 40 рудан құралған Төлеңгіт», -деп айтады. Жаназар - Қалмақ руынан шыққан ту біткен батыр, Өмірзақ – Мамадайыр руынан шыққан, ақыл иесі, ел басқарушысы. Екеуі бірігіп осы айтып отырған Төлеңгіт руын құрған [8].

2. Шежірелік материалдар бойынша Мамадайыр, Мамашық, Тоғызак және Барқы – Алтайдың Сайдалы ру бөліміндегі Арыстан тармағынан тарайды. Бұл олардың шығу тегін көрсетсе керек. Шамамен, XVIII ғасырдың ортасында Мамадайыр мен Мамашық Абылай ханның төлеңгіттері болып қызмет етеді. Олардың өз руластарынан бөлініп қалуы жөнінде мынадай тарихи әңгіме бар: «Ертеде Сайдалының 8 немересі: Сүгірәліден туатын Дүкенай, Қабай, Жабай, Әлсейіт, Арыстаннан туатын, Мамадайыр, Мамашық, Тоғызак, Барқы барымтаға аттанады. Жарты жолдан Сүгірәлі балалары қайтып кетеді де, Арыстан балалары Үйсін жеріне бойлап кірген кезде қолға түседі. Қол-аяғына кісен салынбаған 13 жасар Барқы түнде қашып шығып, жапан түзде сауда керуеніне кезігеді. Айдалада жалғыз жүріп, аштықтан әбден әлсіреген баланы керуен күзеті жын-періге балап, атуға ынғайлағанда, керуен басы тоқтады. Әуелі дұға оқып, онан соң баланы ұстап әкелуге бұйырады. Жөн сұрасқаннан кейін, Сайдалы еліне бұрылып, Барқыны әкесіне табыс етіп, мол олжаны иемденеді. Қолға түскен Мамадайыр, Мамашық, Тоғызакты құлдыққа сатып жібереді. Біршама уақыттан соң,

Мамадайыр мен Мамашықты ұзатылған қыздың жасауымен бірге Көкшетау жаққа беріп жібереді-мыс. Барған елінде Мамадайыр бір байдың жалғыз қызымен көңіл қосып, алып қашады. Ханның төленгіті болып кіріп, батырлығымен аты шығып, әрі нәрестелі болғаннан кейін, бай кешірім жасайды. Деректерге қарағанда, «Мамадайыр Абылай ханның төленгіті болған; онда өз руымен бірге көшіп келіп, хан маңайына қоныстанған Жанназар атты қалмақ батыры да болыпты; Мамадайыр руының Өмірзақ атты байы Жаназармен жақын болып, үнемі бірге көшіп – қонып жүріпті; біріншісі малын аямаса, екіншісі Өмірзақтың Малың жауларынан қорғап жүріпті; олар өз араларына қорған, баспана іздегендердің бәрін қабылдай беріпті; Мамадайыр мен Қалмақ рулары өздеріне қосылғандармен бірге «Құрама» қауымын құрапты; кейіннен оларға қырғыздың – Құсшы руы қосылыпты. Олардың бәрі бірге Шұбартау болыстығының «төленгіттерін» құрайды. Олар жөнінде «Өмірзақтың дәулетіне, Жаназардың қуатына жиылған ел», – деп айтылады [2].

3. «Алаш» зерттеу орталығының «Арғын» жинағында (3-кіт.) тарақ танбалылардың туыстығы туралы: «VII-IX ғасырларда Ұйғыр қағанаты құрамында белді ру болған Төленгіттер Жалайырлармен бірге моңғол бірлестігіне кірген тұста, кейде Тарақты аталса керек. Ал Жалайырлар өздерінің құрамындағы Төленгіттермен бірге Шу және Сыр бойына қоныстанған тұста осылармен бірге жүрген Тарақтылардың бабалары Үйсіндермен де жақын араласып, бірнеше ғасыр қосы болды. Нәтижесінде, Үйсіндер де өздерінің шежіресінің бір үлгісін Тарақтан тарататын болып алды. Бұл, әрине, Тарақтылардың ежелгі Төленгіттер тәрізді Шыңғыс хан тұқымына жақын болуына байланысты болса керек» (581-582-б.), «Тарақты тайпа ретінде XIV-XV ғ. Жалайыр төленгіттерінің ыдыраған руларынан және жоңғар шапқыншылығы тұсындағы әлсіреген Арғындардың ру тармақтарының қосылуынан пайда болған десек, тарихи шындыққа әлдеқайда жақын пікірлер айтар едік [9].

4. Қазақтың ту тіккен, алтын тағы орналасқан Түркістаннан Әбілмәмбет ханның төленгіттерін бастаған Жаназар батыр да Әбілпейіз сұлтанға еріп келгенде олардың алғашқы қонысы Шұбартау болғанын, одан кейін Шыңғыстау, Шар Құрбан, одан Тарбағатайға қарай жылжығанын ескерсек, онда осы көш бойындағы географиялық ендік, территориялық үштік бойынша орналасқан әскери – жасақ тобын көреміз. Бұл топ – Сартабын, Ақтабын, Қаратабын. Расында да Шұбартау төленгіттерінің

XVIII ғасырдағы ең ауыр, үлкен территориядағы шашыранқы шекаралық алқапқа Сары, Қара, Ақ деген түстік атау ретімен орналасуы да көп мәселені аңғартса керек. Бұл үштік одақ түпкі этникалық туыстық бойынша емес, территориялық – әкімшілік тұрғыда қарастырылған әскери құрылым болатын. Төленгіттердің элиталық әскери тобын басқарудың оңтайлы бұл түрін ата-бабаларымыз Шыңғыс ханнан келе жатқан әуелгі дәстүрден алғанын көреміз. Шыңғысханның кезінде, төленгіттер жасағын інісі Архай Хасар басқарған. «... Шыңғыс қаған сол жерде Архай Хасарды ерекше жақсы көріп; «Ең жақсы батырлардың мыңын тандап ал. Соғысар күні алдымен жүріп шайқас. Басқа күндерде менің кезекші кептеуіл, торғауыт, кешіктен міндетін атқаратын қаршы боласың» – деп өмір етті [10].

5. Төленгіт «Түгел тарихта» Шыңғыс ханның дәрегейіне келтірілген қонысы шалғай тайпалардың қатарында айтылады. Татар Даласының терістік сыртында, орманды алқапта тұрады, сондықтан да «ағаш-елі» атанатын қауымға жатады. Бұлардың тіршілік кебі ортақ – негізінен аңшылық болғанымен, тұқым-тегі де, тұрмыс-салты да әрқилы деп жазған Рәшид-әд-Дин. Ал төленгіттің түрік нәсілді екенін атап көрсеткен. Төленгіт (теленгут, теленгит) – түрік әлемінің шығыс атырабында қалыптасқан ежелгі рулардың бірі. Түп негізі (толанко, доланге) ғұн жұртының бір әулеті саналатын, қытай деректерінде гаогүй аталған Теле тайпа бірлестігінен бастау алады. Жарақты әскері бір түмен, яғни бүкіл төленгіт – 10 мың шаңырақ, 50 мың жан шамасында болған. Ғұн ұлысына жалғас Ұлы Түрік қағанаты кезінде тоғыз-оғұз құрамындағы саны мол әрі жауынгер, негізгі рулардың қатарында, Толы өзенінің аңғарында жасапты. Алып мемлекет екіге бөлінгенде Көк Түрік – Шығыс қағанат құрамында қалады. Бұл кезде Ұлы Даланың орталық-шығысындағы Запқан өзенінің бойында қоныстанған екен. Көк Түрік ұлысы ыдырағаннан соңғы қыркыс, бұлғақ замандарда саны азайып, қуаты да кеміп, Байкөл маңы, Саянның сыртына қарай ығысқаны байқалады. Бұл кезде әуелгі қуатты қауымның кейбір бұтақ, бөлшектері Ұлы Дала шегінде қалған басқа бір іргелі тайпалардың құрамына кіргенін көреміз. Мәселен, Рәшид-әд-Диннің көрсетуінше, он ата жалайырдың үлкен бір тармағы төленгіт аталады.

Дербес төленгіт руы Шыңғыс хан Еке Ұлысты ұйыстырғаннан соңғы кезеңде, орман халықтары қатарында бағынышқа түседі және шөнес, адарқын, төлеспен бірге, барын бастаған түменге қосылған. Әйткенмен, Сартауыл, Дәшті-Қыпшақ, Батыс жорықтарына қатысты

әдебиетте төлеңгіт есімі ұшыраспайды. Сірә, бұл заманда елеусізге жакын, шағын жұрт болғандықтан. Алтын Орда мен Шағатай ұлысынан соңғы көшпенді өзбек және ноғай тайпаларының санатында тағы жоқ. Тек сәл кейінірек, Алтай атырабынан бой көрсетеді. Ресей тарихында теленгит, теленгет деп жазылатын бұл жұрт XVI ғасырдың орта шенінде телеүіт және өзара туыстас басқа да түрік текті рулармен бірлестікте орыстар «Белые калмыки», қазақтар «Құба қалмақ» атаған дербес Төлеңгіт ұлысының туын көтереді. Жүз елу жылдан астам ұзақ уақыт бойы терістікте Ресей өктемдігіне, түстікте Ойрат шапқыншылығына төтеп беріп, тәуелсіздігін сақтап тұрыпты. Алтай төңірегіндегі түрік тектілер арасында «Ала қайыңнан көп төлеңгіт» деген мәтел сол кезде шықса керек. Ақыры, ұзаққа созылған ауыр соғыстардан осы XVIII ғасырдың соңында, Дүрбін-Ойрат хандығына кіріптар болған «құба қалмақтар» 1710 жыл шамасында Жоңғардың ішкі аймақтарына көшіріледі де, арада қырық бес-елу жыл өткенде, мәнжу-қытай шапқыншылығы кезінде ел иесі «қара қалмақтармен» бірге қырылып кеткен. Ежелгі төлеңгіт тайпасының өз атымен сақталған азғана жұқанасы бүгінде Ресей Федерациясы құрамындағы Таулы-Алтай автономиясы, Алтай аймағы мен Кемерово облысының шегінде жасайды, құрып бара жатқан шағын халықтар санатында. Төлеңгіттің кезінде Алтайдан Дүрбін-Ойрат шегіне зорлықпен көшіріліп, Ыстық-көл төңірегіне қоныстанған, бұдан соңғы қырғыннан қақас қалған бір тармағы мұндыз руы бүгінде қырғыз халқының есебінде. Әлбетте, айттық, кез келген ру – күрделі құрылым, әуел бастағы ұйтқы топтың төңірегіне туыстас, қоныстас тағы қаншама жұрттың топтасуы нәтижесінде қалыптасқан категория. Сондықтан бүгінгі қазақтағы кез келген ру сияқты, төлеңгіт те өзінің әлмисақтағы болмысын сол күйі сақтап қалды деп айтуға болмайды. Бірақ түп негізі – бағзыдағы тегінен тысқары емес. Рәшид-әд-Дин шежіресінде төлеңгіт аталары таратылмайды. Жаңа замандағы деректер бойынша, Алтай өңіріндегі, оқшау отырған, яғни өзінің әуелгі қалыбына жакын төлеңгіт жұртында: мұндұс, тодош, ырғыт, көбек, сағал, тоғұл, тонжон, орсак деген және қыпшақ, алмат (ежелгі керейдің бір бұтағынан), найман, төлес, меркіт есімді тармақтар бар екен. Бұлардың бастапқысы – төлеңгіттің өзіне ғана тән деп шамаласак, соңғылары – кейінгі жаңқа-жарқадан қосылған жұрт деуге тиіспіз. Ал қазақтағы төлеңгіт: мамадайыр, құсшы, қалмақ, дейіт, табын, найман, жемет, қара ешкі, уанас, жалаң, таз, жөлке, онажыт, боран, телеу деп жіктеледі. Талдап тарату – бұл кітаптың міндетінен

тысқары. Тек бір ғана сөз – мұндағы «қалмақ» – кәдімгі қалмақ емес, XV–XVI ғасырлардағы Дәшті-Қыпшақ көшпенділері құрамында аталатын рудың бір ұшқыны, немесе әуелгі біртұтас төлеңгітпен бірге келген аттас қауым болса керек [7].

6. Айырқалпақтан Созақ және Қазақ туады. Созақтан Тұлпар және Сүйір туады. Сүйірден тұқым жоқ. Тұлпардан алты арыс Қарақалпақ туады. Олар мыналар: Қытай, Қыпшақ, Қонырат, Кеңегес, Манғыт, Мүйтен. Қытайдан 9 (тоғыз) бала туады, соның біреуі Қазаяқты. Молдиман осы Қазаяқты тұқымы. Молдиманнан Салмырза, Салмырзадан Қараша, Қарашадан Ерубай, Ерубайдан Көккөз (Манас батыр) туады (көзі көк, батыр кісі болғандықтан «Көккөз батыр» атанып кеткен). Көккөз шамамен 1700-1710 жылдар шамасында дүниеге келген. Қарақалпақ елінің Қызылқұм өңіріндегі Тамдыбұлақ, Мыңбұлақ жерлерін өзінің туыс-бауырларымен мекендейді. Ол кезде бұл жердер Хиуа ханының иелігінде болған. Көккөз батыр Хиуа ханының қызметкері, «нойт» болып істейді. (Нойт – сырттан базарға түскен малдан, заттан салық жинаушы ханның қызметкері). Ханның басқа қызметкерлері Көккөзді көре алмай, ханға жамандайды. Көккөзді қызметінен босатып, жазалайтын болған соң, ол өкпелеп бір түнде үй-ішімен алдымен Жаңадарияға көшіп кетеді. 5-6 ай өткен соң Кіші жүз ханы Ералының (әлде Нұралының) қарамағына Қазалыға (Қармақшы) келеді. Хан асық жілік ұстатып, бала қылады, нөкер басы етіп ХАН ТӨЛЕҢГІТІ деген атақ береді. Көккөзді сұрап Хива елінен, ханынан бірнеше рет кісі келеді. Көккөз қайтпай, ханның қарамағында қалады. Өзіне адал қызмет еткен қадірлі кісіні (Көккөзді) Хан да жібергісі келмейді. Көккөздің 4 ұлы болады. Хан халқына: «Көккөздің төрт баласы бар: Олар Жұмақай, Өтеген, Құдайберген, Жиенқұл. Енді қияметте де қыз алыспайсындар» деп бата береді. Жиенқұл Өтегенмен өншілес болады. Ералы ханның (Нұралы ханның) әкесі Әбілқайыр ханды орта жүздің сұлтаны Барақ батыр өлтірген екен* (Ауызекі жеткен әңгімелерде Ералы хан айтылғаныммен, тарихи зертеулерге сүйенсек, бұл Ералы емес, ағасы Нұралы ханға көбірек сәйкес келеді. Ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен бұл тарихтың бір тұсында қателік кетіп, Нұралы мен Ералы ауысып кеткен болуы мүмкін). Хан сол кеткен кегін қайтару мақсатында Көккөзді 300 қолмен аттандырады. Көккөз жолға шығарда досы Ер Сейтпенбет кожадан бата алып аттанады. (Ер Сейтпенбет Көккөз бұл жорықтан қайтып оралғанша дүниеден озады. Көзжұмар алдында Ер Сейтпенбет балаларына Көккөздің бұл жорықтан аман-есен оралатынын, өзінің мүрдесін ақ түйеге артып, түйе қай жерге шөксе сол жерге

жерлуін өсиет етіп айтыпты. Неге бұндай шешімге келдіңіз, жалғыз мола болып қалып қоймайсыз ба?, – деген балаларының сұрауына: «Мен жалғыз қалмаймын, мен кейін 40 күннен соң Көккөзім келеді», – деп жауап қатады. Бұл жорықтан көп нөкер жолдан қайтып кетеді. Көккөз үлкен баласы Жұмақаймен қайтпай барып, ханның кегін алып береді. Көккөзге риза болған Хан Көккөзге «АМАНЖОЛЫМ» деп ат қойып, Хан Таңбаны сыйлайды. («Қаз таңба» – Қазаяқты таңбасы). Көккөз батыр бұл дүниеден өтерінде төрт баласына мынандай өсиет айтып кетеді: «Жұмақай, саған өнер сыйлаймын. Құдайберген, саған билікті сыйлаймын. Өтеген, саған Тайтұяқ сыйлаймын. Жиенқұл саған Хан таңбасын сыйлаймын. Төртеуің де ТӨЛЕҢГІТСІҢ, тайпа болып жерімді, Тамдыбұлақ пен Мынбұлақты иеленіндер» дейді. Көккөз батыр Қармақшы ауданының орталығы Жосалыдан 90 шақырым жерде, Байқоңырдың оңтүстігінде, Ер Сейтпенбет қожаның қасына жерленген. Кейінірек, біраз уақыт өткен соң, Бөрте батыр мен Тай батыр Қазалыдан Тамдыбұлақ жеріне келеді, бірақ осы жердегі басқа рулар жерін бергісі келмейді. Бөрте батыр қапыда қаза болады. («Оны ұйықтап жатқан жерінде өлтіріп, Бұхараға қашып кеткен – Құдияр қарақшы» – деген ел ауызында сөз бар). Тай батыр Қарақалпақтың Жабы батырымен достасып, бірге Тамды жерінен Кіші жүз руларын Сыр бойына ығыстырып тастапты. Жабы батыр ұрпақтары қазіргі уақытта Тамды, Кенімех жерінде тұрып жатыр. Арада біраз жылдар өткен соң Кіші жүздің Шобдар руынан шыққан Дәуітбай батыр Тамдыға келіп, Тай батырмен достасыпты. Содан бері Тамды жерінде Кіші жүз рулары Төлеңгіттермен тату-тәтті тұрған екен [5].

7. Қазақ, қалмақ заманында қазақтың Мәшүріп деген, қалмақтың Қонтажы дейтін хандары өмір сүріпті. Қалмақ ханы Қонтажыдан Ақжүніс атты қыз туып, ержетіп көмелет жасқа толғанда, қазақ ханы Мәшүріппен көңіл қосады. Мәшүріп Қонтажыға кісі салдыруға бата алмайды. Күндердің күнінде қалмақ ханының жайлауындағы түйелері алақүшік ауруына шалдығып қырыла бастайды. Мәшүріптің ауруға ем жасайтынын біліп, уәзірлердің айтуымен Қонтажы Мәшүріпті ордасына шақыртады.

– Сен, Мәшүріп, менің қазақ арасында ұнатқан хандарымның бірісің. Менің түйелерім ауруға шалдықты, осыны жаза аласың ба дегенде, Мәшүріп: – Жазсам қалағанымды беруге қалайсың? – дейді. Хан беремін дейді. 3 жыл түйелерін емдеп, ханға өткізіп, қалмақ ханының қызына үйленеді. Той өткен соң қалмақ ханы өзінің күйеубаласы болған Мәшүріпке: – Менің де өсіп жатқан басым шамалы 2 ұлым бар, соларға бас-көз боларсың. Еліңе қайтпа

дейді. Мәшүріп келіншегіне былай дейді: – Құдай қосқан қосағым Ақжүніс, мен еліме қайтқалы жүрмін, өйткені дәм-тұзым таусылғалы жүрген сияқты, өліп кетсем сүйегім қалмақ жерінде қалмасын. Өзің қазір жүктісің. Енді 6 айдан кейін аман-есен босанасың. Егер ұл бала туылса атын Желден қой. Өзің де кешікпей 40 күннен соң дүниеден қайтасың, – дейді, – атын Желден деп қой деу себебім, жел арқылы қазақ елін іздеп табады ма дегенім еді, – деп кешу айтады. Ақжүніс айтқан уақытында ұлды болады. Атын Желден қояды. Содан кейін Ақжүніс те дүние салады. Желден 7 жасқа келгенде өзімен жасты балаларды күрескенде ешбіреуін шыдатпай жығады. Осы жайды білген қалмақ ханының уәзірлері ханға былай дейді: – Сіздің қазақтан туылған жиеніңіздің күші 7 жасында осындай, 16-17 жасқа келгенде, екі балаңызға орын бермей, осы қалмақ елін Желден басқаратын болады. Осыны ойладыңыз ба? – Ендеше не істе дейсіндер? – Біздің айтарымыз күшін кемітуіміз керек. Ол үшін шарап ішкізіп мас болып жатқанда, жауырын шеміршегін алдыруымыз керек, – дейді. Хан келісім береді. Желден жауырын шеміршегінің алдырғандығын бірге ойнаған жолдас баладан біліп, бір күнде тоқтамай қалмақ еліндегі бытырап жүрген қазақтарды ертіп нағашысы Қонтажы ханнан рұқсат сұрамай қазақ еліндегі төренің қолына келеді. Төре қуанып, той жасайды. Той аяқталған соң, Желденді үйлендіріп, ел қатарына қосады. – Сен Желден, жел арқылы желдегендей болып өз елің қазақты тапқандықтан Желден деген атыңды өзгертіп Төренің Төлеңгіті деп атаймын, – дейді. Содан Төренің Төлеңгіті атанып, Төлеңгіттен тараған ұрпақ Төлеңгіт руы аталған. Төлеңгіттен (Желден) – Бекарыстан – 1) Қақы 2) Сақы деген екі баласы. Қақыдан 1) Алдияр 2) Молдияр деген екі баласы. Алдиярдан-Уанас-1) Сарман 2) Төлек деген екі баласы. Молдиярдан Құнату-1) Қанай 2) Қонай 3) Тақай. Қанай атадан сегіз бала. 1) Өтеулі 2) Өтепберген 3) Құдайберген 4) Кісілен 5) Дербіс 6) Қоныр 7) Бұлан 8) Дан [4].

Қорыта келе, Төлеңгіттер қазіргі күнде Шығыс Қазақстанда қоныстанған. Қазақ халқының басқа рулары сияқты, төлеңгіт руынан шыққан тұлғалар да ел өмірінде елеулі із қалдырды. Абылай хан заманындағы қолбасшы Жаназар батыр, XIX ғасырдың алғашқы жарымында өткен ақын қыз Жазық, XIX–XX ғасырлар шегінде жасаған күйші Дина Нұрпейісова, XX ғасырдың екінші жартысында атағы шыққан математик Орынбек Жәутіков, Қазақ ұлт аспаптар оркестрін түрлентіп, қайта құрған дирижер Шамғон Қажығалиев, классик жазушы Тәкен Әлімқұлов, белгілі әдебиет сыншысы Зейнолла Серікқалиев осы төлеңгіт руынан шыққан адамдар.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан ұлттық энциклопедия Бас редакциясы Алматы 2006ж VII том 471 б.
- 2 Қазақстан тарихы 2010 IX том 142-150 б.
- 3 Қазақстан тарихы 2010 II том 144-145 б.
- 4 Аңыз әңгіме (Төлеухан Өсімбеков шежіресінен).
- 5 <http://www.tolengit.kz/index.php/history>.
- 6 <http://www.tabyn.kz>.
- 7 <http://writers.kz>.
- 8 Бәуов, С. Мәнің Шұбартауым . – Алматы: Нұр Принт, 2011. 114-115 б.
- 9 <http://serke.org/news>.
- 10 www.tolengit-atalyk.kz.
- 11 Кемелбеков, Б. Жасымбаев, Е. Қазақ хандығының аталықтары мен төлнәгіттері: Мемлекетке қызмет істеу, тарихи оқиғаларға қатысы және шежіресі. Алматы: «Информ Арна», 2013 29, 139-140 б.

ҰЛЫ ЖЕҢІС – ҰРПАҚА АМАНАТ

БАЛТАШЕВА Р. Ж.

7 «А» сынып оқушысы,

«№ 30 жалпы орта білім беру мектебі» ММ, Павлодар қ.

Осыдан 70 жыл бұрын, дәл осы күнітаң қылаң берефашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады.

Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі беларусь жерінде қалған.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға

еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалармен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

1939 жылдың дерегі бойынша,біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясымен басқа да құрылымдар жасақталған. Фашистермен болған шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы кавалериялық дивизиялар, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 209-шы Зайсан, 219-шы минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші және 992-ші авиациялық полктер ерекше көзге түсті. Майданға 14 100 жүк және жеңіл автокөлік, 1 500 шынжыр табанды трактор, 110 400 жылқы, 16 200 арба жөнелтілді.

Қазақстанармия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға далайықты үлесқосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнастам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-денастам адам – Даңк орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар – Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павловжәне Леонид Беда. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы – мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар.

Рейхстагқа Жеңіс туынтік кендердің бірі қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі – Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім. Гитлерліктер КСРО-ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібірмен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнер кәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын жайғастырылды, 532 506 адам көшірілді. Оған

қоса, жаңа өнер кәсіптік нысандардың құрылыстары жеделдетілді. Соғыстың алғашқы 1,5 жылында Қазақстанда 25 кен орны пен шахта, 11 кен байыту фабрикалары, 19 жаңа көмір шахтасы, 3 разрез, 4 жаңа мұнай кеніші мен Гурьевтегі мұнай өңдеу зауыты іске қосылды.

Теміржол құрылысы жалғасты. 1942-1943 жылдары Мақат-Орск, Ақмола – Магнитогорск желілерінің құрылысы аяқталды. Соғыс жылдары Қазақстан жалпы одақтың мысқұймасының 30 пайызын, марганец кенінің 60 пайызын, мыс кенінің 50 пайызын, металл висмуттың 65 пайызын, полиметалл кендерінің 70 пайызын, мырыш өнімінің 85 пайызын берді. Қорғаныс өнеркәсібіне қажетті мыстың үштен бірі Қазақстанда өндірілді, сондықтан да соғыс жылдары әрбір 10 оқтың тоғызы Қазақстанда құйылды. Республикада танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы жүрді. 1941 жылдың күзінде Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы (ВЛКСМ) атындағы танк дивизиясын құруға қаржы жинала бастады, бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды. Кейінірек халық қаражатын атағы 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилия, торпедокатерлер мен атаулы ұшақтар жасалды. Соғыс жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға 480,3 миллион рубль жинап берді.

Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өзүлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Еразаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға Полвольжеден жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды. 1942-1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы,

110 мың түрік-месхетиндер, 180 мыңқырым татарлары күшпен жер аударылды. Оған қоса, күнсайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды.

Ұлы Отансоғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүрсілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1 710 қала және 70 мыңнан астам село-деревнялар, 31 850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым теміржол, 4 100 темір жол стансасы, 36 мың пошта-телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған.

Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкімде ұмытпауы, еш нәрседе ұмытылмауы керек.

9-мамыр Ұлы жеңіс күні. Сұрапыл соғыстың сұм жолдарын бастан кешіп, қан майданда от кешкен қаһарман жауынгерлеріміздің Ұлы Жеңіске қол жеткізген күні, тарих беттеріндегі ерекше тебіреніске, қайғы мен қуанышқа бірдей толы күн. Бұл күн ерлік көктемі, Жеңіс көктемі. Жеңіс жалауын желбіреткен ерлік мерекесінің 69-шы жылы.

Осы жылдарды бастан кешкен алдыңғы аға буын өкілдерінің төзімділігі мен ержүректілігі бүгінгі және келешек ұрпақ санасында нағыз адамдықтың, отансүйгіштіктің үлгісі болып қала бермек. Ақтаңдақ жылдар енді ешқашан қайталанбасын деп тілеп, сондағы айбарлы аталарымыздың жан аямас жауғүректілігі мен тыл еңбеккерлерінің ерен еңбектеріне құрмет пен бас иеміз.

Толғанысқа толы күнде еліміздің түкпір-түкпірінде Мәңгілік алау жанында мыңдаған адамдар елі үшін күресте қаза тапқандарға тағзым етуге келері анық.

Жер-дүниені дүр сілкінткен соғыс өртінің сөнгеніне биыл 70 жыл.

Қуаныш пен қайғы жасы қатар келетін Жеңіс күні мерекесі баршамыз үшін өте қастерлі, аса қымбат. Бұл мереке – жанқияр

ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауы желбіреген күн. Шартарапты шарпыған Ұлы Отан соғысы, әрбір шаңыраққа, әрбір азаматымыздың жүрегіне қаралы ізін қалдырғаны белгілі. Соғыс жылдары, Отан үшін от кешіп, ерлікпен шайқасқан сұрапыл жылдар бүгінгі егеменді еліміздің шежірелі тарихында үлкен орын алып отыр.

Осыдан 70 жыл бұрын, бұл күні адамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын соғысы Ұлы Отан соғысы аяқталды. Екінші дүниежүзілік соғысқа, біз үшін Ұлы Отан соғысына 6 материктің сол кездегі әлемнің дербес 60 астам елі қатысқан болатын.

Айбынды білек, жеңістеріне сенімді ыстық жүректері мен қайрат күштерімен кешегі жігіттер бүгінгі, өнегелі аталарымыздың арқасында 1945 жылдың 9 мамыр күні Ұлы мейрам – жаудың жеңіліп, соғысты жеңіспен аяқталған күні!

Қазақ топырағынан Ұлы Отан соғысына бір миллионнан астам ержүрек жауынгерлер қан майданға аттанған. Олардың көпшілігіне Вермахттың сакадай сай әскери күштеріне қарсы тұруға тура келді. Екінші дүниежүзілік соғысына кейбір деректер 2 млн. адам қатысты делінеді. 600 мыңнан астам қазақстандық немесе соғысқа қатысқандардың әрбір төртіншісі бұл соғыстан оралмады. 503 қазақстандық жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанса, оның ішінде 4-еуі: Т. Ж. Бигелдинов, Л. И. Беда, И. Ф. Павлов және С. Д. Луганский 2 мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алды. 110 қазақстандық Даңқ орденінің толық иегері болды.

Бұдан бөлек, бүкіл соғысты басынан өткерген қазақстандық 12 дивизия құрметті атақтаралды. Олардың бесеуі – бір, төртеуі – екі, екеуіш орденмен марапатталды. Бес дивизия гвардиялық аталды, олардың ішінде Кеңес Одағының Батыры И. В. Панфилов атындағы атақты 8-гвардиялық дивизия бар. Бауыржан Момышұлыбасқарған әйгілі дивизиясының құрамында 1941 жылдың қыркүйек айынан бастап қатысты. Батальон командирі ретінде Бауыржан Момышұлы 207 рет ұрысқа қатысты. Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының жылдың 12 желтоқсанындатуғанына 80 жыл толуына орай Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атақ берілді. Б. Момышұлының «Әділет қашанда жеңеді, ол кешіксе де келмей қоймайды» деген сөзі шындыққа айналып, ел тілегі орындалды. Рейхстагқа шешуші шабуылға шыққан және Жеңіс туын тіккендердің ішінде қазақстандық Р. Қошқарбаев, капитан Б. В. Чупрета, минометші А. Бактыгереев, пулеметші П. Е. Вицько, байланысшы К. М. Волочаевтар болды.

Сол жылдары Қазақстан соғыстың тылдағы арсеналы болды. Неміске атылған 10 оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды. Кездесу аяқталғаннан соң студенттержәне тьюторлар Мәншүк Маметованың бюстына гүл шоғырларын қойды. Бүгінде Жеңіс күні мерекесі адамдардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш күні. Бұл кастерлі мейрамның мән мағынасы уақыт өткен сайын еш өшпек емес, себебі оның құндылығығасырлар бойы жаңа жас буын ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық жеңген Ұлы күн! Мерекелеріңіз құтты болсын! Енді соғыс болмасын тек бейбітшілікте өмір сүрейік.

Сіздерді Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Осындай айтулы күні біздер құрметті ардагерлеріміздің алдында ерекше бас иеміз. Себебі, бұл мереке батылдық пен ерліктің, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі және қаһармандықтың символы. Сол сұрапыл соғыс жылдары, ел басына күн туып, ер басына мұң ұялаған кезде Отан мен туған жердің намысын, болашақ ұрпақтың келешегін ойлап, майданда қан кешкен қазіргі ортамызда отырған ардагерлеріміздің ерліктері ел жүрегінде мәңгілікке қалып, келешек ұрпақ санасында жаңғырып тұрары даусыз. Әділдік пен зұлымдықтың соғысы деп бағаланған майдандағы аға буын өкілдерінің ерліктері бүгінгі ұрпақ үшін нағыз отан сүйгіштіктің, Отан қорғаудың жоғары үлгісі болып қала бермек. Ардагерлеріміздің ерен ерліктерінің арқасында біз бүгін бейбіт өмір, бақытты ғұмыр кешудеміз. Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың, әкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын әлемге танытқан қасіретті соғыс болса, бұл күнде Ұлы Жеңіс күніардагерлеріміздің ұлы ерлігін мәңгілікке ел жадында сақтауға арналған ең кастерлі мереке.

Осыдан 70 жыл бұрын адамзат тарихында ең ауыр және қанды соғыстың соңғы оқтары атылды. Содан бері 1945 жылдың 9 мамыры жұртшылық жадында біздің халқымыздың ерлік үлгісі, мұқалмас қажырлылығы мен мызғымастығының сим-волы болып келеді.

Сол бір қаһарлы соғыс жылдары алыстаған сайын оның маңызын біз ерек-ше ұғына береміз. Сондықтан да халық ұзақ күткен Ұлы Жеңісті жақындатуда май-данда да, тылда да жанқиярлықпен күрес-ке түскендердің барлығы айрықша құрметке ие, қаза тапқандардың рухына тағзым етеміз. Аға ұрпақ алып берген Жеңіс бүгінгі күні де бізді жетістіктерге жігерлендіреді, жанымызға қуат береді, қиындықтарды жеңіп, алға ұмтылуымызға көмектеседі.

Біздің парызымыз-бұл соғыстағы Жеңістің бізге қалай келгендігін ұғыну, қаза тапқандарды қадір тұтып, арамызда жүрген ардагерлерге ұдайы қамқорлық көрсету. Бүгінгі буын Жеңіс солдаттары алдында мәңгілік қарыздар, сондықтан да біз аймақтық ауқымда ардагерлерге жан-жақты әлеуметтік қолдау көрсету үшін барлық мүмкіндіктерді жасаудамыз.

Биыл 2015 жылыраға бірерайсалып, жалпыадамзат өзінің тарихында жазылған қаһарлы соғыстағы Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесін тойлағалы отыр.

Ғұмырымыздағы аса қуанышпен қарсы алатын мерекелеріміздің бірі – Жеңіс күні. Жеңіс күні қанша уақыт өтсе де, қилы өзгеріс болып жатса да ұрпаққа ең ыстық мейрам болып қала береді.

9 мамыр Жеңіс күні - әр адамды толқытатын ерекше, аса қастерлі де айтулы күн. Бұл Жеңіс болмағанда көптеген елдер мен халықтардың тағдыры басқаша қалыптасып, Қазақстанымыз да тәуелсіз ел болмас па еді? Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні – соғыстан оралмай қалған жауынгерлердің рухына бас иіп, ал, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне бұрынғыдан да құрметпен қарап, олардың жауынгерлігіне және ерліктеріне тағзым ететін күн.

«Ер бақыты ел қолында, ел бақыты ерлер қолында» – деп батыр ағамыз Бауыржан Момышұлы айтып кеткендей, ардагерлер – Қазақстан халқына бейбітшілік, тыныштық, береке, бақыт орнатқандар. Сұрапыл соғысты басынан өткеріп, бізді жеңіске жеткізген ағаларымызбен бабаларымызды, сол жылдарда қиындыққа төзіп, тылдағы ауыр жұмыстарды атқарып, сонысымен Жеңіс күндерді жақындатқан аналарымызды да мақтан тұтамыз. Соғыс майдангерлері Отанға деген шын сүйіспеншілігімен, ерліктерімен, қайсарлығымен, жігер-қайратымен, ел қорғау сезімімен келер ұрпаққа үлгі болды. Еліміздің тарихында, жалпы әлем тарихында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімі өшпес ерліктерімен мәңгілікке жазылып қалды. Жалпы тарих үшін бұл азғана уақыт болса, адамзат өмірінде алатын орны ерекше. Қан майдан, сұрапыл соғыс жылдарында «Отан үшін отқа түс, күймейсің» - деген ұранмен шайқасқан, бүгінгі күні санаулы қалған ардагерлеріміздің ерліктеріне бас иіп, құрмет көрсету бүгінгі ұрпақтың өтелмес парызы.

Кейінгі буын ұрпақтар тарапынан көрсетілген көмекке ардагер қарттарымыз алғыс айтып, көздеріне жас алды. Омырауларына жарқыраған орден-медалдарын тағып, бейбіт күнге шүкіршілік айтып отырған қарттарымыздың жанарынан тағы бір нәрсені аңғаруға болады. Ол – соғыстан оралмаған үзеңгілес достарын еске

алып, күрсінуі. Кездесуден соң ардагерлерден армандарына құлақ түрдік. «Ел бірлігі – бәрінен қымбат. Тыныштық болсын! Еліміз аман болсын!», – деді қадірлі қариялар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Алматы. Энциклопедиялық анықтама. – Алматы, «Қазақ совет энциклопедиясының». Бас редакциясы, 1983. – 624 б.

2 Байқұлов, М. Жеңіске дейінгі жеті өткел – Алматы: Қазақстан, 1994. – 80 б.

3 Герои Советского Союза: Краткий биографический словарь / Пред. Ред. Коллегии. И. Н. Шкадов. – М. : Воениздат, 1988. – Т.2. – 863 с.

4 Ер мен елдің жеңісі/ Құраст. М. Кеңбейілов. – Алматы: Қазақстан, 1985. – 256 б.

5 Совет Одағының қазақстандық Батырлары. 2т. Құраст.: П. С. Белан, Н. П. Калита – Алматы: «Қазақстан», 1969. Т. 1 (А-Л). – 476 б.

КЕРЕЙ МЕН ЖӘНІБЕКТИҢ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ

БӘКІБАЙ М. Т.

8 «А» сынып оқушысы,

«№ 30 жалпы орта білім беру мектебі» ММ, Павлодар қ.

Біздер, яғни еліміздің болашағына міндетті мектеп оқушылары биылғы атап өтілетін мерейлі тойларға өз үлесімізді оқудағы жетістігімізбен қосып, белсенділік танытудамыз. Осындай елеулі оқиғаларды кең көлемде тойлайтындай мүмкіндіктің барлығы – еліміздің тыныштығының арқасы деп ойлаймын. Бұл бақытты күнге қол жеткізген арғы аталарымыз, ұлы ел басшылары, бүгінгі күндегі ел билеушіміздің саралы саясатының арқасы деп білемін.

Мен өзімнің мақалама тиек етіп алып отырған тақырыбым – халқымның ғасырлар бойы аңсаған іргесі бөлек ел қалыптастыру арманына қол жеткізген хандарымыз туралы еді.

Қазақ мемлекетінің құрылуы шығу тегі өмір сүру салты және мәдениеті жағынан туыстас түрік тайпаларының табиғи бірлесу үрдісін қамтыды.

Қазақ халқының және орталық Азияның басқа халықтарының мемлекеттілігін дамытуда Ақ орда Әбілқайыр хандығы, Моғолстан,

Ноғай ордасы мемлекеттерінің құрылуы маңызды кезең саналды. Бұл мемлекеттерде ортақ мәселелер көп болды. Бұл тұрғындарды ұйымдастырудың ұлыстық жүйесі-хандық билік қарулы күштерді қалыптастыру принципі халық жүйесі еді. Бір қалыпты тұрақты өмір сүрген Ақ орда Әбілқайыр хандығы Моғолстан және Ноғай ордасы тайпалардың өмір сүріп дамуына кепілдік берді. Сыртқы басқыншылықпен ұйымдасқан түрде күресуге мүмкіндік туғызды.. Одан кейін этникалық жағынан бір текті мемлекеттердің бірігуіне жағдайлар жасалды. Сонымен бірге қазақ руларының бірнеше мемлекеттер құрамына енуі сондай-ақ, өзара қырқыстар халықтың қалыптасуын тежеді.

Қазақ хандығы құрылуының нақты барысы XV ғасырдың екінші жартысында құлдырау және құлауды бастан кешірген. Қазіргі Қазақстан аумағындағы екі мемлекеттің- Әбілқайыр хан жағдайымен байланысты болды. Екі мемлекетте де көшпелі ақсүйек қауымының қуаттылығы мен оның саяси тәуелсіздікке ұмтылуы күшейді. Қазақ хандығының пайда болуы Шығыс Дешті Қыпшақ, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның орасан зор аумағындағы әлеуметтік экономикалық және саяси үрдістердің заңды нәтижесі болып, Қазақ мемлекеттілігінің құрылуы Жәнібек пен Керей есімдерімен байланысты. Олардың әулеттік мүдделері даладағы билік үшін күрес, рулық ақсүйек қауымының да, қатардағы көшпелілер мен егіншілердің де мүдделеріне сәйкес келді. Олар халықтың дербес мемлекет құруға ұмтылысын білдірді.

Бұл жағдайлар жеке қазақ мемлекеттілігін қалыптастыруын нақты себептері мен шарттары болып табылады.

Қазақ мемлекеттілігінің құрылу үрдісі.

Керей мен Жәнібектің Көшпелі өзбек мемлекетінен көшіп кетуі Әбілқайыр хандығының ішіндегі қарама қайшылықтардың шиеленісуі мен хан билігінің әлсіреуі кезіндегі сұлтандардың қарсылығының бір түрі ғана болды. Сонымен бірге бұл қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына және жаңа мемлекеттің атауын анықтауда маңызды рөл атқарды.

Біз деректерден хан билігінің хан саясаты оның қол астындағылардың мүдделеріне қаншалықты жауап бергендігіне байланысты болғандығын көрсететін біраз мысалдарды кездестіреміз. Хандық билік дала ақсүйек қауымының мүдделеріне қарсы келіп немесе оның құқықтарын шектеген кезде оған тәуелді феодалдар өзінің басшысынан кетіп қалған Әбілқайыр ханның ортақ билігінің құлдырауы, Көшпелі өзбектер мемлекетіндегі жіктелу және Керей мен Жәнібектің көшіп кетуіне себеп болды.

Қазақ хандығының құрылуы Қазақстан аумағында ежелден бері үздіксіз жалғасып келе жатқан этникалық процесті жаңа белеске жеткізіп, қазақ халқының халық болып қалыптасқандығын көрсетті. Осылайша, Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызын этникалық тұрғыдан қарастыра келе, ол – қазақ халқының қалыптасуы кезеңін аяқтауға тікелей ықпал етті, этникалық процесті халықтық деңгейге көтерілген этносқа – «қазақ» атты этнонимді бергізді деп санаймыз. Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы – жоғарыда айтып өткендермен шектелмейді. Оның ерекше бір атап өтер маңызына – Қазақ хандығының құрылуының Қазақстан аумағындағы бір тарихи дәуірді аяқтап, жаңа бір тарихи дәуіріне негіз қалауы.

Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен жүзеге асқан бұл маңызды оқиғаны орта ғасырлық Қазақстан тарихында Түрік қағанатының, Қыпшақ хандығының құрылуымен салыстыруға болады.

Қазақ халқының тарихи санасында есімі аса құрметпен айтылатын хандардың бірі – Жәнібек хан. Көршілес халықтардан шыққан тарихшылар ол туралы үзік-үзік, үстіртін деректер берсе, халық ауыз әдебиеті оның тарихи бейнесін Әз-Жәнібек деген атпен бес ғасырдан астам уақыт бойы сақтап келеді.

Тарихта халық жадында ұмытылмас тұлға боп қалған хандар, патшалар, сұлтандар онша көп емес. Олардың билігі тұсында ел өмірінде, мемлекет тарихында болған ірі күрделі өзгерістер мен дамулар тек қана билеушінің кемеңгерлігімен, ақылдылығымен, көрегенділігімен және тағы да басқа ерекше қасиеттерімен байланыстырылады. Жәнібек хан жөнінде сөз айтар болсақ, оның туысы Керей ханмен бірлесіп Қазақ хандығының негізін қалаушы ретіндегі рөлі есімізге оралады. Жәнібек ханның есімі ортағасырлық жазба деректерде хандар шежіресіне байланысты, Қазақ хандығының негізін қалаушы ретінде және кейбір шығармаларда Қасым ханның әкесі ретінде кездеседі. Алдымен Жәнібек ханның шығу тегіне қысқаша тоқтала кетелік. Оның шын есімі – Әбу Сайд. (Әбілғазы. Түрік шежіресі. А., 1992, 1196.; ХУ-ХVIII ғ.ғ. Қазақ хандығы тарихының материалдары. А., 1969, 42-6). Ол – Ақ Орданың соңғы ханы, атакты Барақ ханның Мір-Сайд, Мір-Қасым атты ұлдарынан кейінгі кіші ұлы. Сол себептен болу керек, ХУІ-ХУІІ ғғ. қазақ тарихшысы Кадырғали би Жалайыр оны «Кіші Жәнібек хан» деп айтады. (Сыздыкова Р., Койгелдиев М. Кадырғали би Қасымұлы және оның «Жылнамалар жинағы». А., 1991, 251-6).

Жәнібек ханның Орыс ханға дейінгі аталары: Барақ пен Қойыршақ хандар – Ақ Орда соңғы жылдары ғылыми айналымға енгізілген аңыз мәліметтері бойынша, Керей хан мен Жәнібек хан қол астындағы ру-тайпалармен 1457 жылдың күзінде Шу өңіріне көшіп келген. Ал 1458 жылдың көктемінде Керейді хан етіп көтерді. Керей хан мен Жәнібек ханның бөлінуімен Көшпелі өзбектер мемлекетінде ыдырау процесі бас Жәнібек хан, (Барақ ханның ұлы, Орыс ханның шөбересі. XV ғасырда өмір сүрген. XV ғасырдың 50-жылдарына дейінгі өмірі мен қызметі туралы нақты деректер жоқ. 1456 жылы Дешті-Қыпшақта шайбанид Әбілхайыр билікті қолына алған соң, көшпенді халықтың Жәнібек пен Керей бастаған бір бөлігі Моғолстанға қоныс аударып, Шу мен Қозыбасы өзендерінің аңғарында орын тепті. Моғолстан ханы өз қарсыластарымен болатын күресте көмектесер деген есеппен қазақ басшыларымен одақтас болды. Өзара қырқысулар мен соғыстардан жапа шеккен 200 мыңға жуық көшпенділер Жәнібек хан мен Керей ханның маңына топтасты, олардың билігінің күшеюі 1468 жылы Моғолстанға әскери жорық жасамақ болып, бірақ жол үстінде кеңеттен қайтыс болған Әбілқайырға олар тарапынан қауіп төнуі мүмкін деген ой салды. Әбілқайыр хан өлімінен кейін хан тағы үшін болған өзара қырқысулар Дешті-Қыпшақта өрши түсті, оған туған жерге оралуды көздеп жүрген ...талады. Әбілқайыр ханға наразы сұлтандар, әмірлер, ру-тайпа басылары Керей хан мен Жәнібекке келіп қосылады. Аз уақыт ішінде Қазақ хандығындағы халықтың саны 200 мыңнан асып кетеді. Керей хан мен Жәнібек ханның арқасында Есенбұға хан ағасы Жүніске қарсы күресте сенімді, әрі мықты одақтас табады. Жүніс 1461-62 жылы Есенбұға хан қайтыс болғанға дейін Моғолстан тағына қарсы ешқандай әрекет жасай алмайды. 1461/62 – 1469 жылдары Моғолстан ханы Досмұхаммедтің мәнсіз, мағынасыз жүргізген саясаты салдарынан Керей хан Жүніске қолдау көрсете бастайды. Ақыры, 1469 жылы Досмұхаммед хан қайтыс болғаннан кейін, Моғолстандағы билік басына еш қиындықсыз Жүніс хан келеді. Керей хан тұсында негізі қаланған Қазақ-Моғолстан қатынасы 16 ғасырдың 30-жылдарына дейін достық, бейбіт сипатта болады. Әбілқайыр хан Керей хан мен Жәнібек хан ықпалының күшейе бастағанынан қауіптеніп, оларды дер кезінде талқандау мақсатымен 1468/69 жылы жорық ұйымдастырады. Жорық кезінде Әбілқайыр хан ауырып, қайтыс болады да, әскері кейін оралады. Көп ұзамай Көшпелі өзбектер мемлекетінде билік үшін талас-тартыс басталып кетеді. Кешегі Әбілқайыр ханның қарсыластары – Ахмет пен

Махмұт хандар, ноғай мырзалары Мұса мен Жаңбырлы, Сібір ханы Ибақ, шайбанилық Берке сұлтан және қазақ хандары Әбілхайыр ханның мұрагері Шайх Хайдар ханға қарсы шығады. «Тауарих-и гузида-йи нусратнаме» дерегінде қазақ хандары ретінде Керей хан мен Жәнібектің есімдері аталса, «Фатхнама», «Шайбанинаме» деректерінде тек қана Жәнібек ханның есімі кездеседі. Дегенмен Керей хан есімі тарихи деректерде соңғы рет 1472 – 73 жылдары, Жүніс хан ордасына Бұрыш оғлан деген сұлтанның шабуыл жасауына байланысты аталады. Соған қарағанда Керей хан 1470 жылдың бас кезінде қайтыс болған. Аңыз бойынша, Керей хан Қазақ хандығын 10 жылдай билеген және Хан тауы етегінде жерленген.

Керей ханның қандай жағдайда, қай жылы қайтыс болғандығы жөнінде нақты мәліметтер жоқ. Керей ханның үш баласы болды. Олар: Бұрындық хан, Қожа-Мұхаммед және Сұлтан Әлі. Олардың ішінде 30 жылдан астам Қазақ хандығын билеген Бұрындық ханнан соң тақ билігі түпкілікті түрде Жәнібек ханның ұрпақтарының қолына өтеді. Керей ханның қалған екі ұлы жөнінде деректер кездеспейді.

Керей хан (1456-1473 ж. ж. билік құрған) Болатұлы Керей хан (?-1473 ж.) – қазақ хандығының негізін қалаушы, Көк Орданың ханы Өрістің (Орыстың) шөбересі. Шайбани әулетінен шыққан Дәулет – шайхтың баласы Әбілқайыр ханның көк кесең төңірегіндегі шайқаста Үз-Темір Тайшы басқарған ойрат әскерінен ойсырай жеңілуі – Барақ ханнан кейін биліктен айрылған Өріс хан әулеті сұлтандарының бас көтеріп, жеке бөлініп шығуына мүмкіндік туғызады. Осы мүмкіндікті жұрыс пайдаланған Өріс ханның ұрпақтары – Болатұлы Керей мен Барақ ұлы Жәнібек өздеріне қарайтын тайпаларды бастап, Әбілқайыр хандығынан бөлініп шығып, Моғолстан жеріне кетеді. Онда оларды Моғолстан ханы Есен-бұға аса құрметпен қабылдап, өз мемлекетінің батыс жағынан Шу бойы мен Қозыбасы өңірін оларға бөліп береді. Осы арада олар жаңа Қазақ хандығының шаңырағын көтереді. Хан тауында Керейді ақ киізге отырғызып, хан көтерді. Керей хан немере інісі Жәнібекпен біріге отырып, жас мемлекеттің іргесін бекітіп, шаңырағын биіктету үшін үлкен еңбек сіңіреді. Моғолстан ханыме ... Қазақтың мемлекеттілігінің тарихы Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандық құрған кезден басталады.

«Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды, қазақтың мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады. Бәлкім ол бүгінгі шекарасындағы, бүкіл әлемге осынша танымал әрі беделді, осы ұғымның қазіргі мағынасындағыдай мемле-

кет болмаған да шығар. Бірақ бұлай деп сол кезеңдегі басқа да барлық мемлекеттер туралы да айтуға болады. Ең маңыздысы, сол кезде оған негіз қаланды, біз – бабаларымыздың ұлы істерінің жалғастырушыларымыз.

Бүгінде біздің еліміз барлық таяу мемлекеттермен көпғасырлық достық және тату көршілестік дәстүрлерін сақтап отыр. Осы қарым-қатынасты әрдайым сақтағанымыз жөн», – деді Қазақстан Президенті.

Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған әулет өкілдері ордаежелдік әулеттің билігін қалпына келтіру үшін күрес жүргізеді де, күрес барысында өздеріне қарайтын ру-тайпаларды бастап амалсыздан Моғолстанға көшеді. Көп ұзамай-ақ олар Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына жаңа деңгейде қайта оралып, бұрынғы ордаежелдік әулеттің билігін қайта қалпына келтіреді және жаңа – Қазақ хандары билігінің негізін қалайды. Қазақ хандығының құрылу тарихына байланысты жазылған тарихи зерттеулер мен әдебиеттердің бәрінде хандықтың негізін салушылар – Керей мен Жәнібек хандар деп айтылатыны белгілі. Дерек мәліметтерінде көрсетілгендей, «олардың Әбілқайыр ханнан бөлініп, Жетісудағы Моғолстан атты хандыққа келуімен Қазақ хандығы құрылды» деген пікірді зерттеушілердің бәрі мойындайды.

XIX ғасырдың ортасында айтылған бұл пікір қазіргі күндерге дейін тек даму үстінде болды. Бірақ та осы саяси үрдісте жетекші рөл атқарған тұлғалар – Керей мен Жәнібек хандар туралы зерттеулер толық жүргізілмей, олар туралы біліміміз тек дерек мәліметі деңгейінде қала берді. Оған себеп – деректік мәліметтердің Қазақ хандығының құрылу тарихына байланысты жазылған тарихи зерттеулер мен әдебиеттердің бәрінде хандықтың негізін салушылар - Керей мен Жәнібек хандар деп айтылатыны белгілі. Дерек мәліметтерінде көрсетілгендей, «олардың Әбілқайыр ханнан бөлініп, Жетісудағы Моғолстан атты хандыққа келуімен Қазақ хандығы құрылды» деген пікірді зерттеушілердің бәрі мойындайды. XIX ғасырдың ортасында айтылған бұл пікір қазіргі күндерге дейін тек даму үстінде болды. Бірақ та осы саяси үрдісте жетекші рөл атқарған тұлғалар – Керей мен Жәнібек хандар туралы зерттеулер толық жүргізілмей, олар туралы біліміміз тек дерек мәліметі деңгейінде қала берді. Оған себеп – деректік мәліметтердің мардымсыздығы. Қазіргі күнде заман талабы өзгеріп, өз тарихымызға қайта үңілгенде, алғашқы хандарымыздың тарихын, олардың атқарған рөлін көрсетуге осы себеп қолбайлау болады да тұрады. Мардымсыз деген – тіпті жоқ деген емес, аздау, бірен-саран деген мағынада.

Олай болса, қолда бар деректерге сүйеніп, ұлттық мемлекетіміздің іргетасын қалаушылардың ел тарихындағы алатын орнын неге ашып көрсетпейміз?!

Керей мен Жәнібек хандарға тағдыр жаңа этникалық бірлестікке негізделген мемлекетті құру және оны басқару үлесін берді. Бұл үлес кездейсоқ сияқты болып көрінгенімен, заңдылық болатын. Өйткені екі ханның арғы ата-бабалары - Шыңғыс ханнан Керей мен Жәнібек хандарға дейін Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы саяси билікті мұрагерлік жолмен иемденіп, атадан балаға қалдырып отырған. Басқаша айтқанда, Керей мен Жәнібек бірнеше ғасыр бойы уысынан билік кетпеген өте мықты әрі өте беделді әулеттің өкілдері болып табылады.

Міне, осы кезден бастап Керей мен Жәнібек хандардың Қазақ хандығының құрылуындағы тарихи рөлі анықталып, қазіргі күндерге дейін оны ешбір зерттеуші теріске шығармай, керісінше, оны зерттеушілердің бәрі бірауыздан мойындап отыр. Қазақ хандығының құрылу тарихына байланысты жазылған тарихи зерттеулер мен әдебиеттердің бәрінде хандықтың негізін салушылар – Керей мен Жәнібек хандар деп айтылатыны белгілі. Дерек мәліметтерінде көрсетілгендей, «олардың Әбілқайыр ханнан бөлініп, Жетісудағы Моғолстан атты хандыққа келуімен Қазақ хандығы құрылды» деген пікірді зерттеушілердің бәрі мойындайды. XIX ғасырдың ортасында айтылған бұл пікір қазіргі күндерге дейін тек даму үстінде болды. Бірақ та осы саяси үрдісте жетекші рөл атқарған тұлғалар - Керей мен Жәнібек хандар туралы зерттеулер толық жүргізілмей, олар туралы біліміміз тек дерек мәліметі деңгейінде қала берді. Оған себеп – деректік мәліметтердің мардымсыздығы. Қазіргі күнде заман талабы өзгеріп, өз тарихымызға қайта үңілгенде, алғашқы хандарымыздың тарихын, олардың атқарған рөлін көрсетуге осы себеп қолбайлау болады да тұрады. Мардымсыз деген – тіпті жоқ деген емес, аздау, бірен-саран деген мағынада. Олай болса, қолда бар деректерге сүйеніп, ұлттық мемлекетіміздің іргетасын қалаушылардың ел тарихындағы алатын орнын неге ашып көрсетпейміз?!

Керей мен Жәнібек хандарға тағдыр жаңа этникалық бірлестікке негізделген мемлекетті құру және оны басқару үлесін берді. Бұл үлес кездейсоқ сияқты болып көрінгенімен, заңдылық болатын. Өйткені екі ханның арғы ата-бабалары – Шыңғыс ханнан Керей мен Жәнібек хандарға дейін Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы саяси билікті мұрагерлік жолмен иемденіп, атадан балаға қалдырып отырған. Басқаша айтқанда, Керей мен Жәнібек бірнеше ғасыр бойы уысынан

билік кетпеген өте мықты әрі өте беделді әулеттің өкілдері болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әбдәкімұлы, Ә. Қазақстан тарихы (ерте дәуірден бүгінге дейін) Оқу құралы – А 2005, 40 б.
- 2 Әбілғазы. Түрік шежіресі. А., 1992, 1196.;ХУ-ХVIII ғ.ғ. Қазақ хандығы тарихының материалдары. А., 1969,42-6.
- 3 Қазақстан тарихы көру заманнан бүгінге дейін-А 1995 20 б.
- 4 Құдайбердіұлы, Ш. Түрік,қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі – А 1991 41 б.
- 5 Сыздыкова, Р., Койгелдиев М. Кадырғали би Қасымұлы және оның «Жылынамалар жинағы». А., 1991, 251-6.
- 6 Хан Кеңе қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен хан-батырлар туралы тарихи толғамдар мен пьеса,дастандар) – А 1993. 55 б.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЕЙРЕСМИ ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ (1960-1980 ЖЫЛДАР)

БИКУЖА Г. С.

11 сынып оқушысы, №37 гимназиясы, Семей қ.

Қазақстан Республикасының көк байрағы желбіреп, Тәуелсіздігін жариялағанына да міне 24 жыл. Бүгінгі күндеріміз үшін талай ғасырлар бойы ата-бабаларымыз қанды жолға тәуекел етіп басын тікті. Сондықтан да бүгінгі кешегінің жалғасы, өткеннің салдары, болашақтың себепшісі деп білген жөн. 1960-1980 жылдары КСРО-да диссиденттік қозғалыстар орын ала бастады. Бұл қозғалыстардың қазақ жастарына ықпалы зор болды. Бүгінгі күнде қазақ жастарының тарихтағы рөліне аса мән берілуде. Тіпті, сонау 1960-1980 жылдары кеңес үкіметінің дәуірлеп тұрған кезінде-ақ қазақ жастары қазақтың дәстүрлі мәдениетін жаңғырту және қазақ жастарын қазақша оқу-білімге тарту мақсатында бейресми қазақ жастар ұйымдары құрыла бастады. Бұл әсіресе, орыстанудың үрдісі қарқынды жүріп жатқан Павлодар, Целиноград, Семей, Гурьев, Қарағанды, Шымкент, Қостанай аймақтарында «Жас ұлан», «Тың тұлпар», «Оян қазақ», «Тайшұбар», «Ұшқын», «Жас қазақ», «Адыр қасқырлары», «Жас түлек» сияқты бейресми жастар ұйымдары жұмыс жасады. Бұл ұйымдардың құрылу себебі,

болашақта қазақ болу, қазақша сөйлеу, қазақтың салт-дәстүрін, тілін, дінін, мәдениет жоғалып кетудің алдын-алу. Менің зерттеп отырған тақырыбым «1960-1980 жылдары Қазақстанда құрылған бейресми ұйымдардың қалыптасуы мен қызметіне» арналады. Бұл тақырып өзекті. Себебі, тақырып өте аз зерттелген, тарихта нақты өз орнын ала алмай отырған құбылыстың бірі. Сонымен қатар, Кеңес үкіметінің әкімшіл-өміршіл әдістеріне қарсы тұрып, «Қазағым» деп ұрандаған кезіндегі Алаш қайраткерлерінің ізбасарлары мен ұлт жаңашырларыларының өмірі мен қызметіне толыққанды бағаның берілмеуі көпшілікті толғандыратын мәселе.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Қазақстанда 1960-1980 жылдары әкімшіл-өміршіл жүйеге наразылық ретінде құрылған бейресми жастар ұйымдарының қалыптасуы мен даму тарихын зерделей келе ұлттық құндылықтардың сақталуында атқарған ролін ашып көрсету.

Интернационализмді дұрыс түсінбеу Қазақстанда тіл саясатында тек ұлтаралық қатынас тілін ғана қолдап, ал ұлт тілі туралы үндемей қалуға әкеп соқтырды. Республикада кеңінен насихатталған қос тілдік оның екеуіне бірдей қараған жоқ. Орыс тілін республикада қазақтардың 60-пайызы меңгерсе, қазақ тілін орыстардың 1-пайыздан да азы меңгерді. Ол тек тұрмыстық саламен шектеліп, іс жүргізуде, мемлекеттік, дипломатиялық, жоғары мектептерде қолданылмады. Кітаптың 95 пайызы орыс тілінде басылды, теледидар хабарларының 70 пайызы эфирге орыс тілінде шықты. Мұның үстіне, тағы айта кететін жайт: қалалардың, жер-су атауларының барлығы орыс тілінде болды [17, 7-қосымша].

Жастарға тән бітіспес кәр, мойымас тәккаппарлықты көптің көзі көрді. Бітіспес, иілмес өрлік қазақ намысын мен-мендетіп, биіктеп шарықтата берді. Көһп нәрсені басынан кешіріп, көңілі суынған жұрт енді қайта жасарғандай, жаңа қарқынға көшкендей болды [1].

Қазақ халқының «кіндік кезеңінде» 1963 жылдың қараша айында Мәскеу қаласында «Жас тұлпар» ұйымының ресми құрылып, тарих сахнасына шығуы – осындай рухани қажеттіліктен туды. «Жас тұлпар» ұйымы өз айналасына 800 студентті біріктірді. Жастұлпарлықтар Кеңестік өкімет қолданған интернационалисттік идеологияның қазақ ұлтының тамырына балта шауып жатқанын жай біліп отыра берген жоқ, оған ұлт құндылықтарын, қазақ өнерін қарсы қоюға ұмтылыс жасады. Мәскеу қаласында қазақ студент жастарының «Студенттік кеңесі» құрылып, оған Мәскеу қаласындағы жоғары оқу орындарының өкілдері мүше болды. Олар негізінен оқу үлгерімі мәселесімен айналысты [4].

Өмірдегі қасіретті өнердегі көркем дүние арқылы көпшілікке жеткізу қазақтың сүйекке сіңген ата салты. Тәуелсіздікті аңсаған тұңғыш жастар қозғалысының көш басында Мұрат Әуезов, Болатхан Тайжанов, Алтай Қадыржанов, Әнуар Сарт-баев, Болат Хисаров, Темірхан Бектібаев, Серік Байқенов, Мақаш Тәтімов, Советқазы Ақатаев, Марат Балтабаев, тағы басқалары болды. Жастұлпарлықтардың бәрі дерлік өз ойларын жетер жеріне жеткізе алатын, сөздері өткір, топ жарған Ресейде оқитын қазақтың жайсаң ұлдары мен қыздары еді. «Жас тұлпар» ұйымының ұлттық мүдде, ұлттық мәдениет, қазақ тілі жөнінде жүргізген жұмыстарын бұқара халық та әртүрлі қабылдады. Кейбір зиялы деген ел ағалары Компартияның Орталық комитетіне алашордашылардың ұрпақтары Кеңес өкіметін құлатуға шақырып жатыр деп «домалақ арыз» жазды. Енді біреулері бұны әдейі істелініп отырған арандатушылық деп үрейленіп, ат-тондарын ала қашты. Бұл интернационалистік тұрғыдан тәрбиеленіп қалған, бойында өткеннің үрейі бар дүбәралар саны күннен-күнге көбейген кез болатын [9].

«Жас тұлпар» ұйымы үлгісіндегі бірлестіктер студент жастар арасында құрыла бастады. Целиноград дәрігерлік институтының 2-курс студенттері «Оян, қазақ!» атты ұйым құрды. Бірлестікті құрған қазақтың 18 жасар қызы Гүлжан Ғазизқызы Бейбітова еді. Жасырын ұйымдар жастар арасына Конституция негізінде ұлттық құқықтарымызды қорғайық, орыстануға тосқауыл қояйық деп ұнпарақтар таратып, үгіт-насихаттар жүргізді. «Жас тұлпар» ұйымы мүшелерінің сөздерінен нәр алып, қанаттанған Алматы қаласында оқитын студенттер елдеріне барып, жастардың басын қосып, жасырын ұйымдар құрды. Бұл ұйымды ол 21 жыл бойы басқарып, кейін зейнет демалысына шықты. Зейнетке шыққан уақытта өзінің имандылық парызын орындап, қажылыққа барып қайтты [5].

Алматыдан келген заң факультетінің студенті Ж. Кемелханов Гурьев облысындағы жерлестері арасында «Ұшқын» жастар ұйымын құрды. Ұйым мүшелері үгіт-насихат барысында қазақ жерлерінің тарихи атауларын өзгертуге, мекемелерде іс қағаздарының орыс тіліне көшуіне қарсы шықты. «Ұлттық мүдде қорғалмаса Конституция негізінде Қазақстан Кеңес Одағы құрамынан шығуы керек» деп есептеді [8].

Ташкент байланыс институтының студенті Мырзабеков Қостанай қаласында «Жас түлек» ұлттық ұйымын құрды. Ұйым мүшелерін КГБ талқандады. Жастар өздеріне тағылған ұлтшылдық айыбының басты себебін «Орыстың отаршылық шовинизміне қарсы іс-әрекеттен» шықты деп жауап берді [10].

Павлодар қаласының мектеп мұғалімі Р. Нұрбасаров деген азамат Павлодар және Ермак қалаларында құрамында 29 мүшесі бар жас балалардан жасырын «Жас ұлан» ұйымын құрды. Ұйым бір жыл бойы үгіт-насихат жүргізіп, Павлодар, Ермак қалаларының атауын өзгертуге шақырады. Ермақтың шапқыншылық-жаугершілік жорықтарын әшкерелейді. «Бабалар туын көтерейік!» деп ұнпарақ таратып, өкіметтің саясатына қарсы шығады. Ұйымның жарғысы, жұмыс жоспары болды [6].

1969 жылы Павлодар қаласында ұлтшыл жасөспірімдер «Жас ұлан» атты жасырын саяси ұйым құрған еді. Сөйтіп, олар бұдан 45 жыл бұрын кеңестік қоғамның қылышынан қан тамып тұрған кезінде нар тәуекелге бел буды және сол әрекеті үшін түрлі жаза-лау шараларын бастан өткерді. 1969 жылдың желтоқсан айында үндеу дайындық, мәтінін А. Сәрсенбаев жазды, машинкаға Сембай Құсайынов басты. Ұнпарақтың алғашқы жолы «Сендер қазақ деген ұлы халықсындар...» деген сөйлеммен басталып, соңы ұлтты отаршылдыққа қарсы бас көтеруге шақырған үндеумен аяқталатын. Қысқы демалысқа шыққанда әлгі парактар облыс орталығы мен кейбір ауылдық елді мекендердегі көпшілік орындарға жапсырып кетті [2]. «Жас ұлан» ұйымының белсенді мүшелері: Болат Какежанов, Алтын Махметова, Айгүл Жүнісова мектепте сабақты жақсы оқығанымен, жоғары білім ала алмады. Қайрат Қабылбеков пен Қайролла Кәженов жоғары білім алғанымен, жоғары лауазымды қызмет істеуге өмір баяндық дерегі сәйкес келмеді. Жас ұландардың төртеуі кейін түрлі жағдайда дүниеден өтті [3].

Бүгінгі Тәуелсіз күн тұрғысынан «Жас тұлпарды» азаттық жолындағы үлкен белес деп қарастырған абзал. Бұл ұйымдардың еңбегінің жандануында көптеген аға буын өкілдері қызмет атқарып, алға қойған мақсаттарының орындалуында аянбай еңбек етті. Солардың қатарында: қазақтың біртуар ақыны Мұхтар Әуезовтың ұлы Мұрат Мұхтарұлы Әуезов, демограф-ғалым Мақаш Байғалиұлы Тәтімов, Мұрат Әуезовтың елшісі Болатхан Тайжан, шыншыл философ Махмет Ибадоллаұлы Құлмағамбетов, жасұландықтар Гүлбаршын Әлиева, Рашит Бейсекеев, Айгүл Жүнісова, Сембай Құсайынов, Лениндік сыйлықтың лауреаты Мұрат Айтхожин, лазерлік қару саласының маманы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы вице премьер-министрі Ғалым Әбілсейітов, Білім министрі Шайсұлтан Шаяхметов, Қазақстан ұлттық ядролық орталығы бас директоры Қайрат Қадыржанов, «Алматы энергия жүйесі» бас директоры Алтай Қадыржанов,

Қазақстанның биотехнологиялық ұлттық орталығының бас директоры, академик Мұрат Ғылманов болды [7].

Әр заман әркімнің алдына өз сұрақтарын қояды. Өмір, тәжірибе, мақсат та әртүрлі болады. Жастұлпарлықтардың Отанының тағдырына байланысты мақсаттары айқын болды. Тұманды күнгі дүниедей әлдебір буалдыр ұғымға малданып жүре беретіндердің саны көбейген заманда олардың саяси аренаға шығуы Ұлттық рухымыздың барлығының көрінісі. Қазақтың бойында қашан да ұлттық рух сөнбеген. Жастұлпарлықтар басқа қалаларда ұйымның бөлімшелерін ашудан басқа үш бағытта жұмыс жасады.

Бірінші бағыт, Қазақстаннан тыс жерде оқитын қазақ жастарына көмек көрсету. Ұйымшылдық, бауырмашылық және қолқабыс мәселелері.

Екіншісі, қысқы-жазғы демалыс кездерінде қазақ ауылдарын аралап, елмен танысу, бұқара халықпен тікелей байланыс орнату.

Үшінші бағыт, бұл – ұлт мәселесі. Кітапханалардағы ұлттық мәселеге байланысты кітаптарды зерделеу. Ұлттың өткені мен болашағы, тағысын тағылар жөнінде кең көлемдегі пікір алысулар. Жалпы бағдарлама үш бағытта ғана болғанымен, олар алдарына үлкен көп салалы, жан-жақты мақсаттар қоя алды. Ең бастысы, тарихымызды түгіндеуге, рухани болмысымызды бүтіндеуге жол іздеді [16].

«Жас тұлпар» ұйымының беделін, ұйымдастырушылық қабілетінің қаншалықты болғанын 1966 жылы ақпан айында Алматыда өткен ашық мәжілістен көреміз. Жастұлпарлықтармен кездесуге Қазақстанның барлық облыстарынан жастардың арнайы өкілдері қатысты. Бұл жәй кездесу емес, ұлттық сананың оянып, жаңа белеске жеткені еді. Жастұлпарлықтарға Қазақстанның Орталық комсомол комитетінің хатшысы Ибрагим Аманғалиев көп көмек көрсетті. Жастардың жол қаражаттарын айырды, материалдық көмек көрсетті. Ол кейін осы іс-әрекеттері үшін жұмыстан қуылды [20].

1966 жылы 5 ақпан күні С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде тұңғыш рет «Жас тұлпардың» әнұраны шырқалды. Оның авторы – ұйымның белді мүшесі Қалқаман Тілеуханов, ал композиторы Нұрғиса Тілендиев болды. Мәскеудің сәулет-құрылыс институтында оқып жүрген кезден бастап мүше болған. Біз оның естеліктерінен «Бойда қазақтың қаны бүлкілдеп, жүректе жастыққа тән рух жалындап тұрған кез еді. Қылышын жалаңдатқан қызыл армияның қасапханасынан біз қалай аман қалдық? Бұл сауал кейінгілерді қызықтырмай тұрмасы анық. Оның жауабын өз басым Мұрат Әуезовтің білімділігі мен біліктілігімен бай-

ланыстырамын» деген жолдарды кездестірдік. Автордың досы Мұрат Әуезовтің келісімімен сол жиында оқылған, кейін ұйымның әнұранына айналған жыр «Лениншіл жас» газетінде тұңғыш рет жарияланды.

Ығыменкетіп заманның,
Мұрасын ата көрмеген.
Ең қымбаты адамның,
Ана тілін білмеген.
Қара көзді бауырым,
Бакытсыз едің не деген.
Ата – анаң кім еді,
Қалалар салып жайнатып,
Өнерліні сыйлаған.
Кітаптар үшін сарай сап,
Даналықты жинаған.
Жұлдызбен сырласып,
Бұлбұлы қолда сайраған.
Белдеуге тұлпар байлаған.
Бес қаруын сайлаған
Әділеттен таймаған.
Азаттық үшін жан беріп,
Ерегіскен дүшпанның.
Ошағын бұзбай қоймаған
Осыдан саған не қалды,
Осыдан сен не алдың?!

Қара көз боп туғанмен,
Қазақ болып тумадын.
Адам болып туғанмен,
Азамат болып тумадын,
Ата жолын қумадын.
Анаңнан бата алмадың,
Сен қайсысынан кем едің?
Ең қымбаты адамның,
Ана тілін білмеген,
Қара көзді бауырым,
Бакытсыз едің не деген [15].

Абай жерінен, Мұхтар елінен-Шыңғыс өңірінен түлеп ұшқан – өнерлі түлектер Мәскеуге ән апарды. Сонымен қатар ең алғаш «Қыз Жібек» операсының премьерасы қойылды [13, 1-қосымша]. 1966 жылы 17 қаңтар күні Семей қаласының саяси оқу үйінде кала кино қызметкерлерінің жиналысы болды. Көптеген кала

кино қызметкерлерінің қол жеткізген табыстары жәен кейбір кемшіліктерін кино басқармасының бастығы С. Рамазанов баяндады. [14, 5-қосымша]. Кәсіби қазақ циркі 1970 жылы Республткалық эстрадалық-цирк өнері студиясының негізінде құрылды [12]. Осының барлығы, әдебиет, театр және кино әлемінде болған өзгерістерге жастұлпарлықтардың үлесі басым болды.

«Жас тұлпар» қозғалысы мыңдаған жастардың басын қосып, санасын оятты. Жастұлпарлықтардың қатарынан қазақ зиялы қауымының жаңа буыны өсіп шықты. Қазақтың ар-намысы, тіреуі, ақылы бола алған талантты азаматтар шыңдалды.

Осы ғылыми жұмыс барысында көптеген қиындықтарға тап болдым, оған бірден-бір себеп, сол кезеңдегі бейресми ұйым болғандықтан ол ұйымдар туралы мәліметтердің аздығы және құпия болуы. Соған қарамастан,

- 1960-1980 жылдары құрылған бейресми қазақ жастар ұйымдарының құрылуы туралы декреттер мен мағұлматтар жинадым;
- Бағдарламаларының қазақ мәдениетінің дамуына тигізген әсеріне сипаттама беруге қол жеткіздім;
- Бейресми қазақ жастар ұйымдарының көшбасшыларының өмірі мен қызметінің белгісіз жақтарына тоқталдым;
- Жастар ұйымдарының жасаған іс-шаралары, атқарған қызметтерінің тарихта алатын орнын ашуға тырыстым.

Зерттеу жұмысымның жаңалығы: 1960-1980 жылдардағы бейресми жастар ұйымдары туралы мағұлматтар жиналып, жүйеленді; шолу жасалды, бағдарламалары сараланды және жетекшілер қызметінің белгісіз жақтары ашылды.

Тарихымыздың ақтаңдақ болып қалған беттерін анықтап, жастардың Қазақстан тәуелсіздігі үшін күресі ғана емес, бұл қазақ қауымының бір тарихи белесі екендігі дәлелденді. Қарастырылған мәселелерді XX ғасырдың II жартысындағы 9 сыныптың қазақстан тарихы сабағына және өлкетану курстарында қолдана алады.

Жұмысты жазу барысында кітапханаларға барып, «Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығында» болып, өзіме керек біраз мәліметтер алдым. Олардан алған мағұлматтарым аз болғандықтан электронды ресустардың көмегіне сүйеніп, мағұлматтарымды толықтырдым.

Осы жастар ұйымдарының жұмысы ашылмаған тұстары, әлі де зерттеледі деп сенемін. Себебі, бұл жастар ұйымның белгісіз жақтары баршылық. Болашақта ғалымдар бұл тақырыпқа көп көңіл бөліп, зерттеу жұмыстарын жүргізетіні анық.

«Жас тұлпар» ұйымының салған жолы елу жыл өтсе де өз жалғасын тауып отыр. Біз олардан бүгін ғана емес, болашақта да адалдықтың, парасаттылықтың, тазалықтың, зиялылықтың үлгі-өнегесі ретінде үлгі аларымыз сөзсіз. Болашақта қазақ болу, қазақша сөйлеу, қазақтың өн-жырын айту, қазақша жөн-жоралғы өткізу әлеуметтік мәртебе болсын десек, «Жас тұлпар» сияқты қозғалыстардың тарихтан алатын өз орнын көрсетіп бағалауымыз керек. Біз сана-сезімімізді, ұлттық менталитетімізді құрсаулаған ұзақ ғасырлық отаршылық жүйе үйреткен жалтақтығымыздан неғұрлым тез арылсақ, соғұрлым ұлттық болмысымыз шыңдала түседі. «Жас тұлпар» ұйымының жүріп өткен жолы Қазақстандағы Тәуелсіздік үшін күрес жылдарының үлкен бір тарихи кезеңі екенін естен шығармаған абзал.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абай Құнанбаев. Қара сөз / Алматы, 1993, 197-225 б.
- 2 Арман Қаниев / Азаттықты аңсаған жастар / 2009. zhasalash.kz.
- 3 Бес ғасыр жырлайды / Алматы, 1989.
- 4 Болатхан Тайжан «Жас тұлпардың дүбірі» / 2008.
- 5 Жылқыбай Жағыпарұлы / Жас тұлпардың Ақмоладағы жаңғырығы / 25-38 б.
- 6 // Ертис газеті, 1966, 27 б.
- 7 Қазақстан тарихы очерктер / Алматы, Дәуір / 1994 ж/ 393-395б.
- 8 Қазақстан тарихы 5 том / Алматы 2010, 450-453 б.
- 9 Қазақ мәдениеті, Энциклопедиялық анықтамалық / Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005.
- 10 Қазақ ұлттық энциклопедиясы / Алматы, 2006, 225-229 б.
- 11 Қазақстан Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев / Алматы Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998, 383-390 б.
- 12 КММ ҚЗТҚО Қ 484, т.11, іс 17, 18.
- 13 КММ ҚЗТҰО Қ 484, т.9, іс 36.
- 14 КММ ҚЗТҰО Қ 484, т.8, іс 79.
- 15 // Лениншіл жас газеті / 1985, №11, 18-19 б.
- 16 Мұрат Әуезов Иппорена / Алматы, 2010, 66-78 б.
- 17 Нәубәт / Алматы, Жалын, 1990, 354-359 б.
- 18 // Сарыарқа газеті, 2005, №8, 5-7 б.
- 19 // Семей таңы, 1967, 22.
- 20 // Сыр-сұхбат газеті, 2010, №3, 9-10 б.

ШАУҒАР – VI-XI ғ. ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНІҢ БАС ҚАЛАСЫ

ЖАМАШОВА С. Р.

9 сынып оқушысы, М. Қашғари атындағы жалпы орта мектебі,
Қарнақ ауылы, Кентау қ.

Түркістан-екі дүние есігі ғой,
Түркістан-ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Төңірі берген несібесі ғой.
Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

М. Жұмабаев

Тақырыптың өзектілігі. Қазақстан Республикасы тәуелсіз алғаннан кейін өткен тарихына жаңа тұрғыдан қарауға жол ашылды. Елбасымыздың «Қазақстан – 2050» атты халыққа жолдауында айтқандай: «Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әр луандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да, жинастыруымыз керек».

Қазақстан тарихының өзіне ерекше назар аудартатын негізгі тақырыптарының бірі – қалалар тарихы. Күллі түркі әлеміне танымал Түркістан – киелі қала. Түркістан дегенде әрбір мұсылманның жүрегінде өзгеше сезім елес беретіндей. Атақты Әмір Темір салдырған сәулетті ғимарат – дүниежүзі мұсылмандарының зиярат етер қасиетті шаңырағы. Ғасырлардың сырын шерткен шаңырақтағы Иассауи бабаларымыздың көк күмбезді кесенесі-қаламызға ерекше рең беріп тұрар мұрамыз. Екінші Мекке атанған Түркістанның тарихын білу – перзенттік парызымыз.

Түркістан – төл тарихымыздың үлкен де, күрделі арнасы Түркістан төңірегінде ел аузында жүрген мәнді аңыз, көненің көзі, асылдың сынығы-құнды жәдігерліктер мол. Біз осының бәрін екшеп, қажетімізге жаратуымыз керек, бабалар тәжірибесін игеруіміз қажет.

Бірнеше ғасырлық тарихы бар түбі бір түркі халықтарының рухани, мәдени, ғылыми және экономикалық сауда орталығы ретінде Түркістанның орны ерекше.

Қасиетті қаламыздың беймәлім тұстарын зерттеу келешек ұрпақтың еншісінде. Далалық өлкені Батыспен жалғастырған, Ұлы

керуен жолында кент-бекіністер, қамалдар, мазар-кесенелер мен тұтас бір қалалар кешені бой түзеді. Соның бірі- қасиетті Түркістан қаласы.

Орта ғасырлық сәулет өнерінің де алып асылы – Қожа Ахмет Иассауидің кесенесі де осы Түркістанда. Қазақтың бір топ саяси және діни, рухани, заңғар, алып тұлғаларының денесі осы Түркістан топырағында байыз тапқан. Сондықтан да, мәселені тақырыптық жағынан кеңірек зерттеу үшін, Түркістан қаласының тарихына тереңдеп үңілу қажет. Бұл – Тәукеден бастап қазақтың талай-талай хандарының ту тіккен бас қаласы.

Осыған дейінгі тарихнамада жеке мәселелер бойынша зерттеулердің молдығына қарамастан Түркістан қаласының кешенді тарихы жайында еңбектер жоқтың қасы десек те болады.

Міне, сондықтан да тақырыптың өзектілігі, Түркістан қаласының тарихын тереңінен кешенді түрде зерттеу болып табылады.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері. Түркістан қаласының ерте орта ғасырдан басталатын тарихтың дерек көздері негізінде, араб-парсы және еуропалық саяхатшы-тарихшы, географтардың мәліметтерін сараптау арқылы, жаңа көзқарастар тұрғысынан қарастыра отырып, әлемдік тарихтағы алар орнын айқындау жұмыстың басты мақсаты болып табылады. Осыған орай зерттеу жұмысының алдына мынадай нақтылы міндет қойылады:

– Ерте орта ғасырдағы Шауғар қаласының қалыптасу, даму динамикасына жазба және археологиялық қазба жұмыстары мәліметтері негізінде тарихи талдау жасау;

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Дерек көздеріне ерте орта ғасырдағы Шауғар қаласына қатысты араб географ-саяхатшылары мен тарихшыларының шығармалары жатады. Атап айтар болсақ, ибн Рузбехан «Иассы, Сауран және тағы басқа қалаларды Түркістанның шығысындағы қамалдар», – деп баяндайды. Араб тарихшы-географы Әл-Истахри ибн Кордаубех ат-Танрази өз жазбаларында: «Көне Шавғар XI ғасырға дейін өмір сүрген де, XI ғ. бастап қала орталығы Яссыға көшті», – дейді. Ал-Макдисидің «Асхан ат-такасим фи-марифат ал-акалим» атты еңбегінде де, аса қажетті мәліметтер бар.

Ерте ортағасырлық Шауғар қаласының тарихы ежелгі кезеңнен бастау алып, қалалық деңгейге көтерілгендігін анықтау үшін, араб-парсы саяхатшы-географтарының еңбектеріне жан-жақты талдау жасалынды.

Жазба деректер археологиялық қазба жұмысы нәтижесінде алынған мәліметтерімен салыстырыла отырып, мәселенің тарихи шындығына қол жеткізу жұмысы жүргізілді.

Тақырыптың хронологиялық шеңбері. VI ғасырдың басы мен XII ғасыр уақытысын қамтиды. Зерттеу жұмысы барысында VI ғ.-XII ғ. Шауғар қаласына тоқталдым.

Шауғар – VI-XI ғ. Түркістан өлкесінің бас қаласы Түркістан қаласынан-оңтүстікке қарай 8 шақырым жерде орналасқан орта ғасырлық үлкен қаланың орны. Шауғар – Шойтөбе Түркістан қаласы тарихының алғашқы кезеңі деп есептеледі. Қаланың орталық бөлігі цитаделінің көлемі 200 x 180 м, биіктігі – 12 м, шахаристаны – 360 x 300 м, биіктігі 3 м, оны қоршай қала рабады орналасқан – көлемі 25 гектардан асады. Осы Сыр бойындағы қалалардың қалыптасу тарихына жүгінер болсақ, Оңтүстік аймағында жазба деректердің мәліметі бойынша VI-IX ғ. алты қала – «Ақ өзен бойындағы» Испиджаб, Шараб, Будухкет, Усбаникет, Отырар және Шауғар аталады. Ал, қазба жұмыстары мәліметі бойынша олардың саны 30-33-ке таяу деп айқындалады.

Археологиялық қазба жұмыстары нәтижелері мен жазба деректер мәліметтеріне жүгінетін болсақ, қазіргі Түркістан қаласының Қазақстанның ежелден келе жатқан саяси және экономикалық орталықтарының бірі болғандығын көреміз. Түркістан қаласының бастапқы тарихына жүгінгенде оның Шауғар және Иассы атауларымен тығыз байланыстылығын айта аламыз. Шауғар қаласының тарихы VI-XII ғасырлар аралығын қамтып, өзіне жақын маңайдағы ұсақ қолөнер мен тұрақ мекендерді, соның ішінде болашақта аймақтың орталығына айналған Иассыны бағындырған.

Орта Азия мен Қазақстан аумағында тарих түкпірінде пайда болып, түрлі шапқыншылық кезеңдерде басқа елді - мекендер сияқты өшіп кетпей, қазіргі уақытқа дейін өмір сүріп келе жатқан саусақпен санарлық қалалардың бірі – Түркістан. Мұнда ел тағдырын шешкен маслихаттар өткен, хан сайлаған құрылтайлар болған.

Археологиялық зерттеулер Түркістан қаласының тарихы тереңде жатқанын көрсетіп отыр. Түркістан қаласының айналасындағы аймақта табылған тас дәуірі ескерткіштері – Шоқтас I, II, Қосқорған I, II бұл өңірді әуелгі адам 500 мың жыл бұрын мекен еткенін көрсетті. Түркістан қаласы төңірегінде қола дәуірінің қонысы, құрал-саймандары да табылып отыр. Яғни б.з.б. 2 мың жылдыктан бастап бұл аймақта Қазақстанның басқа да жерлеріндегідей Андронов мәдениеті кең тараған.

Темір дәуірінде Түркістан қаласы орналасқан Сырдың орта ағысы аймағын көне парсы деректерінде «сақа» аталған, ал «Авестада» – «тура» деп аталған тайпалар мекен еткен. Осыдан сақтар тайпалары мекен еткен өлке Тұран деп аталған. Түркістан қаласының әуелгі атауын осы сақ тайпасының атауымен байланысты деуге негіз бар. Себебі, XVII ғасырдың белгілі тарихшысы Махмуд ибн Уәлидің «Бахр ал – асраф фи манахиб ал-ахиар» атты кітабында мынадай мәлімет бар: «Қазіргі Түркістан – бұл Сакси қаласы, қара халық оны Иасы деп атайды» Қаланың ежелгі Сакси атауының, сақ атауымен үндестігін байқауға болады. В. И. Абаевтың пікірінше, «сақа» атауын «тура» терминінің баламасы деп қарастыруымыз қажет, тіпті, бұл тайпалар «тура-сақтар» деген біріккен атаумен де аталған. Қаланың ежелгі атауы, бұл елді мекеннің тарихының тереңдігін көрсетеді.

Тарихи деректерге қарағанда VIII-XII ғасырларда бұл өңірдің бас қаласы Шауғар болды. «Шауғардың» қазіргі қазақ тіліне аудармасы Қаратау. Шауғар-Қаратау – арашоқы сөздері бір-бірінің баламасы. Сондықтан бұл қала қазіргі Түркістан қаласы шетінен ағып жатқан Қарашық (Қарашоқының өзгерген үлгісі) өзені бойында болуы тиіс.

Шауғар қаласының орналасқан орны жайында Әл-Истахри өзінің «Китаб-масалик ал-мамолик» деген шығармасында: «до Кедера, главного города (округа) Бараба переход два легких (дня). От Кедера до Шавгара (дневной) переход, от Шавгара до Саурана легкий (дневной переход)» деп жазды. Бұл пікірдің дұрыстығы ал Макдисидің «Асхан ат-такасим фи-ма'рифат ал-акалим» шығармасында «И от Бараба до Шавгара два дневных перехода» деген тұжырымы дәлелдей түседі.

VIII ғасырға дейін Шауғар ауданы Түркі және Батыс Түркі қағанатына (552-702 жж.) қарайтын. VIII ғ. басына таман Шауғар сол кездегі Орталық Азиядағы саяси оқиғалар арнасына тартылады.

IX-X ғғ. Шауғар қаласы өзінің дамуының жоғары деңгейіне жетеді. Оның егіншілік пен көшпенді мәдениеттің түйісу аймағында орналасуы тез өркендеп, ірі сауда мен қолөнер орталығына айналуына әсер етті. X ғ. соңы мен XI ғ. басында Шауғар қаласы қарахандар иелігінің бірінің құрамында болады. XII ғ. аяғы мен XIII ғ. басында Қаракытайлар мен Хорезм шах мемлекеті саяси үстемдік үшін шығады. 1206 ж. Жетісу жеріне Күшлік бастаған наймандар басып кіреді. Хорезмшах Мухаммед Мауереннахрға шекаралас қалаларды қорғауға мүмкіндігі болмағандықтан, наймандарға қалдырғысы келмей барлығын қиратады. Сөйтіп, XII ғ. бастап орта ғасырлық

тарихи-географиялық әдебиеттер бетінен Шауғар аты жоғала бастайды да, саяси және экономикалық фактор ретінде Иассы қаласының өркендеуінің әсері қатты болады.

Шауғар мен Фараб өңірлері Тарбад деп аталған бір иеліктің құрамдас бөліктері еді. Сондықтан Махмуд Қашқари «Дивани лұғат ат – Түрік» атты еңбегінде «Карачук – Фарабтың басқа аты» деп жазады. Бұл иелік түркі қағанаттарына қарады.

IX ғасырда Шауғар қарлұқ, оғыздар қол астында болды. Хорасан әкімі Әл-Мамун (809-818 жж.) кезінде Фараб-Шауғар иелігіне жорық ұйымдастырылып, қарлұқтардың шекаралық басшысы өлтірілді, джабғудың әйелдері мен ұлдары тұтқынға алынды. X ғасырдың аяғында саманилік Насыр ибн Ахмед (864-892 жж.). Шауғарға үлкен әскермен жорық жасады. Деректерге қарағанда осы жорық кезінде Шауғар өңірінде мыңдаған түркілер қаза тапты.

Араб географы әл – Макдисидің сипаттауынша, X ғасырдың аяғында: «Шауғар айналасында елді мекендері бар, қорғанмен қоршалған үлкен қала. Мешіті базар шетінде». Араб деректері бұл қаланы Шауғар десе, түркі деректері Қарашық деген. Бұл түркі халықтарының тарихи тағдырында Қарашық орнының қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. X ғ. аяғы – XI ғ. басында Шауғар – Қарашық қарахандықтарға қарады. XII ғасырдан бастап орта ғасырлық жазба деректерде Шауғар атауы кездеспейді де, тек Қарашық атауы қалады.

Түркістан қаласынан 8 шақырым жерде орналасқан Шойтөбе қалашығында археологиялық қазба жұмыстары ұйымдастырылған болатын. 1992 жылдары Шойтөбе қалашығында жүргізілген қазба жұмысын отряд бастығы Ә. Қ. Шашаев басқарды. Жинақталған материалдар негізінде оның көне Шауғар қаласының орны екендігі атап көрсетілді.

1989-1992 ж. ж. және 1996-1999 ж. ж. Түркістан археологиялық экспедициясы Л. Б. Ерзакович және Е. Ә. Смағұлов зерттеген. Зерттеу жұмыстары толық аяқталған жоқ, әзірге қолда бар заттай тарихи деректер қаланың қалыптасу кезеңі I мың жылдықтың бірінші жартысы екендігін ғана көрсетеді.

Қорытынды.

Тарихи Ұлы жібек жолының бойындағы Шауғар қаласы яғни Түркістан-қазақ хандығының тұңғыш астанасы, бүгінгі таңда түркі тектес халықтардың рухани орталығы. Түркістан-тоғыз жолдың торабына айналып, түркілер еліне әлемнің төрт киірынан жаналықтар жеткізген түркілер туралы мағлұматты да

сол төрт киірге таратқан, сөйтіп, ұлы даланың әлемдік өркениет пен байланысын қамтамасыз еткен сырлы өлке.

Жалпы, Түркістан-қазақ халқының ұлттық мемлекеттілігін дүниеге әкелген алтын бесік, әрі оны кемелдендірген өнегелі мектеп. Ұлттық бостандығымыз бен іргелі елдігіміздің ақ ордасы, асыл көзі деп ардақ тұтады.

Ертедегі ер түріктің бесігі, Тәңірлік сенім мен Исламдық өркениеттің әлемге мәшһүр «ықылым-ұлысы» Түркістанды жаһандану заманына байланысты жаңғырту жүзеге асса, ол әлемде жоқ өркениет пен руханияттың таңғажайып кереметіне айналары анық. Адал еңбек пен ырыс-берекенің, рызык пен несібенің, бірлік пен татулықтың және ізгілік пен иманның жұмбақ елі «Түркістан» болар еді.

Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртаза өзінің Рашид Ыбыраевпен бірлесіп жазған «Киелі Түркістан» деген мақаласында: «...Әр елдің, егер ол өз тарихын, өз ұлтын, өз мәдениетін, өз намысын бағалай білетін ел болса, сол елдің пір тұтқан, асыл кие тұтатын бір мекені болады. Біздер үшін сондай рухани алып-Түркістан», – деп ерекше атап өтеді. Елбасымыздың тікелей қадағалауы Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын атап өттік. Елбасының сол кездегі Түркістан қаласының 1500 жылдық салтанатына қатысушыларды құттықтап тұрып: «Түркістан-ұлттық бостандығымыз бен елдігіміздің ақ ордасы, Киелі Түркістан дүние тұрғанша тұрсын!», деген ой толғанысын білдірген. Қорық-мұражайдың көркейіп, гүлденуі Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың тікелей қамқорлығымен іске асып келеді. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ғимаратының суреті төл теңгеміздің алғашқы шығарылымының 500, 1000, 2000-дық купюраларында бейнеленуі де осындай мәртебені нығайта түседі. Он бес ғасырлық тарихы бар Түркістан қаласын, ендігі жерде бүкіл дүниеге таныту болашақ ұрпақтың қолында. 2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Ұлы Жеңістің 70 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтеміз. Қазақ хандығының тарихында Түркістан қаласы маңызды орынға ие.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қожа Мұқтар. «Иассы-Түркістан тарихы» Алматы, – 2000.
- 2 Махмуд Қашқари «Дивани лұғат ат – Түрік» Алматы, – 1993.

3 М. Тұяқбаев «Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар» Алматы, – 2000.

4 Н. Ә. Назарбаев «Түркістан – ұлттық бостандығымыз бен елдігіміздің ақ ордасы» Заң, 2000, – 25 қазан.

5 С. Жолдасбайұлы «Ежелгі және ортағасырдағы Қазақстан» Алматы, – 1995.

6 Е. А. Смагулов «Новые археологические данные к исторической топографии городища Туркестан» Омск, – 1987.

7 Е. А. Смағұлов, М. Тұяқбаев «Түркістанның ортағасырлық тарихы» Түркістан, 1998.

АРДАГЕРДІҢ ҒИБРАТ-ҒҰМЫРЫ

ЖЕҢСІКБАЙ А. Н.

8 сынып оқушысы, Абай атындағы № 90 мектебі,
Абай ауылы, Қазалы ауданы, Қызылорда облысы

ШАЖАЕВА А.

жетекші, тарих пәнінің мұғалімі

«Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз. 2015 жыл ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіру де айрықша рөлге ие».

«Нұрлы жол – болашаққа бастар жол»

ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев – Қазақстан халқына Жолдауы.

Ұлы Отан соғысының жеңісінің аяқталғанына биылғы жылы 70 жыл толады. Осы бір даңқты Жеңіс күні тарихымызға неғұрлым тереңдей өсіп алыстаған сайын оның ұлылығы мен мән-мағынасы дараланып, маңызы арта береді. Көп ұлтты Кеңес Одағының құрамында қазақ халқы ортақ Отанды ғана қорғап қалған жоқ. Олар жер бетіндегі бүкіл адам баласын фашистік құлдықтан сақтап қалды.

Қан майданда ажалмен арпалысып жүріп, ғажайып ерлік жасаған аға ұрпаққа деген құрмет сезімінің еселеніп түседі. Олар жасаған Ұлы ерлік ешқашан да ұмытылмайды, ол мәңгіліктік болып қала береді.

Мен бұл зерттеу жұмысымда Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қатысып ерлікпен шайқасқан ардагер атаның ерлігін және соғыстан кейінгі ұстаздық еңбегіндегі қыр-сырларын, кейінгі ұрпаққа өз ұрпақтарына үлгі боларлық іс әрекеттерін паш ете отырып, жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне ата-баба салт-дәстүріндегі халықтық тәрбиенің үлгісін сіңіру арқылы жас адамы тәрбиелеудің негіздері үлкенді құрметтеу, қоғам алдындағы борышын адал орындау, арын таза сақтау, қоғамдық тәртіпті бұлжытпай орындау заңға бағыттау жас адамға қажетті ізгілік белгілері осы екендігін сіңіру.

Зерттеліп отырған тұлғаның ұстаздың қызметін, өз бойындағы қасиеттерін кейінгі ұрпағына сіңіре отырып ұстаздар әулетінің дінгегі болғандығын анықтау арқылы насихаттау.

Зерттеу жұмысы кіріспеден, негізгі бөлімнен және қорытындыдан тұрады.

Кіріспеде зерттеу жұмысының өзектігі көрсетілген.

Негізгі бөлімде үш тақырып қамтылған. Олар «Отанды қорғау-ерлердің ісі», «Ұлағатты өмір белестері», «Естеліктер, ой толғаулар».

Қорытынды да тақырып бойынша өзекті мәселенің мәнінің ашылғандығы жайлы тұжырым жасалған.

II.1. «Отанды қорғау – ерлердің ісі»

Мен зерттеп, баяндағалы отырған Аязбаев Нұптулла ата 1917 жылы Қазалы ауданы, Сарыкөл ауылдық кеңесінде дүниеге келген.

Еңбек жолын 1937 жылдан ұстаз болудан бастаған.

1940 жылы Кеңес Армиясы қатарына алынып, Фин соғысына қатысқан. Ұлы Отан соғысы басталған кезде Белорус майданының құрамында болып, майданның алғашқы күндерін бастап, Барновичи, Бобруиск, Минск қалаларын қорғаудағы ауыр шайқастарға қатысты.

Ауыр ұрыстар жүргізу, майдандағы шегініс кездеріндегі қиындықтарды, ауыр кезеңдерді бастан кешіре отырып, Отан қорғауда табандылықпен шайқасып барлық қиыншылықтарға шыдамдылықпен төзе білді.

Майдан жолы бұдан әрі де жалғаса береді. Жауды Мәскеу түбінде тоқтатып, кейін қарай тысқыра қууда №102 атқыштар полкының құрамында ерлікпен шайқасты жалғастырды. Осындай шайқастарда ауыр жараланып. Горькийде 2 ай емделіп, майданға Украина майданының атқыштар артелериясында кіші командир

болып, шайқастарға қайта араласты. Гвардия аға сержанты атағын алып атқыштар артелериясынның командирі болып жауынгерлік міндетін атқарды.

Көптеген даңықты шайқастардың куәсі болған атамыз, Днепрден өту шайқастарына қатысқан және Украина жерін азат ету жолындағы қанды шайқастардың бел ортасында қанмайданда ерліктер көрсеткен.

Батыстағы Еуропа елдерін Руминияны, Венгрияны, Чехословакияны жаудан азат ете отырып, Соғысты Жеңіспен аяқтап, Берлинге дейін барған.

Соғыстағы ерлігі үшін «За Отвагу», «За Победу над Германией», «Жеңістің 30 жылдығы» «Жеңістің 40 жылдығы», «Жеңістің 50 жылдығы» медальдарымен марапатталған.

II.2 Ұлағатты өмір белестері

Соғыс аяқталған соң елге оралған Аязбаев Нұптулла ата соғыстан кейінгі елдің ауыр тауқыметін көтеруге бүкіл ел сияқты белсене араласты. Соғыстан бұрынғы ұстаздардың жолын әрі қарай жалғастырып, 1946 жылы Байқожа мектебінде бастауыш кластардың мұғалімі болып қызмет атқарса, бұдан кейін аудан орталығынан алыс елді мекендегі «Микоян» балық колхозындағы №93 негізгі мектепке бастауыш сыныптар мұғалімі қызметіне жіберілді. Жас жеткіншектерге соғыстан кейінгі қиындықтарды қайта қалпына келтіру жылдарында еңбек ете отырып, шәкірттерге саналы білім, сапалы тәрбие, қоғамдық еңбекте белсенділік көрсетуде өз бойындағы барлық білімін, тәрбиесін күш қуатын өз дәрежесінде бере білді. Сол кезде ата алдынан білім алып, әріп таныған білім алған жастар қазіргі кезде ғылым докторы, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі, аудан, облыс көлеміне танымал азаматтар. Атап айтар болсақ биология ғылымдарының докторы, профессор Әбілов Дөнес, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Ағымсал Дүзелханов, облыстық мәслихаттың депутаты Ибайдулла Тілеп, аудандық мәслихаттың депутаты Бекқали Бекбауылов тағы басқалар. Нұптулла ата жұбайы Аязбаев Әмина екеуі 6 бала тәрбиелеп өсірді. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші әкенің бойындағы ізгі қасиетті, ұлағатты тәрбиесі бойларына сіңіре білген балаларының көбі әке кәсібін әрі қарай жалғастырып, білім саласында еңбек етіп келеді. Үлкен баласы Аязбаев Құлатай Алматы қаласындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетін бітіріп, ұзақ жылдар бойы № 90 Абай орта мектебінде тарих пәні мұғалімі және тәрбие, оқу ісі меңгерушілігін абыроймен атқарды. Қазіргі кезде ұстаздық қызметте. Кіші ұлы Аязбаев Күмісбек

Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата атындағы университеттің бастауыш сыныптарда білім беру методикасы факультетін бітіріп, бастауыш сыныптардың мұғалімі қызметін атқарып, қазіргі таңда Астана қаласында жас шәкірттерді білім нәрімен сусындауда.

Ал немерелері Аязбай Әйгерім № 90 мектепте математика пәнінің мұғалімі, Аязбаева Сәуле Астана қаласындағы медициналық академияда аға оқытушы, Аязбаева Индира Шымкент қаласында бастауыш сыныптардың мұғалімі, Аязбаева Асел Астана қаласындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқаруда.

II.3 «Естеліктер, ой толғаулар»

Мен Аязбаев Нұптулламен 1966 жылдан бастап Абай атындағы орта мектепте ұстаздық қызметті бірге атқардым. Аязбаев Нұптулланың бойындағы адамгершілік, өз еліне деген сүйіспеншілігі, бала тәрбиесіндегі ұлағаттылық қарапайымдылық, өзгеге қамқорлық жасауға бейім тұратын қасиеттерін бойына сіңіріп, үлгі алдым. Жеңіс мерекесі мерекелеу жиынында оқушылармен кездесу кешінде Ұлы Отан соғысы кезіндегі ауыр сынды, майдан даласындағы ұлы қырғынды әңгімелей отырып, денесіндегі ауыр жарақат іздерінің қай шайқас кезінде алғандығын, соғыстың қиыншылығын көтерудегі ұлы ауызбіршілікті, жеңіске деген сенімді нақты қылып әңгімелеп беретін, кейде жастарға қосылып соғыс жылдарындағы әндерді айтып, билеп кете беретін. Отбасында балаларына өз бойындағы қасиеттерін сіңіре отырып тәрбиелейтін. Жұбайы Аязбаева Әмина да мектепте техникалық қызмет атқарып, жұмыс жасады. Сондықтан Аязбаевтар отбасын ұстаздар отбасы дейтінбіз. Үлкен ұлы Аязбаев Құлатай мектепте тарих пәнінен сабақ берсе, келіні Кеулімжаева Күнбибі жоғарғы санатты математика пәнінің мұғалімі, кіші ұлы Аязбаев Күмісбек бастауыш сыныптар мұғалімі болып қызмет атқарды. Сондықтан мен Аязбаев Нұптулла ағамызды артына ұлағатты іс қалдырған батыр майдангер есебінде үнемі есте сақтаймын.

Үлкен ұлы Аязбаев Құлатай

Әкем Аязбаев Нұптулла отбасында үнемі біздерге ісімде, білімімде де үнемі үлгі көрсетіп отыратын. Біздер әкеме соғыс кезіндегі көрген оқиғаларын айтып беруімізді өтінгенде ауыр күрсініп алып ендігі кезде жалпы адамзат баласының басына ондай зұламет келмесін деп тілейтіндігін айта отырып, соғыста көрген қиыншылықтарын әңгімелеп беретін. Оқпен оттың арасында 6 жыл жүріп талай ауыр шайқастарға қатысып, алла тағаланның құдіретімен аман-есен елге құдай сақтағанын айтып

дәнесіндегі оқ тесіп кеткен жерлерді көрсетіп беретін. Днепр үшін болған ауыр шайқаста, өзеннен өтер кезде бөренені кеспелдеріне жармасып арғы бетке шыққан солдаттарды атақаға көтеруде жанқиярлық көрсеткенін, сол ұрыста майдандастарының тең жартысынан айрылғандығын мұная еске алатын. 1943 жылдың Белгород облысының көлемінде болған ауыр шайқаста І взвод жау қоршауында жаудың артелериядан атқылауының астында қалып бүтінге дерлік қайтыс болып, тек 4 жауынгер мен майдан шебінен І айға жуық мерзімде өтіп, өз әскерімізге қосылғанын айтып отыратын. Осы кезде елге шайқастан барлығымызды да қаза тапты деп қаралы қағаз жіберген екен. Құдайдың күдіретімен мақтаны от ішінде сақтайды дегендей, мен аман қалыппын. аман Мұғалімдік қызмет атқара жүріп, бізді адалдыққа, адамгершілікке, өз жерін, отанын, отбасын сүйуге, еңбекке тәрбиелеп отыратын.

III. Қорытынды

Өзінің саналы өмірін елдің бостандығын азаттығын қорғауға, қала берді болашақ ұрпақ тәрбиесіне арнаған Ұлы Отан соғысының ардагері, Аязбаев Нұптулла атаның өнегелі өмірі бүгінгі ұрпаққа үлгі болары анық. Сонау ел басына түскен қиын-қыстау кезінде бүкіл ел болып жауды жеңуге жас ғұмырымен жалындап, қан майданда ұрыс даласында алып ерлік жаса, соғыстан кейінгі бүкіл ғұмырын бала тәрбиесіне арнап, шәкірттерді Отан сүйгіштікке, еңбекке баулып қажымай талмай ұстаздық етті.

Сонымен қатар отбасында да өз ісімен үлгі бола білуі, балаларына тәрбие беруі аркасында бүтіндей бір ұстаздар өулетін тәрбиелеп шықты.

Ғылыми – зерттеу жұмысын қорытындылай келе Елбасымыздың 2014 жылғы отбасы жылын өткізудегі игі істерін аудан, облыс көлемдерінде жалғастырып Аязбаевтардың ұстаздар отбасының тәрбиесі ақпарат беттерінде жарияланып, насихатталса.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы
- 2 Олар Отан үшін соғысты Б. Дәулетияр, Б. Туменбаев Қызылорда.
- 3 Қазалы перзенттері Н. Аяғанов Алматы 2009.
- 4 Боздақтар Қызылорда 1997.

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ЖӘДИДШІЛ «ҒАЛИЯ» МЕДРЕСЕСІ

ЖҰМАБЕКОВ Ә. Т.

II взвод курсанты, Облыстық мамандандырылған әскери мектеп – интернаты, Павлодар қ.

НЕҒЫМАНОВ Е. Ө.

тарих пәні мұғалімі, ғылыми жетекші,

Облыстық мамандандырылған әскери мектеп – интернаты, Павлодар қ.

Жалпы Орта Азиялық классикалық оқу орындарын алмағанда Қазақ жерімен Еділ бойы мұсылман қауымына ортақ Уфадағы «Ғалия» медресесінің қай жағынан алсада шоқтығы биік тұрды. Оқу орны барлық сұраныстарды қанағаттандыра алмады. Сол себепті Жетісу өңірінде Найманның Қаптағай руынан тараған заманының әйдік байы Маман ел игілігіне арнап «Мамания» медресесін салдырды. XX ғасырдың басында Маман ұрпақтары қоғам ағымен ерте болжап, халықтың келешек камын тереңірек ойлай, бұрынғы 3 жылдық медресе негізінде жаңа үлгідегі мектеп салуды ұйғарды. 1904 жылы Есенқұл немере ағасы Құдайберген екеуі Уфаға барып «Ғалия» медресесінің құрылыс жобасын, оқу жоспарын, оқу құралдарын, ішкі тәртіп ережелері үлгісін алып келеді. Қапалдың сәулетшісі мешіт пен медресе жоспарын жасады. Мешіт салу жұмысын Сейітбаттал қажы басқарып, құрылыс 1907 жылы аяқталып, пайдалануға берілді. Мектеп үйін қайта салу, кеңейту жұмысы Есенқұлға жүктелді. Болашақ «Мамания» мектебінің сабақтары жоспар мен кестесі «Ғалия» медресесінің сабақ кестесі үлгісімен өткізілетін болып ұйғарылды.

XIX ғасырдың соңында Қазақстан мен Орта Азия елдерінде Кадим (дін оқуы) мектептерін Жәдит (төте оқу) ығыстара бастады. Патша үкіметі Кадим оқуы саяси тиімді болғандықтан оны қалдады. Өйткені Кадим мектептері феодалдық топтың мүддесін қорғаса, ал Жадитше оқу буржуазиялық бағытты көздеді. Патша өкіметі кадиместерді жадиттерге қарсы айдап салып, оларға көмектескені ақиқат. Екі ағым арасындағы тартыс ескі мен жаңаның күресі. Е. Б. Бендриков «Қазақстанда ашылған Жадит мектебінің ішінде ең тәуірлерінің бірі Жетісу облысы, Қапал уезіне қарасты «Қарағаш» деген жерде 1899 жылы ашылған ағайынды Маман мен Тұрысбек қажының медресесі» – деп атаған. Маманияда оқу мерзімі 5 жыл болып белгіленді. 1913 жылы онда 102 шәкірт оқыған [1].

Мектептің құрылысы қызу жүріп, бітуге жақындағанда, ру басшылары жанжал шығарып, жаңа типтік мектеп ашуға қарсы

болып жиын ашып «Орысша оқып, балалрымыз кәпір болып кетеді» – деседі. Есенкүл-жаңа типтегі мектеп ру басшыларына керек болмаса, Маман-Тұрысбек ұрпақтарына керек, – деп маслихатты тастап шығып кетеді.

Арасан елінің болысы Құдайберген Тұрысбекұлы Алматыға Жетісу губерниясының оқу инспекторының атына мектепте орыс тілін оқытуға рұқсат өтініш хат жазған. Инспектор бұл хатты Қапал уезінің бастығы Павловтың қармағына жіберген. Павловтың өз басы жалпы қаза мектебін ашуға қарсы адам. Кейін Алматыдағы губернатордың кеңесінде істейтін Барлыбек, Тұрлыбек Сырттановтардың көмегімен «Орыс тілін орыс мұғалімі оқытуға болады» деген рұқсат алады. Сарқан посекасының тұрғыны Захар Назаров деген қазақ-орыс тілінен сабақ берді. Назаров Павловтың тыңшысы ретінде, оған мектепте не болып жатқанының бәрін жеткізіп отырған. Мектепте орыс тілін үйрететін кешкі курс ашылып, оған Қарағаш қыстағында тұратын ересектер де қатынасады.

Орынбор, Ташкент, Уфа, Челябин қалаларынан ұстаздарды келісім-шартымен жалдап төрт-бес жылға шақырып отырған. Оқу орнындағы пәндерден басқа мектеп үйін, шеберханалар, жатахана, интернат үйлерін салуға кеткен қаржыны есептемегенде жалданған алты мұғалімге жыл сайын 2500 сом төлеп тұрған. Оған Жакып Ақбаевтың «Құдайға шүкір, ұлдары-Құдайберген мен Тәңірберген әпенділер, інілері-Сейтбаттал қажы мен Есенкүл әпенділер өздерінің даңқты әкесі мен ағасының ізгі жолына түскен. Олар 20-30 мың сом жұмсап «Мамания» мектебін салдыртыпты, алты адал оқытушы-мұғалім шақыртыпты, олар жылына 2500 сомнан айлық алады, жақсы пәтерлерде тұрады, оларды да байлар берген» деген сөз жолдары растайды.

Жаңа «төте» оқыту әдісін қолданып, діни сабақпен қатар біраз жаңа жаратылыстану мен гуманитарлық пәндер де енгізілді.

«Айқап» журналына, «Қазақ» газетіне мектепке білімді қазақ мұғалімдерін шақырған жарнамалар жарияланып, сол бойынша жоғарыда аталған қалалардан мұғалімдер келген. Көзін ашқаннан қозы соңында жүрген кедей-кепшік, малшы-жалшының балалары мен өз балаларының бір партаға отыруына кейбір ру басшылары қарсы да болған жағдайлар кездескен.

1909 жылы мақсатқа алған мектеп құрылысы аяқталып, тамыз айында мектептің ашылу құрметіне жан-жақтан сыйлы қонақтар шақырылып ұлан-асыр той өткізіледі. Шақырылған қонақтардың

бірі атақты ақын Әсет Найманбайұлы Шәуешек қаласынан шақыруға алғыс хаты Алматыдағы Орталық педагогика мұражайында сақталған. Хаттың қысқаша мазмұны шақыруға Алла разы айтып, науқастанып тұрғанын, тойға «орамал жол болар» өлеңін хатпен жолдаған:

Уа, жаным, құтты болсын медресен,
Бек жақсы жеміс ексең, теріп жесең,
Немерең тәрбие алып, тәлім алып
Оқыса өтелгені менің есем.
Шіркін-ай ашылса ғой баяғы да
Берер ме еді Әсет жол аяғына.
Көрдін бе өкіндіріп отырғанын
Кез келіп сүйенгенде таяғыма.
Дауысым естіле ме Шәуешектен,
Еңбегін өтеледі келешекпен.
Илахи, кейінгі ұрпақ теріп жесін,
Жемісін аталары егіп кеткен. Үшбу сәлеммен Найманбайұлы
Әсет. 9тамыз 1909 жыл, Шәуешек қаласы [2].

Жалпы Әсеттің Маманмен араласы өте жиі болған. Әсет қажы ауылына келіп той думан құрып, айлап жатса керек. Елдің еркесі, шолжаңы Әсетті Ақсу жұрты да сыйлап, жоғары көтерген.

Мектепке келсек оқу залдары бар, сегіз сынныптық бөлмелі мектепке әкелері Маманның құрметіне «Мамания» медресесі деген ат берілді. Медресенің оқу бағдарламасына мынадай пәндер енгізіліп, бекітілді.

1. Қазақ тілі (оқу, жазу) 1-сыныптан бастап
2. Есеп(арифметика) 1-сыныптан бастап
3. Иман шарт 2-сыныптан бастап
4. Құран 2-сыныптан бастап
5. Орыс тілі 3-сыныптан бастап
6. Пайғамбарлар тарихы 3-сыныптан бастап
7. Жағрапия 3-сыныптан бастап
8. Зоология 4-сыныптан бастап
9. Ислам діні тарихы 5-сыныптан бастап
10. Татар тарихы 5-сыныптан бастап
11. Хадис (Пайғамбарлар өсиеті) 5-сыныптан бастап
12. Орыс тілі 5-сыныптан бастап оқытылған [3].

Бұдан шығар қорытынды оқу екі бағытта, яғни діни және пән негізінде. Оқу мерзімі алғашында бес жыл болып белгіленді. «Мамания» мектебінде 1913-1915 жылдары шәкірт саны 200 болып,

мұғалімдер құрамы сапаланып Түркия, Қазан, Уфа, Семей, Орынбор т. б. с. с әр жақтан келген 16-17 мұғалім 4-5 жылға келісім-шарт жасап, дәріс берген.

Аз уақыт ішінде мектептің абырой-атағы қазақ сахарасына жайылды. Шәкірттер медреседегі білімдерін аяқтап, оқуын ары қарай үлкен оқу орындарында жалғастырған. Бұл, әрине, мұғалімдердің үлкен творчестволық ізденісі, өзінде бар білімді дұрыс бере білуі, еккен жеміс еді. Ұстаздар мектептің қалыптасуына, оқу тәрбие жұмыстарының сапалы және жүйелі жүруіне, рухани баюына негіз салды. Маман балалары мектепке ұстаздарды қабылдауда өте талғампаздықпен іріктеп алғаны байқалды. Қарағаштағы жәдитше ашылған бұл мектеп, шарифат жолымен, құран сүрелерін, аяттарын жаттау басты нысана болған қадим оқуынан ерекшеленіп ана тілінде оқу, жазуға, оқу жоспары бойынша бастауыш білім берді.

Стамбулда діни жоғары семинарияны бітірген Файзрахман Жиһандаров Қайырдың қахира университетін тамамдаған, сегіз тілді меңгерген Ғабдолғазиз Мұсағалиев, «Ғалия» медресесін бітірген Есенгелдина Фатима тәрізді ұстаздар еді. Осы аталған мұғалімдермен қатар «Маманияда» Әбішов Науар-ұлты татар. Ала-буинск уезі, Ялғенск губерниясы (Татарстан). 1909-1911 жылдары есептен сабақ берген.

Ғабит Ахметкерей – ұлты татар. Уфа қаласынан. 1-2 сыныптарды оқытқан Ислямов Нұрмұхамед – ұлты татар. 1912-1914 жылы тарих және жағрапиядан сабақ берген.

Батыршинов Ахметкерей-ұлты татар, Челябин. Стамбулда оқыған 1912-1916 жылдары есептен және физикадан сабақ берген.

Есенгелдин Мұхаметқали – Семей облысынан 1911-1914 жылдары тарих және жағрапиядан дәріс берген.

Мұстақым Малдыбаев – руы қаракесек, Керекуден. 1914-1914 жылдары есептен және физикадан дәріс берген.

Айнажарықов Айманбет – 1913-1917 жылдары ана тілінен оқытқан.

Ермектасов Мейрман – жергілікті адам, Уфада «Ғалия» медресесінің түлегі. 1913-1919 жылдары есептен және физикадан дәріс берген.

Назаров Захар – Сарқан казак-орысы, 1911-1915 жылдары орыс тілінен берген.

Прошунин-Сарқан қаласынан. 1915-1918 жылдары орыс тілінен дәріс берген. Хасен мола – ұлты татар, мешіт имамы [4].

Санкт-Петербургтағы І Александр атындағы жол қатынас институтын бітірген, «Алаш» партиясының мүшесі, Түрксіб теміржолы жобасының негізін салушы, қоғам қайраткері М. Тынышбаев «Мамания» мектебінің оқу – тәрбие жұмысына кеңесші болды.

Міне, осындай мұғалімдердің бір оқу орнына жиналуы аз уақыттың ішінде мектеп даңқын бар қазаққа паш етті. Еліне ырыс болған Маман әулетінің ашқан мектебі небір сайыпқыран алаш азаматтарының Ақсудың дәм-тұзын татуға себепкер болған. Мамандардың шамшырақтай игі ісін көзбен көріп, риза болып, Ақсудың даңқына даңқ қосып, оны бар қазақтарға жайғандардың бірі Майра Уәлиқызы. Малдыбаев Мұстақымның «Маманияда» ұстаздық қызмет атқаруына орай Майра бірге ілесе келген. Уақыты жетіп М. Малдыбаев еліне қайтарында үйренісіп қалған Ақсуды қимай «Қоштасу» әнін шығарған. Оған жауап қатқан жас Ілияс ақын қайырма өлең айтқан. Майра мұртты енді тебендеп келе жатқан жас ақынды құшақтап. батасын берген.

«Мамания» медресесінде ер балалармен қоса қыздар оқуы да ашылған. Хасен молданың қарсылығына қарамай, Есенқұлдың тікелей араласуымен ашылған. Уфадан шақырылған Есенкелдіұлы Мухамедқалидың жұбайы Фатима ханымға қыздар сыныбын ашып берген. Сабақтан кейін әйел-қыздар, келіндер кешкісін қол үйірмеге қатынаскан. Майра да осы қыздар үйірмесінде оқушыларды іс-тігуге үйреткені жайлы естелік сақталған.

Жалданған мұғалімдер уақыты аяқталып, кетіп қалып отырғандықтан аса зерек шәкірттерді шет жерлерге жіберіп білімдерін көтеріп медресеге дайын мұғалім алып отырған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Е. Бендриков. Народное просвещение в Туркестане в 1918 – 1919 гг. // Советская педагогика. 1956. – № 12. – 37-с.

2 Алматы қаласындағы республикалық педагогика мұражайы қоры.

3 А. Абдыхаев. «Жетісу жеріндегі жемісті бақ». ТИГУ XXIII Республикалық ғылыми практикалық конференция материалдары. I – Т. Тараз, 2014. – 192 б.

4 Қазақстан Республикасының орталық мұрағаты. 90 – қор, I – тізім, 373 – іс, 14 – п.

ТҰҒЫРЫ БИІК ТӘУЕЛСІЗДІК

КАБЫШЕВА А. Х.

7 сынып оқушысы, №22 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

МОЛДАБЕКОВ Б. К.

жетекші, тарих пәнінің мұғалімі

Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің,
 Нендей күйге жүрегімді бөледін.
 Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлем,
 «Арманым жоқ бұл дүниеде» дер едім.
 Болдым ғашық, туған дала, мен саған,
 Алыс жүрсем, арманым – сен аңсаған.
 Жақын жүрсем, мен төрінде рахаттың
 Өз Отаным – өз туған босағам.

Қасым Аманжолов

Арманы болған бабамның,
 Еркіндік бүгін төрімде.
 Құлпырып төсі даламның
 Рухтана түсті елім де.
 Қыраным көкте шарлайды,
 Әйгілеп сені, туған жер.
 Еркіндік жайлы, ел жайлы,
 Шырқалсын мәңгі асқақ ән.
 Төбемде нұрлы азат күн,
 Менің де нұрлы жанарым.
 Көтерген туын қазақтың,

Ұланы болам даламның – демекші, Тәуелсіздік, бостандық,
 еркіндік сияқты сөздер көкейде жағымды әсер қалдырады.
 Әрбір адамның жүрегіне жайлы сөз.

Тәуелсіздік – еліміздің егемендігі, бостандығы мен демократиялық
 жаңару жолындағы көптеген ғасыр бойлы күрес тарихының нәтижесі.

Еліміз осы кезеңде талай қиыншылықтардан өтті. Ресей
 патшалығының отарында екі жүз жыл, Кеңес Одағында жетпіс
 жылдай болдық. Осы уақыт аралығында салт-дәстүрлеріміз
 бен әдет-ғұрыптарымыздан, ең бастысы тіліміз бен дінімізден
 айырылып қалуға шақ қалдық. Ғасырлар бойы жоқ іздеген
 халық болдық. Ал біздің жоғалтқан асылымыз – Тәуелсіздік еді...

Тәуелсіздік жолындағы күресте, ержүрек батырларымыз
 көптеген қиыншылықтарды басынан өткізген. Қаншама тағдыр
 тәлкегіне ұшыраған адамдар болды. Көптеген көтерілістер соған
 дәлел болды. Соның біреуі – Желтоқсан оқиғасы. Бұл сөзді естігенде
 кез келген қазақ баласы көзіне жас алып, мұңға батады. Ызғарлы
 желтоқсан айында талай қазақтың жас қыздарын және ұлдарын жан
 түршігер азапқа салған. Қайраттай ұл мен Ләззаттай қызымыз –
 қаншама жас ел еркіндігін, бостандығын аңсап, өмірден озып кетті.

Желтоқсандық жастардың қатарында ерекше орын алған, бар
 болғаны 22 жас жасаған, қысқа ғұмыр кешкен ұлттық батыры-
 мыз Қайрат Рысқұлбековты білмейтін қазақстандық азамат жоқ
 шығар. Ағамызға Көктеректе ескерткіш ашылғанда Мұхтар
 ағамыз Қайраттың рухын одан әрі көтеру үшін, жыр оқыды. Ол:

Жігеріңмен көктен өтіп,
 Ұлт мүддесін шекпен етіп,
 Төбең бір сәт көкке жетіп,
 Өз өлкеңе ескерткіш боп,
 Оралдың ба айдарлым.
 Қиын сәтте жалау еткен намысын,
 Бағың жансын, қайсар ұлым,
 Жанын қиған ел үшін.
 Алматыға Ноғайбайдың ұлы боп,
 Қайта оралған арысым!

1990 жылы Республикалық алаңда бас қосып, 1986 жылғы
 Желтоқсан оқиғасын есте қалдыруға арналған ескерткіш тақта
 орнату рәсімі болды.

Ата – бабаның арманы болған Тәуелсіздікке қол
 жеткізгенімізге, міне, 25 жыл толады. Өткеніміз бен бүгінгі
 күнді салыстыру мүмкін емес. Себебі осы уақыт аралығында
 Елбасы Н. Ә. Назарбаев көптеген стратегиялар жасап, ғасыр
 бойы атқарылатын істер тындырды. Адамзат қоғамының тарихы
 үшін жиырма жыл деген ұзақ мерзім емес. Дегенмен Қазақстан
 үшін осы жылдар аса маңызды тарихи оқиғаларға толы бол-
 ды. Ең алғашқы, ең елеулі оқиға Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы
 Назарбаевтың бастамасымен Семей ядролық полигонын жабу
 және ядролық қарудан түгелдей бас тарту. Бұл көптеген мемлекет
 басшыларының ойына келмейтін ең ұтымды шешім болды. Со-
 дан бері осы күнге дейін Қазақстан ядролық қарудан өз еркімен
 бас тартқан тұңғыш әрі жалғыз ел болып табылады. Мұны
 Н. Назарбаевтың ерлігі десе, еш қателеспегенім.

Тарихта ғасырда бір келетін оқиғалар болады. Соның бірі – Астанада 56 елдің басын біріктірген – Саммит болды. Қазақстан әрі төраға, әрі саммит шақырушы елге, ЕҚЫҰ тарихында тұңғыш рет қол жеткізген мемлекет болып отыр.

Айта кететін 2011 жылы еліміз Қысқы Азия ойындарының эстафетасын қабылдады. Бұған 26 ел қатысты. Ең бастысы Қазақстан Азия ойындарын өткізу құқығына тұңғыш рет ие болды.

Сонымен қатар Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына және Ислам Ұнтымақтастығы төрағалық ету арқылы еліміз әр түрлі мәдениеттер арасындағы байланысты тереңдетуге атсалысады. Бұл тұста Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев: «2010 жылы біздің ел Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етеді. Ал 2011 жылы Ислам Конференциясы Ұйымы министрлерінің конференциясына төрағалық жасадық. Қазақстан түрлі мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы сындарлы іс-әрекет тақырыбын жылжытуға әрі осы және басқа да халықаралық ұйымдар аясында нақты шешімдер қабылдауға қол жеткізуге ықыласты».

Онымен қоса Қазақстан барша әлемге өзінің этникааралық жағымен де үлгі болып отыр. Биілігі 2015 жылы Қазақстан халықтар ассамблеясына 20 жыл толып отыр. Еліміздің беделі жылдан – жылға нығайып, мемлекетімізді бүкіл әлем танып, құрметтейді. Дүниежүзілік мемлекеттер арасында орны бөлек.

Тәуелсіздік – қасиетті ұғым. Біз – осы тәуелсіз елдің ұрпақтарымыз. Біз үшін мұнан үлкен мақтаныш жоқ шығар. «Тәуелсіздік біздің алдымыздан жарқын болашаққа жол ашып берді. Біз сол жолдан ешқайда бұлтартмай, алға баса береміз» депті Елбасы Н. Ә. Назарбаев.

Тәуелсіздік – тарихым, елдігім, тілім, дінім деп, осы егеменді елде туғанымға мақтанам.

«ДАЛА УАЛАЯТЫ ГАЗЕТІНДЕГІ» ЕРТІС-ПАВЛОДАР Өңірі жайлы

КАМЕШ К. А.

8-сынып оқушысы,

Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған
облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

«Дала уалаяты газеті» ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы Дала уалаятының патша ағзам хазіретінің өмірі бойынша

1882 жылы 12-ші мамырда бекітілген, яғни оған қарасты Ақмола, Семей, Жетісу облыстарын атап өткен жөн. «Дала уалаяты» газетінде айтылмыш облыстардың тұрмыс тұрақтарын, халықтың мұң - мұқтажын, ғасыр тоғысындағы ақын шығармаларын, хикаяттар, аңыз әңгімелер, ояңдарда бекітілген билеуіштер, ауылнай, старшиналардың жана қызметке тағайындалуын барша дала қазақ жұртына жаңалықтардың хабаршысы еді.

«Дала уалаяты» газетіндегі кейбір сандарынан Ертіс-Павлодар өңірінің этнографиялық әңгімелері, хаттары, Павлодар оязына байланысты материалдардың жарық көргендігін байқаймыз. Біздің өлкеге байланысты Баянауылдан келген хатта: «Кеше Жанкеде «бітер істің басына, жақсы келер қасына» деп чиновник Тюфяев келіп екі жаққа да насихат айтып, ұзын сөздің қысқасы, Хусайн мырза айтқан сөзіне жетіп, Өлеңтінің ар жағынан төрт шақырым жерді алды. Ежелден ата-бабасы жер су алған адамның баласы да, етпен терінің арасында жел сықылды өнері барлардан неде болса бір асты, 1889-ыншы жылда бірінші октябрьде жәрменке болып Баянауылда, сонда начальнигіміз военный губернатор басшылығының нашарды байларымен теңдікке жеткізіп, алым-шығынды байларға тарттырсын деген жарлықты есіттіруі бойынша Ақбеттау елінің ел билеушісі Хусайн Боштайұғлы елінің бойынан нашары кеп болған себептен, бір ауылнайдан 60 үйді алымнан шығарды. Төрт үйге бір теңгеден салды және сегіз үйге екі теңгеден салды. Он үйге салықты 3 теңгеден салды, он алты үйге 4 теңгеден салды. Бір ауылнайда екі жүз үй болса, қалған жүз жиырма үйге алымды малына қарай лайықтап салым сала берді. Елу басынан он үй нашар алымсыз қалып отырды. Бұлардың алымын байлардың үстіне салды. Байларға бұл дөнеңе емес. Ақшасының пайдасымен болса да толады. Өз күнін өзі көре алмай отырған кедейге бір теңге салса да соның өзі әлдеқандай ауыр жүк болып кетеді.» Бұл сол кезеңдегі қазақ халқының өмірі, қарапайым халықтың әл-ауқаты, қиыншылық қыстау кезеңінде патша үкіметінің тарпынан салықтың бекітілуі. Ал екінші бір хатында: «Құрметті Ақмола облысының газет басып шығарушыларынан өтінемін, осы хабарлымыш хатының сөзін мүмкін болса, газеттеріңізге жазбақтарыңызды. Осы заманда һәм келешек заманда біздің қазақ халқының ішіне қылып тұрған залалдың орыс болсын, қазақ болсын жаман тәлім, адамдардың тоқталып тыйылуына бір себеп болар ма еді.

Ақкелін, Баянауыл, Далбағатау, Қызылтау, Қалмакқырған, Атақозы, Қарамола, Шақшаң осы сегіз болыс Сүйіндік елдері: Баянтау, Қызылтау, Қалмакқырған – осы үш тау ішіне сиып, қыс алты ай түтін түтетіп, жаз алты ай Өленті, Шідерті, Ащы деген ұзын өзен бойларын жайлап, сентябрь жұлдызының ішінде қыр тараптарына қайтқан уақытта жоғары есімленгіш сегіз болыс елінің ортасында осы төрт жылдан бері Баянауыл дуанының ішінен 1-інші октябрьде «Покровски» деген жәрмеңке ашылып, алыстан аты арып, тоны тозып іздейтін базары жақыннан табылып, қазақ бишара бірді-екілі малдарын сатып, түндік басына төлейтін алым-шығынын даярлап, онан соң киер киім, ішер тамақтан қалғанын қыс түтін түтетіп, баспана қылып отыратын үйлеріне, қораларына керек ағаш, әрі мұқтаж болатын нәрселер, ақша жақын жерден табылғанын: тегіндей көріп, осындай алысты жақын қылып, жәрмеңке ашып, бекіткен ұлыққа шын ниетімізбен тәңір жарылқасын айтып. Құдайға шүкір, халқымыздың шаруасы түзелуге таман айнала бастаған сияқты ед...» деп жазған хатында өлкедегі халықтың тұрмыс-тіршілігі, үйге керек құрал-жабдықтарын, киім – кешектерін жәрмеңке барысында алыпжағдайларын бір түзеп алғандыған хат негізде баяндап берген.

Патша өкіметі қазақ жеріне бекіністер салумен шектелмей қарапайым халықтан салық жинауы, елді басқару ереже нормаларын еңгізумен қатар қазақтың жаз жайлап отыратын шабындық жерлерін орыстардың егісік ретінде сатып алуы өлкеміздің өркендеуіне жол ашпаны айдан анық. «Дала уалаяты» газетіндегі келесі бір санында «Павлодар оязынан» атты мақаласында қазақ халқына залалға себеп болып бара жатқан үшбү төменгі оқиғалар орыс жағындағы қазақтар Маралды елінің һәм Ұрық елінің әрқайсысы ауыл болып өздеріне тиісті жаз жайлап отыратұғын шабындық жерлерін орыстарға егін салуға сатады, десятинасын елу тиыннан. Бұл сатқандарын өзіне залал екенін білмей. Сонда да қайтсін амалы жоқ, февраль айында тамақтары түгесілген соң керек-жарағын алуға ақша керек болады. Соның үшін түбіндегі залалынан бұрын әзіргі пайдасын ойлайды. Түбіндегі залал дегеніміз мынау: Қазақтар орыстарға жерлерін сатқан соң айтылмыш жерлеріне барып жер жыртып, орыстар егін салады. Егіндері бас қаратқан мезгілде күзетші қояды. Сонда манағы жер сатқан қазақтар басқа баратын жерлері жоқ, егін маңайында жақын қонып отырады. Егін көміл шығып жеткен мезгілде жазатайым болып егінге қазақтардың малдары түсе қалса, дереу көзінше қалаға алып барады. Барған соң егін иесі акты қылуға қаладан бірнеше орыстар алып келеді. Акты қылды. Акты қылғанда қанша болса, сонша болсын егін иесінің

пайдасына акты қылады. Мұнан егін иесі акты бойынша арыз қылады, судияға бірнеше күннен соң. Судия повестка жіберіп қазақтарды, егін иесін шақыртады. Кел деген күнінде судияның хұзырына келеді. Судия барып акты қылған кісілердің актысында жұмыс барма, законға тура болған соң тізім бойынша қазақтарға телеуге бітім қылады. Қазақтар судияның мұнысына разы болмай, апелляция алып облысний правлениеден сұрайды. Сонда қазақтар орысша арыз жаздыртады. Мысалы тіл білетін адамға қыстыгүні жер сатып алған ақшасын арыз жаздыруға береді. Мұнан соң облысний бұйрық қағаз келеді, судияның бітімі бітім болады. Сонан соң бұрынғы судияның бітімі бойынша төлейді. Пайдалы болар еді, егерде осы қазақтар жерлерін орыстарға сатқанша, өздері сол жерлеріне егін жерлеріне егін салса және оларға көрсетіп үйретіп, түрлі жұмысты жақсы кісіні қарауға қойса нұр үстіне нұр болары анық еді, бірақ қайдан алданған аңқау қазақ халқының басына жазылған сори осы болмақ.

Қазақты да қуантар да жаңалықтар аз болмады, ел игілігі үшін қызмет етер біртуар адамдардың еңбегі де газет беттеріне жарияланып халыққа жол тартқан болатын. Сондай игі істердің бірі Павлодар уезінде Павлодар облысының управители Баймұхаммед мырза Қазанғапов өз ыждаһатымен медресе ашып, мұғалім ұстап, бірталай шәкірттерді тәрбиелеп шығарған болатын.

Павлодар шаһарындағы тұрғын қазақ саудагерлерінің өзара ақша жиып, мектеп үшін жинаған ағаштарының мектеп болмай шіріп жатқанын басқармамызға О. Ғайсин жазады. Һәм «мұндай Алла үшін деп бастаған қайырлы бір істің бұлайша аяқсыз қалуы ұнамсыз, ұят іс. Саудагерлер көмектесіп бір мектеп салып, мұғалім алдырып, балаларды оқытса қандай игі, сауапты іс болар еді!» – дейді.

Тағы да қазақ жастарының болашағына елендеген ұстаздардың еңбектерінде шет қалмай газеттің келесі бір сандарында жарық көрді. Соның ішінде 3-4 жыл Троицкіде «Хажки Ахунд» медресесінде, онан соң Павлодар уезінде атақты хазірет, молда Қасым Мұстафин медресесінде оқып, ең соңында Уфадағы «Медресе Ғалиеде» тәрбие көріп, үлгі алған Әдірахман әпенді Сұлтанов.

Бұл кісі өзі тәртіпті медреселерде оқып шыққандықтан, шәкірттерін де сол медреселерге кіруге лайықтап оқытқан. Шәкірттер заман ахуалынан хабарсыз жатпас үшін «Уақыт», «Тәжірман», «Жұлдыз», «Сибирия», «Қазақ» газеттерін, «Шура» және «Айқап» журналын алып жастарды білім мен өнерге баулу тұрғысында газеттерді арнайы түрде солар оқыған болатын.

Шәкірттердің оқуына Баймұхаммед мырза жүрегімен болсын, малымен болсын қызмет көрсетіп, ыждаһат етіп тұрған. Құдай осындай ғылымға махаббатты, жігерлі, ел қайғысын ойлаған мырзаларымызды көбейтіп, деніне саулық, істеріне сәт, өздеріне бақ беріп, пайдасын елге көрсеткей еді деп, сол медресе шәкірттерінің де алғыс ретінде дала газетінің үнімен ұйқасып шағын да болсын мадақтау іспеттес мақалалар шыққан болатын.

«Дала» газетінің әрбір санынан біздің өлкеден сыр шертетін тарихи, әдеби, этнографиялық шығармалар мен жас буынды ақын, жазушылардың туындылары, елдегі әл ауқат, замана тынысы айқын суреттелген болатын.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Дала уалаяты» газеті – этнографиялық әңгімелер. Сабданбекова Ә. Ә. Павлодар 2006. [5, 7 б.].
2. «Дала уалаяты» газеті – этнографиялық әңгімелер. 2-ші басылым. Астана «Алтын кітап» 2007. [135, 139 б.].
3. Алаш көсемсөзі жер мәселесі көптомдық 1 – том [125, 131-б.].
4. «Қазақ газеті» 1913. [65, 69 - б.].
5. «Қазақ газеті» 1914. [27, 31 - б.].

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНДА ТӘУКЕ ХАННЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

КАПЕНОВА Д.

9 «А» сынып оқушысы,

«№30 жалпы орта білім беру мектебі» ММ, Павлодар қ.

Жәңгірұлы Тәуке хан (1626-1718) – Қазақ хандығының ханы, Салқам Жәңгір ханның баласы. Шешесі – қалмақтың хошоуыт тайпасының билеушісі Күнделен-тайшының қызы. Мұрагерлік жолмен Қазақ хандығының билік тізгінін қолға алған кезде (1680 ж.) Тәуке ел ағасы жасына келіп ақыл тоқтатқан, мемлекет ісіне араласып, мол тәжірибе жинақтаған білікті жан болатын. Сондықтан да ол таққа отырып, әке ісін алға жалғап, оның саясатын жүргізгенімен, оны жүзеге асыруға келгенде бұрынғы сүрлеумен кетпей, өзіндік жаңа жолмен жүрді. Тәукені өзге қазақ хандарынан ерекшелеп, оның шын мәнінде көреген басшы, ақылды реформатор екенін танытатын қасиеті де осы

өзіндік жолмен жүруінде. Бұл ретте ол ұлы бабасы Қасым ханға қарай бейімделеді.

Тәуке ханның елі үшін сіңірген ерен еңбегі екі қырымен айрықша назар аударады. Бірі – елдің іргесін аман сақтауда сыртқы саясатты білгірлікпен жүргізіп, анталаған көп дұшпанға бел аудармағаны. Екіншісі – елдің ішкі жағдайын реттеудегі саяси-құқықтық тәртіпті орнатуы. Ол төңірегіне топтан торай шалдырмайтын, сыртқа сынар сабақ жіп алдырмайтын, бір ауыз сөзімен жұртты жатқызып - өргізетін, беделімен елдің бірлік-берекесін кіргізетін ақыл иелерін жинап, халқын солар арқылы басқарды, ақыл-ой, парасат үстемдігін орнатты. Тарих дерегі сол кезде Тәукенің қасында Ұлы жүз Әлібекұлы Төле, Орта жүз Келдібекұлы Қазыбек, Кіші жүз Байбекұлы Әйтеке, қырғыз Қарашораұлы Көкім, қарақалпақ Сасық би, қатаған Жайма секілді халықтың ішінен уақыттың өзі екшеп шығарған, даналық сөзімен, әділетті ісімен, қара қылды қақ жарған тура билігімен аттары бұл күнде аңызға айналған атақты билердің болғанын айтады. Осындай алыптардың замана тынысын тамыршыдай тап басып танып, халықтың басын қосып, елдің бірлік – берекесін кетірер ішкі дау – жанжалды, барымта – сырымтаны тиып, елді ынтымақта ұстау мақсатында ой тоғыстырып, бір бағытта игілікті іс-қимыл жасау арқасында Қазақ хандығының жағдайы күрт жақсарып, сыртқа айбарын асырды. Жұрт ерді ел қолдаса – береке, ханды ел қолдаса мереке екенін көрді. Сол себепті де Тәуке хан ел билеген кез – халық есінде «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» тыныш берекелі заман болып қалды.

Бірақ, бұл әрине ол кезде ешқандай шапқыншылық болған жоқ, бірыңғай бейбіт күн туып, қазақ халқы сыртқы жаудан қаймықпай алаңсыз ғұмыр кешті дегенді білдірмесе керек. Керісінше, Тәукенің кезінде қалмақтармен қақтығыс жиілей түспесе, кеміген жоқ. Сонау 1681 жылғы қалмақтың қоңтайшысы Галдан Бошоктудың қалың қолмен Шу өзенінің бойына жетіп, Сайрам қаласын қоршағаннан басталған шабуылдар легі кейін оның немересі Цеван Рабтан билік басына келген кезде де толастаған емес. Ұсақ қақтығыстарды есептемегеннің өзінде 1711-1712, 1714, 1717 жылдары қазақ пен қалмақ арасында ірі соғыстардың болғаны белгілі. Бұл арада мәселе елдің өз ішінде тыныштық орнауында, халық арасында ырыс қазығы - ынтымақтың берік қағылып, ағайынаралық алауыздықтың жойылуында, осыған ұйытқы болған ел басшысының төңірегіне халықтың ақыл-ойының жоғары көтеруінде. Сондықтан тарихшылар Тәукені «Қазақ ордасының Ликургі» деп бағалайды.

Тәуке хан – қазақ халқының тарихи санасында өзінің кемеңгерлігімен, даналығымен, ақылдылығымен, әділдігімен, бітімгерлігімен сақталған хандарымыздың бірі. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде Тәуке ханның осындай қасиеттерін ашып көрсететін тарихи аңыз-әңгімелер жетіп артылады. Осыдан 200 жылдай бұрын Тәуке хан туралы ел аузынан естіген материалдарын жинақтай келе, қазақ тарихы туралы тұңғыш көлемді еңбек жазған А. И. Левшин оның тарихи тұлғасына мынадай сипаттама берген болатын: «Ол бірнеше жылдарға созылған қантөгіс соғыстарды тоқтатып, өзара қырқысуларды тыныштандырды, ол өзінің ақылымен және әділеттілігімен басқаларды бағындыра білді, ол мықтыларды тыныштандырып, әлсіздерді біріктіру арқылы күштілерге қарсы тұра алатындай етті, ол жалпыға ортақ заң шығарып, сол заңмен өмір сүргізді, қазіргі күнде ол заң қазақтардың есінде сақталған» (1). Ауыз әдебиетінің материалдары мен жазба дерек мәліметтеріне сүйенген еліміздің тарихшылары да Тәуке ханның жеке басының қасиеттері мен билік құрған жылдарындағы жүргізген саясатына оң бағалар береді. Қазіргі күнде тарихи білімдерге деген сұраныстардың артуына байланысты ежелгі және ортағасырларда Қазақстан аумағында өмір сүрген тарихи тұлғалардың өмірі мен қоғамдық қызметтері, тарихи бейнелері қалың көпшілікті қызықтырып отырғаны белгілі. Осыған сай, біз төменде қазіргі күнде тарих ғылымына кең танылған және сирек кездесетін тарихи материалдарға сүйеніп отырып, Тәуке ханның қазақ тарихында алатын орны мен өзіндік тарихи бейнесін ашып көрсетуге тырысалық. Қазақстан тарихының кейінгі ортағасырлық кезеңі хандық дәуір деп аталынып, ол XV ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың алғашқы 30 жылы аралығын қамтитыны белгілі. Бір орталықтан басқарылған осы кезеңдегі қазақ мемлекетінде он жеті хан билік құрған екен. Ол хандардың бірі – хандықтың негізін қалаушы ретінде, ал екінші бір тобы – хандықты күшейтуші, нығайтушы ретінде, ал келесі бір тобы – хандықты әлсіретіп алушы ретінде тарихта қалғаны баршаға мәлім. Ал Тәуке ханның рөлі қандай болған деген сауалға келсек, біз оны қазақ тарихының хандық дәуіріндегі ең соңғы ханы және қазақ мемлекеттілігінің, халқының тұтастығы мен бірлігін сақтау үшін күрес жүргізіп, «Жеті жарғы» атты заңдар жинағын енгізген кемеңгер, әрі әділетті билеуші ретінде тарихта қалған деп санаймыз. Егерде хандық дәуіріндегі хандардың бәрін жүргізген саясаты мен жеке басындағы ерекше қасиеттеріне қарай топтастырсак, онда Тәуке ханның есімі Керей мен Жәнібек хандардың, Бұрындық,

Қасым, Хакназар, Тәуекел, Есім, Жәңгір хандардың есімдерімен бірге бір қатардан ешбір талассыз орын алған болар еді. Тәуке хан – XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандары әулетінің өкілі, оның арғы шыққан тегі Шыңғыс ханнан, Жошы ханнан бастау алады. Біз бұған дейінгі Есім хан, Жәңгір хандардың тарихи рөліне арналған жұмыстарымызда қазақ хандарының шыққан тегі жөнінде біршама толығырақ айтып өткендіктен бұл жерде оның бәрін қайталап жатпай, тек олар туралы өте қысқаша түрде атап өтуді жөн көріп отырмыз. Тәуке ханның шығу тегін ортағасырлық жазба дерек мәліметтеріне сүйеніп отыра былайша көрсетуге болады: Шыңғыс хан → Жошы хан → Ордаежен → Сартақтай → Қоныша → Баян → Сасыбұқа → Ерзен → Шымтай → Орыс хан → Қойыршақ → Барақ хан → Жәнібек хан → Жәдік → Шығай хан → Есім хан → Жәңгір хан → Тәуке хан. (2) Шыңғыс ханмен Жошы ханның есімдері әлемге әйгілі, олар туралы деректер де, зерттеулер де жеткілікті, бірінші тұлға – Моңғол империясының негізін қаласа, екіншісі – Жошы Ұлысы деп аталған XIII ғасыр басындағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағының билеушісі. Ал Ордаеженнен бастап Барақ ханға дейінгі тұлғалар – XIII - XV ғасырларда Қазақстан аумағында өмір сүрген Ордаежен Ұлысы, оның тікелей жалғасы боп келетін Ақ Орда атты мемлекеттердің билеушілері болған. Ал Жәнібек ханның туысы Керей ханмен бірге Қазақ хандығының іргетасын қалағанын қалың жұртшылық жақсы біледі. Тәуке ханның төртінші атасы Жәдік – бүкіл қазақтың ханы болмаса да жазба дерек мәліметінде оның есімі жанына «хан» лауазымы қосылып жазылады.



Қазақ хандығы

Жәңгірдің баласы Тәуке хан (1680-1718) тұсында Қазақ хандығының күш-қуаты өсіп, бірлігі артты. Тәукенің туған жылы белгісіз, ал қайтыс болған жылына байланысты ғылыми зерттеулердегі пікірлер де әр түрлі. Жәңгір ханның ұлы және мұрагері Тәуке 1680 жылы Қазақ хандығының тағына отырды. Ол асқынған ішкі феодалдық алауыздық пен бытыр аңқылықты жойып, бір орталыққа бағынған Қазақ хандығын құруға қажырлы қайрат жұмсады. Хандық билікті күшейтуге бағытталған реформалар жүргізді.

Тәуке хан өзінің даналығы арқасында ел арасында «әз-Тәуке» деген атқа ие болған. Қазақ жеріне орыс елшілігін бастап келген М. Тевкелев 1748 жылы жазған құжатта: «Тәуке хан өте ақылгөй кісі болған, оны қырғыздар (қазақтар) үлкен құрметпен еске алады», - деп көрсетеді. Халық зердесінде Тәуке заманы Қазақ хандығының ең бір өркендеген, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман», «алтын ғасыр» деп еске алынады. Орыстың белгілі тарихшысы А. И. Левшин Тәукені көне Спартаның ақылгөй заңгері Ликургпен теңеген.

Тәуке ханның билік құрған алғашқы жылдарында оның билігін қазақтың барлық рулары мойындамаған. Сондықтан Тәуке хан бытыраңқы қазақ қоғамының басын біріктіріп, бір орталыққа бағынған мемлекет құруды басты міндеті деп санады. Осы мақсатта әр түрлі әлеуметтік топтан шыққан дарынды, ақылды адамдарды мемлекетті басқару ісіне тартты. Бұған дейін мемлекетті басқару ісіне тек Шыңғыс ханның ұрпақтары мұрагерлік жолмен тартылатын еді.

Тәуке хан мемлекетті басқару ісіне туа біткен данышпан, ел арасында асқан ерлігімен, батырлығымен дараланған тұлғаларды, яғни билер мен батырларды тартты. Бұл шаралар нәтижелі болды. Мемлекетті басқару ісіне де үлкен өзгерістер енгізді. Билер кеңесін құрып, оның билік ауқымын кеңейтті. Билердің әлеуметтік тегі тек ақсүйек табынан болмағанын ескерсек, қарапайым халықты мемлекетті басқару жүйесіне тарту Тәуке хан енгізген үлкен өзгеріс болды.

Билер кеңесі қазақ елінің ішкі және сыртқы саясатына қатысты мәселелерді шешуде үлкен қызмет атқарды. Билер шешіміне хан қарсылық көрсетпеді, яғни мемлекеттік биліктің басым бөлігі халықтың қолында болды. Тәуке ханның тұсында «Билер кеңесінің» құрамына атақты Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке, Досай, Едіге, Сырымбет, Қабек, Даба, Есейхан, Жалған, Ескелді, Сасық би, Байдалы, Тайкелтір, Қоқым сияқты дарынды қайраткерлер енді. Билер кеңесінің билік ауқымы зор болған. Бұл органның шешімі негізінде ғана Тәуке хан мемлекеттік мәселелерді шешуге құқықты болған және билер кеңесі қабылдаған заңдар мен шешімдерді жүзеге асырып отырған. Сонымен қатар «Билер кеңесі» хандық билікті шектеу құқығына ие болған. Билер кеңесі соттық билікті де атқарған. Халықтың дәстүрлі менталитетінде билердің қоғамдағы мәртебесін анықтайтын қағидалар көп сақталған. Мысалға, «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Туғанына бұрғаны – биді құдай ұрғаны», «Таста тамыр жоқ, биде бауыр жоқ», «Тіл жүйрік емес, шын жүйрік» т.б. Бидің үкімі ру, аймақ атынан емес, тәуелсіз би

атынан шығарылды. Атақты Әйтеке би ұрпақтарына мынадай өсиет қалдырды: «Менің өмірім өзгенікі, өлімім өзімдікі». Туа біткен даналық мен шешендікті иеленген билердің өмірлік тәжірибесі де мол болды. 1820 жылы орыс және еуропалық құқық нормаларымен жетік таныс Д. Самоквасов қазақтардың құқық жүйесін зерттей келе, қазақ билері халқының салт-дәстүрі мен өткен тарихын да жақсы білетіндігі туралы жазған. «Биі жақсының елі жақсы», «Батыр елін жауға бермейді, би елін дауға бермейді» деген нақыл сөздер қазақ билерінің дипломат қызметін атқарғанын да көрсетеді. Билер шешен болған. Атап айтсақ, халық Қазыбек биді «ағын судай әйгілі шешен» деп мақтан тұтқан. Сөйтіп, Тәуке хан ел билеуде атақты қазақ билеріне арқа сүйеп, олардың қазақ қоғамындағы орны мен рөлін көтерді.

Билер кеңесі мерзімді түрде Сырдарияның бойында орналасқан Әңгірен, Түркістан мен Сайрам жеріне орналасқан Битөбе, Мәртөбеде шақырылған. Жыл сайын Ташкент қаласының маңындағы Күлтөбеде үш жүз өкілдерінің басын қосқан жиналысын өткізіп тұрған. Бұл халық арасында «Күлтөбенің басында күнде кеңес» деп аталды.

Тәуке хан қазақтың жыраулары мен шешендерінің және шежірешілерінің басын қосып, қазақтың мақал-мәтел, шежірне, аңыз-жырларын жинаған. Сонымен қатар қазақ халқы арасында бұрыннан қолданылып келген ру-тайпалардың ұрандары мен таңбаларын қайта анықтап белгілеген. Бұл тарихта Орта Азияда өмір сүрген көшпелі хандықтарда болып келген салт еді. Жаңадан таққа отырған хан өзіне қарасты тайпалардың таңбасын белгілеп беріп отырған. Бұл көшпелі тайпалар арасында хандық өкімет билігін күшейтудің дәстүрлі шараларының бірі еді.

Тәуке хан өзінен бұрынғы хандар тұсында ішкі тартыс салдарынан ыдырай бастаған үш жүздің басын қосты, жеке-жеке ұлыстарды билеген сұлтандардың бөлектенуіне тежеу салып, Қазақ хандығының ішкі бірлігін бекемдеуге барлық шараларды қолданып, оны едәуір күшейтті. Бұл тұста едәуір қырғыз тайпалары мен қарақалпақ тайпалары Тәуке ханның қарауында болды. Тәуке қырғыздарды олардың өз биі Қоқым Қарашор арқылы, қарақалпақтарды олардың Сасық биі арқылы басқарып отырған. Бұл іс жүзінде жоңғарлардың шабуылынан қорғануды негіз еткен қазақ, қырғыз және қарақалпақ халықтарының әскери-саяси одағы еді.

Тәуке ханның аты тарихта «Жеті жарғы» заңдарымен де тығыз байланысты. Ол қазақтың атақты билерімен ақылдаса отырып, қазақтың әдет-ғұрып заңдарын, билер сотының тәжірибелерін, аса

дарындылықпен айтылған түйінді биліктерді жинақтап, өзінен бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» сияқты қазақ заңдарын жаңа жағдайға сай өзгертіп, толықтырып, дамыту негізінде «Жеті жарғы» атты заңдар жинағын құрастырды. «Жеті жарғы» орыс деректерінде «Тәуке хан заңдары» деген атпен белгілі. Жеті жарғыға әкімшілік, қылмысты істер, азаматтық құқық нормалары, сондай-ақ салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізілген, яғни онда қазақ қоғамы өмірінің барлық жағы түгел қамтылған. Оларда орта ғасырдағы қазақ қоғамының патриархаттық-феодалдық құқығының негізгі принциптері мен нормалары баянды етілген. Қазақша «жарғы» әділдік деген ұғымды білдіреді.

Тәуке хан ұзақ жылдар бойы Қазақ хандығының астанасы болып келе жатқан Түркістан қаласында, Қожа Ахмет Йасауи кесенесі маңына жерленеді. Бұған дейін айтып келгеніміздей, бұл кесене маңында оның әкесі Жәңгір хан, атасы Есім хан, сондай-ақ Шығай хан әулетінен тарайтын белгілі тұлғалар: Ондан сұлтан, Жәнібек хан (1628-1643) және тағы басқа белгілі адамдар жерленген болатын.

Тәуке ханның артында қалған ұрпақтары туралы мәліметтер толық және жүйелі емес. А. И. Левшиннің дерегінде Тәуке ханнан Болат атты ұлы, одан Әбілмәмбет, ал Әбілмәмбеттен – Болат хан, Әбілпайыздың тарайтындығын атап өтеді (48).

С. Жолдасбайұлы құрастырған «Қазақ хандарының ата-тегінің кестесінде» Тәуке ханнан Тұрсын, Мұрат, Болат хан, Сәмеке хан атты ұлдардың таралатындығы көрсетілген. Одан әрі Болат ханнан Әбілмәмбет, ал одан Болат, Әбілпайыз және Байтек атты сұлтандар өсіп-өнеді (49).

Қазақ елінің XVIII ғасырдағы тарихында Тәуке ханнан тараған Болат, Сәмекелер, ал олардан кейін Әбілпайыз сұлтан өзіндік із қалдарған. Олар жөнінде әңгіме басқа. Осылайша, Тәуке ханға қатысты жоғарыда айтылған ойларымыздың бәрін қорытындылай келе, төменде мынадай жалпы тұжырымдар жасаймыз. Бірінші, Тәуке ханның арғы-бергі ата-бабаларының бәрі дерлік XIII-XVII ғасырлар аралығында Қазақстан аумағындағы саяси биліктің жоғары сатысында болып, осы ғасырлардағы саяси тарихта терең із қалдырған, қазақ елінің қалыптасуы мен дамуына өз үлестерін қосқан тарихи тұлғалар болған. Өз кезегінде Тәуке хан да өзі билік құрған жылдары ата-баба жолы мен дәстүріне сай Қазақ елінің дамуына еңбек сіңіріп, есімі ел есінде сақталып қалған тұлғалардың қатарына жатады. Екіншіден, Тәуке хан билікке келгеннен кейін қазақ қоғамында ұзаққа созылған дағдарыстарды құқықтық негізде реттеу үшін «Жеті

Жарғы» атты заңдар жинағын шығарып, оны қоғамдық өмірде кең қолданысқа енуіне бар күшін салады. Ішкі бірліктің біршама сақталынуы оның билік құрған жылдарын салыстырмалы түрде «алтын ғасыр» деген теңеуге алып келеді, халық оны өз-Тәуке деп атап кетеді. Үшіншіден, оның билік құрған жылдары жоңғарлардың жойқын шабуылдарына төтеп берумен тұста-тұс келеді. Тәуке ханның тұсында ішкі бірлік пен мемлекеттік биліктің сақталынуы жоңғар билеушілерінің жорықтарына төтеп беруге мүмкіндіктер береді. Басқа көрші елдермен бейбіт қатынастар орнатуға күш салынады. Жалпы алғанда, Тәуке хан қазақ елінің тарихындағы хандық дәуір деп аталатын тарихи кезеңнің ең соңғы және ең кемелгер ханы бола білген. Ол қайтыс болғаннан кейін қазақ елінің әр жүзіндегі кіші хандықтардың тарихы басталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абусейтова, М. Х. Казахское ханство во второй половине XVI-века. А., 1985.
- 2 Жолдасбайұлы, С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан, 119-146-бб.
- 3 Қазақстан тарихы. Очерк. 149-174 бб.
- 4 Қазақстан тарихы. 5-томдық 2-том., 2-бөлім, 1-2 тараулар.
- 5 Левшин, А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. А., 1996.
- 6 Рысбайұлы, К. Қазақстан Республикасының тарихы, 4-бөлім.

ҚАН МАЙДАНҒА АТТАНДЫ СОЛ ЖЫЛДАРЫ МЕНІҢ ДЕ АТАМ

ҚАЙЫРГЕЛДІ Ә.

9 сынып оқушысы, № 2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі

КӨПЕЕВА Ә. Қ.

жетекші, № 2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі

Жеңіс деген жақсылықтың сыңары,

Жігер менен құштарлықтың құралы.

Күрескердің арманы мен ұраны,

Қуаныш пен мерекенің бұлағы.

Тарих беті үнемі жаңаланып отырады десе де ұмытылмайтын, ескірмейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бәрі әлемді

дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан ұмытпақ емес. Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1941 жылы маусымның 22-де болған еді. 1941 жылы 22 маусымда таң шапағы жаңа ғана арайланып келе жатқан кезде елімізге қауіп төнді. Халқымыз адам айтқысыз қиын-қыстау кезеңге душар болды. Фашистік Германия елімізге опасыздықпен басып кірді. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ Кеңес халқы жан-тәнімен Отанын қорғады. Әрбір ауыл, әрбір қала үшін кескілескен ұрыс болды. Қанішер неміс басқыншыларымен Кеңес азаматтары аянбай шайқасты. Сол кездегі Кеңес елінің бірлігі мен достығының арқасында 1945 жылы 9 мамырда Ұлы Жеңіспен аяқталды. Міне, содан бері 70 жыл уақыт өтті. Биыл Ұлы Жеңістің 70 жылдығы.

Жылдар өтер, ардагерлеріміз де қартай түсер, бірақ біз, жас ұрпақ, қарияларымызға аса құрметпен қарауымыз керек.

Жеңіс үшін шыбын жандарын құрбан еткен бірнеше миллиондаған адамдардың есімдерін есте сақтап, 1418 азапты күн мен түнді болашақ үшін ерен еңбекпен, қайсар ерлікпен өткізгендерін ұмытуға болмайды.

Ұлы Отан соғысының дүние жүзі үшін маңызы зор болды. 1945 жылы 8-мамырда Берлинде фашистік Германия жеңілгенін мойындап қол қойды. 1945 жылы мамырдың 9-ында бұрын – соңды болмаған мың зеңбірек 30 дүркін салют атылды. Міне, жеңіс күні осылай келген еді.

Дүние жүзі халқы бостандық алды. Халық Отан ұғымын терең сезіне түсті. Қаһарман ерлік пен еңбек жеңіп шықты. Зұлымдық, басқыншылық тізе бүкті. Бірлік, ерлік, халықтар достығы нығая түсті.

«Ешкім де ұмытылған жоқ, еш нәрсе де ұмыт қалған жоқ». Осынау сөздер Жеңіс күнін мерекелеу кезінде жиі айтылады, осынау сөздер соғыста қаза тапқандар ескерткіштеріне де қашалып жазылған.

Ел алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын қорғап қалған ерлерге тағзым етеміз. Олар еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақтың өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап қалды. Ардагерлер ерліктері арқасында біз осы күнге жеттік. Біздің өз қалауымызбен еркін өмір сүріп, мектепте алаңсыз білім алып жатқанымыз, шаттана күлгеніміз, жайрандап күлгеніміз - бәрі де сол Ұлы Отан соғысы Жеңісінің жемісі. Әрине, соғыс болмасын! Біздер соғысқа қатысып

батыр болмайық. Біз бейбіт күннің батырлары болуға тырысайық. Ел үшін аянбай еңбек етіп, білім алып, өз жеріміздің патриоттары болуға мүмкіндіктер бар.

Зерттеу жұмысының мақсаты:

Бүгінгі таңда қатары сиреп қалған Ұлы Отан соғыс ардагерлерін құрмет тұту. Жеңісті көре алмай кеткен боздақтардың рухына бас ие отырып, жас толқынды Отанды қорғауға, батыл да батыр, ержүрек болуға, өз елінің патриоты болатын тұлғаны тәрбиелеу. Атам Қайыргелді Махметовтің өмірі мен ерлік жолы туралы мәліметтерді жинақтау, атамның ерлігінің маңыздылығын анықтау және ұрпақтарға өнеге етуге бағыттау»

Зерттеу жұмысының міндеттері :

Ұлы Отан Соғысы туралы мәлімет алу ;

Майдангер атам туралы деректер жинау;

Қажетті материалдарды жинақтап, бір жүйеге келтіру;

Зерттеудің болжамы:

«Батыр болып тумайды, батыр болып қалыптасады. Отанына жан-тәнімен берілген, патриоттық рухта тәрбиеленген адамдар ғана жауапты, әрі қиын-қыстау кезеңде ерлікпен танылады. Сөйтіп, өзі жайлы мәңгілік өшпес белгі қалдырады»

1941 жылы 22 маусымда таңғы сағат 4-те фашистік Германия Отанымызға соғыс жарияламастан опасыздықпен шабуыл жасады. Олар бізді бостандығымыздан айырып, жерімізді таптамақ болды. Дүниедегі бейбітшілік бағына сұрапыл соғыс қаһарын төкті. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1 миллион 700 мыңнан астам жауынгер қатысты. Кеңес елі Ұлы Отан соғысы кезінде 20 миллиондай адамнан айырылса, олардың 400 мыңнан астамы қазақстандықтар. Ұлы Отан соғысы жылдары 11600 адамға Кеңес Одағы атағы берілсе – оның 97-сі қазақ.

Павлодар бойынша майданға 46 мың жауынгер аттанды, олардың 10256-сы майдан алаңында қаза тапты, 2094-і түрлі жарақаттардан әскери ауруханаларда қайтыс болды. 9450-і хабар-ошарсыз кетті. Павлодарлықтардың 22-сі соғыс жылдары Кеңес Одағының Батыры атағына ие болса, 4 жерлесіміз «Даңқ» орденінің толық иегерлері атанды.



Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін киып, жүздеген қала мен елді мекендерді тып – типыл етті. Сөйтіп соғыс әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтарымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр – қайратының, бірлігінің дәлелі еді.

Сол сұрапыл сұм соғысқа біздің жанұямыздан атамыз Қайыргелді Махметұлы аттанды.

Қайыргелді Махметұлы 1926 жылы Павлодар облысы, Ертіс ауданы Қызыл Жұлдыз колхозында, қазіргі Иса Байзақов ауылында мектепте оқып, 1941 жылы 6 класс бітіріп, колхозда жұмыс істеген. 1944 жылы Ертіс әскері комиссариатынан әскерге аттанды. Алғашқы 3 ай Алматыда үйренушілер полкында дайындықта болады. Содан кейін атам атақты маршал Жуков басқаратын Белоруссия майданында 860-ші полкта соғысқан. 1944 жылы сәуір айында Ордер өзенінің бауырында Жуков армиясы екінші Украина майданымен қосылып Берлинге аттанған.

1945 маусым айынан тамыз айына дейін Польшаға интернационалдық көмек көрсеткен. 1950 жылы әскерден босатылып, туған еліне оралады. Төрт жыл бойы әскерде писарь болып қызмет істеген. Елге келген соң еңбек майданына араласады. 1951 жылы Айман Шәйкенқызына үйленеді. Екеуі 48 жыл өмірдің қиындығы мен қызығын бірге көріп, 6 баланы өсіріп, оқытып, тәрбиеледі. Балалары бір-бір жанұя, әр түрлі маман иелері. 1950 жылдан Ертіс аудандық қаржы бөлімінің инспекторы болып, 1986 жылы еңбек демалысына шыққанша еңбек етті. Атамның естелігінен:

Соғыста жүрген солдат артта қалған туған-тұсықандарын сағынып қоймайды. Елінің салтанатты салтын, әуезін, тілін аңсайды. Саябыр шақта, атыс бір сәтке таным тапқанда, екі-екіден бас қосып, қай-қайдағыны әңгіме етіседі. Қайыргелді атам жауынгер жолдасы Құсайынов Бапанмен (Кеңес ауылының тумасы) Ордер өзенімен өтіп, құмда шылғауларын кептіріп отырғанда: «Павлодар, Ертістен кім бар?» – деген бір қазақтың дауысы шықты. «Ой, аллай, осында бізді іздеген біреу бар екен деп қарасақ, менің жерлесім Қошқарбаев Айтжан бізге күлімсіреп келе жатыр. Мен оны жақсы білуші едім, себебі ол біздің елде сатушы болып қызмет істеген.

- Айтжан аға сол кезде майданға тылдан азық-түлік дайындайды екен. Бізді ағамыз ақ нан беріп бір тойдырды дейді. Қоштасарда, Айтжан аға көзіне жас алып, аяп: «Бауырларым, өте жассындар, алдарында не бар, байқандар, қорғанындар, үлкендер де жоқ екен, сендерге ақыл айтатын, аман-есен оралындар», – деп қала берді. Міне, Бапан екеуіміз соғысты аман-есен бітіріп, 1945 жылы үйге оралдық. Мүмкін, соғыста бірде жараланбай аяқтағанымыз, сол кісінің бізді ақырғы Берлинді алу шайқасына шығарып салған адал ниеті шығар.



Атам «Ерлік үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Жеңіс үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Ұлы Жеңістің» 30, 40, 50 жылдық мерекелік медальдарымен және еңбек жолында бірнеше медальдар мен мақтау белгісімен марапатталған.

Қорытындылай келе, кешегі қан майданда небір көзсіз ерлік көрсетіп, ысқырған оққа тайсалмастан кеудесін тосқан жандарды құрметтеу-бәріміздің парызымыз. Отан үшін, өскелең ұрпақ үшін, болашақтағы бейбіт өмір үшін аянбай күрескен аға ұрпақтаң қатары бүгіндері айтарлықтай селдіреп қалды. Олардың соғыс жылдары ұрыс даласында, тылда көрсеткен ерліктерін ешкім де, ешқашан да ұмытпайды. Ұлы Жеңіс еліміздің тарихының өшпес беті болып мәңгілік қалады.

Қазір біз болашағы жарқын, бағыты айқын тәуелсіз елде өмір сүріп жатырмыз. Бүгінгі ұрпақ бұл азаттықтың қалай келгенін, әрине, біледі. Қазіргі таңда қаншама елдің бірлігінің бұзылған уақытында тату – тәтті ғұмыр кешіп жатқан біздер, шынымен де бақыттымыз. Бұл тәуелсіздік менің Отаныма берілген төңірдің сыйы. Аналар да, балалар да жыламасын, даламыз жұтамасын. Ұлан-ғайыр кең даламды соғыс өрті шарпымасын. Бұл, әрине, барлық адам баласының арман – тілегі. Бейбітшілік жасасын дегім келеді!

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 А. Адамов, Ғ. Жаманбалинов. «Ертіс ауданы отты жылдарда»
2 М. Жаманбалинов. «Әйгілі аудан Ертісім»

**РЕСЕЙ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚЫҒАН
ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ (ХІХ Ғ. АЯҒЫ – ХХ Ғ. 20-30 жж.)**

ҚУАНЫШ Н., АМАНЖОЛОВА А.
11 сынып оқушылары,
физика-математикалық бағыттағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі, Орал қ.

XX ғасырдың басында қазақ халқы саяси аренаға, азаттық пен тәуелсіздіктің күрес жолына, ағартушылыққа шақырған ірі қоғам қайраткерлерін шығарды. Ел арасынан өздерінің табиғи дарынымен, асқан білімділік деңгейімен, рухани парасатымен суырылып шыққан алаш азаматтары ұлт болашағы үшін жан аямай тер төгіп, бостандық пен бақытты өмір жаршыларының тұңғыш қарлығаштары бола білді.

Президентіміз Н. Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» кітабында XX ғасыр зиялылар тағдыры турасында: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да солай қасіретті болды. Алайда, ұлттық жігермен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ», - деп жазған еді [1.175 б].

Қазан төңкерісіне дейін қазақтар арасында оқығандар аз болды. Дегенмен, олардың саны Орта Азияның басқа халықтарымен салыстырғанда әжептәуір жоғары еді. Түрлі деректер бойынша, олардың 100-ден астамы жоғарғы және аяқталмаған жоғарғы білім алған. 1000-нан астам адам гимназия, прогимназия, училищені тәмамдаған. Әлденеше мың адам шығыстың дін ілімін оқыды. Міне, осы қауым алғашқы қазақ мемлекеттігін қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Әсіресе, саясатта еуропалық білім алған ұлт интеллигенциясының беделі күшті болды.

Сонымен, қазақ қауымының көшін бастаған ұлт зиялылары қайда оқыған. Мәселен, Бақытжан Қаратайұлы, Жанша Сейдалиев, Мәмбет Сейдалиев, Абдолла Темірұлы, Айдархан Тұрлыбайұлы, Мұстафа Шоқайұлы, Жанша Досмағамбетұлы, Бақыткерей Құлманұлы, Жақып Ақпайұлы, Сейілбек Жанайдарұлы – Санкт-Петербург университеті заң факультетінің түлектері. Халел Досмұхамбетұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Мұхаметжан Тынышбайұлы – Санкт-Петербургдың тиісінше Әскери-медициналық академиясын, орман шаруашылығы

институтын, теміржол көлігі институттарын тәмамдаған. Уәлихан Танауұлы, Батырқайыр Ниязұлы, Ахмет Бірімжанұлы, Садық Аманжолұлы – Қазан университетінің заң факультетін бітірген. Халел Ғаббасұлы Мәскеу университетінің заң факультетін тауысты. Әлімхан Ермеков – Томск технологиялық университетінің түлегі. Сәлімгерей Нұрлыханұлы Томск университетінің заң факультетін оқыған. Түсіпбек Жақыпбайұлы Киев университетінің медициналық факультетін тәмамдаған. Есенғали Қасаболатұлы – Саратов университетінің медициналық факультетін тәмамдаған. Сатылған Сабантайұлы Мәскеу Лазерев институты шығыс тілдері факультетін бітірген. Молданияз Бегімұлы Қазан юнкер училищесін тауысқан. Асылбек Сейітұлы – қазақтан шыққан алғашқы дәрігерлердің бірі, Томск университетінің медициналық факультетін тәмамдаған. Қатарынан асып туған дарын иесі қазақ тілінен басқа қытай, ағылшын, жапон, орыс тілдерін жетік меңгерген. Н.Нариманов атындағы Шығыстану институтында жұмыс істеді. Сондай-ақ, Барлыбек Сыртанов туралы да бөлек-жарып айтуға болады. Ол Санкт-Петербург университетінің Шығыс факультетін бітірген, 1911 жылы болашақ Тәуелсіз Қазақ мемлекеті Конституциясының жобасын жасаған. Лақап аты – «С.Б. Алашинский», яғни Алаш ұлы [2.120 б.].

Қазақ оқығандардың бірқатары Ресейден тыс жерлерде, Еуропа мен Шығыс елдерінде білім алған. Олардың да бірнешеуін атап өтейік. Жанақ Сұлтанбай – Варшава ветеринарлық институтының түлегі. Ғазымбек Бірімжанов Германияда агрономдық білім алған. Ғабдулғазиз Мұсағалиев Мысыр (Египет) университетінің заң факультетін тауысқан. Дінмұхамед Сұлтанғазин екі жоғары білім алған санаулы қазақтың бірі. Ол Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдер факультетін бірінші дәрежелі дипломмен тәмамдаған, сосын осы университеттің заң факультетін бітірген. Бірінші дипломат қазақ Нәзір Төреқұлов 7 тілді бірдей шебер меңгерген. Ол 1928 жылдан 1936 жылдарға дейін КСРО-ның Сауд Арабиясындағы төтенше уәкілі және өкілетті министрі лауазымын атқарды. Алғашқы қазақ саяхатшыларының бірі, әлемнің 11 елін жаяу аралаған, сонау Америка құрылығында техникалық мамандық алып келген қызыл комиссар Әліби Жангелдин туралы да көп әңгіме айтуға болады [3.33 б].

Бұл еліне білімімен де, күш-жігерімен де адал қызмет еткен, қазақ мүддесі үшін тағдыр мен жанын талқыға салған санаулы ғана оқыған азаматтардың бір шоғыры. Міне, нақ осылар қазақ даласында ұлттық қозғалыстар, партиялар ұйымдастырып, оның бағдарламасын, жарғысын, болашақ Тәуелсіз Қазақ мемлекеті

Конституциясының жобасын жазды. Әрине, тоталитарлық жүйе олардың қолын байлап, жолын кесті, жандарын азапқа, төндерін қамауға салды, қуғын-сүргінге ұшыратты. Бірақ, қандай азаптаулар да Алаштың адал ұлдарының сағын сындыра алмады. Олар көзі тірісінде еліне әл-қадірлерінше қызмет етті.

Академик Манаш Қозыбаевтың есебінше, кеңестер билігі кезінде 101 мың қазақ ұлтының сүт бетіне шыққан ең бір қаймақтары қуғындауға ұшырап, 27 мыңы атылып-асылып кеткен. Тәуелсіздік жылдары олардың тек 40 мыңдайы ғана ақталған көрінеді.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ мамандарын даярлауда Қазан қаласы айтарлықтай үлкен орталыққа айналды. Ресей ғылымының қара шаңырағы Қазан университеті қала үстінен өткеннің кез келгені кіріп-шыға беретін аяқасты орын емес. Оның ғылыми кеңесі тек лайықты тұлғаларға ғана есік ашатын. Жәңгірден кейін, 1829 жылдың мамырында мұнда неміс ғалымы, атағы жер жарған Гумбольдт болды. Алтай мен Каспийге саяхат жасап бара жатқан жаратылыстанушыға Мусин-Пушкин университеттің құрметті мүшесі дипломын тапсырды [4.41 б.].

Қазан Император университеті мен мал дәрігерлік институтында оқыған қазақ жастары халық алдында үлкен абыройға ие еді. Жоғары оқу орнындағы алған білімнің арқасында қазақ жастары өз ұлтының мүддесін ғылыми тұрғыда талдай отырып, сол үшін ғылыми еңбектер де жазды. Осы оқу ордасында Ахмет Бірімжан, Мұхамеджан Қарабаев, Иса Қашқынбаев, Жансұлтан Сейдалин, Уәлихан Танашев, Әбубікір Алдияров, Садық Аманжолов, Арынғазы Боштаев сияқты қайраткерлер білім алды. Торғай облысының әскери губернаторына Қазан Университетінің Кеңесі атынан мынандай хабар жіберілген: «...28 мамырда 1882 жылы Қазан Университетінің шешімімен Жансұлтан Сейдалин курсты бітіріп, кандидаттық диссертацияны ұсыну арқылы құқық магистрі атағына ие болды». Жансұлтан Сейдалин 1867-1868 жылдарғы Ресей империясының «Далалық аймақтарды уақытша басқару ережелерін» талдай келе, қазақ даласына әкімшілік әдістермен көшпелілердің өмір-салтына қысым жасамауды талап етеді. Керісінше климат пен географиялық жағдайлардың, мал шаруашылығын дамытуға өте қолайлығын дәлелдейді. Осы дипломдық еңбегі жоғары бағаланып, құқық магистрі атағын берген еді. Бұл қазақтар арасынан құқық саласында үшінші құқық магистрі еді. Ескерту: 1-ші құқық саласында доктор дәрежесін Қазан Университетінің ғылыми Кеңесінің шешімімен

Жәңгір ханға, 2-ші құқық кандидаттығы дәрежесін Тілеумұхамед Сейдәлін алған [5.80 б.].

Ал Қазан Университетінің студенттерінің бірі Уәлихан Танашев 1917 жылы Қазан мұсылмандары қозғалысының жетекшілігі ретінде қала думасына депутат болып та сайланған. Кеңес өкіметі орнағанда, Уәлихан Танашев Алаш қозғалысындағы кешірім жасалғандар қатарына жатқызылып, саяси қызметін кеңестік кезеңмен ұштастырады. «Қырғыз (Қазақ) әскери-революциялық комитетінің» аппаратында, 1919 жылдың аяғынан бастап Қазақ АКСР-ін ұйымдастыру ісімен айналысады. 1920 жылғы тамыздың 19-ында В.Лениннің төрағалығымен өткен қазақ өкілдері қатысқан Халық Комиссарлары Кеңесінің мәжілісінде Бөкей Ордасының жеріне қатысты да мәселе қаралды. Сол кезде Алашорда үкіметінің вице-премьері болған, Уәлихан Танашевтің серігі Әлімхан Ермеков екеуі бір күнде Лениннің қабылдауында екі рет болып, әр сүйем жерді дәлелдеп, Астраханға қосқалы отырған Каспий теңізі жағалауы округін, Ертіс өзенінің сол жағалауындағы он шақырымдық аумақты Қазақ Автономиясының иелігіне алып береді. Шекара мәселесін анықтау, қазақ жерлерін заңды иесіне қайтарудағы оның еңбегі, міне, осылайша көрінеді [6.82 б.].

Бір ғана Қазан қаласындағы жоғарғы оқу орнында оқыған қазақ жастарының саны – 22 емес, одан көп екені нақтыланып отыр. Айталық, Батыржан Кенжетаев 1877 жылы мен 1917 жылдар арасында Қазан университетіне 37 қазақ жасы оқуға түсіп, оның 20 оқуды бітірді деп нақтылайды. Бұл азаматтардың көпшілігі Алаш қозғалысына қатысып, Алаш Орда Үкіметінің белді қызметкерлері болды [7.72 б.].

Бұл студенттер 1878 жылы белгіленген генерал-адъютант Н. А. Кржыжановский атындағы 3, 1895 жылы Ішкі Орда (Бөкей Орда) қазақтары үшін белгіленген 1 стипендияларды пайдаланды. Жылдық стипендия көлемі 320 сом болған. Университетте оқынған студенттердің біразы Торғай облысы қазақтары жәрдемге жиған (19200 сом) қаржы есебінен де стипендия алған.

XIX ғасырдың 2-ші жартысында Қазақ даласында Ресей империясының миссионерлерінің бірі Н. Ильминский «Ы. А. Алтынсарин туралы естеліктер» атты мақаласында өзіне Қазан университетінің 1829 жылы оқуға түскен түлектері жолығып, Қазақ даласында мектеп ашу жобаларын Ресей әкімшілігіне ұсынғанын жазады. Ал олардың татар халқының ұлы ағартушысы Қазан университетінің адъютант профессоры И. Халфиннің дайындауының

арқасында профессор Эртманның алдында жақсы емтихан тапсырған қазақ жастары Бекбаев Айса мен Оразәлі Құрбанов Қазан университетінің шығыстану факультетіне 1829 жылы студенттері болып қабылданады. О. Құрбанов денсаулығына байланысты оқуын бітірмеген. Ал Бекбаев 1833ж оқуын бітірген соң, Орынбор шекаралық комиссиясына тілмаштық қызметке қабылданғанын А.Бекбаевтың өзі айтқан [8.85 б.].

Жалпы Қазан қаласындағы оқу орындарында 1877-1917 жылдар аралығында білім алған қазақ жастарының саны 84 болса, оның ішінде 54-і диплом алды. «Қазандықтар» қазақ зиялыларының негізгі бөлігін құрады.

Қазан қаласында білім алған қазақтардың сандық және сапалық құрамына талдау жасайтын болсақ:

- Қазақ интеллигенциясы қоғамның иерархиялық құрылымының жоғарғы сатысына ұмтылған шыңғыс тұқымынан құралды;

- Білім ордасының студенттері көбіне ауқатты отбасынан шыққандар еді;

- Ұлттық дәстүр ескеріліп, Қазан қаласында білім алған жастардың ішінде отбасының үлкені немесе кенжесі оқыған жоқ.

- Жоғары білім алудағы кедергілердің бірі қазақ жастарының гимназияда білім алуларының қиындығы.

1913 жылы «Қазақ» газеті жарық көрді. Оның шығарылуымен «Азамат» қоғамдық бірлестігі айналысты. Бұл бірлестіктің құрушылары 1904 жылы Қазан университетінің медицина факультетін бітірген А.Алдияров және 1908 жылы Қазан малдәрігерлік институтын бітірген А.Боштаев болды. Газеттің мақсаты XX ғасырдың басында қазақ елінің саяси әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, шаруашылық жағдайына, жер, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу-ағарту, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-сананға, тарих пен шежіреге арналған мақалаларды жариялап, өзекті мәселелер көтерді.

XIX ғасырдың соңы және XX ғасырдың бас кезінде қазақ жастары білім алған ірі орталықтың бірі Петербург қаласы. Империяның саяси оқиғаларға толы астанасында бұл кезеңде, яғни 1889-1894 жылдары орман шаруашылығы институтында Әлихан Бөкейханов, 1900-1905 жылдары темір жол транспорты институтында Мұхамеджан Тынышбаев білім алды. Қазақ жастары үшін нағыз үлкен білім шаңырағына айналған Петербург университеті еді. Ресей империясында ғана емес, бүкіл Еуропа мәдениеті мен ғылымында өзіне лайық орны бар бұл оқу орны орнында XIX ғасырдың соңы мен

XX ғасырдың бас кезінде қазақ студенттері оқып, жоғары білім дипломын иемденді. Олардың қатарында Бақытжан Қаратаев, Бақыткерей Құлманов, Барлыбек Сыртанов, Жаһанша Сейдалиев, Райымжан Марсеков, Мұстафа Шоқай, Жакып Ақбаев, Батырша Исмаханов, Айдархан Тұрлыбаев сияқты XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси өміріне белсенді араласқан қайраткерлер болды [9].

Барлыбек Сыртанов, Мәмбетәлі Сердалиев, Бақытжан Қаратаев, Абдолла Теміров және шығыстану факультетінде бұлардан бұрын келіп дәріс алып жүрген Бақтыгерей Құлманов сияқты жастар «Жерлестер» үйірмесін құрады [10.25 б.]. Қазақ жастары үйірмеге мүше болған студенттерге қаражатпен көмектесу, ауырған жағдайда дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету сияқты мәселелерді шешті. Өйткені, университет қабырғасында оқып жүрген студенттер материалдық ауыр жағдайды да бастан кешіреді. 1887 жылғы наурыздың бірінші жұлдызында Александр III-ге қастандық жасағаннан кейін Министрлер кабинеті оқу үшін төленетін ақыны (1884 жылғы Жарғы бойынша бекітілген 60 рубльді 100 рубльге көтерді) тым көтеріп жіберді. Бұдан да басқа көптеген төлеуге міндетті нәрселерді жүктеді. Студенттердің 40 пайызы материалдық ауыр жағдайда болды. Бақтыгерей Құлманов студенттік өмірін өте ауыр мұқтаждықта өткізген, соған қарамастан университетті тастап кетпей, оның толық курсын аяқтап шыққаны жөнінде деректер бар.

Ресей жоғары оқу орындарында білім алған қайраткерлер патша самодержавиясының зұлымдық жоспарын жүзеге асыруына кедергі жасау үшін бас біріктірілді. Қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері халқының империялық қанаудан құтылып, азаттық пен тәуелсіздікке қолы жетуі үшін оқу-ағарту ісі арқылы жан-тәнімен тынбай адал қызмет етті. Егер біз қазақ зиялыларының қызметін алдын ала дайындалған белгілі бір идеологиялық схемаға салмай нақты деректерге сүйене отырып, объективті негізде халық өмірімен, оның сол тұстағы негізгі табиғи мүдделерімен байланыста қарар болсақ, онда патшалық тәртіп жандарм орындары айтқандай «сепаратистік» әрекетті де, большевиктік идеологтар «дәлелдеп» қойған «буржуазиялық ұлтшылдықты» да көрмейміз, қайта империяның темір құрсағындағы елін бостандық, теңдік және туысқандық жолына алып шығу үшін өздерінің азаматтық күш-қуатын, адамдық бар қасиетін арнаған ерліктің үлгісін көреміз. Тарихи тұлғаларды естен шығармау. Оларды танып-білу тарихи сананы қалыптастырудың бірден – бір қайнар көзі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев, Н. Ә. Тарих толқынында. Алматы: «Атамұра», 1999. 296 б. 175 б.
- 2 Алаш көсемсөзі: Сана - 2010 ж., Алматы қ., «Өнер» баспасы, Н. О. Омашев. 120 б.
- 3 Айымбетов, С. Қазақстан зиялылары: саны мен құрамы (1926-1939 ж.ж.) // Қазақ тарихы. –1998. -№ 2. –32-34 б.
- 4 Қазақтың оқыған зиялылары // Тураби. –2000. -№ 4. – 40-42 б.
- 5 Кенжетаяев, Б. А. Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX – начале XX вв. – Казань, 1998. – 80б.
- 6 Кенжетаяев, Б. А. Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX – начале XX вв. – Казань, 1998. – 82 б.
- 7 Даркенов, Қ. 20-30 жылдардағы қазақ интеллигенциясы: тарихи талдау // Білім. –2004. - №2. -71-76 б.
- 8 Кенжетаяев, Б. А. Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX – начале XX вв. – Казань, 1998. – 85 б.
- 9 Абжанов, Х. М., Гуревич Л. Я. Интеллигенция Казахстана: история, теория, современность. Алма-Ата, 1992.
- 10 Смағұлова, С. О. Ұлттық интеллигенция және XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы аграрлық мәселе: ы/ 07. 00. 02: тарих ғыл канд... дис. Автореф. / - Алматы, 1999. – 25 б.

КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ХАНДЫғыНДАғы ОРНЫ

ҚУАТОВ А. Қ.

9 «А» сынып оқушысы,
«№ 30 жалпы орта білім беру мектебі» ММ, Павлодар қ.



Кенесары хан (1841-1847 ж.ж билік құрған).

Қасымұлы Кенесары хан (1802-1847) – Қазақ хандығының соңғы ханы, ұлт азаттық көтерілісінің әйгілі басшысы. Ол өзінің тегі жағынан төре тұқымынан. Бабасы – қазақтың атақты ханы Абылай. Арғы аталары Шыңғыс

ханның Жошы деген үлкен баласынан тарайды. Абылайдың әйелі қалмақтың мерген нойанының қызы Топыштан Қасым сұлтан туады. Кенесары осы Қасым сұлтанның баласы.

1822 жылы Ресей өкіметі Кіші жүз бен Орта жүздегі хандық билікті жойып, аға сұлтан мен сұлтан әкімдер билігін енгізеді. Сөйтіп, Ресей өкіметі қазақ елінің ішкі тірлігіне тікелей араласып, өз үстемдіктерін жүргізе бастайды. Осыған қарсы шыққан Кенесары хандық басқару жүйесін қалпына келтіруге күш салады. Ол өз ойын Ресейдің жергілікті әкімшілігіне, сонымен қатар патшаның тікелей өзіне де жеткізеді. Бірақ патша өкіметі Кенесарының талаптарын орындаудан бас тартады. Сондықтан да ол өз мақсатын күшпен жүзеге асыруға кіріседі.

Кенесары көтерілісін жер-жерден қолдаушылар көбейеді. Өйткені, патша әкімшілігі қазақтардың жерін тартып алып, әскери бекіністер сала бастайды. Көшпелі ел ата қонысынан айырылып, мал жаятын жаңа жер іздеуге мәжбүр болды. Оның үстінен патша үкіметінің алым салығының ауыртпалығы да оларды діңкелетіп біткен еді. Осының бәрі қазақ қауымының наразылығын күшейтіп, оларды Кенесары бастаған көтерілісті жан-жақты қолдауға итермеледі. Көпшіліктің қолдауымен Кенесары 1841 жылы Қазақ хандығының ханы болып сайланды.

Кенесарының сыртқы саясатының басты мақсаты Тәуелсіз Қазақ хандығын құру болатын. Ол осы мақсатын жүзеге асыру үшін Орта Азия хандықтарынан өзіне сүйеу іздейді, олардың ішкі ісіне араласып, билеушілерін өз жағына тартуға күш салады. Хиуа ханы мен Бұқар әміріне өз елшілерін жіберіп, байланыс орнатады. Орта Азия мемлекеттерімен сауда көлемін ұлғайтып, олардан өздеріне қажетті қару жарак, оқ дәрі алып тұрады.

Кенесары өз хандығын нығайту үшін біраз экономикалық және саяси шараларды жүзеге асырады. Оның алым-салық саясаты шариятқа негізделіп, мал өсіретін аудандарда зекетті, егіншілікті аудандарда ұшырды енгізеді. Халықтан алым-салық жинауды арнайы жасауылдар жүзеге асырды.

Отты қарумен қаруланған патша әскеріне қарусыз халық жасақтарының төтеп беруі қиын еді. Соған қарамастан Кенесары өзінің аса дарынды қолбасшы екендігін танытып, түрлі әскери тәсілдер арқылы оларға бірнеше рет ойсырата соққы беріп, бірнеше бекіністің талқанын шығарды. Солардың бірі Кенесарының Екатеринбург станциясына жасаған шабуылы. Шабуылдың тұтқиылдан болғандығы сондай, қазақтар, тіпті қарсылық көрсете алмай қалады.

Осы жолы Кенесарының жігіттері 18 мылтық, 2 пистолет, 18 қылыш, 27 найза қолға түсіреді.

Кенесары өз хандығын нығайту үшін біраз экономикалық және саяси шараларды жүзеге асырады. Оның алым-салық саясаты шарифатқа негізделіп, мал өсіретін аудандарда зекетті, егіншілікті аудандарда ұшырды енгізеді. Халықтан алым-салық жинауды арнайы жасауылдар жүзеге асырды.

Отты қарумен қаруланған патша әскеріне қарусыз халық жасақтарының төтеп беруі қиын еді. Соған қарамастан Кенесары өзінің аса дарынды қолбасшы екендігін танытып, түрлі әскери тәсілдер арқылы оларға бірнеше рет ойсырата соққы беріп, бірнеше бекіністің талқанын шығарды. Солардың бірі Кенесарының Екатеринбург станциясына жасаған шабуылы. Шабуылдың тұтқиылдан болғандығы сондай, казактар, тіпті қарсылық көрсете алмай қалады. Осы жолы Кенесарының жігіттері 18 мылтық, 2 пистолет, 18 қылыш, 27 найза қолға түсіреді.

1827-жылдан бастап Абылайдың ұрпақтары қазақ хандығын патшалық Ресей езгісінен босату жолындағы күресте белсенділік танытты. Кенесарының әкесі Қасым мен үлкен ағасы Саржан бастаған жасақтар орыс ауылдары мен керуендеріне шабуыл жасап тұрды, қазақ ауылдарын отарлық бұғаудан босатты. Міне солардың жолын жалғастырушы Кенесары Қасымов та мемлекет тәуелсіздігінің өте маңызды іс екенін халық санасына құюда қыруар еңбектер атқарды. Мемлекет мүддесін қорғау жолында жауды жеңіп, тәуелсіздікке қол жеткізу үшін халықты біліктілікпен басқару көп септігін тигізетінін ол жете түсінді.

1841-жылы Кенесары Қасымов хан сайланды, оның саясатының басты мақсаты қазақ хандығын қайта қалпына келтіру болды. Кенесары мемлекетті басқаруда шарифаттың негізгі ережелерін енгізді, сонымен бірге, билер сотын қалпына келтірді. Мемлекет пен оның әскерін нығайту жолдарын жетік білетін хан мұсылмандық құқық ережелерін бекітті. Салық саясаты да оны тиімді жолмен жинауға бағытталды.

Кенесары қатаң тәртіп пен басқару принциптеріне негізделген Абылай атасының саясатын жүргізді. 1846-жылы Ресей жасақтары мен отаршылдыққа бойұсынған қазақ сұлтандарының әскери құрылымдары оны Кіші және Орта жүздер аумағынан ығыстырды.

Кенесары өзінің басты мақсаты – азаттыққа қол жеткізу үшін ортақ жауға қарсы үш жүздің күш біріктіре күрес жүргізуі керек екенін түсінді. Алайда ұлт-азаттық күрестің 1844-1845 жылда-

ры қарқыны үдей түскен кезеңде де қазақтардың басы толық бірікпеді. Көтерілістің бас кезінде-ақ қазақтар қарама-қарсы екі топқа бөлінді: бірі Кенесары жағында болса, екіншісі патшаның жүргізген саясатын қолдады.

Кенесары қолы алғашқы әрекетін 1838-жылдың көктемінде Ақмола бекінісін қоршап, өртеуден бастады. Қамал бастығы әскери старшина Карбышев пен Ақмола аумағының аға сұлтаны Қонырқұлжа Құдаймендин төнген ажалдан құтылып кетті. Кенесары енді Торғайға бет бұрды. Кенесары Қасымов патша өкілдеріне жазған хаттарында бұл әрекетін Ресей шекараларына жақындатуға ұмтылу, сол арқылы келіссөз процестерін жеңілдету деп түсіндірді. Шын мәнінде батырдың негізгі мақсаты 1836-1838 жылдары Исатай Тайманов бастаған ұлт-азаттық көтерілісі болып өткен Кіші жүзді жалпыхалықтық көтеріліске қосу болды.

1841-жылы Кенесары хан тағына отырғаннан кейін, көтеріліске қатысушылар әскери қимылын үдете түсті, олар қокандықтардың елеулі күштері бекінген Жүлек, Ақмешіт, Жанақорған, Созақ қамалдарын қоршауға алды.

Кенесары өзінің басты мақсаты – азаттыққа қол жеткізу үшін ортақ жауға қарсы үш жүздің күш біріктіре күрес жүргізуі керек екенін түсінді. Алайда ұлт-азаттық күрестің 1844-1845 жылдары қарқыны үдей түскен кезеңде де қазақтардың басы толық бірікпеді. Көтерілістің бас кезінде-ақ қазақтар қарама-қарсы екі топқа бөлінді: бірі Кенесары жағында болса, екіншісі патшаның жүргізген саясатын қолдады.

Кенесары Қасымов хан, саясаткер, дипломат ретінде қазақтың үш жүзі руларының едәуір бөлігін өз туы астына біріктіре алды. Оның әскерінің жалпы саны кейде 20.000 адамға дейін жетті. Халықтың бас көтеруіне Орта жүздің көптеген сұлтандары мен билері қосылды.

Кенесары бастаған халық көтерілісінің ауқымы кең болды, ол XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы азаттық жолындағы өзге қозғалыстардан қазақ рулары көп қоныстанған негізгі аудандарды қамтуымен ерекшеленеді.

Кенесары мемлекет құрылымына көп көңіл бөлді, елді басқаруда жаңа құрылымдар мен ережелер енгізді, сонымен бірге істен шығарылған құрылымдарды қайта қалпына келтірді. Әскер қатарында қатаң тәртіп орнатты. Әскерді ұзақ дала соғыстарына бейімдеу үшін мыңдықтар мен жүздіктерге бөліп басқару құрылымын құрды. Ол қажет ақпараттарды

жеткізіп тұратын тыңшыларына да сүйенді, саяси күрес пен дипломатияның тиімді әдістерін қолданды. Мемлекеттің ішкі саясатын хан өзі қатаң бақылауға алды, ру аралық қақтығыстардың жолын кесті.

Үш жүздің қазақтарының біріккен ұлт-азаттық қозғалысы Ресейді қатты алаңдатты. 1843-жылы 27 шілдеде І Николай империя құрамындағы қазақ хандығына қарсы ең көлемді әскери қозғалыстарға рұқсат беретін басқа мемлекет болмауы тиіс деген қағазға қол қойды.

Бір кезеңде патша әскерлерімен және ымыраға келмес сұлтандармен күрес жүргізген Кеңесары 1843-1844 жылдары біраз жеңістерге қол жеткізсе де, шегінуге мәжбүр болды. Шегіне келе Кеңесары қырғыз жеріне шекаралас Ұлы жүздің аумағына орналасты. Ханның келесі бағыты қырғыз халқын орыс отаршылдығына қарсы ортақ күреске көтеру болды, алайда ол манаптар тарапынан күшті тойтарысқа тап болды.

Кеңесары Қасымов Томақ маңындағы екі жақтың күші тең емес шайқаста қаза болды.

Кеңесары Қасымовтың сіңірген тарихи еңбегі – ол қазақ халқының салт-дәстүрін сақтай отырып, оны бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күреске жұмылдырды. Кеңесары ханның саясаты және идеологиясы ұлттың даму жолындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталды. Сол тарихи кезеңде Қазақстанда қалыптасқан қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайда бұл ұлт-азаттық қозғалыстың да түпкілікті жеңіске жетуі мүмкін емес еді. Ресей империясының қуатты, тұрақты әскери күші бар екенін былай қойғанда, жеңілудің басқа да себептері болды. Көтеріліске қатысқан үстем тап өкілдері арасында ауызбіршілік болмады. Өзін қолдамаған туыстарымен, қазақтың ауқатты топтарымен, Қоқан хандығымен, ақырында қырғыз ағайындармен күресіп, Кеңесары өз күшін әлсіретті. Жікке бөлінген қазақ рулары көтерілісті көбіне өз аймақтарында қолдап, басқа аймақтарға ауысқанда, әсіресе Қоқан және Қырғыз жеріне басып кіргенде, оған қосылмады. Өзін қолдамаған ауылдарды қатаң жазалауы да көтерілісті әлсіретті.

Бұл ұлт-азаттық қозғалыстың маңызы зор, ол Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының тарихында өшпес із қалдырды, кейінгілердің азаттық, тәуелсіздік жолындағы күресіне үлгі-өнеге әрі тарихи сабақ болды. Кеңесарының күресі, оның өзінің халықтың мақсат-мүддесіне шын берілгендігі, қолбасшылық өнері, ақылды

саясаткер ретіндегі сирек кездесетін қасиеті XIX ғасырдың өзінде-ақ халық тарапынан қадірлеушілік туғызды. Патша өкіметі тұсында бұл қозғалыстың мүлде сөз болмауы, ал бола қойса, оны бұрмалап теріс түсіндіру себептері белгілі. Кеңес өкіметі тұсында да бұл қозғалыс кертартпа, хандық-феодалдық мемлекетті көксеушілік деп теріс түсіндірілді. Оны тарихи шындық тұрғысынан дұрыс бағалаған ғалымдар қуғын-сүргінге ұшырады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Кеңесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыс өзінің шын бағасына ие болды. Осы қозғалыстың басы-қасында болған Кеңесары хан мен оның басқа да қаруластарының есімдері тарихтан лайықты орнын алуда [2].

Кеңесары туралы көптеген ақын-жазушылар шығармалар жазған.

Кеңесары қазақ халқының дербес мемлекеттілігін қалпына келтіру, халқын бодандықтан құтқарып, басын біріктіру, азаттық пен бостандыққа қол жеткізіп, тәуелсіз ел ету мұратын көздеген сұңғыла саясатшы, қайраткер, ірі мәмілегер, дарынды әскери қолбасшы ретінде ел есінде қалды. Кеңесарының өмірі мен азаттық жолындағы күресі көптеген ақын-жазушылардың шығармаларына арқау болды. Нысанбай ақынның «Кеңесары – Наурызбай» дастаны (19 ғ.) 1875 ж. сұлтан Жантөриннің тәржімасымен «Орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімшесінің жазбаларында» орыс тілінде жарияланды. 20 ғ-дың 30-жылдары М. Әуезов «Хан Кеңе» пьесасын (сахнаға бірер қойылуынан кейін тыйым салынған), 60-жылдары И. Есенберлин «Қаһар» романын жазды. Алғашқы зерттеулер ішінде «Қазақ сұлтаны Кеңесары Қасымовтың бүлігі» деген тақырыппен Н. Середаның 1870 ж. «Вестник Европы» журналының бірнеше нөміріне бастырған кітабының дерек көзі ретіндегі маңызы зор. 1888 ж. Ташкентте «Кеңесары мен Садық» деген атпен шыққан К-ның баласы сұлтан Ахмет Кеңесариннің естеліктер жинағы да құнды еңбек болып табылады. Кеңес өкіметі тұсында К-ның күрес жолына іргелі ғыл. зерттеу арнаған тарихшы-ғалым Е. Бекмаханов («XIX ғасырдың 20 – 40-жылдарындағы Қазақстан», 1947) саяси қуғын-сүргінге ұшырады. К. тұлғасына жаңаша қарап, оның шыннайы бағасын беру ісі Қазақстан тәуелсіз мемлекетке айналғаннан кейін ғана қолға алынды. Тарихшылар (Ж. Қасымбаев, т.б.) өз зерттеулерін жариялады. 2002 ж. Кеңесарының туғанына 200 жыл толуына орай халықаралық ғылыми конференция өтті. Астана қаласында Кеңесары ханға ескерткіш қойылған және оның есімімен аталатын көше бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Айқұлов Н. Кенесарының қаны кімнің мойнында? // Қазақ әдебиеті. – 1996.-10 шілде
- 2 Ақылбеков А. Алаш деп атқа қонған ер Кенекем! // Жас алаш. – 1997. – 2 қазан
- 3 Әбдіров, М. Кенесары және қазақтар // Жамантаев К. Абылай.- 1993.-б.120-125.
- 4 Бекмаханов, Е. Кенесары Қасымов бастаған тазаттық қозғалысы. Кенесары көтерілісінің қозғаушы күштері // Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы. – б. 174-200.
- 5 Дүйсенәлиев, Т. Қазақ халқының Ресей отаршылығына қарсы-Кенесары Қасымұлы бастаған 1837-1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысы // Қазақ тарихынан.-Алматы,1997. – б. 492-520.
- 6 Кенесарыұлы, А. Кенесары және Сыздық сұлтандар. – Алматы: Жалын, 1992. – 48 б.
- 7 Кенесары хан // Қазақтар: Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. – Алматы, 1998. – Т.2. Тарихи тұлғалар. – б. 98-101.
- 8 Қайырбеков, Ғ. Кешегі өткен Кенекен // Жамантаев К. Абылай. – Алматы,1993. – б. 126 -136.
- 9 Қозыбаев, М. Хан Кене немесе Кенесары Қасымұлы // Жамантаев К. Абылай. – Алматы, 1993. – Б. 103-116.
- 10 Маданов, Х. Қазақстандағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы // Маданов Х. Қазақ халқының арғы-бергі тарихы. – Алматы, 1995. – Б. 109-114.

КӨНЕ ҒАСЫРДАН СЫР ШЕРТКЕН САУРАН

ҚУДРАТУЛЛАЕВ Д. М.

9 сынып оқушысы, М. Қашғари атындағы
жалпы орта мектебі, Кентау к., Қарнақ ауылы

Егемен ел атанып тәуелсіздік туын көтерген Қазақстанда тарихтың көмескеленген көлеңкелі беттерін қайта парақтап, қайта жаңғырту процесі қызу жүріп жатыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. А. Назарбаев бастамасымен жүзеге асырылып жатқан орта мерзімді мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасында «ұлттық тарихымыз үшін ерекше маңызы бар тарихи, мәдени және архитектуралық елеулі ескерткіштерді зерттеу мен қалпына келтіруді қамтамасыз ету

ең басты мақсаттардың бірі» ретінде аталды. Мәдени мұрамызда Оңтүстік Қазақстанда орналасқан археологиялық ескерткіштерінің ішінде Сауран қаласының көне жұрты ерекше орын алады. Оны зерттеу, қорғау және ашық мұражайға айналдыру – «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде іске асырылып жатқан ауқымды жобаның мақсаты болып отыр.

Сауран Түркістан ауданы мен Қызылорда облысының шекарасында орналасқан. Көз сүйсіндіретін бекіністің дуалдары қала солтүстігінен өтетін автомобиль және темір жолдарынан жақсы көрінеді. Қалада бірсыпыра археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілген, ол туралы мағлұмат жазба деректерде де мол кездеседі, оның үстіне көне Сауран жұртының жұмбағына қызыққан саяхатшы-туристер де мұнда үздіксіз келіп-кетіп жатады. Сауранның орта ғасырлардағы Дала мәдениеті мен Орталық Азия қалаларының мәдениет түйіскен жерде орналасқан «сауда-саттық аймағы» әрі Жібек жолы бойындағы маңызды торап ретінде Қазақстан тарихында алатын орны ерекше. Біздің ойымызша, қазіргі кезде қай жағынан алып қарасаңыз да, Сауранның археологиялық ескерткіші – қала – мұражай ретінде Ұлы Жібек Жолы бойында қайтадан елеулі торапқа айналуға барлық мүмкіндігі бар. Бұл мүмкіндіктердің қатарында біз бүкіл республикамызда Сауранға ғана тән қолайлы жәйттерді атап көрсетсек:

Біріншіден: Ескерткіш халықаралық Орынбор-Ташкент автотрассасына жақын орналасқан;

Екіншіден: Өзіне дейін ашылған және нәтижелі жұмыс атқарып келе жатқан «Әзірет-Сұлтан» Мемлекеттік мұражай – қорығының құрамына кіреді;

Үшіншіден: Әлемге әйгілі Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі орналасқан Түркістан қаласы республикамыздағы өркениетті халықаралық туризм орталығына айналуға. Егер қолайлы жағдайлар жасалса, Түркістанға келетін зиярат етушілер мен туристердің бір бөлігі Сауран қала-мұражайына да соғып кете алады. Қала жұртында бастапқы археологиялық зерттеулер жүргізілген, олар болашақта да жалғасады деген ойдамыз;

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері: Шетел және еліміздің саяхатшы, археолог, тарихшы, географтардың мәліметтерін сараптау арқылы, Сауранның бұрынғы Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Евразияның ежелгі қалаларын қамтитын халықаралық туризм жолы бойындағы көрнекті туристік нысанаға айналдыру мүмкін екендігін айқындау жұмыстың басты мақсаты болып табылады.

Сауран Қазақстандағы әйгілі ортағасырлық қалалардың бірі болып табылады. XII ғасырда ірі сауда орталығы ретінде іргетасы қаланған. Түркістанның солтүстік-батыс жағындағы 30 шақырым жерде орналасқан орта ғасырдағы қалалардың бірі. Биіктігі 6 м қабырғамен қоршалған қалашықтың өлшемі солт-шығыстан оңт-батысқа қарай 800 м. солт.-батыстың оңт-шығысқа қарай 500 м мәдени қабатының биіктігі 2 м. Қаланың алғашқы рет тарихи деректерде кездесуі X ғасыр тұсында тура келеді. Сол кезде өмір сүрген әйгілі араб жағрапшысы Макдиси қала туралы мынадай мағлұмат береді: «Сауран – бірінен кейін бірі бой көтерген жеті дуалмен қоршаған үлкен қала, онда рабад бар. Бас мешіт қаланың ішінде орналасқан. Ол оғыздармен және қыпшықтармен шекаралас аймақта орналасқан қамал». Ол кезде Сауран Сырдария алабындағы маңызды стратегиялық және сауда орталығы ретінде белгілі болған. Шыңғыс хан шапқыншылығына байланысты оқиғаларда Сауран туралы деректер кездеспейді.

Сауран XII ғасырдың ортасындағы Армян патшасы Гетумның бағдаршасында Сығанақ, Қарашық, Яссы қалаларымен бір қатарда «Савран» деп аталады.

XIII-ғасырдың орта шенінде Сауран Ақ Орданың астанасы болды. XIV-ғасырдың аяғында қаланы Әмір Темір әскери қамалға айналдырған. Үлкен мешіті болып, ислам дінінің Қазақстанда тарауына ықпал еткен. Қаланы XV ғ.80-ші жылдарында қазақтың тұңғыш хандарының бірі Жәнібектің баласы Иренші сұлтан биледі. XVI ғ. Сауранды Рузбихан әспеттей суреттеп, ол туралы: «көркіне көз сүйсінетін қала, ашық және жазық далада салынған. Ол керемет жарқын, көңілді, адам парасатына қуаныш пен қуат беретін жұмсақ сергек ауасы бар қала, бүкіл аумағында көз тартатын әртүрлі әсем ағаштар өсіп тұр. Қаланың өзі биік қамал дуалымен қоршаған ..., ал оның сыртынан ор қазылған» – деп жазады.

Сауранда 1514-1515 жж. өмір сүрген ақын әрі жазушы Васифи өз естеліктерінде, қаланың аса бір керемет құрылысы - 2 шайқалмалы мұнарасы бар медресе туралы хабарлайды: «Оның айуанының үстінде көркімен ізгі нұр таратып тұрған, екі зәулім мұнара орнатылған. Мұнаралардың «гүлдестесінде» шынжырлар бекітілген, ал әрбір мұнараның күмбездерінің астына бөрене қойылған. Кімде-кім бөренені күшпен қозғалтатын болса, шынжырлар теңселеді де, көрші мұнарада тұрған адамға құлайтын көрінеді. Бұл – әлем ғажаптарының бірі» деген. Сонымен қатар, жер асты галереясы – көріздері туралы: «мұндай құрылысты әлемді құрлықпен теңізді аралап шыққан адамның өзі көрмеген». Көріздерді үнділік

екі жүз құл салған делінеді. Көріздердің қайнар көзі Саураннан бір фарсах жерде орналасқан; оның үстіне қамал салынған. Қамалдың тереңдігі екі жүз кез құдық қазылған. Жер бетінен суға дейін елу кез, құдықтағы судың тереңдігі 150 кез болған.

1598 жылы Абдаллах – хан әскерлері қаланы қоршаған кезде Бұқарадан тасатқыш қондырғылар жеткізілген. Солар арқылы қала ішіндегі тұрғын үйлер мен құдық шегендері қиратылды. Қамал дуалдарының іргесі үнгіліп, оған ордаға су жіберді, соған қарамастан көп уақыт қорғанды. Сауран XVII-ғасырдың аяғы мен XVIII-ғасырдың басында әлсіреп, XIX-ғасырдың басында біржолата күйреген. Қазіргі кезде Сауран қабырғалары мен мұнараларының қалдықтары бар, ауданы 550 – 800 м дөңгелек алаң. Қаланың ішіне қақпа арқылы кіруге болады. Қаланы қоршаған дуалдың сырт жағында көптеген каналдардың іздері сақталған. Жүргізілген зерттеу жұмыстары қаланың VII – XVIII ғасырларға жататынын дәлелдейді. Сауранды адамдар XVIIIғ.ортасына дейін мекендеді.

Сауран қамал дуалдары. Сауран қала жұрты уақыт тоздыруының әсерінен 3-6 м биіктікте сақталынған қамал дуалдарымен қоршалып жатыр. Қала аумағының пішіні сопақ алаңқай түрінде келеді. Ол солтүтік – Шығыстан Оңтүстік – Батыс бағытымен 800м, Солтүстік – Батыстан Оңтүстік – Шығысқа қарай 500м ұзынынан созылып жатыр. Қала аумағы айналасындағы тегістіктен 2-2,5 м биіктікке орналасқан. Қамал дуалдары биіктігі 2-3м келетін стилобаттың үстінен бой көтерген.

Қаланың бастапқы дуалы, сүйір күмбез тәрізді кертпе жақтаулы болған. Дуалдың үсті сарбаздар еркін жүріп оқ ататындай кең болғанын көрсетеді. Дуалдың жоғарғы жағының ені 3-4м төменгі жағы одан да жалпақ болған. Ал күмбез түріндегі жақтауларда оқ ататын тесіктер жасалған. Дуалдың бастапқы жөнделу барысында шикі кірпішпен қаланып, мұқият салынған. Жөндеу кезінде дуалдың қираған жерлері қаланып сау тұстары көтерілген. Соның нәтижесінде дуал алашқы деңгейден 2-3м шамасында биіктеген.

Қала ішіне екі қақпа арқылы кіруге болады. Қаланың басты қақпасы қамалдың Солтүстік-Шығыс бөлігінде орналасқан. Қақпаның кіре берісі қамал дуалдарының Шығысқы тұстарының есебінен дәліз түрінде жасалған, ұзындығы 20 м. Екінші қақпасы қамалдың Оңтүстік –Шығыс бөлігінде орналасқан. Мұнара ойық түрінде жасалған қалаға кіретін жасырын есік орны байқалады.

Тереңдігі 3м, ені 15-20м шамасында ор қамал дуалдарын айналдыра қоршап жатыр. Оны қазғанда топырақтан биіктігі 1-1,5м, ені

5м шамасында үйінді қаланған. Солтүстік – Шығыс қақпадан бастау алатын үлкен көше Оңтүстік – Батысқа қарай жүріп, қаланы 2-ге бөледі. Бұл көше қамал дуалдарының Оңтүстік – Батыс бөлігіне 150м жетпей барып, Солтүстік – Батыстан Оңтүстік – Шығысқа қарай созылып жатқан көшеге келіп тіреледі. Оның бір бөлігі Оңтүстік – Шығыс қақпаға шығады. Қала топографиясында осы екі басты көшелерден басқа көптеген шағын және тұйық көшелердің іздері байқалады. Бәрі қосылып келгенде қаланың тармақтан күрделі көше желісін құрайды.

Қала төңірегі. Қаланың айнала төңірегінен 1400-1500 м шамасындағы радиус шеңберінде түрлі тығыздықпен орналасқан жекелеген үй-жайлардың орындары көрінеді. Дуалмен айналдыра қоршалған әрбір жеке қоныс үйдің өзінен жеке жерден тұрады. Жер учаскелері мен мекен-жайлардан тұратын жекелеген мәқалаларды канал және арықтар түріндегі суландыру жүйесі біріктіреді.

Су қоймасының төңірегінде топтасқан осындай төртбұрышты учаскелерге орналасқан бау-бақшалар. Сол жағалаулық Хорезмдегі Шахрлық пен Дәукескен төңіректерінде де кездеседі. Бақшалардың көп болуы Жаңадариядағы XVIII-XIX ғғ. түркімен қоныстарына тән құбылыс. Ең үлкен дегендер 150х110; 180х90м өлшемінде келіп, 1,5 га 1,8 га дейінгі аумақты алып жатады. Орташа келген жеке қоныс-жайлардың аумағы 1га-ға дейін болса, кішілері 0,5 га жете қоймайды. Жер бетінен терілген материалдар Сауран төңірегіндегі жеке қоныс-жайлардың өмір сүрген уақыты XIII-XIV және XV-XVIII ғғ. екенін көрсетеді. Қамал дуалының оңтүстік-шығыс мұнарасынан шығысқа қарай 200-300 м қашықтықта қаланың кейінгі ортағасырлық зираты орналасқан. Шикі пахса қабырғалардың қалдықтары айналдыра қоршаған, ауданы қоршаған, ауданы 40-60 х 40-80 м келетін төртбұрышты алаңқайларда моласы ортасына ойылып түскен «төртқұлақ» түріндегі кішігірім зираттар, бейіт үстіне орнатылған жекелеген мавзолейлердің қирандалары мен қарапайым мола төмпешіктері бар.

Қала маңындағы қоныс-жайлар. Ортағасырлық қалалардың экономикасында қала маңында орналасқан ауыл шаруашылық аймақтың маңызы зор. Қамал сыртындағы сол түстік бөлігі жақсы дамыған Ортағасырлық Сауран төңірегіннің солтүстік-шығыс қақпадан солтүстік бағытта, 800 м аралықта орналасқан қоныс-жай қазба жұмысы: солтүстік қабырғасы 7.7 м, шығыс қабырғасы 7.6 м, оңтүстік қабырға 7.2 м, батыс қабырға ұзындығы 8 м, қабырғалар өлшемі 30х20х8 келетін шикі кірпіштен қаланған.

Солтүстік қабырға-5.52м, шығыс қабырға – 5.41 м, оңтүстік қабырға – 5.30 м, батыс қабырға – 5.20 м. Бастапқыдан 30 м тереңдікке түскенде, батыс қабырғадан: ені 68-70 см, биіктігі 60-62 см, ойық тереңдігі 27 см тектің орны шықты. Шығыс қабырғада үш тектің ойықтары орналасқан. Бірінші солтүстік бөліктегі биіктігі 70 см, ені 68-70 см, ойық тереңдігі 22-23, иықтары 45-46 см. Екінші тектің биіктігі 100 см ені 103-105 см, ойық тереңдігі 70 см, иықтары – 85 см. Үшінші тектің биіктігі 90 см ені 100 см тереңдігі 25 см. Оңтүстік қабырғадағы тектің биіктігі 58 см, ені 75 см, тереңдігі 25-26 см. Кіреберіс есік бастапқыда шығыс қабырғада орналасқан ойығының орнында болғандығын аңғартады.

Сауран қаласында жүргізілген зерттеулері. Ортағасырлық Сауран қаласының зерттелу тарихы 1866 жылдан басталады, осы жылы А. К. Гейнс Ясы, Қарнак, Сайрам қалаларының орнын Сауранда шағын көлемде қазба жүргізеді. Қаладағы алғашқы арнайы археологиялық зертеу жұмыстарын өткен ғасырдың 40-жылдарының соңында, А. Н. Бернштам басқарған Оңтүстік

Қазақстан археологиялық экспедиция жүргізілген болатын Солтүстік мұнара аса көлемді күрделі құрылыс, үстіңгі бөлігі кесектен қаланған. Оның сақталып қалған қабырғаларының ұшы ордың солтүстік жағынан 9 м, ал, ордың табанына 14.5 м биік.

Қазба барысында солтүстік мұнараның қышпен жапқан іргесін су шаюдан сақтау үшін алдынан кесектен дуал тұрғызғандығы анықталады. Бұл дуал мұнара іргесінің ең шығынқы жерінен 0.5 м қашықтықта түп – түзу етіп қаланған, биіктігі 5-ярустан 11-ге дейін барады, шамамен 2.5 м. Қалыңдығы 1.5 қатар, төменгі бөлігі пахсадан соғылған.

Қақпаның екі пилонның ортасына қарама қарсы тік төрт бұрышты көпір тіреуіші орналасқан. Оның үстіңгі ішкі беті қақпа табылдырығынан 360 см қашықтықта орналасқан, ал іргелерінің ара қашықтығы 230 см. Бұл 370 см, солтүстік беті -168 см, оңтүстік беті-31 қатар, оңтүстік беті-40 қатар, жалпы биіктігі - 292 см, бірақ бұған қалыңдығы 50 см болатын тастан қаланған іргетасы қоса есептеліп отыр.

Қамал дуалдарының солтүстік-шығыс қақпасынан қала ішіне ені 10 м келетін орталық бас көше алып барады. Одан қала көшелерінің торабы бастау алады. Бұл қазір биіктігі 1,5-2 м дейін жететін төмпешіктерге айналған жекелеген зәулім құрылыстар мен тұрғын үйлер арасындағы қолаттардан кәдімгідей анық байқалады.

Орталық көше солтүстік – шығыс қақпадан 200 м жерде аумағы 120х40м келетін қаланың орталық алаңына келіп тіреледі. Алаңмен тоғысқан жерінде көшенің ені 16 м дейін ұлғаяды. Көшенің сол жағы мен оң жағын ала үстінде кірпіш сынықтары шашылған, биіктігі 2м ден асатын төбелер жатыр. Пішіні төртбұрышты болып келетін алаң орталық көлденеңінен орналасқан. Алаң маңайында күйдірілген кірпіштен қаланған ғимараттардың қирандылары қалған. Кірпіштер шаршы қалыпты болса керек.

Бетінде күйдірілген кірпіш сынықтары мен қырлы сылақ қалдықтарымен кездесетін тағы бір зәулім ғимараттың қирандыларын алаңның шығыс бөлігінен байқауға болады. Төбенің аумағы 100х100м, пішіні төртбұрышты келген. Шыңылтырлы қаптауыш тақташалардың көптеп кездесуіне қарағанда жазба деректерде кездесетін айтулы медресе болса керек.

2010 ж. ақпан айында «Қазқайтажаңғырту» мемлекеттік республикалық мекемесі жасаған тапсырысқа сәйкес, сол жылдың 15 сәуірінен 15 шілдесі аралағында (3 ай) «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайының Археология және ескерткіштерді қорғау бөлімі Сауран қаласының солтүстік қақпасында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген болатын. Алайда, солтүстік мұнараның іргесі толық аршылмай қалды. Аталмыш нысанда Республикалық «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми зерттеу орталығы (М. Елеуов) 2005 – 2007 жыл аралығында, «Түркістан археологиялық қызметі» ЖШС-гі 2009 ж. қазба жұмыстарын жүргізген. Бұлардың алғашқысы қақпа артындағы дәліз құрылымын зерттеп оның төрт құрылыс қабатынан тұратындығын анықтаған және қақпа алдындағы ор мен қарсы жағадағы көпірге қатысты құрылыстардың үстіңгі бөлігін аршыған. Сонымен бірге солтүстік мұнараның іргесін бекіткен қыш қаландысын үш метр тереңдікке дейін, ал көпір тіреуіші мен кейінгі жағалық тіреуіштерді 0,7 – 1,3 м тереңдікке дейін аршып зерттеген. Алайда, кейінгі жағалық тіреуіштерді толық ашпағандықтан олардың не үшін салынғанын анықтай алмаған. 2008 ж. қазба жұмыстары жүргізілмеген, ашылған құрылыстар уақытша профнастилмен жабылған. 2009 ж. қазба қайтадан ашылып «Түркістан археологиялық қызметі» ұжымының (Е. Смағұлов) зерттеушілері О. Н. Лушпенко мен С. Ильястың алдына көпірдің орталық және жағалық тіреуіштерін аршып зерттеу мен оларды тұмшалау (консервация), қайта қалпына келтіру мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау міндеті қойылған. Нәтижесінде, қазба жұмыстары тек көпірге

қатысты аумақта ғана жүргізіліп жағалық тіреуіштің үстіңгі 1 м. бөлігі аршылған және кейінгі көмекші тіреуіштер алынып тасталған. Сонымен бірге, көпір құрылысының нобайы компьютерлік тәсілмен қайта қалпына келтірілген және уақыт жетпеуіне байланысты істелінбей қалған жұмыстар, әрі қарай жалғастырылуы тиіс зерттеу жұмыстары, аршылған құрылыстарды тұмшалау, қайта қалпына келтіруге байланысты ұсыныстар жасалған. Жоғарыда атап өткен «Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес Сауран қаласының солтүстік қақпасында жүргізген жұмысымызды 2011 ж. мамыр айының 1-нен маусым айының 15-не дейін тағы да жалғастырып, қақпаның солтүстік мұнарасының қалып кеткен іргесін толық аршып зерттелді. Жұмыс барысында 20 нумизматикалық жәдігер мен керамика, тас, темір құралдары табылды. Жалпы көлемі 252 шаршы метрлік қазба 5 м тереңдікке дейін түсіріліп, мұнара іргесінің 2010 ж. аршылмай қалған 12 – мк бөлігі толық аршылды. Археологиялық қазба жұмыстарын бастамас бұрын, 2005-2007 жж. 2009-2010 жж. қазба барысында шығарылып тасталған қыш сынықтарынан қазба орынын тазартып алуға тура келді. Тазалау барысында Александр II патшаның инициалы түсірілген жеке белгісі мен оның тәж бейнесі бар, 1866 ж. Санкт-Петербургте соғылған мыс тиын табылды. Сірә, бұл тиын XIX ғ. соңында қалаға келген жолаушы қалтасынан түсіп қалса керек. Археологиялық қазба жұмысын Y-ярустан бастап жүргізілді, алайда, бұл қабаттан ешнарсе шықпады. YI-ярустан бетіндегі жазулары жақсы сақталмаған мыс тиын табылды, бұған қоса XYIII ғ. жоңғарлар пайдаланған Қытай зеңбірегінің снаряд қалдығы көптеп шықты. XY-XVI ғғ. Бұхарада соғылған мыс тиындар мен, сырлы ыдыстар бөліктері табылды. IX-ярус қабатын қазбаның шығыс бұрышынан батыс бөлігіне дейін толық аршып біткен соң, X-ярус қабатынан бір бетінде геометриялық ою-өрнегі бар, Отырар және Түркістан ақша сарайларында соғылған пұлдар және XY-XVI ғғ. «Бұхара» деген ақша сарайы атауы сақталған, басқа жазулары өшіп кеткен тиын табылды. Сонымен қатар, бұл ярустан қыш ыдыстар жасайтын шеберлердің құралдары (сепоялар) көптеп шықты. Қазба XI-ярусқа жеткенде, XVI ғ. Абдолла ханның әскерлері атқан зеңбірегінің оқтары табылды. Сондай-ақ, 3 мыс тиын шықты. Қазба жұмысы XIV – ярусқа жеткенде бұл қабаттан сүйектері жан-жақа шашырап кеткен, басы қай бағытқа қаратылғанын анықтауға болмайтын мәйіт шықты. Мұндай мүрделердің екеуі 2010 ж. қазба барысында XII-ярустан да шыққан болатын. Оларды аршып зерттеу барысында, суға тұншығып өлген адамдар екені анықталған болатын.

Мүрделердің біріншісі оң жақ қырымен жатыр, басы солтүстік-батысқа бағытталған, беті батысқа қарай оң бетімен жайғасқан. Қолдары алға созылған, сол қолы мен сол аяғы жоғарыда-су ішінде қалған да, оң аяғы мен оң қолы, басы, денесінің барлығы дерлік лайға батып кеткен. Тек сол иығы мен сол жамбасы және сол қолы мен аяғы лай бетінде, яғни су ішінде қалған, бұл көрініс оның жерленбеген, суға батып өлгендігін көрсетеді. Екінші адам одан бір жарым метрдей солтүстік батыста екі аяғы тізесіне дейін лайға кіріп кеткен күйінде қалған, денесі солтүстік шығысқа қарай шалқасынан құлаған. Бірақ мұндағы екі мүрденің иелері де көпір үстінен секіріп түсіп, аяқтары лайға кіріп кеткен соң шыға алмай тұншығып өлген адамдардікі деп жорамалданған болатын.

Қазіргі таңда Сауран қаласына кіретін қақпа алдындағы көпірі қайта қалпына келтіріліп, қақпа мұнарасына қаланған қыштары тұрғызылып, тарихи ескерткіш қайта жанданды.

Қорыта келе өзінің бекініс жүйесі аман қалған биік дуалдарымен мұнаралары, тұрғын мәхаллалары мен қоғамдық ғимараттардың қирандылары, ғажап бірегей жерасты суландыру жүйесі, бау бақша мен егін жайдың іздері, қала маңындағы үй жайлардың қалдықтары бар Сауран қаласының ескі жұрты Қазақстанның бағалы тарихы, археологиялық және сәулет өнерлік ескерткіші екендігін дәлелдейді. Сауран-«Қазақстан халқы ата-бабаларының тұрмыстық және мәдени өмірінің» бір мұражайы. Сауранда қорғау және жоспарлы түрде зерттеу Республиканың ғалымдары, мемлекеттік органдары жұртшылық үшін көкейтесті мәселе.

Мемлекеттік «ҚР-ның мәдени мұрасы» қаланың орталық алаңдағы күйдірілген кірпіштен тұрғызылған қоғамдық ғимараттардың орнында қазба жұмыстары басталды. Тұрғын және қол өнер мәхаллаларының қала сыртындағы қоныс жайлардың, бекініс құрылыстарын қазылуы, археологиялық материалдардың тұрмыс және еңбек құралдары, техникалық құрылыстармен қолөнер орта ғасырлар дәуірі мен Қазақ хандығының тарихында елеулі орны бар Сауранның тұрғындарының қоғамдық, өндірістік тұрмыстық өмірі жайлы түсінік алуға мүмкіндік береді. Сауран да Түркістан, Сығанақ, Отырыр, Созақ, Шымкент, Сайрам қалалары секілді Қазақ хандығының саяси экономикалық мәдени орталығы болған.

Ортағасылық Сауран өмірі жайлы түсінік қалыптастыруда XIII-XVIII ғғ. Жазба деректеріндегі қала жайында көптеп кездесетін мағлұматтар елеулі рөл атқаратыны сөзсіз. Олардың қатарында Хетум, Махмуд Бн Усман Кухистани, мырза Мұхамед Хайдар Дулати, Фазлах ибн Рузбихан Исфгани, Зайниддин Васифидің шығармалары бар.

Сонымен, археологиялық материалдар жазба және нумизматикалық деректермен бірлесе отырып Сырдария бойындағы ортағасырлық қаланың даму барысы, оның қалыптасу барысы, топографиясы, құрылысы, бекініс жүйесі, қала тұрғындарының тұрмысы мен мәдениеті жайлы біршама сырлырды ашты, әлі де болса аша түседі.

Қазіргі заманның ауыл шаруашылық жұмыстарынан көп зақым тиген Сауранның жақсы сақталуы, оның осы өлкенің және Қазақстан өміріндегі маңыздылығын ескере отырып, қазақ жастарының және әрбір Қазақстандықтың осындай мықты қамал жайында жете түсінуі үшін, бұл жерде мұражай-қорық ұйымдастырылса болар еді, сонымен қатар оны, қазіргі таңда қалыптасып келе жатқан, бұрынғы Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Евразияның ежелгі қалаларын қамтитын халықаралық туризм жолы бойындағы көрнекті туристік нысанаға айналдырып, бүкіл елдің қызығушылығын арттыратындай шаралар ұйымдастырылып, Сауранның келешегі барлық жастарды елең еткізетіндей үлкен мәселелі жағдайға айналдырылса нұр үстіне нұр болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005.
- 2 Байпақ, К Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы Рауан, 1998.
- 3 Байпаков, К. М., Ерзакович, Л. Б. Древние города Казахстана. Алма-Ата: Наука. 1971. – С. 258.
- 4 «Қазақстан тарихы» Алматы, 1998.

АЗИЯ МЕН ЕУРОПАДАҒЫ АРҒҰНДАР, ҚҰЖАТТАР МЕН ТОПОНИМДЕР

ҚҰСМАН А.

9 сынып оқушысы, Облыстық көпсалалы дарынды балаларға арналған лицей-интернаты
БОКИШЕВА М. Б.
ғылыми жетекші, тарих және география пәнінің мұғалімі

Еуропа жерінде түркі атаулары баршылық. Олар оңай танылады және түркі тілінің лексикасымен тығыз байланысты. Арденн (Арденские) таулары өз атауын Каталон (Қаталауын) жерінде

тұрған арген (арғұн) тайпасынан алған. «Каталауын» – шөлді жер деген мағынада.

Аты аңызға айналған атақты Еділ патша Еуропаның біраз елін басып алып, 451 жылы Рейннен өтіп, Франциядағы Луара өзеніне жетеді. Ол Еуропаның біріккен қолымен кездесіп, киян- кескі ұрыс жүргізген жерде ғұндар үшін ауыр шайқас болғандықтан, тарихта «Каталауын шайқасы» деп аталып, қалған жерді Арагон (Арғұн) жазығы деп кеткен. Бұл – Арагон, Барын (Барасун) деп аталатын өзендердің бойындағы құнарлы бай өлке. Бүгінде ол жер Испанияның Каталония деп аталатын провинциясында.

Аdden тауынан ағатын өзен аттары да түркі тілінен шыққан: Эна (Ана), Эга (Аға), Эр (Ер), Орн (Орын). Каталауын жазығының төңірегінде көне атауларын сақтап қалған қалалар – Эр өзенінің жағалауындағы Клермонтен Аргон, Варенсен эн Аргон, Монфакон дэ Аргон, Живри ан Аргон. Ежелгі тайпалардың этнонимімен байланысты тарихы бұл қалалардың мұражайларында сақталып келеді.

II. Карамзин Германиядағы Аркон храмынан «ағаш мүсін балбалдар, күміс және темір тостағандар, өгіз мүйізінен жасалған ыдыстар» табылғандығын, «қазына сақтайтын ерекше бөлмеде ақ ат (арғұнат) ұстағанын» жазады. Осындай тұлпарларды арий-ғұндар (арғұндар) өз көсемдеріне беру үшін дайындап, ерекше бөлмеде ұстаған болатын. Осы храмнан табылған заттар түркі таңбаларымен белгіленіпті.

Гүлденіп келе жатқан ағаш шеберлігі туралы Еуропа мен Ресей авторлары көп жазған. Кейін осы жерде Аркон қаласы мен сол аттас храм салынуы олардың түркі тайпасы Аргондарға (Арғұн транслитерациясы) тиесілі екенін растай түседі.

Даль арғұндар туралы былай дейді: «Аргунами зовут владимирских плотников» [1, 121 б]. Алтын Орданың билері Қарамырза (Карамзин), Юсупов, Оғаров (Огарев) т.б. өздерінің кең сарайларын осы ағаш шеберлеріне салдырған. Орыс жерлерінде Аргунов, Басаргин т.б. сәулеткерлердің аты ерте заманнан белгілі. Аргуновтар орыс архитекторларының мақтанышы болған [2, 532 б]. Салған немесе салуға қатынасқан олардың аттары сол әсем сарайларда бүгінде алтын әріппен жазулы тұр [3, 9 б].

Аркон, Аргон этнотопонимдері Еуропаның ғана емес, сонымен қатар Жерорта теңізі өңірінің топонимикасына нық енді.

Францияның солтүстік-батыс бөлігінде де түркі атауы - (Котан) тең түбегі кездеседі. Арғұндар өз шығу тегін Қотан атымен байланыстырады. Кейбір деректерде Хотан, Котян деп те келеді. Осы түбектің батысындағы Сарта өзені де түркі тайпасының этнонимі. Қазір

Францияның Қотантен және Бретань (Біротан) түбектерінің халқы дәстүрлі жылқы шаруашылығымен, осы салада азық өндірумен айналысады. Таласия, Токсандурия (Франция) атаулары Арғұн тайпасы тұқымының этонимдері. Ал француздар бұл атауларды келттік деп санайды.

Бұрынғы тарихшылар, географтар мен саяхатшылардың жазбаларында ариген, аргимпей, ориген, д[аргун], т[аргун], т[аргун]тай (таргитай) халық аттары жиі кездеседі. Бұлардың бәрі бұрмаланған түркі тайпаларының атаулары. Барлық атауларда «арг» («ар») түбірі ұшырасатыны, ол түркі тайпасы – «арғұнның» этнонимі екенін көрсетеді.

Еділ (Аттила) жаулап алмас бұрын Еуропаға жеткен тайпаларды Еуропалық тарихшылар жат аттармен атаған. Тайпалар бірігіп мемлекет құрған, кішірек князьдіктерге бөлінген. Қандай жағдайлар болса да, олар өз этнонимдерін, тайпа таңбаларын сақтап қалуға ұмтылған. Батысқа үдере көшкен ғұндар таңбаларын өздерімен бірге ала жүріп, сол елдерге таңбалары арқылы танылған. Оларды жоғалту ауыр күнә болатын. Сондықтан болар, сан ғасырлар ішінде тіпті тілін жоғалтса да, этнонимі мен таңбасын сақтап жүрген.

Ыдырай көшіп жүрген ғұндардың екі тайпасы біріксе таңбасында – екі көз, үшеуінің басы қосылса – үш көз, төртеуі біріксе – төрт көз суретін салып, бірліктерін осылай бекітіп отырған. Қазір ел арасында «Төрт көзін түгел болмай...» деп басталатын бірнеше нақыл сөздер сол кезден бізге келіп жеткен. Еуропа елдерінде иш-куз (үш көз), ишпакай деп атын қалдырған ел – осы ғұндардың үш тайпа бірлігі – үш көз. Біздің қазақ жерінде ерте заманда Екікөз деп аталатын гүлденген қала болған, оның орны Алматы облысындағы қазіргі Дунгановка деп аталатын село маңында. Оның Екікөз аталу себебін ғалымдар қаланың төрт жағындағы қақпасында ғұндардың екікөз таңбасы тұрған деп дәлелдейді. Арғұнның екікөз таңбасы да ғұндардың екі үлкен тайпа бірлігін көрсететін болса керек [3, 21 б].

«Түркі» терминінің мағынасы «Көк Төңірімен» байланысты. Түркілердің түсінігі бойынша, Төңірі түркілерді басқа халықтарды билеу үшін аспаннан жаратты. Ежелгі түркі тілінде «көк» сөзі аспан деген ұғымды білдіреді.

Байкөл өңіріндегі жер атаулары мен тастағы руна жазулары тарихтың жұмбағы болып қалған «түркі» атауының шығу тарихын сақтап келеді. Е. Бернштам айтқандай: түркі тайпалары өздерінің мәртебелі мырзаларын «Төркі» деп атаған. Кейін «төркі» сөзі бүкіл тайпа үшін этноним болып қалыптасқан дейді.

«Көк түркі» аталуының тағы бір себебі олардың генетикалық ерекшеліктерімен байланысты болуы мүмкін. Түркілердің кейбір жаңа туған сәбилерінің құйымшағында ұрпақтан-ұрпаққа берілетін көк белгісі болыпты. Бала өскенде жоғалып кететін бұндай белгіні түркілер Көк Тәңірдің берген киелі белгісі деп түсінген. Қазіргі әдебиетте ол «моңғол белгісі» деген атпен беріледі. Осындай белгілер америкалық үндістердің сәбилерінде де кездескенін ескерсек, олардың арасында генетикалық туыстық бар дегуге болады.

Шәкәрім Құдайбердиев біраз деректерді сараптап, Қытай жылнамашаларына, орхун тас жазуына талдау жасай келіп, былай деп тұжырым жасайды: Орхун тас жазуында Улуг Ергин деген сөз бар дей келіп, Қытай тарихшылары да моңғолдардың шығысына байегу деген ел бар деген. Қытай жазуында сөздің ортасында «р» әрпінің, сөз соңында дауыссыз дыбыстың жазылмайтынын ескеріп, жетіспейтін әріптерді орын-орнына қойсақ, бай иаргун, ұлығ иаргун болып оқылады дейді [3, 20 б]. Бұл пікірді М. Тынышпаев та қуаттайды.

Қытай деректеріне сүйенсек байегу тайпасының өмір сүрген жерлері Байкөл оңтүстік өңіріндегі Аға даласы делінеді. Ал В. В. Бартольд Байкөлдің аты жайлы сөз қозғай келіп, ертедегі қытай деректеріне сүйене отырып, оны байегу, байырку деген елдің атымен байланыстырады [4, 341 б].

...Анау жатқан – Арғыным,

Арғыным атқа қонғанда,

Басыңнан талай қарғыдым.

Арғын деген сансыз ел..

Сүйінбай

XVIII ғасырда жоңғарлармен қақтығыс аяқталғаннан кейін, шапқыншылық кезінде бытыраушылыққа ұшыраған ру-тайпалар өз атамекендеріне қайтып орала бастады. Жоңғар шапқыншылығы барысында өз атамекендерінен айырылған тайпалардың басым көпшілігін Орта жүз тайпалары құрағаны белгілі [5, 220 б].

1748 жылы елші М. Тевкелев жазбаларында Орта жүз тайпалары Тобылдан Есіл өзеніне дейін, Ертістің жоғарғы ағысы, Көктеу алқабына дейін көшіп жүреді дей отырып, арғын тайпасының он алты руын тізбектеп берген және арғынды Орта жүздің ішіндегі күшті, мықты тайпа санаған.

Абылай ханның өзі де орта жүз тайпасы – арғындардың қазақ қоғамындағы орнын мынандай сөздермен көркемдеген екен: «Осы бес мейрамның баласы деген ел пайғамбар мен шадияр тумалары десемдер, адамның бұлбұлы мен дүлдүлі түгел туған ел» [6, 322 б].

«Россия полное географическое описание нашего отечества» атты ұжымдық еңбекте Орта жүз тайпалары, соның ішінде арғындар өздері тығыз қоныстанған Есіл, Нұра, Сарысу өзендері аңғарына бұл жерлерді қалмақтардан азат еткеннен соң Жетісу және Сыр өңірі аңғарынан қоныс аударғандары баяндалған [7, 142 б].

XIX ғасырдың бас кезіндегі қазақ тайпалары туралы жазылған аса маңызды құжаттардың бірі Г. Волконский дерегі. Бұл деректе Орта жүздің руларының тармақтары толық қамтылмағанмен, басты тайпалары толық беріледі. «...Арғын руының 5 атасынан 30 000 шаңырақ Петропавлдан Қашқарияға, Ташкент және Бұқарға қарай көш жолдарын қалыптастырды, Петропавл бекінісі маңында, Баянауыл, Қызылтау, Далба, Үкіліқазлық, Шыңғыстау таулары етегінде, Ұлытау етегінен өтетін Торғай өзені сағасында қыстап, жазда Ереймен тауы етегінде және Нұра, Жиделісу өзендері бойында қоныстанған. Бөкей және Бопай сұлтандар, Тіленші би, Шоң би, Байдалы билер басқарады. Сауда орталықтары Өскемен, Семей және Қытай шекараларында; ...Таракты руының 2 атасынан 4000 шаңырақты Баққозы батыр басқарып, жазда Еміл өзенінің жоғарғы ағысы бойындағы сағасы мен Сарысу өзені бойында, қыста Іш қоңыр құмдары мен Шу өзендері бойында көшіп жүреді; ...Арғын руының 2 атасынан 9000 шаңырақты Байқұл мен Қараменді билер басқарып, жаздық және қыстық жайылымдарын Ертіс бойына салды; ...Арғын руының 2 атасынан 11 000 шаңырақты хан Уәли Абылайұлы, ағаман Құлбек Байжігіт, Ақан би, Шабықыл батырлар басқарып, жаз және қыс бойына Ешім және Есіл өзендері жағалауында, Көкшетау мен Мұқшатау етектерінде, Ұшқандық, Үшбұдыр, Қылшақты шатқалдарында көшіп жүр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Даль, В. И., Толковый словарь. Т. 1. Москва – «Московский рабочий», 1981.
- 2 Вавилов, С. И., БСЭ. Т.2. Москва – «Советская энциклопедия», 1949.
- 3 Қуанғанов, Ш. Т., «Ғұн немесе Арғын тарихы туралы». Алматы – «Білім», 1997.
- 4 Бартольд, В. В., Сочинения. Т. 3 – Москва- «Наука» 1968.
- 5 Қазақ ру-тайпаларының тарихы» IX том. Арғын, Екінші кітап. «Алаш» тарихы – зерттеу орталығы. Алматы – «Алаш», 2007.
- 6 Абылай хан, «Тарихи жырлар». I том. Алматы – «Жазушы», 1993.

7 Семенов, В. П., «Россия. Полное географическое описание нашего отечества». Т. XVIII. Киргизский край. Санкт-Петербург – Издательство А. Ф. Девриена, 1903.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІ

ҚЫСТАУБАЙ А.

9 сынып оқушысы, тарих пәнінің мұғалімі

КУЛАХМЕТОВА А. Қ.

ғылыми жетекші, М. Горький атындағы жалпы орта білім беру мектебі,
Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Қазақтың ұлттық киімі ғасырлар бойы қалыптасқан және айналадағы ортаға-желді, аязды болып келетін аңызак даладағы тіршілікке бейімделген халық мұрасының құрамдас бөлігі болып табылады. Адамзат полелит-тас дәуірінде тігіссіз байланатын лыпа киімдерді пайдаланумен қатар сүйек ине, сүйек бізді қолданып тері және тоқыма киім-кешек жасап, киіну мәдениетінің басқа да түрлерін қалыптастыра бастаған. Алғашқы қарапайым киімдер жай ғана байланатын немесе түйрелетін болған. Тас дәуірінің соңын ала адамдар қолға үйреткен мал жүнінің терілерін жабайы өсімдіктердің жапырақтарын, қабықтарын пайдаланудың жолын тауып, жабайы кендір сияқтыларды есіп, мал жүндерін иіріп, сүйектен тебен ине жасап, бастарына бүркеніш, үстілеріне жаға, жеңсіз тері киім, белге орайтын алжапқыш, аяққа тартатын тері шақай сияқты біршама тұтас тері киімдерін тіге білді. Неолит дәуірінде өру, иіру және тоқу кәсібі дамып, иықтан, мықыннан киілетін киім түрлері пайда болған. Ұлттық киім-бай тарихи-мәдени мұра, оны зерттеу бізді өткен ғасырлардағы әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халықтың хал-ахуалынан кең көлемде жан-жақты хабардар етеді. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы.

Мұның басты себебі; қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. XX ғасырдың 20-шы жылдары Ойыл мен Сағыз бойын мекендеген қазақтардың киім-кешегін палеоэтнологиялық деректермен салыстыра зерттеген С. И. Руденко, күпінің қазаққа, оның ата-бабасына кем дегенде бұдан екімың жыл бұрын белгілі болған киім үлгісі екенін дәлелдеген. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында товарлық өндірістің дамуы, көрші халықтармен экономикалық және мәдени қарым-қатынастардың нығаюы, орыстардың, украиндықтардың, немістер

мен татарлардың тағы басқа халықтардың көптеген қоныс аударуына байланысты қазақ тұрмысына ең бастаған өзгерістер, сол сияқты қалалық сәннің әсері ұлттық киімге де ықпалын тигізді.

Адам баласы қай заманда да ұлттық киімге ерекше көңіл бөліп, аса құрметпен қараған. Еуразия даласын қоныс еткен көшпелі қазақтардың басқа халықтарға ұқсамайтын киім үлгілері табиғи ерекшеліктер мен көшпелі тіршілікке сәйкес қалыптасқан. Ұлттық киімнің барша сымбатында, ою-өрнегінде, әрбір халқымыздың тарихының ой дүниесінің қайталанбас көрінісі жатыр. Ол – біздің ұлттық мәдениетіміз.

Қазақ киімдерін зерттеу Қазан революциясынан кейін ғана кеңінен қолға алына бастады. 1922-1926 жылдары Қазақ республикасының астанасы Орынбор қаласының музейі Ақтөбе, Торғай, Қостанай, Орал, Атырау, Семей, Павлодар аймақтарын аралап, көптеген ұлт киімдері мен өрнектердің, алтын-күмістен жасалған бұйымдардың экспонаттарын жинап, әр облыстағы өртүрлі киім үлгілерін зерттеп қағаз бетіне түсірген. 1930 жылдары Қазақ ССР Орталық музейі қызметкерлері С. Омаров пен В. Куж Алматы қаласынан және Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданынан қазақтың ұлттық киімдерін жинаған. Қазақстан суретшісі Е. Клодт қазақ киімдерінің, ұлттық киім киіп тұрған қазақтардың бейнелерін суретке түсірген. Осы саланы зерттеген Ә. Марғұлан, Т. Басенов, Х. Арғынбаев т.б. еңбектерін айтуға болады. Қазақтың киімінің тәуірін ежелден қыз-келіншектер киген, әшекейдің де ең асылын осылар таққан. Жас қыздар бүрмелі етеккі көйлек, бешпент, қамзол, қынама бел киімдер, бастарына үкі кепеш, аяқтарына мәсі, оюлы кебістер киген. Бойжеткен қыздар бастарына кәмшат бөрік, сәндеп өрнектеген ақ шыт орамал тартқан. Жігіт боз балалар кестелі тақия киген. Кейде ақ шытты бір шекесіне түйе салып, тоқалдай тартатын болған. Аяқтарына көксауырмен оймышталған, өкшесі құймаланған етік киген. Барқыттан шапан, құймаланған алтынмен аптап, күміспен күптелген белбеу буынған. Қарттар шаштарын қырып алып тастайтын болғандықтан сырмалы баран өнді кепеш үстінен пұшпақ, елтірі түлкі тымақтар киген. Шал, қариялар шапан, ішік, бешпент, сырмалы шалбар, ақ жейде, дамбал киіп, аяқтарына саптама етік, кебіс-мәсі киген. Қазақтың ұлт киімдерінің түрлері мен атаулары көп; кейде ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз үлгілері деп, кейде әлгі жүздер ішіндегі рулардың аттарымен де айырып айтылады. Мысалы, арғын тымақ, найман тымақ қыпшақ тымақ, адай бөрік, қызыл бөрік т.с.с. Көбіне қазақ киімдерінің үлгілеріне көршілес орыс, тәжік, қырғыз, түркімен

калықтарының киім тігу мәнері ықпал етті. Көшпелі қазақтар ішкі-сыртқы киімдерінің бәрін жүріп тұруға, көшіп конуға ыңғайлы етіп ықшамдап тіккен. Қазақ әйелдері киімді тігіп қана қоймай, оған лайық сәндерін де өздері жасаған. Кесте тігу, жиек жүргізу, оюлау, шілтер шалу, зерлеу, тері киім тігу сияқты нәзік жұмыстарды әйелдер атқарған. Алайда көне этнографиялық музейлерден, көркем өнерден, және сахнадан, жеке адамдардың үйлерінен көруге болады. Біздің мақсатымыз колөнердің бай мұраларын жинап, заманымызға лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды сақтап қалу және дамыту. Қазақ мәдениетінің жаңару кезеңінің символындай Қазақстандағы ең алғашқы қайталанбас қазақтың ұлттық киімдерін зерттейтін және тігетін, өзінің тауар маркасы бар өз бастауын 1947 жылдан алатын бірден-бір ғылыми орталық «Сымбат» сән Академиясы. Бұл сән Академиясы Қазақстан Республикасының беделін халықаралық деңгейде көтеріп, ұлттық киімдерімізді әлемге танытып жүрген кәсіпорын [2].

Тақия-кішігірім сәтәң, шұға, барқыт сияқты маталардан әртүрлі тәсілмен тігілген бас киім. Оның қалындау, жұмсақ маталардан астар тігіп, арасына кейде жұқалап жүн немесе мақта салып жасайтын түрлері де болған. Ерлерге арналған тақияның кестелісі де, кестесізі де болады. Тақияның төбесін төрт сай немесе дөңгелек төбелі етіп тігеді. Тақияны, еркектер үлкен бас киімнің астынан міндетті түрде киілақ төбе, тікше, катипа т.б. бірнеше түрге бөлінеді. Етегі аласа, төбесі төрт сай болып келетін, кестелі шошақ тақиялар оңтүстікте кездеседі. Тегерінш тақиялар орта жүзде көбірек кездеседі. Сондай-ақ, қазақ жерінде қазақы, ноғайша оқалы тақия, оқа шеккен тақия, сырма тақия, тікше катипа тақия, шошақ төбе тақия тәрізді тақия түрлері кең таралған.

Шапан-көбінесе жүн тартылып бидайланып тыстаған. Кей жерде шапанды әуелі астар мен бйдайын қабып алып, тысты соның үстіне бос жабу арқылы тыстаса, кей жерлерде тура тыстың үстінен қабыған, кейде сыртынан болған. Мұндай шапанды «Сырмалы шапан» атаған. Шапандар көбінесе қайырма жағалы, кейде тік жағалы бешпент түрінде кездеседі. Қайырма жаға шапанның бір түймесі, тік жағалы бешпент шапанның екі түймесі бар.

Тон-көбінесе иленген күздік қой терілерінен тігіледі. Орта деңелі адамдарға 11-12 қойдың терісінен тон шығады. Олардың шап терілері мен пұшпақ терілері, таңлықтары, мойын терілері бөлек алынады, яғни олар тон тігісіне пайдаланылмайды. Тондардың

жүндері ішіне қарайды, ет жағы қынамен, қабықпен, томар бояумен боялады. Тонды тебен инемен басып тігіп, немесе шалып тігіп кестелейді. Кейде сыртына тыстық жапсырып қаптама тон да тігеді. Қаптама тондардың тыстарын әр түсті жіппен кестелеп, елтірі, сенсен, аң терілерінен қайырма жаға жасап, етек-жеңіне жұрын ұстайды.

Жарғақ, тайжақы-деген өң киімдерді тайдың, құлынның терісінен, жүнін сыртын қаратып істейді. Оларды да малмаға салып илеп, еттерін қырып, қабыққа, қынаға салып өндерін ажарлайды. Шеттерінің әдіптерін кестелеп, жаға-жеңдерін әшекейлейді. Кейде етегін, өңірін қаусырмасын қымбатты аң терісінен жұрындап қояды. Әдетте тайжақы мен құлын жарғақты бешпенттің, бешпент күпі сияқты жеңіл киімдерінің сыртынан киеді.

Шалбарды барқыт, пүліш, шұға, тібе, шөшінше, шибарқыт, шегрен, ләмбөк, мәлескен, қырмызы, қамқа, көк мауыты сияқты ширақы маталардан, қой-ешкі терілерінен тігеді. Шалбардың бауы ышқырға өткізіледі, қалтасыз, кең балақ болып келеді. Оның кең тігілуі салт атқа мініп-тұруға, малдас құрып отыруға өте қолайлы болған. Шалбардың балағы екі жанынан ойық болып істелетін де, ол кестеленіп қойылатын. Сондықтан да шалбар өте сәнді және көрікті киімдердің бірі саналған.

Бас киім-қазақ қауымының әдетінде ер мен әйелдің бас киімі де әр баса. Ерге тән бас киімдер тақия, бөрік, тымақ, құлақты бөрік, қалпақ, шалма, шытқұлапара, жалбағай. Оларды теріден, аң терілерінен, тыстық маталар сырып тігеді. Әйел бас киімдері; кимешек, жаулық, күндік, шаршы, сәукеле, желек, шәлі бүркеніш, бергек т.б. Бұлар көбінесе іштік жеңіл матадан, ал катипа тақия, құндыз бөрік, шошақ бөріктер ең қымбаттысы аң терілерінен тігіледі.

Развалины Отрара покрыты «ковром» керамики разных эпох, от древней посуды кангюев до прекрасных образцов поливной керамики XV-XVI вв. Попадают и случайные находки. Случайные, потому что в археологическом отношении Отрар – пока белое пятно. Раскопки Отрара – дело ближайшего будущего.

Следующий интересующий вопрос: «Какие виды ремесла развивались в Отраре?» В городе развитие получилось гончарство. Результаты оптического, спектрального и химического анализов показали, что чаши, кувшины, горшки и прочие гончарные изделия города изготовлены на гончарном круге, который длительно и равномерно мог вращаться с большой скоростью, из легкоплавких

лессовидных с разной степенью ожелезненности глин. Росписи на них выполнены окислами меди, марганца, железа, хрома, сурьмы, кобальта. Изделия покрыты свинцовыми, свинцово-щелочными и щелочными поливами. Для развития гончарного ремесла в Отраре были все условия. Прежде всего, Отрарский бассейн богат самым необходимым для гончаров сырьем – глинами. Предлагаю брошюры по развитию гончарного дела. Археологические находки убеждают в том, что на базарах Отрара торговали товарами из Китая, стран Ближнего и Среднего Востока, из городов Средней Азии.



Можно считать, что середина XIII в. является рубежом различных керамических стилей. Для сравнения поливной керамики различного времени, сделала модели тарелок небольших размеров. Техника работы – папье-маше.



Перед вами изделия второй половины XIII – первых трёх XIV вв. и 80-х годов XIV – первой половины XV вв. Первая тарелка характеризуется керамикой с прозрачной свинцовой поливкой, положенной на белый ангоб, роспись выполнена синим, зелёным и голубым цветами. Узор – геометрический. Вторая тарелка выложена на розовый ангоб. Роспись – коричневая, красная, зелёная и жёлтая. Рисунок в виде радиальных лучей. Элементы орнамента – завитки, спирали, образующие растительно-геометрические композиции. Предлагаю рисунки, являющиеся доказательством развития гончарного ремесла.




Наряду с гончарным ремеслом и керамикой в Отраре развивались и другие отрасли ремёсел – кирпичобжигательное, медницкое и бронзолитейное, ювелирное ремесла, а также стеклоделие, косторезное ремесло, ткачество и ковроделие.

Теперь хотелось бы рассказать о развитии архитектуры Отрара. Прежде всего, строительный стиль крупных архитектурных сооружений был связан с расширением распространения на территории Казахстана исламской религии. В это время возводили много мечетей, мавзолеев, мазаров, а также бань. Мавзолей Арыстан-Баба является ярким примером развития архитектуры. Он состоит из двух помещений. В середине имеется дализ (коридор-прихожая). Над мавзолеем возведен купол. Решила изобразить мавзолей на формате А 4. Использовала обычные акварельные краски.



Как ранее мною было сказано: «В этом время возводили ... бани». Изучая архитектурное искусство Отрара, особое впечатление на меня произвела городская баня. Прочитав её описание, меня натолкнуло на мысль: «Хочу сделать макет», так как полной картины бани нигде не находила. Материалом для пресектирования выбрала скульптурный пластилин для моделирования. В результате получился мини-макет, вылепленный по археологическому описанию. Вход в неё находится с юго-восточной стороны. Баня представляет собой прямоугольную постройку – с чётко читаемой в плане фигурой креста. Баня имела 10 помещений. Водоснабжение бани осуществлялось при помощи водо-

провода, выведенного из водохранилища. Ряды труб уложены в подземной галерее. Отрарская баня отапливалась топкой, от которой отходил жаропровод, затем системой столбиков и направляющих стенок жар разделялся на потоки, обогревавшие полы всех помещений. Дым выводился через вертикальные дымоходы, проложенные в толще стен. Они служили одновременно регуляторами температуры. [3, с. 112-124]. В одном из залов для водных процедур можно обнаружить резервуар с четырьмя отсеками. Понять их назначение помогает сообщение ибн Сины, который, описывая влияние бани на организм, называет несколько употребляемых в купании растворов. [4, с. 198]. Некоторые из них получали путем кипячения растений, серы, золы, другие названы им железными, солеными, кварцевыми и купоросными. Они служили одновременно регуляторами температуры. Я выпустила брошюру по практической части моей работы.



Отрар – великое наследие нашего народа. В 2001-2004 гг. осуществлялся проект ЮНЕСКО, Казахстана и Японии «Консервация и сохранение древнего города Отрар». С 2004 года действует государственная программа «Возрождение древнего Отрара». Предполагается создание археологического музея под открытым небом.

В Нью-Йорке прошла выставка «Кочевники и их связи: древнее искусство и культура Казахстана», описание которой я дала в брошюре. В коллекции, состоящей из более 250 артефактов. Они демонстрируют, насколько высокоразвитой была культура древних и средневековых кочевых племен Казахстана. Выставка опровергает ложные представления о том, что кочевые племена были менее развиты, чем их оседлые соседи. «У кочевников была очень сложная культура, очень сложные и красивые предметы, очень сложная социальная организация, очень разумные отношения с окружающим миром. И это дает представление об образе жизни этих людей, который продолжался в Казахстане до сравнительно недавнего времени

и является частью их гордого наследия» - говорит Карен Рубинсон, один из кураторов выставки.

Для привлечения огромного количества туристов, необходимо воссоздать прототип средневекового города. Например, на острове Крите построены дворцы (фрагменты), по строению напоминают архитектуру крито-микенской цивилизации. Казахстан не должен богатеть за счёт вывоза сырья. Благодаря успешному развитию туризма, мы можем быстрее попасть в 30 конкурентоспособных развитых государств мира.

ЛИТЕРАТУРА

1 Гордон Чайлд. Прогресс и археология. Перевод с английского М. Б. Граковой-Свиридовой. Государственное издательство иностранной литературы. Москва, 1949. Progress and archaeology. By V. Gordon Childe. London, 1945.

2 Кузембайулы, А., Абиля Е. А. История Казахстана: Учебник для вузов. 7-е изд. перераб. и доп. – СПб: Соларт, 2014.

3 Акишев, К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б. Отрар в XIII-XV вв.

4 Абу Али ибн Сина. Канон врачебной науки. Ташкент, 1954.

ЎЗБЕК ТИЛИНИҢ ЕРЕКШЕЛИКТЕРИ

РАСАМЕТОВА У. И.

Ўзбек тили жана адабиёт пәни мугалими, №114 Сайрам атындағы жалпы орта мектебі, Шымкент қ., Оңтүстік Қазақстан облысы

МАХМАНОВА Ю.

7 «А» сынып оқушысы,

№114 Сайрам атындағы жалпы орта мектебі

Өзбек тілі Өзбекстанды, онымен кершілес елдерді мекендейтін түркі халқының ұлттық, әдеби, мемлекеттік тілі. ТМД елдеріндегі саны 16 686 240 (1989). Ауғанстанда 2,5 млндай өзбек бар. Өзбектер бай тарихқа ие, көне жазба ескерткіші де мол сақталған. Өзбек тілі 3 этнос негізінде құралған 3 диалектіден тұрады: қарлұқ, қыпшақ, оғыз диалектілері. Ол көне өзбек тілі (шағатай тілі) және қазіргі өзбек тілі деп бөлінеді. Көне жазба әдеби тілі XIVXVI ғасырда қалыптасқан. Қазіргі әдеби тілі Қазан төңкерісінен кейін Ташкент-Ферғана диалектісі негізінде дамыды.

Өзбек әдеби тілінің тарихы, әдеби тілдің қапыптасып, дамуы алдымен қоғамдық ой-сананың кемелденуіне, халықтың мәдени өрлеуіне, әсіресе көркем әдебиеттің кең өріс алуымен тікелей байланысты. Өйткені, көркем әдебиет тілі таңдаулы сөз үлгілерін, жетістіктерін жинақтай отыра жалпыға ортақ тілдік нормалардың қалыптасуына әсер етіп, әдеби тілдің негізгі тірегі қызметін атқарады. Сондықтан әдеби тілдің қалыптасу тарихын өзбектің төл көркем әдебиетінің бастапқы көрініс беруінен іздеу қажет. Алайда өзбек филологиясында көркем әдебиетінің тарихы жөнінде әр кез әр қилы пікір айтылды. Әрине, өзбек халқы өз алдына басқа түркі халықтары сияқты XV ғасырдың орта тұсында отау тіккенімен, оның құрамына енген ру, тайпалық одақтардың тарихы тым әріде. Түркі халықтарының Орхон-Енисей, Талас жазбалары (V-VIII ғасыр), Ерте Орта ғасырлық «Құтадғу білік» (XI ғасыр), Кейінгі Орта ғасырлық «Мұхаббатнама» (XIV ғасыр) тәрізді әдеби жәдігерліктері болған.



Ерте кездердегі жазба әдеби тіл мен халық тілінің өзара байланысын көрсететін М. Қашқаридың «Диван лұғат ит-түрік» (XI ғасыр), «Кодекс Куманикус» (XIII ғасыр), «Оғызнама» (XIV

ғасыр) сияқты ескерткіштері де бар. Бұл аталған мұраларға өзге де түркі халықтары тәрізді өзбек халқының құрамына енген ру, тайпапардың да қатысы болғандығы даусыз. Сондықтан аталған көне түркі, орта түркі дәуірлеріне қатысты жазба үлгілердің өзбек тілі тарихын зерттеуде, өзбек тілінің ертедегі жай-күйін сипаттауда, сондай-ақ өзбек әдебиетіндегі көркемдік ой-тәжірибенің бастау жолдарын анықтауда маңызы айрықша. Осы тұрғыдан алғанда оларды өзбек тіліне, өзбек әдебиетіне қатысы бар деуге болады. Бірақ бұларды халықтық негіздегі әдеби тілде жасалған төл тума деп тануға болмайды. Өзбек халқының өз алдына дербес халық болып қалыптаса бастаған тарихына тоқталсақ өзбек этногенезіне Орта Азияны мекендеген ежелгі соғдылық, хорезмдік, бактриялық, ферғаналық тайпалар мен сақ, массагет тайпалары аздап та болса өз үлесін қосты. Өзбек ұлтының қалыптасуы тарихи деректерге қарағанда ұзаққа созылғандығын аңғаруға болады, оның құрамы үлкен үш топқа бөлінді: бірінші топ – көгалды алаптардағы отырықшы

халықтар арасындағы өзбектер. Бұлардың басты белгілері ру мен тайпаға бөлінбеді, суармалы егіншілікпен, қолөнерімен, саудамен шұғылданды, қалалар мен ірі қыстақтарда тұрды. Өзбектердің бұл тобы Ташкенттің көгалды алқабы мен Ферғана алқабын, Хорезмді мекендеген. Олар өзбек халқының қалыптасуына, көшпелі өзбек пен өзге де көшпелі түркі тайпаларының отырықшылануына едәуір ықпал жасады. Екінші топ – Мауераннахрға моңғол дәуіріне дейін және Шыңғыс хан заманында ауып келген түркі-моңғол тайпаларының ұрпақтары (қарлұқ, барлас, қалтатай, моғол, т.б.), бұлар отырықшы халыққа сіңіскен жоқ, жартылай көшпелі өмір сүріп, ру-тайпалық дәстүрлерін сақтап қалды. Олардың көпшілігі өздерін «түрікпіз» деп атады. Үшінші топ – 15 ғ-дың аяғында Дешті Қыпшақтан ауған өзбек тайпаларының ұрпағы. «Өзбек» атауы осы тайпалармен бірге келді. Бұл тайпалар шежіре деректерінде «92 баулы өзбек» деп аталады. Бұлардың көпшілігі орта ғасырларда-ақ әбден белгілі болған қыпшақ, найман, жалайыр, қаңлы, қытай (хитай), қоңырат, маңғыт, дүрмен, катаған, қырық, сарай, кенегес, кият, құтты, ұйғыр, т.б. тайпалар мен халықтар еді. Бұлар, ең алдымен, қазақ, сосын барып өзбек секілді бірқатар түркі тілдес халықтардың құрамына кірді. Өзбектердің этнографиялық қалыптасуына (әсіресе Хорезмде) оғыздардың да ықпалы болды. 16 ғ-да Бұхар хандығы, Хиуа хандығы, 18 ғ-дың бас кезінде Қоқан хандығының құрылуы өзбектердің ұлт ретінде қалыптасуын ұзақ уақыт тежеді. Олар тек 20 ғ-да Кеңес өкіметі тұсында ғана ұлт ретінде қалыптасты. Кеңестік жүйе олардың әрбір аудандағы өзіндік мәдениетін бір арнаға күштеп түсірді. 15-18 ғасыр десек, оның арғы-бергі кезеңдерінде өзбек халқында жазу-сызу немесе сауатты адамдар болмады деудің қисыны келмейді. Сол кездегі шағатай аталған немесе орта азиялық түркі тілі қоғамының әр түрлі мәдени қажетін өтуде үлкен роль атқарғаны белгілі. Бірақ бұл жазба әдеби тіл де халықтық тілге негізделген төл әдеби тілі емес, түркі халықтарына ортақ тіл болатын дегенмен осы тілде белгілі мөлшерде адамдар осы тіл арқылы қарым-қатынас жасаған. Қоғамның гуманитарлық-экономикалық өмірінде әдебиет пен өнер, қоғам және гуманитарлық сана тарихымен байланыспай өзбек әдеби тілінің қалыптасуы және дамуын қарастыруға болмайды. Себебі әдеби тіл ұлттық мәдениеттің бір түрі ретінде қоғам дамуымен байланысты. Өзбек әдеби тілі өзінің қалыптасу және дамуының алғашқы кезеңдерінен бастап қазіргі күндерге дейін өте күрделі даму жолдан өтті. Сан ғасырлар

бойы өзбек әдеби тілінде сыртқы және ішкі әсердің негізінде болып келген сандық және сапалық өзгерістерге өту жолымен жалғасты. Осыған орай тілдің ішкі құрылысындағы өзгерулер мен байланысты өзбек әдеби тілінің даму кезеңі бір-бірімен жалғасып тұратын бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Әдеби тіл өмірінде түрлі қоғамдық жағдайлардың дамуы жайлы, тіл және қоғам, тілдің дамуына әртүрлі тарихи-гуманитарлық және мәдени-гуманитарлық амалдар жайлы білімге негізделеді. Тіл дамуының ішкі ережелері жайлы білім-тілдің халық тарихымен байланысты түрде дамуы жайлы ілім мен тығыз байланысты болып, олар бір-бірін толықтырады. Демек, жоғарыда көрсетілген ережелер негізінде өзбек әдеби тілінің тарихи қалыптасуын кезеңдерге бөлу мәселесі өте маңызды. Әдеби тіл тарихы осы тілде сөйлейтін халық тарихымен, әдеби тілдің түзілімі, құрамдық құрылысындағы өзгерулер оның гуманитарлық міндеттерімен тығыз байланысты. Сол себепті өзбек әдеби тілін тарихын кезеңдерге бөлуде зерттеуші ғалымдар тарапынан алға қойылған идеялар, жалпы ережелер бір-бірінен ұқсастығы байқалады. Ал бұл жағдай тіл құрылысындағы өзгерістердің оның қоғамдық міндетіндегі өзгерулермен, әдеби тіл тарихының халық тарихымен тығыз байланыстылығын айқындайды. Өзбек әдеби тілі тарихын кезеңдерге бөлу бір тараптан өзбек халқының қалыптасуы, оның өзіне ұқсас күрделі тарихи дамуы кезеңімен байланысты болса, екінші тараптан, ежелгі жалпы түрк әдеби тіл құрылысында және де қазіргі түркі тілдер зерттеулерінде өзбек әдеби тілінің иеленген орны өзіне ұқсас қасиеттерін анықтаумен байланысты.

Өзбек әдеби тілі тарихын кезеңдерге бөлу түркі тілдерін зерттеу мәселесімен де тығыз байланысты. Себебі өзінің сөз байлығы, дыбыстық құрамы және грамматикалық қасиеттері жағынан көпшілік түркі тілдер бір-бірімен өте ұқсас болады. Бірақ олар өзіне ұқсас қасиеттерімен бір-бірінен ерекшеленіп тұрады. Ал бұл қасиеттерді анықтау түркі тілдерін зерттегенде ғана қарастыруға болады. Кезеңдерге бөлу үшін өзбек тілі және оған туыстас түркі тілдердің келіп шығуы, даму кезеңдерін зерделеу, өзара арақатынастарын салыстыра зерттеуді қажет етеді. Түркі тілдерді зерттеу және оның даму тарихын кезеңдерге бөлу мәселесіне келсек әдеби тіл тарихында ғалымдар жағынан түрліше кезеңдестіріледі. Бұл жөнінде С. Е. Малов өзбек әдеби тілі тарихын 3 кезеңге бөліп қарастырады: 1) Уйғыр әдеби тілі; 2) Шығатай әдеби тілі;

3) Өзбек әдеби тілі [1; 5-8]. Бұл кезеңдерге бөлуден біз қазіргі өзбек әдеби тілін шығатай әдеби тілінен келіп шыққандығын аңғарамыз. Шығатай (көне өзбек) әдеби тілі орнында, ұйғыр әдеби тілінен келіп шығады дегенді көруге болады.



А. Н. Самайлович өзбек әдеби тілі тарихын үш дәуірге бөледі:

1. Қараханилер дәуірі әдеби тілі (X-IV ғасырлар). Бұл дәуір қараханилер мемлекетінде қалыптасқан және кең қолданылған шығыс түрк әдеби тіл және осы тілде жазылған шығармалармен ажыралып тұрады. 2. Оғыз-қыпшақ әдеби тілі (XII-XIV ғасырлар). Бұл дәуір харезмде оғыз-қыпшақ диалектті негізінде дамыған батыс түрк әдеби тілі және бұл жерде жазылған шығармалармен байланысты. 3. Орта Азия түркі әдеби тілі (XIV-XX). Бұл кезең тілі осы ғасырлар барысында түркі-көне өзбек әдеби тілінде жазылған шығармалармен байланысты. Ал қазіргі өзбек әдеби тілі Орта Азия түркі әдеби тілінің жалғасы деп қарастырылған. [2; 77].

А. М. Шчербак өзбек әдеби тілі тарихын төрт кезеңге бөледі:

I. Өзбек әдеби тілінің ең ежелгі кезеңі (X-XIII ғасырлар). Бұл кезеңәсіресе шығыс түркі әдеби тіл және белгілі дәрежеде батыс түрк әдеби тіл мен байланысқан. II. Өзбек әдеби тілінің орта – «шығатай» тілі кезеңі (XIV-XVII ғасырлар). Бұл дәуір тілі әсіресе көне өзбек әдеби тілі және осы тілде жазылған шығармалармен байланысқан. III. Өзбек әдеби тілінің жаңа кезеңі (XVII-VIII). Бұл дәуір хандық дәуірі әдеби тілін жалпылап алады. IV. Өзбек әдеби тілінің ең жаңа дәуірі (XI-XX ғасырлар) [3; 323].

О. Усманов өзбек әдеби тілі тарихын бес кезеңге бөледі: I. Ежелгі түрк тілі кезеңі (VI-IX ғасырлар). II. Ежелгі өзбек тілі кезеңі (IX-XII ғасырлар). III. Көне өзбек тілінің алғашқы кезеңі (XIII-XIV ғасырлар). IV. Көне өзбек тілі (XIV-XIX ғасырлар). V. Қазіргі дәуір өзбек әдеби тілі [4].

Ғ. Абдурахманов өзбек әдеби тілі тарихын төмендегідей кезеңдерге бөлді: I. Ең ежелгі түркі тіл (VII ғасырға дейін болған кезең). II. Ежелгі түркі тіл (VII-XI ғасырлар).

III. Көне түркі тіл (XI-XIII ғасырлар). IV. Көне өзбек әдеби тілі (XIV-XIX ғасырлар). V. Жаңа өзбек әдеби тілі (XIX-XX ғасырлар). VI. Қазіргі дәуір өзбек әдеби тілі [5; 19].

Бұл мәселе жөнінде ғалымдар әр түрлі ойларды елеп-екшеп және оларға сүйенген жағдайда, өзбек әдеби тілінің тарихын өзбек халқының тарихи және де қоғамның гуманитарлық-экономикалық өмірінің дамуына байланысты бірнеше кезеңдерге бөлгендігін аңғаруға болады. I. Ежелгі түрк тілі кезеңі (VII ғасырдан XIII ғасырға дейін). II. Көне өзбек әдеби тілі кезеңі (XIII-XIV ғасырдан XX ғасырға дейін). III. Қазіргі өзбек әдеби тілі кезеңі (XIX-XX ғасырға дейін.).

Қазіргі түрк әдеби тілі. Бұл кезең тілін VII ғасырдан, яғни түрк хандығы (Туркия империясы) қалыптасқан дәуірден XII ғасырға дейін өте үлкен аймақ (Орта Азия, Қазақстан, Шығыс Сібір және Солтүстік Мағолстан) та өмір сүрген түрк қауымдарының тілі құрайды. Қазіргі түрк әдеби тілі дәуірі, алдымен түрк тілдерінің толық бөлінуімен ажыратылып тұрады. Сонымен қатар бұл дәуірде түрк тілдерінің дамуы сол уақыттарда қалыптасқан батыс және шығыс түрк тайпалары, мемлекеттерінің құрамына кірген тайпалардың тарихымен байланысты түрдегі жалғасы десек қателеспейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 С. Е. Малов Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. // М.-Л.: 1951. – 451 с.

2 А. Н. Самойлович. Некоторые дополнения к классификации тюркских языков. Тюркское языкознание. Филология. Руника. М., 2005 (Некоторые дополнения к классификации тюркских языков, стр. 77–87; К вопросу о классификации турецких языков, стр. 88–91; Турецкие числительные количественные и обзор попыток из толкования, стр. 92 – 106).

3 А. М. Шчербак. К истории узбекского литературного языка древнего периода. 1953.

4 Олим Усманов Узбек тилининг маселилари. Тошкент 1957.

5 Абдурахманов, Г., Шукуров Ш. Узбек тилининг тарихий грамматика-си: Морфология ва синтаксис. Тошкент, 1973. 19.

6 Балақаев, М. Қазақ тілінің мәдениеті /М. Балақаев. – Алматы : Қазақстан, 1971. – 58 б.

7 «Вопросы языкознания». –1958. – № 3. – С. 42. Қараңыз: А. В. Исаченко. К вопросу о периодизации истории русского языка. В. кн.: «Вопросы теории и истории языка». Сборник в честь профессора Б. А. Ларина*. – Л. : 1963. А. И. Горшков. История русского литературного языка. Издательство «Высшая школа». – М., 1969. – С. 8.

8 Виноградов, В. В. Проблемы литературных языков и закономерностей их образования и развития / В. В. Виноградов. – М. –1967. – С. 37, 38.

9 «Өзбек халық ауыз әдебиеті» Х. Раззақов, Т. Мирзаев, О. Собиров К. Имамов Ташкент 1980.

10 «Әдебиетті оқыту методикасы» С. Досимов, Х. Убайдуллаев, К. Ахмедов 11. Әдістемелік көрсетпелер.

12 «Халық ауыз әдебиеті» А. Мадаев Ташкент 1987.

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ҚАЗАҚ ХАНДЫғыНДАғы ЕРЕКШЕ ІЗІ

СЕНКИБАЕВА А.

9 «А» сынып оқушысы,

«№ 30 жалпы орта білім беру мектебі» ММ, Павлодар қ.



(1711-1781)

Абылай (Әбілмансұр) хан – (1733-1737) билік құрған. Абылай хан (1711-1781) Қазақ Ордасының ханы, қазақ мемлекетінің тарихындағы аса көрнекті мемлекет қайраткері, арғы тегі Жошы хан Абылай – Жәңгір ханның бесінші ұрпағы, Рахметтің досы. Жәңгір ханның Уәлибақы, Тәуке деген екі ұлы болады. Жәңгір қайтыс болып, таққа Тәуке отырғанда Уәлибақы хандыққа өкпелеп, Үргенішті билеген нағашы атасы Қайып ханның қолына барады. Уәлибақының баласы Абылай жекпе-жекке шыққанда жауы шақ келмейтін батыр болып, қанішер Абылай атаныпты. Осы Абылайдан көркем Уәли туады. Оның баласы Әбілмансұр (кейін қазаққа хан болып Абылай атанған) «ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді. Аш-жалаңаштықтан жүдеген өңіне, өсіп кеткен шашына қарап Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Әбілмәмбет төренің жылқысын да бағады. Бұл, Ш. Уәлихановтың айтуына сүйенсек, Абылайдың 13 жасар кезі болса керек. атақты қазақ хандарының бірі, бірегей қолбасшы, дарынды дипломат, қазақ жерін біріктіруші. Сондай – ақ ол құлдан хан болған, халқына қорған болған, жұртын біріктірген, жерін бүтіндеген.

Елінің еңсесін көтерген, қазақ қоғамын дамытқан, талай – талай дастандардың бас кейіпкеріне айналған, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы тарихи тұлға.

Болашақ Абылай ханның балалық шағы от пен жалынның, қайғы мен қасіреттің, өлім мен өмірдің ортасында өтті. Ел арасындағы өзара қақтығыста әкесі Уәли қаза тауып, оннан жаңа ғана асқан Әбілмансұр Түркістанға қашып келіп, Төле бидің қолына келеді.

Төле бидің тәлім-тәрбиесінде болуы Абылайға зор ықпал жасады. Қазақ даласының даналығын бойына жинаған баба ақылы мен парасатын, ел билеу қабілетін, анталаған жауға қарсы қазақ халқы басы біріксе ғана тойтарыс бере алатынын жас баланың санасына ұялата білген. Оған қоса бала кезінен көрген жұпыны тіршілік, өмірлік тәжірибе Абылайдың ел өміріне ерте араласуына себепші болды. Бұқар, Үмбетей жыраулардың, т.б. ауыз әдебиетінің ірі өкілдерінің мәліметтеріне қарағанда, Абылай жиырма жасында қан майданда ерлігімен танылған. Бұқардың Абылайға «Сен жиырма жасқа жеткен соң, Алтын тұғыр үстінде Ақ сұңқар құстай түледің» деуі осының дәлелі. Қай жылы туса да, 1730-33 жылдар аралығында болған бір ұрыста бұрын белгісіз жас жігіт Әбілмансұр жекпе-жекке шығып, қалмақтың бас батыры, қонтажы Қалдан Сереннің жақын туысы (кейбір деректерде күйеу баласы) Шарышты өлтіреді. Үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға Абылайлап ат қойған Әбілмансұр жеңісті ұрыстан соң, Орта жүздің сұлтаны деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді өміршілердің біріне айналады. Бұдан соңғы жерде Әбілмансұр есімі ұмытылып, Абылай атанады.

1738-1741 ж. Абылай бастаған қазақ қолы жоңғар басқыншылығына бірнеше мәрте соққы берді. 1742 ж. Абылай тұтқиылдан шабуыл жасаған жоңғарлардың қолына тұтқынға түседі. Сол кездегі ойрат басқыншыларына қарсы күрестің ең белсенді ұйымдастырушыларының біріне айналған Абылайдың жау қолына түсуі қазақ қоғамында абыржушылық туғызып, Абылайды босатып алу үлкен саяси мәселеге айналады. Тарихи жырларда қазақ билеушілерінің атынан Төле би мен Әбілқайыр хан Орынбор әкімшілігінен Абылайды тұтқыннан босатып алуда ара түсуге өтініш жасайды. Бұл деректің шындық екенін осы кезеңде Орынбор губернаторы И. Ш. Неплюев пен Әбілқайырдың өзара жазысқан хаттары да дәлелдей түседі.

Қазақтың үш жүзінен Төле би бастап 90 адам елші барып, келіссөз жүргізіп, 1743 ж. 5 қыркүйекте Абылайды тұтқыннан

шығарып алады. Бұл жөнінде Неплюевтің сыртқы істер коллегиясына жазған хатында қазақтар мен қалмақтар бітімге келіп, бірігіп кете ме деген қауіп те білдірген. Өмірінің соңғы 15 жылында Орта Азия хандықтарына қарсы тынымсыз күрес жүргізді. 1765-67 ж. А. қолының Қоқан билеушісі Ерденбекпен соғысының нәтижесінде Түркістан, Сайрам, Шымкент қ-лары қайтадан қазақтар иелігіне өтті. Ташкент алым төлеп тұратын болды. Екі жүз жылға созылған қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінің соңғы жаңғырығы алаш жұртының санасында «Шанды жорық» деген атпен белгілі. Бұл 1771 ж. Еділ қалмақтарының (170-180 мың адам; 40 мыңдай әскері бар) жоңғарға қазақ жері арқылы үдере көшуі еді. Кіші жүздің ханы Нұралы асығыс әскер жиып, Жем бойында қалмақтарға алғашқы соққы береді. Балқашқа жақындаған кезде А. бастаған қазақтың қалың қолы қалмақтарды қоршауға алды. Абылай билігінің күшейге түсуінің жаңа кезеңі 1744 ж. Әбілмәмбеттің Түркістанға көшіп кетуі уақытына саяды. Абылай көреген саяси қайраткер бола отырып, қалмақтармен аса ауыр соғыстардан қалжыраған елінің есін жиғызу үшін дипломат жолдарды да тиімді пайдаланды. 1740 ж. тамызда ол Орта жүз ханы Әбілмәмбетпен, тағы да басқа 120 старшынмен Орынборға келіп, орыс өкіметінің «қамқорына» кіруге келісім білдіреді. Сонымен бір мезгілде қазақ халқының тұтастығын сақтау мақсатында Шың империясымен де қарым қатынасын суытпады. Петербург пен Пекинге елшіліктер аттандырды. Ол Ресей мен Қытай империяларының өзара қайшылықтарын қазақ хандығы мүддесіне пайдаланып отырды. Абылай 1745 ж. Қалдан Серен дүние салғаннан кейін, Жоңғарияның билеуші топтарының тақ таласынан әлсіреп, бұрынғы әскери қуатынан айырыла бастауын және жоңғар-қытай соғысын Шығыс Түркістанмен іргелес өңірдегі ойраттардың уақытша билігінде қалған қазақ жерлерін қайтаруға, елдің дербестігін толық қалпына келтіруге пайдалану үшін барынша күш салды. Абылай қазақ елінің тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін жағдаяттармен аянбай күресіп, дербес сыртқы саясат ұстанып өтті. 1745 ж. Орта жүздегі Әбілмәмбет, Абылай және Барақ сұлтан қатар аталса, 3-4 жылдан кейін мұндағы жағдай мүлдем өзгерді. 1749 ж. тамыз айында Неплюевпен кездесуінде Жәнібек тархан: «бұрын Орта жүзде Әбілмәмбет хан болған, бірақ ол біраздан бері Ташкентте тұрып жатыр, ел басқарудан қалған. Бірақ сұлтан зұлымдық ісі үшін қашып жүр. Онда жалғыз Абылай сұлтан ғана билік жүргізіп отыр», - деп көрсетті.

Жазба деректерде Абылайдың шетел басқыншыларына қарсы табанды соғыс жүргізгендігі айқын көрсетіледі. 1752 ж. ол бастаған қазақ әскері шамасы 15-20 мың адамдай ойраттар қолының шабуылына тойтарыс берді. 1753 ж. желтоқсанда Абылай 5 мың жауынгерімен жоңғар әскерлерімен шайқасып, бірталай қазақ жерін азат етті. 1754 ж. сәуірде Абылай бастаған 1700 қазақ әскері 10 мың қалмақпен соғысуға мәжбүр болса, (Қаратал өз бйынша), сол жылдың шілде-тамыз айында 4 мың әскермен Жоңғарияға жорық жасап, 3000 қалмақты тұтқынға алып келген. 1756 ж. Абылайдың бастауымен қазақтар қытайлар мен қалмақтардың біріккен күшімен екі рет шайқасып, оның бірінде жеңіліп, екіншісінде жеңіске жетеді. 1757 ж. Абылайдың 6 мың әскері Қытайдың 40 мың әскерімен шайқасынан соң, қытайлар Абылайдан бітім сұрады. 1753-1754 жылдардағы шайқастарға Қабанбай, Бөгенбай, Жанатай, Керей Жәнібек, Өтеген батырлар қысы – жазы үзбестен қатысады. Абылай бірде Қалдан Серенмен бітімге келсе, бірде Дабашыны шауып, бірде оны және Әмірсананы өзіне паналатты. Сөйтіп Ойрат ұлысының бөлшектене беруін көздеді. Тегеурінді әскери қимылмен қатарластырыла жүргізілген дипломатиялық әрекеттері Абылайды өз заманының ұлы қайраткерлері деңгейіне көтерді. Осының нәтижесінде Абылай әскері 1771 ж. Мойынты өзенінің бойында болған қалмақтармен ауыр шайқаста жаңа жеңіске жетті. Саяси ахуал тұрақталған шақта Абылай қазақ жерінің бүтіндігіне қол сұққан басқалармен де ымырасыз күрес жүргізді. 1754-55 және 1764 ж. қырғыздар Жетісуда біраз ауылдарды шауып, Жауғаш, Көкжал Барақ пен Шынқожа батырлар бастаған әскерлерді Ақсу, Көксу және Шу бойында талқандайды. Осы себепті Абылай 1755, 1765 жылдары Қырғыз ұлысына қарсы жорық жасап, Іленің сол жағасын, Шу бойын тазартады, қазақ пен қырғыздың Нарынқолдан Қордайға тартылған, күні бүгінге дейін сақталып отырған шекарасын анықтайды. 1771 жылы жасы жеткен Әбілмәмбет хан дүние салды. Қалыптасқан дәстүр бойынша Орта жүздің ханы болып не Әбілмәмбеттің інілерінің бірі, не үлкен ұлы Әбілпейіз сайлануға тиіс еді. Алайда басты сұлтандардың, старшындардың, Әбілпейіздің өз қалауымен үш жүздің басшы өкілдері Түркістанда Абылайды хан көтерді. Абылай іс жүзінде жалғыз Орта жүздің ғана емес, бүкіл Қазақ ордасының ұлы ханы болды. Абылай Ресей мен Қытай империяларының арасында орналасқан Қазақ елінің геосаяси жағдайына икемделген саясат жүргізді. Қытай әскерлері жоңғарларды жойып, Орта Азия мен Қазақстанға ене бастаған кезде

мұсылман елдерінің басын қосуға ұмтылып, Ауған шаһы Ахмад Дурранимен келіссөз жүргізді. Түркияға елшілік жіберу ниеті де болды. Қытаймен қатынас жақсара бастаған кезде орыс бодандығынан бойын тартып, патша әкімшілігінің шақыруымен хандық белгілерді қабылдау үшін 1779 жылы қазан айында Петропавл бекінісіне барудан бас тартты. Пугачев соғысы кезінде 3 мың әскерімен «Қасірет белдеуі» бойындағы орыс бекіністерін шапты.

Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, қазақ халқының рухани қасиетінен еркін сусындаған дарынды күйші ретінде де белгілі. Ол «Ақ толқын», «Ала байрақ», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Жетім торы», «Қайран елім», «Қара жорға», «Қоржынқақпай», «Майда жел», «Сары бура», «Шаңды жорық» т.б. күйлердің авторы.

Абылай өмір жолын ат үстінде, жорықтарда өткізіп, Арыс өзені жағасында қайтыс болды. Сүйегі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ішінде Қабырхана мен Ақсарай арасындағы дәлізде жерленген. Абылайдың артында 12 әйелінен 30 ұл, 40 қызы қалды. Қазақ халқының жадына Абылай қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, дарынды дипломат ретінде сақталып келді. Оның есімі тәуелсіздік символында жауынгерлік ұранға айналды.

Ішкі саясаты – бір орталықтан басқаратын мемлекет құрды. Сот билігін күшейте түсті.

Қазақ рулары мен тайпаларының арасындағы қақтығыстар мен барымта алуды тоқтатты.

Сыртқы саясаты - Ресей, Қытай, Орта Азия елдерімен экономикалық және сауда байланысы.

Қазақ жеріне ешкім қол суға алмайтын тұтастығын қамтамасыз етуге бағыттады.

1771 жылы Орта жүз ханы болып сайланған Аблай іс жүзінде бүкіл қазақ даласына билігін жүргізіп, Қытайдағы Цин империясымен де бейбіт қатынастар орнатуға күш салды. Сол үшін айтарлықтай саяси ұсыныстардан бас тартты.

1739 жылға қарай Абылайдың жағдайы әжептәуір нығая түсті, Ресей мен Қытай үкіметтері оның ағасы Сұлтанбекпен емес, Абылаймен қатынас орынатуды қолдады.

Абылай жоңғар қонтайшысының кебінін кимеу үшін Богдыханның – қытай императорының билігін мойындап, қытайлықтармен келісімге келді. Бұл келісім бойынша сауда шарттары да жасалып, Тарбағатай мен Іледе айырбас базары ашылды да, казактар малдарын қытай тауарларына айырбастай бастады.

Абылай Қытайға жақындаған сайын Ресеймен қатынасын ашық тежеуге кірісті.

Абылай алысты болжап, көре білген адам. Ол елдің Ресеймен арадағы экономикалық, саяси байланысын нығайтудың қажеттілігін ерте түсінді. Осыған қарамай, ақ патшаның ХІІІ ғасырда Абылай ханнан асқан жауы болмады. Амалсыздан тәуелдімін деп мойындағанымен, Абылай іс жүзінде Қазақ мемлекеттігін қалпына келтіруге, тәуелсіз ел етуге күшін салды.

Абылай басқа мемлекеттермен, әсіресе Хиуа, Жоңғар хандықтарымен қарым – қатынастары қазақ жұртының негізгі этносаяси мүддесіне сай жүргізілді. Чиң империясы тарапынан Орта Азия елдерін жаулап алу қаупі төнген кезде, Абылай Ауғаныстан билеушісі Ахметшахпен байланыс орнатты. Абылай алыстағы Түркия билеушілерімен де қарым – қатынас жасауға әрекет еткен.

Абылайдың мұраты келешекті кемелдікпен болжап, мемлекетті бір орталықтан басқарып, елді өркениетке жақындату еді. Қайтыс болардан ондаған жылдар бұрын – ақ ол бұл арманын орындауға құлшына кіріскен.

Абылай есімі шешендік сөздерде, билер жайлы аңыз - әңгімелерде де кездеседі. Онда Абылай тапқыр сөзді, ақылды, шешімді, даналық ойды қолдаушы болып көрінеді. Бірде Абылай Жетісу жерінде жүргенде Жалайыр еліндегі бір сыйлы кісінің үйіне келеді. Үйде отағасы қарт пен 15 жасар ұлы отырады. Абылай: «Жол анасы, су анасы, сөз атасы не?» деп сұрайды, алдымен ақсақал қайтарған жауапқа көңілі толмайды. «Жол анасы – тұяқ болар, су анасы – бұлақ болар, сөз анасы – құлақ болар» деген баланың тапқырлығына риза болған хан баланың есімінің Есенкелді екенін білсімен: – Е, Жалайырды аузына қарататын адам жаңа өсіп келе жатқан екен, – депті. Аңыз бойынша асау тайға мінген жас Қазбек би дөң басында тұрған. Абылайға сәлем беріп, өзін таныстырады. Жас бидің кескін – келбетінен, сөзінен болашағын таныған Абылай: «Шыныңды айтшы, атшы болғың келе ме, басшы болғың келе ме?» – дегенде, Қазбек «Тәйірі мен жол көрген ағаларымның қасында басшы болып не қыламын, атшы болсам да жарар» - дейді. Сонда Абылай жұртқа қарап: «Көп арасында мына Қазбек сықылды кісінің де сөзін тындандар. Атшыларың мына Қазбек би болсын. Басшыларың Тайкелтір би болсын» депті. Бұдан Абылайдың сөз қасиетін терең пайымдайтынына, шешендік өнерді қатты қадірлейтіндігіне көз жеткіземіз. Қазбекті жас деп қарамай, оның сөзі мен ісінен болашағына нық сені отырып, жауапты міндетті жүктеген.

Абылайдың көрегендігі де осында. Бір жолы Абылай хан өзінің кеңесші билерін жинап алып, ақылдасып отырып сөз кезегінде:

– Дүниеде не тозбайды? Өлмейтін жан бола ма? Осының жауабын беріндер де, менен қалағандарыңды алыңдар – дегенде. Қыпшақ руынан шыққан Таймас би дәл жауап қайтарады. Абылай хан оған риза болып, торқалы тон, тоғыз – тоғыздан сыйлық береді. Өзге билер олжаға ортақтасқысы келгенде:

– Бұл сыйды қимас дүние көріп отырғаным жоқ. Ханымыз Абылайдың бір айтқан сөзін шешіп беріп алған сыйлығы екен деп, балаларым мұра қылып, сақтап айтып жүрсін деп сендерге үлестірмей алып барамын, – деп үйден шығыпты. Абылайдың парсаттылығы сонда дәл жауапқа риза болып, шешеннің қалауындағы дүниені беруі. Қасиетті сөз өнерін сыйлап, қадірлеп, оны ерекше бағалай білгендігі.

Аңыздардың бірінде Абылай өмірінің ақтық сәтінде, соңғы сапарларының бірінде науқастанып, жаны қыйналғанда: «... Жаудың жағасынан алып, жұлқысып жүріп өлмей, қайдағы бір түйнектен кетіп бара жатқанымды қарашы!» – деп күйзеліпті. Абылай аузынан айтылған осы сөздің өзінде оның батырлық тұлғасы, өршіл рухы, зор жігері сезіледі. Абылай хан өлерінің алдында Бұқар жыраумен қоштасқанда: «Қанша жыл өмір сүріп, жасағанымнан не пайда, қазақтың арқасын тамға, аузын нанға сүйегенім жоқ, бұл – бір. Ақбозаттың құнын ер құнына теңегенім жоқ, екі. Мылтығымның құнын екі ердің құны дегізгенім жоқ, ұста мен етікшінің құнын қатын құнымен бір бәс қылып, жарты құн дегізіп кесім кестіргенім жоқ, мұным үш. Осы үш арман бойымда кетті» деген екен. Абылайдың осы үш арманының аржағында үлкен философиялық ой, даналық тұжырым бар. Қазақтың басын біріктірsem деп, даңқты хан осынау асқақ арманы арқылы ел болашағын тереңінен ойлағынын пайымдатады.

Абылай жетпіске келіп, ауру мендеп, дүниеден аттанайын деп жатқанында Бұқар жырауды шақыртыпты. Жырау келіп:

– не арман тілегің бар?– десе керек. Абылай қариямен бақылдасып болып, үш арманын айтқан екен;

– Қан көп төгілді. Мен төкпесем, дұшпан менің қанымды төгетін болды.

– Халық жер емшегін еме алмады, қала кент сала алмадым.

– Елдің басы бірікпеді, төнтеті – тебісі көп болды, – депті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б. Ө. Жакып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 880.
- 2 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005, 324 б.
- 3 Қазақстан тарихы. Бес томдық. 1-бөлім, 5 – тарау, 264.
- 4 Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.

ҚАЗАҚТЫҢ МАҚТАН ТҰТАР ҰЛЫ ӘЙЕЛДЕРІ

СМАГУЛОВА А.

9 «А» сынып оқушысы,

Қызылжар жалпы орта білім беру мектебі,
Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Қазақтың тарихына көз салсақ: ата-бабамыз әйелді әрқашанда ана деп құрметтеген. Қазақтың әйелі алдымен береке-бірліктің, ынтымақтың, бақ пен ырыстың нышаны болған. Атам қазақ есте жоқ ескі заманнан бері әйел баласына, қызына аса ерекше мейіріммен, ілтипатпен қараған. Оң жақта үкілеп, үлгілетіп ұстап отыратын қызының ертең сүйген жар, асыл ана болатынын ескеріп, басқа үйдің табалдырығын аттағанда бейкүнә, періште қалпымен баруына қатты мән берген. Сөйте тұра, қызын бетінен қақпай, ерке қылып өсірген. Кішкентайынан ат құлағында ойнаған шабандоз, бес қаруын асынып жауға қаймықпай баратын батыр етіп баулып, өжет те жүректі болып өсуін қадағалаған. Тауып айтып, тұспалдап, жұмбақтап сөйлеу арқылы ауыздыға жол бермейтін шешен де ақылды етіп тәрбиелеген. Қазақ әйелдері дәстүрлі мәдениеттің бесігін тербетіп, әйелдіктен даналыққа, отбасы, ошақ қасы тірлігінен рулы елдің қамын жейтін ел анасы деңгейіне көтеріле білген. Ел мақтаны болған, тарихта ізі қалған асыл жандар - қарылғаштай қанаттарымен су сеуіп, қашанда өз отбасының ғана емес, күллі елінің тынышы.

1941-1945 жылдары 5 жылға созылған Кеңес одағы мен фашистік Германия арасындағы соғыста талай жан қыршынынан қиылды. Міне осы соғыста ерен ерлігімен көзге түсіп, мерт болғаннан кейін одақтың ең жоғарғы атағы Кеңес Одағы Батыры атанған қаршадай қазақ қызы Әлия Молдағұлова тығын қорғаған. 1943 жылдың қарашасында Әлия Холм түбінде немістерден «тіл» алу мақсатында жүргізілген барлау соғысына қатысқан. Осы соғыс барысында Әлия солдаттармен бірге немістердің траншеясына ба-

сып кіріп, 5 немісті тұтқындаған. Қантардың қақаған аясында Насва стансасы үшін қырғын шайқаста 19-дағы өрімдей қыз жанбырша жауған оқтың астында сиреп қалған қаруластарын 6 рет шайқасқа өзі бастап шыққан. Ресейдің Псков облысының Новоскольникови жері қазақтың қаршадай қызының қаһармандығы айқындалған соғыс алаңы болды. Дәл осы жерде 1944 жылы 14 қаңтарда Новоскольникови ауданына қарасты Казачиха деревнясын азат етуде Әлия Молдағұлова ғасырларға жалғасқан аңыз қалдырды. Бұл Әлияның соңғы соғысы еді [3.35 б].

Ерен ерлігімен тарих беттеріне есімі алтын әріппен өрілген тағы бір қызымыз – Мәншүк Мәметова. Мәншүк майданда 418 күн болды. Ұлы Отан соғысы 1418 күнге созылды десек, оның 418 күнінде қазақтың ержүрек қызының азапты күндері мен ерлік ісі қалды. Әлемге даңқы шыққан Мәншүк жұмыр жердің бетінде небәрі 21 жыл 13 күн өмір сүрді. Бұл көп пе, әлде аз ба?! Әдетте ерлік жасау үшін ұзақ өмір сүру парыз болмаса керек болар! [3.366]

Елімізге сіңірген ерен еңбегі, Отан қорғауда, азаматтардың өмірін қауіпсіздендіру барысында ерлік көрсеткені, Қазақстанның бостандығы мен Тәуелсіздігі жолында аянбай күрескені үшін берілетін «Халық қаһарманы» жоғары атағы 1993 жылы Елбасы заңымен бекітілген болатын. Міне осы мәртебелі атаққа ие болғандардың бірі «қазақтың қанатты қызы» атанған тұңғыш әскери ұшқышы Хиуаз Доспанова.

Х. Доспанованың жастық шағының бес жылы бірдей канқұйлы соғыс майданында, аспандағы жау ұшақтарымен шайқаста өтті. Неміс фашистері біздің ұшқыш қыздарымызды «түн перілер» деп атап, зәре-құты қалмай қорыққан көрінеді. Қайсар да қайтпас штурман қазақ қызының бір өзі Украина, Белоруссия, Қырым, Кавказ, Польша және Албания сияқты фашистер басып алған ел аспанында «ПО-2» бомбалағыш ұшағымен, үш жүз рет жау төбесінен ажал оғын сепкен. Айта кетерлігі, таяуда Сенат депутаты Атырау халықаралық әуежайына Ұлы Отан соғысында өшпес ерлік көрсеткен, Халық қаһарманы Хиуаз Доспанованың есімін беру әбден лайықты шара болатындығын айтып, үкімет басшысына сауал жолдаған болатын. «Қазақ батыр қыздарының бірегейі» – Хиуаз Доспанова [2.8 б].

Осы мәртебелі атаққа ие болғандардың бірі КСРО-ның және Қазақстанның халық әртісі Роза Бағланова болатын. Оның ерекше әуезді дауысы соғыс жылдарында жауынгерлерді ерлікке жігерлендірді, ол қазақ мәдениетін халықаралық сахнаға

шығарды, оны Кеңес Одағының барлық түпкірінде танып-біліп, сүйіспеншілікпен тандай қақты. Ал Қазақстанда ол бірнеше ондаған жылдар бойы халқының махаббатына бөленген шын мәніндегі халық әртісі, өнердің шыңына көтерілген дарабоздарының бірі болды. . Әнші апамыз 2009 жылы агенттіген берген алғашқы алған наградасын еске түсіре келе «Бұл 1945 жылы болды. Мен «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалін алдым, бұл менің ең қымбат марапаттарымның бірі, оны кезінде кез келген адамға берген жоқ. Мен мұндай құрметке екі рет ие болдым. Біреуін маған маршал Коневтің өзі, екіншісін - Рокоссовский тапсырды. Сонда «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалін тапсырып тұрып, Рокоссовскийдің маған: «Қазір сен кішкентай Розасың, болашақта кеңес өнерінің мақтанышына айналасың», – дегені бар тебіреніп. Оның айтқаны келді. 1949 жылдың өзінде Будапештегі халықаралық фестивальда мен Майя Плисецкаямен, Мстислав Ростроповичпен, Игорь Ойстрахпен (Давид Ойстрахтың ұлы), Зара Долухановамен бірге бірінші сыйлыққа ие болдым. Біз алдыңғы шепте тәулігіне 15 сағат ән салдық, соғысты қатардағы гвардия солдаты болып аяқтадым. Екі рет Сталиннің алдында ән шырқадым. Сондай концерттердің бірінде оның өтінішімен аңызға айналған «Самара қаласы» майдан әнін орындадым. Сталин де, онымен бірге бүкіл залдағы көрермен орындарынан тік тұрып тыңдады. Мен майданда бес жылға жуық болдым. Біздің армия ұрысқа әзірленіп жатқанда мен өз әндеріммен олардың рухын көтеріп, жігерін жандыдым. Халық қаһарманы атағы Кеңес Одағының Батыры деген атаққа теңестірілген ғой, бұл награда да мен үшін өте қымбат. Мен оны майданда алған қос «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен бірдей бағалаймын. Нұрсұлтан Назарбаев маған осы атақты тапсырып тұрғанда «Сіз соғыс кезінде де, бейбіт жылдарда да халықтың рухын көтеріп, жігерлендіріп отырдыңыз. Мен сіздің дауысыңызды бала кезімнен естім келем», – деді. Мен жылап жібере жаздадым. Есіме майданның алғы шебінде медбикемен бірге жүгіріп келе жатқаным, қолымда плащ, арқамда - автомат... сол бір қиын-қыстау күндер түсті. Әрине, біз сол жылдарда өлімді, халық басына түскен ауыртпалықты көп көрдік, жаралы жауынгерлер әнінді тындап, жарасын қайтадан тандырып алады да, ұрысқа аттанады. Міне, осындай сәттерде әннің жігерлендіруші күшін терең түсіндім», – дейді [1. 85 б].

Табиғат берген таңғажайып даусымен, тамаша орындаушылық шеберлігімен, азаматтық және отансүйгіштік асыл қасиеттерімен халқымыздың ерекше құрметі мен махаббатына бөленген нәзік

жандан жетерлік. Солардың бірі әрі бірегейі ретінде Күләш Байсейітованы атауға болады.

Қазақтың көрнекті әншісі Күләш Байсейітова - асылында Қазақстанда аты аңызға айналған тұлға. Небәрі 45-жасқа созылған қысқа ғұмырында ол жұлдыздай жарқырап халық сүйіспеншілігіне бөленді. 20-ғасырдың музыка мәдениетінде пайда болған жаңалықты халқы ардақтаған Күләш Байсейітованың дарыны мен асқан өнері «зандастыра» түсті. Еуропаның музыкалық жаңа жанры мен түрлері - хор өнері, симфониялық оркестр, акырында опера - көшпелі қазақ даласының өміріне композиторлар мен Ресей музыканттары көмегімен ғана емес, дарынды ұлттық орындаушыларымыздың арқасында енді. Олардың орындаушылық өнеріне міндетті талап – шығармашылық синтезді мүмкіндігінше жарыққа шығару, музыканы халықтың саналы қабылдауына жеткізу болатын. Күләш Байсейітованың дарыны көп қырлы. Ол драмалы спектакльдерді айрықша орындаушы республикамыздың тұңғыш кәсіби деңгейдегі концерттік және опералық қазақ әншісі. Қазақ халқы Күләш арқылы дүние жүзінің классикалық операсы мен көптеген халықтардың музыкасын таныды. Замандастары дүниежүзілік мәдениетті тануда Күләш атымен байланыстырады. Оның дауысы – қазақ даласындай кең де биік, ұлттық нақышы айрықша болғандықтан, орындаған әндері қазақ халқына жақын әрі түсінікті еді.

Бибігүл Төлегенова – әлемдік деңгейдегі әнші, опера жұлдызы. Ол – өзінің өнердегі аса жоғары жетістіктері үшін ғана емес, халық арасында үлкен сүйіспеншілікке ие болғандықтан да халық әртісі атанған жан. Бибігүл Ахметқызын әлемнің өнерсүйер қауымы әрқашан құшақ жая қарсы алады. Оның әндеріне Нью-Йорктың, Лондонның, Париждің, Римнің, Афинының, Токионың, Сеулдің, Каир мен басқа да әлемнің ірі қалаларының айтулы концерт залдарына жиналған жұрт тамсана қол соққан. Халық әртісі әлемнің ең үздік оркестрлерімен: Осипов атындағы орыс ұлттық академиялық ұлт аспаптар оркестрі, Чайковский атындағы үлкен симфониялық оркестрі, принц Уэльскийдің (Ұлыбритания) камералық оркестрімен бірге ән салған. ЮНЕСКО шешімі бойынша Бибігүл Төлегенова XX ғасырдың ұлы жиырма әйелдерінің қатарына енген болатын.

Қазақ сахна өнерінің хас шебері атанған өнер Хадиша Бөкееваның да мәдени тарихымыздан алар орны ерекше. БҚО-ның Қазталов ауылында дүниеге келген Хадиша Бөкеева алғашқы сахналық қадамын көркемөнерпаздар үйірмесінен бастаған еді. 1938 жылы Ленинградтың мемлекеттік сахна өнері техникумының

қазақ студиясын бітірген ол Шымкент облыстық Қазақ драма театрында, ал 1942 жылдан Алматыдағы Қазақ драма театрында ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, ел есінде қалған талай рольдерді тамаша орындады. Ол сомдаған рольдердің ішінде Сәуленің (Әбішевтің «Достық пен махабаты»), Қарлығаның (Әуезовтың «Қобыланды»), Мехмене Банудың (Назым Хикметтің «Махаббат туралы аңызы»), Катаринаның (Шекспирдің «Укрошение строптивой»), Сәуленің (Т.Ахтановтың осы аттас туындысы), Тханьның (Куприяновтың «Звезда Вьетнама» туындысы) рольдері бар. 1957 жылы Қазақстанның халық әртісі, 1964 жылы КСРО халық әртісі атанған өнер саңлағы ұстаздық қызметпен де айналысып, профессор (1974) атағына ие болды. Елге танымал көптеген сахна шеберлерін тәрбиелеп, Ленин, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған.

Өзінің үздік дарынының арқасында театр өнерінің жетекші мамандары сапында болып, Қазақстанның ұлттық өнерінің дамуына орасан үлес қосқан Фарида Шәріпованың сахна мен кинода сомдаған бірталай бейнелер көрермендер жүрегінде өшпес із қалдырды. Ол 1936 жылы 16 желтоқсанда ҚХР Шәуешек қаласында туып өскен. 1955 жылы Алматы Мемлекеттік өнер институтын тәмамдап (қазіргі Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерватория), М. Әуезов атындағы драма театрына қабылданды. Қазақ актрисасының шығармашылығы қазақстандық көрермендерге «Сүйікті менің әуенім» спектакліндегі Жәмиля, Ш. Айтматовтың «Ана-Жер-Анадағы» Толғанай, М. Әуезовтың «Абайындағы» Ажар, «Қозы Көрпеш-Баян Сұлудағы» Баян (Ф. Мүсірепов), «Еңлік-Кебектегі» Еңлік, «Қаракөздегі» Қарагөз, Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен Теріндегі» Ақбала ролдерімен танымал. 1967 жылы «Ана-Жер-Ана» спектакліндегі Толғанай ролі үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Ал 1974 жылы Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен Тер» спектакліндегі Ақбала бейнесін шығарғаны үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды. 1995 жылдан бастап Ф. Шәріпова киноға түседі. 1969 жылы «Вьетнам жұлдызы» спектакліндегі Хиен ролі үшін Ф. Шәріпова Азия және Африка елдері және Вьетнамды қолдау комитетінің грамотасымен марапатталды. Көп жылдар бойы театр және көркемөнер институтында ұстаздық қызмет атқарады. 1996 жылы М. Әуезов атындағы театрда Ф. Шәріповаға арнайы жазылған С. Балғабаетовтың «Ғашықсыз ғасыр» спектаклі жарыққа

шықты. Басты ролді Ф. Шәріпова өзі ойнады. Кино өнерінде дубляж қызметін шебер орындаушы Ф. Шәріпова «Менің атым Қожада» Қожаға, «Қыз Жібектегі» Жібек, «Девушка джигиттегі» Ғалия, «Ботагөздегі» Ботагөз, «Гауһартастағы» Салтанат, «Тақиялы періштедегі» Айша бейнелерін сөйлете білді [1. 120 б].

КСРО жұршылығын өнерімен тәнті еткен тағы бір қазақтың талантты өнерпазы Роза Жаманова Ақтөбе қаласында туған. Орал қаласындағы музыка мектебін, кейін гобой және вокал класы бойынша музыка училищесін бітірген. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында профессор А.Кургановтың класында оқыған. Р. Жаманованың репертуарында 20-дан астам қазақстандық композиторлардың операларындағы жетекші партиялар (Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», А. Жұбановпен Л. Хамидидің «Абай», М.Төлебаевтың «Біржан-Сара», С. Мұхаметжановтың «Айсұлу», Е. Рахмадиевтің «Алпамыс», «Қамар сұлу», Қ. Қожамировтың «Назугум», Ф. Жұбанованың «Еңлік-Кебек», «Жиырма сегіз»), батыс-европалық (Дж. Пуччинидің «Тоска», «Мадам Баттерфляй», Дж. Вердидің «Травиата», «Аида», Ж. Массенің «Манон», Ш. Гуноның «Фауст», «Ромео мен Джульетта», Л. Делибтің «Лакме») және орыс композиторларының операларынан (П. Чайковскийдің «Евгений Онегин») бар.

Би өнерінің ханшайымы атанған Шара Жиенкүлованың да қазақ мәдениетінен алар орны ерекше. Ол он алты жасында «Биші кыз» атағын иеленді. Үлкен сахнадағы өнер жолын жолдасы Құрманбек Жандарбековпен бірге Қазақ драма театрында бастады. Бейімбет Майлиннің *«Майдан» пьесасындағы Пүліш бейнесі* – оның театрдағы алғашқы сомдаған ролі болды. Кейіннен Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пен «Қарагөз» қойылымдарында, «Айман-Шолпан» музыкалық драмасында, Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Жалбыр» және «Ер Тарғын» операларында басты ролдерді сомдады. Шара Жиенкүлова 1936 жылы Мәскеуде өткізілген Қазақ әдебиеті және өнерінің онкүндік мәдени шарасына қатысып, өзге халықты ұлттық би өнерімен таң қалдырды. 1938 жылы қазақтың тұңғыш балеті «Қалқаман-Мамыр» қойылымында ол басты кейіпкер Мамырдың партиясын орындады. Балетмейстер Л. А. Жуковпен бірлесе отырып, 1940 жылы И. Н. Надиловтың «Көктем» балетін қойды. Өз жұмысын Шара Жиенкүлова 1940-1962 жылы Қазақ филормониясында жалғастырды. 1962-1966 жылдары Қазақ ән-би ансамблінің басшысы болды. 1966-1975 жылдары Алматы хореография училищесінің директоры қызметінде болды. *Ол қазақ өнерінің*

дамуына сүбелі үлес қосты. Ұлттық би өнерін ғылыми тұрғыда терең зерттеп, қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халық билеріне жаңа дем берді. Ол «Айжан қыз», «Қара жорға», «Тәттімбет», «Қырық қыз» т.с.с. билерді дүниеге әкелді.[4.1056]

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия Ә. Нысанбаев. – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1998.

2 Қаһарман қыз Хиуаз (Әскери ұшқыштың жазбалары, естеліктер, очерктер, мақалалар, сұхбаттар, өлеңдер). — Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2012. – 96 б.

3 Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. «Алматыкітап баспасы», 2009

4 Айбын. Энциклопедия. / Бас редакторы Б. Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҰЛЫ ХАНЫ – ҚАСЫМ

СУЛЕЙМЕНОВ Д. Е.

8 сынып оқушысы, №22 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

МОЛДАБЕКОВ Б. К.

жетекші, тарих пәнінің мұғалімі

Қасым хан Жәнібекұлы (1445—1518) – қазақтың ұлы ханы, (1511-1518) жылдары билік еткен. Әкесі – Қазақ Хандығының негізін қалаушылардың бірі – Әз Жәнібек, анасы – Жаған-бегімнің орташа баласы. Қасым ханның есімі Қазақ хандығының күшеюі және нығаюымен тікелей байланысты. Жазба деректерде Қасым хан 15 ғасырдың 70 – 90 жылдары Қазақ хандығының Сыр бойындағы қалалар мен өңірлер үшін жүргізген күрестерге белсене қатысады, басшылық етеді. Бұл кезде қазақ ханы Керейдің ұлы Бұрындық, қазақ әскерінің қолбасшысы Қасым хан болды. Осы кезеңдегі оқиғаларды баяндайтын деректер Қасым ханды «белгілі сұлтан және атақты баһадүр» деп атайды. Ширек ғасырға созылған Сыр бойы үшін күресте Қасым хан және Жәнібек ханның басқа да ұлдары Сығанақ, Сауран, Отырар, Сайрам түбінде бірнеше рет Шайбани хан әскерін тас-талқан етіп женеді. 15 ғасырдың 90 жылдары жасалған бейбіт келісім бойынша Қазақ

хандығына Сығанақ пен Сауран өтеді. Бұл қалаларда Жәнібек хан ұлдары билік жүргізеді. 15 ғасыр басында Мауераннахрды бағындырып, үлкен күшке ие болған Мұхаммед Шайбани хан 1506 – 10 жылдары үздіксіз төрт рет қазақтарға жорық ұйымдастырады. Бұрындық хан Шайбани ханның алғашқы үш жорығына тойтарыс ұйымдастыра алмайды. Оның беделі төмендейді. Ал жазба деректерде «бұл кезде Қасым хандық билікте болмаса да, оның беделі ханнан күшті болды» және «өзін дербес ұстау үшін Бұрындық ханнан алыста көшіп-қонып жүрді» делінеді. 1510 жылы Шайбани ханның соңғы, төртінші жорығы Ұлытау өңіріндегі Қасым ханның ұлысына бағытталады. Оларға күшті тойтарыс бере алмайтынын білген Қасым хан шегініп кетті де, тұтқиылдан шабуыл жасап, дұшпанын тас-талқан етті. 1513 жылы Қасым хан Қараталда отырған кезде Сайрам билеушісі Қаттабек қаланы Қасым ханның билігіне берді де, оны Ташкентті билеп тұрған Шайбани Сүйін Қожаға қарсы аттануға көндірді. Сол жылы жазда Моғолстан ханы Сұлтан Саид Ташкентке бірлесіп жорық жасауды ұсынды, алайда Қасым хан бұл соғыстан бас тартты. 1515 жылы Сұлтан Саид Шығыс Түркістанға кеткен соң қазақ хандығының Жетісудағы билігі нығая түсті. Батыста оның қол астына Ноғай Ордасынан кеткен рулар мен тайпалар келіп қосылды. 1516 – 1517 жылы қыста Шайбани өулетінің сұлтандары күш біріктіріп, қазақтарға қарсы жорыққа шықты. Орта-Азиялық өзбектердің қыпшақ жеріне жасаған жорығының мерзімі Қасым хан билік еткен кезеңге сәйкес келеді. Хандықтың шекарасы оңтүстігінде Сырдарияға дейін, оңтүстік-шығысында Жетісудың едәуір бөлігін, солтүстік-батысында Жайық өзенінің аңғары мен солтүстік-шығысында Ұлытау және Балқаш көлінен өтіп, Қарқаралы тауларының сілемдеріне дейін кеңейді. Халқының саны 1 миллион адамнан асты. Оның тұсында қазақтар Батыс Еуропаға дербес этнонимдік қауым ретінде танылды. Қазақ хандығының орыс мемлекетімен елшілік байланысы басталды. Қасым тұсында Қазақ хандығы халқының саны бір миллионнан асатын. Сондықтан да ол халықаралық саясаттан тыс қала алмайтын. Қасым хан заманында Қазақ хандығы еуропалық аренада әйгілілік пен саяси қуаттылыққа қол жеткізген еді. Қазақ хандығымен алғашқы дипломатиялық байланыс орнатқан көршілес Москва мемлекеті болды. Бұл князь Василий III билік құрған жылдары жүзеге асты. Қазақ хандығының тағы бір ерекшелігі – бұл кезеңде қазақтар Батыс Еуропада жеке

этникалық қауымдастық ретінде таныла бастады. Австриялық дипломат Зигмунд Герберштейн Еуропа оқымыстыларының арасында алғашқылардың бірі болып қазақтар туралы өзінің «Москвалық жазуларында» айтып өтеді. Тарихта бұл ұлы тұлғаның ұстанған бағыты «Қасым салған қасқа жол» атанып қалды. Сыртқы саясатта Қасым хан Сырдария бойындағы қалалар үшін Шайбани әулетімен күрес жүргізіп отырды. Осыған байланысты қазақ басшыларының маңғыттар және моңғолдармен одақтық байланысы қалыптасты. Қасым хан өзінің билік құрған кезеңінің басында Сайрам қамалын алды, Мауреннахр қамалын басып алуға біраз әрекет жасады. Мұхаммед Хайдардың жазбаларына қарағанда, Қасым хан 1518 жылы қайтыс болған. Ал Тахир Мұхаммед өзінің «Раузат-ат Тарихирин» атты еңбегінде Қасым ханның өлген уақыты 1523-1524 жылдар деп көрсетеді. Қадырғали Қасымұлы Жалайырдың сөзі бойынша, Қасым хан Сарайшық қаласында қаза болған. Қасым хан өлгеннен кейін, өзара қырқысулардың өрши түсуіне байланысты, Қазақ хандығы біраз әлсіреді, ал моғолдар мен қазақтардың арақатынасы өзгерді. XVI ғасырдың бірінші ширегінде қазақ атын жер жүзіне жеткізген Қасым хан есімі қазақ халқының тарихи санасында мәңгі орын алып, жарты мың жылдан аса сақталып келе жатты. «Қасым ханның қасқа жолы» – осының куәсі. «Қасқа жол» - деп аталатын заң, қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде Қасым хан тұсында жасалған. Оның жасалуына себеп болған жағдайлар мыналар:

1. Қасым ханның билігі тұсында Керей, Жәнібек және Бұрындық хандар кезіндегі қазақ қоғамы анағұрлым жоғары сатыға көтерілді;

2. Қазақ халқының этникалық территориясы толығымен біріктірілді;

3. Хандық билік этникалық территорияға толық тарап, рөлі артты;

4. Халқының саны 1 миллион адамнан асты;

5. Қазақ хандығының жаңа қалыптасқан жағдайына бұрынғы әдет-ғұрып заңы сай келмейді.

Міне, осы аталған себептер «Қасқа жолды» дүниеге әкеледі. Қасым ханның қасқа жолы – қазақ халқының хандық дәуіріндегі әдет-ғұрыптық заң ережелерінің жиынтығы. Бұл заңға енген ережелер:

– мүлік заңы (жер дауы, мал-мүлік дауы);

– қылмыс заңы (кісі өлтіру, талау, шапқыншылық жасау, ұрлық

кылу); әскери заң (аламан міндеті, қосын жасақтау, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат);

– әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, тұлпар ат, ердің құны т.б.);

– елшілік жоралары (майталман шешендік, халықаралық қарым-қатынастағы сыпайылық, әдептілік, ибалылық);

– жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке, думан үстіндегі ережелер, ат жарыс, бәйге ережелері, жасауыл, бекеуіл, тұтқауыл міндеттері).

Дулати мен Хайдар Рази 1518-19 жыл десе, Гафари және басқалар 1523-24 жылды көрсетеді. Қазіргі кездегі оқулықтар мен кейбір зерттеу еңбектерінде ұлы тұлғаның қайтыс болған жылын 1518-23 жылдар аралығындағы кез келген жылды көрсетуде. Оның қайтыс болған жылын анықтауда орыс деректерін зерттеген тарихшы А. Исиннің материалдары жәрдемдеседі.

Жоғарыда 1519 жылы Қазақ хандығының шекарасы Еділге дейін жетіп, Астраханмен шектеседі дедік. 1520-21 жылдың қыс айларында Астраханда Занко Зудов деген рязаньдық 3-4 ай тұтқында болады. Қазақ хандығында болып жатқан оқиғалардың бірталайын ол тұтқында жүріп естиді. 1521 жылдың сәуірінде оның Москваның ұлы князі III. Василийге жіберген хабарламасында «Осы жылы қыста қазақ патшасы қайтыс болды» деп жазады. Бұдан басқа көздер арқылы да Москваға Қасым ханның қайтыс болғандығы туралы хабарлар жетсе керек. 1521 жылы маусым айында Түркияға бара жатқан бояр ұлы Василий Михайлович Третьяк-Губинге III. Василий «Қазақ Ордасы туралы анықтау, қазіргі кездегі қазақтардың патшасы кім және олар қай жерде көшіп-қонып жүргенін анықта» деп тапсырма береді. Бұдан көріп отырғанымыздай, Қасым хан 1518 жылы не 1523 жылы емес, 1521 жылдың қысында қайтыс болған. Қадырғали Жалайыри Қасым хан Сарайшықта жерленген деп жазады. Ол түсінікті де, өйткені Қасым ханның соңғы 3-4 жыл өмірі Еділ-Жайық бойында өтеді. Қайтыс болғанда Ұлы хан 75-76 жастар шамасында болады.

Тегеран қаласындағы қоғамдық және жеке кітапханалардың қолжазба қорларынан табылған Қасым хан туралы кезекті, тың деректер алдағы күндері тарихымыздың бір бөлігін айқындай түседі. Шығыстанушы ғалымдар Иран Ислам Республикасынан қазақ хандығын нығайтып, көркейткен хан туралы біраз деректерді жинастырып, Қазақстанға алып келді. «Тарихи дерекнамада Қасым ханның келбеті, үлкендерді сыйлайтын

қасиеті, көмегі қажет болған жағдайда тартынып қалмайтын кеңпейілділігі тиек етілген», – дейді зерттеушілер.

Ираннан жеткізілген бес қолжазбада қазақ хандығының Қызылбас мемлекеті, Ирандағы Сефевит мемлекетімен қарым-қатынасы туралы баяндалған. Ал Сефевит, Шайбани әулеті мен соғысқа қатысты тарауларында Қасым ханның бұл оқиғаға тікелей араласқаны жазылған. Сондай-ақ, оның өзбек билеушілеріне көмек беріп, Сефевит, Қызылбас мемлекеттерімен соғыс жүргізгені туралы деректер бар. Шығыстанушы ғалымдар: «Парсы тілінде жазылған тарихи құжаттар он бір - он сегізінші ғасырлар аралығын қамтиды», - деп отыр. Олар Қасым ханның көрші елдермен дипломатиялық байланыс орнатуға бағытталған хаттарының көшірмесін де әкелді.

Бұрынғы Жошы ұлысы, одан кейінгі Алтын Орда жерінде XVI ғасырдың басындағы ең қуатты мемлекет – Қазақ хандығы болды. Оның ханы – Қасым хан еді. Қасым хан бүкіл қазақ халқын біріктіру арқылы үлкен әскери күшке ие болды. Қарауындағы халықтың бақытына орай, ол өзінің бейбітшіліксүйгіш саясатымен халықтың махаббатына бөленді. Осы бейбітшіліксүйгіштігімен Қасым хан халықтар арасында ерекше әйгілі болды. Қорыта айтқанда, XVI ғасырдың бірінші ширегінде қазақ атын жер жүзіне жеткізген Қасым хан есімі қазақ халқының тарихи санасында мәңгі орын алып, жарты мың жылдан аса сақталып келе жатыр. Қасым ханның қазақ билеушілерінің болашақ өкілдеріне қалдырған өнеге жолы – елдің саяси бірлігін сақтауы мен мемлекеттіліктің ең басты көрсеткіші хандық билікті нығайтуы, оны мойындатуы еді. Қасым ханның өмірі мен қазақ тарихында алатын орны, міне, осындай.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ энциклопедиясы.
- 2 Ренат Әбенов. Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. – Астана, 2010.
- 3 Берекет Көрібаев. Ана тілі газеті. Қазақ хандығы.
- 4 Жолдасбаев С. Қазақстан тарихы. 7 сынып оқулығы. – Алматы: Атамұра – 2012.

ХРОНИКА НЕПРИЗНАННОЙ ВОЙНЫ (1993-2001 гг.)

УРАЗОВ А. М.

ученик 9 класса, СШ имени К. Шулембаева, г. Аксу

АБИЛОВ Н. К.

учитель истории, СШ имени К. Шулембаева, г. Аксу

В 1989 году Советский союз вывел свои войска из Афганистана, границы союзных республик остались открытыми. В начале 90-х годов XX века, в период распада СССР, в Таджикистане кипели политические страсти, которые переросли в гражданскую войну. С приходом к власти Талибов в Афганистане нарастала напряжённая ситуация в том числе и на её границе. В нестабильный Таджикистан из Афганистана хлынули не только оружия, но и экстремистская идеология, которая угрожала всем странам Средней Азии, в том числе и Казахстану. Напряжённость в этом регионе вызвана: во-первых, кризисом межтаджикских переговоров, во-вторых, общей критической обстановки в Афганистане. Возможность наплывов беженцев, проникновения боевиков и Моджахедов, торговцев наркотиками и оружием, заставляла пограничников постоянно отслеживать ситуацию в сопредельных государствах.

Проникали афганцы двумя способами: первый – это массированный штурм рубежа, второй – проникновение мелкими группами. И в том, и в другом случае на границах шли упорные бои, поэтому укреплялись пограничные составы, а протяжность Таджикско-афганской границы составляет 1344 км.

Лидеры таких стран, как Казахстана, Узбекистана и Кыргызстана приняли решение о введении в Таджикистан миротворческих



сил. 15 апреля 1993 года по постановлению Верховного Совета РК «Об усилении охраны внешней границы СНГ на таджикско-афганском участке» был создан отдельный сводный стрелковый батальон (КАЗБАТ), численность которого

составляла около 500 человек. В его состав входили: подразделения пограничной службы КНБ, комитет внутренних войск МВД и министерство обороны. Задачей Миротворческого батальона была охрана таджикско-афганской границы. Отдельный стрелковый батальон существовал с апреля 1993 г. по февраль 2001

г., всего восемь лет. За это время его состав обновлялся 24 раза и было призвано 55 павлодарцев, трое из них погибли. Военнослужащие Казахстана охраняли один из самых сложных участков Таджикско-афганской границы – ущелье Пошхавр. В составе батальона, который держал оборону, был Валерий Дмитриевич Софроний. В армию Валерий был призван в 1995 году. Служил в воинской части №20-91 в городе Жаркент, Талдыкорганской области. Как и большинство молодых солдат, он стремился попасть в Таджикистан, хотя слышал о происходивших на таджикско-афганской границе боевых столкновениях, имел общее представление о тех, кто прорывался с афганской стороны, слышал о переправляемых через границу наркотиках и оружии. Он знал о непростых условиях несения службы, но наравне со своими сослуживцами мужественно выполнял свой долг перед



Родиной. В 1996 году воинская часть стояла на пограничном посту, когда с территории сопредельной Демократической Республики Афганистан начался обстрел. Моджахеды пошли в наступление, завязался кровопролитный бой, где пограничник – Валерий получил осколком гранаты смертельное ранение. Бой утих, но с тяжелыми потерями. В этом бою было унесено много молодых жизней солдат. После этого события прошло

очень много времени.

Представители Республиканского общественного объединения «Союза ветеранов», участников боевых действий и миротворческих операций «Казбат» вышли с ходатайством в Акимат города Аксу и СШ им. Шулембаева с просьбой, увековечить память и установить памятную доску на здание нашей школы, где учился Софроний Валерий.



15 января 2015 года состоялся митинг, посвященный открытию мемориальной доски, где присутствовали родные и друзья Валерия, представители партии Нур Отан, аппарата Акима, военкомата города Аксу, участники боевых действий в Афганистане и на Таджикско-Афганской границе, администрация городского отдела образования, администрация, учителя и учащиеся СШ им. К. Шулембаева, представители средств массо-

вой информации и жители поселка. На митинге выступила заместитель акима города Аксу-Гладышева С. А., председатель Республиканского общественного объединения «Союза ветеранов боевых действий и миротворческих операций Казбат» Шимпеев А. Р., мама Елизавета Васильевна Карлаш, председатель союза Ветеранов по Павлодарской области Козак Г. С. Таким образом, я познакомился с председателем республиканского общественного объединения Аскаром Шимпеевым и взял у него интервью:



– В 1996 году я был его командиром. Мы вместе стояли неподалеку на пограничном посту. Нас подняли «в ружье», но мы смогли добраться к ним только через три часа. В том бою мы и потеряли Валерия. Я сам лично отправлял «Груз-200» на Большую землю.

– Каким был Валерий? С таким вопросом я обратился к его маме Елизавете Васильевне Карлаш.

– Был он простым мальчиком. Родился он 14 сентября 1976 года в городе Аксу. Как и все другие играл каждый вечер с друзьями в футбол. У него было



много друзей, приятелей, в общем, душа компании!

– Занимался ли он серьезно спортом?

– Нет, просто увлекался футболом, так для души. Сделав уроки, ходил играть каждый вечер. Нельзя сказать, что был быстрее всех, но если была, хоть какая-нибудь возможность, активно участвовал в разных соревнованиях.

– Увлекался ли он каким-нибудь хобби?

– Да. Очень любил рыбалку. Каждые выходные вставал очень рано, брал ведро, удочку, накапывал червей и бегом на наш канал.

– Думал ли он о карьере военного?

– Да. После того, как он в 1991 году окончил школу. Мечтал быть пограничником. А в 1995, узнав о призыве, решил пойти на службу по контракту.

– Писал ли он вам письма?

– Конечно. Любый солдат хоть весточку пошлет семье, что бы они не беспокоились.

– Если не секрет, о чем он писал?

– Писал не много, ведь там лишнего времени не было, и быть не могло. Писал о том, что не надо беспокоиться, что все нормально, что осталось чуть-чуть, совсем немного, и чтоб ждали мы его, когда он, наконец, вернется.

Это знаменательное событие для нашей школы и для нас, молодого поколения. Это воспитание патриотического сознания, любви к Родине, к родной земле, к родному дому. Подвиг Валерия Софония для нас является примером. И имя его останется в нашей памяти, как и в наших сердцах.

С тех пор прошло немало времени, погибло много людей, сотни жизни искалечены. Видя такую обстановку, было принято решение вывести миротворческий батальон. В феврале 2001 года Казахстан окончательно вывел войска с границ Таджикистана. В 2005 году Россия, после подписания пятилетнего договора с Таджикистаном о сотрудничестве пограничных войск, тоже вывела свои пограничные отряды с территории Таджикско-афганской границы. А в 2006 году США вводит свои войска на границу, однако в 2015 году США выводит. В итоге, Таджикско-Афганская граница остается открытой, что позволяет проникновению террористических группировок, проведению наркотрафика на территории стран СНГ. В связи с этим Министерство Обороны Российской Федерации обсуждает решение об укреплении и усилении контроля Таджикско-Афганской границы.

ЛИТЕРАТУРА

1 «КазБат» документальный фильм о казахстанских миротворцах на Таджико-Афганской границе.

ВОПРОСЫ УКРЕПЛЕНИЯ МЕЖЭТНИЧЕСКОГО СОГЛАСИЯ И МИРА В СТРАТЕГИИ «КАЗАХСТАН-2050»

ФАЙЗУЛЛИН А. М.

учащийся, Назарбаев Интеллектуальная школа, г. Павлодар

ТОЛЕБАЕВА Б. Т.

учитель истории, Назарбаев Интеллектуальная школа, г. Павлодар

Стабильность в республике, гражданский мир и межэтническое согласие являются результатом двух слагаемых - стремления полиэтнического общества, с одной стороны, и усилия власти - с другой.

С самого начала обретения независимости руководство страны проводит последовательную, взвешенную национальную политику. На современном этапе Казахстан находится на новом качественном этапе реформ и залогом их успеха является сохранение и укрепление общественного согласия. Президент РК Н. А. Назарбаев подчеркивал, что «Это – непреложное условие нашего существования как государства, как общества, как нации» [1].

Государственная этнополитика основана на четко постулированных принципах. Это, прежде всего, поиск межэтнического взаимодействия, общественная стабильность как база справедливого решения национального вопроса, примат закона, укрепление государственной независимости и активная интеграционная политика [2]. Во многом благодаря этим принципам, базирующимся на учете и разумном сочетании интересов всех этносов Казахстана, равноправии граждан, сохранении и развитии их культурно-языкового пространства, стало возможным бесконфликтное развитие межнациональных отношений на протяжении всего периода существования независимого Казахстана.

Это достижение выглядит особенно ярко на фоне многочисленных войн и конфликтов на национальной почве в мировой истории. Справедливости ради необходимо сказать, что подобный сценарий развития на заре становления государственности угрожал и Казахстану. Многими зарубежными экспертами высказывались сомнения в способности власти удержать под контролем сферу межэтнических отношений в РК и не допустить столкновений на национальной почве. Однако, как показала история, республика сумела преодолеть все трудности. Сформированная на сегодняшний день модель межэтнического согласия в целом обеспечивает стабильность развития казахстанского общества, демонстрируя свою эффективность в решении проблем межэтнических отношений.

Вместе с тем, несмотря на позитивные моменты в данной сфере, следует не впадать в эйфорию от достигнутых успехов на этом пути. Важно всегда трезво оценивать и своевременно предупреждать все деструктивные тенденции общественного развития, постоянно заботиться о сохранении стабильности и учитывать следующее обстоятельство, что достигнутое равновесие во взаимоотношениях с представителями этносов не является «застывшим» явлением. В них постоянно происходят определенные изменения. Динамичное развитие страны в условиях нарастающих процессов глобализации ставит задачу дальнейшего совершенствования этой модели.

Эту актуальную задачу на долговременную перспективу призвана решить Стратегия «Казахстан-2050». В данном стратегическом программном документе в качестве первостепенного направления работы среди граждан республики определено формирование нового казахстанского патриотизма, гордости за страну и ее достижения. «К 2050 году нам надо построить такую политическую систему, при которой каждый гражданин Казахстана должен быть твердо уверен в завтрашнем дне» [1], – сказано в Стратегии «Казахстан-2050».

Вера в будущее, обретение чувства хозяина на своей земле, безусловно, зависят от защищенности своих прав, а также равенства прав граждан всех этносов. В этой связи, Президент отметил в Послании, что «в вопросе межнациональных отношений не должно быть никаких двойных стандартов. Мы строим общество равных возможностей, общество, где все равны перед законом. Каждый казахстанец должен ощущать поддержку и опору власти» [1].

По мнению Президента Казахстана Н. Назарбаева, «каждый казахстанец, независимо от его национальной принадлежности, должен сознавать, что Казахстан – это плоть от плоти его, родное государство, всегда готовое защитить его права и свободы. Только в этом случае появляется корневая основа для возвращения и воспитания чувства казахстанского патриотизма, только в этом случае сограждане испытывают чувство гордости за принадлежность государству, которое весь мир знает теперь как Казахстан» [3].

Важное значение имеет идея главы государства о необходимости консолидации казахстанцев на основе общегражданской идентичности, а не на признаке этнической принадлежности. Раскрывая свое отношение к данному вопросу, в книге «На пороге XXI века» Н. А. Назарбаев писал: «Преобразование национальной идеи в идею национальной исключительности губительно для самого этноса. ... Многие государства, где не сумели вовремя распознать позитивные и негативные начала подъема этничности в сознании, стали ареной затяжных войн. Примеры этого – Югославия, Алжир, современный Афганистан, многие африканские государства» [4].

Учитывая это, глава государства неоднократно указывал, что казахская нация, как государствообразующая, несет особую ответственность за сохранение атмосферы толерантности и мира в казахстанском обществе. Коренному этносу – казахскому народу – в течение веков приходилось бороться за свою независимость и суверенитет. У казахского народа, выдержавшего испытание временем, богатая и сложная история. Но, тем не менее, самое главное для него

– стремление жить в мире, согласии и добрососедстве с другими народами. При этом одна из основных особенностей менталитета казахского народа – уважение к культуре, религиям, традициям и обычаям других народов.

Поддерживая эти добрые вековые традиции, казахи, которые являются титульной нацией, должны быть достойными людьми, и только тогда, по мнению Президента, «нас будут уважать, будут уважать нашу историю, культуру, традиции, язык» [1].

Укреплению межнационального согласия, консолидации нации служат подходы Президента РК Н. А. Назарбаева к языковой политике. «Казахский язык – это наш духовный стержень» [1] – отмечено в Стратегии «Казахстан – 2050». И в дополнении сказано, что «Надо чтобы политика развития казахского языка не способствовала его отторжению, причем даже казахами. Наоборот, язык должен стать консолидатором народа Казахстана. Для этого языковую политику надо проводить грамотно и последовательно, не ущемляя ни один язык, на котором разговаривают казахстанцы» [1]. Неизменной позицией главы государства, разделяемой всем населением страны, является признание необходимости триединства языков для казахстанцев. Эта идея выражается в простой формуле: развитие государственного языка, поддержка русского языка, изучение английского языка. «Знание трех языков – это наше будущее. Мир становится все более глобализованным, и будущим поколениям важно уметь ориентироваться в мультиязычной среде», – отмечал Н. А. Назарбаев.

Притом что развитие государственного языка и обязательное изучение его всеми гражданами Казахстана становится правилом, всемерную поддержку получает повсеместное изучение русского и английского языков – как средств международного общения, выхода в мировое общеобразовательное пространство для повышения конкурентоспособности и адаптации казахстанской нации к условиям глобализации. В то же время президентская национальная политика всегда учитывала, и будет учитывать государственную важность сохранения и развития и других языков, представляющих разнообразие национальностей Казахстана. Наряду со школами только с казахским и русским языками обучения в стране сегодня действуют 2067 школ на смешанных языках и 90 школ – на национальных языках обучения. Уважительное отношение государства к национальным языкам проявляется и в том, что сегодня на них выходят 324 казахстанских СМИ [5].

При этом финансирование многих из них осуществляется при прямой поддержке государства.

Существенное значение в национальной политике придается также сохранению и развитию культурного и духовного многообразия нашего населения, его традиций и обычаев. В Стратегии «Казахстан - 2050» указывается, что «Нам следует оберегать нашу национальную культуру и традиции во всем их многообразии и величии, собирать по крупицам наше культурное достояние» [1].

В Казахстане успешно осуществляется возрождение и развитие национально-культурного многообразия и единства. Действуют национальные театры, причем объем их финансирования с каждым годом растет. Этносфера страны характеризуется динамичными процессами роста этнического самосознания, интереса к этническим истокам: языку, обычаям и традициям. В республике сейчас преобладают школы с казахским языком обучения. По данным Агентства РК по статистике на январь 2013 года школ с казахским языком обучения было 3838 и русским – 1442, 2514. Также действуют школы со смешанным, с узбекским, уйгурским, таджикским, с украинским и другими языками обучения. Помимо этого действует целый ряд воскресных школ, где дети изучают свой родной язык по желанию родителей. В ряде городов республики функционируют школы национального возрождения. Например, в Павлодарской школе обучение ведется на 12 языках: украинском, корейском, армянском, немецком, татарском, башкирском, чувашском, иврите, чеченском, ингушском, польском и азербайджанском языках. В достаточном количестве издаются серии учебников для национальных школ и различного рода литература на корейском, немецком, польском и других языках республики. Ежегодно по государственному заказу выпускаются десятки тысяч книг на разных национальных языках. С 1995 года в республике осуществляется выделение 10-процентной квоты для поступления в высшие учебные заведения представителей национальных меньшинств. Это является важным фактором сдерживания миграционного процесса и создания в недалеком будущем многонационального интеллектуального потенциала.

Под эгидой Ассамблеи объединены более 820 этнокультурных объединений, образующих, по меткому выражению Президента РК Н. А. Назарбаева, своеобразную «инфраструктуру дружбы» нашей страны. Не имеющий аналогов в мире этот уникальный институт гражданского общества, стал по настоящему органом народной дипломатии. За 20 лет своей работы Ассамблея превратилась в координатора работы центральных и местных исполнительных органов

власти по вопросам межэтнического развития. Это работа охватывает информационные, образовательные, воспитательные, правовые, а также международные аспекты обеспечения межэтнического согласия. Получив согласно последней конституционной реформе квотируемое право избирать в нижнюю палату парламента своих депутатов, она становится важным элементом всей политической системы Казахстана. Этот исторический факт, а также принятие в конце 2008 года по инициативе Главы государства Закона «Об Ассамблее народа Казахстана» показывают путь Ассамблеи, который подтверждает, что она – живой развивающийся организм, убедительно доказавший свое право на существование.

Особое значение для укрепления единства нации имеет деятельность интеллигенции. Именно интеллигенция должна создать «основу для формирования общества прогрессивных идеалов» [1], – считает Президент. В ее компетенции находится развитие общенационального исторического сознания, которое должно работать на формирование патриотического отношения к своему прошлому, настоящему и будущему.

Как показывает история, формирование полиэтнического состава населения Казахстана имеет специфические традиции. Большое влияние на этот процесс сыграло межкультурное евроазиатское расположение Казахстана. Следует также отметить, что этот процесс формировался не на основе естественно сложившихся этносов, а в результате произвольного и, порой, насильственного переселения народов на территорию страны: в ходе колонизации в дореволюционный период, во время коллективизации и индустриализации, в годы сталинских репрессий. Но самый мощный миграционный поток хлынул в Казахстан в середине 1950-х годов, когда началось освоение целинных и залежных земель. Несмотря на все трудности, сложные обстоятельства складывания полиэтнического общества, на протяжении многих лет люди разных национальностей по большей части находились в мире и согласии, нежели в раздоре и противоречиях, представители разных этносов выработали особый казахстанский менталитет, его особое духовное состояние. Оно выражается в неприятии обособленности, националистических крайностей. Казахстанцы дорожат сложившимся сообществом культур. Длительный опыт культурных контактов представителей различных этносов в Казахстане помог выработать сходные культурные ориентации большинства населения страны. Вместе с тем, они способствовали созданию в Казахстане атмосферы межнациональной

терпимости и взаимоуважения. В «Стратегии Казахстан – 2050» верно отмечено, что «Наша история учит: страна сильна только тогда, когда один народ» [1].

Кроме того, основой единства, конечно, является улучшение социально-экономической ситуации. В этом направлении ведется огромная работа. Так, в стране реализуется программа индустриализации, проводится социальная модернизация. Это самая прочная, материальная основа единства казахстанского народа. Сегодня для всех очевидно: политика мира и согласия имеет прямой экономический эффект. Внутренняя стабильность способствует укреплению доверия инвесторов, развитию экономического сотрудничества.

Необходимо подчеркнуть, что сегодня современный Казахстан являет собой достойный пример государства, которое может и готово поделиться своим опытом поддержания мира и диалога в области межэтнического и межконфессионального взаимодействия. И вся наша активная работа на внешнеполитическом поле, по мнению Президента страны Н. А. Назарбаева, «не просто способ самоутвердиться. Она обуславливается пониманием простой вещи: процветание Казахстана возможно только в процветающем мире» [7].

В XXI веке поле деятельности Ассамблеи будет не сужаться, а расширяться на фоне сложнейшей международной и геополитической обстановки. Впереди у нас большие планы. Их реализация будет проходить в непростых условиях глобальных трансформаций. К этому надо быть готовыми уже сегодня и всеми силами обеспечивать единство народа. Потому что мы один народ - одна страна - одна судьба [1], - сказал Президент Казахстана.

ЛИТЕРАТУРА

1 Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». - 14.12.2012.

2 Н. А. Назарбаев – основоположник казахстанской модели межнационального и межконфессионального согласия / Сост. А. Н. Нысанбаев, А. Г. Косиченко. – Алматы, 2010. – 385 с.

3 Территория стабильности // Казахстанская правда. - № 232 (27506). - 13.07.2013.

4 Назарбаев, Н. А. На пороге XXI века. – Алматы, 1996. – 286 с.

5 Султанов Б. Под крышей дома своего. Сохранение и укрепление

межэтнического согласия - главная цель президентской политики. - zakon.kz.

6 Выступление Президента Казахстана Н. А. Назарбаева на XXI сессии Ассамблеи народа Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: культура мира, духовности и согласия». – 18.04.2014.

7 Выступление Президента РК Н. А. Назарбаева на торжественном собрании по случаю 17-й годовщины провозглашения Независимости. – Астана, 15.12.2008.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

ФАЙЗУЛЛИНА А. Н.

12 «А» сынып оқушысы, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Батыр бабамыз туралы бүгінгі жастардың көпшілігі білмейді. Өзім де аз білемін және сыныптастарымнан сауалнама алған кезімде өз жұмысымның едәуір маңыздылығына көз жеткіздім. Қазақтан шыққан ұлы қаһарман Бауыржан атамызды басқа елдер мойындағанда бүгінгі жастар неге білмейді?

Сауалнама

1. Бауыржан Момышұлы кім? Ол жайлы не айта аласыз?
2. Оның қазақ елінің дамуына сіңірген еңбегі қандай?
3. Бауыржан фильмін көрдіңіз бе?
4. Бауыржанның қандай шығармаларын білесіз?
5. Бауыржанның отбасысы жайлы не айта аласыз?
6. ХХІ ғасырда Бауыржан сынды азаматтар бар ма? Кімдерді айта аласыз?

7. Бауыржан мен ұлттық тәрбие арасындағы байланыс жайлы не айтасыз?

8. Бүгінгі жастар Бауыржанды біле ме?

9. Бауыржанды біздің еліміз қаншалықты бағалайды?

10. Бауыржанды әлем қалай бағалайды?

Зерттеу жұмысымды бастамас бұрын сыныптастарыммен сауалнама жүргіздім. Сауалнама нәтижесінде қатысқан 10 оқушының 5-і Бауыржан Момышұлының батыр екенін және 1 оқушы ғана оның жазушы, халық қаһарманы, әскери қолбасшы болғанын айтты.

Бауыржан фильмін көрген оқушылар жоқ. Шығармаларын ешкім атай алмады. Оның есімімен аталған көшелер бар, ескерткіш орнатылғанын айтты. Бүгінде Бауыржан сынды азаматтар бар ма-

деген сауалға: бар, бірақ санаулы деп жауап қайтарды. Бүгінгі жастар Бауыржанды біле ме дегенге – жоқ, немесе үстіртін деп жауап берді. Еліміздің ардақты ұлын әлем жұртшылығы мойындағанын мүлде білмейді екен.

Зерттеу жұмысымды жүргізген соң, бүгінгі жастар кімнен үлгі алу керек десе, ойланбастан Бауыржан Момышұлынан дер едім.

Жастарға халықтық дәстүрге негізделген батыр ұл - қыздардың ерліктерін насихаттау, өнегелі тәлім-тәрбиелері арқылы жан-жақты тәрбие жүйесін құру қажеттілігі қазақстандық ел намысын қорғайтын жастарды тәрбиелеуде маңызды мәселелерінің бірі болып отыр.

Зерттеудің мақсаты: көрнекті жазушы, халқымыздың біртуар батыр ұлы Бауыржан Момышұлының халқы, Отаны үшін атқарған ұланғайыр еңбектері мен шығармашылық мұрасының жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудегі мәнін, маңызын қарастыру. Саналы ғұмырын халқының рухани құндылықтарының дамуына арнаған абзал азаматтың ұлт руханиятын өркендетуге қосқан үлесін айқындау. Ұлттық салт-дәстүр, ана тілі мәселесіне қатысты ұлағатты ойлары мен атқарған қызметінің жастарға ұлттық тәрбие берудегі ықпалына ден қою.

Зерттеудің болжамы: егер, өскелең ұрпақты өз елін-жұртын сүйуге, отансүйгіштікке тәрбиелеуде қазақтың Бауыржан сияқты батыр ұлының ерлік істері мен ерөн еңбектерін арқау етумен болсақ, жастардың елжандылығы мен отаншылдық қасиеттері дамып, ел намысын қорғауда қиындықтарға мойымайтын және материалдық құндылықтан бұрын ел намысын, ер намысын алдына жоғары қоятын азаматтар тәрбиеленеді, өйткені бұл – қазіргі күнгі қоғам талабы.

Зерттеудің ғылыми жаңалықтары:

1 Ұлттық тәрбие мәселесі – жас ұрпаққа тәлім - тәрбие берудің алғышарты;

2 Бауыржан Момышұлының Ұлы Отан соғысындағы ерлігі арқылы жастардың отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру – қоғам талабы, қажеттілік;

3 Б. Момышұлының ана тілінің мәртебесін көтеру жолындағы еңбектерін арқау ете отырып, ұлттық тәрбие беру - ана тілінің мәртебесін, өзектілігін көтерудің кепілі;

4 Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен жоралғылары, ұлттық құндылықтардың жастардың бойына қалыптасуына Б. Момышұлының шығармашылық мұраларын қолдану – жас ұрпақтың рухани дамуының негізі.

5 Жастарға ұлттық тәрбие ұсынудың әдістерін түрлендіру – сапалы нәтижелер бастауы.

Ұлттық тәрбиеге, жастардың өздерінің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары негізінде тәрбие алуына ерекше назар аударған тұлғалардың бірі – Б. Момышұлы.

Б. Момышұлы: «Отанды қорғау – ең қасиетті атамұрамыз, теберік дәстүріміз. Отанды қорғау – міндетті азаматтық борышымыз. Оның үш тарау күретамыры бар. Олар мыналар: 1) тәрбиелі, әдепті болып өсу; 2) еңбекте тер төгуден қашпау; 3) майданда қан төгуден де, керек болса ажалдан да қаймықпау» [4, 209] – деп, ұстамды, табанды болуға шақырады. Келте ойдан аулақ болуға үндейді.

Тіл – ұлттың тұтастай келбеті, болмысы.

«Ұшқан ұя» кітабында ұлы Бақытжанға ана тілі туралы мынадай ойларын білдіреді: «Тіл дегеніміз – жүрегіңді шарпып, жаныңды жалындататын от. Мен осындай оттың өшіп бара жатқанына киналамын. Өзіңнің қазақ екеніңді түнде де, күндіз де ұмытпа. Тіпті түсінде де қазақша сөйле. Сонда ғана қазақ рухы жүрегіңе ұялап, ұлттық намысыңды оятады, ұлттық сезіміңді асқақтатып, өзіңді-өзің тануыңа жол ашады» [1, 238]. Сол сияқты «Соғыс қателікті кешірмейді» кітабында: «Бүгінде қазақ тілі – осы заманғы «ультратерминдердің» ешқайсысынан да қорықпайтын, күрт дамуға, жаңа жағдайға, қарыштаған экономикаға бейімделген, халықаралық сөздерді батыл қолданатын икемді тіл. Өзінің бұрынғы ұлттық бояуының үстіне осы заманның бояуын қосқан, көркем әдеби тіл болып қала беретін орамды тіл»-дейді зор мақтанышпен.

«Жалпы өткен ғасырда өзінің есімін қазақ тілінің тағдырымен байланыстырған екі адам болса, соның біріншісі – Ахмет Байтұрсынұлы, екіншісі – Бауыржан Момышұлы десек, ақиқатқа жақын болар едік. Бауыржан Момышұлының бұдан алпыс жылдан астам уақыт бұрын қазақ тілінің хал-жағдайына, болашағына алаңдап, елдің басшы азаматтарына хат жазуы – аса көрегендік, әрі бүгінде маңызын жоймаған өткір сыни пікір» [9, 6].

Ұлттық тәрбиенің өзегі – ұлттық салт-дәстүр, адами қасиеттер, отбасындағы тәлім-тәрбие. Әр ұлттың жас ұрпағының бойында адамгершілік құндылықтарды сіңіру – ата-ананың және қоғамның міндеті. Б. Момышұлы отбасы тәрбиесіне, жалпы тәрбие тақырыбына ерекше назар аударған. «Үлкенді сыйламау, халықтың ізгі қасиеті, салт-санасын жоғары тұта білмеушілікті атам заманнан көргенсіздік, тәрбиесіздік, жүгенсіздік деп санап келген. Тәрбиелі елдің ұлы – тәртіптің құлы. Тәрбиесіздік – тексіздік, тәртіпсіздік

– бұзақылық. Олардан бауырмалдық күтуге болмайды»[4,237].
– дейді. Отбасындағы өзімшілдік, көре алмаушылық, менмендік сияқты теріс қасиеттер жас ұрпақтың бауырмал, адал, ақ ниет болып қалыптасуына кедергі келтіретіндігін атап өтеді.

Ата-бабаларымыз өмір тәжірибелерінен, халықтық әдет-ғұрып негізіне салынған дәстүрлерінен үлгі-нұсқаларды өне бойы өнеге етіп, ұрпақтарына үйретіп отырған, тілек тілеп, бата беріп, жастарды жақсы жолға бастаған.

Жас ұрпақты адамгершілікке, әдептілікке, имандылыққа тәрбиелеуде ұлттық сана-сезімнің қайнар бұлағы салт-дәстүрлер, мақал-мәтелдер, құнды әдеби мұралар, нақыл сөздер болып табылады.

Ұлттық дәстүр, салт-санаға ерекше мән беріп, жас ұрпақтың өнегелі болып өсуіне барлық жан-тәнін салған тұлғалардың бірі де – Бауыржан Момышұлы. «Еңбекте – жалқаулыққа, ұрыста – қорқақтыққа, қоғамда – әдепсіздік пен тәртіпсіздікке жастардың қаны қас болып тәрбиелену үшін үлкен құралдың бірі – қасиетті дәстүрімізде»[4,198] – деп, дәстүр-жоралғыларымызды насихаттаудың рөліне баса назар аударады.

Қазақ халқы аталы сөзге тоқтаған, қанатты сөздерді өмірлеріне қорған еткен. Соның бірі – бата. «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» дейді халық даналығы. Бата – адам баласына тек жақсылық тілеу, халық тарихында ертеден қалыптасқан дәстүр. «Жауынмен жер көгерер, батамен ер көгерер» деп, халық батаны «киелі сөз» ретінде жоғары бағалайды, жас ұрпақ жаттап, жадында сақтайды. Киелі сөз – батаның орындалуы үшін бата алушы арман-мақсаттарының биігіне шырқайды, яғни арманға жету үшін тірлік-тіршілік жасауға машықтанады. Міне, осы ойды Б. Момышұлы да өзінің бата үлгілерінде паш етеді. Б. Момышұлы қаламынан туған бата-тілектер өте көп, қаламгердің батаға мән беріп, көп тілегінің көл болатындығын ескертетін ұлағатты ойларын жиі кезіктіруге болады.

Қаламгер «Қанмен жазылған еңбек» кітабында ұлттық тәрбиенің діңгегі болып табылатын көптеген адамгершілік қасиеттер мен адамды жаман жолға бастайтын теріс қасиеттер туралы баяндайды. Парыз, ар, абырой, ұят, жігер, өзара көмек көрсету, өжеттілік, табандылық сияқты әр адамның бойынан табылуы тиіс қасиеттерге баса тоқталады. «Парыз - өзінің мағыналық аясына ақыл, сезім, ерік, абырой, ар-ождан, әділдік, шындық, махаббат тағы да басқа мәселелерді қамтып, оларға адамның

қызмет аясындағы қайшы құбылыстарды қарама-қарсы қоятын ең жоғарғы интеллектуалдық ұғым» [5,48]- дей келе, ар, абырой, жігер, қайсарлық сияқты қасиеттерді әр қырынан ашады. Сол сияқты зерігу, селқостық, кулық, екіжүзділік, үрей, қорқыныш, үміт ұзу, күншілдік сияқты теріс қасиеттердің еш уақытта адамға оша әкелмейтіндігін түсіндіреді. Қаламгер: «Күншілдік – басқа адамның басымдығын және өзінің әлсіздігі мен түкке шамасы келмейтіндігін түсіну. Басқалардың тасының өрге домалауы, күш-қуатының, қайратының артықтығы, сондай-ақ материалдық игілігі күншілдік сезімін тудырады» [5,57] –деп, бұндай теріс қасиеттерден бойды аулақ салуға кеңес береді.

Жастарды жігерлендіріп, өз болашақтарын құруға сенімділік ұялататын мынадай қанатты сөздері бар:

Ар – жақсылық пен зұлымдылықты, шындық пен жалғандықты, әділет пен әділетсіздікті және басқаларды анықтайтын адамгершілік ұғымы.

Әрбір азамат өз ұлтын сүюге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге тиіс.

Өзін сыйламайтындардан сый күтпе. Жігіттің жігіттігін жау келгенде сына.

Қанатты сөздердің әрқайсысы жақсылыққа бағыт беріп, жамандықтан жирендіреді. Әр тұлғаның өз ұлтын, Отанын сүюі қажеттілігіне баса назар аударады.

Жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеудің бір ұшы қазақтың ауыз әдебиетінде, мақал-мәтелдерінде жатыр. «Отан үшін отқа түс – күймейсің», «Ерлік – елдің қасиеті», «Жүректілік – жігіттің қасиеті», «Ұлттық сезім – қасиетті сезім», деген мақал-мәтелдері әр тұлғаның бойында отаншылдық сезімін қалыптастырады. Табанды, салмақты, байсалды болуға үндейді.

Ұлттық тәлім-тәрбие мәселесі Бауыржан Момышұлының қаламынан туған «Ұшқан ұя» повесінде кеңінен арқау болады. Аталмыш туындыны ұлттық салт-дәстүрді алға тартқан еңбек деуге толық негіз бар. Бұл еңбек - автордың балалықтан батырлық дәрежесіне дейін жүріп өткен өмір жолының баспалдағы.

Сол сияқты «Ұшқан ұя» шығармасында ер баланы тәрбиелеуде әкенің рөліне баса тоқталады. Повестің бойынан аңғарылатын автор ұстанымы да осы қастерлі ұғымды үнемі алға ұстайды. Үлкенді сыйлау, сәлем беру дағдыларын әкесі бойына дарытқандығын мақтанышпен баяндайды. Өзі де баласы Бақытжан мен немересі

Ержанның өмірде өз орындарын тауып, нағыз халыққа қамқор азаматтар болып қалыптасуына көп еңбек сіңіреді.

Б. Момышұлының жас ұрпақты отаншылдық, патриоттық сезімге тәрбиелеуде сіңірген еңбегі орасан зор. Ержүрек жауынгер, атақты қолбасшы, әскери жазушы өзіндік көзқарастарымен, барлық болмысымен қазақтың намысшыл халық екендігін мойындату жолында тер төге еңбек етті. «Бауыржан Момышұлы шығармалары біріншіден, жас ұрпақты тәрбиелеуде адамгершілікке баулудың басты құралы, жастардың рухани дүниесі байиды, өмірлік көзқарастары қалыптасады; екіншіден, ұлттық тәлім-тәрбие, отбасы тәрбиесі мен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарға бай тарихи мұралар; үшіншіден, Ұлы Отан соғысында жанқиярлықпен соғысқан ұлдар мен қыздар бейнесін және ерліктерін ұмыттырмауға мүмкіндік беретін танымдық, тарихи туындылар» [9,12].

Ұлттық тәрбие – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тәлім-тәрбие құралы, болашағының қалыптасуын қамтамасыз етуі іспеттес тәлімдік жүйе.

Б. Момышұлы шығармаларының басты түптамасы – ұлттық патриотизм. Елін, жерін, халқының өткен тарихы мен ұлттық әдет-ғұрпын, салт-санасын ардақтап, отбасы тәрбиесіне ерекше мән берген қаламгер. Елбасы Н. Назарбаев «Отанын Бауыржан Момышұлындай сүюді өнеге етіп қалдырған басқа қаламгер жоқ» деп бағалады. Бұл – алысты болжап айтылған көрегендік ой екендігі анық»[6,238]. Бауыржан Момышұлының шығармашылығы адам мен оның еңбегін биік бағалайтын, өмір, уақыт талаптарын адал атқарып, әділеттілік тұрғысынан жүзеге асыратын елдік пен ерлікке тәрбиелейтін тағылымды туындылар болып табылады.

Ұлттық қасиеттерімізді ұрпақ бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды.

Генералдарға сабақ берген әскери ұстаз Момышұлының «Б. Момышұлының соғыс тактикасы» деген оқу пәні Израиль еліндегі әскери оқу орындарында оқытылады және ол пәннен студенттер емтихан тапсырады. Кубаның әскери мектептерінде де Бауыржан атамиздың соғыстағы әдіс-тәсілдері бойынша дәріс беріледі.

Қазақтың отансүйгіштік тәрбиесі-ұлт негізін сақтаудың бірден бір жолы. Бүгінгі Қазақстан жағдайындағы патриоттық тәрбие негізі – қазақтың ана тілінде сөйлеуі, балаларға ұлттық тәрбие беруі, ұлттық мінез, жүріс-тұрыс қалыптастыру, ізгі құрметі, қайырым, мейірімін т.б сезімдердің дамытуы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Майтанов, Б. Сөз сыны. Зерттеулер, мақалалар, портреттер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 344 б.
- 2 Қыдырәлі, Д. Атымды адам қойған соң... – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 216 б.
- 3 Тұрысбек, Р. Ақиқат айнасы: Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 224 б.
- 4 Оспанова, Ш. Н. Ұлттық тәрбие – тарихи дәстүрдің заңды жалғасы // Қазіргі таңдағы педагог мамандарды кәсіби даярлау мәселелері: аймақтық ғыл.-практ. конф. материалдары. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. – Б. 61-66.
- 5 Махашова, П. М. Б. Момышұлы еңбектерінің – білімгерлерді тәрбиелеудегі маңыздылығы [Мәтін]: Бауыржан Момышұлының тарихи мұраларын зерттеудің өзекті мәселелері: қазіргі жайы, проблемалары мен тенденциялары.
- 6 Уразбаев Қ. М. Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасындағы дәстүрлер көрінісі. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. Авторефераты. Түркістан, 2007. – 25 б.
- 7 Еримбетова, Г. Х. Бауыржан Момышұлының шығармалары негізінде жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. Авторефераты. Алматы, 2010. – 24 б.
- 8 Боранбай, М. Бауыржан Момышұлы және патриоттық тәрбие // «Сарбаз» журналы, 2009. 4 желтоқсан. 7 б.
- 9 Еримбетова, Г. Х. Бауыржан Момышұлы – өмірінің өзі дастан // Білім беру және ғылым: даму көкжиегі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы, 2010. Б. 101 – 102.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ – ЕЛДІҢ ТАРИХИ ЖЫЛНАМАСЫ

ХАМЗИНА А. Б.
оқушы, №25 жалпы орта мектебі, Павлодар қ.

Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы –1995 жылы мызғымас бірлік пен түбірлі қайта құрудың шешуші кезеңі барысындағы қазіргі Қазақстанды құрайтын ұлы тарихи оқиға.

Қазақстан халқы Ассамблеясын құру Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құрылуына жетістік алып келді.

Бұл, бірізді демократиялық сипатқа ие болған Қазақстандағы бірлік, бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етуде Мемлекет Басшысының саяси ерік-жігерінің нәтижесі. Ассамблея институтын, қоғамдық келісімді нығайту және дамыту – мемлекеттік биліктің барлық органдарының, қоғамдық бірлестіктердің және әр азаматтың міндеті.

Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылдығына арналған Қазақстан халықтарының форумында айтты. 1995 жылғы 1 наурызда оның мәртебесін Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативті-кеңесші орган деп бекіткен Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы Жарлығы шықты. Өз тарихында Ассамблея ҚР Президенті жанындағы консультативті-кеңесші органнан мықты құқықтық негізге және қоғамдық-саяси мәртебеге ие конституциялық органға дейін өсті.

2007 жылғы мамыр айында Қазақстан Республикасы Конституциясына бірқатар өзгерістер енгізілді. Қазақстан халқы Ассамблеясына конституциялық мәртебе берілді, ол Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне тоғыз депутат сайлау құқығына ие болды. Осы арқылы Ассамблеяның қоғамдық-саяси рөлі айтарлықтай артты.

2008 жылғы 20 қаңтарда еліміздің Президенті «Қазақстан халқы Ассамблеясы» туралы әлемде баламасы жоқ заңға қол қойды. Сөйтіп, Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің саяси жүйесінің толыққанды бөлігіне айналды. Оның қызметінің нормативтік құқықтық негіздері айқындалды.

Ассамблея мемлекеттік ұлттық саясаты әзірлеуге және жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал жасайды.

Ассамблеяның мақсаты – қазақ халқының топтастырушылық рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық біркелкілікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету [1, 328 б].

Ассамблеяның негізгі міндеті – этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамының негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту. Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек көрсетеді. Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді, этно мәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттері, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын, және дамуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне – Елбасына Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару құқығы тиесілі.

Ассамблея құрылымдық жағынан Ассамблея сессияларынан, Ассамблея кеңесі мен Хатшылығынан, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ассамблеяларынан тұрады.

Ассамблея сессиясы (Ассамблея мүшелерінің жиналысы) – оның жоғары басшылық органы. Сессияны Қазақстан Республикасының Президенті қажеттілікке қарай, бірақ жылына кемінде бір рет шақырады [2]. Сессиялар аралығындағы кезеңде Ассамблеяны басқаруды Ассамблея Кеңесі жүзеге асырады. Кеңеске республикалық этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, министрлер, облыс әкімдері енеді.

Ассамблея Төрағасының этномәдени бірлестіктерден тағайындалатын орынбасарлары алмастыру тәртібімен Кеңестің ұсынымының негізінде ҚР Президентінің өкімімен тағайындалады.

Ассамблеяның жұмыс органы Ассамблея Хатшылығы Президент Әкімшілігінің құрылымында дербес құрылымдық бөлім болып табылады. Хатшылықты бір мезгілде Ассамблея Төрағасының орынбасары болып табылатын Хатшылық меңгерушісі басқарады. Осы тетіктер Ассамблеяның мемлекеттік басқару мен қоғамдық қатынастардағы нақты әрекет етуі мен тиімділігінің негізі.

Ассамблеяның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ассамблеяларының құрамы Қазақстан

Республикасы азаматтарын - этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестік өкілдерін, мемлекеттік органдар өкілдерін және қоғамда өзіндік орны, абырой-беделі бар тұлғаларды қамтиды. Қазіргі уақытта Ассамблея құрамында 394 мүше бар.

Ассамблеяның басты ерекшеліктерінің бірі оның еліміздің жоғары заң шығару органында – Парламентте этностық топтар мүдделерінің кепілді өкілдік етуін қамтамасыз етуі болып табылады.

Парламент Мәжілісіне Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланған 9 депутат еліміздің барлық этностары атынан өкілдік етеді. Бұдан басқа қазақстандық этностық қоғамдастық өкілдері Парламенттегі өкілдігі өкілді органдарға саяси партиялар арқылы сайлауға тікелей қатысу негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан халқы ассамблеясы өзінің құрылған кезінен бастап орасан біріктірушілік және зияткерлік әлеует жинақтап және халықтық дипломатия институты үлгісіне бейімделе отырып, ұзақ даму жолынан өтті. Еліміздегі 100-ден аса этностың басын біріктіретін бірегей құрылым тұрақтылықты сақтап, республиканың ілгерілей дамуы үшін маңызды роль атқарды. Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді [3].

Жалпы алғанда негізінен Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсініктік ахуалы қалыптасты.

Республикада Қазақстанның барлық этностарының мәдениетін, тілін, дәстүрін дамыту үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Ассамблея қызметі Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруға ықпал етеді.

Ассамблея дүниеге келген 20 жылдан бері атқарған қызметі мен жүріп өткен сара жолы қазақстандық этносаралық және конфессияаралық келісім үлгісінің әлемдік қауымдастық алдында беделді ұйымға айналып, ел қоғамының құрамдас бөлігіне айналғанын көрсетті. Қазіргі таңда бүкіл әлемді шарпыған ғаламдық дағдарыс Қазақстанға да өз салқынын тигізіп отыр. Мемлекетте қоғамдық-саяси тұрақтылық болмай, экономикалық салада жетістік болмайды деген қағиданы тарих әлдеқашан дәлелдеген. Сондықтан Қазақстан халқының бірлігін бұдан әрі жетілдіру міндеті мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналып отыр.

Қазақстанның экономикалық дамуы, этносаралық қатынастардың әлемдік қауымдастық тарапынан мойындалуы, ең алдымен, қазақ ұлтының еншісінде екендігі анық [4].

Халық бірлігі - мемлекеттілік негізі. Қоғамдық бірлікті ту етіп ұстау арқылы ғана біз алдымызға болашағы күшті, өркендеп, дамыған Қазақстан елі туралы ұлы мақсаттар қоя аламыз. Ел өміріндегі мәні мен маңызы орасан зор осынау саяси оқиға қарсаңында біз көп ұлтты Қазақстан халқын бір атаның балаларындай еліміздің өркениетті дамуы жолындағы игілікті іске жұмылдырып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстырып, елімізде тұрақтылықты сақтау мен оның дамуына аса зор үлес қосып келеді.

Ең бастысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі нәтижесінде елімізде этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциялық және азаматтық құқықтары мен еркіндігін толық қолдана алатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Сөйтіп, Қазақстанның көп-этностық кеңістігінде сенім, келісім мен өзара түсіністік берік орнады. Қазақстан халқы Ассамблеясының алдына қойған басты мақсаты және түбегейлі міндеті - этносаралық қатынас саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету. Осы мақсатта халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негізін қалаушы құндылықтар бойынша қоғамдық келісімді қолдап, дамыту, азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру да осы ұйымның төл парызы. Ынтымақ ұйытқысына айналған ұйым бұл мақсаттарды жоғары деңгейде орындап келеді.

Қорыта келе, Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамның азаматтық-патриоттық және рухани-мәдени шоғырлануы, қазақстандықтардың санасында мемлекеттіліктің құндылықтарын, қоғамдық келісім мен ұлттық бірліктің баяндылығын, жасампаздық пен жаңа сатыларға ұмтылуды бекітеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тоғжанов, Е. Л., Кан, Г. В., Коробков, В. С., Шаяхметов, Н. У. Қазақстан халқы Ассамблеясы. Алматы: Раритет, 2010.-328 б.

2 Мазур, В. Освещая-объединяя! [Текст]: Первый международный медиафорум Ассамблеи народа Казахстана / В. Мазур // Знамя труда: Жамбылская областная газета. – Тараз, 2013. – №142 (17858). – 21 ноября. – С.2.

3 Осипов, В. Формула согласия [Текст]: XIX сессия Ассамблея народа Казахстана / В. Осипов // Казахстанская правда: Общенациональная ежедневная газета Казахстана. – 2012. – №123.- 2 мая, среда. – С.1, 2.

4 Духовно-культурное развитие народа - основа укрепления государственной независимости Казахстана: Из выступления Президента Н. А. Назарбаева на VII сессии Ассамблеи народов Казахстана // Воин Казахстана. – 2000. – 19 декабря.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ «ШЫНДЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ӨТКІР ПОЭЗИЯ (МАХАМБЕТ РЕАЛИЗМІ)»

ШИРИНОВА Ш.
II «А» сынып оқушысы, «№ 96 ЖББМ» КММ,
ОРАЗОВА А. Ғ.
ғылыми жетекші
ЗАКАРЬЯНОВА Ш. Қ.
мұғалім, «№ 96 ЖББМ» КММ

Махамбет шығармаларына көптеген зерттеушілер, ғалымдар еңбектерінде талдаулар жасалып, тұжырым-түйіндер айтылды. Бүгінге дейін Махамбеттанудың іргесі қаланып, ол туралы іргелі еңбектер де жарық көрді. Десек те, Махамбет шығармаларының көркемдік сипаты әлі де өз оқырманын қызықтыра түседі, әлі де зерттей түсуді қажет ететін сияқты. Ізденуші жас ретінде осы Махамбет шығармаларын терең білсек, ақын өліндерінің тұңғыш иірімдеріне бойласақ, сөйтіп, ол шығармалардың көркемдік мәнін өзімізше ашсақ деген ойлардың жетегінде аталмыш тақырыптағы ғылыми жұмысын қолға алдық. Не айта алдық? Тақырыпты тармақтай алдық па? Оған өздеріңіз сыншы боларсыздар. Зерттеу-еңбектерге сүйене отырып, айтқанымыз төмендегідей:

Жұмыстың «Елі үшін еңіреп туған ер» атты I тарауының алғашқы бөлімінде ақын өміріне қысқаша сипаттама беріліп, Махамбеттің бейнесін, тұлғасын, келбетін ойша әрі сөзбен жасап алдық. Тараудың екінші бөлімінде Махамбет шығармаларының зерттелу жайы сөз болды. Ақынның творчествосы мен шығармаларын зерттеуде мол еңбек сіңірген зерттеушілер туралы айтылды. «Махамбеттанудың» іргесін қалаушыларға арнайы тоқталып кеттік. Ал екінші бөлімінде Махамбет өлендеріндегі

негізгі тақырыптар мен келелі мәселелер туралы ой кештік, нақты тақырыптар іздедік,өзімізше таптық та. Нәтижеде айтарымыз: Махамбет шығармаларының тақырыбы, негізінен, ерлік тақырыбына жазылған шығармалар. Бұдан өзге Отан, туған ел, отансүйгіштік, үлгі-насихат өлендер тақырыбын да кездестіреміз. Бір сөзбен айтқанда, Махамбет нақтылы тақырыптарды сөз еткен ақын.

Жалпы ғылыми жұмысының алғашқы тарауының (негізгі) бөлімдері негізгі мәселелерді анықтай түсуге, айқындауға баспалдақ іспеттес.

Жұмыстың II тарауының бірінші тармағында Махамбет жырларындағы шындық мәселесі, реализм жайына тоқталып, оның астарлы түйінін баяндауға ұмтылды. Айналып келгендегі түйінді сөзіміз: осы тараудың екінші тармақтарында Махамбет шығармаларының көркемдік сипатын толық ашып көрсететін тұстарды қамтуға тырыстық. Ғылыми жұмыста ақын жырларындағы ерлік тақырыбы сөз бола отырып, сол арқылы Махамбеттің қосқан тың образдар мәселесіне өттік. Барлығын түйіндей келе, ақын шығармаларының тіліне талдау жасадық.

I- Махамбет шығармаларының зерттелу жайы

Махамбет творчествосы — көптеген зерттеушілеріміз бен әдебиетшілеріміздің, басқа да сала өкілдерінің назарын аударып, көлемді еңбектердің жазылуына себепші болған күрделі де қызықты тақырыптардың бірі. Бұдан біз Махамбет шығармаларының жан-жақты зерттеліп, өз бағасын алғандығын ұғынамыз. Сондықтан да осы зерттеу еңбектерге қысқаша тоқталып кеткенді жөн көрдік.

Махамбет зерттеушілерін орыс ғалымдарынан бастадық, себебі Махамбет туралы алғашқы ойларды қағаз бетіне түсірген солар еді.

Махамбетті көзімен көріп, жүзбе-жүз тілдесіп, кейінге нұсқа жазып кеткен бір-ақ кісі бар, Е. П. Ковалевский 1839 ж. ноябрьде экспедициямен Бұқараға кетіп бара жатып, Борсық құмында Махамбетпен кездеседі. Е. П. Ковалевский (кейіннен академик, география қоғамының құрметті мүшесі болған адам) өзінің еңбегінде Махамбетке ерекше тоқталып, құнды мәліметтер айтады. Әсіресе, ақынның шешендігін, ептілігін, батылдығын мойындайды (9, 112). Ғалымның, бұл қорытындыларын төмендегіше ойлары одан әрі нақтылай түседі: «... Біз ауылда сергелденмен жүргенде, өз халқының арасында тамаша кісі болып саналатын Қазақпен кездестік... Ол әңгіме бағытын қолма-қол үйреншікті жәйттен басқа бір арнаға елусіз бұра салды, сөйтіп аз уақыт ішінде өзінің тапқыр ақылы шешендігін танытты, ...

ол сөзін дәлелдеу үшін нағыз Құран сөздерін келтірді... Ол Орынбор мен Петербургтен кейбір үкімет адамдарын тілге тиек етті: өлкені басқару жүйесіндегі өзгерістер жәйлі сұрады, сөйтіп, бізді өзіне ыстық етіп қойды,»- деп аяқтайды сөзін ғалым (10, 6). Сөйтіп, Махамбет туралы ойларын жинақтай келіп, Е. П. Ковалевский мына тұжырымды айтады: «Мен оның өз халқының ортасында аса тамаша, әрі қадірлі, оған жан-тәнімен беріліш, өте білімді, орыс тілін жақсы білетін адам екенін, ерлік рухта қалыптасқан кесек тұлға, жалынды патриот, талабы зор ізденгіш және асқан сезімтал да сүйкімді жан екенін, өте сирек кездесетін сергек көңілді әңгімешіл кісі екенін әбден ұқтым» (11, 12).

Ұлы Қазан Кеңестік революциясына дейін Махамбеттің өмірі мен қызметін зерттемеген. Орынбордағы архив материалдарын пайдаланып Исатай мен Махамбет көтерілісі туралы газет бетінде алғаш мақала жазған адам — орыс публицисі Никита Федорович Савичев. Н. Ф. Савичев (1821-1885) XIX ғасырдың екінші жартысында Орал қаласында әскери қызмет атқарған, тарихшы-этнограф, архив ісімен шұғылданған, сурет

өнерімен, жазушылықпен әуес, жан-жақты талапкер адам болған. Исатай мен Махамбет көтерілісі туралы алғаш тарихи шынайы пікір түйіндеген прогресшіл зерттеуші. «Ішкі Орда старшинасы -Исатай Тайманов» атты тұңғыш еңбектің авторы. Соған қоса Исатай мен Махамбеттің жоғары ұлықтарға жазған бірнеше хаттары мен жолдамаларын сақтап, табыс етуші (4, 11).

Махамбеттің өмірін, творчествосын зерттеуде ғалым Б. Аманшиннің алар орны ерекше. Ғалым өзінің жинаған деректері бойынша «Махамбеттің тағдыры» атты романын жазып шыққан (16). Онда Махамбеттің бабалары мен ұрпақтары туралы құнды деректердің басым бөлігін де осы ғалымның зерттеулерінен таба аламыз. Осы тұста «Махамбеттің өмірі мен творчествосын осыншама түпкілікті зерттеуге ғалымға не себеп болды екен?» деген сұраудың туындайтыны белгілі. Бұл сұрақтың жауабын ғалым өзі береді: «Мен, ең алдымен, 1940 ж. Мақат мұнай кәсіпшілігіндегі мектепте оқып жүріп, мектеп кітапханасынан Қ. Жұмалиевтің редакторлығымен шыққан Махамбет өлеңдерінің жинағына тап болып, ең алғаш Махамбет жырларымен осы кітап арқылы таныстым. Кейіннен өз әкем мен анамнан Махамбеттің әйелі өзімнің туыс апам екенін естідім ... Сөйтіп, Махамбет енді мен үшін тек ақын ғана емес, түбіміз бір туысқан апамызды алған жездеміз болып шықты. Бұл менің қаһарман ақынға деген ықыласымда одан сайын күшейтті. Ол ол ма, менің енді өзімді махамбеттің бүгінгі бірден-бір тұқымы,

соңындағы жоқтаушысы, мұрагері болуға борыштай сезінейін дедім. Менің махамбетпен «ауфруым» осылай бағалған-ды» – деп түсіндіреді зерттеуші (16, 265).,

Махамбет шығармаларын зерттеушілер ішінен профессор Қ.Жұмалиевтің еңбегін ерекше атап өтуіміз қажет. Ғалым «Егеулі найз» атты кітабын түгелдей Махамбетке арнаған. Бұл еңбекте Махамбеттің өмірі, творчествосы кеңінен сөз болады (1). Ғалым: «Жарқын талант, ер жүрек батыр, ісімен де, сөзі мен де кейінгі ұрпақтарын таң қалдырған М. Өтемісов қазақ әдебиетінің тарихынан ерекше орын алады», – деп, ақынға жоғары баға берген. (11, 12). Сондықтан да, академик Қ. Жұмалиев еңбектері ішінде Махамбет мұрасына арналған зерттеулері бір шоғыр дүние. Белгілі ғалым Қ. Өміралиев: «Қазақ әдебиеттану ғылымында Махамбет творчествосын барынша көп, әрі барынша терең зерттеген академик Қ. Жұмалиев болды», – деген еді (17, 149).

Ғалым 1939 ж. «Исатай-Махамбет көтерілісі және Махамбет поэзиясы» деген атпен мерзімді баспасөзде оннан астам мақала жариялатты. Осы мақалаларынан бастап, орта мектепке арналған оқулықтарында, қазақ әдебиетінің тарихына жазған монографиялық талдауларында, жоғары оқу орнына арналған зерттеулерінде, жекелеген зерттеу еңбектерінде Махамбет шығармашылығын талдап, оның қазақ әдебиеті тарихынан алатын орнын белгілеп берді. Қалың оқырман қауым Махамбет мұрасы мен 1937-1967 жылдар аралығында тек Қ. Жұмалиев еңбектері арқылы ғана танысты.

II.2. Махамбет жырлары -ерліктің мәңгі символы.

Жауынгерлік рухтағы өршіл жырларының інжу-маржанын ұрпағына мұра еткен Махамбет - ерлік пен намыстың ақыны. Махамбет - сан ғасырлар бойғы тәуелсіздікке ұмтылған бабалар рухының нақты көрінісі. Ала туды қолға ұстап топ бастаған Махамбеттің ақындығы батырлығымен тең түспесе, кем түспейді. Көтерілістің ұраншысы ғана емес, ұйытқысы. Жалынды сөзі - жайдың оты.

Махамбет жырлары - ерліктің, өрліктің гимні, қайсарлықтың символы, елдіктің туы. Жасанды жарқылдақтық жат, алмас қылыштай қылпып тұрған, ыза мен кекке толы, делбеңді коздырып, намысыңды сілкіп, жігеріңе от құятын ақын өлеңдері қайнаған қан мен ашынған жанның, ақиқат пен әділет үшін жанталастың дауылпаз үніндей естіледі.

Ерегескен дұшпанға қызыл сырлы жебедей қадалған махамбет – жақсыларға еп, жамандарға көп, лапылдап тұрған өрт. Андамаған

жалынына шарпылады. Халық қайғысын айтуға хан ұлынан қаймықпау да, «бас кесермін, жасырман» деп қасқал қарап тұру да кез келгеннің қолынан келе қояр ма?!

Сүйегім тұтам қалғанша,
Тартылмай сөйлер асылмын.

Ей тақсыр-ау, ей, тақсыр,

Бойың жетпес биікпің, Бұлтқа жетпей шарт сынбай! –

деген жыр жолдарында қажырлылықтың, тағдыры сергелдеңге түссе де, жеңіске сенімі мұқалмаған, қанды көбік түкіріп, көкірегі қарс айрылса да сыр бермеген, сырбаздық мен мұндалайды.

Ақын өлеңдерінде мінез бар. Анау-мынау емес, ер мінез. Мінезсіз өлең – өлең емес. Шамырқанып, шамданып, ақ найзаны қолға алып, ел-жер үшін, тәуелсіздік үшін өлімнен де бас тартпайтын көзсіз, бірбеткей мінез ол. Сол мінезділік оның кез келген өлеңіне тән. Бірте-бірте ақынның өз образы сандалып, бітімі бөлек, ерекше тұлғаның автопортретін елестетеді. Еніреп жүрген ер Махамбеттің өр бейнесіне бір сәт көз тоқтатып көрейікші: «Шамдансам, шалқамнан түсер асауым, Шамырқансам, шатынап сынар болатпын», «Мен бір шарға ұстаған қара балта едім, Шабуын таппай кетілдім, Қайраса тағы жетілдім», «Ағыны қатты Жайықты тіземмен бұзып өткенмін», «Мен, мен едім, мен едім!», «Мен – Өтемістің баласы, Махамбет атты батырмын!», «Боз ағаштан биік мен едім,... Ел құтқарар ер едім, Танағалы сұңқар мен едім», «Мен кесекті ердің сойымын, Кескілеспей бір басылман», – деп қасқайып батыл сөз айту үшін де осыншама бөлекше бітім мен болмыс, күдірет, мінез

Махамбеттің жыр-жебелерінің тақырыбымен айқындалған әлеуметтік сипатта, әрине, жан-жақты һәм күрделі де, шым-шытырық қоғамдық байланыстар мен қатынастарға бойлау басым. Сол себепті кез келген шығармашылық иесі оларды тек жалаң жазумен ғана шектелмейді. Ол кейіпкерлердің басты қасиеттерін, маңызды ерекшеліктерін айқындауға ұмтылып, жеке басының жарқын жақтарын жақсартатын, көлеңке жақтарын көлегейлеп, олардың артықшылығы мен кемшілігін қалыңдымен суреттей, образдарды контраст бойынша ашуға ұмтылады, бұл шығарманың өзекті мәселесіне айналады. Мәселенің тереңдігі мен түйіні бейнелеп отырған шындықтың қаншалықты маңыздылығына, сондай-ақ автордың ұстанымына, оның дүниетанымына, мақсаты мен міндетіне саяды.

Егер Махамбеттің ертеректегі жырларында философиялық лирика мотиві, өз ісінің оң екендігіне, батырлық жігеріне сенімділік

басым болса, көтеріліс жеңіліс тауып, Исатай мерт болғаннан кейін, өзі қудалауға ұшыраған кезеңде драмалық сипаттағы жырлары айқын көріне бастады.

Исатай өліміне арналған жыр жинаған Махамбеттің өз өліміне де арнауға болады, өйткені, оның трагедия-ерлік өмірі және кемеңгер шығармашылығы оның есімі мен рухын мәңгілікке қалдырды.

Махамбет поэзиясы әлеуметтік сипатта әлемдік поэзияның реалистік бағытына барынша жақын, онда мистика, сентиментальдық морализм, құдайға құлшылық ету тән емес.

Оның шығармашылығының өзегі - шындықты сын көзбен бағамдау, шынайылық, нақтылық, өзінің көркемдігі мен даралығына сәйкес Махамбет поэзиясы қатал да нақты, шындыққа сай реалистік тұрғыда көрініс тапты.

Махамбет шығармаларының көркемдік ерекшелігін қарастыру әдебиет саласының өзекті мәселелерінің біріне жатады. Себебі, Махамбет шығармашылығы бүгінге дейін зерттеліп келгенімен, ақын өлеңдерінің көркемдік сипаты әлі де тереңіне үңіліп, аша түсуді қажет етеді.

Қорыта келсек, Махамбет шығармаларының көркемдік сипаты жоғары дәрежеде. Сондықтан да олар күні бүгінге дейін өз құндылығын жоймай келе жатыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жұмалиев, Қ. Егеулі найза. Алматы: Жазушы, 1979. (5-8) бет
- 2 Сарай, Ә. Толарсақтан саз кешіп... // Ақиқат, 2002, №8. 56-62 б.
- 3 Сүйіншәлиев, Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Санат, 1997. 471 бет.
- 4 Сүйіншәлі, Х.Ж., Сүйіншәлі Қ.Ж. ішкі орда және жалынды ақын Махамбет. 8 бет. Алматы: Қазақ университеті, 2002.
- 5 Сарай, Ә. Исатай - Махамбет тарихы. Алматы: Өлке, 1997.
- 6 Көшекбаев, Н. Махамбеттің тағдыры // Білім және еңбек, 1987, №3. 32-34 б.
- 7 Аманшин, Б. Махамбет өмірінің соңғы жылдары // Жұлдыз, 1968, №2. 145-150 б.
- 8 Әуезов, М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15-том. Алматы: Жазушы, 1984.

- 9 Кенжәлиев, И. Исатай - Махамбет. Алматы: Қазақстан, 1991.
 10 Ковалевский, Е. Құмдағы кездесу // Ана тілі, 2003, №36-37, 11 қыркүйек, 6-7 б.
 11 Үсенбаев, Б. Еменнің иір бұтағы // Ақ желкен, 2002, №6, 12-12 Бердіғожин, Л., М. Әуезов Исатай - Махамбет туралы // Қазақ тарихы, 2002, №2, 18-19 б.
 13 Мұқанов, С. Халық мұрасы. Алматы: Жазушы, 2002.
 14 Бекхожин, Қ. Өлең өткелдері. Алматы: Жазушы, 1986.
 15 Аманшин, Б. Махамбеттің тағдыры. Алматы: Жазушы, 1991.

ҚАЗАҚ НЕКЕСІ МЕН ЖАНҰЯ КОДЕКСІНІҢ XVIII – XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ӘДЕП НОРМАЛАРЫ

АҚАУОВ Ғ. Ж.

II взвод курсанты, Облыстық мамандандырылған
әскери мектеп – интернаты, Павлодар қ.

НЕҒЫМАНОВ Е. Ө.

ғылыми жетекші, Облыстық мамандандырылған
әскери мектеп – интернаты тарих пәнінің мұғалімі, Павлодар қ.

Қазақтың қазақ болып қалыптасуында, ислам дінінің бояуы әлі сіңбеген тұсында салт – дәстүрге сүйенген, шариғатта бұған қарсы болмайтын «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» атты ата – бабадан келе жатқан дәстүрге сүйенген нормалар болғаны тарихтан белгілі.

XVIII ғасырдағы қазақтың әдеп-ғұрып нормаларын Өз Тәуке бастаған. Алты Алаштың баласы бекіткені тарихтан белгілі. Ол «Жеті Жарғы» деп аталды. Бұл нормалардың бір тарауы неке отбасы құқығына арналған. Осыған қарағанда бұл үрдіс XVIII ғасырдың өзінде шешімі өте күрделі болған. Қыз дауы, жесір дауы отбасы мүшелерінің қатынастары қазақ хандығындағы элитаны осы заңды шығаруға итермелеген анық. «Жеті жарғыда» отбасы – неке құқығы, мұра алу туралы былай айтылады (қысқаша бердім).

Нормада азаматтық қатынастар жеткілікті дәрежеде талданбаған. Бәлкім, бұлай болған себебі, жеті жарғының қолда бар мәтіндерінің үзік-үзік болып келетіндігінен ғана емес, тіпті адамнан гөрі азаматтар арасындағы көптеген қатынастардың әдеттегі құқық бойынша реттеліп, барша жұртқа белгілі болғандығынан, сондықтан да Тәуке хан «Ережесінің» бұл қатынастарға ғана тоқталғаны болса керек. Отбасы-неке қатынастары саласында ата – анасының өз балаларының тәрбиесінде құқығы өте жоғары, қатаң болған. «Ата-анасы өз баларын өлтіргені үшін ешқандай жазаға тартылмайды» деген заңда. Куәлік бермегені үшін зайыбы немесе баласы жазаға тартылмаған, өйткені «отбасындағы үлкеннің сыртынан сөз айтуға болмайды» Өз Тәукенің заңдарында неке парызында адалдықты талап еткен. 4 – жарғысы: Өзге біреудің әйелімен зинақорлық жасап, ақ некені бұзушыларға өлім жазасы бұйырылсын [1].

Қазақ хандығының Ресейге қосылуы, империяның бір боданына айналуы бұрынғы нормалардың өзгеруіне алып келді. Мысалы, заңдастырылған құжаттардың бірі шығыс өңірінің билерінің кезектен тыс съезінде 1885 жылғы Әскери губернатор, генерал-лейтенант Цеклинскийдің және Қарқаралы, Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан уезд басшыларының төрағалық етуімен Шар өзенінің жағасындағы Қарамола деген жерде қабылданған «Билер ережесінің» 48-ші, 49-шы, 50-ші баптарында осы мәселелерді реттейтін нормалар жазылған.

48-ші бап бойынша, құдалық бұзылса, қыз әкесі күйеуден алған қалыңмалды қайтарып беруге тиісті. Жағдайдың дауға жеткені үшін, кінәлі жақ айып төлейді. «Қалыңмал мөлшері 47 бие, не, одан артық болса, бес тоғыздан үш тоғызға дейін; 37 малға – екі тоғыз, 27 малға – бір тоғыз, 17 малға – бір ат-шапан айып төленеді», – делінген. Осыған керісінше, құдалық шартты күйеудің әкесі бұзса, онда, ол берген қалыңмалының үш тоғызын қалдырып, қалғанын ғана алады.

49-шы бап. Қарсы құда дауларын да билер реттейді. Сондай-ақ, қарсы құдалық шартты бір бұзған адамдардың, тағы да, қайыра қарсы құда болуға қақысы жоқ болған. Бұл шартты мойындамай, қайтадан қарсы құда болып жатса, онда олардың жастарының некесін молда қимаған.

50-ші бап. Құда түсіп, құйрық-бауыр асатқаннан кейін құдалық бекітіледі.

Ал, осы Ереженің 57-ші бабында «Тоғыз» деп аталатын айыпты мал басына шаққанда, есеп мынандай болған: Оның атауы – «Түйе бастатқан бас тоғыз». Саралап айтсақ, 1 түйе, 2 құлын, 2 бие, 2 құнан, 2 ат. Одан кейінгі айып құн – «Орташа тоғыз». Оны «Ат бастатқан тоғыз» деп атайды: 1 сөміз ат, 2 тай, 2 тайынша, 4 бойдақ қой. «Аяққы тоғыз». Бұл – үшінші айыппұл: 1 дөнен өгіз, 2 тайынша, 3 бойдақ қой, 3 тоқты болған. Сөйтіп, құйрық-бауыр жегендері расталса, құдалық бекінгені заңды деп саналған. Алайда, екі жақтың бірі, кейін, құдалықтан бас тартар болса, билер сотында құдалардың құйрық-бауыр жеген-жемегені анықталады да, құдалықтың заңды-заңсыздығы осымен есептеледі [2].

Сонымен қатар мынадай баптар енгізілді:

• Егер, айғақтап, қызға құда түсіп, құйрық-бауыр жесіп, киіт киіскеннен кейін, жігіт өзінің берген уағдасынан тайып, үйленуден бас тартса, онда, айыпкер ат-тон айыбының үстіне,

киген киіті мен қыз жағының құда күткендегі шығарған шығынын өтеп барып, басын арашалап алады.

• Егер, екі жақтың біреуі құдаласқанын да, уағдаласқанын да мойындамай, бөрінен бас тартқандай жағдай болса, онда, құдалыққа барғандардың ең беделдісі, қадірмендісі – Құран ұстап, куәгер ретінде істің ақ-қарасын ажыратып беруге міндеттенеді.

• Егер, уағда бұзу қыздың әке-шешесі жағынан, қалыңмал алғанға дейін болса, онда, олар құдаларына кигізген киітінен айырылады және құда күтуге шыққан шығынын қайтарып ала алмайды.

• Егер, айттырылған қыздың әке-шешесі қалыңмал алуға барып отырып, әлдебір себеппен, қалың малдан бас тартса, күйеу жігітке ат-шапан айып төлеуге тиіс.

• «Құдалық» – қазақ үшін өте қастерлі ұғым. Бұл – ардың ісі. Күйеу жігіт пен қалыңдықтың біреуі ауыр науқас, кемтар, немесе, кембағал болған жағдайда ғана (онда да құдаласушылар ол жайында құдаласқанға дейін білмесе), құдалықтың бұзылуы айыпталмайды, яғни, ешкім де жазаға тартылмайды.

• Бір қызға құда түсіп, қалыңдығын үйге кіргізбей тұрып, басқа қызға құда түсуге, иә болмаса, үйленуге қатаң тыйым салынады. Бұл тәртіпті бұзған адам түйе бастатқан «бір тоғыз» айыбын төлейді және кейін түскеніне қарамастан, ілкіде атастырылған бірінші қалыңдығын «бөйбіше» деп жариялауға міндеттенеді.

• Сондай-ақ, күйеу жігіт қалыңмал төленген қалыңдығынан бас тарта алмайды. Ал, егер ұрын келіп қойған болса, қайтсе де, үйленуге міндетті. Ал, бас тартқан жағдайда күйеу жігіттің жазасы төмендегідей болады: ұрын келмей тұрып бас тартса, берген қалыңмалынан айырылады; ұрын келген соң барып бас тартса, берген қалыңмалдың үстіне «үш тоғыз» айыпқа шығынданады..

• Егер күйеу жігіт алғаш ұрын келгенде, қалыңдығының қыз екендігіне күмән келтірсе, қыздың әке-шешесі қыздарының ақ екенін қайтсе де дәлелдеуге тиіс. Ол үшін күйеу жігіттің қалауымен қыз жағынан екі куәгер белгіленеді, екі куәгер Құран ұстап, қыздың адалдығын айғақтауы керек. Егер күйеу жігіттің күдігі расқа шықса, ол берген қалыңын қайтып алуға, немесе, басқа қыз беруді талап етуге құқылы. Тіпті, көңілі қалса, қарабет болған қалыңдығын тегін әкете алады. Бұл жерде қалыңмалсыз келген қыздың қадірі төмендейді.

• Егер атастырылып, қалыңмалы алынған қалыңдық қайтыс болса, онда қыз әкесі күйеу баласына ешкімге айттырылмаған басқа бір қызын беруге тиісті. Ал, берер қызы болмаса, алған қалың малын толық қайтаруға міндетті. Егер күйеу жігіт өлген қалыңдығына

ұрын келіп қойған болса, екінші қалыңдық үшін «балдыз қалын» аталатын бір түйе бастатқан «тоғыз» төлейді. Ал, ұрын келмеген болса, ештеңе төлемейді.

- Егер күйеу балдызына үйленуден бас тартса, онда, ол марқұм болған қалыңдығы үшін төленген қалыңмалынан айырылады.

- Егер өлген қалыңдықтың әке-шешесі күйеуге өлген қызының орнына басқа қызын бергісі келмесе, онда, олар күйеу жаққа алған қалыңмалын толық қайтарумен қоса «тоғыз» айып төлейтін болған.

- Егер, күйеу қалыңмалын түгел төлеп, той малына дейін апарып, нақ қыз ұзату тойының қарсаңында өлген болса, онда қалыңдық оның жесірі ретінде күллі жасау-жабдық, еншісімен марқұмның әке-шешесінің үйіне түседі де, әменгерлердің біреуіне қосылады [3].

Бұл салт-дәстүрлер кеңестік дәуірде ескіліктің сарқыншағы ретінде айыпталып, «Әйелдердің құқығын шектейді» деген түсініктің негізінде зорлық жағдайда тыйылды. Осы шараларды іс жүзіне асыру үшін, 1922 жылы 2 қаңтарда, Қазақстан үкіметінің қалыңмал мен көп әйел алушылыққа тыйым салған декреті де шыққан. Ал, кейінірек БК(б)П Қазөлкекомның хатшылығы 1928 жылы 3-шілдедегі бұйрығымен «Қалыңмал мен көп әйел алушылық жойылсын» деген Қазақ Өлкелік қоғамының Жарғысын бекітеді.

1928-1938 жж. неке құрушылардың жас мөлшері туралы мәселе күн тәртібіне қойылып, заң бойынша 18-ге толмай үйленуге не тұрмысқа шығуға рұқсат етілмейтін болды [3, 168-б.].

Өрине, отау тігіп, үйленудің өзін үлкен бір халықтық саясатқа орайластырып, өзіндік әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен еркін дамып келе жатқан қазаққа жоғарыдағыдай тосқауылдардың қойылуы – зорлықтың айғағы. Және бұл қазақ қауымдастығын іштей іріп-шіруге әкеп соқтырды. Бүгінгі күнгі әділет атаулының басы бірікпей, жанұя біткеннің азып-тозуы осының салдарынан деп есептеймін.

Қазақ қоғамындағы заң есебінде жүргізіп келген қалыңмал беру дәстүрінің құда болысқан жақтардың әлеуметтік, тұрмыстық, мүдделеріне сай қызмет ететіндей үлкен ықпалы, тәрбиелік маңызы бар екендігі қасақана бұрмаланған. Әйтпесе, жоғарыдағыдай салт-дәстүр тәртібімен шаңырақ көтерген қазақ халқы кеңестер дәуіріне дейінгі кезеңде неке бұзушылық өте сирек кездескен. Неке бұзу қазақ қоғамы үшін – жат. Және ол қатаң бақылауда болған. Қазір қазақ жастары отбасын құру, некеге отыру мәселесіне өте жеңілтектікпен қарайтын жағдайға ұшырады. Ендеше, өзгелерге еліктеп, ұлттық дәстүрлі жағдайда

жалғасып келе жатқан ұлттық құнды қасиеттерімізден айрылып қалмаудың қамын жасауымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Қазақстан тарихы». Алматы: Атамұра, 1998. 2 Том. – 441 б.
- 2 «Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл». Алматы: Санат, 1994. – 109 б.
- 3 Ж. О. Артықбаев, Ә. Ә. Сабданбекова, Ә. Қ. Елемесов, Е. Н. Дауенов. Дәстүрлі қазақ этнографиясы: оқу-әдістемелік құралы. – Павлодар: Кереку, 2008. – 260 б.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСИЕТТІ БҰЙЫМЫ – ҚАМШЫ

АМАНГЕЛЬДІ Б. З.

7 «Б» сынып оқушысы, № 25 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

ТЕМІРЖАНОВА М. Ә.

қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі

Зерттеу жұмыстарының өзектілігі: қазіргі заманда, мен деген әрбір қазақтың төрінде ілінген қамшының тарихы, қасиеті, киелілігі жөнінде жастарға жете айтып түсіндіру керек.

Зерттеудің мақсаты мен міндеті: елімізде ежелден келе жатқан, қазақтың малына да, дауына да, жауына да тандаусыз құрал болған қамшы туралы мәліметтер. Ежелгі қазақ мәдениетіндегі қамшының тарихы, түрлері, семантикасы және қызметі жөнінде оқушыларға дәлелдемелі түрде кеңес беру.

Зерттеу әдіс-тәсілдері: зерттеу барысында қолданылған әдістердің арасында мәлімет жинау тәсілі таңдалды. Оның нұсқасын төмендегі берілгендерден де көруге болады. Тәжірибелік тәсілдермен қатар қамшының түрлері мен ерекшеліктері, оның ырым-сырымы туралы аңыздар мен жазбалар, емдік қасиеті жөнінде де қарастырылды. Бұл зерттеулер көбінесе интернет желісі мен соңындағы әдебиеттер көмегімен жүргізілді.

Зерттеудің болжамы: зерттеу жұмысын бастамас бұрын, ер-тұрман жабдықтарының ішінде қамшы киелі құрал болып саналатындығын айтып түсіндіру керек. Қамшының ерекшеліктері, ырым-сырымы, емдік қасиеті туралы мәселелерді қарастыру. Өйткені бүгінгі қазақ баласы оны тек қана құрал ретінде танып білмей сонымен қатар емдік

қасиеті мен ырым-сырымы, ерте замандағы халық өміріндегі маңыздылығын ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп жеткізу әрбір қазақ үшін парыз.

Қамшы атауымен байланысты этнографиялық ұғым және оның тарихы жайлы деректер. «Қамшы» – атқа мінген адам ұстайтын, бірнеше таспа қайыстармен көмкеріліп, өріледі.

Атты айдап жүргізетін құрал. Қамшының өрімі сабынан бір жарым еседей ұзын болады. «Қамшы» құрал болумен қатар қару ретінде қолданылған. Өрімші қамшының таспасын жіңішке не жуандатып, кейде өрімге талшық сымтемір салып өрген. Ондай қамшылар ыңғайына және қамшы иесінің қалауына қарай өріліп отырған. Қамшы саптан, өрімнен және бүлдіргіден тұрады. Саптың қолға ұстар жері былғарыдан қапталады. Кейде қайыстан өрнектеліп өріледі. Қамшы өрудің көптеген түрі қолданылады, соның ішінде 3 таспадан 32 таспаға дейін жететін түрі кіреді. Өрімдер домалақ, жұмыр, төртқырлы болып келеді.

Қамшының қарапайым түрінің бірі—бишік. Ол қамшыға қарағанда қарапайым, өрімі сабынан үш-төрт есе, кейде одан да ұзын болуы мүмкін. Оны мал айдағанда, ат-арба не ат шанамен жүргенде жиі пайдаланады. Өрім алғашқы басында жуан болып ұшына қарай жіңішкері береді. Қамшыны жасау үшін ең бірінші теріні илеп, иін қандырып, қайыс өңдеп шығару қажет. Әдетте оны бояуға да, боямауға да болады. Сосын қайысты тарам-тарам етіп тіледі. Өрім саны неғұрлым артқан сайын сапасы да арта түседі. Алайда, оны өру де айтарлықтай қиындайды. Өйткені, өрім саны қаншалық көбейсе, соншалық қайыс тармағын жіңішкерту қажеттігі туады.

Қамшылардың ең қолайлысы 12 өрімдігі болып табылады. 6 өрім қарапайым түріне жатады. Осы күндері тобылғы сапты қамшыдан елік сирақты сапты қамшыға сұраныс байқалады. Елік сирағынан жасалған қамшы сәндікке болмаса, қажетке жаратуға келе бермейді. Әрине, оны да қолдануға болады. Алайда, ел ішінде елік сирағынан жасалған қамшының жолы ауыр деп есептеледі. Сирақ болсын, тобылғы болсын алдымен кептіріп алынады. Сосын барып бүлдіргісін қайыстан ойып шығады. Бүлдіргіге түрлі пішіндегі ою-өрнектер салынады. Бүлдіргі тесіліп, қайыс жіппен таспаға тастай оралады. Ең соңында үш бөлік те бір-бірімен бекітіледі. Таспаның орта тұсына дейін оралған қайыс өзінше сән беріп тұрады. Қолдан сырғып түспеу үшін саптың соңы тесіліп жіп өткізіледі. Ал, бишіктердің сүйірленген ұшына әдейі шашақ байла-

нады. Сүйір қамшы ысылдап сес көрсетіп тұрса, шашақтан қамшы жерге сілкей ұрылғанда мылтық атылғандай дыбыс шығады.

Ал ұл баланы «атқа мінгізу» ғұрпында бәсіре атқа ашамай ерттеп мінгізіп, аяғын тепкішекке сұғып, қолтырмаш ағашпен екі қолтығынан сүйемелдеп танған соң ақсақалдар бата беріп, баланың қолына аттың тізгіні мен қамшы (!) ұстатады. Осылайша әлеуметтік мәртебені айқындайтын инициациялық ғұрып жосынында қамшы орын алады, бұл әрі Хан сайлаудағы ғұрыптың мини проекциясы іспетті.

Ер-тұрман жабдықтарының ішінде қамшы киелі құрал болып саналады. Соған орай қамшы атауымен байланысты этнографиялық ұғым да көп. Мысалы: халқымыздың қамшы тастау (яғни сөз сұрау), қамшы жұмсау (яғни сабау), қамшы болу (яғни әсер ету, себепкер болу), қамшы қайтару, қамшы салу (түрткі болу) т.б. Қамшы қайтару құдалық, яғни құда түсу жолында жасалатын жоралғы. Ұлына қалыңдық іздеген жігіт әкесі ауылдың ақсақалы мен азаматтарына және өз туған-туыстарына жолығып, шаруасын айтады. Бұған жанашырлар ақыл қосып, пәлен жерде жақсы отбасының бойжеткен қызы бара екенін хабардар етеді. Әрине, бұл жерде болашақ құдалардың текті жерден болуын қалайды. Сөйтіп жігіт әкесі өзінің беделді адамдарын ертіп қыз әкесінің үйіне барып түседі. Қонақасын ішіп аттанған қыз әкесі өз қамшысын кереге басына іліп кетеді. Мұны көрген қыз әкесі келген кісілердің аты-жөнін, ата-тегін білгеннен кейін оларға тиісті жауабын беруі керек. Егер қыздың басы бос болмаса (яғни біреуге айттырылып қосылса) немесе қызын бергісі келмесе қамшы иесіне қайтарылады. Мұны қамшы қайтару дейді. Бұған жігіт әкесі ренжімейді. Қызға белгі тастаудан «біз шаншар» деген де жолы бар. Қамшы той өткенше төрде ілулі тұрады. Жігіт жағы уағдада тұрмаса, қамшыны кері жолдайды және ол салтты «қамшыны қайтару» деп атайды. Солайша «қызының басын босатады» немесе билерге жүгініп, жігіт жағына айып төлетеді [4, 208 б.].

Жаңа түскен келіннің бетін үкілі, қоңыраулы қамшымен ашады. Андалықта қамшысын ауыстырып ұстайды. Қамшыны сыйға тартқан кезде кісінің қолына ұстатпайды, жерге тастаудың мәні береке-күт бірге кетпесін, ұшығы жерде қалсын, салмақты жер ғана көтереді дегіндігі. Қазақта қамшы ұрлау үлкен қылмысқа саналса, тувалықтарда қамшыны құттың тұрағы, ырыс сыйлаушы атрибут санайтындықтан оны әкету бақытына таласқанмен бірдей саналған.

Қазақ санасында қамшыға байланысты туған паремиологиялық мәліметтерде қамшының алуан түрлі қызметі

туралы ақпараттар таңбаланған. Айталық, қамшы сілтесе келді – егесу, кіжінісіп бір-біріне қарсы келіп тәжікелесу; «қамшы үйірді» – қорқытып, қауіп төндіріп, күш көрсетті; «қамшы болды» – түрткі болды, итермеледі, «қамшыдай қатты» – арқтады, арып жүдеді; «қамшысын алып келуге (беруге) жарамады» – шірік, былжыр, қолынан дәнеңе келмейтін кісі және т.б..

Сайып келгенде, қамшы қазақы дәстүрлі ортада адамның тіршілік циклының ең мәнділерінің (туу–азамат болу–өлу) барлығына қамшы «араласады». Ғұрыптарға қатысты атқарылатын жосын- жоралғыларда (бесікке салу–атқа міну–қалыңдық таңдау – құдандалық – үйлену–өліктің артын беру-марқұмға белгі көтеру) және адамның амандығы мен денсаулығы қамтамасыз ету (сақтандырушы, емдеу шараларында және т.б.), түрлі деңгейдегі (адам, қауымаралық, рулық деңгейдегі) қатынастарды (дау-шарды) реттеуде маркер, көшпелі ортадағы мәдени жадыны (этикет, ақпарат, коммуникациялық мәдениет және т.б.) өміршең ету «құралы», күнделікті тұрмыс, шаруашылық қарекетінде (қару, саятшылық) сияқты адам болмысының барлық қырына араласатын сан алуан семантикалық жүгі бар мәнді мәдени категорияның ролін атқарғандығын, яғни кешенді «қызметтері» бар, ерекше мәнге ие сакралды бұйым екендігін екшеп айтамыз.

Қамшының өрім әдісі, түрлері мен ерекшеліктері: қамшы сабының тобылғы, ырғай, еліктің сирағы тәрізді т.б. заттардан жасалатыны белгілі болды. Әсіресе, тобылғы сапты қамшы жиі кездеседі, оның себебі тобылғының ерекше мықтылығына, оны этномәдени ұжымның санасында ерекше қадір тұтатын зат екеніне байланысты болуы мүмкін. Қанша жүйрік болса да, қазанатқа бап керек, қасиетті қамшыға тобылғыдан сап керек дейтін сөз орамы осыны аңғартады.

Кейбір өрімшілер ат қамшының сабын қайыстың өзінен тығыз етіп өреді. Оны өрме сапты қамшы дейді. Қамшыны, негізінде, мықты қайыстан өреді. Түйелі елде шідер, шылбыр, қамшы, т.б. түйенің құйыршығынан істеледі. Ал құйыршық дегеніміз – «түйенің ұзын құйрық терісінің ортасынан тілгендегісіндей етіп бөлек алған тері» [5].

Қамшы өрудің шеберлерін қазақтар өрімші деп арнайы атаған. Кейбір өрімшілер әдетте өрімнің ұзындығын қамшы иесінің тұтамына лайық өруге тырысқан. Өрімшілікте айтылатын мына сөз осы бір ерекшелікке байланысты болуы керек:

- Ассалаумағалейкүм (1-тұтам)
- Әлікассалам! (2-тұтам)
- Жол болсын! (3-тұтам)
- Әлей болсын! (4-тұтам)
- Қайда барасың? (5-тұтам)
- Тобылғы сайға барамын. (6-тұтам)
- Оған неге барасың! (7-тұтам)
- Қамшы сапқа барамын. (8-тұтам).

Бұдан байқайтынымыз, «Сегіз ауыз сөз» – «сегіз тұтам» - өрімшілердің ортақ өлшемі. Өрімшілік ерекше өнер.

Өрімнің түрлері:

1. Үш не төрт бұрым өрімі қайыстан өріледі және бөйге қамшыға қолайлы. Өрімдерді өңдейтін әр түрлі құралдары болады. Өрімді көбіне екі тақтайдың арасына салып әрі-бері итермелеп, домалатады. Төрт өрім, сегіз өрім қамшылар төрт қырлы болып шығады, оларды жаңағыдай тәсілмен домалақтайды.

2. Алты өрім. «Әй, алты өрім бұзау тіс, көп былжырамай аттан түс!»

3. Сегіз өрім, төрт қырлы. Бұл мал айдауға қолайлы. Соп, үйір, ноғай қамшыларға--қолданылады.

4. Он екі өрім қамшы. Лайық болар сәндікке. Сәндік қамшылардың өріміне қарай олар төрт, алты, сегіз, он екі қырлы болып жасалына береді. Оны қырлау үшін сүйектен, мүйізден қалақша жасап, ортасына әр түрлі қырлы тесіктер жасалынып, өрімнің түріне қарай әр тиісті тесіктен өткізіп, қамшы өрімінің қырын-шығарады.

5. Қырық екі өрім, бұл тарамыстан өріледі. Оны «Қырғыз өрме» деп аталынып кеткен екен. Өрімді дайындау кезінде иленген теріні үш елі кесіп, ұзындығын оның саласына қарай с ы д ы р ғ ы д а н өткізіп, жалпақтығын, енін, қалыңдығын реттейді. Ал сыдырғы үш тұтам тобылғыдан жасалынады. Ол үшін тобылғының үш жағына кертпе салынып, сол арқылы өткізілетін таспаның, терінің ені, қалыңдығы мөлшерленіп, әдейілеп қондырылған пышақтың жүзімен тілінеді. Ал шикі теріден жасалынған қайысты таспа дейді. Тарамысты қырық екі өрім қылып тарқатады да, содан өрім өреді, ол үш тұтам болып шығады. Өрім дайын болған соң оған алақан дайындайды, ол тобылғы сапты қамшыға бауырымен өріледі. Бауырын тобылғыға орап ұстатқан қамшыны «Қазақтың ала қамшысы» деп атайды. Ол алақанның екі-үш түрі бар, тұзу және жыланбас. Ал тағы бір қамшыны 50 жасқа келгенде «енді сен ел ағасы болдың» деп, киелі еліктің тұяғынан саптап қолына

ұстатады. Оны Ел аға қамшысы дейді. Билікке келген адам, қол басшы, ақ сақал сыйлы қария, серілер сабы киелі тау текенің мүйізінен жасалынып, алтыннан, күмістен әшекей орнатылған қамшыны ұстайды.

Баланы сүндетке отырғызғанда өз атасы ат мінгізсе, нағашы атасы қамшы ұстатады. Ал нағашы атасы ат мінгізсе өз атасы қамшы сыйлайды. Сөйтіп, піштірілген бала сыйлы атпен қамшы иесі болып есептеледі.

Мал басы түйені айдауға тобылғы сабы он бір тұтам, өрімінің ұшында ортасы тесік (жырылған) алақандай жалпақ қолы болады. Оны шыбыт қамшы дейді. Осы шыбытқы қамшыдан кейде құрықтама жасалынады. Еліктің сирағына түз сіңіріп, кептіреді. Ал таутекенің мүйізін кескеннен кейін оны қайнап тұрған суға әбден қыздырып түзетіп алады. Сосын барып кептіреді, ысқылап тазартады. Әшекей үшін алтын (күміс, қара күміс, қола, мыс) қаңылтырлар қолданылып, бетіне бедер, түрткі (чеканка) салынады, үстіне асыл тас орнатылады, түрлі-түсті қайыс байланады. Сарбаздарға арналып мүйіз сапты қамшылардың сабына пышақ-қанжар қондырылған. Бектерге де сирақ (түяк) қамшыға қанжар қондырылып, сабына алтыннан, күмістен сақина орнатылған, ал сұлтандарға Ақнақ пышағы қымбат тастармен көмкеріліп мүйіз қамшының сабына қондырылған.

Осы сабы тобылғыдан жасалынатын қамшылардың өзіндік атаулары болады, ол сол қамшының қандай мақсатқа қолданылатынына байланысты-бірнеше-түрге-бөлінеді:

1. Сүндет қамшы. Атадан – балаға, баладан – немереге, немереден – шөбереге, шөбереден – неменеге келе жатқан ата дәстүрі бойынша баланы сүндетке отырғызғанда оған тума-туыстары тобылғы сабы төрт тұтам қамшыны сыйға тартады екен:

2. Бәйге қамшы. Бәйгеге шабатын тобылғы сапты қамшының ұзындығы төрт тұтамды құраса, оның ұзындығын шынтақтан шынашаққа дейінгі аралықпен де өлшей берген және сабының жуандығы шынашақтай болады. Бәйгеге түсерде шабандоз қамшысына былай серт береді екен: «Шаба алмасам маған серт, шаба алмаса астымдағы атыма серт, шаптыра алмаса қолымдағы қамшыға серт!»:

3. Көкбар қамшы. Көкбар тартуға арналған қамшының тобылғы сабының ұзындығы үш-ақ тұтам және жуан болады. Көкбар қамшының сабына, жылан басты алақанына көкбаршының қолын жырттып, зақым келтірмес үшін ешқандай әшекей салынбайды, темір атаулы қолданбайды. Додаға түскенде мынандай серт айтылады: «Атыма – айбат, тақымыма – қуат, қамшыма – жігер бер!»:

4. Дойыр қамшы. Дойыр қамшының тобылғы сабының ұзындығы бес тұтам, сабы мен өрімі өте жуан болады. Оған да серт айтылады: «Дойыр қамшым доңыздай (жуандығы) болсын, ауырлығы қорғасындай, мықтылығы емендей болсын. Білек күшіме қуат қосып, жауым әрдайым құлап жатсын, халқым жеңіске жете берсін!»:

5. Неке қамшысы. Бала ер жетіп, көмелет жасына келгенде отау құрар кезінде ол дос-жораларын шақырып алып; «Мен үйленемін. Маған жігіт жолдасы керек (күйеу жолдас)» – дейді екен. Жолдастары қамшыларын бір жерге құпия жинап, алып келіп алдына тастағанда үйленетін жігіт соның ішінен ең жақсысын тандап алып, қамшы иесін өзіне жігіт жолдасы етіп тағайындайды. Қазіргі бөрінің «Дала демократиясы» деп шулап жүргендерінің мәнісі бар, сол кездегі жігіт жолдасын таңдау кезінде олардың арасында ешқандай қызғаныш, өкпе болмас үшін жаңағыдай әділетті әдісті қолданған. Өне, сонда құда да тиыш, құдағи да тиыш, кімнің қамшысы таңдалды, сол – жігіт жолдасы болып тағайындалған.

Бұл Неке қамшысының сабы қыз балаға еліктің сирағынан жасалынған. Егер қыз баланың ата-аналары әлді болса оның қамын ерте ойлап, қырқынан шығарысымен жасауын күні бұрын даярлап, атақты шеберлерге еліктің сирағын әшекейлетіп, өрімін тарамыстан өргізіп, шашақ салғызып, сабына күміс не алтын, не жез қаңылтырға бедер – ою жүргіздіріп үзбелеткен, ортасына асыл тастар орнатып көмекткен. Тасына қарай қыздың жұлдызын (гороскопын) білуге болады екен. Кейіннен қыз ұзатылып, айттырылған жеріне келін болып түскенде қайын атасы жүк шешетін жерге кірмейтін себебі, қыз жасауының үстінде қыздың қамшысы жатады. Оны бәйбішелер жүктен шешіп алып, келіннің қайын атасына, қайныларына алып шығып көрсетеді. Жиналғандар қамшының әшекей-сәнінен шебердің кім екенін танып, қай уақытта жасалғанын біліп, өзіндік бағасын беріп, қыздың төркінінің қаншалықты ауқатты екенін пайымдайды екен. Қамшының түріне қарап, тасының бағасы арқылы сын айтып, көрімдігін береді. Егер қамшы ойларынан шықса онда қыздың төркіні оның қамын ерте ойлағанын, жөнді білетін әлді адамдар екенін болжаған. Егер қамшы қыз бой жеткеннен кейін жасатылып, не болмаса туыстары жиналып әкеліп қосқан болса, ол да назардан тыс қалмаған. Қыз жағы оның қамын кеш ойлаған болып шығады.

Әрине де сол қамшыға қарап, келінді қайын атасы, ауыл ақсақалдары былай сынаған:

а. Егер қамшы таза, ұқыпты болса, онда келіні де бойына таза, ұқыпты, жақсы-жаманның бағасын білген. Түскен жеріне құт болатын нышанасын танып, қуанған, тәубесіне шүкірлік еткен.

ә. Қамшы лас, өрімі ұйпы-тұйпы болса, онда келіні біреудің ерке-тотайы, не болмаса салақ, «өзіне де қарай алмаған қыз бала, қамшыға қайдан қарасын да» деген. Қыздың мінез-құлқына, шыққан тегіне іштей күдік тудырған. Оны өздерінше тәрбиелеуге тырысқан. Міне, сонымен, қыздың төркінінен бірге келген қамшысы мен күйеу балаға «Жігіт жолдасы» сыйға тартқан қамшылар төсек тұсында қатар қыстырулы тұрған. Содан да екеуінің арасында жын-шайтан, әзәзіл жүрмейді, некелері берік, жаман ойдан аулақ болады екен. Себебі, қыз бен жігіт ұйқыдан көзін ашса көз алдында «Сес» пірі тұрады, бірінің күйеуі, бірінің қалыңдығы екендігін, қамшының киесіндей пәк, таза болу керектігін естеріне салып тұрады. Бұрын бабаларымыз «неше балаң бар?» деп сұрамаған – көз-тілден қорыққан. Қамшы ұстауға жасы келмеген баланы «күл шашарың бар ма?» деп сұраған. Қалғанын керегедегі қамшыға қарап түсінген.

6. Соп қамшы. Өгіз айдауға арналған қамшы. Тобылғы сабы төрт тұтам, өрімі ұзын жиырма бес тұтам, болады және ұшына қайыстан төрт қарыс жалқы бау тағылып, ол арбаның ұзындығына қарай жегулі атқа не өгізге жететін болуы керек. Сонда бар ұзындығы екі жарым құлаш болып шығады.

7. Үйір қамшы. Бұны жылқышылар ұстайды. Өрімінің араларын үш шығыршық біріктіргендіктен ұзын етіп жасалынады. Түйе айдайтын үйір қамшыны шыбыт қамшы деп атайды.

8. Ноғай қамшы. (Ногайка). Аралары жақын орналастырылған екі өрімнен тұрады және салмақты болу үшін өріміне үлкен шашақтар орналастырылады.

9. Баптау қамшы. Асауды үйрету кезінде оны үркітіп, қорқытып алмау үшін бұл қамшының өрімі тобылғы сабының басынан аяғына дейін түгелдей шикі теріден өріліп, ішіне қайыстан қатты өзек салынады. Сол өзектің арқасында өрімнің тік тұратын қасиетін қылыш сияқты дейді екен де, орыстар содан оны «хлыст» деп атап кеткен көрінеді.

10. Аңшы қамшы. Сабының ұзындығы бес тұтам, ұшында қорғасын өрілген өрімі он екі тұтам. «Алдымдағы қасқырға айбат, ердегі қанжығама байлат» – деп, тілеу тілеп шыққан аңшы аңға

жақындап, қуып жеткенде; «Түзу тигізу маған міндет, ұшындағы қорғасын саған серт!» – дейді екен. Дойыр, аңшы, барымта қамшыларды дырау қамшы деп те атай береді.

11. Барымта қамшы. Тобылғы сабының ұзындығы алты тұтам, жуан өрімі он тұтам, түйіні де жуан әрі ұзын болып істелінеді. Екі аттылы төбелескен кезде бір-бірінің бойынан асыра сілтегенде қамшының үші тіпті үшінші қарсыласының тізесіне не тобығына тиіп, жанын сақадай сақылдатып, аттан аударып түсіре білген. Міне осындай тобылғы сапты қамшыларын ата-бабаларымыз бізге аманат-мирас етіп кеткен. Біз соны орынды жеріне жұмсай алмай-отырмыз...

Қамшы бұл Қазақ халқына тән нәрсе. Оның бойында қасиеті де, күдіреті де, киесі мен иесі – Сесі бар. Қазағымыз мөнгүрттеніп, судан тиыш, бетегеден аласа болып қалғаны да осы қамшысын ұмытып, одан айырыла бастағанының кесірінен. Қазақтан белінен семсері мен қанжары, шашырағынан қылышы мен найзасы, астынан аты, қолынан қамшысы кетіп еді. Сесі де бірге жоғала бастады. Сонау Сақтар заманынан Қазақ бабам мынау ұлан-ғайыр кең даланы білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғаған. Аты прағы болса, тобылғы сапты қамшысы серігі, Сесі болған. Ат айдаса – құралы, аң ұстаса – қаруы, жабырқанса – сырласы, жауға шапса – рухы, дұшпанына – Сесі!

Қамшы жүрген жерде, оның өрімінде періштелер дұғасы ере жүреді екен. Сондықтан да ол мұра болып, бабалардан – аталарға, аталардан – әкелерге, әкелерден – балаларға, одан да беріде мына бізге жеткен. Кейінгі ұрпаққа жеткізу біз үшін, әрбір Қазақ үшін үлкен парыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <http://www.kazaksha.kz>, Абай жолы аударма бюросы.
- 2 Нұргелді Уәлиұлы. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы.
- 3 Бабақұмар Хинаят тарих ғылымдарының кандидаты.
- 4 «Қазақтың салт - дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары», 208 б.
- 5 Себепов Ғұламқайыр. Түйе және оның әбзелі туралы қысқаша атаулар // Известия Каз. ФАН СССР. Сер. языка и литературы. 1944, № 1.

ҚЫМЫЗ – ШИПАЛЫ СУСЫН

АМРЕНОВА А. Б., МУСАТАЕВА А.

7 «Ә» сынып оқушылары, № 25 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Қымыз сапалы тамақ өнімі ғана емес, сондай ақ шипалы сусын деп те есептеледі. Халық арасында қымызды көңіл күй сергектігі және ұзақ жасау сусыны деп текке атамаған. Халық медицинасында ата-бабаларымыз емдік сусын ретінде қымызды асқазан, өкпе, ішек ауруларына пайдаланып келген. Қымызды қазақ халқымен қоса көрші қырғыз елі, татарлар, башқұрт халықтарында да емдік мақсатта қолданған. Қымыздың құрамына кіретін түрлі заттардың бәрі де адамның бойына жақсы сіңеді. Майы дәмді, белогы тез сіңімді. Аз шамада кездесетін сүт және көмір қышқылдары адамның төбетін ашып, асқазанның жақсы жұмыс істеуіне жағдай туғызады. Қымыз — жылқы сүтінен алынатын қышқыл сүт өнімі, қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дастарқан дәмінің бірі. Бие сүтінен қымыз ашытады. Қазақтың ертедегі көшпелі өмірінде ауруға ем болып, сауға қуат берген осы қымыз. Бие сүтінде қант көбірек болады, оны жаңа сауған сүттің дәмін татып білуге болады. Қымыз-қасиет тұтарлық қазақ халқының ежелгі сусыны. Қазақ халқы бұрыннан қымызды сүйсініп, ішеді. Ежелден аталарымыз алыс сапарға аттанғанда қымызды торсыққа құйған болатын. Себебі, торсыққа құйылған қымыз ашымайды, дәмі сол қалпында қалады және емдік қасиетін жоғалтпайды. Ешқандай сусын қымызбен тең келе алмайды.

Қымыз дәмділігімен бірге өте пайдалы. Қымыз – ауруға ем, сауға қуат. Қымыздың денсаулыққа тигізер пайдасын айтып тауыса алмайсың. Оның емдік қасиеттері, әсіресе күрт ауруын емдеу қасиеті жоғары. Қымыздың адам ағзасын әлсірететін созылмалы ауруларға қарсы күресетін артықшылығын да айта кеткен жөн. Дәрігерлер қымызды безгек ауруына және жөтелге қарсы ішуге ұсыныс жасайды. Қымызбен емделгенде қан құрамындағы гемоглобин эритроцит көбейеді. Тамырдың соғуы жиілеп, қан айналымы жылдамдайды. Қан тамыры жұмысы мен жүрек соғысы жақсарады.

Қымыздың адам сырқатына, адам жасына байланысты түрлері көп.

Бал қымыз – бал, қант, өрік-мейіз қосылып ашытылған қымыз; сырқат адамға, балаларға, жас босанған әйелдерге беріледі.

Сірге жияр қымызы – күздігүні бие ағытарда бірнеше күн жиналған қымыз; салт бойынша сірге жияр қымызға ел шақырып, бөліп ішкен.

Уыз қымыз – бие сүтінің уыз дәмі тарамаған кезде ашытылған қою қымыз. Май қымызы деп те аталады.

Сары қымыз – жаздың ортасында, шоп әбден піскен, буыны қатқан кездегі қымыз. Қош-қоннан қымыз көп шайқалып, көп пісіледі де, ірімшігі жақсы жазылып, ашуы білінбей, қымыздың күші оз бойына сіңген сарғылт болады. Сары қымыз өте жұғымды, шипалық қасиеті мол.

Қазақтар жыл маусымына қарай қымызды уыз, жазғы, күзгі, қысқы және биенің жасына байланысты болатыны белгілі. Олардың мынадай түрлері бар:

1. Түнемел қымыз – мол қордың үстіне сүт қышқылыарнаулы торсықта сақталып, екі тәулік сапырылған, пісуі жеткен қымыз;
2. Құнан қымыз – үш тәулік бойы ашытылады;
3. Дөнен қымыз – төрт тәулік ашытылады;
4. Бесті қымыз – бес тәулік ашытқан қымыз;
5. Асау қымыз – бесті қымыздан да күшті қымыз;
6. Қорабалы қымыз – мол қордың үстіне күн сайын сүт құя отырып, бірнеше күн жинаған қымыз.

Қымыз құрамында «С» дәрумені мол, сиыр сүтімен салыстырғанда он есе көп. Оның емдік қасиеттері, әсіресе күрт ауруын емдеу қасиеті жоғары. Оның адам ағзасын әлсірететін созылмалы ауруларға қарсы күресетін артықшылығын да айта кеткен жөн. Дәрігерлер қымызды безгек ауруына және жөтелге қарсы ішуге ұсыныс жасайды. Қымызбен емделгенде қан құрамындағы гемоглобин эритроцит көбейеді.

Қазақ халқы қымызды қасиет тұтаны соншалық тіпті қымыз суынына арналған той-думан өткізеді. Ол-«Қымызмұрындық» деп аталады. Сол күні адамдар бір киіз үй шаңырағына жиналып, қымыздың алғашқы дәмін татады. Кез келген тілек білдірген адам қымызды бір ұртап, оның тамаша дәміне таңғалады. Киіз үй шаңырағына ата-әжелер жиналып, жастарға бата беріп, ізгі ниет білдіреді. Кейбір балалар қымыздың дәмін алғаш рет татып, сүйсініп ішеді. Қымыздың қасиеттілігі, тамаша дәмі соншалық тіпті қазақ халқы «Қымызмұрындық» деп аталатын салттанаты, қуаныш-шатыққа толы той-думан ұйымдастырды.

«Қымызмұрындық» тойында халық жиналып, жас балалар түрлі қызықты ойындар, іс-шаралар өткізеді. Жас жігіт пен өрімдей қазақтың сұлу қыздары алтыбақан теуіп, көңіл көтереді.

Қазақ халқы қымызды байырдан бері пір тұтып, қасиетті сусын деп санайды. Сондықтан да ақындарымыздың, ата-бабаларымыздың еңбектерінде, нақыл сөздерінде қымыз туралы көп айтылған. Қазақ халқының бір ғасырлық тарихын басынан кешірген Жамбыл Жабаев ақын атамыз:

Үйірілген сары алтындай сары қымыз,
Ауруға – ем, сауға – қуат, дәрі қымыз.
Елімнің баяғыдай сүйген асы,
Шығаршы тағы нең бар кәрі қымыз, —

деп жырлаған екен. Бұның өзі қымыздың қасиеті мен бірге оның түрлерінің көп екенін аңғартады.

Және де В. Толстиков деген дәрігер қымыздың емдік қасиеті туралы «Қымыз асқазанды емдеп, адамның өзін әлдендіреді, оның тәнін жаңғыртады» – деп жазған еді.

Қымыз-өте пайдалы, қасиетті, емдік қасиеті бар қазақ халқының сусыны.

Н. Ә. Назарбаев қымыз сусынын кастерлеп, былай деп ой-толғады:

«Арақ-шарапты қойып, қымызға көшуіміз керек!»

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Дін мен дәстүр» 97 б.

2 Қ. Бозымов «Жылқы және түйе шаруашылығы» 22 б.

3 Қ. Дүйсенбаев, З. Сейітов, Ә. Хасенов «Қымыз» 16 б.

4 Ғаламтор материалдары: Қымыз — Уикипедия, Қазақша Ашық Энциклопедия. kk.wikipedia.org Қымыз.

ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРІНДЕГІ ҚЫЗ ЖАСАУЫ. ШЫМЫЛДЫҚ – ЖЕЛБІРЕУІКТІҢ СЫРЫ МЕН ҚҰПИЯСЫ

АРМАН Қ.

7 сынып оқушысы, №40 жалпы орта мектебі, Павлодар қ.

Қазақ халқы сонау ықылым заманнан бері ешқашан өзінің салт-дәстүрін, қайталанбас ұлттық құндылықтарын жоғалтпаған мәдени халық. Осы құндылықтардың ішіндегі ең бағалысы, қадірлі де қасиеттісі бұл салт-дәстүр. Көп халықтар қазіргі заманда түрлі дүниелерімен, бірі әнімен, бірі сәнімен әйгілі болып жатса біздің

қазақ халқы әрдайым саналы салт-дәстүрімен әлемге танылып жүр. Салт-дәстүрдің біздің күнделікті өмірімізде де ерекше орын алатынын айта кеткеніміз жөн. Маған ғылыми жоба жазған ұнайды. Бұл өте күрделі әрі қызықты жұмыс. Осы тақырып арқылы мен өз білімімді әріқарай тереңдеткім келеді. Сол себепті де қазақ салт-дәстүрлерін арқау етіп «Шымылдық желбіреуік» жайлы жоба бастадым. Бұл жобада мен қазіргі күнде ұмытылып бара жатқан дәстүрлерімізді қайта жаңғыртқым келеді. Сонымен қатар келер ұрпақтың біздің тарихта ойып тұрып орын алған қазақы салт-дәстүрін өз пайдаларына қолданып, оны әріқарай зерделеп, көптеген мемлекеттерге танытып өздерінің асыл мұраларымен мақтанып өткенін қалаймын. Осы ғылыми жоба барысында мен шымылдық желбіреуік жайлы ауыл ақсақалдары мен әже апалардан сұхпат алдым. Олардың кеңесіне терең үңілсек біз қазақ салт-дәстүрінде шымылдық желбіреуіктің маңызы қаншалықты зор болғанын білдім. Егерде бұл ғылыми жобам алдағы уақыттарда терең ауқым алып, биіктерден көрінсе оны әріқарай жалғастырып қазақ салт-дәстүрін танытуға аз да болса өз үлесімді қосқым келеді. Осы жобаны жазу барысында мен ең алдымен қазақ салт-дәстүріндегі қыз жасауы дегенге көп көңіл бөлдім. Қыз жасауы жайында ең алғаш рет анамнан сұрағанда анамның аузынан шыққан «Шымылдық-желбіреуік» сөзіне қызығушылығым арта түсті. Кейіннен осы шымылдық желбіреуік жайлы ауыл-кітапханасынан біраз мәліметтер жинап ақырында осы шымылдық-желбіреуік жайлы ғылыми жоба жазуды жөн санадым. Өйткені, бұл жобаның маған да өзгелерге қызықты болатынына көміл сенімді болдым. Содан соң бұл жайлы ауыл адамдарынан, ұстаздардан сұрай бастадым. Соңында бұл жайлы көп адамның біле бермейтініне көзім жетті. Осыдан кейін оның мән-мағынасын ашуға деген қызығушылығым арта түсті. Осы шымылдық желбіреуіктің шығу тарихын ашық энциклопедиялардан іздей бастадым. Кейіннен бұл шымылдық желбіреуіктің қыз жасауында алатын орнын зерттедім. Зерттей келе шымылдық желбіреуіктің ешқандай өндірістен шықпағанын, оның біздің сонау ата дәстүрімізден бері асыл мұра болып келе жатқанын білдім. Оны біздің әжелеріміз өз қолдарымен жасап дайындаған екен. Көзімдей көріп жүрсін деген ниетпен қызына, ұлына мұра етіп қалдырған.

Қазақ салт-дәстүрі ерте заманнан бері өзінің алтын қазынасын, мәдени мұрасын жоғалтпайтын қазақ мәдениетінің нағыз сарқылмас бөлшегі. Ол сонау заманнан бері көшпенді халықтың тұрмыс-тіршілігінде қолданылып келе жатыр. Қазақ халқының бірнеше

ғасырлық өмір тәжірибесінде әр істің, салт-сананың реті мен жөн-жобасы болады және барлық жұмыс оған сәйкес атқарылады. Ол қалыптасқан салт-дәстүрлер бүгінгі күнде де қолданылады. Әрине, әрбір ұлттың, әрбір халықтың өзіне тән тілі, діні, салт-дәстүрі болады. Қазақ халқы болса қазіргі күнде тіпті бұған дейін де ең алдымен қазақы салт-дәстүріне ерекше көңіл бөле білген. Қазақтың салт-дәстүрлері өте көп. Олар ең бірінші әр отбасының таным түсінігі мен ұлттық санасына, тәрбиесіне тікелей байланысты. Жалпы алғанда, қазақ халқы көбінде киіз үймен көшіп – қонып, мал шаруашылығымен шұғылданатындықтан «көші – қонды көлік біледі» дегендей, бір үйлі жан, ата-әнесі, келін – кешегі, балалары үлкен бір үй тігіп, сол үйде бірге күн кешеді.

Әрбір отбасының ең басты қуанышының бірі – қыз ұзату, келін түсіру. Иә, қазақ халқының үйлену дәстүрінде «келін түсіру» ғұрпы да бар. Қазақтың байырғы дәстүрі бойынша қалыңдықты яғни келінді «жасауын артып» қыздың әке-шешесі өздері бас болып құдасы ауылына жеткізетін дәстүр бар.

Қазақтың үйлену дәстүрінің бір қыры «жасау» болмақ. Жасау берудің мөлшері қалың мал мөлшеріне негізінен пара пар келеді. Жасау сөзі « жаңадан жасақтау, жасау, істеу», «жаңадан істелген, жаңадан жасалған» деген сөздермен тектес, түбірлес, мағыналас келеді. Жасаудың негізгі құрамы: жаңа ақ отау, төсек орын, киім кешек, қару жарақ, құрал жабдық, жүйрік ат, сойыс малы және ірілі ұсақты сыйлық бұйымдар басқадай дүниелер беріледі. Жалпысы жасауға бір үйде болатын барлық дүниені түгендеп беруге әке шешесі ұмтылады. Осыған орай қазақта «қыз жасауын алты жаста жасаса – асады, жеті жаста жаса – жетеді» деген нақыл сөз бар. Жасауды апарар алдында ауыл болып жиналып, сыннан өткізіп, тыңғылықты дайындық жасайды. Қыздың жасауы ағайын-туыстың береке-бірлігі және әр үйдің мал-дәулетіне, хал-ахуалына байланысты әртүрлі мөлшерде болады. Қазіргі кезде қыздың жасауына оюлы, сырылған көрпелерді арнайы тапсырыспен тіккізеді. Әрбір ана осы көрпелердегі ою-өрнек арқылы өзінің сүйікті қызына жүрегінің бір бөлшегін бөліп бергендей еңбектенеді.

Олай болса дана халықтың өзі жасап қалдырған осы әдет-ғұрып пен жөн-жосықты біліп, үйрену және өмірде қолдану ағайынды адастырмас сара жол болып табылары анық. Міне сондықтан да осы қазақ салт-дәстүрлерін насихаттап жалғастыра беру мақсатында қыз жасауына берілетін шымылдық-желбіреуіктің мән-мағынасы мен тәрбиелік мәнін анықтағымыз келеді.

Қазақ халқының киіз үй және төсегінің сәндік, көлегейлік жиһазының бірі шымылдық. Шымылдық төсектің ошақ, от жағына тартылған перде. Шымылдықты түнде ұйықтағанда жабады. Таңертең тұрғанда ашып қояды. Шымылдықты жоғарғы керме бауынан уыққа керіп байлап қояды. Шымылдық яғни ортасынан жарылып ашылатын болады. Тұйық шымылдықты тек өлген адамға кереді. Шымылдық арқылы төсек кішкене бөлмеге айналады. Шымылдықтың ішінде киім ауыстыруға ыңғайлы. Шымылдық сол Оң жақтағы төсектердің алдына тартылады. Сол жақтағы үй иесі егде адамдар шымылдығын сондай әлем-жәлем сәндемейді. Ал жастардың және жас жұбайлардың шымылдығын асыл бұлдардан, түрлі түсті торғыннан тігіп істейді. Шымылдыққа көз сұқтан сақтану үшін үкі тағылады. Ал қариялар шымылдығы қарапайым маталардан тігіледі. Үкі тағылмайды. Қазақта асыққан кісіге «Немене, сондай асығып шымылдығын желпілдеп тұр ма?» десіп жатады. Бұл үйде жас жарың күтіп отыр ма дегенді меңзейді. Күндіз шымылдықты жаппайды. Бұлай істеу өлімді тілеу, жаман ырым деп көрінеді. Ою өрнектен басқа шымылдыққа үкі, ақ тана, күміс теңгелер тағы басқадай әшекей бұйымдар тағады.

Қазақтар қыз баласының он екі жасқа толғанда «от иесі, отау иесі» болады деп, оны үйдің оң жағынан орын беріп, оң жаққа шығарады. Мұны қазақ дәстүрінде «қызды оң жаққа шығару» деп атайды. Осыған сай күйеуге шықпай қалған қызды «оң жақта отырып қалған қыз» дейді. Қызды үйдің оң жағына шығарғанда, оның төсек орнын оң жаққа салып, төсек жабдықтарын төсеп, төсек орнын көлегейлеп, шымылдық құрады. Шымылдықтың ішінде басқадай да қыздың өзіне қарасты дүниелері қойылып, жиылады.

Қазақтың салт-дәстүрінде сәби балаларды емізудің де өзіндік әдет ғұрпы болады. Қазақ баласын кім көрінгенге көрсете бермейді. Әдейілеп көргендерден көрімдік алады. Содан да бала емізетін әйелдерді ерте уақытта шымылдық артына отырғызып бала еміздірткен. Бұл шымылдық оң жақта жас жұбайлардың төсегіне құрылған шымылдық болмақ. Балалы әйел төсегіне отырып, баласын шымылдықпен көлегейлеп емізеді.

Жақсылықтың жаршысы болған бағалы бұйым шымылдық түскііздің алдына құрылады.

Шымылдықтың ашпалы және тұтас шымылдық деп аталатын түрлері бар. Оның кең таралған ашпалы түрі төсектің алдына құрылған. Ол жібек, атлас, ақ сұрып, торғын, торқадан тігіледі, сондай-ақ екі бөліктен тұрады. Басқы жиегіне әсемдік үшін зер са-

лынып, көз тимес үшін үкі тағылады. Шымылдық желбіреуік киіз үйге әрі сән, әрі мән беріп тұрған. Оның ар жағында әдемі түскііз ілініп тұрған. Бұл шымылдық желбіреуіктің құрылуының өзі жақсы ырым болып саналады. Әрі тәрбиелік мәні зор. Өйткені, шымылдық –мәні терең, сәні ғажап ұлттық мұра. Ертеде отбасы мүшелерінің бәрі бір үйде тұрғандықтан ол киініп-шешінуге де ыңғайлы болған. Әрбір үйде әрбір төсектің алдында шымылдық желбіреуік міндетті түрде құрылған және оның маңызы мен ерекшелігі, тәрбиелік мәні де зор болған дес-ті.

Қазақта шымылдық желбіреуіктің маңызы өте зор. Оны ерте кезден-ақ ата-бабаларымыз тәрбиелік мәні жағынан аса қадірлеп, оған зор ықыласпен төсек алдына құрған. Шымылдық-желбіреуік құру қазақта қыз баланың тәрбиесіне тікелей байланысты. Қазақ халқы қыз баланы аса қадірлеп, қастерлеп келген. Осы қасиетімен қазақ ұлы халық болып есептелінеді. Жоғарыда айтып өткендей қазақ халқы қызды құрметтегені соншалық тіпті үйдің оң жағынан орын берген. Шымылдық құрған. Осы жобаны жазу барысында біз қазақ салт-дәстүрлері, толығырақ айтқанда шымылдық желбіреуік жайлы айтарлықтай көп мәліметтерге қол жеткіздік.

- «Шымылдық желбіреуік» сөзінің сырын аштық;
- Шымылдық түрлерін нақтыладық ;
- Шымылдықтың мәдени өмірдегі орнын сараптадық;
- Қазақ халқының салт-дәстүріндегі шымылдықтың алатын орнын қарастырдық;
- Шымылдық-желбіреуіктің адам өміріндегі қызметі жайында көп мағлұматтар білдік.

Сонымен қатар бұл жобаны әріқарай жалғастырып, дамыту арқылы қазақ салт-дәстүрінің өркендеуіне өз үлесімді қосқым келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 2011 жылы Алматы қаласында басылып шыққан 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» 560-беті.
- 2 Қазақ әдеби тілінің түсіндірмелі сөздігі.
- 3 «Сен білесің бе» ашық энциклопедиясы.
- 4 Жеті қазына, Алматы кітап 1,2,3 кітап. Сейіт Қожаахметұлы.
- 5 Қазақ салт-дәстүрлері. Моңғолия Ғылым Академиясының Баян-Өлгей аймағындағы бөлімшесі Қоғамдық-Экономикалық зерттеу орталығы.

ҚАЗАҚСТАНДА ДӘСТҮРЛІ ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРДІҢ ДАМУЫ

АУТАЛИПОВ Н.

8 «А» сынып оқушысы, №9 гимназия-мектебі, Павлодар қ.

БАЙТІЛЕУОВА Е. А.

жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Дәстүрлі зергерлік өнер қазақтардың дүниетанымының және материалдық мәдениетінің басты бөлігі болып табылады. Көптеген ғасырлар бойы дамып келген зергерлік өнер алдыңғы көшпенділік өркениеттің тәжірибесін және бай материалдық, мәдени мұраларды бойына жинақтап келді. Көршілес елдердің мәдениеттерімен және өнерлерімен арласып отырса да, Қазақстанның зергерлік өнері өзіндік болмысын жоғалтпай, ұлттық жарқын келбетімен ерекшеленіп тұрады.

XVIII ғасырдағы монғол шапқыншылығы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларын құлдырауға ұшыратқандықтан, ұсталар мен зергерлердің шеберханалары біраз уақыт бойы бос қалды. Тек XIV ғасырда ғана қалалық кәсіп мәдениеті қайта жандана бастады.

Археологиялық қазбаларда артельдер мен цехтарға ұқсас зергерлер мен ұсталардың бірлестіктері болғаны жөнінде мәліметтер бар. XVI ғасырдағы тарихшы Ф. Рузбиханның жазуы бойынша, қазақтардың кәсіптік өндірісінің орталығы Сырдария қалалары мен Орталық Қазақстанның, Жетісудің ауылдарында орналасқандығын білеміз. Мұнда аттары көпке әйгілі шебер ұсталар, өркеншілер, зергерлер, металл балқытушылар, қырлауыш ісінің шеберлері еңбек еткен.

Рузбихан Бұрындық хан (XV ғасырдың соңы – XVI басы) кезінде қазақтар барлық шеберханаларының толығымен жойылғанына қарамастан, Алтын Орда зергерлерінің өндіру дәстүрін жалғастырып келгендігін жазады: « ... барлық жаһанның базарларында ұзақ жылдар бойы өркендеген, қазақтардың шеберханаларының жайы, басшының қолы мен қылыш соққысынан қирады».

Бұл ақпарат XVI-XVIII ғасырлардың археологиялық қазбаларынан табылған күйдірілген мөрлер, керамикамен, өрнекпен және қазақ ұлыстарының таңбасымен безендірілген шеберхана қалдықтары осы пікірді растайды. Ұсталар мен зергерлер шеберхана қалдықтары Отырар, Сауран, Сығанақ, Күлтөбе, Тараз, Түркістан және т.б. қалалардан табылған.

Баянауыл округінің ежелгі тұрғындарының айтуы бойынша, бұл аймақта шеберханалар XVIII ғасырда ерекше өркендеген.

Мысалы, әкелері бір туысқан ағайынды Олжабай мен Едігенің шеберханасы. XVI-XX ғасырлар бойы қысқы (қыстақтар) және жазғы қоныстарда – ұсталық, ұстахана, темір шеберханалары болды.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде, басқа да халықтардың мәдениетіндегідей, теміршілік өнер мен темір ұсталығы ерекше қасиеттеліп, ерекше мәртебеге ие болған; темір ұстасы сиқырлық, бақсылық қызметпен де айналысып, оларды да жиі атқарып отырған. Қазақ халқының түсінігінде темір ұсталары құдіретті күш пен қасиетті қабілет иелері болған екен. Бұл пайым барлық түркі тілдес халықтарына тән. Зергерлердің шеберлігі мен өнері «Қобыланды» поэмасында жан-жақты жырланған. XIX ғасырдың 1-ші жартысының ақыны Дулат өзінің шығармаларында қазақтардың өміріндегі темірдің маңызын және темір өңдейтін қазақтардың еңбек сүйгіштігін басып айтқан.

Халық шеберлері темір, мырыш, қорғасын, алтын, күміс балқытып, мырыш пен мыстың, күміс пен алтынның қорытпасын жасаған. металдардың қасиетін біле отырып, зергерлер оларды көркемдеп өңдеудің әртүрлі тәсілдерін қолданған: құймалап өңдеу, соғу, шырпылау, оюлау, ескі үлгімен әшекейлеу, алтын жалату, металл мен күмісті кертіп өңдеу және т.б.

XIX ғасырдың Ресей зерттеушілері, қазақтар арасында зергерлік бұйымдарды өндіру барысында майталман суретшілер мен алтын ісінің шеберлердің өнеріне жүгінгендігін атап өтеді. А. И. Левшин : « ... зергерлік өнерінде күмісшілердің, мысшылардың, ұсталардың, қырнаушылардың орны бөлек. Біріншілері мен екіншілері көбінесе ат тұрмандарына, ақық пен алтынды қолдана отырып, кертігі бар белбеулерге, сонымен қатар әйелдердің бас киіміне, кеуделік және т.б. әшекейлерді жасай алады. Ұсталар пышақ, найза, шырпу, аттардың ауыздықтарын ... жасайды», – деп хабарлайды.

Қазақ халқының аңыздары мен ертегілерінде алтын шатыр, алтын сарай, ертоқым, сандық, жүген, қылыш, семсер, әйел әшекейлері, ыдыс және т.б. атаулар қосылып баяндалады. Хан Абылайдың алтыннан құйылған қару-жарақтары Көкшетау аймағынан табылды. Қоныс аударғанда көшпенділер алтын бұйымдарын бөлек сандықтарға салып жүрген. Сыйлы ақын-жырауларға марапат ретінде алтын құймаларды, алтын сақиналарды сыйға тартқан.

Бағзы замандарда алтынды күнге, ал күмісті айға балаған екен. Алтын мен күмістің бағасы да әр заманда әртүрлі болып өзгеріп отырған. XVI-XIX ғғ. Көптеген елдерде айналымдағы күміс

ақшаның басым болғаны белгілі болып отыр. Бұл металдың емдік қасиеті мен өңдеуге көнгіштігі, иілгіштігі көптеп қолдануына себеп болды. Осыған байланысты, ол қазақ зергерлерінің бұйым жасау барысында кеңінен қолданылды. Қазақтардың түсінігі бойынша бұл металл табиғи сұлулығымен қоса тазартушылық, қорғаушылық қасиеттерімен де ерекшеленетін.

Тарихи мағлұматтар бойынша XIX ғасырдан бастап қазақтар алтын мен күмісті көбінесе Орта Азия мен Шығыс Түркістан базарларынан сатып алып отырған. Келімді-кетімді саудагерлерден де алып тұрған. Зергерлер сырттан әкелінетін күмістерден басқа, ханның танбасы салынған күміс ақша – тиындарды да қолданған болатын. Олардан түрлі алқалар мен шолпы жасайтын; олардың бетіне өрнек салып, басқа формаға келтіру үшін кесектеп балқыта да білген. Алтын мен күміс сияқты асыл металдармен жұмыс істейтін ұсталарды «зергер» деп атаған: «зер»-алтын, алтын әшекей деген сөзден шыққан екен. Қазақтардың «Алтынның құнын тек зергер білер» деген мақал да бар. Зергерлер өздері айналысатын кәсіп-машығына қарай ажыратылып отырған. Олардың арасында – «алтын соғушылар», «күміс соғушылар» болды. Қазақтарда зергерлік өнер мамандырылған сипатқа ие болған, бұл бұйым жасау мен өндіру ерекшеліктерімен байланысты болды. Зергерлер негізінен жеке жұмыс істеп, қолынан шыққан өнерлерін мұра ретінде жиі қалдырып отыратын.

Зергерлер әйелдер әшекейлерімен қоса, киім-кешектерге тағатын бөлшектерді, жеке адам тұтынатын қажет бұйымдарды, аспаздық құралдарды, киіз үй жабдықтарын, жиһаз түрлерін, ағаш пен тері ыдыстарын, музыка аспаптарын, қару-жарақ, ат саймандарын, ағаш дуалдарға арналған айылбастарды жасап шығаратын. Зергерлер алтын, күміс, темір, гауһар, маржан сияқты бағалы тастарды, түсті әйнектер мен басқа да өңдеуге жарайтын басқа да материалдарды қолданған. Зергерлер шығаратын өнімдердің ішінде елдің қандай да болмасын қоғамдық топтарында ең көп сұранысқа ие болған - әйелдер әшекейлері.

Зергерлік бұйымдардың сипаты мен саны адамдардың жынысы мен жасына жіктелетін болған. Зергерлік бұйымдар әйелдің жас мөлшеріне қарай сәйкесіп отырған. Мысалы, қыздар өздерінің жасына сәйкес сырға мен білезіктің қарапайым түрлерін тағатын болған. Жасы ұлғайған сайын, қыздардың әшекейлері де күрделеніп, олардың зергерлік бұйымдары бұрынғыдан бетер безендіріле түсетін. Ал қалыңдықтың киімі мен әшекейлері өздерінің сән-салтанатымен, сәнділігімен ерекшеленетін. Олардың әшекей бұйымдары тұрмыс

кұрып, отбасылық өмірге бет бұрғаннан бастап, қарапайымдала беретін. Қазақ зергерлік бұйымдардың тағы бір ерекшелігі – олардың барлығы белгілі бір киім түріне бейімделіп жасалатындығы.

Қазақстан Республикасының Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайында Қазақстан халқының ежелгі және қазіргі заманғы сәндік-қолданбалы өнерінің ең бір бай жиынтығы орналастырылған, экспонаттардың жалпы саны 5 мыңға жуық. Олардың 2 мыңнан астам экспонаты XIX-XX ғасырдың қазақ зергерлік өнерінің керемет үлгілері болып табылады. Көрмеге қойылған қазақы зергер бұйымдарды шартты түрде жеке-жеке Батыс, Шығыс, Солтүстік және Оңтүстік Қазақстан деп төрт өңірге бөлуге болады.

Ұлттық киім мен зергерлік бұйым әшекейлерінде ескі әдет-ғұрып бойынша әр өңірдің өзіндік ерекшеліктері сақталып келген.

Қазақтар көшпелі өмір кешіп жүріп, малдан басқа байлығын алтын мен күміс әшекейлері түрінде сақтай білген. Алтын мен күміс іспетті бағалы металл тек адамның әшекейі ретінде де қолданылған. Күміспен әшекейленген жиһаз бен ыдыс еліміздің қай жерінен болмасын кездестіруге болады. Ал кейбір бұйымдардың құрамындағы алтын мен бағалы тастардың құны адам айтқысыз қымбат болатын.

Күміспен безендіру әдеті қару-жарак, ат тұрмандарды, музыкалық аспаптар, жиһаз сияқты көптеген тұрмыстық бұйымдарға тән болған. Мүмкін, XIX ғасыр мен XX ғасыр басында қазақтардың тұрмысында кеңінен тараған күміспен әшекейлеу дәстүрі қазақы зергерлік өнердің қайталанбайтын туындыларының біртумалығын түсіндіретін болар.

Сөйтіп, XV-XX ғғ. қазақтың зергерлік өнері дамыған уақытты екі кезеңге бөлуге болады. Біріншісі – XV-ғасырдың басы, XVIII ғ. – дәстүрлі зергерлік ісінің жалғасуы. Екіншісі, XVIII-XX ғғ. – дәстүрлі зергерлік өнердің түрленуі және өзгеруі. Бір-біріне түбегейлі қарама-қарсы тенденция. Зергерлік өнердің дәстүрлі техникалық ою-өрнек тәсілдерінің жаңа инновациялық әдістерімен ұштастырылып, сақталып қалған үлгілері.

Жалпы айтқанда, қазақтың алтын және күміс бұйымдарының шеберлері өңдеудің әртүрлі техникасын, оның ішінде металл өңдеуге кертуді, ою, егеу, оймалау, өрнек салу, сондай-ақ, бағалы және жартылай бағалы тастармен бедерлеп әшекейлеуді жетік меңгерген. Қазақстанның зергерлік өнері XVIII-XX ғасырларда өзінің өркендеу жолында ең жоғары деңгейіне жете отырып, сәндік бұйымдарды әшекейлеу саласында көптеген жаңа пішін

мен әдістерді игере білді. Сонымен бірге, зерттеу барысында әрбір өңір көркемдік стильдегі өзіндік ерекшелігінің белгілі деңгейіне жеткенін көрсетті.

Қорытындылай келе, халықтың кәсіби шығармашылығының даму тарихын оқып-үйрену қазақтардың тарихи-мәдени материалдық мұраларының жарқын тұстары жайында білім аясын кеңейтуге, эстетикалық талғам қалыптастыруға септігін тигізетіндігіне сенімдімін.

Аталмыш жұмыс мазмұны жастар арасында патриоттық сезім қалыптастыруға, рухани-өнегелі дамуды арттыруға бағытталған. Сонымен қатар бұл жұмыс оқушылар арасында зергерлік өнерге деген қызығушылықты оятады, осы жұмыс бойынша сыныптық және сыныптан тыс қосымша іс-шараларды өткізу жоспарларын құруға, өз бетінше қазақ зергерлік өнері тарихын зерттеуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Арғынбаев, Х. «Қазақ халқының қолөнері» [Алматы; Өнер, 1987 ж. 168 б.].
- 2 Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі [Алматы; «Сөздік-словарь», 1997. 114 б.].
- 3 Қасиманов, С. Қазақ халқының қолөнері [Алматы; Қазақстан, 1996 ж. 240 б.].
- 4 Оқулық. Қазақ әдебиеті хрестоматиясы, 7 сынып. Құрастырғандар: Қ. Әбдезұды, С. Ү. Тұрсынғалиева [«Арман - ПВ» баспасы 2011. 39 б.].
- 5 Шаханова, Н. Қазақтардың дәстүрлі мәдениеті [Алматы; Қазақстан, 1998. 184 б.].

ҰЛТТЫЛЫҚТЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

АХМЕТЖАНОВА А.

11 «В» сынып оқушысы, Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

БАЙХАНОВА Л. А.

тарих пәнінің мұғалімі, Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Бүгінгі күнде жаңа мемлекеттердің пайда болуы, әлемдегі ұлтаралық қатынастың өршуі, дін тұрғысындағы тоқталмас қарама-қайшылықтар және т.б. көптеген қоғамның дамуына кедергі үрдістердің барлығы көбінесе этникалық және діни

ерекшеліктеріне байланысты. Сондықтан бұл мәселе этникалық сәйкестіктің көрінісіне қызығушылықты арттырады.

Жалпы, жұмыстың өзектілігі тақырыптың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығында, этникалық сәйкестікті толық және жүйелі қарастыру қажеттілігінде, себебі, этникалық сәйкестік - этникалық қоғамдардың сақталуы мен дамуының негізгі факторлы болып табылады.

Қазақстан полимәдениетті, полиэтникалы, поликонфессионалды мемлекет пен көпқұрамды қоғамның әдеттегі түріне айналған. Қазақстан бүгінгі күні саны 130-дан астам әртүрлі этнос өкілдерінің өмір сүретін ортақ Отаны, мекені. Қазақстан этноәлеуметтік жоспарда – этностардың тең құқылы саяси қоғамы. Этносаралық интеграция, этностың біреуінің біреуіне немесе саны басым этностарды бағындыруы арқылы емес, Республиканы мекендейтін барлық этностардың диалогы мен консенсусы арқылы тікелей жүзеге асырылады.

Қазақстанның қазіргі тұрғындар құрылымы күрделі, ол төл этнос пен басқа елдерден көшіп келген этностар арасындағы қарым-қатынас мазмұнында құрылған. Төл Жергілікті халықтың тарихи атамекенінде Кеңес Одағының әкімшілік-экономикалық, саяси және мәдени тәжірибелер құрбаны болып, және этностық ар-ожданы, этностық рух пен сезіміне, этностық болмысына балта шабылып, кемсітіліп, келеңсіз жағдайларға жеткізген көптеген этностық топтар мен ұлыстар қоныстанады. Біз кеңес кезеңі толығымен келеңсіздіктерден тұрды деген ойдан алшақпыз. Республикамыздың экономикасы мен мәдениетінің, инфраструктурасы мен білім беру, ғылым және барлық дерлік салалары негізінен дәл осы кезеңде қаланып, дамыды. Бұл шындықты ешкім жоққа шығара алмайды.

Кейбір этносаралық қатынастармен айналушылардың пікірінше, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін байырғы елінің этностық мүддесін, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін, әлеуметтік-экономикалық құрылымы мен қоғамдық құндылығын түсіну мүмкіндігі төмендеген.

Қазіргі этностық ойлар, егер олар халық еркіне қарсы келмесе, тұтастай үлкен, бір бағытқа жұмылдырылған күш. Этностың ішкі үрдістері ғана зиянды әсер етіп қоймай, ол қоғамның толық деформациялануына әкеледі, кейде саяси жағдайдың тұрақсыздануына да айналуы мүмкін.

Қазіргі күні біздің мемлекетте тәуелсіздік жылдары жүргізілген этникааралық, конфессияаралық келісім өзінің жемісін беруде. Алайда Қазақстанда әртүрлі объективті, субъективті себептерге

негізделген, қысқа мерзімде шешуге болмайтын кейбір этникааралық қайшылықтар кездеседі. Президент Н. Ә. Назарбаев өзінің ұлтаралық келісім туралы сөйлеген сөзінде егемендік кезеңінде кеңес заманынан кейінгі дамушы елдердің көбіне қарағанда, біз қоғам ішіндегі тура конфронтацияны болдырмай, жағдайды тұрақтандыра алдық деп бірнеше рет атап өтті. Бірақ күшті тұрақтылыққа, топтасқандық пен бірлікке дейін көп жұмыс істеліну керек. Қазақстан халықтары Ассамблеясының бірінші сессиясындағы баяндамасында халықтар арасындағы келісім мен сенім аумағын кеңейтудің жалғыз дұрыс жолы өзара жақындасу нүктесін іздеу екенін ескертті: «Біз келісім және парасатты этностық стратегия саясатынсыз ешқандай міндетті де шеше алмаймыз».

Әлеуметтік-экономикалық, саяси факторлар этникалық негізде дау-жанжал мен келіспеушілікке әкелуі мүмкін. Қоғамның этноәлеуметтік мәселелері анықталса да, дәйекті, толыққанды зерттелмеген болып отыр. Оның үстіне Қазақстандағы этносаралық қатынастарды толығымен тұрақты деп атай алмаймыз.

Ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығына және ұлтаралық дау-жанжалдардың туындауына септігін тигізген факторлар қатарына қоғамда шешілмеген әлеуметтік мәселелер: кедейлік, демографиялық дағдарыс, көші-қон, тұрғындардың қорғалмаған топтарының санының өсуі, діни фундаментализм т.с.с мәселелер шешуді талап етеді. Бұл этникааралық қатынастарға ықпал ететін, этносаралық қайшылықтарды тудыртып, дау-жанжал жағдайына әсер етуі мүмкін мәселелер қатарына жатады.

«Этникалық сәйкестік», «ұлттылық» ұғымдарының мәнін анықтау, олардың адамзат қоғамының жаһандану жағдайындағы көрінісін қалыптастыру;

- қазақ халқының этникалық сәйкестігінің белгілерін анықтап, еліміздің экономикалық, саяси аспектілерінің өзгеру тенденцияларын бақылауға, қоғамның қайта құрулуының қазіргі жағдайында өзіндік этностық ерекшеліктері мен өзіндік сәйкестігін анықтау жәрдем беру.

Бүгінгі таңда этнология ғылымы жан-жақты қарастырылып, ғалымдардың зерттеу нысанына айналып отыр. Алайда өз шешімін таппаған, жауапсыз сұрақтарға толы мәселелер этнологияда жеткілікті. Солардың бірі этносқұраушы адамдардың өзінің этникалық күре-тамырын анықтау мәселесі, яғни өздері бір бөлшегі болып отырған этносқа сәйкес пе, өзінің кіріп отырған этносы оның төл этносы болып табыла ма, ол кім деген сұрақтар көпшілікті ма-

залауда. Бұл сұрақтың жауабын табуда «этникалық сәйкестіктің белгелерін» мен «ұлттылық» ұғымын қолдану қажет. Ресей этнологиясында «этникалық сәйкестік» және «ұлттылық» сияқты терминдердің түбірі «этно» болып табылады. Яғни, оның мағынасы бірінің орнына бірі қолданыла беретін «халық-ұлт» дегенді білдіреді.

Этникалық сәйкестік және ұлттылық деген ұғымдарға келетін болсақ, олар өзінді білгілі бір ұлтпен сәйкестендіруді және ұлттық ерекшелікті білдіреді. Көптеген зерттеушілердің этнос ұғымына берген түсініктемелері мен жасаған болжамдары атақты ағартушы ғалымдардың болжамдарына сәйкес келеді. Сонда Ю. В. Бромлей: «Этнос - қандай да бір территорияда тарихи жағынан қалыптасқан адамдардың жиынтығы, қалыпты жағдайдағы тілді меңгерген, мәдениеті мен санасы, сонымен қатар өзінің тәуелсіз екенін түсінгендер жиынтығы» деген [1, 256 б.]. Этностың жалпы белгісіне территорияның аумағы, жалпы ежелгі тарихы бар бір тілдің, мәдениеттің, сананың өзгешелігі жатады. Ең бастысы ол адамдармен қалыптасады.

«Альтернативті көзқарас білдірген ең танымал жазушы Л. Н. Гумилев этносты табиғи құбылыс ретінде қарастырған. Оның түсінігі бойынша этнос - өзінің өзгеше ішкі құрылымы мен өзгеше стереотипті мінез-құлық қалыптасқан, табиғи құбылыс. Сонымен қатар Гумилевтің көзқарасы бойынша этникалық стереотиптік мінез-құлық тұқым қуаламайды, керісінше баланың туғанынан бастап, оның қоршаған ортасына байланысты туындаған өмір бойы тұрақты қалыптасып өзгермейтін құбылыс [2, 159 б.]. Бірақ, Гумилев Бромлей суреттеген этносты басқаша суреттегісі келетіндей. Ал батыстың зерттеушілері керісінше басқа түсінік береді.

Осы этнос түсінігінен тарайтын этникалық категориялардың қатарында «ұлттылық» және «этникалық сәйкестік» ұғымдары жатар. Нақтырақ тоқталатын болсақ, «этникалық сәйкестік» дегеніміз - адамның белгілі бір этноспен ортақтастығы, тарихи күре-тамырының жалпылылығы, сол этностың айнымас бөлшегі екенін дәлеледейтін ұғым. Сонымен қатар этникалық сәйкестік әртүрлі ұлтаралық байланыстарда әрекет пен қарым-қатынас жүйесінің дұрыс құрылуын, адамға полиэтникалық қоғамда өзінің орнын тауып, сол топтың ішінде және одан тыс орталарда еркін әрекеттер жасауға ықтимал жасайды.

«Ұлттылық» терминіне келетін болсақ, орыс тіліндегі «этничность» деген ұғым әлі күнге дейін өзінің мәні түгел қазақ тіліндегі баламасында таппаған көрінеді. Сондықтан осы мәселені шешу үшін Ресей этнологиясындағы бірқатар зерттеулерге сүйеніп көрдік.

Соңғы зерттеулерге келетін болсақ осы саланы зерттеуші маман Л. М. Дробижованың айтуы бойынша «Ұлттылық – тек этникалық сәйкестік ғана емес, сонымен қатарадамдардың этникалық сана-сезімі, жасаған қылықтары, өмірге деген көзқарасы және де өмір мен дүниетанымға деген көзқарасынан, этноспецификалық іс-әрекеттерінен көрінеді» [3, 258 б.].

Қазіргі уақытта танымал ресейлік этнологтардың арасында «ұлттылық» деген ұғымның ортақ бір түсінігі қалыптаспаған. В. И. Козлованың ойынша «ұлттылық – бір этносты басқа бір этностан ерекшелейтін белгілер мен қасиеттер жиынтығы» [4, 137 б.], ал В. А. Тишковтың пікірінше «ұлттылық – қандай да бір мәдени ортаға жататындығын білдіретін сезімдер жиынтығы» [5, 84-85 б.].

Енді мүлдем өзгеше түсінік берген С. В. Чешконың пікіріне тоқталып кетейік «ұлттылық - қалыптасу ортақ, тарихи тағдыры мен өзгеше мәдениеті бар қандай да бір топты елестете алу түсінігі» [6, 158 б.].

Ал, біздің ойымызша, «ұлттылық – бір этносты басқа бір этностан өзгешелейтін, шығу тегі мен өзіндік мәдениетінің ерекшеліктері туралы түсінігі бар ұжымдық сана-сезімі қалыптасқан топтық сәйкестік».

Ұлттылықтың шынайы проблемасы тек қана қазір білінуде. Бұл проблема «кеңестік ұлт» түсінігі жоғалғаннан кейін, өзінің бойында жеке ұлт бар екендігін білгенде, олар ұлттылығын қалыптастырғысы келетінін байқалып отыр. Кейбір зерттеушілер, мысалға антропологтар, этнологтар, әлеуметтанушылар ұлттылықты қандай да бір ұлтқа тән мінездеме ретінде қарастырады. Ұлттылық ұлттың жүрегінде, қаны мен тамырында таралған. Оның негізі – халықтың шығу тегі мен тарихи қалыптасқан жері болып табылады.

Жоғарыда, біз, «ұлттылық» ұғымына талдау беруге тырыстық. Сонымен, зерттеу нәтижесінде біздің келген пікіріміз осындай болып шықты: «этникалық сәйкестік» дегеніміз - адамның белгілі бір этноспен ортақтастығы, тарихи күре-тамырының жалпылылығы, сол этностың айнымас бөлшегі екенін дәлеледейтін ұғым болса, ал «ұлттылық – бір этносты басқа бір этностан өзгешелейтін, шығу тегі мен өзіндік мәдениетінің ерекшеліктері туралы түсінігі бар ұжымдық сана-сезімі қалыптасқан топтық сәйкестік».

Алдымен, «этникалық сәйкестік» мәселесін көтермей тұрып, «адам қашан және қандай белгілері бойынша өзін белгілі бір этноскә жатқызатынын анықтайды?» деген сұраққа жауап беріп

көрейік. Тарихта белгілі, қан және неке жағынан этникалық туыстықты анықтау – алғашқы қауымдық қоғамының аңшылары мен терімшілеріне тән болса, өзінің тегінің жалпылығы, ортақтығы (көбінесе арғы аталарының шежіресі мен аңыз-әңгімелер бойынша) – бұлайша этникалық жақындастықты білу - адамзаттың отырықшылыққа өту барысында анықтаған. Территориялық жалпылығы - бұл қазіргі ТМД елдерінің төл этностарында көп кездесетін этникалық ортақтастықты анықтаушы фактор, ана тілі мен мәдениеті бойынша сәйкестендіру – 18 ғасырда пайда бола бастаған анықтаушы фактор. Ал тарихи тағдырдың жалпылығы – бұл белгі өзінің тарихына деген қызығушылық таныту барысында пайда болады [1, 4 б.].

Ж. Пиаже пікірі бойынша, этникалық сәйкестік балада 6-7 жасында анықтала бастайды, яғни баланың алғашқы өзінің этникалық шығуы туралы түсінігі қалыптасу барысында. Ал этникалық сәйкестіктің толық қалыптасуы адамның 10-11 жасында қалыптасып бітеді. Бұл арада бала өз халқының мәдениеті мен тарихи бірегейлігін ұғынған кез. Көп жағдайда (бірақ та әрқашан емес) адамның этникалық сана-сезімі өзінің өмір бойында өзгеріссіз қалады [2, 198 б.].

Қазіргі таңда әлемде осы этникалық сәйкестікке байланысты туындаған мәселелер көп, солардан бірнеше мысал келтіре кетейік:

А) Әке-шешесі бала тумай жатып, Қазақстаннан Мәскеуге көшіп кетеді. Бала туып, орысша сөйлеп, орыс мектебіне барады. Оған қарамастан оның азиаттық түр-келбетіне қарап мектепте оны әртүрлі баланың намысына тиерлік сөздермен келемеждейді. Уақыт өткеннен кейін барлығын саралаған баладан «сенің ұлтың қандай?» деп сұрағанда, ол не қазақ, не басқаша жауап беруі мүмкін.

Ә) Мулат – өзін кім санасың, егер де ол қараларға – ақ, ақтарға – кара болып көрінсе? Бұл жерде «этникалық сәйкестігін» анықтау басты рөл атқарып тұр. Сондықтан бұл мәселеге нақтырақ тоқталып кетейік.

Б) 1994 жылғы Бурятияда жүргізілген шағын санақ 1000 буряттың 682-і үйлерінде бурят тілін қолданатыны анықталды. Ал жумыста 286 адам, мектепке дейінгі мекемелер мен мектептерде – 292 адам бурят тілін қолданады екен. Алайда бурят тілін білмейтін барлығы өзінің бурятпын деп есептеп, бурят халқымен сәйкестендіреді. Бұл жерде келесі түйін шығаруға болады: тіл – этникалық сәйкестіктің басты факторы, бірақ қалған факторларды да ескеру аса қажет [3, 7 б.].

Этникалық сәйкестікке арналған көптеген зерттеулерде арнайы тәртіп арқылы этникалық сәйкестігін анықтау формуласы жоқ, яғни «тұлға, индивид – өзін басқа этностардан ерекшеленетін белгілі бір этносқа жатқызса, онда ол этникалық сәйкес болып шыға келеді». Бірақ та, тек этникалық сана-сезімнің болуы, бізше адамды толық этникалық сәйкес болуына жеткілікті. Сондықтан толықтай «этникалық ортақтастығын» анықтау үшін, оның жалпы белгілерін ғана емес, ішкі құрылымында қарастыру керек деген пікірдеміз. Бұл мәселеге арналған барлық тұжырымдарды қорыта келе, этникалық сәйкестікті анықтау үшін келесі компоненттерді қарастырған жөн деп санаймыз:

1. антропологиялық белгілері;
2. тілі және оның диалектілері;
3. өзін-өзі атауы, яғни этностық атауына қатысты;
4. материалдық және рухани мәдениеттердің ортақтастығы
5. діни ортақтастығы;
6. түр, мінез-құлық стереотиптерінің ортақтастығы;
7. әлеуметтік байланыстарының ортақтастығы;
8. өткеннің ортақтастығы, яғни тарихи ортақтастық;
9. басқа этностармен қарым-қатынастағы талаптардың ортақтастығы;

10. модальды-эмоционалдық аспектілер (ұлттық мақташы сезімі, өз халқына зәбір келтірудегі реніші және т.б.).

Жоғарыда берілген компоненттер арқылы өзінің этникалық сәйкестігін анықтау - адамдарға өзінің төл этносындағы лайықты орнын тауып, оған табиғи жақын қоғамның мүшесі бола отырып, қай жағынан болмасын (әлеуметтік, экономикалық, мәдени, саяси және т.б.) дамуына жақсы жағдай тудыраы сөзсіз.

«Этникалық сәйкестік» ұғымының этнопсихологиялық тұстары: Сәйкестік – тұлғаны ұжымдық, топтық объектімен немесе субъектімен сәйкестендіру.

Ұлттық сәйкестік ұлғаны күшпен емес, қалауы бойынша менгергісі келген ақыл, құндылықтарды адам өз қалауынша тандайды.

Тұлғалық сәйкестендіру 2 кезеңге бөлінеді: алғашқысы – тұлғалық-психологиялық – тұлғаның өзін-өзі тану, кім екенін білу. Екіншісі кезең – әлеуметтік-психологиялық, тұлғаны әлеуметтік топтың бөлшегі ретінде қарау [4, 87 б.].

Әлеуметтік-психологиялық сәйкестендіру – белгілі бір ұлтың өзіне тән белгілерін көрсететін түсінік. Әрбір адамның белгілі бір

этникалық құралына кіретіні белгілі. Соның салдарынан этникалық сәйкестендіру кездейсоқ пайда болмайды, белгілі этникалық ортада дамып, баланың ерте жастан тәрбиеленуінен басталады.

Мысалы: егер баланың ата-анасы бір этникалық топтың құрамына кірсе, баланың ер жетуі сол ортада өтсе, этникалық танымда еш қиындықтар болмайды. Ондай тұлға этникалық топпен жеңіл тіл табысады. Ол тіл меңгерді, мәдениеті, салт-дәстүр, әлеуметтік және этникалық нормаларды туған этникалық ортасынан біліп таниды.

Этникалық сәйкестіктің әлеуметтік-психологиялық құндылығы өте жоғары, себебі ол өзіне деген және өзгелерге деген мұқтаждықты қанағаттандырады. Этникалық сәйкестік психологиялық тірек болып этникалық сипатына байланысты, топтық іс-қимылдарға байланысты реттейді.

Этникалық сәйкестендірудің процесінде 2 ерекшелік байқалады:

1. Сапалық-элементтердің құрылымын, яғни оны құрушы бөлшектер;

2. Процестік-факторлардың жүйесі, динамикасының ағынын зертейді;

Қазіргі кезде этникалық сәйкестендіру факторы 3 түрлі бастамаға бөлінеді: 1. Ата-аналар, 2. Тіл, 3. Этникалық өзін-өзі тану [4, 123 б.].

1. Көп жағдайда адам өзінің ата-анасы қай ұлтқа жатса, сол ұлттың құрамына енеді.

Мысалы, отбасында бала орысша сөйлеп, мәдени-тұрмыстық жағдайы да орыс халқының бойына тән болса, бала ер жеткен соң өзін орыс деп есептейді. Бұдан шығатын қорытынды – тұлғаның өзін сәйкестендіруін анықтауда отбасының қандай ортада өмір сүретініне де байланысты.

Егер отбасындағы анасы мен әкесі бір ұлт өкілдерінен тұрса, осындай отбасында ер жеткен бала қандай этникалық сәйкестікті таңдайтынын еш жаңылмай таңдайды. Этникалық таным баланың астық шағынан ақыл тоқтағанынан дейін тәрбиемен және отбасындағы, мектептегі тәрбиемен, кейін қызметімен тығыз байланысты және ол ұлттық тарихи қалыптасуы барысында ұрпақтан ұрпаққа беріледі.

2. Егер баланың ата-аналары әр түрлі ұлттың өкілдері болса, этникалық өзін сәйкестендіруде қиындықтар туады. Тұлға қандай этносты таңдайды деген сұрақ туады: анасының немесе әкесінің. Оған шешімді жағдайларына байланысты табады. Ата-анасының мекен-тұрағы, туған тілдері, тұрмысы, мәдени-тұрмыстық дәстүрлері

мен салттары, ең соңында этникалық қоршаған орта – этникалық өзін сәйкестендіруге әсер ететін факторлар.

Мысалы, аралас орыс-украин жанұясы Мәскеуде өмір сүреді және өздерін орыс деп таниды, егер отбасы Киевте өмір сүрсе, балалары паспорт алғанда өздерін украинбіз деп атайтыны анық. Көп жағдайда бала көмелеттік жасқа толғанға дейін анасының туған тілі мен мәдени-тұрмыстық жағдайына бейімделеді [5, 304 б.].

3. Этникалық өзін сәйкестендіруде сондай-ақ адамның шығу ортасы, отбасының өмір сүретін ортасындағы қоғамның да маңызы зор. Көптеген халықтар қазіргі кезде әр түрлі мемлекеттерде өмір сүреді және олар көрші халықтардың тіліне көшеді немесе олардың мәдени-тұрмыстық жаңалықтарына бейімделеді. Тек (адам) жеке тұлға, отбасы немесе топтар, ата-бабасы қай халыққа жатса, өз ата-бабасының шығу тегін есінде сақтайды, туған ұлтына деген қызығушылық туады.

Қорытындылай келе, келесі түйіндерді шығаруға болады:

– этнология ғылымында «этникалық сәйкестік», «ұлттылық» ұғымдарының орны ерекше, өйткені олар этносқұраушы, этноссақтаушы факторлардың айнамыс бөлігі болып табылады;

– «ұлттылық» ұғымдарының қазақстандық этнология ғылымына ұсынылуы маңызды мәселе болып саналады, өйткені, қазақ этносының мәртебесі мен дамуы аспектісі тұрғысынан іргелі де жүйелі зерттеулер жүргізу үшін аса қажет;

Өр адам қоғамда өз орнын тапса, оның әрі қарай дамуы жеңіл жолмен жүреді, сәйкестік осы жолға түсудің бірден-бір кепілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бромлей, Ю. В. Этнос и география. – М.: 1972.
- 2 Лурье, С. В. «Историческая этнология». Москва, «Аспект-Пресс», 1998.
- 3 Дробичева, Л. М., Аклев, А. Р., Коротева, В. В., Солдатова Г. У.
- 4 Козлова, О. Н. О методах анализа социо-культурных явлений. // СоцИс. – 1993. – №11.
- 5 Тишков, В. А. Народы и государство. // Коммунист. – 1989. – №12.
- 6 Этнометодология: проблемы, подходы, концепции. – М., 1997. – 345 с.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРІНІҢ НЫШАНДАРЫ МЕН БЕЙНЕЛЕРІ

АХМЕТОВА С. М.

8 «Б» сынып оқушысы, №9 гимназия-мектебі, Павлодар қ.

БАЙТІЛЕУОВА Е. А.

жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақтың дәстүрлі зергерлік өнері халықтың тарихымен тығыз байланысты. Қазақтардың өзге кәсіпшілігімен салыстырғанда, зергерлік өнер күні осыған дейін ежелгі Еуразия өнерінің ең озық үлгілері арнасында одан әрі дамып келе жатқан өміршең дәстүр болып табылады.

Тап осы өнердің бойынан қазақ халқының мақсат-мұраттары, дәстүрлері талғамы, көркемдік және техникалық деңгейі мейілінше толық та жарқын көрініс тапқан. Ежелгі және осы заманғы шеберлердің қолынан шыққан ең үздік бұйымдар уақыт арнасының әлі де үзілмей келе жатқанын көрсетеді. Халық шеберлерінің ұрпақтан-ұрпаққа көздің қарашығындай қадірлеп жеткізген зергерлік өнер дәстүрлері осы заманғы кәсіби шеберлердің шығармаларынан анық байқалады. Олардың қолынан шыққан бұйымдар түрлі көрмелерде қойылуымен қатар, әлемнің белді мұражайларының сұранысына ие болуда.

Дәстүрлі зергерлік өнер – қазақ халқының дүниетанымы мен материалдық мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылатын, осы уақытқа дейін құндылығын жоймаған этникалық, рухани көркемдік болмысының көрінісіне айналды.

Осы құралды даярланған авторлар ұжымы қазақстандық жастарды ұлттық тарихты және тарихи-мәдени мұраларды оқып-үйренуге тарту жұмысында зергерлік өнер тарихына жүгінуді маңызды міндет деп санайды.

ҚР Президенті, Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан – 2050 Стратегиясы»: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа бағыты» Жолдауында дәстүрлі құндылықтарды негізге алған мәдени мұраларды сақтап қалуға, адамгершілік ұстанымдарды нығайтуға басты назар аудару қажеттігін атап өткен болатын.

Ғылыми жұмысының өзектілігі:

13-18 жас аралығындағы жасөспірімдердің, бозбалалар мен бойжеткендердің қазақтың ұлттық тарихына, оның дәстүрлеріне, халықтық өнерге деген қызығушылығын арттыру болып табылады.

Зергерлік өнердің тарихын оқып-үйрену жас жеткіншектерге қазақтың тарихи, мәдени материалдық мұраларының жарқан беттеріне ден қойып, сусындауға, көшпенділік өркениеттің ғажайып бейнелік және нышандық әлеміне бойлауға, зергерлер шығармашылығының жоғары талғамдық сұлулығын түйсінуге мүмкіндік береді.

Тәжірибелік мүмкіндігі мектептің мұғалімдеріне қазақстандық жас жеткіншектерге патриоттық және эстетикалық тәрбие беру жұмысында бірден-бір көмекші құрал болып табылмақ.

XVII-XX ғғ. Қазақстанның зергерлік өнері алуан түрлі бұйымдарын айшықтайды. Дәстүрлі киім-кешекпен бірге зергерлік өнер бұйымдары өңірлік, этникалық пен өзіндік ерекшелігін, әлеуметтік және жас айырмашылықтарын білдіреді. Олар тек дәстүрлі киім жиынтығына міндетті әшекейлік қосымша ғана болып қалмай, сонымен қатар халықтың пайымы мен діндарлығына сай, қорғаныш пен тұмардың да қызметін атқарған. Әрбір заттың мән-мағынасына қарай өзінің нақты орны да болған. Бір әшекейлер бас киімдерге арналған болса, енді бірі қорғаныш ретінде мойынға, кеудеге, белге, қолға және шаш бұйымдарына тағылған болатын. Сонымен қатар, әшекейлер бейнесіне келтіріліп жасалған, күміс бауға бекітілген арнайы жеке бас гигиенасының құралдары - құлақ пен тіс тазалығыштар да жасалып, пайдаланылған. Сырт пішіні мен түрі бойынша бір-біріне ұқсас бұйымдардың (білезік, сырға, жүзік) бір-бірінен өрнектеу әдісі мен жасалу техникасы жағынан айтарлықтай айырмашылықтары болған.

Қазақтың көркемдік металл пластикасының ең нақты да толық жіктелуін өзінің ғылыми-іздену шығармашылығының елеулі бөлігін қазақтың дәстүрлі өнерінің осы түрін зерттеуге арнаған, ғалым-этнограф Ш. Ж. Тохтабаева жасап шықты. Ұсынылып отырған осы жіктеме, бір жағынан, бұйымның қызметтік саладағы қолданысын ескере отырып, құрастырылған. Екінші жағынан, «жеке басты қоршаған жақын әлемнен» бастап, «отбасылық орташа әлемнен» жалғасып, соңында «алыстағы әлемнен» шектеліп, металдың адамға жақындық шамасын болжай отырып құрастыру ұсынылған.

Көркемдік металдың жіктелуі (Ш. Ж. Тохтабаева бойынша)

Қазақтардың металдық пластикасы (санат)		
кіші санаттар		
«Отбасылық орташа әлем»	«Жеке басты қоршаған жақын әлем»	«Алыстағы әлем»
түрі		
Киіз үйдің ішкі жабдығы	Зергерлік бұйымдар	Көлік құралдары
Жарық беру және жылыту құралдары	Жеке басқа қажет заттар	
Жуынатын құралдар	Кәсіби қызметке қажет заттар	
Аспаздық құралдар	Музыка аспаптарында қолданылған металл	Аңшылық құралдары
Азық дайындауға және азық-түлік сақтауға арналған бұйымдар	Әдет-ғұрып рәсімдерінде қолданылатын бұйымдар	
Ас-су керек-жарактары	Кәсіптік әрекеттерге қажет керек-жарактар	

Келтірілген жіктеу қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі металды қолданудың барлық салаларын жеке-жеке айқындап, металдан жасалған бұйымдарды санаттарға, кіші санаттарға және түрге бөліп қарастырады. Кіші санаттарға «Отбасылық орташа әлем» мен «Жеке басты қоршаған жақын әлем» алты түрлі топтарды қамтиды. Кіші санатқа жататын «Алыстағы әлем» - екі түрді: көліктік және аңшылық құралдарын қамтиды.

Осы нұсқаулық құрал дәстүрлі зергерлік әшекейлерге арналғандықтан, оны қарастыруға толығырақ тоқтала кетейік. «Жеке басты қоршаған жақын әлемнің» өз кезегінде ер азаматтар мен әйелдер әшекейлеріне бөлінетін кіші санатына «Зергерлік әшекейлер» жатқызылған. Әшекейлер бекітілу әдісіне қарай (алма-лы: түйрелетін және тігілетін), құрылымы бойынша (бау, сақина, ілгек-ілмек және топсалы әдістермен) бекітілетін және кіріктірілген қосымшалардың болуына қарай қарастырылады.

Сонымен бірге, қазақтың зергерлік әшекейлерін негізгі өңірлік айырмашылықтары, түрлері мен типтері, зергерлік бұйымдарының жасалу техникасы бойынша топтастыруға мүмкіндік беретін жіктелімнің басқа да түрлері бар.

Зергерлік әшекейлерді жіктелуі (жалпы түрі)

I. Зергерлік өңірлік-тұрақты кешендері	II. Зергерлік әшекейлердің түрлері	III. Зергерлік әшекейлердің типтері
Орталық және Шығыс әшекейлері	1. Бас киім әшекейлері:	1) Бас киімге арналған әшекейлер – сәукеле бөліктері 2) Самай салпыншақтары – үкі аяқ, шекелік 3) Сырға 4) Шаш бұйымдарына арналған әшекейлер – шашбау, шолпы, шаш теңге
Батыс әшекейлері	2. Мойын-кеуде әшекейлері:	1) Мойынға арналған әшекейлер – тамақша 2) Алқа 3) Кеуде әшекейі – өңіржиек 4) Түйреуіш, тана 5) Күміс түйме, сабақты түйме
Оңтүстік әшекейлері	3. Қорғаушы әшекейлер:	1) Тұмар салғыштар және тұмарлар – бойтұмар, тұмарша, қолтықша 2) Қорғаушы салпыншақтары - ақық
	4. Белге арналған әшекейлер:	1) Бел әшекейлері – белдік алқа 2) Камзолға арналған ілгек - қапсырма
	5. Қолға арналған әшекейлер:	1) Білезік, бес білезік 2) Жүзік 3) Сақина
	6. Гигиеналық әшекей жиынтықтары:	1) Тіс шұжығыш 2) Құлақ тазалағыш

XIX-XX ғасырдағы қазақ зергерлерінің негізгі өнімі – қалыңдық жасауының ең бағалы бөлігін құрайтын, күмістен жасалған әйел әшекейлері болды. Қалыңдықтың киімі алтын мен күміс жіптермен кестеленген, ою-өрнек салынған қызыл түсті барқыт көйлек пен камзолдан тұратын және ерекше сән-салтанатымен көздің жауын алатын.

Әшекейлер әйелдердің кішкентай кезінен басты бұйымдарының бірі болатын. Олардың болмауы, қазақ дәстүрінде қара жамылған қайғымен тең қарастырылатын. Әшекейі жоқ әйелді жапырағы жоқ ағашпен теңестіретін болған. Жалпы айтқанда, қазақтардың әйел әшекейінің дәстүрлі кешені өте күрделі және құнарлылық, үрім-бұтақ символикасына бағытталған болатын.

Әйел кешені. Қазақ зергерлерінің шығармашылығында ерекше орынға ие болған – әйелдер әшекейлері тағушының әлеуметтік және жас ерекшелігін білдіретін, сонымен қатар дәстүрлі пайымға сәйкес,

сиқырдан қорғайтын құрал ретінде қолданылып келген. Жоғары талғаммен жасалған әшекейлер әйел көркінің ажырамас бөлігі ретінде қаралатын. Қазақ фольклоры әлемге: «Ендеше, ... зергерге бар, ол таза алтыннан өрілген білезіктер құяды. Сен одан алтын түйме сұра, сонда ғана сен менің ақыл-парасатымды бағалайсың. ... Содан соң ұстаға бар, ол күміс құймалардан сым созады, тек сонда сен ханның сұлу қызының қолдарын көз алдыға елестете аласың...» дегендей кейіпкерлердің лирикалық суреттеу үлгісін сыйлады.

Әйелдер әшекейлері мына белгілер бойынша топтастырылатын: тағатын орны мен тағы әдісі, әшекейдің қызметі мен пішіні, техникасы мен атаулары. Сондай-ақ, оларды тағу әдісі бойынша: бас киім (бас киімге арналған әшекейлер, самайлық әшекейлер, сырғалар, шашқа арналған әшекейлер), мойын-кеуде (мойын мен кеудеге арналған), арқаға арналған әшекейлер (арқа алқа), белдіктер (белбеу, қапсырма), қолға арналған (білезік, сақина, жүзік) және аяқ киімге (айылбастар: тана, шытыра) деп бөлуге болады.

Бас киімге арналған әшекейлер үкі аяқ, тұмарша көбінесе Солтүстік Қазақстанда кең тараған.

Самайлық әшекейлер: жалпақ (сом, өрнекті, ширатпа (спираль тәрізді, сымнан жасалған)) және көлемді. Жалпақ түрлері көп болған: шұбыртпа немесе сабақшекелік (барлық жерде тараған), ширатпашекелік немесе сәукеленің сырғасы (атауы Оңтүстік Қазақстанда кездескен). Көлемді самайлық әшекейлер – қозалышекелік тек Оңтүстік Қазақстанда болған.

Орталық және Солтүстік Қазақстанның да әшекейлері алуан түрлі. Ең көп қызығушылық тудыратын әшекейлердің бір түрі – самайлық салпыншақ-қорғауыштар – үкі аяқ, онда үкі тырнақтары күміспен безендіріліп, тіл-көзден сақтаушы тұмар ретінде қолданылатын. Өте әдемі, бұрымға тағатын әшекейлер – шолпы, ақық салынып, сәнделген күміс теңгелерден жасалатын және бойжеткен қозғалып, жүргенде, құлаққа жағымды, әдемі сыңғырлайтын.

Ең көп таралған әшекейдің тағы бір түрі – сырға, олар екі түрлі болып келген: жалпақ (табақшалы, сақиналы) және көлемді (салпыншағы бар немесе салпыншақсыз).

Шашқа арналған әшекейлер үш түрлі болған: бұрым басына-түбіне арналған (шаштеңге, сәлкебай; шолпы, меруерт шолпы, ширатпа шолпы) және бұрымның ұшына арналған (үзбелі шашбау, шаштүлек, шашкерме), шашқап деп аталған.

Мойын-кеуде әшекейлері екі шағын топқа бөлінеді: мойындық (металл бұйымдар және мата негізді (астарлы) бұйымдар) және кеуделік (мойынға тағатын және киімге тағылатын).

Кеуде әшекейлері өңірше (алқа), Батыс Қазақстанда кең таралған және (барқыт, жібек, парча, мәуіті) маталардан астар салынған, негізінде тік төртбұрыш кеуделік түрінде, түрлі ткастар салынып, ірі айылбастармен сәнделген әшекей түрі. Тамақта алқаның өңіршеден айырмашылығы – жарты ай пішінді және меруерт, көгілдір ақық пен маржан моншақтарынан жасалған тік жағамен толықтырылып отыратын. Сонымен қатар кеуде әшекейлеріне: алқалар (өңіржиек, алқа) және тұмар салғыш (тұмарша, бойтұмар) жатады. Алқаларды асыл металдардан (алтын, күміс немесе жұқалап алтын, күміс жалатқан) – өңіржиек, алқа және асыл, жартылай асыл тастардан – моншақты алқа жасайтын болған.

Үшбұрышты және тікбұрышты пішіндегі, өзінің сәндік өңделімі бойынша ортаазиялық үлгілерге ұқсас, Құранның дұғалы мәтіндерін салуға арналған тұмаршалар мен қолтықшалар да кеңінен таралған. Сәулеттік пішінімен көз тартатын, камзолға арналған, қой немесе барақ иттің бас бейнесінде сәнделген – қапсырма, құймалы ілгіштер де ерекше әдемі.

Киімнің кеудесіне айылбас түріндегі бес түрлі тана, түйреуіш, ахық, гигиеналық жиынтықтар және түйме, жалпақ түйме, тасты түйме, бүлдірген түйме деп аталатын әшекейлер түйрелетін.

Қолға арналған әшекейлер: білезік, сақина мен жүзік барлық жерге тараған, үлкен сұранысқа ие болатын. Білезіктер сом келетін (жұмыр білезік, бұрама білезік), жалпақ (жалпақ білезік, елікабатты білезік) және құрама (топсалы білезік, үзбелі білезік, сәтті білезік) деп аталатын болған.

Дәстүрлі зергерлік жиынтықтың құрамына бас киімдеріне арналған – үкі аяқ немесе шекелік, сырға, кеуделік әшекейлерден алқа немесе өңіржиек, шашқа арналған – шолпы, шашбау, камзолдың белдігін бекітіп тұратын – қапсырма, қос білезік, сондай-ақ, бірнеше жүзік пен сақиналар кіретін.

Зергерлік өнер қазақ халқы дүниетанымы мен материалды мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады. Халық салт-дәстүрімен тығыз байланысты зергерлік өнер туындылары адамның заттық және рухани әлемі туралы ақпаратқа ие. Солар арқылы иесінің жас ерекшеліктері мен әлеуметтік дәрежесін анықтаған.

Ұсынылып отырған материал оқушының жалпы ой-өрісін кеңейтуге бағытталған.

Ғылыми жоба мазмұны жастар арасында патриоттық сезім мен эстетикалық талғам қалыптастыруға, рухани-өнегелі дамуды арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, жастар арасында зергерлік өнерге деген қызығушылығын оятады.

Қазақтың дәстүрлі зергерлік өнерінің өзіндік әлемімен танысу сыныптан тыс іс-шараларды өткізу ұсыныстарын жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдері үшін жақсы оқу-әдістемелік демеу болады. Ғылыми мақалаға қосымша зергерлік бұйымдардың түрлі-түсті суреттері беріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аргынбаев, Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы:Өнер, 1987. – 168 б.
- 2 Асанова, С., Птицина, А. История казахской национальной одежды и прикладного искусства: Учебник. - Астана: Фолиант, 2008. - 208 с.
- 3 Тәжімуратов, Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977. – 75 б.
- 4 Тохтабаева, Ш. Ж. Қазақтың зергерлік өнері / Алматы: Алматыкітап, 2011 – 384 б, суретті.
- 5 Шоқпарұлы, Д., Дәркембайұлы, Д. / Қазақтың қолданбалы өнері / Көпшілік-танымдық / Алматы: Алматыкітап, 2007.

ҰЛЫ ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ҰСТАЗДАР

БОЛАТОВ Е., ЖАНЫБЕКОВ Д.

8 сынып оқушылары, А. Оразбаева атындағы ОЖББМ,

Казталов ауданы, Батыс Қазақстан облысы

СЕЙТЖАНОВА С. У.

ғылыми жетекші, Казталов ауданы, Батыс Қазақстан облысы

Алма Оразбаева атындағы ОЖББМ 150 жылдық тарихы бар білім ордасы.

Осы баяндаманы жазу барысындағы мақсатымыз Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің мектепте білімнің тоқтамағанын және мектеп мұражайындағы жәдігерлер арқылы Алма Оразбаева мектебінің ұстаздарының еңбегін көрсеткіміз келді. Сол кезде мектеп Красноармейск көшесі №2 үйде орналасқан. Біздің

мектеп 1920 жылы бастауыш, 1927 жылы орталау, 1935 жылы орта мектеп болды.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін мұғалімдердің бір қатары майданға, бір қатары басқа жаққа кетуіне байланысты 1941 жылы 24 тамызда №74 аудандық оқу бөлімінің бұйрығы бойынша мектеп директоры болып Сариев тағайындалып, төмендегідей оқытушылар жұмыс жасады: Абдрешова - химия, биология; Исмагулов Арыстанғали - физика, математика; Черкаченко – орыс тілі; Нұрманов – тарих; Тасболатов - қазақ тілі; Сапарова-қазақ тілі; Шучкина-география және Жанғазиев, Ғайсина Баграм, Тастаев Кенже.

1941-1945 жылдары мектептен Ұлы Отан соғысына кеткен мұғалімдер Надомов-дене тәрбиесі мұғалімі, Айтқұлов Избасар-тарихтан сабақ беріп жүріп 1942 жылы майданға кеткен. 1944 жылы 26 маусымда 9 сыныпты бітірген Исмагулов Хамит, Шаймов Хасан Сафиуллинович және басқа көптеген оқытушылары мен оқушылар ел қорғауға кетті. 1943 жылы мектеп директоры Шакебеков мектеп интернатқа сауын сиыр сұрап, атқару комитетіне қатынас қағаз жіберген. 1942 жылы мектепке Игнатиюк Софья Климентьевна-тарихтан және тағы басқа мұғалімдері жұмысқа кірді.

Досмұхаммедов Сейілхан – 1907 жылы дүниеге келген. Казталовка орта мектебінде математика және физика пәндері бойынша сабақ берген. 1938 жылы Орал қаласында №3 мектептің директоры болып жұмысқа орналасады. 1941 жылдың желтоқсан айынан 1946 жылдың маусым айы аралығында Ұлы Отан соғысының майдандарында болды. Ерліктері үшін медальдармен және ордендермен марапатталды. Олар: «Қызыл Жұлдыз» бен «Ұлы Отан соғысы» «Кеннингсбергті алғаны үшін». Елге келгеннен кейін ұстаздық қызметті абыроймен атқарып, мектеп директоры болып жұмыс жасады.

Ибраев Исқақ – 1916 жылы дүниеге келген. Жетіжылдық мектепті бітірген соң Орал қаласына барып, Орал педагогикалық институтына оқуға түседі. Оқуды аяқтаған соң жолдамамен Ақтөбе облысының Арал ауданында химия және биология пәнінің мұғалімі болады. 1941 жылы соғысқа аттанады. Соғыстан келген соң өзінің туған жері Казталовқа оралып, қалған өмірін ұстаздыққа арнайды. «Қазақ ССР ағарту ісінің озық қызметкері» белгісінің иегері.

Құдайбергенова Хадиша – 1919 жылы дүниеге келген. 1937 жылы Арал қаласындағы Т. Шевченко атындағы орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасайды. Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін Казталовка ауылына келіп,

1946 жылдан 1982 жылға дейін математика пәнінің мұғалімі қызметін атқарады. Жан аянбай жасаған көп жылғы еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісінің иегері.

Шұғаева Үмілхан 1918 жылы дүниеге келген. «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісінің иегері. 1935-1966 жылдары жылдары Казталов аудандық балалар үйінде, С. М. Киров атындағы орта мектепте (Алма Оразбаева атындағы орта мектеп) бастауыш сыныптарының мұғалімі болып үздіксіз жұмыс жасады. 1966-1973 жылдары Алма Оразбаева атындағы орта мектеп жанындағы балалар интернатының меңгерушісі болады. Ұлы Отан соғысы кезеңінде оқу өндірісіндегі қажырлы еңбегі үшін СССР Жоғары Кеңесі Президиумының Жарлығымен «1941-1945 жылдардағы ерен еңбегі үшін» медальдармен марапатталды.

Латыпов Ғабдрахим – (1924-1993 ж.ж.) 1941-1942 оқу жылында Казталовка орта мектебін бітіреді де, 1942 жылы Совет армиясының қатарына шақырылады. 1947 жылы С. М. Киров атындағы мектебінде алғашқы әскери дайындықтан сабақ берген. 1959-1960 жылдары Алма Оразбаева атындағы орта мектептің алғашқы әскери дайындық пәнінен сабақ берген. 1957 жылы 12 қарашада С. М. Киров атындағы орта мектепте әскери жетекшілік қызметін «өте жақсы» атқарғандығы үшін №381 Қорғаныс министрінің бұйрығымен лейтенант шеніне ие болады.

Қысқы демалыс күндері 1-4 сыныптарға 31-9 қаңтар, 5-10 сыныптарға 31-5 қаңтар аралығы болып белгіленіп, каникул кезінде Тимур командасының жұмысы, пәндік олимпиадалар, оқушылардың спартакиадасын өткізуге 1944 жылы Қазақ ССР оқу министрлігінің №1325 бұйрығы шығарылды.

1944-1945 оқу жылынан бастап барлық мектептерде міндетті түрде 7 жастан бастап оқыту, 1959 жылы оқушыларға сегіз жылдық білім алу міндеті енгізілді.

1944 жылы мектепте оқытушы болып Хайырханова, Камешова, Исакова, Сакубаева, Хамзин, Еркеновтер жұмыс жасаған.

1945-1946 оқу жылында бұйрықпен төмендегідей сынып жетекшілері тағайындалған: 6 а сыныбына -Камешова, 6 в сыныбына-Газизова, 5б сыныбына -Еркенов, 6 б сыныбына -Логинова, 7 а сыныбына – Сапаров, 8 а сыныбына - Балиғалиева, 9 а сыныбында-Хамзина Хария білім берсе 1945 жылы 10 сыныпта оқушы болған жоқ.

Ұлы Жеңіс үшін Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен ерлер бейнесін ел жадынан өмір бойы өшірмеу біздің ортақ парызымыз. Жас ұрпақ ата-бабаларымыздың даңқты жолын тегіс біліп, келешекке жеткізе білуі керек деп ойлаймыз.

Соғыс ардагерлері, мүгедектері, тыл ардагерлері – біздің баға жетпес алтын қарызымыз, рухани негізіміз. Оларға бүгінгі бейбіт өміріміз бен бақытымыз үшін қарыздарымыз. Соны қашанда есте ұстау – ұлағатты парыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абдулхатина, С. «Мақтанышым - мектебім».
- 2 «Жеңімпаздар» Орал 2010.
- 3 Садықов, С. «Соғыстан қайтқан солдаттар» Орал 2000.
- 4 «Ұстазым менің, ұстазым... » Орал 2011.

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

ЕРМЕК А. Б.

9 сынып оқушысы, Академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп – балабақша кешені, Баянауыл ауданы

МҰЗАФАРОВ К. Н.

директор, Академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп – балабақша кешені

Шығу тегін құрметтеген қазақ халқы ұлы тұлғалығы мен даналығын ғұмырнамалық мәселесін жете танып, ғылыми тұрғыда зерттеу жұмысын жүргізу, кейбір олқылықтардың орнын толтыру, бәріміздің, оның ішінде жас ұрпақтың мәртебелі ісі. Павлодар облысының Баянауыл өлкесінен шыққан, ұлы ойшыл жыраулар, ақындар, этнограф, тарихшы, батырлар, билер, ғалымдар, тағы басқа тұлғалардың өмірі мені бала кезімнен қызықтыратын, соларға қарап еліктейтінмін.

Қазақ халқының ұлы тұлғаларының шығу тегін зерделей келе, тарихи оқиғаларды сараптасақ, Ұлы жүздің бас биі Төле өзінің түйесін бағып жүрген баланың қоста екі қолы, екі аяғы, екі жақта керіліп ұйықтап жатқанына тамсана қарап тұрып, Қазақтың Үш жүзінің басын қосып төрт құбыласын тең ұстайтын хан боларсың деген екен.

Орта жүздің бас биі Қазыбек бала кезінен билікке араласып, жаугершілік алмағайып заманда тұтқынға түскен, жоғарыда айтылған қазақ ханы Абылайды босатып әкелуге қазақ елшілерімен

келісімге барған түнде ұйықтап, демалып жатқан қазақтарға киіз үйдің жабуынан қараған қалмақ контайшысы Қалдан Серен бала Қазыбекке көзі түсіп, ертесіне тұтқындарды босатып, қазақтың мына баласы кемеңгер би болады, дауысы қаздың дауысындай екен, сондықтан аты қаз дауысты Қазыбек болсын деп атаған [1]. Бала тәрбиесіне, оның ішінде зерек, алғыр, шешен тілді балаларды жүрісінен, отырысынан, ұйқысынан, сөз саптап айтуына үлкен мән берген ата – бабаларымыз дала заңын құрмет тұтқан, атадан балаға жалғастырған.

Осындай үрдіс қазақ даласында жалғасын тауып, орақ тілді әділ билердің халық арасында беделі жоғары болды. Атап айтар болсам, Баянауыл дуанының бас биі Айдабол Шоң би ел ішіндегі әртүрлі дау – дамайға, қазақ даласындағы белең алған жер дауы, жесір дауларына көзінен от шашырап зерек, алғыр бала Жұмабайды жанына үнемі ертіп жүрген. Сол бала 14 жасында рулар арасындағы шешімін таппай, шиеленісе бастаған даулы мәселені әділ шешіп тоқтамын айтқан. Жұмабай бала кейін «Тура биде туған жоқ» деген қағиданы ұстанып Шорман би атанған. Осы ғылыми жобаның тақырыбына сәйкес «Ұрпақтар сабақтастығы» атадан балаға текті ұрпақтармен жалғасын таба білді. Шорман би өзінің өте алғыр, ибалы, зерек, тәртіпті тұңғыш ұлы Мұсаны жастайынан жанынан тастамаған екен. Мұса бала әкесімен сыйласқан зиялы адамдардың ұлағатты іс – әрекеттерін көріп, өңгімелерін естіп, келешек өмір жолына мол азық алады. 13 жасында билік айтып, ой – өрісі кең, тілге шешен екенін байқатқан [2].

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев Мұса Шормановқа былай деп баға берген: этнограф, ағартушы, қоғам қайраткері, Мұса мырза арғын баласының ішінде қолынан да, тілінен де іс келетін, жаңа туып келе жатқан заманның қатпарлы құбылыстарын түсінген адам еді.

XIX ғасырдағы патшалық Ресей үкіметі Қазақстанда әртүрлі руларды бір – біріне қарсы қою, осылайша дау туғызу арқылы өзінің отаршыл саясатын жүргізді. Патша үкіметінің отаршылдық саясатымен күрес үстінде қазақ жерін, қазақ намысын өмірінің соңғы сәтіне дейін қорғаған Мұса мырза қазақ халқын тәуелсіздікке жеткізетін тек ғылым – білім деп таныды, осына қазақ зиялыларының ішінде алғаш түсінген, сол үшін қызмет қылған [3].

Осындай алмағайып заманда, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруда еңбектеген Мұса Шорманов зерек балаларды

анықтап оқытуға көп көңіл бөлген. Өзінің туған жиені Орта Азия, Қазақстан және Шығыс Түркістан халықтарының мәдениетін зерттеуші ағартушы – демократ Шоқан Уәлихановтың жастайынан тұлға болып қалыптасуына тигізген әсері, сіңірген еңбегі аз болған жоқ. Заңғар ғалым, академик Әлкей Марғұлан өзінің бір еңбегінде Шоқан Уәлихановтың Мұса Шормановқа жазған 30 хатын тапқанын атап көрсетеді. Хаттардың бәрі де «Аяулы мырза ағамызға...» деп басталған. Қазақтың аса көрнекті ғалымы, ойшылы, этнографы, тарихшысы, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинастырушысы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің алғырлығын танып, ерте жастан білім алуына, қалыптасуына бірден – бір себепкер болған – Мұса мырза. Бұл туралы Мәшһүр Жүсіп Көпеев өзінің жазбаларында былай дейді:

Бес жаста «Бісмиллә» айтып жаздым хатты,

Бұл дүние жастай маған тиді қатты.

Сегізден тоғызға аяқ басқан күнде,

Мұса еді қосақтаған «Мәшһүр» атты. Бұдан басқа Көпеевтің жазғандарынан мынадай шумақ жолдарын табамыз:

Көз, көңіл құлын жастан нұрға тойған,

Таусылмас көл, теңіз қып Құдай қойған,

Қазіреттен сабақ алып, оқысын деп,

Құттіріп Мұса мырза бір қыс қойған [4].

Ой түйіндей келе, аңғарғаным Мұса Шормановтың жас баланың оқуына, білім алуына жәрдемдескені. Бұл дәстүрді Мұсаның тұңғыш баласы қазаққа белгілі ақын, білімді, парасатты Сәдуақас (халық арасында Сәкен ағай) жалғастырған. Туған жері Ақкелінде 1903 жылы орыс – қазақ гимназия мектебін ашқызған. Осы мектепте қазақ ғылымының негізін қалаушы академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев алғашқы білім нәрімен сусындаған. Жас баланың білімге деген ынта – жігерін ерте байқаған немере ағасы педагог, Алаш партиясының мүшесі Әбікей Сәтбаев бала Қаныштың одан әрі білім алуына ықпал еткен. Аласапыран заман туып, қазақ зиялыларына қауіп төнген уақытта Қаныш Сәтбаев Жезқазғанда зерттеу жұмысында жүрген.

Халқымыздың басына түскен үлкен нәубет 1932 жылғы ашаршылықта басына қауіп төнсе де, Жезқазғаннан Баянауылдағы Айрыққа, Әужан Керегетасына келіп түн ішінде аштан бұратылып жатқан бірнеше баланы кішкентай «полуторка» машинаға салып Қарсақпайға жеткізген. Сол балалардың ішінде өлім аузындағы Кемел Ақышев та бар еді. Ұлы ғалым Қаныш Сәтбаев текті

Шорман ұрпағының тұяғы, апасы Ғазизадан туған жиені Кемелді өз тәрбиесіне алған.

Қазақ ғылымына үлкен үлес қосқан көрнекті археолог, тарих ғылымдарының докторы, әлемдік маңызы бар Есік обасынан табылған «Алтын адам (б.з.б. 5-4 ғасырлар)», Бесшатыр, Отырар жәдігерлерін зерттеген. Көптеген тарихи құнды еңбектердің авторы.

Қазақ халқының басында неше түрлі қилы замандар өтсе де ата – бабаларымыз бала бойындағы дарындылықты аңғарып, әрі қарай білім алуына, өмірде халқына адал қызмет етуге жөн сілтеп, тәрбиелеуге үлкен мән берген.

Қазақ елі өз тәуелсіздігін жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кемеңгер саясатының арқасында жас мемлекетімізге өз ұлттық кадрларымызды даярлау үшін жастарымызды арнайы іріктеуден өткізіп «Болашақ» бағдарламасымен экономикалық қиындықтарға қарамай шетелдің мықты жоғары оқу орындарында білім алуларына үнемі мемлекеттік қамқорлық жасалынды.

Тәуелсіздігіміздің іргесі жылдан жылға нығайды. Барлық әлем мемлекеттері қазақ елін танып, дипломатиялық қарым – қатынас орнады. Жаңа елордамыз Астана бой көтерді. Бүгінгі күні Астана қаласында қазіргі заман талабына сай, дүниежүзінің ықпалды мықты университеттерімен терезесі тең жоғары оқу орны «Назарбаев университеті» бой көтерді. Барлық облыс орталықтарында «Назарбаев зияткерлік мектептері» ашылып, жастардың ғылыми – инновациялық жобалар жасап, білім алуына еркін, кең жол ашылды. Бұндай жағдай кешегі ата – бабаларымыз армандаған, бүгінгі күні халқымыздың сол асқақ арманның орындалғанына куә болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия. Алматы, 2011. – 74 – 76 б.
- 2 Жамбыл Артықбаев. Баянауыл. Фолиант, 2009. – 161 – 170 б.
- 3 Шәмшіябану Сәтбаева. Ұрпақ сыры. Алматы, Үшқиян, 2003. – 29 – 34 б.
- 4 Мұса Шорманов. Жұлдыздар отбасы, Аңыз адам журналы, №16, 2014. – 35- 41 б.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ – ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ БЕЛГІСІ

ЖАМЕНКЕ Л. Е.

6 «А» сынып оқушысы, №22 ЖОББМ, Павлодар қ.

ЕШИМОВА А. А.

тарих пәнінің мұғалімі, №22 ЖОББМ, Павлодар қ.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтуынша, «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер Жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие. Біз 2015 жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияладық. Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда» [1].

Осы мақалада біз Қазақстан халқы Ассамблеясының дамуы туралы мәліметтерді зерттедік. Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстан Республикасы президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы жарлығымен мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылды. Мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді. Бұл бастама мәдениетаралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды. Оның дамуы барысында Н. Назарбаевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Осы жылдар ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол – халық дипломатиясының маңызды күретауына айналды. Бүгінде Ассамблея ел президенті төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады. Бұл – оның ерекше мәртебесін айқындайды.

Толеранттылық – үлкен құндылық. Бұл жергілікті халықтың басқа ұлт өкілдеріне және басқа діндегі адамдарға түсіністікпен қарап, оларды қудаламауының белгісі. Жалпы толеранттылық өркениетті қоғамға тән құбылыс. Мұндай қасиет тұтас ұлттың басына бір күнде орнай салмайтыны белгілі. Бұл – халықтың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгенінің айқын

көрінісі. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Қазақстандағы қоғамдық қарым-қатынастардың белгілі бір дәрежеге көтерілгенін байқауға болады.

Мұны тәуелсіздікке қол жеткізген 20 жылдағы маңызды жетістігіміз десек артық айтқандық болмас еді. Қазақстандағы полиэтникалық қоғамда негізінен екі мәдениеттің үстемдік құрып отырғаны белгілі. Біріншісі, сөз жоқ қазақ мәдениеті. Бұдан кейінгі орында орыс мәдениеті тұр. Дәл қазір өзге ұлт өкілдерінің діні мен салт-дәстүрін жаңғыртуға барынша жағдай жасалған. Осындай ынтымақты тірлікке дүниежүзінің көптеген елдері қол жеткізе алмауда. Керек десеніз, Қазақстан – Орталық Азияда ұлтаралық татулықты сақтап, алауыздыққа жол бермеген жалғыз ел. Бүгінде кең-байтақ қазақ жерінде 11 тілде жастарға тәлім беретін мектептер жұмыс істейді. Біздің билік мұндай білім ошақтарының барлық шығындарын көтеріп отырғаны белгілі. Осыдан-ақ еліміздегі өзге ұлт өкілдеріне қандай жағдай жасалғанын бағамдай беруге болады. Сондай-ақ, мұндай мектептер өзге ұлт өкілдері жастарының қазақ тілін оқып-үйренуіне негіз болып отырғанын тілге тиек ете кетуіміз керек. Бұдан басқа ел аумағында 13 тілде түрлі радиохабарлар тарайтыны белгілі. Бұны үлкен жетістік деп айтуымызға қақымыз бар.

Қазіргі таңда өзге ұлт өкілдері Қазақстан халқы Ассамблеясының маңайына топтасып, өзінің салт-дәстүрі мен мәдениеттерін дамытуда. Осы орайда 1995 жылы құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының алатын орны ерекше. Бүгінде бұл аталған достық шаңырағы қазақ жерінде тіршілік ететін ұлттық-мәдени орталықтардың басын қосатын және аз ұлттардың мүддесін қорғайтын мекеме есебінде нәтижелі жұмыс жасауда. Қазақстандағы аз ұлттардың өкілдерінің мұқтаждығын өтеуге, ұлтаралық қарым-қатынас аясында үйлесім орнатуға барынша жағдай жасалған. Барша ұлттардың азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтарын қорғауға байланысты жүзеге асырылатын шаралар халықаралық стандарттарға сай және осы орайда өзге мемлекеттерге үлгі бола алатынын айта еткен жөн. Өзара сыйластық пен төзімділікке, бейбітшілік пен келісімге негізделген қоғамдық қатынастар әлем сахнасында Қазақстанның шынайы имиджін қалыптастыруға игі ықпал жасауда.

Тәуелсіздікпен бірге есейіп келе жатқан Ассамблея еліміз үшін үлкен мән-мағынаға ие. Бүгінде қоғамдық институтқа республика бойынша 820 мәдени орталық мүше. Мемлекет Басшысы

Нұрсұлтан Назар-баевтың Астана төрінде әлемдік дінбасылардың құрылтайын өткізіп, төрткүл дүниедегі тәрбие мен бейбітшілікті, лаңкестікке қарсы күресті талқылау бүгінде маңызды ғаламдық іс-шараға айналып отыр.

Жақында Ассамблеяның кезекті сессиясында Мемлекет Басшысы Нұрсұлтан Назарбаев, қазақ тілі – елімізді мекендейтін халықтарды тұтастыратын негізі құрал деп ашық айтты. Осы ретте біздер Президентке қолдау көрсетіп, қазақ тілін дамытуға өзіміздің үлесімізді қосуымыз керек. Келешекте мәдениетіміз адамзат өркениетінің азығына айналуы керек. Кезінде тілші ғалымдарымыз қазақ тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігін жасап шығарғаны белгілі. Білген адамға бұл – үлкен байлық. Тіл – халықтың қорғаны. Сондықтан біздер толерантты қоғамға арқа сүйеп, тіл мәселесін түбегейлі шешіп алуымыз керек.

[illegible]

Зерттеу барысында біз осындай мәліметтермен таныстық. Қазақстандағы ұлттық мәдени орталықтардың үш статусы болады. Олар республикалық, облыстық, аудандық болып үшке бөлінеді. Республикалық ұлттық мәдени орталықтар туралы айтатын болсақ, бүгінгі таңда Әділет министрлігіне нақты тіркелген 28 мәдени орталық бар. Бұл орталықтардың облыста, ауданда өздерінің филиалдары жұмыс істейді. Сонымен қатар ұлттық мәдени орталықтардың жергілікті әділет басқармаларына заңды тіркелгендері де, тіркелмегендері де болады. Осы реттен келгенде, еліміздегі ұлттық

мәдени орталықтардың жалпы саны 820-дан асады. Мысалы, республикалық, облыстық ұлттық мәдени орталықтар заңды түрде тіркеліп жұмыс істесе, аудандық орталықтар тіркелмейді, оларды жергілікті әкімшілік өздері бақылайды. Қарап тұрсаңыз, Солтүстік Қазақстан облысында этномәдени орталықтар өте көп. Себебі онда қазақтар аз да, өзге ұлт өкілдері көп шоғырланған. Олардың әрқайсысы сол жерде топтасып, ансамбль құрып, этномәдени орталық ретінде бірлесіп жұмыс жасайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Ассамблеяны құрады және қайта ұйымдастырады, Ассамблея қызметінің бағыттарын айқындайды, Ассамблея басшылығының лауазымды адамдарын қызметке тағайындайды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне – Елбасына Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару құқығы тиесілі. Ассамблеяның құрылымын Ассамблея Сессиясы, Ассамблея Кеңесі, Ассамблея Хатшылығы, облыстардың ассамблеялары құрайды. Барлық аймақтарда Достық үйлері өз жұмысын тиімді атқарып келеді, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Астана қаласында – Бейбітшілік және келісім сарайы салынды. Мұнда жыл сайын Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиялары, әлемдік дәстүрлі діндер съездері, өзге де маңызды іс-шаралар өтеді.

Бүгінде республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Этномәдени бірлестіктердің өзінің саны тұрақты өсуде, қазір олар 800-ден асады, оның ішінде 28-і республикалық. 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар 7 тілде телебағдарламалар шығады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Осымен қатар, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілдерін оқуға мүмкіндік алған 195 этно-білім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылды. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, көріс және неміс театрлары жұмыс істейді. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді [3].

Жыл сайынға халықтық мерекелер Наурыз, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, масленица, сабантой дәстүрге айналды. Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде,

стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген Ұлт Бірлігіне жету болып табылады.

Ел Президенті еліміздегі тіл мәселесіне ерекше көңіл бөліп келеді. Этносаралық қатынастар жүйесінде мемлекеттік тіл ел бірлігін қалыптастырудың маңызды факторы болып танылған. Сондықтан да Ассамблея қызметінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту маңызды орынға ие. Ассамблея қызметі этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешіп келе жатқан ел ретінде Қазақстан Республикасының халықаралық беделінің өсуіне ықпал етуде. Бүгінде Н. Назарбаевтың этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім үлгісі әлем назарын аударып отыр. Қазақстандағы қоғамдық келісім үлгісіне қызығушылық танытушы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар саны күн санап артып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана қ., 2014 жылғы 11-ші қараша.

2 онлайн: http://www.syrdarya.gov.kz/kz/news/azastan-haly-assambleyasyna---20-zhyl-assambleya--tatuly-temrazyy_1840.

3 онлайн: <http://e-history.kz/kz/contents/view/1730>.

ҚЫЗДАРДЫҢ БОЙЫН ТІК ҰСТАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ШОЛПЫНЫҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ

ЖӘРДЕМ А. К.

7 сынып оқушысы, «Дарынды балаларға арналған
№3 гимназиясы» ММ, Павлодар қ.

Бүгінде қазақы ұлттық нақыштағы ою-өрнектермен тігілген қазақша көйлектермен шеберлердің жасаған зергерлік бұйымдарын тағып, киіп жүрген жастарымыз баршылық. Аталмыш екі зат бір-бірін толықтырып тұрса, көздің жауын алары хақ. Сондай-ақ, ұлттық болмысымызды аша түседі. Қазақтың ұлттық қолөнер туындыларына ешқандай ұлттың дүниелері жетпейтініне сенімдімін. Мындаған жылдар бойы қалыптасқан ұлттық зергерлік бұйымдарымызды, қазіргі жаһандық заманда аман сақтап, олардың денсаулыққа өте пайдалы екенін жастарымыздың бойына ұялата білу біздің парызымыз. Өнер

өлмейді, өнер көнермейді, өнер жеміс ағаштың бұтағындай гүлдеп, жемістен бері.

Қазақ халқының зергерлік өнері сан қырлы, бай мұра екені белгілі. Сол әшекейбұйымдарының бірі – шолпы, тек қана зергерлік бұйым ғана емес, оның қызбалалардың денсаулығына өте пайдалы екенін айтқым келеді. Қазіргі кезде мектепжасындағы балалардың арасында омыртқаның қисаюуы көптеп кездеседі. Омыртқаның қисаюуының алдын алуда шолпының артқаратын қызметі зор. Шолпыға тағылған тиындар қыз баланың бойын тал шыбықтай тік ұстап, сымбатты өсуіне септігін тигізеді. Халқымыздың тарихи құндылығы саналатын шолпының тәрбиелік мәні, оның түрлері мен денсаулыққа пайдасы туралы кеңірек таныстыра кетуді жөн көрдім.

Қазақ халқының көнеден қалған шашқа арналған әшекей бұйымдарын зерттеу; Шолпының тәрбиелік мәнінің өте жоғары деңгейде екенін дәлелдеу;

Жас қыз балалар шолпының қандай түрлерін таққанын анықтап, оның денсаулыққа пайдасын дәлелдеу.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

Шашқа арналған әшекей бұйымдарын түрлерін зерттеу;

Жас қыз балалар шолпының қандай түрлерін таққанын анықтау;

Шолпының қыздардың бойын тік ұстау мәнерін қалыптастыратынын дәлелдеу;

Шолпының жасалу жолына тоқталып, зерттеу жұмыстарын жүргізу;

Шолпының тәрбиелік мәнін ұғыну;

Жиналған материалдарды бір жүйеге келтіру.

Ғылыми жобаның зерттеу әдісі

– Жинақтау, топтау;

– Салыстыру;

– Өзіндік ой топшылау.

Болжам: Егер біз қазақ халқының зергерлік бұйымдарын кеңінен насихаттасақ, бұл ұлттық әшекей бұйымның қазақ қыздары арасында кеңінен қолданысқа енуіне жол ашар едік.

Нәтижесі мен қорытындысы:

– Шолпыны тек қана қыз балалар мен бойжеткендер тағады;

– Шолпының қыздардың бойын тік ұстау мәнерін қалыптастырады;

– Қазақтың әшекей бұйымы шолпының сыңғыры қара ниетті күштерден сақтайды;

– Шолпы арқылы қыздың жасын, әлеуметтік тобын, қай жақтан екендігін аңғаруға болады;

Ғылыми жұмыстың практикалық қолдану салалары:

Тақырып негізінде жинақталған материалдар тарих, қазақ тілі, әдебиет пәндерінде қосымша ретінде қолдануға болады. Тәрбие сағаттарында пайдалануға болады.

Шашқа арналған әшекей бұйымдар

Ежелден бері халқымыздың қыз-келіншектерінің көркі - шаш, шаштың сәні – шашбау, шолпы, шашқап еді. «Білектей арқасында өрген бұрым, Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын...» – деп ұлы Абай жырлаған қазақ халқының шашқа арналған зергерлік бұйымдары баршылық.

Шолпы – әйел әшекейлерінің ішінде сәнді әрі күрделілерінің бірі, күміс немесе алтын тиындар қадалған шашбау. Шолпыны сән-әшекей ретінде, сондай-ақ оның салмағының әсерінен шаш ұзын болып өседі деп таққан. Мұны байлықтың, баршылықтың белгісі деп те санаған. Қазақтардың ежелгі наным-сәнімі бойынша, бұрымдағы шолпы сыңғыры бойжеткенді қара ниетті күштерден қорғауға көмектеседі. Қазақ салтында шолпыны қыздар мен жас келіншектер тағады. Шолпының түрлері: қоңыраулы (сылдырмақты) шолпы, көп үзбелі шолпы, көзді шолпы, қозалы шолпы, шынжырлы шолпы, қос үзбелі шолпы, маржанды шолпы, меруертті шолпы, ақықты шолпы, сағат баулы шолпы, тағы сол сияқты.

Шолпының жасалу жолы.

Қазақтың зергерлік өнері ежелгі дәстүрлердің сабақтастығы мен көрші халықтар мәдениетінің өзара ықпалы арқылы қалыптасқан. Зергерлік өнердің өзіндік жасалу ерекшелігіне тән кәсіптік мінездемесі бар. Қазақ зергерлері (зер – зар парсы тілінде алтын ұғымын білдіреді) көбіне жеке – дара жұмыс істеп, өз өнерінің қыр – сырын ұрпақтан – ұрпаққа үйретіп отырған. Зергерлердің басты жұмысы – қоғамның барлық әлеуметтік топтарының сұранысына ие болған – әйелдердің әшекей бұйымдарын жасау.

Зергерлік – жалпы адамзатты, оның ішінде жас жеткіншектерді сұлулық пен әсемдікке құштарлыққа, талғампаздық пен тазалыққа тәрбиелейтін өнер. Өйткені зергердің қолынан шыққан бұйымдардың бәрі – сәндік, әсемдік заттары. Сол әсемдік заттардың бір түрі – қыз-келіншектер шаштарының ұшына тағатын шаш теңге, шолпы, шашбау деп аталатын әшекейлер. Шаш теңгелер мен шолпылар көп жағдайда әсем шиыршықталған күміс бауларға бекітілген тоғыз теңгеден тұрады. Тоғыз – қазақ ұғымында киелі сандардың бірі. Олар

бір-бірімен ұзыннан-ұзақ жалғасып, шаштың ұшына бірге өріледі. Шашбау да бір-біріне сым үзбелер арқылы бекітіледі. Орталарына асыл тастардан көз қондырылған теңгелер тізбегінен құралады. Ұшы сәнді шашақпен немесе күміс әшекейлермен әсемделеді. Шашбау шаштың түбіне бекітіліп, бұрыммен бірге салбырап төгіліп тұрады. Шашбау дегеніміз, өрілген бұрымның ұшын бекіту үшін тағылатын алтын, күміс тиындар, кейде маржан тағылған сәндік бұйым.

Қазіргі заманғы зергерлік өнер

Қазіргі заманғы зергерлік өнер жұмыстарының көпшілігі әр түрлі техникалар көмегімен жүзеге асырылады. Сығымдау, өрнектеу қалыптары, әр алуан жонғыш, сызғыш, оймыштағыш құрал-саймандар, электрмен жұмыс істейтін машиналар көбейді. Соның нәтижесінде жаппай тұтынылатын көпшілік қолды зергерлік бұйымдар топтап шығарылатын болды. Алайда, зергерлердің қолдан жасаған дара бұйымдары әлі күнге дейін зергерлік өнердің құнды ескерткіштері ретінде бағаланады. Әсіресе, қарағандылық А. Қошқарбергеновтің сүйектен ойып, 40 түрлі оймыш-өрнектер салып жасаған күмістеген асадалы, А. Абылаевтың алтын, күміс бұйымдары, Қ. Дүйсенқұлованың күміс ері, Солтүстік Қазақстандағы Қ. Смағұловтың сақиналары мен жүзіктері, Семейдегі Б. Нұржанов пен Павлодардағы А. Есалиевтің нәзік шеберлікпен жасаған бұйымдары қазіргі заманғы отандық зергерлік өнер дамуының жаңа белестері болып табылады. Зергерлік өнер дәстүрі қызылордалық шебер М. Төлегенов, суретші-зергерлер И. К. Брякин, Ғ. Жалмұханов, Д. Шоқпаров, В. С. Савченков, Г. И. Иванов шығармаларында одан әрі дамыды.

Тәрбиелік мәні

Дана ата-бабаларымыз шаштың киесі бар екенін бұрыннан-ақ білген. Сол себепті де шашқаөте сақ қарауға үндеген. Ғалымдардың көпжылғы зерттеулеріне қарағанда, шашқаадамның басындағы қылтиған қыл депқана қарамау керек, бұған тұтас бір ғылыми еңбек арнаса да артықтық етпейтін көрінеді. Ол адамның көркіне көрік қосып қана қоймай, денсаулығына да аса зор ықпал ететіні дәлелденіп отыр. Шаш арқылы көптеген жағымсыз энергияларды «жұқтыруға» болады екен. Сол себепті де ата-бабаларымыз әйел адамдарға жалаңбас жүрмеуді, мешітке орамал тартыпкіруді, түнде ұйықтағанда орамал тартыпжатуды ескертуі тегін емес.

Қазақтар адамның шашын кез келген жерге тастамайды. Олар әйел шашының ұшында тіршіліктің күші бар деп есептейді. Осы

наным – сенімге сәйкес қыздардың шашын кимай, бұрым етіп өсіріп қояды. Оның ұшына шолпы, шашбау байлайды.

Шашты жайып тастап жүргені біртүрлі ерсі көрінетіні рас. Данагөй ата-бабаларымыз қыз баласына ұзын шашты айып жүруге қатаң тыйым салған. Бұрынырақта күйеуі қайтыс болған әйел шашын жайып тастап, бетін тырнап, жоқтау айтқан. Сол себепті де жайылған шаш жамандық шақырушы деп есептеген.

Халық арасында «Адам жанының бір ұшы шашының арасын мекендейді» деген наным сақталған. Сондықтан да шолпының ұшына бәле – жаланы маңайлатпайды деп қоңыраулы сылдырмақ тағатын болған. Шолпы, шашбаулар бір жағынан әшекей болып саналса, екіншіден, қыз шашының ұзындығы мен қалыңдығын көрсетіп тұрады. Шашбау асыл тастар мен күміс теңгелерден, ортасына ақық орнатылған шілтерлі майда таналардан құралып, қыз бұрымының ұшына тағылады. Бұрымға тағылған шолпы сыңғыры қара ниетті күштерден қорғауды көздеген. Шолпының тәрбиелік мәні де зор. Жас қыздарға аналары: «Секендеп қатты жүруге болмайды. Шолпыңның сылдырлаған дауысы қатты естілсе, сені әдепсіз қыз екен деп айтады» деген сияқты тәлім – тәрбие беріп отырған.

6 сынып оқушылары арасында өткізілген сауалнама.

Зерттеу жұмысының барысында 6 сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізілді (№1 қосымша). Павлодар қаласындағы «Дарынды балаларға арналған №3 гимназияның» 2013-2014 оқу жылында оқыған 6 «М», «И» сынып оқушылары арасында 30 оқушы сауалнамаға қатысты. Оқушыларға ұсынылған сұрақтар ішінен жауап нұсқасын таңдап алу (таңдалып алынған жауапты дөңгелектеп қою) ұсынылды. Оқушылардың жауаптары негізінде сұхбаткерлердің пайыздық қорытындысы шығарылды. Сауалнаманың қорытындысы 28 оқушының (94%) омыртқаның қисаюы не екенін білетінін, 2 оқушы (6%) омыртқаның қисаюы не екенін білмейтінін көрсетті. Мектеп оқушылары арасында омыртқаның қисаюы жиі кездесе ме деген сұраққа 28 оқушы (94%) «иә» деп жауап берсе, 2 оқушы (6%) «жоқ» деп жауап берді. Сенің сыныбыңда неше оқушының омыртқасы қисайған деп есептейсің деген сұраққа 25 оқушы (85%) 15-21 баланың омыртқасы қисайған деп есептеймін десе, 5 оқушы (15%) бұл жағдайға мүлде мән бермейтінін жазған. Сауалнаманың қорытындысы диаграммада (№2 қосымша) көрсетілген.

Сауалнама өткізгеннен кейін 6 сыныпта сынақ өткізіп көрдім. Сынаққа 6 сыныптың 20 қыз бала қатысты. Шашы ұзын қаздарға 1 ай көлемінде шашбау тағып жүру ұсынылды. Қыздардың жауаптары негізінде сұхбаткерлердің пайыздық қорытындысы шығарылды. Сауалнаманың қорытындысы бойынша шолпы тағып жүру 18 (90%) қызға ұнаса, 2 (10%) қызға ұнамайтыны анықталды. Шолпы таққанда бойынды қалай ұстайтыныңды қадағалайсың ба деген сұраққа қыздардың 20-сы (100%) да «иә» деп жауап берді. Шолпы таққанда жүрісің өзгерді ме деген сұраққа 17 қыз бала (85%) шолпымен баяу жүруіп, жүрістерінің өзгергенін айтса, 3 бала (15%) жүруге ыңғайсыз екенін айтты. Соңғы сұрақ шолпы таққанда көңіл-күйің қандай болады дегенде қыздардың барлығы 100 % көңіл-күйлерінің жақсарғанын мойындады.

Осындай зерттеулерден кейін мен мынандай қорытындыға келдім:

1. Омыртқаның қисаюының алдын-алуда шолпының атқаратын қызметі зор.

2. Қыздардың бойын тік ұстау мәнерін қалыптастырады.

3. Шолпы, шашбауды мектеп жасындағы қыздар арасында кеңінен насихаттау керек.

№1 қосымша

Құрметті дос! Сені біздің сауалнамамыздың бірнеше сұрағына жауап беруіңді сұраймыз.

1. Сен омыртқа қисаюы не екенін білесің бе?

Иә Жоқ

2. Мектеп оқушылары арасында омыртқаның қисаюы жиі кездесе ме?

Иә Жоқ

3. Сенің сыныбыңда неше оқушының омыртқасы қисайған деп есептейсің?

Иә Жоқ

4. Сен шолпының не екенін білесің бе?

Иә Жоқ

№2 қосымша

Құрметті дос! Сені біздің сауалнамамыздың бірнеше сұрағына жауап беруіңді сұраймыз.

1. Шолпы тағу саған ұнай ма?

Иә Жоқ

2. Шолпы таққанда бойынды қалай ұстайтыныңды қадағалайсың ба?

Иә Жоқ

3. Шолпы таққанда жүрісің өзгерді ме?

Иә Жоқ

4. Шашбау таққанда көңіл-күйің қандай болады?

Жақсы Нашар

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тохтамбетова, Ш. К., Каримова, Р. У. «Қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің шетелдегі жәдігерлері», Алматы, 2008, Таймас баспасы.

2 Самашев, З. «Берел», Алматы, 2011, Таймас баспасы.

3 Тасмағанбетов, И., Самашев, З. «Сарайшық», Алматы, 2001, ОФ Берел.

4 Тасмағанбетов, И. «Орталық Азия зергерлерінің бұйымдары», Алматы, 1997, Дидар баспасы.

5 Тохтамбетова, Ш. К. «Ұлы Дала жауһарлары», Алматы, 2008, «Дайк-Пресс» баспасы.

6 Маргулан, А. Х. «Казахское народное прикладное искусство», том 3, Алматы, 1984, «Өнер».

7 Жолдасбекова, С. А., Изтлеуова, А. М., Ыскак, А. И., Райымкулова, А. Д., Кубекова, М. А. «Народные ремесла», Астана, 2013, FOLIANT.

8 Дәулетова, Б. Е. «Қазақ халқының қолөнеріндегі зергерлік бұйымдар», Өл-Фараби атындағы ҚҰУ хабаршысы, 2012, №2, 192-194б.

9 Ермекқызы, Н. «Зергерлік бұйымдар жайлы», Этнопедагогика, 2007, №2/3 27 б.

10 Ермекқызы, Н. «шашқа тағатын әшекей бұйымдар», Этнопедагогика, 2007, №1, 18б.

11 Жұмашева, А. «Зергерлік бұйымдар-ұлт мұрасы», Мәдениет, 2012, №9, 30-33б.

12 Молдашева, Г. «Қазақ халқының дүниетанымындағы киелі әшекейлердің нышандық маңызы», Nomad Kazakhstan, 2008, №4, 48-50 б.

13 Мұсабай, Р. «Атадан қалған мирас», Отарқа, 2009, №34, 20 тамыз, 98 б.

КИІЗ БАСУ КӨРКЕМДІК ӨНЕР

ИБНАЖИПОВА Ш.
7 сынып оқушысы, №204 мектебі
БЕДЕНҚҰЛОВА А.
жетекші, бастауыш сынып мұғалімі,
Қазалы ауданы, Қызылорда облысы

Қазақ кол өнерінің көркемдік ерекшелігінің негізі болып киіз басу өнері саналады. Қазір заман ағымына қарай тұрмыс тіршіліктің өзгеруіне байланысты киіз басу өнері кенже қалып барады. Киізден тұрмысқа қажетті әртүрлі бұйымдар жасаумен қатар оған оюлап, өрнек салудың табиғи ыңғайлылығын пайдалана отырып, сәндік бұйымдар жасау, сурет салу, т.б. түрін меңгерудің заманауи құндылығын ашу арқылы бұл өнерді дамыту жолдарын қарастыру. Киіз басу өнері көне заманнан бүгінге дейін жетіп отыр. Киіз басу да киіз үйдің тұрмысқа пайдалануға келуімен тұтас. Тіпті одан бұрынырақ келген деуге де болады. Оған дәлел киіз үй біздің заманымыздан бұрынғы 3000 –жылдықта пайда болды деген деректер бар. Ал, Шыңжаң өңірінде киіздің қай замандардан бастап пайдаланғанын мөлшерлеуге болатын тарихи қазба деректер де табылған екен. Шыңжаң өлкесінің шығысындағы бұрынғы үйсіндердің мекені – Құмыл өңіріндегі қара төбе қабірыстанына зерттеу жүргізілгенде бұдан 3000 – 3600 жыл бұрын астына киіз төселіп, тері киімдермен оралып көмілген әйелдің мүрдесі табылған. Тіпті таңғаларлығы сол қабірлерден қазір де әжелеріміз істейтін ызылған құрлар, жіптер, ақ, қара, жолақты ұсақ шақпақты жүн кездеме, шұғалар табылған. Міне осы деректерге қарап халқымыздың жүнді пайдаланып киіз басу, арқан, жіп есу, құр ызу сияқты қолөнерінің тарихының әріден басталғанын көреміз. Демек, киіз басу өнері Орта Азияны қоныстанған көшпенді ұлттардың шаруашылығының тұрмыс мәдениетінің туындысы. Киізді халқымыз көшпенді тұрмысының барлық қажетіне жаратты. Мәселен, баспанасына жабынды, басына сая, еденіне төсеніш, үстіне киім, өлісін арулайтын, тірісіне сөн – салтанат бағыштайтын аса қажетті тұтыну материалы болды. Халқымыз тарихтағы хандарын да ақ киізге көтеріп тағына отырғызған. Дегенмен, киіз басу деген оңай орындала салатын іс емес. Машақаты көп. Күш пен шыдамдылықты талап ететін жұмыс. Әуелі киіз басуға кіріспес бұрын үлкен дайындық жүргізіледі. Негізінен қойдың күзем жүні тандап алынады және уақыты келгенде қойды суға тоғытып алып, жүні тазарған соң қырқады. Қырқылған жүн іріктеліп алынып,

сабауға жіберіледі. Ол үшін арнайы тұзу талдан сабау дайындап алу керек. Жүнді сабау тек ұру дегенді білдірмейді. Оның да әдісі бар. Сабаумен жүнді қопсыта ұрғанда, шаң – тозаңнан айырып, ұйысқан жері жазылып, желкілдеп шыға келеді. Міне, сол кезде ол жүн киіз басуға дайын болмақ.

Киіз басуға қажетті дайындық: Киіз басуға желсіз ашық түн тандалады; Малдың күзем жүні қажет; 4-6 қанат ақ ши дайындалады. Ерекше жағдайда 9-10 қанат ши қажет; Шабақтайтын сабау; Қайнаған су; Жүн шабақтайтын, жүн тартатын 5-6 әйел, шиге орап ыспалайтын, білектейтін 5-6 адам; Буатын арқан және тізгін жіп, немесе бір дана бақан не сырық. Осы дайындықтар біткен соң жүн басатын отбасы тегіс әрі таза жер тандап, қанат шиелерді екіден қатарлап төрт немесе алты шиге дейін екі-үш шиден жұптап біріне бірін жалғап көктейді. Шилердің ұзыны мен көлденең басылатын киізге жетерліктей етіп құрап алады. Сонан соң жасалатын бұйымның түрлеріне қарай қажет жүн тандалып алынады. Туырлық үшін шиге алдымен кер қызыл жүн шабақталады.

Сабалған жүнді киіз басатын шидің үстіне сабаумен көпіртіп бір тегіс жайып шығу жүн шабақтау делінеді. Жүн шабақтауға 2-3 әйел қатар отырып, жайылған шидің бір басынан 2-басына дейін жүнді шабақтап жайып шығады. Жүн шабақталып біткен соң бір басынан бастап осы қызыл жүннің үстінен 2-рет ақ жүн тартылады. Шабақталған жүннің үстіне ақ жүн шүйгесін бір тегіс қатарлап үзіп жатқызып шығуды «жүн тарту» дейді. Ақ жүннің бір бөлігін алып, жұмырлап, шидегі шабақталған жүннің бір басынан бастап үстіне тартады, оң қолдың қырымен басып, сол қолмен шүйгіні үзіп алып, үзілген шүйкені қайта әлгі үзіліп тасталған жүннің қатарына салып, тағы да әлгіндегідей үзіп алу қимылын қайталаймыз. Осылай көлденең қатарды толтырып онан соң алдыңғы үзіліп қалдырылған шүйкенің, шетін бастыра тағы шүйке салып, үзіп, жүн тартылады. Бұл жүн тарту қимылы шабақталған жүннің үсті толғанша жүргізіледі.

Жүн бір жері жұқа бір жері қалың болмай тегіс тартылуы керек. Сондықтан жүн тартатын адам ысылған адам болуы қажет. Жүн тартуды екі не үш әйел қатар отырып істейді. Өйткені жүн шабақтау, жүн тарту ісін бірнеше адам жабылып істеп тез бітірмесе, «үп» еткен желде бұл жұмысқа кедергі болады. Жел ұшырмау үшін тартылған жүн үстіне сабау, жіңішке ағаштар бастырылады. Жүн шабақтап, жүн тартушылар басылатын киіздің шамасына қарай жүнді қалың, не жұқа етіп тегістеп отырады. Туырлық үзікке 6-7 см қалыңдықта жүн тартылады. Сырмақ киіздеріне 4см қалыңдықта жүн салынады.

Ал үзік және сырмақ киізге асты-үстіне бірдей ақ жүн салынады. Сырмақ киізі жұқалау басылады. Астарлық киіздерге де кер қызыл жүн жұқалап қосылып басылады. Жүндер тартылып болған соң 80 градустан жағары ыстық су себіліп, жүн бастырылады. Суды әдетте төңкерілген шөміштің үстінен құю арқылы шашыратып себу керек. Немесе шүмегіне темір тесіктер орнатылған су бүріккіш құмандармен сепсе де тегіс себіледі. Су жүнге біркелкі сіңуі шарт. Су себу барысында тағы бір адам су себушінің артынан ілесе, екі шиік көлемдегі жүнге бір қалта есебіндегі, төрт шилікке екі, алты шилікке үш қалта, тоғыз шилікке төрт-бес қалта тазартқыш ұнтақты жүннің үстіне тегіс шашып шығады. Су шашып, тазартқыш ұнтақ салумен қоса, жүн тартылған шидің басына жүнге тигізбей, шиге орап екі ұшын шидің екі басына шығарып ұзын жіп салынады. Бұны «тізгін жіп» дейді. Су себіліп, тізгін жіп салынған соң ши дереу шиыршықталады. Бұл жұмыс барысында да ыстық суды үзбей тегі шашып тұру қажет. Ши шиыршықталып болған соң екі басындағы тізгін жіптің ұшын бірін-біріне қосып мықтап байлап, одан басқа жіптермен де шидің белінен 3-4 жерден мықтап буылады. «Тізгін жіп» шиді ары-бері домалатқан кезде ішкі қабатының сыртқа шығып кетпеуінің алдын алады. Шиді ары бері домалатуды арқанмен ғана істеуге болады. Арқанмен ары-бері тартып домалату-ыспалау делінеді. Бір шиге екі, немесе үш арқан белінен бір орап салынады да, бір арқанның екі ұшынан екі адам, үш арқан болса алты адам екі жаққа бөлініп, қарама-қарсы тұрып, шиді ортаға алып кезек-кезек өздеріне қарай тартады. Осылай кезек-кезек тартқанда ши ары бері домалап, жүннің бірігу барысын тездетеді. Дайын киізден туырлық, үзік, түндік, текемет, сырмақ жасауға болады. Киізден жасалған бұйымдардың арасында өзінің қанық, ашық түсіті оюымен текеметтер бірден көз тартады. Мұражайлар мен ауыл үйдегі көздің жауын алатын текеметтерден қазақ халқының киіз бен текемет басудан мол іс-тәжірибе жинақтағанын байқауға болады. Киіз дайын болғаннан кейін, оның бетіне түрлі боялған жүндермен қошқар мүйіз оюлардың неше түрі өрнектеледі.

Киіз басу тәсілі бір болғанымен текемет бетіне ою салу әр жерде әртүрлі болған. Текеметке ою қойғанда сары түс пен қоңырқай түстің үндестік табуына ерекше мән беріледі. Жиекке түскен иірлер ортадағы негізгі ою-өрнекпен астасып, үйлесім табуы тиіс. Ою салынғаннан кейін киізді қайтадан шиге орап, киіз бен оның бетіне салынған ою-өрнектер бір-біріне қабысқанша, тағы да пісіріп алады. Текемет дайын болғаннан кейін оны күн көзіне жайып, жақсылап

кептіріп алады. Осылайша текеметті бір күн ішінде басып шығаруға болады. Текемет басу барысында ауыл әйелдерінің басы қосылып, әңгіме-дүкен құрады, сөз алмасып, қазан көтереді, көңіл шалқып, соңы той-думанға айналады. Көне заманнан келе жатқан әр ұлттың өз ғұрпына мән-мағына беріп, өмірдің әр күніне сән бере білген зандылығы осы жерде айқын көрініс береді.

Киізден текеметтен басқа сырмақ сыруға болатынын жоғарыда айттық. Сырмақ жасауда ақ пен қара киізді ойып, қиюластырып жасаумен қатар біртұтас киіз бетіне помбарқыт, барқыт, мақпаз, мауыты, сәтен сияқты маталардан немесе иірілген әр түсті жіптерден де өрнек салып, сыру сияқты тәсілдерді кеңінен пайдаланған. Сырмаққа ою салу жергілікті жердің ерекшеліктеріне байланысты үш түрге бөлінеді – сырмақ бетіне орталық бөлікті қоршай жиек оюын түсіру және жалпы біртұтас ірі ою құрылымын орналастыру немесе екі-үш деңгейге бөлінген ою жолдарын түсіру. Сырмақ оюларының негізін көне заманнан байлықты, барлықты білдіретін мүйіз текті оюлардың барлық түрлері кеңінен қолданған. Біздің қазақ халқының ұлттық технологиясын өзгелер үйреніп, қазір әлем нарығында киіз басуға арналған машиналар да шығып жатыр. Қорқыныштысы сол, жаһандану процесі қазақтың дәстүрлі технологиясын жалмап кету қаупі бар. Ал көлөнерге қызығушылықты арттыру – мәдени мұрамызды сақтап, қайта түлету мүмкіндігі. Ендеше бұл саланы дамыту үшін көлөнер шеберлерінің тыныс-тіршілігіне назар аударып, қолдауымыз қажет. Сондай-ақ, киіз ежелден бері Сібірдің, Орталық және Орта Азияның көптеген халықтары тұрмысының құрамдас бөлігі болып қызмет етті. Таулы Алтайда киізден бұйымдар жасайтын кәсіпшілік дүниеге келіп, міне жиырма жыл бойы осы жерде жұмыс істеуде. Алтайлықтар киізді тұрмыста талай ғасырлар бойы үздіксіз қолданып келеді. Дегенмен қазіргі кезде бұл материал жаңа ғұмырды бастан кешуде. Киізден жасалған экологиялық таза, жылы да әдемі заттар барған сайын көпшілік көңілінен шығуда. Киіз отбасына бақыт қана емес, сонымен қатар әулетке құт-береке сыйлайды деп есептеледі, сондықтан үйлену тойы күні қалыңдыққа киізден жасалған кілем немесе басқа да бұйымдар сыйланады. Киіз бұйымдар сондай-ақ отбасы ошағының тұмары ретінде қызмет етеді. Әйелдердің ұлттық мәнерде орындалған киімі көрмеде назарға ұсынылған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Сырмақ өнері» Алматыкітап, 2007.
- 2 Энциклопедия «Қазақтың ою өрнектері» Алматыкітап, 2005.

3 «Өнердегі алтын көпір» – Екібастұз, 2011 жыл. Зылиха Төлегенова.

4 «Қазақ халқының салт – дәстүрлері» Алматы, 2006.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН АШУ

ИСКЕНДИРОВА А.

8 сынып оқушысы, №18 жалпы орта білім беретін мектебі

СЛАНБЕКОВА Б. Г.

жетекші, тарих пәнінің мұғалімі, Екібастұз қ.

*Халықтың тарихи жсадыңыз
дәстүр жоқ, дәстүрсіз мәдениет жоқ,
руханиятсыз жеке тұлға жасалмайды
жеке тұлғасыз халық қалыптаспайды.*


Халық педагогикасы – ақиқатты шындық аксиома. Халық педагогикасы-халық тәрбиесі. Халық педагогикасы халықтың тарихи өмірін, ұлттық санасын қорғайды. Халық педагогикасы заман талабына сай ізгілікті тұлға тәрбиелеуді көздейді. Халық педагогикасының тәлім-тәрбие беру әдістері жаңаланып отырады. Ұлттық тәрбие Отанды сүюден басталады. Бүгінгі Қазақстан жағдайындағы ұлттық патриотизмнің басты көрінісі-қазақтың ана тілінде сөйлеуі, балаларына ұлттық тәрбие беруі ұлттық мінез, жүріс-тұрыстарын қалыптастыру, ізет, құрмет, мейірім т.б сезімдерді дамытады.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан-2030» Жолдауында елдің тірегі-білімді ұрпақ екенін атап көрсеткен. Сондықтан туған елің, жерін сүйетін, Отанын қорғайтын, ұлттық құндылықтарын қастерлейтін білімді, саналы, рухани бай, мәдениетті, үлкенді сыйлап, салт-дәстүрлерді құрметтейтін азамат етіп тәрбиелеу-басты міндетіміз. Қазақтың патриоттық, отансүйгіштік тәрбиесі-тереңнен тамыр тартқан халқымыздың сан ғасырлық болмысының, дүние тану көзқарасының, ақыл ойы мен салт-дәстүр мәдениетінің көрінісі. Осыларды бойға дарытпайынша, келер ұрпақты ұлттық тәрбиеге лайықты қалыптастырмайынша алтын бесік елің, кіндік кескен жерін қорғайтын және осы мақсат жолында

бар күш-жігерінен қайратын жұмсайтын ұлтшыл азаматтарды тәрбиелеп шығару мүмкін емес.

Ата-бабамыздың ата-салтымен, дәстүрімен, қанымызға сіңіп кеткен ұлттық тәрбиенің болашағымызды тәрбиелеуде атқаратын рөлі зор. Қазақ жұрты ұлттық тәрбиеге жіті мән берген. Әрбір жасты Отанын сүюге және ұлттық құндылықтарын қастерлеуге, аялауға, құрметтеуге, тәрбиелеу-ұлттық тәрбиенің көрінісі.

Бүгінде егемендік дәуірінде халық құндылықтарының физикалық қасиеттерін ашып оқыту, тәрбие барысында қолдану-өмірлік мақсаттардан туындап отыр. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін қазақ халқының ұлттық құндылықтарын үш түрге бөліп қарастырдым.



Қазақтың ұлттық киімдері

Ұлттық киім-бай тарихи-мәдени мұра,оны зерттеу бізді өткен ғасырлардағы әдет-ғұрып,салт-дәстүр, халықтың хал-ахуалынан кең көлемде, жан-жақты хабардар етеді.Қазақ халқының басқа ұлттардан өзгеше,өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі :қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешумен байланысты. Қазақтың ұлттық киімдері негізінен ертедегі көшпенділер киімдерін еске түсіреді. Олар өздері баққан мал өнімдерін және тұз тағыларының терілерін көбірек пайдаланған [3.228, 6].

Қазақтың ұлттық киімдерінде оның этникалық тарихы мен экономикалық,әлеуметтік және табиғи ортаның ерекшеліктерінен туындайтын көш дәстүрлері сақталған. Соған байланысты әйелдер,ерлер бас киімдері болып бөлінеді. Әйел баскиіміне жаулық,кимешек,сәукеле. Ерлер бас киіміне жалбағай, башлық, сулыма. Жаулық екі бөліктен тұрады, астыңғы бөлігі тікелей басқа киілетін-киешка,үстіңгі бөлігі-салма орамал. Ерлер бас киімі башлықта, жалбағайдажаулыққа ұқсас, әрі иықты жауып тұратындай етіп, әрі ақ матадан тігіледі. Халық уақытының көбін ашық аспан астында өткізеді.Күннің ультракүлгін бөлігі атмосфераның жоғарғы қабатында нашар жұтылатындығынан Адам ағзасына елеулі әсер етеді,мөлшері нормадан асса,әсері денсаулыққа қауіпті. Ақ матаның жарық сәулесін шағылту қабілеті өте жоғары болғандықтан,қазақ әйелдері мен ерлерінің басын, арқасын, кеудесін атмосферадағы түрлі сәулелердің магниттік, электр өрістерінің жылу алмасуының зиянды әсерінен қорғайды. Сәукеленің құрылысы төбесі шашақ, әрі биік болып тігіледі. Адамның төбесі мен бас киімі арасында ауа молекулалары жиналады. Ауа жылу изоляторы болып, мето қорғаныс рөлін атқарады.Жалпақ жиекті бас киімдердің жиектері Адам көзін, бетін күн сәулесінің тура түсуінен қорғайды.

Біздің бабаларымыз әрі әдемі, әрі жылы, әрі жүріс-тұрысқа қолайлы киіне білген. Киімдер тігуге мал терісі, құстың, қойдың, түйенің жүні сияқты табиғи материалдардан, яғни денсаулыққа ешқандай зиян келтірмейтіндей етіп қолданған. Мысалы:түлкіішік, қасқырішік оқалы тон киімдері. Қазақтың әдеп-ғұрпында ішіктің алатын өзіндік орны бар. Мысалы: қасқыр ішікті жиырма беске толмаған жастарға киюге болмайды, себебі жастың жалыны мен тері қызуы жігіттің күшін қайтарады немесе ауруға ұшыратады. яғни,бұл ішіктерді жасы егде тартқан, күш қуаты азайған, егде тартқан адам киеді. Өйткені, егде тартқан адамның күш қуатын арттыру үшін және энергиясын немесе жылуын арттыруға болады.

Сол сияқты екі адам боранды күнде адасып,қасқыр ішікті адамның жанындағы кісі үсіп өлсе,онда өлген кісінің туыстары қасқыр ішікті кісіден күн даулауға қақысы бар,өйткені бір қасқыр ішік екі адамды суыққа бермейді. Бұл киімдердің физикалық қасиетін айтатын болсақ,адам денесінің жылуы жүн талшықтарының арасындағы ауаның жылу өтімділігінің төмен дәрежеде болуының арқасында саөталады.Мал терісінен берік және жел өткізбейтін жылы болып тігіледі.Шалбардың балақтарының жиектерін беріктік шегін арттыруға шүберекпен арнайы әріптейді. Аяқ киімдер өкшелі,өкшесіз болып бөлінеді. Өкшесіз аяқ киімдер мәсі, байпақ, кебіс.

Мәсі-адам аяғына жайлы, әрі оңай деформацияланады, яғни, иілгіштік қасиеті көп болғандықтан механикалық қозғалыс жасауға ыңғайлы, әрі таза болады.

Байпақ – қойдың күзем жүнінен, қозы жүнінен басылатын, қыста киетін аяқкиім. Байпақтың жасалу техникасы тұнып тұрған физикалық заңдылықтар. Байпақ жасаудағы «100» С температурадағы сумен қайнатқанда жоғары температурада жүн талшықтарының молекулаларының жылдамдықтары артып,жұмсауына орай, жүн талшықтары оңай жабысады және кірігеді. Қайнатылған жүнді ұрғылап, сабалау арқылы механикалық қозғалыстар жасап, кәліпке салып байпақ пішінге енгізу. Байпақтың табаны жалпақ болғандықтан аяққа түсірілетін қысым аз болды.

Ол кездегі қазақ ер азаматтары аттың үстінде көп уақытын өткізетіне байланысты, белдеріне жалпақ белбеу тағынған.Белдеудің бел омыртқаға күш түсірмеуі және бекіткіш ретінде алатын орны ерекше.

Қазақтың ұлттық бұйымдары

Қазақтың ұлттық бұйымдарының бірі- сандық, Сандық-көшіп-конуға, түйеге артуға өте ыңғайлы зат. Сандық ағаштан жасалып, бетін әшекейлік ою-өрнектермен безендіріледі. Ағаш- қатты зат. Қатты зат қасиеті көлемін де, пішінін де сақтайды. Сондықтан сандық заттарды жарықтың химиялық әсерінен қорғайды, заттар жақсы, таза күйінде сақталады.

Қоржын – жолаушының ат артына бөктеретін, керек жарактың салатын, қос қалталы, қалың матадан жасалған бұйым. Қоржынның физикалық қасиетін И. Ньютонның үшінші заңымен түсіндіреміз.

$$F = -F$$

яғни, денелер бір-біріне әрекет етуші күштері модулі бойынша өзара тең және бағыттары қарама-қарсы болады.

Ер-тұрман – салт мінетін ат тұрманының атауы. Ер әбзелдің негізгі ағаш тұғыры (бөлігі) аттың терісіне көп қысым түсірмес үшін жалпақ, әрі ойма етіліп жасалады.

$$P = F/S$$

Яғни, неғұрлым дененің ауданы үлкейген сайын, соғырлым түсірілетін қысым аз болады. Ердің астына тоқым салынады. Тоқым былғарымен қапталып, киізден жасалған әбзел. Тоқым ат пен ердің астындағы үйкеліс күшін азайтады. Үйкеліс күші деп денелер тікелей жанысқанда пайда болатын күшті айтады ол күш әрдайым жанасу бетінің бойымен қозғалыс бағытына қарама-қарсы жаққа қарай бағытталады.

Өмілдірік – ер кейін кетпес үшін аттың омырауына шеттік арқылы тағылатын, күмістелген, әсемделген, шектеулеген өте сәнді әбзел. Ат әбзелдерін және әшекей бұйымдарын зергерлер жылу жұмсау арқылы агрегаттық күйін өзгертеді.

Заттың агрегаттық күйіне қатты, сұйық, газ жатады. Яғни қатты заттарды балқыту арқылы сұйық заттарға айналдырып ығысу, иіліп бұралу деформацияларына ұшыратады.

Әшекейлер күмістен, асыл тастардан жасап аса зиянды ультракүлгін, инфрақызыл сәулелеріне қарсы шағылту қызметін атқарады.

Қазақ халқының ұлттық бұйымдарының бірі – бесік. Бесік-Баланы бөлейтін кастерлі төсек. Оның жастық, мамық, жаялық, тартпа, түбек, шүмек, бесік жапқыш т.б. бөліктерден тұрады. Бесік ағаштан жасалады. Баланың денесінің биологиялық физикалық, гигиеналық таза өсуіне ықпал етеді. Бесікте жатқан бала ауруға бой алдырмайды, яғни бір температураны сақтайды және еркіз тербеліс жасап, жақсы өседі.

Ел-жұртымыздың мәдени тұрмысы мен рухани зердесінде кәдімгі қамшымыз ерекше орын алып келген. Бұл күндері оған тереңірек ой жіберсек, осы бір шағын ғана дүниенің атқарар қызметі сан алуан. Қазақ өмірінде қамшы-өнер туындысы, рухани күш қуат, сый-сияпат, жігіт пен қыздың сәні мен салтанаты, азамат айбыны, шебер қолдың айғағы, алса қару, қалса мұра екені білетіндер аз. Демек қамшының тек ат айдайтын құрал ғана емес, айта алсақ, сөйлете білсек, мақтанарлық қасиетті әрі кастерлі қазна әнбибап дүние екенін анық көреміз. Қамшыны иленген теріден қиын өреді.

Тері илеген сайын оның беріктілігі нығыздала түседі. Қамшының өрілуіне қарай: төрт өрім, сегіз өрім, он екі өрім бөлінеді. Қамшының өрімі тармақтары көбейген сайын күш – қуаты арта түседі [2,90-91 бет].

Қазақтың ұлттық ойындары

Асық ату ойынның да дәлдік талап етіледі. Сақаға қорғасын құю арқылы оның массасын арттырады, яғни ауырлық күші көп болады. Асық ату ойынында өзара әсерлесуі, күш, масса, импульстің сақталу заңы сияқты физикалық құбылыстардың қасиеттерін ашуға болады.

Аударыспақ ойынында екі адам бір-бірімен күреседі. Ол екеуі бір-біріне күшпен әсер етеді. Күш деп бір-біріне денелердің өзара әсерлесуінің механикалық өлшемін білдіретін шаманы айтады. Сонымен қатар инерцияның сақталу заңы орындалады, өйткені екі адамның қайсысының инерциялық күші көп болса сол адам жеңіске жетеді. Импульс дененің массасына және жылдамдығына тәуелді.

$$P = mv$$

Арқан тарту ойынын Ньютонның үшінші заңы бойынша түсіндіреміз, қай жақтың күші басым болады, сол жақ жеңеді.

Алтыбақан-ұлттық ойындардың бірі. Алтыбақанды математикалық немесе физикалық маятник деп қарастырсақ, онда оның периодын, жиілігін, амплитудасын, потенциалдық, кинетикалық энергияларын есептеп табуға болады. Егер алтыбақанды тепе-теңдік күйден шығарып жіберсек, онда ол ауырлық күшінің әсерінен еріксіз тербеліс жасайды. Еріксіз тербеліс дегеніміз-сыртқы периодты күштің әсерінен болатын тербелістер. Алтыбақанды тербеліске келтіргеннен кейінгі бір толық тербеліс жасауға кеткен уақытты период деп атайды.

$$T = t/n$$

Дене қайсыбір нүктеден шығып, сол нүктеге қайта оралғандағы қозғалыс процесі бір цикл береді, яғни периодқа кері шама жиілік.

$$V = n/t \quad T = 1/v$$

Бірлік уақыт ішіндегі тербелістер саны тербеліс жиілігі деп аталады. Алтыбақанды еріксіз тербелткенде ол бастапқы орнынан қандайда бір биіктікке ауытқиды. Неғұрлым биіктік үлкейген сайын, соғырлым потенциалдық энергиясы көп болады. Сонда дененің потенциалдық энергиясы биіктікке тура пропорционал.

$$E=mgh$$

Алтыбақан төмен қарай бағыт алғанда,оның кинетикалық энергиясы артады. Кинетикалық энергия дененің массасы мен жылдамдығына тәуелді.Сондықтан да алтыбақанның алатын жылдамдығы неғұрлым көп болса, соғұрлым кинетикалық энергиясы көп болады. Сонымен бұдан байқатынымыз энергия ешқайда жоғалып кетпейді, жоқтан пайда болмайды, энергия бір түрден екінші түрге ауысып отырады [4].

Мен өзімнің баяндамамды аяқтай келе халқымыздың ғасырдан ғасырға ұлт қасиетін салт-дәстүрмен жалғастырып келе жатқан ұлттық құндылықтарының физикалық қасиеттерін ғылыми тұрғыда дәлелдеп,замандастарымның бойына сіңірсем деп ойлаймын.Қазақ халқы-салт-дәстүрге өте бай ел. Бұл-оның мәдениетті әрі тәрбиелі ел екендігінің айғағы. Салт-дәстүрлі ел-мықты әрі тұғыры берік ел. Ұлттық тәлім-тәрбие, ұлт-сана сабағы адамгершілік тәрбиесінің аса сенімді әрі ғажайып жол екендігін көрсетеді. Ерлік,мәрттік, жомарттық, қайырымдылық, жоғары адамгершілік қасиеттер жақсы жол арқылы дарыған. Олай болса,әдет-ғұрып-қазақ халқының мызғымас заңы деп ойлаған жөн.Бабаларымыздың игі дәстүрін сақтай отырып, ұрпағымыздың бойына жан-жақты рухани байлық дарыту-біздің басты парызымыз.

Дана халықтың өзі жасаған осы әдет-ғұрып пен жөн-жосақты біліп үйрену, және дұрыс қолдану-ағайынды адастырмас сара жол. Мұны отбасында, ата-ана, мектепте ұстаз, көрілік ортада ақсақалдар жастарға үйретіп айтып отырса, ұтарымыз көп болар еді.

Замандастарым ұлттық рухта толағай тәрбие алып,халықтық мұраның өзіндік ерекшеліктерімен мол сусындап,шөлін қандырса, келешекте көзі ашық, көкірегі ояу білім атты теңіздің кемесінде еркін терделетін тұлға болып шығатынына сенімдімін. [5,200 б].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Қазақстан мектебі», №1.2008 [1-49].
- 2 Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті «Алматы кітап» 2005 [2,90-91 б].
- 3 Қазақ халқының ұлттық киімдері «Алматы кітап»2005 [3-228 б].
- 4 «Физика және астрономия» оқулығы, 9-класс Башарұлы Р, Казахбаева Д. М. Токбергенова У. К. Бекбасар Н. Алматы «Мектеп» 2009.

5 «Физика және астрономия» оқулығы, 7-класс Башарұлы Р, Казахбаева Д. М. Токбергенова У. К. Алматы «Атамұра» 2007.

6 «Физика және астрономия» оқулығы, 8-класс Дүйсембаев Б. М., Байжасарова Г. З. Медетбекова А. А. Алматы «Атамұра» 2007.

7 Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті «Алматы кітап» 2005 [5-200].

ҰМЫТ БОЛҒАН КӨНЕ ҰДЫСТАРДЫ НАСИХАТТАУ

ХЫЗЫР А.

5 «А» сынып оқушысы, №40 жалпы білім беру мектебі

Зерттеу тақырыбы: Қазақ халқының қолдан жасаған бұйымдарының оқушылар тәрбиесіне әсері.

Зерттеу мақсаты: Ұдыс түрлерімен, шығу тарихымен оқушыларды таныстыру, терендетіп зерттеу арқылы Отанды сүйге, өз халқының тарихын дәріптеуге баулу.

Зерттеу кезеңдері:

1-кезең – зерттеу жұмысының тақырыбын анықтау, зерттеу мәселері бойынша педагогикалық, философиялық, тарихи әдебиеттерге теориялық талдау жасалды. Жұмыстың жоспарымен құрылымы, міндеттері, әдістемелері, ғылыми болжамы анықталды.

2-кезең – деректі материалдарды жинақтауды жалғастырып, тұрмысқа қажетті бұйымдардың адам өміріне пайдасын зерттеу.

3-кезең- қазіргі кездегі тұрмыстық бұйымдармен салыстыру, яғни ыдыстардың маңыздылығын зерттеу.

4-кезең – жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелерін қорытындылау.

Зерттеудің нәтижелерін өскелең ұрпақ тәрбиесінде пайдаланудың жолдары анықталды. Жиналған материалдарды теориялық, әдістемелік жағынан өңдеу, оларды әдеби жағынан өңделу ісі жалғастырылды.

Зерттеудің әдістері: Зерттеу мәселесіне байланысты философиялық, тарихи, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді теориялық тұрғыдан талдау, қол өнерінің жас ұрпақтарды тәрбиелеудегі мазмұны мен маңызы, зерттеу мәселесіне байланысты мәліметтерді жинақтау, байқау, интервью, әңгіме әдістерін қолдану, тәжірибе қорытындысын жасау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні: заман талбына сай қазіргі кезде азаматтық тәрбиенің спецификалық мәнін ашу, азаматтық тәрбие арқылы тұлғаны қалыптастыру процесінде жылқыны зерттеу, азаматтық тәрбиенің ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиенің тиімділігін жоғарылату жолдарын негіздеу.

Зерттеу жұмысының нәтижесі мен қорытындысы: азаматтық тәрбие негізінде қалыптасқан табиғатқа, Отанға, жерге деген адамгершілік, эстетикалық қатынасы бар, жан-жақты дамыған, өмірде өздігінен іске асқан тұлғаны қалыптасқаны.

Зерттеу нәтижелерді практикалық қолдану салалары:

- азаматтық тәрбиенің тұлға дамуындағы деңгейін анықтау;
- тәрбие бағдарламаларды мұғалімдермен жасау үшін мұғалім, сынып жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері қолдануы мүмкін.

Осы жоба қазақ халқының қол өнерінің бала тәрбиесіндегі маңызы мен үлесі бағытында орындалған. Жобада ыдыстар туралы көптеген мәлімет жинақталған. Қазақ халқы тұрмыстық заттарды, бұйымдарды кез-келген заттан, тастан, қамыстан, жүннен, теріден, көрленнен жасалғанын аша отырып, әр заттың өз орны және қажеттігі барын ашып айтқан. Қол өнері жас ұрпақтың дамуына, тәрбиеленуіне қосатын үлесі туралы айтылған. Және азаматтық тәрбие негізінде табиғатқа, Отанға, жерге деген адамгершілік, эстетикалық сезімі бар адам тәрбиелеуге көңіл аударылған. Тақырыптың көкейтесті екені мүлде анық, өйткені қазіргі заманда қоршаған орта, салт-дәстүріміз, қол өнеріміз, тарихымыз арқылы жасөспірімдерді тәрбиелеуге негізделген. [1.16 б.].

Жұмыстың маңыздылығы баланың ыдыстар туралы мәліметтер жинай отырып, қазақ халқының өмірі мен тұрмысы, қажеттілігі мен мүмкіндіктерін зерттеуі. Жобада ыдыстар туралы көптеген мәлімет жинақталған. Қазақ халқы тұрмыстық заттарды, бұйымдарды кез-келген заттан, тастан, қамыстан, жүннен, теріден, көрленнен жасалғанын аша отырып, әр заттың өз орны және қажеттігі барын ашып айтқан. Қол өнері жас ұрпақтың дамуына, тәрбиеленуіне қосатын үлесі туралы айтылған. Және азаматтық тәрбие негізінде табиғатқа, Отанға, жерге деген адамгершілік, эстетикалық сезімі бар адам тәрбиелеуге көңіл аударылған. Тақырыптың көкейтесті екені мүлде анық, өйткені қазіргі заманда қоршаған орта, салт-дәстүріміз, қол өнеріміз, тарихымыз арқылы жасөспірімдерді тәрбиелеуге негізделген. Жұмыстың маңыздылығы баланың ыдыстар туралы мәліметтер жинай отырып, қазақ халқының өмірі мен тұрмысы,

қажеттілігі мен мүмкіндіктерін зерттеуі. Қазақ халқының қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты творчестволық өнер жинақтығын айтады. Шын мәнінде қолөнер түрлерінің әрқайсысының талай ғасырлық тарихы бар.

Қазақ халқы өзінің күн көріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім – кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе-күнгі тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап, өмірді сән-салтанат құра білді. Бұдан біз халық творчествосының қандай түрі болса да, халық өмірімен, сол халықтың қоғамдық тарихымен, күн көрісімен, кәсібімен тығыз байланысты екенін көреміз.

«Халықтың қолөнеріне әдет-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал – жабдықтар да кіреді. Киіз үйдің сүйегі, ағаш керует, кебеже, сандық жасап, кілем, сырмақ, алаша, ши, түрлі бау-басқұрлар тоқып, арқан, жіп есіп, көңнен және теріден қайыс, таспа тіліп, өрім өріп, қолдан әр алуан ыдыс-аяқ, адалбақан, асадал, бесік және т.б. көптеген заттарды халық шеберлері, өнерпаздар өз қолдарымен жасап, түрлі нақыштармен әшекейлейтін болды. Қолөнерінде көңілге қонымды мәнерлер мен ондаған қолданылған әдістер архитектурада кеңінен қолданылып келеді. Ертеден біздің заманымызға дейін сақталған мазарлар мен ескерткіштердегі, діни әр түрлі құрылыстардың қабырғалары мен мұнараларындағы сәнді ою-өрнек, ағаштан қиюлап, тастан қашалып жасалған дінгектер-халық қолөнерінің тамаша туындылары [2.24 б.].

Саз балшықтарды күйдіріп, ағашты майлап кептіру, шаппаққа қу жасап, оны тұтанғыш ету, бейіт, қорған, мешіт және т.с.с. салуда қолданылған балшықты қыл, шөп – шалам араластырып илеу тәсілдері де өте ертеден-ақ халықтың іздену талабынан, қоғам дамуы процесінен туған айла-тәсілдер. Батырлық пен саятшылыққа қажетті садақ пен жебе, айбалта мен шоқпар, сойыл мен босмойын, аңшыларға қажетті құстың тұғыры мен томағасы, балдағы мен аяқ бауы сияқты көптеген жабдықтар да қазақ халқының тұрмыс салтына, кәсібіне байланысты туғандығы сөзсіз.

Мал шаруашылығына қажетті желі, шылбыр, ноқта, бұршақ, жүген, құрық, бұғалық, тұсамыс, өре, шідер, кісен, қада, ертұрмандарды да халық даналығы ойлап тапты. Халық өнерпаздары

кұмнан, тастан, саздан құмыра, ыдыс-аяқтар; мүйізден, сүйектен, мал мен аң терілерінің әшекейленген нақышты мүліктер, домбыра, қобыз, сыбызғы, шаңқобыз сияқты музыка аспаптарын жасады.

Шеберлер тас қашау, сүйек ою, ағаш ию, мүйіз балқыту, металды өңдеп өрнектеу сияқты ауыр кәсіппенде шұғылданды. Сондықтан қолөнер «еркектерге тән іс», «әйелдерге тән іс» деп екіге бөлінеді. Мысалы тастан, балшықтан, сүйек, мүйізден, металл мен ағаштан бұйымдар жасап, оны әсемдеу сияқты ауыр жұмыстарды еркектер атқарады. Кесте тігу, жиек жүргізу, өрмек тоқу, ши орау, сырмақ сыру, оюлау, шілтер шалу, тері киім тігу сияқты нәзік жұмыстарды әйелдер атқарды. Тері илеу, киіз басу, ши тарту, шом, жазы жасау жұмыстарын еркектер мен әйелдер бірігіп істеді [3.152 б.].

XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының қолөнері ішінде киіз үйдің сүйегін, ағаш төсек жасау, ағаш өрнектеу, кесте тігу, өрмек тоқу, киіз басу кең өріс алды. Бұл кезде жастарға арнап ер- тұрман мен белдік, қыз- келіншектерге арнап сәукеле, шашбау, білезік, сырға, жасап оларды түрлі түсті өрнектермен әшекейлеу өнері өрлей түсті. Қазақ халқының «Қарыс қазы – балықта, қалың қазына – халықта» деген мақалды да өнер молшылығынан туған еді.

Өрине, жоғары да айтылған қолөнердің бір қатары өте көп еңбек етуді талап етеді. Бетін келе, адамзат қоғамы дамыған сайын қолөнердің біразы жаңа әдіс тауып, жаңа түрге ие болды, кейбіреулері тұрмыс қажетіне жарамсыз болғандықтан тіпті қолданылмады.

Қайта халық қолөнердің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта беру керек. Мысалы, жеңіл күпі, қаптал шекпен, саптама етік, түлкі тымақ, жүн қолғап, бөкебай, шарф сияқты ұлттық киімдер малшылар қауымы үшін қазір де қажет. Киіз үйдің сүйегі, үзік- туырлық, қымыз саба, тері қауға мен ер- тоқым тұрмандары керексіз деп ешкім де айта қоймайды. Осыған байланысты осы еңбекте қазақтың халықтың қолөнері саласының біраз түрлеріне тоқталып өтуді жөн көрдік. Олар ою- өрнектердің түрлері, олардың атаулары мен қолданылатын орындары. Өрнектердің түрленіп даму тарихы мен кейбір өрнек элементтерінің үлгілері бар [4.98 б.].

Қолөнердің бір түрі тұрмыстық қажет бұйымдар ыдыстар. Қазақ халқы ыдыстарды жасаумен қатар оларды көркемдеп, әшекейлеп жасай білген. Әр ыдыстың тәрбиелік мәні және өз орны болған.

Ыдыстар-ішіне әр түрлі зат салуға, ас-су құюға арналған тұрмыстық бұйымдар. Қазақ халқы ыдыстарды ағаштан, метал-

дан, көрленген (фарфор), балшықтан, тастан, қамыстан, жүннен, теріден жасаған.

Астау-ағаштан ойып жасалған, ас салатын ыдыс.

Аяқ-ағаштан ойып жасалған, тамақ ішуге арналған ыдыс.

Көз аяқ-кішкене ыдыс.

Қарын аяқ-әркімнің тамақ ішетін меншікті ыдысы.

Сары аяқ-көнелеу, үлкен аяқ.

Сарлы аяқ-әдемі оюлар бар, сырланған аяқ. Бірнеше аяқ дегенді аяқ-аяқ дейді

Табақ – піскен ет т.б. тағам салатын дөңгелек жайпақ ыдыс.

Зерен-ағаштан жасалған, қымыз құятын сәнді ыдыс, аяқ.

Керсен-ағаштан дөңгелек істелген үлкен тегене.

Ожау-сұйық нәрсені құюға арналған сабы бар ыдыс, кішкене шөміш.

Тостаған- ағаштан жасалған кішілеу дөңгелек ыдыс.

Тегене-ағаштан оймышталып, әшекейленіп, күмістеліп жасалған, қымыз құюға арналған тұтқалы, үлкен шұңғыл ыдыс.

Шара- ағаштан жасалған үлкен ыдыс, аяқ.

Металдан жасалатын ыдыстар

Әбдесте- дәрет алатын, бет – қол жуатын құман.

Бақыр- сабы бар, шұңғылдау келген металл ыдыс.

Бақыраш- кішірек бақыр.

Леген - қол жуатын жылапшын.

Тегеш- әр түрлі тағам құю үшін металдан жасалған, ернеуі тік, үлкен ыдыс.

Шәугім- бүйірлі келген шүмекті, шай қайнататын ыдыс.

Шөген- бүйірлі келген, аузы дөңгелек, ас пісіретін шағындау шойын ыдыс.

Қазақ халқы металдан қасық, қазан, таба, шелек те жасаған.

Көрленген (фарфордан) жасалатын ыдыстар

Аққұман – шай шығаратын ақ шәйнек.

Шыныаяқ- фарфордан жасалған шай кесе, шыны, пиала.

Кесе- фарфордан дөңгелек істелген пиала, шыны.

Шай кесе – шай ішеуін кесе, шыны.

.Қамыстан жасалаған ыдыс

Ерте кезде тастан – тасқұман, қамыстан мардан жасаған

Жүннен жасалатын ыдыстар

Боқша- қолдан тігілген қалта, сөмке.

Боғжама- қолдан тігілген (матадан, киізден т.б) боқша, дорба.

Қапшық- түрлі заттарды салуға арналған кішірек қап.

Қанар - макта, жүн салуға арналған, кенептен тігілген үлкен қап. Теріден жасалатын ыдыстар.

Көнек- ірі қараның бас не мойын терісінен жасалған, бие саууға арналған шүмегі бар ыдыс.

Қауға- малдың терісінен жасалған, құдықтан су тартып алуға арналған шелек.

Мес- бітеу сойылған ешкі терісінен қымыз құю үшін жасалған ыдыс.

Сүйретпе- ірі қараның бас немесе мойын терісінен жасалған, қымыз құюға арналған үлкен торсық.

Талыс- жылқының бас терісінен жасалған, зат салып қоятын ыдыс.

Торсық- сусын құю үшін ысталған теріден жасалған шағын ыдыс.

Жанторсық - жолға шыққанда сусын құйып, жанға байлап жүретін торсық.

Шанаш- малдың терісінен жасалған, түрлі зат салуға арналған ыдыс.

Сүт тағамдарына пайдаланатын ыдыстар

Күбі – айран, іркіт пісуге, қаймақтан май түсіруге арналған, ағаштан жасалған, ауыз жағы тарлау келетін, піспегі бар ыдыс.

Піспек- күбінің ішіне салып айран, іркіт пісуге арналған сабы бар құрал. Сабаға құйылған қымызды пісуге арналған құралды да піспек деп атайды.

Саба – қымыз ашытуға арнап, жылқының сиырдың терісінен жасалатын ыдыс. Сабаның түп жағы бұрышты, кең болып, мойнына қарай жіңішкереді. Сабаның астына қоюға арналған төрт аяқты ағаш текшені саба аяқ деп атаған. [5.13 б.].

Ыдыстарға қатысты тыйымдар мен ырымдар

1. Ыдыста ашық қалған тағамды жаратуға болмайды.

2. Су құйылған немесе тағам салынған ыдыстың бетін ашық қалдыруға болмайды.

3. Егер көршілер тамақ әкелсе, ыдысын бос қайтаруға болмайды.

4. Қазанды ашық қалдыруға, төңгеруге болмайды.

5. Ас ішкен ыдысты төңкеріп қоюға болмайды.

6. Қонаққа кетік кесеге шай құюға болмайды.

7. Ішінде не бары білінбейтін ыдыстан ішуге болмайды.

8. Ыдыстан су ішерде азырақ төгіп жіберу қажет.

9. Мыс және қола ыдыстарды тамаққа пайдалануға болмайды.

Бертін келе, адамзат қоғамы дамыған сайын қолөнердің біразы жаңа әдіс тауып, жаңа түрге ие болды, кейбіреулері тұрмыс қажетіне жарамсыз болғандықтан тіпті қолданылмады. Күйген кірпіш пен темір бетон, цемент пен шлак сияқты және басқа да сапалы материалдар бұрынғы материалдарды ығыстыра берді. Енді илеген балшыққа май салу, жылқы қылын, түйенің жабағысын қосу керексіз болып қалды.

Халықтың мәдени дәрежесі өскен сайын тұтыну бұйымдары мен жабдықтардың сапасына қатты талп қойып, олардың әрі ұнамды, әрі сәнді болуын қалады. Еңбек үстіндегі творчестволық ізденудің нәтижесінде тұрмысқа керекті заттардың жаңа алуан түрлері жасалып отырды. Сонымен қатар жиһаздардың ою-өрнектері де талғамға қарай жаңа мәнер, жақсы әшекейлермен безендірілу және жиһаз-мүліктердің жаңа түрлерін шығару талабы да орта түсті. Фарфордан, тогтанбайтын металдан, эмаль жалатқан темірден, пласмассадан, жасанды талшықтардан жасалған жарасымды жаңа жиһаздар көбейді. Халық әлі де болса тұтынып келе жатқан ұлттық мүліктердің түрлері мен сапасы жаңарды. Техникамен жақсы жабдықталған фабрикалар мен кәсіпшілік артельдерінде кілем тоқылып, шифоньер, кітап сөрелері жасалды. Тігу ісі мен кестелеу өнері де машинамен орындалды. Тастан қашап, сүйектен оюлап, құмнан құйып жасайтын бұйымдар енді заводтарда көптен шығарылды. [6.128 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аюбай Құралұлы «Ұлттық дүниетаным», А., 2002.
- 2 Сужикова А. Ү., Лекерова Ф. С., Солтанғазина М. Қ. «Менің алғашқы энциклопедиям», А., 2007, 24 б.
- 3 Сәбит Мұқанов «Халық мұрасы», А., 1974 152 б.
- 4 Қазақ ССР тарихы., 1957, 98 б.
- 5 «Қазақтың тұрмыстық бұйымдары», А., 1985 13 б.
- 6 С. Қасиманов «Қазақ халқының қолөнері», А., 1995 128 б.

ОЮ-ӨРНЕКТЕР ДЕ СӨЙЛЕЙДІ

ШАКИРИМОВА Г. Н.

II «А» сынып оқушысы,

Химия-биология бағытындағы

Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Еліміздің білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңару жағдайы бүгінгі таңда халықтық дәстүрлі өнер түрлерін жинақтап,

зерделеудің, оның айналасындағы тәлім-тәрбие, мол тәжірибе негізінде жас ұрпақты тәрбиелеу қажеттігін тудырды.

Сондай қажеттіліктің бірі – халықтың қолөнері, оның ішінде ою-өрнек өнерінің тәлім тәрбиелік мүмкіндіктерін қазіргі ұрпақ тәрбиесінде тиімді пайдалана білу болып табылады. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері өзінің бай тарихы, терең мазмұнымен эстетикалық тұрғыда әсер етіп оның сапалық қасиеттерін дамыта түсетіні сөзсіз.

Қазақ ою-өрнегінің өзіне тән даму жолы мен тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан, сақ, андронов мәдениетінен басталады. Андронов мәдениеті б.з.б. екі мыңжылдықтың соңғы жартысы мен бір мыңжылдықтың басында Батыс Сібір мен Қазақстанды мекендеген тайпалар мәдениеті. Тарихи-ғылыми деректерге жүгінсек, қазақ халқының ою-өрнек өнері ежелгі замандардан бастау алып, қазақ жерін мекен еткен көшпелі тайпалар өнерінің ықпал-әсерімен сан ғасырлар бойы қалыптасып, өзіне тән белгілі бір жүйеге келгенін қапысыз таныр едік. Бұған дәлел-қазақтың алғашқы ою-өрнек үлгілерінен андронов, сақ, ғұн, үйсін мәдени мұраларынан ұшыратқанымызды айтсақ та жеткілікті. Халықтың тарихы, мәдениеті, дүниетанымы, сондай-ақ, саяси-әлеуметтік құрылымы, ондағы тіршілік ағымы біртұтас дүние, демек оның қолөнерін зерттегенде де оған осы тұтастық негізінде қарау керек. Ою-өрнек өнерін зерттеген ғалымдарға еліміздің тілін, этнографиясын білу басты шарт болып табылады. Ою-өрнекті көзбен көріп қана әсерленбей, оның атауларының мазмұнын, шығу тарихын білудің, түспалды ойын түсінудің маңызы зор. Ою атаулары-өткен заманның хабаршысы, шежіресі. Ол сақ-массагеттер, қаңлы-үйсін, түркі қағанаты дәуірлерінен бастау алып, түрленіп, байып, мазмұнданып қазіргі ұрпаққа жеткен. Шетелдік ғалымдар қазақ ою-өрнегінің түптамасын басқа елдердің мәдениетінен іздестіреді. Мысалы, С.Шнейдер қазақ ою-өрнегінің негізі Иран мәдениетінде жатыр деген ой айтады. Бұл ойға арқау болған Иран жеріндегі қазба жұмыстары кезінде табылған қола, темір дәуірлеріндегі ежелгі ескерткіштердегі – керамика мен зергерлік бұйымдардағы өрнектердің қазақ өрнектеріне ұқсастығы еді. Бұл жерде өте алшақ жатқан тайпалар бір-бірімен үздіксіз байланыста болды деу шындыққа жанаспайды, ал ою-өрнектері ұқсас. Бұл жағдайды былай түсіндіруге болар еді. Өрнек табиғи заттардан (аң, құс, өсімдік т.б.) алынған, яғни табиғи заттар ұқсас болғандықтан, өнер өрнегі де, оны түсіну де ұқсас болмақ. Иран қолөнер шеберлері де аңдарды, жан-жануарларды, құстар мен құрт-құмырсқаның бейнесін шынайы түрде бейнелеген, мұнда

сақ-массагет шеберлерінің қолтаңбасы байқалады. Қазақ пен иран ою-өрнегінің арасындағы тағы бір ұқсастық-құмыра ыдыстардағы таутеке мүйізінің орам тәрізді өрнекпен берілуі. Ирандықтар да қазақтар сияқты құмыраларға өрнектерді ағашпен сызып түсірген.

Бүгінге дейін ою-өрнекке байланысты ашылмаған құпия да, сырлар да көп, соған қарамастан адамдар тұрмыс-тіршілікте, сәулет өнерінде ою-өрнекті ғасырлар бойы пайдаланып келді, пайдалана береді де. Еуропа елдерінде сәулет өнерінде геометриялық, өсімдік іспетті ою-өрнектер басым болса, түркі халықтарында негізгі кәсібі малмен байланысты болғандықтан, ою-өрнектердің негізгі белгілерін зооморфтық элементтер құрайды.

Көшпелі ғұмыр кешкен ата-бабаларымыз негізгі айналысқан кәсібі-мал шаруашылығы болғандықтан, олардың дүниетанымы осы кәсіппен тікелей байланысты. Тіпті малмен байланысты ұғым-түсініктерін ою-өрнектер арқылы арқылы бейнелеп те отырған. Мысалы, қошқармүйіз-қошқардың мүйізі тәріздес ою. Көшпелі өмір салтымен байланысты туған. Осы қошқармүйіз оюы неше түрлі формаларға еніп, қазақ бұйымдарының көбінде кездеседі. Мәселен, текеметтің ортасына «қошқармүйіз», шет-шетіне «тұмар», «шаршы» немесе «су» оюлары салынады. Мұнысы туған жер төсін толтырған отар-отар қой болсын деген халықтың арман-тілегі. «Қошқармүйіз» оюы молшылықтың нышаны ретінде бұл күнде де жиі қолданылып келеді. «Қошқармүйіз» оюы негізінде сыңармүйіз, қосмүйіз, тікмүйіз, сынықмүйіз, тақмүйіз, төртмүйіз, қырықмүйіз оюлары қалыптасқан.

Қазба жұмыстары кезінде сақ қорғандарынан алтыннан, қоладан, ағаштан, теріден жасалған қолөнер туындылары мен зергерлік бұйымдарда, яғни ежелгі қолөнер ескерткіштерінің барлығында дерлік ою-өрнек бейнеленген. Көне дәуірдегі шеберлер аңның қиялдағы немесе шынайы бейнелерінен сан түрлі мүсін жасаған. Сақ дәуірінде пайда болған ою-өрнектің алғашқы элементтері мен үлгілерін еліміздің барлық аймақтарындағы қолөнер шеберлері жасаған бұйымдардан күні бүгінге дейін көруге болады.

Бүгінге дейін ою-өрнекке байланысты ашылмаған құпия да, сырлар да көп, соған қарамастан адамдар тұрмыс-тіршілікте, сәулет өнерінде ою-өрнекті ғасырлар бойы пайдаланып келді, пайдалана береді де. Еуропа елдерінде сәулет өнерінде геометриялық, өсімдік іспетті ою-өрнектер басым болса, түркі халықтарында негізгі кәсібі малмен байланысты болғандықтан, ою-өрнектердің негізгі белгілерін зооморфтық элементтер құрайды.

Қазақ ою-өнері басқа халықтардан тайға таңба басқандай дара тұрады. XIX-XX ғасырларда қазақ ою-өрнегі шын мәнінде өнер деңгейіне жетті. Сол ғасырлардағы қолөнер туындыларын ғалымдар өте жоғары бағалады. Белгілі өнертанушы В. Чепелев: «Қазақтар тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін сияқты», -деп жазған еді. Шынында да, қазақ тұрмысында ою-өрнектің араласпайтын саласын табу қиын, ол қисса-жырларымызбен де етене байланысып жатыр. Эпостық жырлар мен дастандарда батырлардың ат-әбзелдерін немесе арулардың киімі мен күймесін суреттегенде оқушының көз алдынан ғажайып нақыштар өтер еді. Осындай әсемдік әлемін көзімен көрген ғалым А. С. Фелькерзам қолөнерді, әсіресе кілемді терең зерттей келе, Азияны «Үлкен этнографиялық музей» деп атады. Көп жағдайда халықтың тілін, мәдениетін білмесек те, қолөнерде бейнеленген оюларға қарап, қай халықтың қазынасы екенін танып-білеміз. Өйткені ою-өрнек әр халықтың таңбасы сол елдің бейнелеу өнерінің көнеден келе жатқан мәдениеті. Кеңес үкіметі кезінде ертеден жеткен қолөнер туындылары мұражайларда ғана сақталды. Көбінесе бұл өнер туындыларына ескінің сарқыншағы ретінде қарады.

Қазір егемен елімізде қолөнер туындылары басқа қырынан жаңа көрініс тапты, ол жаңа түрге, жаңа мазмұнға ие болуда. Ендігі міндет-ұлттық дүниетаным ерекшелігін танытатын осы өнер саласын заман талабына сай жетілдіріп көркем рухани қазына ретінде пайдалана білу.

Ғылыми жұмысымыздың алға қойған келесі мақсаты-қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктері жайында тоқталып өтейін.

Халқымыздың қолөнер түрлерінің қай-қайсысына да айнала қоршаған бұйым, зат, құбылыстардың кез-келгенінің де жасалу болмысына ою-өрнек өнері қатысып, оларды әсем де сәнді көрсетіп, мазмұнды да әсерлі етіп отырған. Осылайша оюмен ғана ойы толық, мазмұны анық көрінетін қолөнері-қазақ халқының байырғы кәсіпшілігі болғаны белгілі. Олар осы кәсіпшіліктің арқасында өздерінің материалдық, рухани қажеттерін өтеп қана қоймай, дер кезінде балаларына оның қыр-сырын түсіндіріп, жасалу жолдарын көрсетіп отырған.

Олар ер балаларға ұсталық, етікшілік, зергерлік, үйшілік т.б. өнерін, қыздарға кілем, алаша, ши, кесте, бау, құр тоқу, киіз, текемет басу, сырмақ сыру, киім тігу т.б. түрлерін меңгертуге тырысты. Соның негізінде балаларын жастайынан еңбек етуге, үнемділікке үйретіп, әсемдікке баулыды. Олардың бойына адамгершіліктің тұғырын қалау мен денесін шынықтыруды, ақыл-ойын өсіруді, өз

бетінше өмір сүру мен кәсібилікке даярлауды мақсат етті. Осы ниетпен олар өз тәжірибелері негізінде ақыл-кеңес беру, үлгі-өнеге көрсету, үйрету, көңілге тоқыту, жаттықтыру, салыстыру, иландыру, сендіру, қолдау, мақтап-марапаттау, әңгімелеу т.б. әдістерін пайдаланды. Және әдіс-тәсілдерді қолдану барысында да балалардың жас ерекшеліктерін ескерді, мәселен, тоқыма өнерінде жіп сабақтау, жүн түту, құрақ кию, құрау, кесте тоқу сияқты жеңіл, оңай қимылдарынан бастап киіз басу, кілем тоқу, алаша тоқудың қиын, күрделі жолдарына қарай бірізділікпен меңгертілді. Сондай-ақ, ою-өрнек өнерін қыздарға үйрету жағдайында алғашында ою-өрнек үлгілерінің пішіні жеңіл, жіп сандары аз, кішірек бұйымға салынатын түрлері (тау, су, гүл, күн, айшық, балдақ, алты жіп мүйіз т.б. оюлар) көрсетілді. Жасалу тәсілдері бойынша үлгілер кию, құрау, тігу жұмыстары игертілді.

Осылайша ою-өрнек үлгілерінің оңай түрлеріне, жеңіл жұмыстарына көздері қанығып, іштей танып, қолдары үйреніп, өздері жасай алатын икемділікке жеткен шағында олар көп еңбек сіңіруді қажет ететін, топтасып жасайтын киіз, текемет басу, кілем тоқу өнерлеріне араласа бастайды. Одан әрі қолөнерінің жеке шеңберіне атқарылатын күрделі түріне (алаша, бау, құрлар т.б.) термелеп, сыңарлап, теңдеп, жүздемелеп сан қилы ою-өрнектерді түсіре алатын халге жетеді, сол себепті қазақ халқы өнер адамдарын кейінгіге үлгі-өнеге етіп, мұндай жетістікке адам тек ою-өрнек өнерінің құпиясын, қыр-сырын меңгергенде ғана жететінін санаға сіңіріп отырған. Өйткені, мысал ретінде киіз басудың жүн түту, жүн сабау, су құю, білектен, тебу т.с.с. жұмыстарын кез-келген жас-кәрі бір-екі көргеннен-ақ атқара алуы мүмкін. Ал киіздің ою үлгісін аса өнерлі адам ғана бастырмалатып шығады. Сырмақ сыру да солай, ою пішімін белгілі бір «оюшы» жасап береді. Демек, қазақ халқының қолөнер шебері ою-өрнек өнерінде нағыз сынға түседі, яғни қолөнер шеберінің таразысы – ою-өрнек өнері.

Бала туылғаннан-ақ, әке-шешесі, өскен ортасы оған аң, құс, мал жөніндегі ғұымдарды, олардың адам өміріндегі пайдасын, рөлін өздерінің арман-мақсаттарымен сабақтастырып, әр түрлі әдіс-тәсілдерімен құлақтарына құйып отырғаны белгілі. Соның бірі қазақтың бұрынғы әдет-ғұрпы бойынша жаңа туған нәрестеге құтты болсын айтуға барғанда оған апаратын «бала жинағы» деп аталатын бұйымдарға малдың, аңның бейнелері салынған. Мұның да себебі жоқ емес, балаға айналадағы дүниені таныту. Бұйымдарда бейнеленген бейнелерді есейгенше бірте-бірте танып өседі деп ұғынған.

Туған жерін жанындай сүйіп, қастерлеген қазақ халқы кейінгі ұрпақтарының да жер, су, өсімдік атаулыны аялайтын абзал азамат болып жетілуін армандап, олардан да соны талап етіп отырған. Жер, су, өсімдіктерге қатысты қасиетті ұғымдарды ою-өрнек өнерінде бейнелеу арқылы балаларының суды ластамауын, талды сындырмауын, шөпті жұлмауын т.с.с. тәртіптілікті талап еткен. Яғни, сол өрнектердің жасалу тәсілдерін көрсетіп қана қоймай, мазмұнын түсіндіру негізінде балалардың туған жер табиғатына деген аялы сезімдерін оята білген.

Ою-өрнектер тарихын зерделей келе, байқағаным-халқымыздың ою-өрнектері жазу-сызу болмаған кезде ақпарат құралдарының орнын атқарған-ау деген ой түйіндедім. Мысалы, қазақ халқының ерте кезден бері әдет-ғұрып салты бойынша бөтен жерге, алыс ауылға күйеуге ұзатылған қыз баланың белгілі бір уақыттан кейін төркін жағына сәлемдеме беріп жіберуі тиіс екен. Сәлемдемеде жас келіншек өзінің күйеуге шыққаннан кейінгі тұрмыс жағдайын ою-өрнекпен белгілеп беруі шарт болған. Егер күйеуге ұзатылған қыздан орамалдың бетінде ұшқан құс пен жаңа бүршік атып келе жатқан гүл немесе «құсмұрын» бейнесі салынған сәлемдеме келсе, ата-анасы одан баласының барған жерінде жайлы өмір сүріп жатқанын, жағдайы жақсы екенін ұғатын болыпты. Ал бір-екі жыл өткен соң керуеншілер әлгі қыздан тағы бір бет орамал өкеледі. Онда орамалдың жиегі бүрмеленіп, ортасына түрегеліп тұрған ер адам жүресінен отырған бейнесі кестеленіпті. Мұны көрген ата-анасы қызының басы байлаулы, торға түскен торғайдай болып жүргенін, жолдасы қатал, өзінен төмен ұстайтындығын аңғарып, қынжылыпты. Сондықтан ұзатылған қыздан сәлемдемеге құстұмсық жүзік келсе немесе құстұмсық ою-өрнекті түс киіз, басқұр сияқты зат келсе, ауыл-аймағы қуанып, той жасап, атап өтеді екен. Осыдан-ақ әр оюдың терең мағына мен мазмұнға бай екенін, әрқайсысының өзінше сөйлей алатынын аңғаруға әбден болады. Өткен замандағы әдебиеттер мен халық аузындағы деректерге, қазіргі қарт шеберлердің айтуларына қарағанда, ою-өрнектердің қайсысы болса да бір ұғымды бейнелеуден туғандығы анықтала түседі. Көрнекті этнограф С. Қасиманов өзінің зерттеуінде, Шығыс Қазақстан облысының Самар ауданында тұрған 89 жастағы ағаш шебері, әрі етікші Жапардың «су», «бессаусақ», «бесгүл» атты оюлары туралы аузынан естіген әңгіме негізінде мынадай аңыз келтірген: «Бар байлығына көзі тоймаған Сұмырайхан жер бетіндегі су біткенді өзімдікі деп жар салып, малды, жанды сусыз қырғынға ұшыратады. Ұсақ хандықтарды

жаулап, суды өзіне пайда түсіретін байлық көзіне айландырады. Бірақ халық еріккен ханның қалағанындай жүріп-тұра алмайды. Күшті қарсылықтар көрсетіп, бітпес күреске шығады. Уақытша жаулап алған елдердің халқы ханның жандайшаптарынан су бар жерлерді жасырып қалуға тырысқан. Қазақ халқының «сұмырай келсе су құриды» дейтіні осыдан шыққан екен деп түсіндіреді. Осы үшін болған бұл күресте Сұмырай хан Райхан деген шебер қыздың оң қолының бес саусағын шауып тастайды. Алайда халық жеңіп, Сұмырай ханды өлтіреді. Суды пайдалану еркіндігін күшпен алған халық осы уақиғаға байланысты ою-өрнекке «су» деген ескерткіш өрнек қосқан. Жер – ана Райханның бес саусағын бес тармақты гүл етіп, жер бетіне жайқалтып өсіреді. Бес жапырақты қызғалдақтың ою-өрнекке енуі Райханның бес саусағының ескерткіші ретінде қалған екендігін жазады. Тағы бір аңызда: «Ертеде адам тәңірісі ай болыпты-мыс. Соған жалбарынып, табынған халық оның құрметіне «Аймүйіз» деген өрнек жасаған екен деседі». Онымен қоса, Шығыс Қазақстан облысының Таврия ауданында тұратын Сертпен деген қарт етікшінің айтуы бойынша, «сыңарөкше» оюының шығу тарихы былай болса керек. Бір үйде отырған шебер қыз екінші үйде отырған етікшінің балға ұрған дыбысын есітіп отырып: «Пәлі-ай, ана жігіт ертең сыңар өкше жүретін болды-ау », - депті. «Оны қайдан білдің» - деп сұрағандарға: «Бір өкшесіне ылғи жаңа былғары қақты, екінші өкшесіне ылғи шіріген қасаң былғары қақты», - дейді. Ісмер адам алыстан-ақ балғаның бірде нық, бірде бос ұрылғанын аңғарып отырған екен. Қыздың әлгі сөзі рас болады да, кесте тігіп отырған қыздар тігіп келе жатқан қошқар мүйіздің бір тармағын тастап кетіп, оны «сыңарөкше» деп атайды. Ою-өрнек белгілерінің тұрмыста кеңінен қолданылатындығына тағы бір мысал, қазақтың бұрынғы салты бойынша, жаңа туған нәрестеге құтты болсын айтуға барғанда, оған апаратын «бала жинағы» деп аталатын бұйымдарға малдың, аңның бейнелері салынатын болған. Мұның себебі-балаға айналадағы дүниені таныту. Бұйымдарда бейнеленген нұсқаларды бала есейгенше бірте-бірте танып өседі.

Осыдан-ақ әр оюдың терең мағына мен мазмұнға бай екенін, әрқайсысының өзінше сөйлей алатынын аңғаруға әбден болады. Құтты қазақтың қара өлең ұйқасы іспетті. Ұйқастыра білсең болды. Осы мысалдардың өзінен халқымыз алфавит жоқ кезде осы ою-өрнектермен жазу жазып, ерте замандардан-ақ ою-өрнек өнерін өмір мүддесіне, тұрмыс қажетіне пайдаланып, іске жаратқанын көреміз. Табиғаттағы заттар мен құбылыстардың адамға тән көңіл-күй, іс-

өрекетпен көрінуі көне мифтік тұрғыдан келгенде барлық құбылыс пен заттардың рухы, жаны бар деген сенімнен туындаған сенімнің нәтижесі. Құтты қазақтың қара өлең ұйқасы іспетті. Ұйқастыра білсең болды. Осы мысалдардың өзінен халқымыз алфавит жоқ кезде осы ою-өрнектермен жазу жазып, ерте замандардан-ақ ою-өрнек өнерін өмір мүддесіне, тұрмыс қажетіне пайдаланып, іске жаратқанын көреміз. Табиғаттағы заттар мен құбылыстардың адамға тән көңіл-күй, іс-өрекетпен көрінуі көне мифтік тұрғыдан келгенде барлық құбылыс пен заттардың рухы, жаны бар деген сенімнен туындаған сенімнің нәтижесі.

Практикалық мәні, қолданыстағы қажеттілігі

Біріншіден, осындай мазмұнды аңыз негізінде болашақта балаларға арнап мультфильм түсіру қолға алынса деп ойлаймыз.

Екіншіден, ою-өрнектермен алғаш таныстыруды балабақшаның ересек топтағы тәрбиеленушілерінен бастау керек деп есептейміз.

Үшіншіден, көшелердегі үлкен жарнамаларды, дүкендер, басқа да халық жиналатын жерлердің мандайшаларын қазақтың ою-өрнектерімен әсемдеу қолға алынса екен.

Төртіншіден, ою-өрнектің әрқайсысы белгілі бір ұғымға немесе белгілі бір жағдайға байланысты өрнектелетіні түсінікті. Осыны ескере отырып, әрбір ою-өрнекке жіті мән беріп, оның қандай бұйымда немесе киім үлгісінде қалай орналастырылуы керектігін, ешқандай қателік кетпеуін қатаң бақылауға алу керек. (Өйтпесе қазақтың камзолынан қырғыздың ою-өрнегін кездестіріп қалатын жағдайлар бар) Келтірілген мысалдардың өзінен халқымыз ерте замандардан ою-өрнек өнерін өмір мүддесіне, тұрмыс қажетіне пайдаланып, іске жаратқанын көремі.

Оюдың әрқайсысы белгілі бір ұғымға немесе қандай да бір жағдайға байланысты өрнектелетіні түсінікті. Соны ескерсек, ою-өрнектердің айтар ойы мен берер тәрбиесі де мол. Өрнектегі барлық элементтер ырғаққа бағынады, дегенмен оюлардың өзіндік көркемдік мәні және сюжеті болады. Ою-өрнек элементтерінде формальді түрде бейнеленетін элемент жоқ, олардың барлығының өзіндік мазмұны бар. Осыған қарап, бұрынғы кездерде ою-өрнектің маңызды рөл атқарғанын көре аламыз. Осындай тәрбиелік маңызы барларын, керектілерін бүгінгі күні де пайдалана білуіміз қажет. Бұл бірден бір жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеудің құралы болмақ.

Сөзімнің соңында қазақтың әрбір ою-өрнегінің айтары бар. Ою-өрнектер ешқашан ескірмейді, жойылып кетпейді. Тек заман ағымына сай өзгеріп, түлеп, жаңарып отырады. Зерттеуші С.Дудин: «Фабрика-зауыттардың шығарған тауарларынан кейін қолөнер

мүлдем жойылып кетуі тиіс», - деген еді, бірақ олай болған жоқ, халқымыздың мәдени шежіресін – ою-өрнекті фабрика-зауыттар жоя алмады. Ол өзінің өміршендігін, жасампаздығын паш етті. Рухани қайнарларымыздың бірі болған осынау құндылық бүгінде азаттығымыздың нышаны – көк байрағымызды да көріктендіріп тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ халқының сәндік ою-өрнек өнері. - Ленинград: Аврора, 1970.
- 2 Тәжімұратов, Ә. Шебердің қолы ортақ. - Алматы: Қазақстан, 1977.
- 3 Медеубекұлы, С. Ою хан мен Жою хан. - Алматы: Балауса, 1994.
- 4 Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1995.
- 5 Әбдіғапбарова, Ұ. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері: Оқу құралы. - Алматы: Өнер, 1999. - 152 б.
- 6 Қазақтың ою-өрнектері: Энциклопедия. - Алматы: Алматыкітап, 2003.
- 7 Қазақ өнерінің тарихы 2 кітап. - Алматы: Өнер, 2007.
- 8 Шоқпарұлы, Д., Дәркембайұлы, Д. Қазақтың қолданбалы өнері. - Алматы, 2007.
- 9 Асанова, Б., Птицина, А., Әбдіғапбарова, Ұ. Қазақ ұлттық ою-өрнектері.

ТҮЙЕНІҢ КӨКШАҒЫРЫ ТУРАЛЫ

ШЫНБЕРГЕНОВА А.

10 сынып оқушысы, №73 орта мектебі

ИБРАЕВА Н.

жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Арал ауданы, Қызылорда облысы

Қазақ халқы үшін төрт түлік малдың осалы жоқ. Қайсысы болса да қасиетті. Дегенмен де жылқы-малдың патшасы. Қазақтың көшпелі тұрмысында жылқының орыны ерекше болған. Тамыз қазақ «Ер қанаты-ат» деген. Әрине бұл ертеректе айтылған сөз. Оны осы төрт түлік малдың ішінде жылқыны халқымыз ерекше бағалаған. Бүгінгідей машина жоқ кезде айшылық алыс жерлерге ат мінген. Тұткиылдан жау шапса, бір-бір атқа мініп, дұшпанына тойтарыс берген. Жылқы малы – мінсен-көлік, жесен-тамақ, ішсен-сусын. Қылы арқан, жіп ескенде өте мықты. Терісінің

қасиеті өте жоғары. Оның терісіне жылан жоламайды. Атты адам далаға қонғанда ертоқымын жайып тасатп, ортасына ұйықтайды. Жылқыда өт болмайды, сондықтан да күйіс қайырмайды. «Аты сүріншек болады» деп балаға төстің сүріншегін жегізбейді. Қай кезде де басқа түскен қуаныш та, қайғы да адамның жан серігі, айырмас досы болған.

көлдер жауын-шашын және жер асты суларымен толығады. Жер асты сулары 30 – 50 м (оңт-нде 100 метрге дейін) тереңдікте кездеседі. Ерейментау бөктерінде суы тұщы әрі мол бұлақтар көп. Аудан жерінің солт. бөлігі сортаңды күңгірт қызыл қоңыр топырақты, оңт. қызыл қоңыр топырақты. Таулы өңірінде қара топырақ, өзен, көл жайылмаларында шалғындық сортаң топырақ қалыптасқан. Даласында бетеге, селеу, қылқан селеу, жусан, шығысында түрлі бұта, сұлыбас, қылқан селеу өседі. Ерейментаудың баурайы мен шатқалдарында қайың, көктерек, тал, қараған, тобылғы, түрлі шөп, сұлыбас, қызғылт селеу, өзен аңғарларында түрлі шөп, астық тұқымдас шалғын өседі. Тауда арқар, елік кездеседі. Қасқыр, түлкі, қарсақ, ақ қоян, борсық, суыр, сарышұнақ, ақ қалақ, ақкіс; құстардан қаз, үйрек, тырна, құр, бүркіт, дала қыраны, қаршыға, бөктергі, т.б. мекендейді. Ауданда Ерейментау қорықшасы орналасқан. Ірі елді мекендері: Торғай Благодатное, Новомарковка, Бестөбе, Павловка, Сілеті. Ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жері 1676,4 мың га, оның ішінде егістік 115,6 мың га, шабындық 23,1 мың га, жайылым 1402,3 мың га, орман 17,5 мың га-ны құрайды. Бестөбе, Ешкіөлмес алтын кендерінен алтын өндіріледі. Аудан жері арқылы Астана – Ерейментау – Павлодар, Ерейментау – Айсары темір жол, Астана – Ерейментау – Павлодар, Ерейментау – Бестөбе автомобиль жолдары өтеді.

Ерейментау қорықшасы, Ақмола облысы Ерейментау ауданында Республикалық маңызы бар, 1986 ж. ұйымдастырылған. Жер аумағы 35 мың га. Қорықша табиғаты әсем таулы өлкеде, Ерейментау таулы алқабында орналасқан. Ерейментау қорықшасында көне дәуірлерден осы уақытқа дейін сақталып қалған реликт өсімдіктердің алуан түрлері өседі. Өсімдіктердің 400-дей түрінің 50-ге жуығы Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Мысалы, жабысқақ қандыағаш, көктем жанаргүлі, т.б. Қорықшада негізінен жан-жануарлар дүниесі қорғалады. Арқар, елік, дала суыры, ақ қоян сияқты бағалы аңдармен қатар 150-ге жуық құстардың түрлері бар. Онда Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген хайуанаттардан: арқар, безгелдек, қызыл жемсаулы, қарашақаз, сұңқылдақ аққу, дуадақ, ақбас тырна, дала қыраны, лашын, т.б. мекендейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Ерейментау» энциклопедиясы. 176.
- 2 Сайлау Байбосын «Ерейментау». 148.
- 3 Ғаламтор материалдары. Уикипедия. <https://www.google.kz/>.

ИСТОРИЧЕСКОЕ КРАЕВЕДЕНИЕ НА ПРИМЕРЕ ДОРЕВОЛЮЦИОННОЙ ИСТОРИИ ПРИИРТЫШЬЯ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

КОНДЮРИНА К.

ученица 9 класса, средняя общеобразовательная школа № 21, г. Павлодар

ШИШЛОВ М. И.

научный руководитель, учитель истории,
средняя общеобразовательная школа № 21, г. Павлодар

Культурное наследие народа всегда вызывало пристальный интерес исследователей, поскольку понять настоящее можно только через изучение прошлого. В этом процессе большую роль играет краеведение. Краеведение позволяет рассмотреть широкий спектр проблем региона, в том числе культурное наследие. Прииртышье, является крупным культурно-индустриальным центром и его история, должна изучаться с момента основания городов и населенных пунктов.

Становление исторического краеведения в Российской империи, колонией которой был Казахстан, неразрывно связано с развитием исторической науки начала XVIII века и указом Петра I от 13 февраля 1718 года, в котором предписывалось обо всех любопытных находках докладывать царю и награждать за поиск древностей в своем крае.

Большую роль в накоплении знаний по отдельным регионам России сыграли ученые-путешественники XVIII–XIX веков, российские военные и чиновники, а также демократические круги России.

Первая академическая экспедиция была организована под началом Ф. Миллера [1]. Экспедиция в течение 10 лет (1733–1743 гг.) занималась «географией земли, древностями, обычаями, обрядами различных народов» и объездила всю Сибирь, в длину и в ширину. По итогам поездки был издан фундаментальный труд, из которого можно подчеркнуть богатый материал о регионе. Вторая научная экспедиция начала свою работу в 60 – 70 годы XVIII века под руководством известного ученого П. С. Палласа [2]. Экспедиция объехала западные и северо-восточные территории Казахстана. Результатом путешествия стал многотомный труд на русском языке, где были даны сведения географического, экономического, социального и этнографического характера. Ученый побывал на берегах Иртыша, в том числе в крепостях и форпостах, построенных в XVIII веке с целью колонизации казахских земель.

Автор дал подробное описание небольшого форпоста Коряковского, который затем станет городом Павлодаром.

Шведский ученый И. П. Фальк посетил западные, северные и северо-восточные регионы Казахстана, в том числе Прииртышье.

Большой вклад в изучение Казахстана внесли русские военные, по долгу службы работавшие в регионе Западной Сибири, такие, как военный инженер И. Г. Андреев [3], который принимал участие в возведении некоторых Прииртышских крепостей, чертил топографические документы. Его работы были частично опубликованы в журнале «Новые ежемесячные сочинения» 1795–1796 годов в Санкт-Петербурге. Позже работы были изданы в «Сибирском вестнике». В дневниковых записях Г. Е. Катанаева [4], есть очень ценные сведения по Прииртышскому казачеству, в том числе проживавших в Павлодарской станице. Например, он дает историю возникновения Сибирского казачества, приводит интересные сведения из послужного списка Прииртышских казаков, в частности 7 казацкого полка, расположенного в Павлодаре. И. Ф. Бабков, служивший в Западной Сибири в 1859–1875 годах, а в 1867 – 1868 годах исполнявший обязанности военного губернатора Семипалатинской области, в своих воспоминаниях о службе писал о значимости Прииртышских военных укреплений в восточной политике России, характеризуя русско-джунгарские и русско-китайские отношения в XVIII–XIX веках, и оставил свои заметки и наблюдения. Ф. И. Усов [5], выходец из ямышевских казаков, занимался изучением сибирских казаков, в его исследованиях даны статистические данные по Павлодарскому Прииртышью. Краеведческие сведения содержат статистические обозрения, краткие географические словари, различные справочные издания, издававшиеся по всем регионам Российского государства, что для управления огромной империей было необходимо. Генерал-майор Г. М. Броневский [6] в своих трудах описывал духовную сторону жизни населения Прииртышья.

Отдельно следует выделить работы Г. Н. Потанина, известного ученого краеведа, выходца из казаков Павлодарского Прииртышья, который оставил обширный материал по северо-восточному Казахстану. С развитием капиталистических отношений в России и проникновением рыночных элементов в Степной край меняется интерес и задачи ученых по отношению к Казахстану. Особо можно отметить в области исторического, этнографического и археологического изучения региона работы Н. Я. Коншина, М. Красовского и А. И. Левшина. В своих трудах исследователи описывают интересные факты о жизни и

нравов казахов. А. И. Левшин в своем труде под названием «Описание киргиз-казахских или киргиз-кайсацких орд и степей» [9] дает представление об истории происхождения названия народов, описывает образ жизни, одежду, вооружения и нравы населения. М. Красовский в работе «Область сибирских киргизов» [8] описывает обычаи и традиции, пишет о наличии у казахов религиозного образования, которое было доступно многим состоятельным слоям населения. Красоту земли казахов описывает Н. Я. Коншин в работе «От Павлодара до Каркаралинска: путевые записки» [7].

Изучение истории возникновения и развития городов края в колониальный период дает возможность показать еще одну грань казахстанско-русской истории XVIII – начала XX веков, цели, задачи и политику Российской империи в Степном крае, взаимоотношение метрополии и колонии, развитие экономики, культуры, социально-политического положения казахстанского народа в тот период.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Миллер, Г. Ф. История Сибири. 2-е изд. доп. – М., 1999. – 430 с.
- 2 Паллас, П. С. Путешествия по разным провинциям Российской империи. – СПб., 1773. Кн. 2, ч. 2. – 571 с.
- 3 Андреев, И. Г. Домовая летопись // Сибирский вестник. – 1867. – №8.
- 4 Катанаев, Г. Е. Краткий исторический обзор службы Сибирского казачьего войска с 1582 по 1908 гг. – СПб., 1908. – 67 с.
- 5 Усов, Ф. И. Статистическое описание Сибирского казачьего войска. – СПб., 1879. – 284 с.
- 6 Броневский, Г. М. Записки о киргиз-кайсаках Средней орды, СПб, 1896. – 500 с.
- 7 Коншин, Н. К. от Павлодара до Каркаралинска: промышленность и торговля. Путевые записки. Павлодар, 2001. – 300 с.
- 8 Красовский, М. Область Сибирских киргизов. – В кн.: Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. СПб, 1868. – 540 с.
- 9 Левшин, А. И. Описание киргиз-казахских, или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы, Саната, 1996. – 530 с.

ЕЖЕЛДЕ ӨМІР СҮРГЕН ЖАНУАРЛАР

ҚАНАТ А.

5 сынып оқушысы,

Қаражар жалпы негізгі білім беру мектебі

Ұлы ғалым Қ. И. Сәтбаев іргесін қалаған қазақ ғылымына палеонтология атауы таңсық емес, бұрыннан бар атау. Палеонтологтар көне дәуір жануарларымен құстарының қанқалары және сол дәуірдің өсімдіктерін, қоңыздарды зерттейді.

Мен өскенде палеонтолог болғым келеді. Бұл ерекше мамандықты таңдауыма менің кішкене кезімнен динозаврларға деген қызығушылығымның ерекше болғандығы себеп болды. Динозаврларды зерттеу омыртқалалар эволюциясын тануда үлкен манызы бар.

Ежелде өмір сүрген динозаврлардың біздің ауыл тұрған жерде болған, болмағандығын білгім келеді. Осы сұрақ мені өте қызықтырады. Сол себептен де динозаврлар туралы өзімнің ізденіс жұмыстарымды көрсеткім келеді.

Динозаврлар жер бетінде 200 миллион жыл бұрын өмір сүрген. Ол уақытта адамдар болмаған. Ғалымдардың айтуынша, ол кезде ауа райы өте жылы, ылғалды болып, жерің бетінің көбін үлкен теңіздер, көлдер, өзендер басып жатқан, батпақты болған. Қазба жұмыстары нәтижесінде табылған тас болып қатып қалған сүйектерін ғалымдар қалпына келтіру нәтижесінде ғана біз олардың қандай болғандықтарын білдік.

Ғалымдар динозаврларды қаңқаларына қарап екі түрге бөледі. Кесіртке жамбастылар және құс жамбастылар. Кесіртке жамбастылардың сан сүйектері бауырымен жоғалаушыларға, құс жамбастылардың сан сүйектері құстардікіне ұқсас. Олар бүкіл мезозой дәуірінде құрлықта тіршілік етті, сол себепті мезозой дәуірін кейде динозаврлар дәуірі деп те атайды.

Қазіргі құстар динозаврлардан пайда болуы мүмкін деген болжам бар. Динозаврлардың жақын туыстары қазір де кездеседі, бірақ олар динозаврларға қарағанда кішірек қолтырауындар.

Динозаврлардан басқа да ертеде батпақты ормандарда үлкендігі көгершіндей инеліктер, ұшатын кесірткелерде болған. Олардың қанаттары жарғанаттардың қанаттарына ұқсас болған. Олардың қанаттарының ұзындықтары 15 метрдей, шағын ұшақтың көлеміндей болған.

Шөппен қоректенетін динозаврларды қатерлі жыртқыштар аң дейтін болған. Олар жауларынан қалқандары, тікөңектері және тұйықтас тәрізді құйрықтарының көмегімен қорғанған. Кейбір жай қозғалатын динозаврлар мойындарындағы үшкір жалдары мен мүйіздері арқылы қорғанған.

Динозаврлар бауырымен жорғалаушылар қатарына жатқан. Балалары ата-аналарына ұқсас олардың кішкентай көшірмелері болған. Маязавр деген түрі ұя жасап, жұмыртқаларын жыртқыштардан қорып, балалары аяқтанып кеткенше жанынан шықпаған.

Динозаврларға бауырмен жорғалаушылардың екі отряды Saurischa және Ornithischa – олар бүкіл мезозой дәуірінде құрлықта тіршілік етті, сол себепті мезозой дәуірін кейде динозаврлар дәуірі деп те атайды.

Мен бүгін динозаврлардың түрлері мен айырмашылықтарын көрсетемін.

ТИРАННОЗАВР.

Қос аяқты жыртқыш динозавр кесіртке жамбастылар отрядына жатады. Денесінің ұзындығы құйрығын қосқанда 12-15 метр, салмағы 1,5-2 тонна. Басы үлкен, ұзындығы 1,5 метр. Өзінің қорегін жулып жей алатын жағы үлкен 1 метр. Икемді бұлшықты құйрығы басының ауырлығымен тең тұру үшін және қатты сокқы беру үшін де қолданылған. Тираннозавр – жер бетінде өмір сүріп жоғалып кеткен ең ірі түрі.

ТРИЦЕРАТОПС. Носороғқа ұқсайтын динозавр. Денесінің ұзындығы құйрығын қоспағанда 6 метр. Басы үлкен, ұзындығы 3 метр. Басында екі мүйіз болған. Трицераптос шөп қоректі динозавр. Сол динозаврлар Жерде ең соңғы өмір сүргендері.

СТЕГОЗАВР. Денесінің ұзындығы құйрығын қосқанда 9-10 метр, салмағы 1,5-2 тонна. Басы кішкентай, басындағы мый 100 г салмағымен болды. Стегозавр шөп қоректі динозавр, топпен өмір сүрген.

КАМАРОЗАВР. Отбасымен тұратын шөп қоректі динозавр. Оның ұзындығы: 18 метр, биіктігі: 4,6 метр, салмағы: 25-28 тонна.

Осы уақытқа дейін динозаврлардың 1000 түрі анықталды. Индияны қосқанда, Азия континентінде, 170 астам түрі табылған, Солтүстік Америкада – 160 астам, Еуропада – 100 астам, Африкада – 60-тың мағдарында, Оңтүстік Америкада – 40-тан астам, Австралияда – 15, Антарктидада динозаврлардың қаңқаларының үш қазбалары табылған. Бұл дүние жүзінде өмір сүрген динозаврлардың үштен бірі ғана, көбі

әлі де табылмаған. Жыл сайын қаңқалардың жаңа қазбалары табылып жатыр.

Мен жылда жаздың кезінде үйдің артында жолдастарымен қазбалар өткіземін. Бірақ, динозаврларды бір себеппен әлі тапқан жоқпын: өйткені, біздің өңірімізде мезозой дәуірінде теңіз болды. Ал, Оңтүстік Қазақстанда, болған жоқ. Сол үшін, Оңтүстік Қазақстанда, әсіресе Қызылорда, Шымкент облыстарында мезозой шөгінділерінде жыртқыш динозаврлардың, гадрозаврлардың тағы басқа түрлі сүйектері табылды.

Павлодар қаласының Солтүстік Батыс шектерінде Ертіс өзенінің оң жағалауында әлемдегі бірегей орындардың бірі, табиғат ескерткіші «Қаз қайтуы» бар. Палеонтологтар бұл жерден 7-10 миллиондаған жылдар бұрын мекен еткен керік, мүйіз тұмсық, қорқай тәрізді жануарлар мен гиппариондар (шағын тридактильді жылқылар) сүйек қалдықтарын тапты. Олар кайнозой заманында өмір сүрген. Кайнозой дәуірі мезозой дәуірінен кейін басталды. Динозаврлар жер бетінен жоғалып кеткен. Динозаврлардың өліп бітуі тіршілік ортасының өзгеруіне байланысты.

Кайнозой заманында кәзіргі Павлодар облысының өңірінен жер қыртысының көтерілуіне байланысты теңіз Солтүстікке кеткен. Содан кейін, үлкен көлдер мен батпақтар қалып, жағаларында өте қалың ормандар өсіпті. Кейінгі уақытта сол ормандар түгелдей жойылып, құлаған ағаштар бөлен жыл бойы шіріп, жер астында жатып пайдалы қазбаларға айналған. Біздің жерімізде керіктермен пілдер жүрген. Бұл ғалымдар зерттеп білген мәлімет. Қазбалардың жалпы саны барынша елеулі. Олар мыңдаған түрлерге қатысы бар. Атап өту керек: біздің облысымызда және бүкіл Қазақстанда геологиялық қазбалар бірінші орында тұр. Сосын ғана археологиялық және палеонтологиялық зерттеулер жүргізіліп жатыр.

Динозаврлар жойылуының нақты жорамалы жоқ. Әдебиеттерде олардың жойылу себептерін былай деп түсіндіреді: бор дәуірінің соңында динозаврлар үшін ауа райы тым суық болды, немесе тым ыстық болды, жергілікті сүтқоректілер олардың жұмыртқаларын жеп қойды; өсімдік жегіш динозаврлар мезозой дәуірінің өсімдіктерін жеп қойды; динозаврлар үлкен сәулелердің әсерінен жойылды, ол кезде жаңа жұлдыз жорық етуіне байланысты.

Соңғы жорамалдарды мүлде алып тастауға болады. Себебі: егер ондай сәулелер әсер еткен болса, олардың әсері бірнеше сағат ғана, онда жер бетіндегі барлық жануарлар бірнеше сағатта жойылған болар еді. Ал динозаврлардың жойылуы бірнеше миллион жылға

созылды. Бұл жерде климаттың біртіндеп өзгеруі динозаврлар жойылуына әсер етті деген жорамал дәлірек сияқты.

Аксельрод және Бейли деген ғалымдар бор дәуірінің соңында болған климаттың қалыпты күйден қалыпсызға ауысуын түсіндіреді. Мезозой дәуірінің көпшілігінде және 130 миллион жыл динозаврлар эволюциясы уақытында бірқалыпты жылы климат болған. Бор дәуірінің жылы кезеңінде бұл бірқалыпты климат бірқалыпсыз континентальды климатпен ауысады. Бұндай климат үшін температураның тез ауысуы тән. Осы дәуірде тіршілік еткен рептилилердің басқа да филотикалық топтары, яғни ящерлар, жыландар және тасбақалар бұндай климаттың тез жылынуы мен сууынан жасырылып – жерге көміліп, немесе ұйқыға кетіп, және су түбіне шөгіп осы күнге дейін сақталған. Ал динозаврлар жер бетінде тіршілік еткеннен кейін оларда климат ауысуына бұндай адаптациялары болмаған. Сол себепті олар жойылған.

Бұл жорамалдар көп нәрселерді түсіндіреді. Соған қарамастан сол дәуірден осы күнге дейін жеткен рептилилер ішінен крокодил мен геттерияны алатын болсақ, олар да субтропикалық климатта өмір сүрген. Егер климат өзгерісі динозаврларға әсер етсе, оларға неге әсер етпеген деген сұрақ туындайды.

Кеңестер Одағы кезінде бұл ғылымды тек кең байлықтарын іздеп табу мақсатында, стратиграфиялық белгілер ретінде өндірістік салада пайдаланып келді. Палеонтологиялық зерттеулері әлі көп өткізілу керек.

Ұлы ғалым Қаныш ата менің бабаммен туыстығы бар. Мен ғалым ұрпағы болғанымға мақтаныш етемін. Қаныш ата – геология саласын зертесе, менің арманым – палеонтология ғылымын әрі зерттеу, ізгі мұраны жалғастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 ҚазССР-ның үлкен энциклопедиясы. - Алматы,
- 2 Большая энциклопедия Кирилла и Мефодия. Электронды нұсқасы. 2006 жыл.
- 3 Менің алғашқы энциклопедиям. – Алматы: «Алматыкітап», 2007 жыл, 142-144 беттері.
- 4 Инсебаев Тлеукең. Очерки истории Павлодарского Прииртышья. Часть I. С древнейших времен до XX века. –НПФ «ЭКО», Павлодар, 2000, 5-11 беттері.
- 5 Тлеубердина Қ.Р. Каталог кайназойских млекопитающих Казахстана. – Алматы, 1972.

6 «Шаһар», – 2009, 29 тамыз, 66 б.

7 Уикипедия.

8 Интернет.

ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ БЕЛГІЛЕРІ БАЯНАУЫЛ АУДАНЫ ҚАРАЖАР АУЫЛЫНДА: ЖОРАМАЛДАР МЕН АЙҒАҚТАР

ҚАНАТ І.

9 сынып оқушысы,

Қаражар жалпы негізгі білім беру мектебі

Толған ел тарихын таспен жазады...

Халық ауыз әдебиетінен

Әр адам өз елінің тарихын білуі қажет. Оның ішінде өзінің туған жерін. Өз ауылымның орналасқан жерінің ежелгі тарихынан бастап білгім келеді. Біздің Баянауылымыздың тарихы өте бай. Бұл тарихтың басталуы адамның жаралуынан да ерте басталды деп ойлаймын. Қола дәуірінің белгілерін қазіргі кезде біздің ауылымызда да табу болады. Біздің ауылымыздың тарихи ескерткіштерінің шығу тарихын анықтап, олардың қазіргі заманға қажеттілігінің маңызын дәлелдеу менің мақсатым. Біздің ауылымызда: балбал тасты, жартас суреттерін және көне моланың белгілерін табуға болады. Менің ойымша, Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи саябағындағы ескерткіштердің шығу тарихын анықтау, Қаражар ауылындағы жәшіктерді андронов мәдениетінің молаларымен салыстыру, Қазақстанның басқа да облыстарындағы қола дәуірінің жартас суреттерімен ауылымыздағы суреттерді салыстыру, қола дәуірінің белгілерін зерттеген еңбектерді оқып, талдау, зерттеуші ғалымдарды анықтау, салыстыру жұмыстарын жүргізу, тарихи ескерткіштердің тұрған жерін, орнын анықтау, жиналған материалдарды бір жүйеге келтіру, маңыздылығын анықтау қажет.

Қазіргі таңда біз өз еліміздің тарихын толық қамтып оқудамыз. Сондықтан, өткенімізді білу арқылы халқымыздың тарихи құндылығы боп саналатын балбал тастардың, жартас суреттердің, көне молалардың мән-мағынасын түсіну арқылы бабалар тілін түсінеміз.

Ерте қола дәуірі Ертістің Павлодар өңірінде б.з.д. 3 мың жылдықтың аяғында басталып, андроновка дейінгі – Кротов пен

Елунин тайпаларының әлі де нашар зерттелген мәдениеттерімен байланысты. Б.з.д. X-IX ғасырлардағы ирмен мәдениетіне жататын кейінгі қола дәуірінің соңғы кезеңінде жерлеу Павлодар қаласында лесозавод ауданында табылды. Зираттың түбінде адамның қаңқасы, құмыра тәрізді ыдыс жатты. Бұл – сол Батыс Сібір мәдениеті тайпаларының Ертіс Павлодар өңірін мекендегенін дәлелдейтін жалғыз айғақ. Ертістің Павлодар өңірінде белгілі кейінгі қола дәуірінің ескерткіші ерте темір ғасырында жалғасқан көне көшпелі мәдениеттің қалыптасу кезеңімен байланысты.

Сол кездегі жерлеу Баянауыл ауданында Жасыбай көлінің солтүстік жағалауында орналасқан Шойындыкөл қабірінде зерделенді. Қабырғалары еңкіш плиталардан жасалған табыт жәшігі мен кейінгі андронов дәстүрін көрсететін бір қырындатып бүрістіріп жатқызу саргарин мәдениеті жұртының жерлеу дәстүрінің ерекшелігін танытады. Осында табылған ыдыстар мен керамика сынықтары саргарин ыдысының түрлі типтеріне, бір ыдыс беғазы-дандыбай мәдениетіне жатады. Осындай объекттер Баянауылда өте көп.

Біздің ауылымызда да қола дәуірінің белгілерін табу болады. Ауыл орталығында ежелгі молаға ұқсас тік тұрғызылған тастар бар. Мүмкін, ол андронов мәдениетінің зираты. Тауларға барғанда жартас суреттерін табу қиын емес және бәріне белгілі бұлақтың қасындағы жалғыз ғана сақталған балбал тас орналасқан.

Қола дәуірінің тайпалары табиғат күштеріне табынған. Жерленген адамның басы батысқа немесе оңтүстік-батысқа қаратылып, қол-аяғы бүгіп жатқызылған. Бұл жер-ана құшағына барған сәби қалпындағы адам түсінігін берген. Өлікті матаушы ажал құдайы Ямаға сыйынған. Ерте қола дәуірінде жерлеу салтында кремация, яғни мәйітті өртеу басым болған. Бұдан андроновтықтардың отқа табынғанын байқаймыз. Кейінгі қола дәуірінде жерлеудің кесенемен бірге өртеу түрі болған. Үй құрылысы да құрбандық шалудан басталған. Құрбандыққа сүт толы ыдыстар, бұқа не бағлан шалынған. Сүт ішіліп, ет желініп болған соң, құмыралар мен сүйектер болашақ үйдің ошағының басына, оның табалдырығының астына көмілген. Үйдің ошағы отбасының киелі орны есебінде қатты құрметтелген. От пен күлге байланысты жөн-жоралғылардың бәрі құдайдың рақым-шапағатымен денсаулық, отбасының амандығын, күт-береке болса деген тілекпен жасалған. Мәйітті көкке әкететін от құдайы – Агнияға арнап құрбандыққа ешкі сойған. Қола дәуірінің соңына

қарай күнге, айға және жұлдыздарға табынған. Ата-баба аруағына сиыну және ол дүниеге сену кең тарады.

Қаражар ауылында орталықта 3 тік тұрғызылған тастардан құралған жәшіктер бар. Олар жер астынан көрінеді, бұлардың ауданы: 1м*60 см. 20 жыл бұрын осы тас жәшіктер көрінген жоқ, олардың жер бетінде көрініп қалуының себептерінің бірі: табиғат құбылыстары, пенделік көзқарас, жердің эрозиясы, адамзат тіршілігінің әсері.

Қазіргі кезде бұл молалардың үстінен жан-жануар, адамдар және көліктер жүреді. Сырттай қарағанда ауылымыздағы моланың Қазақстан тарихы оқулықтарындағы молалардан еш айырмашылығы жоқ. Мүмкін, қола дәуірінде осы жерде адамдар өмір сүрді, олар біз көрмеген қорған құрған шығар. Аяқ астымызда осы қорған орналасуы мүмкін. Бұл ескерткіштерді міндетті түрде зерттеу қажет.

Ауылымыздың тауларында қола дәуірінің басқа да ескерткіштерін кездестіру болады. Қола дәуірінің жартастар бетіне салынған суреттерінің өзіндік ерекшеліктері бар, ертедегі адамдар жартастардың тегіс бетіне қатты да үшкір тас сынықтарымен жануарлар, Күн бейнелі адамдар суретін, соғыс арбалары мен шайқас көріністерін салған. Бұл – адамның рухани мәдениеті және оның дүниетанымы жөніндегі аса бағалы хабарлар бастауы болып табылады. Қазақстан – жартастағы суреттер-петроглифтердің саны мен әралуандығы жөнінен әлемдегі ең бай жерлердің бірі. Қола дәуірінің адамдары ойлаудың мифологиялық сатысында болған. Жартастардағы салынған суреттер – андроновшылардың өздерін қоршаған дүние жайлы түсініктерінің көрінісі еді. Баянауыл ауданы Жасыбай көлінің сол жағалауындағы жазушы тасы тораптарға бағытталған компас суреті бар тастағы суреттер табылды.

Енді тағы айта кетерлік ескерткіш балбал тас. Балбал – ежелгі түрік дәуірінде жиі кездесетін тастан қашап жасалған адам бейнесіндегі ескерткіш. Қазақ даласының барлық аймақтарында кездеседі. Балбал – көне түркі сөзі. Балбал сөзі «бал+бал», яғни «соғу, қағу, ұру» дегенді білдіретін қос сөзден тұрады. Бірақ, бірыңғай мағынаны білдіретін ұғым. Түркологтардың пікірінше, «тасты тіп-тік етіп қадап орнатқан белгілер» деген мағынаны білдіреді. Балбалдың этномәдени жөн-жосығы ежелгі түрік дәуірінде (VI-IX ғғ.) айрықша болды. Балбал – өліктің аруағына арналған ғұрыптық кешендердің ең семантикалық мәнді компоненттерінің бірі. Балбал тас мүсін емес, дұрысында оның жанына тізбектеле

қойылатын, сәл ғана өңделген, көбіне өңделмеген кішірек тас бағаналар. Бұларды тұрғызу – өлген адамға құрмет көрсетіп, ескерткіш қоюдың бір түрі. Мысалы: атақты ойшыл әрі шешен Иоллық тегін әкесі Білге қағанға ескерткіш орнатқанда былай деп жазған: «Әкем Қағанға балбық (балбал) тіктім». Қоршаудың сыртындағы шығыс іргеде өлген адамның бейнесін беретін тас мүсін қойылса, одан әрі шығысқа қарай ондаған, кейде жүздеген Балбалдар тізбегі орнатылады. Зерттеулерге қарағанда, Балбалдар қаза болған батырдың өз бейнесін көрсетпейді. Мұндай тас бағаналар қаза болған ардақты батырмен қоштасу рәсімін, оған ас беру салтанатына елдердің таксономиялық орналасу жүйесі бойынша арнайы келіп қатысқан және бір-бірден Балбал тас әкеліп қойған түрлі рулық топтар мен жекелеген адамдардың құрметін көрсететін семантикалық өрісі кең символдар болып табылады. Ә. Марғұланнның деректері бойынша, ертеректе Қарқаралы, Баянауыл жерлерінде жалпы саны 300-350-ден астам бағаналардан тұратын Балбал тізбектері кездескен. Бұндай аса үлкен тізбектер өлген адамның қадір-қасиетінің, беделінің тым зор болғанын білдіреді, көбіне Балбалдар тізбегі мұнан әлдеқайда аз болады.

Биіктігі кісі бойындай, бір қолына тостаған, бір қолында семсер ұстаған қияқ мүртты тас мүсіндер Баянауыл тауларының теріскей беткейінде жиі ұшырасады. 50 жыл бұрын ауылдың маңында осындай тастар көп болатын, содан соң оларды басқа жерлерге алып кетті. Алайда кісілердің бәрі осы тастарды мұражайға әкетті деп ойлады, кейбір кісілердің айтуынша олар бай адамдардың үйлерінің маңында тұр дейді. Соңғы жылдары жергілікті тұрғындар осындай тас мүсіндер мен таңбалы тастардың жел өтінде тұрып тозғанын, құлап, топыраққа көмілгенін, түрлі себептермен жоғалғанын айтуда. Осындай тастарды Қаражардың маңында сақтау керек еді. Егер осы тастар өз орындарында тұрса онда олардың орналасқан жерлерінде туристік маршруттар ашу болар еді.

Бұрынғы ұрпақтардан мирас болған бай мәдени-тарихи мұралардың бірегей саласы түркі дәуірінің тас мүсіндері болып табылады. Ғасырлар қойнауынан жеткен бұл ескерткіштер шын мәнінде ғажайып әсер қалдырады. Бүтін бір халықтар мен мемлекеттердің гүлдену мен құлдырау кезеңдерін бастан өткерген, тарихтың бізге беймәлім жұмбақ сырлары тұнған бұл мұралар қазақ халқы ата-бабаларының өткен өмірінің тілсіз куәгерлері болып қала береді.

Баянауыл жері – қасиетті елді мекен. Өз отанының тарихын білу, тепе-теңдікті сақтау – бұл келер ұрпақтарға өте қажет. Ғасырлар қойнауынан жеткен бұл ескерткіштер шын мәнінде ғажайып әсер қалдырады. Бүтін бір халықтар мен мемлекеттердің гүлдену мен құлдырау кезеңдерін бастан өткерген, тарихтың бізге беймәлім жұмбақ сырлары тұнған бұл мұралар қазақ халқы ата-бабаларының өткен өмірінің тілсіз куәгерлері болып қала береді.

Тарихты білу – Баянауыл ауданында туризмды дамытуды ықпал етеді. Ауылдық жерде туризм дамыса, жаңа жұмыс орындары ашылады, халықтың әлеуметтік жағдайы жақсарады.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер өлкетану жұмыстарында қазақ халық тарих құралдары туристік бағытта пайдаланылса, онда халықтың тарихи мәдениетінің қалыптасуы нәтижелі және тиімді болады, себебі: бұл жағдайда игерілген тарихи білімдер, біліктер және дағдылар ұлттық құндылықтармен бірлікте, тұтастықта қалыптасады.

Қорыта айтқанда, кезінде түрліше жағдайларға байланысты Баянауыл жерінде өмір сүрген ата-бабаларымыздан қалған көптеген құнды ескерткіштер бізге келіп жетпеді. Оған соғыс, өрт, табиғат апаты, пенделік көзқарас, кейде тіпті әдейі жасалған қастандық себеп болды.

Баянауыл тауларының сай-сала, шатқалдарында ежелгі дәуірлерден жеткен мұралар сақталған. Көне жәдігерлердің ішіндегі ең құндысы – кәдімгі балбал тастар. Биіктігі кісі бойындай, бір қолына тостаған, бір қолында семсер ұстаған қияқ мүртты тас мүсіндер Баянауыл тауларының теріскей беткейінде жиі ұшырасады. Алайда өкініштісі, Қаражар өңірін мындаған жылдар бұрын мекендеген ежелгі тайпалардың бұл туындылары мемлекет тарапынан ешқандай қорғауға алынбай отыр.

Жанашырлықты алыстан тоспай-ақ, өзіміз кіріспесек болмайтын секілді. Мектеп оқушыларынан арнайы топ ұйымдастырып, осындай құндылықтарды іздестіріп, тұрған жерін анықтап, лажы болса, қайта қалпына келтіріп, суретке түсіріп, зерттеуді қолға алса, құба-құп болар еді. Бұл әсіресе Қаражар ауылы үшін маңызды.

Баянтау тас мұралары одан арғы заманнан жеткен, әлі де көптеген зерттеуді күтіп жатқан тарихи маңызы зор ескерткіштер. Осыған орай біз ауыл тұрғындарынан балбал тастар, ежелгі қорғандар, жартас суреттері туралы не білесіндер деген сұрақпен (анкета) сауалнама жүргіземіз. Ауылымызға ПМУ-дан ғалым-тарихшыларды шақырғымыз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ә. Х. Марғұлан. Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер (Ежелгі мәдениет куәлары). А., 1966.
- 2 С. С. Черников «Алтын қорым құпиясы».
3. Г. Байназарова. Қасиетті түркі елі. Алматы «Өнер» 1994.
- 4 Памятники Усть-Каменогорска (путеводитель) Усть-Каменогорск. 1989.
- 5 Эхо. У. Джанибеков. Алматы «Өнер» 1991.
- 6 В. Д. Кубарев. Древнетюркские изваяния Алтая, Новосибирск, 1984.
- 7 Археологические исследования Древнего и средневекового Казахстана. Алматы, 1980.
- 8 А. А. Чариков. Каменные скульптуры средневековых кочевников Прииртышья.
- 9 Ф. Х. Арсланова. Погребение тюркского времени в Восточном Казахстане.
- 10 С. С. Черников. К изучению древней истории Восточного Казахстана. М-Л, 1957.
- 11 А. Сарсенбаев, Древний Казахстан. Детская энциклопедия Казахстана. Алматы «Аруна» 2001
- 12 Марғұлан А. Х. Каменные изваяния Улытау. /Сочинения в 14 томах. Том 3. А., 2003.
- 13 Кызласов Л. Р. Памятники поздних кочевников Центрального Казахстана (Из работ Центрально-Казахстанской археологической экспедиции в 1948 году). /ИАИ КазССР. Вып. 3. Серия археологии. А., 1951.
- 14 Инсебаев Тлеукен. Очерки истории Павлодарского Прииртышья. Часть I. С древнейших времен до XX века. – НПП «ЭКО», Павлодар, 2000.
- 15 Ғаламтордан алынған материалдар.

ӨСІМДІК – ФАРМАЦЕВТИКА ӨНДІРІСІНІҢ ШИКІЗАТ БАЗАСЫ

НИЯЗОВ А. Е.

9 сынып оқушысы, мамандандырылған «Зерде»
дарынды балалар мектебі, Екібастұз қ.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасының экономика бағытында, фармацевтика саласын дамыту қажеттілігі туындайды деп өзінің Қазақстан Республика-

сын 2050 жылға дейін дамыту стратегиясында айтқан болатын. «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1113 Жарлығымен қабылданды [3].

Қазақстандағы фармацевтика өнімдерін шығаратын ең ірі «Ромат» фирмасы жуықта президент Нұрсұлтан Назарбаев Чехияға іссапармен барғанда Прагадағы Favea Europe компаниясымен келісім жасасқан. «Ромат» компаниясы Павлодар мен Семей қалаларында құны 37 миллион еуро болатын екі фармацевтикалық завод салуды жоспарлап отыр. Қазақстандағы фармацевтика өнімдерін шығаратын ең мықты алты компанияның екеуі – 2004 жылдан бері Алматыда жұмыс жасайтын «Химфарм» мен Nobel (Түркия) фирмалары. Бұл екі компания елдегі тұтынатын дәрі-дәрмектің 90 пайызын өндіреді.

FinancialTimes Қазақстандағы фармацевтика өнімдеріне деген сұраныстың жедел өсуін елдегі орта тап өкілдерінің көбеюімен түсіндіреді. «Осыған байланысты шетелдік дәрі-дәрмекке сұраныс та күшейді» деген автор мынадай мәліметтер келтірген: Қазақстан 2011 жылы өзге елдерден 142 миллиард теңгеге (940 миллион доллар) дәрі сатып алған. Бұл – елде сатылған дәрінің 86 пайызы. Басқа патентсіз дәрілерді жергілікті фармацевтикалық фирмалар шығарған. [2].

Қазіргі кезде фармацевтика өндірісінде отандық компанияларының үлесі тек 18%, ал 2050 жылға дейін 50% -ға дейін өсу көзделген. Егер бұл сала дами түссе кейіннен өлкеміздегі халықтың өмір сүру ұзақтығы артады. Қазірдің өзінде Қазақстандағы ең ірі бес компанияның үшеуі – шетелдікі. Бұл көрсеткіш үкімет 2014 жылы қол жеткіземіз деп межелеп отырған 50 пайыздан әлдеқайда аз [4].

Фармацевтика саласының ішкі рыногын кем дегенде 50 пайыз отандық өніммен қамтамасыз етуге перспектива да, барлық қажетті ресурстар да бар. Павлодар облысына қарасты жерлер табиғи шикізатқа бай. Ертіс маңында ғана дәрілік өсімдіктердің 41 түрі кездеседі [1].

Менің ойымша табиғи-ресурстық, әлеуметтік әлуеті жеткілікті Екібастұз қаласында бірінші кезектегі жиі қолданыстағы дәрілік препараттарды шығаратын шағын кәсіпорын құруға мүмкіндік бар. Өзімнің жобамда сол мүмкіндікті жан-жақты қарастырып анықтауды мақсат еттім. Ол үшін қазіргі кездегі дәрілік препараттарды

шығару технологиясымен танысып, Қазақстандағы және әлемдегі фармацевтикалық өндірістің даму жағдайын талдауды көздедім. Павлодар облысында, нақтырақ Екібастұз қаласында фармацевтика өндірісін дамыту үшін табиғи-ресурстық, әлеуметтік алғышарттарды анықтап, қалада дәрілік препараттарды шығаратын шағын цех пен жылыжай құру жобасын жасап, ұсынуды міндетке алдым.

Дәрілік препараттар нарығының көлемі экономиканың осы саладағы бизнесін тартымды және тұрақты етеді. Делдалдардың азаю есебінен дәрілік препараттардың бағасының өсуін тежейтін шағын цехтің жобасын жасадым.

Таңдалған аймақта экологиялық жағдайын ескерсек сапалы және арзан дәрілік препараттарға деген сұраныс байқалады. Цехтың өткізу нарығында өнімдерді шығарудың әлеуетті мүмкіндіктері мен төлеу қабілеттілігі бар.

Орналасуы:

Цех Екібастұз қаласында орналасатын болады, өйткені бұл жер арқылы Астана, Павлодар, Қарағанды, Семей, бағыттарына темір жол желісі, тас жолдары өтеді. Осы көліктік жағдай тасымалдау жағдайын жеңілдетеді. Негізгі цех қаланың солтүстігінде орналасатын болады. Себебі, қаланың солтүстік – шығысында, қазіргі кезде жұмыс істейтін жылыжайлардың жанында осы цехқа қатысты дәрілік өсімдіктерді өсіретін жылыжайы орналасады.

Жұмсалатын қаражат:

Осы цехты салу үшін үкімет тарапынан қаржылай көмек алуға болады, немесе инвесторларды табу жолын да қарастыруға болады. Менің есептеуімше кәсіпорынды құру үшін шамамен 15 млн доллар қажет.

Жұмыс орындары:

Цех күнделікті өмірге қажет спрейлер мен қатты нысанды дәрілерді шығаратын болады. Цехта (жылыжаймен қоса алғанда) бас технологтан бастап жүргізушілерге дейін 150-ден астам қызметкерлер жұмыс орны табылады. Нәтижесінде қала тұрғындарының жұмыспен қамтылуына бірден – бір мүмкіндік туады.

Цехтың сипаттамасы:

Негізгі шикізат көзі – Баянауыл ауданының флорасы болып табылады. Цех GMP стандарттарына сәйкес құрылады, баға тобы төмен инфузиялық ерітінділерден жасалған ММБ, өндіру зауыттары мен биологиялық қоспалар дайындау цехын қамтиды. Жоспар бойынша бұл цех көмегімен Павлодар облысын фармацевтикалық өнімдермен толық қамтамасыз ету көзделеді. Егер цех қалыпты

жұмыс істеп, тұтынушылар ризашылығын білдірсе, цех өнімдері Қазақстан аумағында жіктелетін болады.

Жер үлескісі:

Жобаны іске асырам деушілер қала әкімшілігінен жер үлескесін беру жөнінде келісім алу қажет. Цех пен жылыжайға барлығы 1 га жер қажет. Цехты қаланың солтүстігіне орналастыруға болады. Қаладан цехқа дейінгі қашықтық 2 км құрайтындықтан осы жерде қауіпті және улы өндірісті орналастыруға болады. Оның 25 % - өндірістік аумақ, 60 % – техникалық аумақ және қоймалар, 15% – өндірістік емес аумақтар. Цех аумағын болашақта кеңейтуге де мүмкіндік бар.

Аты	Параметрлерінің сипаттамасы
Үлеске ауданы	600 км ² Жерді цехтің меншігіне беруге болады. Кепілдік – жобаны іске асыруға жеткілікті инвестициялық ресурс.
Электр энергиясы	Екібастұз қаласындағы МАЭС – 1, 2 электр желілері (станция қуаты 4млн кВт/сағ)
Су	Қала Ертіс – Қарағанды каналы арқылы сумен қамтамасыз етіледі. 1 км қашықтықта орналасқан 1,5 км қысым коллектордың суын пайдаланады.
Жылу	Автономды жылу беретін шағын орталық құруға, немесе қаланың оңтүстігінде орналасқан ЖЭО – на қосылуға болады.
Тұрмыстық салдықтар	Қалалық кәріз жүйесіне ағып кетеді.
Өнеркәсіптік салдықтар	Цех аумағында орналасқан контейнерлерге жинақталып, қала сыртында 20 км қашықтықта жасалған химиялық тұндырғыларға жөнелтіледі.

Жылыжай:

Ауданы жағынан 400 км² қаланың солтүстік – батысында цехтан 3 км қашықтықта жылыжай орналасады. Жылыжайларды Қазақстандық АгроМирСервис ЖШС жасап шығаратын Мария Делюкс күшейтілген жылыжайларын сатып алуға болады. Алғашқыда 4 жылыжай жеткілікті. Бір жылыжайдың бағасы 80 000 тг. Көлемі 3х6х2,1 мырышпен қапталған темірден жасалған. Оның артықшылығы: біздің климатқа төзімді. Ол 100 кг/м² қардың салмағын көтере алады. Тот баспайтын қасиеті бар.

Жылыжайда тәулік бойына температура мен ылғалдылығы сақталатындай микроклимат жасалады. Күндіз 16-25°C, ал түнде 4-8°C төмен. Жылыжай күн сәулесімен, биологиялық және техникалық жолмен жылытылады. Дақылдар тікелей топыраққа отырғызылады немесе үлдіріктерде өсіріледі. Жылыжайда керекті дәрілік өсімдіктерді өсіріп, кейін дәрі қоспаларында қолданылады.

Жылыжай белгілі микроклимат сақтайды, осыны пайдаланып біз Қазақстандағы сирек кездесетін немесе жоқ дәрілік өсімдіктерді өсіре аламыз. Бастапқы уақытта алоэ, бақ-бақ, жолжелкен, қалампыр, кырмызыгүл, итмұрын өсімдік өсірілуі жоспарланады.

Қосалқы өндіріс:

- Ампулаларға арналған суды өндіретін құрылғыға арналған бөлме;
- Өндіріске қажетті суды тазартатын кешенді орналастыратын бөлме;
- Шыныдан жасалған ампулаларды өндіретін құралдарды орналастыратын бөлме;
- Полиэтилен қаптамаларын жасайтын бөлме;
- Жергілікті көмірмен жағылатын автономды қазандық;
- Трансформаторлық подстанция;
- 3 жүк машинасына арналған гараж;
- 3 кеңсе бөлмелері;
- Ғылыми-зерттеу лабораториясы;
- Технологиялық бөлме (өндірісті бақылау);
- Күзет бөлмесі;
- Шикізат пен дайын өнімді сақтауға арналған қоймалар;

Құрал-жабдықтар:

Өнімдерді шығару үшін құрал-жабдықтарды Ресейлік «Агромаш» компаниясы, Эджилент Сервис ЖШС – Алматы қаласы, Алматы облысында орналасқан химия және фармацевтика өнеркәсібіне қажетті құрал-жабдықтар шығаратын кәсіпорындардан алуға мүмкіндік бар. Сонымен қатар цехқа қажетті құрал-жабдықтарды Германия (BOSH, Kilian, Fette), Швейцария (Huber, Zanazi), Италиядан алуға болады. Құрал-жабдықтарды лизингке алуға да мүмкіндік бар. Жеткізілімді төндер бойынша аңқиталған фирмалар жүзеге асырады.

Дәрілік өсімдіктерді пайдалану:

Менің ойымша, бұл цех тек ЖМҚ-ны пайдаланып емес, дәрілік өсімдіктерді де пайдаланып, өнім шығара алады. Мысалы: доланадан жасалған дәрілер жүйке жүйесін тыныштандырады, жүрек бұлшық еттеріне күш береді, жүрек пен мидағы айналымын жақсартады. Итмұрыннан жасалған дәрілер медицинада негізінен асқазан және бауыр ауруларынан емдеуге қолданылады, гүлдерін шайдың орнына пайдалануға болады. Өгейшөппен қолқа демікпесін, созылмалы бронхитті ларингитті, жоғарғы тыныс жолдарын қабынуды емдейді. Тұнбасын жөтелді басу үшін

ішеді. Танқурай құрамында адам ағзасы үшін пайдалы заттар өте көп, атап айтқанда: аскорбин қышқылы, глюкоза органикалық қышқылдар, спирттер, кетондар, ақуыздар, пектиндер, илік заттар, С, А, В, топ дәрумендер бар. Жалбызтікен тамырынан көптеген дәрілер жасалуы мүмкін. Тамыр тұнбасы, шырыны, сығындысы, тыныс жолдары ауруларын емдейтін дәрі ретінде қолданылады. Жылыжайда өсіруге болатын өсімдіктер: ақшайыр, жүгері, танқурай, асқабақ, жерқонақ, шөпшай, қырыққұлақ. Даламызда өсетін дәрілік өсімдіктерді жинау, дайындау үшін арнайы құрылған топ айналысады. Оларды қажетті көлікпен, құрал-жабдықпен негізгі цех қамтамасыз етеді. Алғашқы жылдары цех дәрілік препараттардың 50 түрін шығаратын болады. Технологиялық қуатын арттыруға бағытталған жобаларды іске асыру арқылы 100 түрге дейін көтеруге болады. Басқа, өзімізде жоқ шикізатты «Ромат» компаниясының серіктестері арқылы қамтамасыз етуге болады.

Цехтың даму перспективасы:

- өнімдерін еліміздің басқа аймақтарына шығару;
- шығарылатын өнімдері халықаралық стандартқа сәйкес болуы және алғашқы кезде 3-5 жыл сайын республикалық аудиторлық компаниялардың тексеруінен өту;
- халықаралық GMP стандартына сәйкестендіру.
- Цехтың артықшылықтары:
- қала тұрғындары жұмыспен қамтылады;
- шет елден импортталатын фармацевтика өнімі азаяды;
- жергілікті шикізат негізінде дәрілік өнімдермен аймақ тұрғындарын қамтамасыз ету;
- су және энергия (МАЭС-1,2) қоры мол;
- өзіміздің аймақтағы, өзіндік шикізатпен жұмыс істейтін бірден-бір фармацевтика өндірісі;
- келешекте шетелдік инвесторларды тарта алады, сонымен бірге жаңа өнімдерді шығару мүмкіндігі туады.

Цехтың кемшіліктері:

- фармацевтика нарығында бәсекелестік
- ғылыми-зерттеу орталығының жоқтығы.
- Цехты құру барысында туындауы мүмкін қиындықтар:
- қаржыны тарту;
- жоғары білімді мамандарды тарту.

Бірақ бұл мәселелердің шешу жолдары бар. Семей және Қарағанды қалаларындағы Мемлекеттік Медицина Академиясымен

байланыс жасап, жас ғалымдардың фармацевтикалық өндірісінің дамуына үлес қосуға жағдай деп те қарауға болады. Студенттерді осында тәжірибе өткізуге де мүмкіндік туады. Бұл теория мен практиканы ұштастырып бір де бір жол деп есептеймін. Ал қаржы жағына келсек, өз елінің болашағын ойлайтын әр басшы қаржыны ойланбастан салуы мүмкін. Өйткені осы мәселені елбасы өз жолдауында қозғаған болатын.

Бұл жобаны:

Кәсіпкерлерге аймақтық сайыстарға қатысу үшін ұсынуға болады; мектептерде өлкетану және география сабақтарында оқушыларға қосымша мәлімет ретінде оқытуға болады.

Тақырыбымды қорытындылай келе мен Павлодар облысы Екібастұз қаласында шағын фармацевтикалық цех ашу өте тиімді деген тұжырымға келдім. Себебі осы өңірде шикізат көзі жеткілікті. Егер цех ашылса біз тек қана бір емес, көптеген өзекті проблемаларды шеше аламыз. Біріншісі ол жаңа жұмыс орындары пайда болады. Екіншісі жалпы Қазақстанды фармацевтика өнімімен қамтамасыз етіп, халықтың денсаулық деңгейі көтеріледі. Үшіншісі Қазақстанның экономикасына зор үлесі тиеді. Егер цех қалыпты жағдайда жұмыс істеп отырса, бұл жобаны басқа облыстарға жіктеуге болады. Осылай еліміздің экономикалық жағдайы қарқынды дами түседі.

Мен қазіргі кездегі дәрілік препараттарды шығару технологиясын зерттедім. Осыдан, ЖМҚ және полимерлердің пайдасымен қатар адам ағзасына тигізетін зияны да бар. Көптеген дәрілік препараттардың құрамында көп мөлшерде химиялық қосылыстар кездеседі, сондықтан антибиотиктерді қабылдаған кезде қосымша ішек микрофлорасын қорғау үшін дәрі ішеді.

Қазақстан дәрілік препараттарды жаңа ғана игеріп жатыр. Сондықтан, елдегі отандық компаниялар аз және олардың шығаратын өнім фармацевтика нарығында тек қана 15 %-ды құрайды. Қазақстандағы 5 ең ірі компаниялардың үшеуі шетелдік болып табылады және олардың бағасы әлдеқайда қымбат. Мен бұл проблеманы шешу жолын ұсынып отырмын. Екібастұз қаласында шағын цех құру, ол болашақта көптеген пайдасын тигізеді.

Дәрілік өсімдіктерді пайдалана отырып біз адамдардың денсаулығына зиян тигізбей, көптеген аурулардан тез емдей аламыз. Осыдан халықтың өмір сүру ұзақтығы артады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 [Қожабекова М., Қожабекова Г., Алматы Қазақстан 1982.](#)
- 2 <http://www.azattyq.org/>
- 3 <http://www.akorda.kz/>
- 4 <http://www.info-tsес.kz/red/article.php?article=53520>

БУРАБАЙ – БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

НҰРТАЗИНА Б. Е., МАРДАН Ә. Қ.

7 «Ә» сынып оқушылары, №25 жалпы орта білім беру мектебі,
Павлодар қ.

Бір ескі аңызда былай делінген: Алла тағаламыз әлемді жарату кезінде бір халыққа бай орман, нулы өріс пен кең өзендер, өзгелеріне әдемі таулар мен көгілдір көлдер берілді. Қазаққа тек кең дала тиді. Қазақ бұған өкпелеп, Жаратушыдан табиғат әсемдігінен де бір бөлшегін беруді сұрайды. Сонда Алла тағала өзінің қоржынынан қалғанын алып шығып, шетсіз шексіз далаға әдемі таулардың, шатқалдар мен жалтылдаған таза көгілдір сулы көлдердің қалдықтарын шашып тастады, оған қоса гүлге оранған жап жасыл көк, салқын сулы бұлақтар мен күліп аққан қайнарлар да берді. Тауларға түрлі түсті ағаш пен бұтақтардан өрілген кілем төсеп, оның ішіне аң құстар, көлдерге балық, жасыл шөпке жан жақта кездесе бермейтін жәндіктер мен көбелектерді жіберді. Осылайша Бурабай дүниеге келеді.

Бурабай табиғаты көз тартар сұлулығымен, ауасының тазалығымен тартымды. Биік таулар, көгілдір көлдер, қарағай мен қайың ағаштары өлкенің сәнін кіргізеді.

Бурабайдың тау-тасы да, көлі де, жазық даласы да ертегілер мен аңыздарға толы. Көкше жеріндегі Бурабайдың тамаша табиғаты, тылсым бейнесі – қарағайлы орманы, бір-бірінен көлдері арқылы бөлініп жатқан қатпарлы жартастары, биік құз басындағы тастары мен шындары небір бейнені көз алдына елестетеді. Бурабайдың әрбір қия тасына аңыздар негізінде және бейне ерекшелігіне қарай ат қойып отырған: Оқжетпес, Жұмбақтас. «Жұмбақтасты» бір қырынан қарасаң – бұрымды жас қызға балайсың, екінші қырынан қарасаң - орамал тартқан келіншекке балайсың, үшінші қырынан қарасаң – бетіне әжім түскен кемпірге балап таңқаласың.

Оқжетпес туралы мынадай аңыз бар екен: Қалмақ қызына Абылай ханның әскерлері «мен аламын» деп таласады. Сонда Абылай жауынгерлерін ренжітіп алмас үшін «Бұйырдым тұтқын қыздың қалауына» дейді. Тұтқын қыз жігіттердің өнерін сынау үшін үш шарт қояды. Біріншісі - Көкшенің ең биік шыңының басындағы найза ағашқа байланған шәйі орамалды атып түсіруі еді. Қыздан дәмелі хан батырларының барлығы да «шіреніп садақтарын шынға кезегенімен» ешқайсысы сыннан өте алмайды. Шың содан кейін Оқжетпес аталыпты.

Жеке батыр: Бір кедей ауылда ақылды парасатты, арманшыл, үлкен күштің иесі батыр өмір сүріпті. Ол жас, өлең айтатын ешқандай қорқуды білмейтін болыпты. Өсе келе айналысындағы кедейшілікті, халықтың көз жасын, қайғысын көреді. Шығыстан және оңтүстіктен ауылға жоңғарлар, батыстан – Волга қалмақтары қысым жасады. Дұшпандары ауылдан адамдарды, малдарды айдап әкетіп жатады. Ел ішінде жігіттер қыз-келіншектер үшін өзара төбелесті. Осындай реніштері үшін олар бір-бірінің жайылымдарына зиян келтірді. Осындай келеңсіз жағдайларға өкпелеп жас батыр ауылдан кетіп, өз бақытын табуға бел буады. Жолда батыр өзге елдің бірнеше әскерлерін жолықтырады. Олар бақытқа жету үшін жердің түбіне жалғыз бару керек емес, қасында жора-жолдас болу керек. Күш біріктіріп, елінді-жерінді қорғасаң, сонда бақыт өзі келеді, - дейді. Батыр ешқайсысының сөзіне құлақ аспай, өз жөніне кете береді. Алдынан дұшпанның үлкен әскері кездесіп, барлық жолын жауып, қанды шайқас болады. Сонда ғана қанша батыр болса да, жалғыз жолға шығуға болмайтынын түсінеді. Дұшпандарының қолынан дала төсінде мәңгі ұйқыға кетті. Қазіргі кезде «Жеке батыр» тас бейнесі халық жүрегінде аңыз болып қалды.

